

83.3(5K23)

М 82

К



Алаш тұрасы

ҚАЙЫМ

МҰХАМЕДХАНОВ



1

23-53 K26)

182

K

МИНИСТВА
МАШИНОСТРОЕНИЯ И
КАНАЛНО-ИРРИГАЦИОННОГО



КОИ ТОМА
ИРИРАМА
ЖИНА
депутат

МАШИНОСТРОЕНИЯ И
КАНАЛНО-ИРРИГАЦИОННОГО
МАШИНОСТРОЕНИЯ И
КАНАЛНО-ИРРИГАЦИОННОГО

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
МӘДЕНИЕТ, АҚПАРАТ ЖӘНЕ СПОРТ
МИНИСТРАЛІГІ

ҚАЙЫМ

МҰХАМЕДХАНОВ

КӨП ТОМДЫҚ
ШЫҒАРМАЛАР
ЖИНАҒЫ

Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ "ОТЫРАР КІТАПХАНАСЫ"
ҒЫЛЫМИ ОРТАЛЫҒЫ

83.3(5К26)
М 82
К



Алаш мұрасы

ҚАЙЫМ

МҰХАМЕДХАНОВ

1

Зерттеулер,
мақалалар



АЛМАТЫ "АЛАШ" 2005

“Алаш мұрасы” сериясының редакциялық алқасы:

М. Күл-Мұхаммед, Е. Қосубасв, Ф. Әнес, С. Қасқабасов, М.

Койгелдиев, З. Қабдолов, С. Қирабасв, К. Нұрпейіс, Р. Нұрғалиев.

Жауапты редакторы – филология ғылымдарының докторы, профессор Тұрсын Құдакелдіұлы Жұртбай.

Пікір жазғандар:

С.С.Қирабаев, ҚР ҰҒА-ның академигі, ф.ғ. д, профессор.

Р.Ф.Нұрғали, ҚР ҰҒА-ның академигі, ф.ғ.д., профессор.

С.Қасқабасов, ҚР ҰҒА-ның академигі, ф.ғ.д., профессор.

Қолжазбалар мен фотосуреттер Қайым Мұхамедхановтың балалары – Мүслиманың, Розаның, Жәнібектің, Назымның, Бекеттің, Қанаттың, Динаның, Дегдардың, Қарлығаштың және Қазыбектің отбасы архивтерінен алынды.

Мұхамедханов Қ.

М 83 Көп томдық шығармалар жинағы. 1-том. – Алматы, “Алаш”, 2005. –352-бет

ISBN 9965-669-36-8

Қазақтың көрнекті ғалымы, абайтанушы, әдебиет тарихшысы, тағдырлы тұлға, профессор, Қазақстан Республикасы Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Қайым Мұхамедхановтың Шығармалар жинағының бірінші томына “Абайдың төңірегіндегі ақындар” (Абайдың әдеби мектебі), “Абай шығармаларының текстологиясы жайында” атты зерттеулері және “Қосымша” бөлімінде кезінде Абайдың шапағатын көрген бірнеше белгілі тұлға туралы мақалалар берілді. ХХ ғасырдың елуінші жылдарындағы саяси жазалау науқаны тұсында “Абайдың әдеби мектебі” диссертациясы үшін М.Әуезовтің “ғылымдағы көлеңкесі” деп айыпталып, “халық жауы” ретінде өшкереленіп, жиырма бес жылға сотталған ғалымның бұл қолжазбасы тұңғыш рет жарияланып отыр.

Құрастырғандар, компьютерге теріп, түсініктемелерін жазғандар: Е.Іргебаев, С.Кенжеахметов, Н.Айт, О.Қасенова, М.Ермаганова, З.Жолдасбекова, Г.Қалияқасова, Қ.Сүлеймен, Ө.Құрманханұлы.


4702250200

М 00(05)-05 хабарландырусыз–2005

ББК 84 қаз 7

ISBN 9965-669-36-8-(Т.1)

ISBN 9965-669-35-X



© Мұхамедханов Қ., 2005

© “Алаш” баспасы, 2005

© “Отырар кітапханасы”, 2005

Болатөзек

I

Адамның бойындағы қасиеттерге берілген ғұламалардың анықтамалары көп. Соның ішінде “талант дегеніміз мінез” деген қисын ғұлама ғалым Қайым Мұхамедхановтың жеке басына да, оның өмірлік жолына да, ғылыми шығармашылық еңбектеріне де қаратыла айтылған сияқты. Шындығында да, мінезсіз талант — қанатсыз қыран, жер бауырлап көтеріле алмайды. Ал шабытты қолдан жасай алмайсың. Бұл реттен алғанда азамат Қайымның, оқымысты Қайымның тұтастық табатын тұсы — шындық. Осы шындық үшін басын бәйгеге де тікті. Түрменің торлы терезесі де, ыстық-суық карцердің қинап-қыстаулары да, достардың сатқындығы да, жабылған жалған жала да, көрген бейнет пен зейнет те оның бойындағы бұл қасиетті қайсарлыққа сызат түсірген жоқ. Ол Абай айтқандай әуелі “өзіне сенді”, өйткені қандай тауқыметтен де “еңбегі мен қайратының екі жақтап” демеп шығатынын білді.

Бұл мінезі қиын-қыстау күндерде жанына медет беріп, сатпайтын, сатылмайтын азамат деген атын шығарса да, кәдімгі етек басты тіршілікте өзіне көп кедергісін келтіріп, кесірін тигізді. Сәл ғана езу тартып, қас-қабағын дұрыс керіп, басын бір изей салса, бітіп-ақ кететін іске келгенде, тасырқап қалатынына кейде іштей налып та қалған кезіміз болды. Бұл фаниден сол бір өзегі болат, қайраты қатқан емендей қасарысқан күйінен танбай кетті.

Алған бетінен қайтпайтын, жақынының өзін жалғандығы үшін жек көретін, ұнаса — қырындысыз құлай ұнатын осынау адамға тура отыз жыл таң қалумен келіппін. Қаншама жылы қабақ танытып, бауырына тартып, кейде еркелеткенімен де, өз басым Қайым ғұламаның алдында үнемі сескеніп тұратынмын. Ол сырты жуасыған, іші ашуға толы, атылуға кез келген сәтте дайын тұрған арыстан

сияқты еді. Қай жерден қапы жіберіп аламын деп қылпылдап-ақ тұрғаның. Өзінен басқа кез келген адамды мақтай бер — үндемейді, сынап бер — үндемейді, өзін қоса сынап, өмірге бейімсіздігін айт — күліп қойып отыра береді. Ал енді Абай мен Әуезов туралы сөз қозғап, сәл ғана жалған сөйлеші, онда шаруаның біткені! Онда — Қайым арыстан! Арыстан болғанда да майысқақ Қаратай айтқандай, “неғылайын жоқ” арыстан. Өйткені, өмір сүру мен ғылыми пікір тұжырымдауды тек сол екеуінің ілімі мен тәлімінен үйренген. Олардан басқа ешкімді тағы мойындамады, мойындата да алмайтынсың.

Шындықты бетіне тура айту үшін Қайым Мұхамедханов кісі таңдамады. Үлкен бе, кіші ме, шәкірті ме, тіпті дана Мұхтар Әуезов пе, Қайым сескенбеді. Үндемей, қабағын түйіп отырып қалады, не шығып кететін мінезі жетпіс бес жастан кейін ғана қылаң берді. Сол шыншыл мінезді Қайым түрмеден шығып келген бетте Мұхана да көрсетіпті. Абақтыдан Алматыға тартқан шәкірт бірден Мұханның үйіне тартады. Онда да вокзалдан күтеді. Бұл үш жылдың ішінде Әуезов Мәскеуге баспаналап жүріп, бұрынғы пікірлерінің кейбіріне баспасөз бетіне басқаша баға беріп:

“...Осыған байланысты (1953 жылы қаңтардың 30 күні “Правда” газетінде М. Әуезов пен С. Мұқанов туралы жарияланған “Сынау орнына мадақтағандық” атты П.Кузнецовтың мақаласын айтып отыр. — Т.Ж.) Абай мектебі деп аталып жүрген қателіктердің түп тамыры туралы да айта кетуді қажет деп санаймын. Бұл мәселе баяғыда 1933 жылы абайтану жөніндегі менің қате, бір жақты пікірімнен басталды. Істің жайы былай: Абайдың бұрынғы жарияланбаған өлеңдері мен өмірбаяндық деректерін кешігіп барып жинақтағандықтан да (түрмеде отырғандықтан да — Т.Ж.) ауыз екі тілде айтқан куәлік сөздері мен естеліктерді сын көзбен қарамай, олардың мөлiметтеріне қалтықсыз сенiммен қарадым. Мен олардың маған жеткізген деректеріне дер кезінде қатал сыншылдықпен қарамадым. Көкбайдың және Абайдың өзге де замандастарының мұрасын халық мүддесіне қарсы және бізге жат екендігін анықтай алмадым. Көкбай сияқты адамдарды бағалаудағы теріс бағыттарым 1939 жылы өзім жариялаған Абайдың өмірбаянына енгізілді. 1953 жылы 30 қаңтардағы “Правда” газетінде жарияланған мақалада дұрыс көрсетілгендей, Абайдың жалған шәкірттері туралы пікірлерім Абайдың орысша шыққан шығармалар жинағында да жағымды пікір айтуға итермеледі. Сол сияқты бұл тақырып туралы менің соңғы жазған рецензияларым да теріс пікір білдіруге ықпал жа-

сады” – деуге мәжбүр болды. Осыған қитығы ұстаған Қайым Мұқана:

– Сіз де сенімсіз екенсіз ғой, – дегендей ауыр сөз айтыпты. Сонда:

– Әй, Қайым-ай, сен нені түсінесің? Түрме саған ештеңе үйретпеді ме? Олардың аңдығаны – сендер емес, менмін ғой. Мен өзім үшін емес, сендер үшін осындай әрекетке бардым. Сендерді сөйтіп қорғадым. Егер мен қасарыса берсем, сендерді қысады. Мен жұмсарсам – сендерге де жұмсарады. Мұны тактика дейді, – деп әуелде қату, соңынан тату сөзін айтыпты.

Шындығында да, Мұхтар Әуезовтің бүкіл саналы өмірі түрменің тактикасы мен стратегиясын зерттеуден тұрады. Әйтпесе, аман қалуы мүмкін емес еді.

Қайымды “халық жауы” етіп көрсеткендердің бірі бар, бірі жоқ, ғалым оларға өкпе де артпады. Бірақ та, сол кезде Абай мен Әуезовке жала жапқандарды кешпеді. Өзінің жеке басына қиянат жасағандарға түсіністікпен қарап: “Оларда не жазық бар. Қысымға шыдамады. Бала-шағасы бар, тіршілікті қимады. Алатын атағы бар... және Қайымды кім біліп жатыр. Ал, Әуезовті аранға жығу деген сөз – қазақ ұлтын арандату деген сөз. Менің өз басым, әйтеуір Әуезов еркіндікте аман-есен жүрсе, түбі бәріміздің бостандыққа шығатынымызға кәміл сендім. Сондықтан екіжүзділерді жек көрдім. Әуелі Мұханды мұқатамын дегендердің өзі ұшып кетті ғой. Адалдығың, арыңның тазалығы – адамдығыңның белгісі. Қазір соларды көрсем – мен күліп қараймын, ал олар қипыжықтап, бет-аузы тыржиып қашқақтай береді. Түн ішінде көрпесін басына жамылып алса да, әруақтар көз алдына елестеп, тыныштық бермейтін болу керек. Менің ұйқым тыныш, ойым орнында”, – дейтін оқымысты ұстаз.

(Сөйткен Қайымның да ұйқысы бұзылды. Қайымды жомарт атандырған да, сері атандырған да, тіршіліктің күйбеңін ойлаттырмаған да Фархинур анамыз еді. Аяулы ана көз жұмған соң, өзегі өртенбейді дейтін қара алдапанның өзегі өртенді, қара нардың белі қайысты. Қайымның сағы сынды. Оны көзіміз көрді. Ол анамыздың жоқтығы бізге де білінді. Қайым таңдап қонаққа баратын болды, ақыр соңында таңдап баратын қонақтың тізімінен Қайым да сызылды. Аялаған он баланың алақаны ...тумысынан қажылық пен имамдық үзілмеген Фархинурдың орнын толтыра алмады).

Міне, мұны Қайымның творчестволық мінезі деп те қарауға болады.

Реті келгенде үлкен ойлы, бала мінезді Қайым ағанын жұмбақ бір сырын оқырманға аша кеткім келеді. Бірде Семейдің көшесіндегі ұзақ әңгіме үзілмей, Кәкеннің үйіне ілесе келдім. “Жаңағы материал мынау” деп сол жақтағы бөлмеге кіріп, қазақы сандықтың үстіне жиналған көрпенің ішінен бір кітапты суырып алды. Мен де ол бөлмеге сұғынып қалып ем, балаша қысылып “жүр, жүрлеп” үлкен бөлмеге жетеледі. Қонақ төрде отыруға тиіс десем керек, ұзын столдың басындағы орындыққа отырып едім, түсі суып: “Түр. Бұл — Мұхтардың орны. Одан басқа ешкім отырмайды” — дегені. Қарама-қарсы орындыққа жайғастым. Бой жылынған соң: “Түр. Отыр мұнда. Осы үйге келгендегі ендігі сенің орның осы” — деді Мұқанның орнын нұсқап. Көзімнен жас ыршып кетті. Әрине, сүйініштен. Достыққа, інілікке, дәстүрге деген махаббатына, адалдығына, жан тазалығына, құрметіне. Жанарына шық тұнып: “Қара шалды сағындым”, — деп ақырын ғана сыбырлады. Осы бір ауыз сөзбен көп сырды аңғартты.

Қайым ағаның сол адалдығы оның ғылымдағы жолында да, творчествосында да жусанның қышқылтым иісіндей аңқып тұрушы еді.

II

Дүниедегі бар-жоқты білу бар да, соны халық кәдесіне ерте де, кеш те емес, дәл сәтіне асыру бар. Ол үшін — ой парасаты, сана сабыры, пендешілік төзім керек. Бұл ғалымның білгенінен де бағалы, жоғары қасиет. Егер де Қайым Мұхамедхановтың әдебиетші-ғалым ретіндегі ерекше қасиетін айтатын болсақ, ол — азаматтық көзқарасының тереңдігінде, адалдықпен астасып жатқан парасатында және болаттан да төзімді қайсарлығында. Қайым Мұхамедханов қашан да ғылымның мұратын өз мүддесімен араластырып көрген жоқ. Сонау жастық дәуренінде, ғалымның балаң шағында қағаз бетіне түскен алғашқы әріптен бастап, көзі жұмылғанға дейін екпіні үдей түскен зерделі зерттеулерінен тек қана әділдікті, дәйекті және тура шындықты сезінесің. Турашыл да кішіпейіл, сырлы да сырбаз Қайым өзінің ғылыми пікірлерін айтуға, дәлелдеуге, жариялауға, қорғауға келгенде қатал-ақ еді. Ондай сәттерде ол өзін де аямады, өзгені де өбексітпеді.

Иә, Платон, жоқ Абай, оның досы еді, бірақ шындық оған одан да қымбат болатын.

Нағыз ғалымның болмысына тән қасиеттерді сіңіргені,

оған жұрттың күмәнсіз қарайтыны сондай, Қайымның баспасөз бетінде білдірген пікіріне ырықсыз сенді. Себебі: ол бүкіл бір мақаланың ішіндегі бір сөзден күдік алса, соның бес-алты үлгісін салыстырып, көзі жетпей көпшілікке ұсынбады. Ал сол бір сөздің түбірін анықтауға кейде он жыл кетуі мүмкін еді. Шын ғылыми ой ешқашан ескірмейді. Өйткені, өзге-өзге, ал Қайым Мұхамедханов іспетті өмір тәжірибесінің ащы-тұщысын татқан адамға асығыстықтың бағасы белгілі. Ғылымға алаөкпелік жараспайды деп есептейтін.

Сексен сегіз жыл жасаған ғұмырының ішінде жалпы өмірдің пендешілікпен көмкерілген кейбір сәттеріне өкініш-өкпесі бар-ау дегенмен де, ғалым Қайым Мұхамедханов өзінің ой-санасын екшеген ғылыми ортаға, оған мүмкіндік жасаған тағдырына разы шығар. Бүгіндері аты аңызға айналған талай марқасқалардың дидарын көріп, әңгімесін тыңдады. Кейбірінің ортасында өсіп, тәрбиесін көрді. Зерделі әкенің, өнерлі ананың ықпалы аңғарылғанымен, оны дұрыс қабылдап, дамыту үшін де “жүрек ояулығы” керек емес пе. Ұлы Абайдың ошақ оты суымаған сәтінде оның үй-іші, ет бауыр туысқандарымен араласты. Әлмағанбеттің әнін тыңдады. Көкбайдың қолына су құйды. Әміре, Исалардың кенже інісіндей еркелеп өсті. Қаныш, Мұхтар, Әлкей іспетті даналардың ең сенімді серігі, сүйікті інісі, ғылымдығы шәкірті болды. Қысқасы, асыл ойдың уызын қанып ішті, пікірі құнарлы ортада өсті. Бұл оның бақыты еді, әдебиетіміздің, өнеріміздің әр саласына тереңдеп барып жүруінің де сыры осында еді. Осынау достық көңілді жеке өзінің ғана емес, халықтың да мүддесіне ұштастыра білді. Жақсымен жанасу арқылы жандүниесін байыта отырып, “досыңа достық қарыз іс” деген Абайдың өсиетіне адал болды.

Қайым Мұхамедхановтың қанаттас аға-бауырлары, ғылымдағы із кесушілері оған сенді. Бірде әңгіме орайы иіліп келіп әдебиет тарихының әлде бір мәселесіне ауысқанда ғұлама ғалым, марқұм Әлкей Марғұлан қолыма Қайым Мұхамедхановқа жолданған хатты ұстатып: “Саған айттым ғой, Семейдегі Мотыштар семьясының Мұхтарға етене жақындығын. Оның “Оқыған азаматындағы” жайларға қатысты хаттары бар еді. Менің сол кезде және тағы бір дүниеге қатысты деректі анықтағым кеп тұрғаны. Қайым аяулы жігіт. Оған сенуге болады. Әдемілеп жазады. Шын ғалым. Өтірігі жоқ. Салып жіберші”, — деді. Өзге түгіл өзі туралы артық сөйлегенді ұнатпайтын Әлекеңнің бұл бағасына еселеп ештеңе қоса алмайсың.

Сірә, жаңылмасам, осы хат Әлекеңнің соңғы қолтаңбаларының бірі шығар. Қайым ағадан не өгінді екен деген пендешілік сауал жиі оралады. Ерекше ұнататын ғалым інісіне ғылыми өсиеті ме екен деген де ой келді. Біздің арымыз таза, Қайым аға хатты алды. Тек жауабын Әлекең оқып үлгерді ме екен. Әйтеуір, өмірден кетерінде қойған сұрағына соңында жауап берер, сенер інісі болғанының өзі қандай ғанибет. Әлекеңнің: “Енді сен сонымен әңгімелесіп жүр” – деген емеурінін де қазір түсінгендеймін.

Оның жиырма бес жасында республикамыздағы тұңғыш әдеби-мемориалдық музейді – Семейдегі Абай музейін басқаруына тура келді. Бұрын із түспеген тың жұмысты – ұйымдастырушылық әрі ғылыми зерттеуді қатар тізгіндетті. Көші-қоны көп елдің әр жұртынан жұрнақтап Абайдың көзі көріп, қолы ұстаған заттарды табу оның иесінің тілін тауып алу, қалпына келтіру, замандастарының естеліктерін жию, ғылыми түсінік беру – оңайға түскен жоқ. Бейнеті зор еңбектің зейнеті одан да асып түсті. Қазір сол қара шаңырақ кеңейе, кемеріне келіп, үш үлкен мәдени мекемеге айналды. Семейдегі, Жидебайдағы Абай музейі және Бөрлідегі Мұханның отауы. Бұл да Қайым ағаның өтелген азаматтық парыздарының окшау белгісі.

Ғылымға ат ізін салған елу жылдың көлеміндегі індетте зерттеп, иіріміне үңіліп, иін қандыра айналысқан тақырыбы, бәлкім, ең арналы өмірлік мақсаты мен мұраты Қайым Мұхамедханов үшін – Абай поэзиясының қатпарлы құбылыстары шығар. Ол ұлы ақынның творчествосының барлық саласына ат салысып, тың тұжырымдар, соны пікірлер ұсынып келді. Атап айтсақ: ол – Абай өлеңдерін жинаушы, Абай мұрасының жазылуы, басылуы тарихын зерттеген историограф, үш-төрт басылымына түсініктеме жазған библиограф, Абай шығармаларының дұрыс жазылуын жүйелеген текстолог, Абай және оның ақындық дәстүрі хақында монографиялық еңбек бітірген теоретик, сол замандағы қоғамдық қарым-қатынастарды зерттеген тарихшы, сол дәуірдегі әдеби нұсқаларды, ел аузындағы жыр-өлеңді, әңгіме-аңызды қағазға түсірген фольклорист... Қайым (Ғабдұлқайым) Мұхамедханов 1941 жылы Семей педагогикалық институтын бітірісімен сол институтта қазақ тілі мен әдебиетінен сабақ берді. Ұлы Отан соғысынан оралған соң 1942–47 жылдары Қазақстан Жазушылар одағының Семей облысы бойынша өкілі, 1947–51 жылдары Абай музейінің директоры, 1955 жылдан Семей пединститутының доценті болып қызмет істеді. Ол шығармашылық жолын ақын ретінде бастап, Қазақ ССР-нің Мемлекеттік

гимнінің авторларының бірі болды. “Абай шығармаларының текстологиясы” (1959), “Ақын Мағауия Құнанбаев” (1959), “Абайдың ақын шәкірттері” (1994–1997, төрт кітап), “Абай мұрагерлері” (1995) атты монографиялық кітаптары, “Перне” (1944), “Майданнан – майданға” (1947), “Комиссар Ғаббасов” (1960) атты пьесалары сахнада қойылды. Абай творчествосы мен оның дәуірін зерттеген “Абай төңірегіндегі ақындар” (1950–1959) атты көлемді еңбегінің маңызы ерекше. Әдебиетіміз бен мәдени тарихымыздың көкейкесті мәселелерін қозғайтын жүзден астам мақала – зерттеулері бар.

Егер аталған әр еңбекті жеке сұрыптап, салаға бөлсек, салмағын бағаласак, бір ғалымның халық, қоғам алдындағы парызын өтеуге осы еңбектер де те аздық етпес еді. Алайда білімге марқаю, ізденіссіз шиырға бой алдыру Қайымға тән мінез емес еді. Ол сонау ежелгі әдебиет тарихынан бастап, бүгінгі күнгі Мұхтар Әуезов шығармаларының толық басылымына дейін өзінің зерттеу объектісіне айналдырды. Бұхар жыраудың өмірі мен творчествосы, Сегіз серінің әндері, Әлиханнның, Ахметтің, Мағжанның, Жүсіпбектің қайраткерлігі, Көкбай, Әріп, Мағауия, Ақылбайдың ғұмырнамалары – бәрі-бәрі де назарында. Тіпті зерттеумен шектелмей, “Ер Білісай”, “Комиссар Ғаббасов” атты пьеса да жазды. Соның барлығында да Қайымға тән ғылыми дәлдік өлшемі, ой тереңдігі шоқтығын көрсетті.

Ол ұстазы Мұхтар Әуезовтің өсиетіне адал бола отырып “Абайдың ақындық мектебі” деген аты-шулы тақырыпты түбегейлі зерттеп, ақыры дәлелдеп шықты. Оны қазақ әдебиетінің тарихындағы бел-белестің бірі ретінде бағалауға Қайымдай еңбек сіңірген адам жоқ. Демек, абайтанудағы жаңа бағыттың, ғылыми тұрғының негізін қалады. Қазақ елі тәуелсіздік алғаннан кейін ғана тынысы ашылып, өрісі кеңіген Қайым Мұхамедханов Мұхтар Әуезовтің орындай алмай кеткен арманын, “қазақтың әдебиеттану ғылымының ішіне дұшпандық әрі бүлдірушілік әрекет ретінде сіңіруге тырысқан” мақсатын жүзеге асырды. Соңғы жылдары Семейдегі Абай қорының көмегімен және “Атамұра” баспасының азаматтық әрекетімен жарыққа шыққан “Абайдың ақын шәкірттері” атты төрт томдық монография мен “Абай мұрагерлері” деген көлемді еңбек – Қайымның бұл саладағы жүргізген ғылыми еңбегінің қорытындысы. Абайдың ақындық мектебі деген ұғым Қайымның есімімен тікелей байланысты. Сондықтан да, бұл еңбектің қадір-қасиеті жылдар өткен сайын арта бермек. Оған еш күмән жоқ.

Қайымның қазақ әдебиеті тарихындағы екінші үлкен еңбегі – Абай шығармаларының текстологиялық тұрғыдан зерттелуі мәселесі. Бұл – бұрын қазақ сыни көзқарастарында назарға ілінбеген, Қайым негізін салған ғылыми сала. Әрине, Мұхтар Әуезовтің ақылымен жүзеге асқан, сол дегдардың шапағатымен жарыққа шыққан еңбек. Бұдан бұрын текстологиялық зерттеу жүргізуге тарихы ғылымның мүмкіндігі де келмеп еді. Дәл қазір де бұл сала жеке дара дамып кеткен жоқ. Әр ғалымның монографияларының соңғы бөліміндегі түсініктер дәрежесінде ғана көшке ілесіп келеді. Ал Қайымның Абай өлеңдері жөніндегі пікірлері мен көкейкесті мәселелері әлі де күн тәртібінен түскен жоқ. Қайым Мұхамедханов негізін қалап, Әбіш Жиренше үн қосып, З. Ахметов пен С. Қирабаев, М. Мырзахметов сияқты ғалымдар тереңдеп із салғанымен де, Абайдың “сөзі түзеліп” біткен жоқ. Түзеу үшін емес, түзу сөзді орнына қою үшін түзеу жүргізілетін жұмыстардың басы қайырылып бітті деуге әлі де ерте. Абай шығармаларының соңғы толық басылымына Қайым Мұхамедханов та қатысты, бірақ сол тұста көзі ауырып, қағаз оқуы қиындап кеткендіктен де белсеніп кірісуге мүмкіндігі болмады. Алайда, ең әуелі Көкітай мен Тұрағұлдың өзі “Абайдың тұңғыш жинағында жіберілген қате көп болды, соны анықтау” керек деген пікірінің жаны бар. Оған біздің де көзіміз жетті. Әрине, бұл – басқа мәселе. Алайда, Абайдың текстологиялық тұрғыдан зерттелуінің жүлгесін салып, жүйесін жасауда Қайымның еңбегі қашан да бірінші назарда тұратыны ақиқат.

Қайымның әдебиет тарихына қосқан үлесі де өте салмақты. Соның ішінде жыраулар жөніндегі өмірбаяндық зерттеулері мен текстологиялық салыстырмалары бұл саладағы көптеген көмескі жайлардың бетін ашып, тың деректер мен соны пікірлер түйіндеуге негіз қалады. Әсіресе, Бұқар жырау, Махамбет туралы еңбектері ғылыми дәлелімен құнды. Бір өкініштісі, ғалымның бұл саладағы ғылыми мақалаларының басы қосылып, дербес жинақ ретінде басылған жоқ. Тарихи тұлғалар мен оқиғалардың ара жігін ашып, оның көркем сөзде көрініс табулары қақындағы дәйекті талдаулар бізге белгісіз және қазіргі күнге дейін жаңсақ айтылып, қате түсінік беріп жүрген бірталай мәселелердің анық-қанығына көз жеткізді.

Қайым Мұхамедхановтың төртінші бір түбегейлі зерттелген тақырыбы – ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басында өмір сүрген жазба ақындардың өмір тарихы мен шығармашылығы. Кезінде “кітаби ақындар” деп шетке қақпайланған осынау талант иелерінің мұралары енді ғана

зерттеле бастады. Заманның әр түрлі қақпақылына түскен олардың біраз еңбектері жоғалып тынды. Қайым Мұхамедханов қилы-қилы қысымға қарамастан, Әріп, Көкбай, Әділқан, Әсет, Әубәкір, Ақылбек, Уәйіс, Шәкәрім, Шәкәрімнің Қабышы туралы деректерді елу жыл бойы жинап, рухани мұрамыздың ауқымды саласын кұрып кетуден сақтап қалды.

Қазір “Абай жолы” эпопеясы әлемдік рухани қазынаға, қазақ халқының энциклопедиялық айнасына айналды. Мұхаң оны өмір бойы зерттеп, жиырма жыл жазды. Сол жиырма жыл ішінде Алматы мен Семейдің арасына толассыз жолданған хаттардың саны қаншама десеңші. Ұлы жазушының материалы мол, зерттеуі мен зерделеуі тыңғылықты. Бірақ таза түбіттің қылшықсыз түтілуі, жібектей кіршіксіз болуы тиіс. Сондықтан да Қайымның атына: “Осы ашық күні Ертіс жағалауынан қарағанда мешіттің айы жарқырай ма екен... Пәленбай көпестің үйінің ішкі бөлмелерінің орналасуы былай емес пе... Мына сөзді Шыңғыстағы Қатпадан, не Арқамнан сұрашы. Оның ішінде анау адам бар ма? Архивтегі пәленбай материалдың көшірмесі керек. Түгеннің түр-түсін анығырақ білші. Әлгі бір оқиғаның өзге себептерін анықташы. Қоңыраулы шана есінде ме?” — іспетті сұрақты арқалаған жұқа хаттар іші томпиған жауаптарды алып, жеделдете Мұқана қайта оралып жатты.

Әрине, бұдан бөгде емеурін ұшық бермейді. Аға мен інідей араласқан жандардың несиесіз достығы риза етеді. Мұқаң архивтің шаңын қағып отырмай, алаңсыз творчествомен айналысты. Игілігін бүкіл халық көрді. Демек Қайым адал ниетімен сол жылдары тек жазушы Мұхтар Әуезовке қол ұшын беріп ғана қойған жоқ, туған халқы үшін қызмет етті деген сөз. Міне, ғалымның ерекше еңбегінің бірі осы.

Қайым Мұхамедхановтың ғалымдық, ақындық, драматургтік қасиеттері жөнінде кеңінен талдап айтуға да болар еді. Бірақ та “Біз қазақ, ежелден еркіндік аңсаған” — деген әнұранның сөзін жасынан жаттап өскен ұрпақ үшін мұның барлығы да белгілі.

Тағдыр талқысына түскен Қайым Мұхамедхановтың бұдан кейінгі тағдыры да тақтақ жолға түсті деуге болмайды. “Халық жауынан” сескеніп қалған ел жұрт, ғылыми орта, партия-әкімшілік орындары оны бауырына баса қоймады. Ғылыми жұмыстарын қайтадан тұжырымды негізге түсіріп, жүйеледі, кандидаттық дәрежесін қайта алу үшін жүргізілген кеңестер мен пікір айтушылардың тексеруінен

өткен тар жол, тайғақ кешулер, ақыры “Абай шығармаларының текстологиясы” жайында жаңа еңбек жазуға алып келеді. Қаншама рухы күшті болғанымен де, сергелдеңмен өткен он жыл өзінің салқынын тигізді. Қайымның әрбір пікірінен кілтипан іздеп, әр мақаласына қарауыл қойды. Сөйтіп, “Семейдегі халық жауының бөлімшесін басқарған”, “Абай музейін алашордашылардың ұясына айналдырған”, “идеясы тұрақсыз, саяси көзқарасы таяз”, “дүшпандық пен бүлдірушілікке ұқыпты түрде дайындалған Қ. Мұхамедханов деген әлдебір ғалымсымақ” туған қаласында өз бетімен тыныш өмір сүріп жатты. Мұхтар Омарханұлы дүниеден қайтқаннан кейін Алматыда айлап жүруді де қойды. Бірақ та ұстаздық ете жүріп, ғылыми ізденістерін тереңдете білді. Соның нәтижесінде, жоғарыдағыдай менменсіп, менсінбей сөйлейтін, ғылыммен емес, ғылымның төңірегіндегі дау-дамаймен, даңғазамен аты шыққандардың өзі ғалымсымаққа айналып, есімдері ұмытылып тынды да, Қайымның жұлдызы жана берді. Әдебиеттану мен абайтану ғылымында өзіндік дербес пікір, тұжырымы бар қазақтың оқымыстысы дәрежесіне көтерілді.

Ал бұл күнде жаңағы “абайшылардың атын” кім біліп жатыр? Біз де олардың кім екенін білгіміз келмейді, жария етудің де пәлендей қажеті шамалы. Ол өзі – шырмауық сияқты шұбатылған, қырық буынды тақырып. Біз үшін ең маңыздысы – тағдырдың диірменінен Қайымның қажымай, сатпай, сатылмай өз пікірін қорғай отырып, тоқсан жасқа дейін өмір сүруі. Өйткені “үйқысы тыныш, ойы орнында”, бірақ сол үшін қаншама күқайды көрді десеңші.

Ғалымның соңында тоғыз томдық мұра қалыпты. Соның басылымына себепші болғанымды ұстаз аға алдындағы парызымның орындалғаны деп медет етемін.

III

“Арын жастан сақтаған” деп үмітті баласы Әбдірахманға қарата айтылған дәл осы сөзді ұлы Абай бүкіл саналы өмірін, дәлірек айтсақ, адамға берген пенделік ғұмырын ақынды зерттеуге бағыштаған алаштың адал азаматы Қайым Мұхамедхановқа арнаған сияқты. Өйткені бұл азамат Абайдың өзі мезеп, сүйініп отырған “келер күннің” арлы ұрпақтарының бірі болғандығын тіршіліктегі бар болмысымен дәлелдеп берді. Менің ойымша, біле-білген кісіге бұдан артық Қайым туралы айтып жатудың қажеті шамалы. Осындайда тағы да Абайдың: “Арсыз болмай атақ жоқ,

алдамшы болмай бақ қайда” деген сөзі еске түседі. Кімнің қанша жасайтынын кім білген, әйтеуір анық ақиқат біреу — әр адам көзі тірісінде игілікті ісі үшін жылы сөз естуге тиісті. Оның үстіне, халқымыздың ұлы рухани қазынасы Абайды бүге-шігесіне дейін білетін ғалым жөнінде тарынатын ретіміз жоқ еді. Мен бұл арада ғылыми атақ үшін немесе сілтеме жасауға ғана Абайды ауызына алған ағайындарды айтып отырғам жоқ. Өзімнің бір пендешілік ісім түсіп барған академиктің: “Абай философияны біліп пе еді. Аристотельді естіді ме екен?” — деген сөзін естіген соң, осындай да ағаларымыз елдің тізгінін ұстап отыр-ау деген қыжылды ойға қалдым. Өзінен басқа ойшыл таппай, білімсіздерге жөн сілтеп, көрегендік танытып үйренген бұл “данышпан” Абайды менсінбегенде, Қайымды қалай көзіне ілсін. Абайтану ілімінің қилы-қилы талқыдан өткенін білсе де, есіне алуды ауырсынған жаңағыдай “жақсылардың” есіне түсіру үшін және жастардың назарына іліктіру ниетімен қадірлі ағаның өміріндегі ең бір қиын кезіне тоқталып, қысқаша мағлұмат бере кетуді жөн көрдім.

“Адам жақсылықты да, жамандықты да өзінің мінезінен табады” деп Абай айтпақшы, Қайым Мұхамедханов та өзінің жеке және ғылыми өміріндегі “алғыс пен қарғысты” сол турашыл, адал мінезінен тапқан. Мүмкін, оның бұлай қалыптасуына үй-ішінің тәрбиесі де әсер еткен шығар. Семейдегі қазақтардың игі жақсыларының басы қосылып, Мұхамедханның шатырлы үйінен Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бөкейханов, Міржақып Дулатов, Халел Ғаббасов, Жүсіпбек Аймауытов, Мәннен Тұрғанбаев бастатқан ел ағалары үнемі дәм татып, талай-талай сұхбат құрған. Шәкәрім, Көкбай, Иса, Әміре, Мұхтар, Мағжан, Сәбит Дөнентаев ол үйдің өз адамындай болды. Бұлардың ішінде Мұхтар, Әміре, Исадан басқаларының барлығы да халық жауы боп ұсталды. Қайымды әкесінің үйінен қуып шыққан соң да, “шәкірт бала” олардан ат тонын ала қашқан жоқ. Керісінше, солардың мұрасын тірнектеп, сенімді жерге жасырумен болды. Қандай қиыншылықты басынан кешсе де, сол үшін түрмеге қамалса да, осынау халық көсемдері жөнінде бір ауыз қиянат сөз айтпады. Ал ол тұста атақ-даңқы дәуірлеп тұрған, ауыздарынан от шашыраған “ел қамқорлары” қазір “ол кезде заман солай болды” деп ойдан оқиға қосып естелік жазып жүр. Соларды сөз орайында сұрай қалғанымда Қайым аға:

— Ей, олардың жамылғаны — түн, жастығы — кара мысық емес пе. Қанша бүркенсе де, адамның ойынан қашып құтыла ма? Ары мысық боп мияулап, тырмалап тыныш-

тық бермейді. Екі қабатты үй де, жібекпен тұмшаланған перде де, кілемі қалың еден де, атақ-даңқ та оған пана болмайды. Әруақтардың елесі көзін жұмса, көз алдында тұрады. Жаза, қарғысқа ұшырады деген сол. Ертеңінде мыж-мыж боп оянып: ойбай ұйықтай алмадым деп шағынып, қалайда ізін жасыру үшін тағы да жылап-сықтап естелік жазады. Онымды біреу өтірік деп айта ма деп ішкен асы тағы батпайды. Айла-амалға көшеді. Құдайға шүкір, ұйқым тыныш, ішкенім — адал. Бетім ашық. Мен несіне жасимын. Сен оларды әшкерелеймін, ұялтамын деп әуре болма. Қанша жылағанмен көздің жасы көңілдің кірін кетірмейді. Қайтесің, ол бейшараларды, толағайсымақтарды. Тағдырдың өзі жазғырған. Сол азап та жетеді. Және ашынған жандар аямайды. Әлі де уыттары бойында. Олардың өтірігін тоқтата алмайсың. Бір сөйлеміңе бір мақаламен жауап береді де, шындықты одан әрмен шырмап қояды. Ал халық сенің сөзіңе емес, оған сенеді. Қалай қармауды олар біледі. Өзің сегіз жыл бойы кітабым шықпай жатыр дейсің. Мұхаңның әруағын сыйласа, қол ұшын бермей ме. Олар әлі өтірігін айтып біткен жоқ. Байқа, бала, аулақ жүр. Жолама, — деді, “өзінің тәжірибесін” үйретіп.

Оны бұл айтқаны дәл келді. Араға біраз уақыт салып барып отыз жеті-отыз сегізінші жылдарғы науқан туралы архив деректерін қарастырдым. Сондай бір тітіркенішті дерекке жолығып, ертең жақсылап көшірермін деп сақтауға қойдым. Таңғы сағат алты жарымда “толағайдың” өзі телефон шалып, сағат сегізде тез жетуімді “бұйырды”. Ішім ашып қоя берді. Кешегі деректен айырылғанымды, бұл адамның әлі де салпаңқұлақ тыңшылық жасайтынын, архивтің ерекше бөлімінің қызметкерлері мен тапқан құжаттарды бұған айтқанын бірден білдім. Екі сағат шахмат ойнадық. “Сенгенің кім? Деректерді нұсқаған кім? Кімнің туысысың?” — деді. Мен Қайымды аузыма алдым. Сойдиган кәрі тістері мен арса-арса беті шалбарлана жиырылды да, қолын сілтеді. Архивке жетіп барғанымда кешегі құжаттарды “өңдеуге” алып кеткен болып шықты.

Мен сонда ғана Қайым ағаның жан сырының бір қатпарын түсінгендей болдым. Бәсе: Мұхтар туралы естелік неге жазбайсыз, қалай түрмеге түстіңіз, өсек-аянға іліктірген кім еді, сотта сізді кім қаралап сөйледі — деген қолқаға үнемі немкетті жауап беруінің астары осында екен. Ол өзін емес, шындықты арашалап, соны сақтап қалу үшін ашық өңгімеден бой тартады екен. Бұл мінезі, Шыңғыстаудың ақсақалдарының “әдісін” еске түсіреді. Марқұм, Жұмакұлбай, Қабыш, Леймен, Әбіш, Балтакай сияқты қариялар өңгіме сұраған

адамның кім екеніне анық көзі жеткенше шындығын ішінде ұстап, түлкі жортаққа салып, ізінен адастырып кетуші еді. Сол әңгімелерді шала ұққандар талай дүниені шатастырып жазды. Кейін өздері ұялды. Қауесетті әлі де малданып, “ойбай, анау алай екен, Абай былай өліпті” — деп сыбырлап, жыбырлап, өтірік күле әңгіме айтып, білгішсініп сөз тасыған ағалар да арамызда жүрді-ау.

Әлгі дегдарлардың құрдасы Шәкір Әбенювке және олардың інісі Қайым Мұхамедхановқа шындығын айтқызым дейтін адамға ешқашан сенбес едім. Өйткені, бұл екі маркасқада шындықтан басқа туыс жоқ, шындықтан өзге дүние-мүлкі жоқ. Ал асылды әркім шығара бермейді. Айтпайды, айтса — қоспасыз ақиқат болғаны. Сондықтан да мен осы мақаланы жазар кезде тым құрығанда өзім білетін бірер жайды айтайын деп сарғайған газет қиындыларын қарап шықтым. Соның ең біріншісі — “Семей әдебиетшілері” деп аталатын 1947 жылы 2 тамыз күні “Социалды Қазақстан” газетінде жарияланған мақала. Қайымға құрылған алғашқы тұзақ еді бұл. Абайдың ақындық мектебі туралы алғаш дербес әңгіме қозғаған Қ. Мұхамедхановқа дүрсе қоя беріп, тікелей саяси айыпқа көшеді. Онда:

“Челкашты” аударған адам мейлі Абайдың туысы, жақыны болсын, ондай адамның бәрі прогресшіл, Абайдың шәкірті бола алған жоқ. Абайдың “Челкашты” аударған “шәкірті” Совет өкіметіне, партияға қарсы күрескен, соңынан әшкерленген адам. Облыстық газет бұл мақалада оның атын бүркемелеп, атамай кіргізіп, “прогресшіл еді, шәкірті еді” деп босқа лағып отыр. Абайдың бір шәкірті Әріп ақын дейді газет. Әріп патша чиновниктерінің, қазақ байларының мүддесіне қызмет еткен аты шулы тілмәш, өмір бойы Абайға қарсы пікірде болған, үнемі бақастықпен өткен адам... Абайдың енді бір шәкірті “Еңлік — Кебек” поэмасын жазып еді дейді. Бірақ Абайдың бұл “шәкіртінің” атын газет дәл айтудан қаймығып (?) басқа біреуге бұра салыпты. “Екпінді” газеті оны қаншама бүркегісі келсе де, “Еңлік — Кебек” поэмасын жазған адамды әдебиеттен сауаты бар адамның бәрі біледі. Ол соңынан қолына қару алып, Совет өкіметіне қарсы күрескен қас дұшпан!... Облыстық газет осыны Абайдың шәкірті еді, прогресшіл адам еді деп саяси сауатсыздықтың шегіне жетіп отыр... Ішінде азиялық, түріктік бағыттың шеңберінде болған адамдар да бар. Газет осы “шәкірттердің” бәрін сапқа қойып, “жаңашыл, прогресшіл әдебиет өкілдері” деп бәріне бір ат қояды. Міне, Семей “әдебиетшілерінің” бірі Қ. Мұқа-

медхановтың қаламынан шыққан және редакцияның қабылдап жариялаған “ғылыми мақаласының бірі осындай” деп, әрі қарай кекетіп-мұқата жөнеледі.

Ол кезде Орталық басылымда мұндай айып тағылған адамның жергілікті жердегі жағдайының қандай болатыны өз-өзінен түсінікті еді. Абайдың айналасындағы адамдардың бәрін халық жауы етіп шығарған осы мақаланың авторы алдыңғы қатардағы санаткерге саналып жүрді. Осыдан жиырма бес жыл бұрын Ақлия Тұрағұлқызының естелігін “Лениншіл жас” газетіне жариялағанымызда ішінде: Тұрағұлдың аты аталды – деп Орталық комитетті шулатып, ақыры орынбасар редакторы Сағат Әшімбаевқа түсініктеме жаздырып, сол кездегі бас редакторым Ә. Мархабаевқа мені жұмыстан шығару туралы нұсқау беріп, біраз алаңдатқан адамдардың қолтаңбасы таңылады. Әңгіме ол кісінің жеке басы туралы емес, әдебиет ортасына әкелген даңғазасында жатыр.

Егер істің түп тамырына үңілер болсақ, бұл алдағы болатын ірі саяси-идеологиялық науқанның алғашқы қара құйындары болатын. Абай мектебі және оның ақын шәкірттері туралы байбаламдардың көздеген мақсаты Қайым емес, Мұхтар Әуезов еді. Архив құжаттарын ақтара жүріп дәл осы шығарманың соғыс жылдарында дайындала бастағанына көзім жетті. Тек тиісті шарттары толмай кейінге ысырыла берген. “Семей әдебиетшілері” атты бұл мақала ұлы жазушыға бағытталған саяси шабуылдың тізгінтартары ғана болатын. Іле “халық жауын” өшкерелеу басталды. Тура сол жылы, сол газетте С. Бәйішевтің “Профессор М. Әуезов өткеннің шырмауында” деген аты шулы мақаласы жарияланды. Онда: “...Қазақ халқы қазақ революциясына дейін тұтас бір ұлт болып біріге алмады. Олай болса, қазақ жазба әдебиеті тілі бұдан ғасырлар бойы, 80 жыл, 50 жыл бұрын Абай заманында болды деп кім кесіп айта алады?... Осындай алып-қашты, дерексіз әңгімелердің қайдан шығып жүргенін зерттеп қарасақ, бұлардың төркіні М. Әуезов жолдастың бұрынғы ұлтшылдық қателерімен ұштасып жатыр. Бұл қате пікірлерді бұрын М. Әуезов жолдастың өзі ашықтан-ашық айтып та, жазып та жүрген болса, енді бұл қате, тіпті зиянды пікірлерді М. Әуезов жолдастан қорек алып, соның төңірегінде жүрген кейбір саяз ғалымдар мен әдебиетшілер тоғыз саққа жүгіртіп, таратып жүр”, – деп Қайымға қаратыла үкім айтылды.

Өмірлік ғылыми мақсатынан Қайым да қайтпады. Диссертациялық тақырыптан бас тартып, Мұхтарды қалқан етіп, иненің көзінен өтуді өтінгендер де табылды. Қайсар

ғалым өз пікірінің дұрыстығына сенді. Ұлы Абайдың шәкіртсіз емес екендігін біліп тұрып қалай тансын. Абайдың ақындық мектебі туралы ғылыми зерттеуін табандылықпен жалғастыра берді. Міне, мұны Қайымның алғашқы азаматтық ерлігі деп бағалау керек.

Араға бес жыл салғаннан кейін бұл байбалам қайтадан аскынып, саяси жазалау науқаны басталды. Сәбит Мұқанов та уақыттың гүрзі шоктарын соқты. Соның бірі Қайымға да тиді:

“1951 жылы 6 көкек күні Алматыда қорғалған “Абайдың әдебиет мектебі” деген Қайым Мұкамедхановтың диссертациясына Әуезов мақтап пікір айтады, соның ішінде Тұрағұл да мақталып жүр... Аталған тізімдегі адамдардың ішінен үш кісінің шығармаларын талдауды орынсыз көрдік. Бірінші – Шәкәрім Құдайбердиев. Бұл адам революцияға дейін діншілдік-ұлтшылдық бағытта жазған адам. 1917 жылы революцияға қарсы ұйымдасқан “Алашорда” партиясының Семейдегі облыстық съезін “Алаш ақсақалы” боп ашқан адам, революцияға қарсы бағыттағы “Абай” журналы мен “Сарыарқа” газетінде Қазан революциясына қарсы мақалалар жазған адам, 1929 жылы бай-құлақтарды бастап Шыңғыстау ауданында Совет өкіметіне қарсы құралды көтеріліс жасап, жазықсыз талай адамды өлтіріп (?), өзі атыста оққа ұшқан адам. Бұндай бандитті ол атылып өлгеннен кейін де Мұхтар Әуезов жолдастың 1934 жылы да, 1940 жылы да “Абай шәкірттерінің тізіміне” қосып мақтауы ойға сыймайды. Әуезов жолдастың Шәкәрім бандит боп өлгеннен кейін де оған мейірімді көзбен қарауы, ең жеңіл тілмен айтқанда ұят... Осындай жолда өлген адамды да 1951 жылға дейін Әуезов жолдастың, оны қуаттап Жиреншин мен Мұхамедханов жолдастың дәріптеуіне қайран қалдым”, – деп жазды.

Дәл қазір халқымыздың үлкен жазушысының бұл пікіріне біз де қайран қалып, басымызды шайқағанмен де, ол кезде адамның тағдырын шешуге толық жарап жатыр еді. Әрине Әуезовтің айналасындағы “әдебиетшілерді, ұлтшылдарды” тазартып алған соң, кезек әуелі Әуезовке, содан кейін тура Мұқановтың өзіне келетінін жазушының өзі де кеш түсінді. Өзіндік ойлау жүйесі бар зиялылардың түрмеге камалуы оларды бұрынғыдан бетер “арқаландырды”. Ғылымда ізі де, еңбегі де, аты да қалмаған С. Нұрышев сияқты қара сүйел жандар Әуезовтің соңына шырақ алып түсіп, барлық жаланы үйіп-төгіп:

“...Жоғарыда келтірілген дәлелдер М.Әуезовтің әдебиеттанушы ретіндегі ұсқынын толық әшкерелеп береді, бұл

оның 30 жыл бойы әдебиеттану саласындағы әрекетінің саяси қателіктер мен бұрмалаушылықтан құралатындығын көрсетеді... Өзінің қастандық идеялық позициясын нығайта түсу үшін М.Әуезов қазақ әдебиеттану ғылымына өзінің ғылымға қарсы “концепциясын” сіңіруге тырысты. Осы мақсатқа жету үшін ол “Абайдың әдеби мектебі” туралы Қ. Мұхамедхановтың диссертациясын сондай ұқыптылықпен дайындады, мұнда Әуезовтің өткендегі қателіктері мен қасақана бұрмалаушылық көзқарастары тұжырымды түрде түйінделіп берілген. Диссертация ашық және бүркемеленіп берілген антимарксистік материалдарға сықап тұрған боп шықты. Алайда бұл жолы Әуезовтің жолы болмады. Мұхамедхановқа ғылыми дәреже беруі туралы шешім қабылдаған ғылыми кеңестің ұйғарымы, ал оның иесі халық жауы ретінде әшкереленді. Осы диссертацияның тарихи төңірегінде ұстанған Әуезовтің позициясы оның бетбейнесін ашып берді. Ол мұндай зиянды жұмыстың идеялық шабыттандырушысы мен жетекшісі ғана болып сөйлеген жоқ, оның нағыз қорғаушысы да болды. М.Әуезов диссертанттың әрі жетекшісі, әрі оппоненті міндетін бірдей атқарды. Ол оны (Қ. Мұхамедхановты. –Т.Ж.) Әдебиет және өнер институтының секторында да, институттың ғылыми Кеңесінде де және ҚазССР Ғылым академиясының қоғамдық ғылымдар бөлімшесінің біріккен ғылыми Кеңесінде диссертация қорғаған кезінде де жақтап сөйледі. Міне, бұл М. Әуезовтің дәл осы жаулық пиғылдағы диссертацияны дайындағанында және оны сүйреп алып шыққандығында оның жеке басының аса мүдделі болғандығын айтпай-ақ байқатады. М.Әуезов тек қана аса ауыр қателіктері мен бүлдірушілігі үшін ғана айыпты емес, сонымен қатар, дәл осы пиғылының насихатшысы болғандығы үшін де айыпты. Өйткені ол өзінің айналасына ылғи да идеялық тұрғыдан тұрақсыз, саяси көзқарасы соқыр адамдарды топтастырып келді және қазір де топтастырып жүр”, – деп өршелене өрекпіді.

Оқымысты, ұлтының адал азаматы Қайым Мұхамедхановты әр нәрседен ілік тауып, кінәсіз кінәләуға болар, бірақ “идеясы тұрақсыз, саяси көзқарасы таяз” деп айта алмайсыз. Ол туғаннан бергі тәрбиесі мен өскен өмірінде бір ғана идея ұстанды, бір ғана “саяси көзқараста” болды. Ол – Абай идеясы, Абайдың көзқарасы, Абайдың Мұхтар Әуезов бағдарлап берген саясаты. Бұдан ешқашан айныған да емес және оны жасырған да емес. Жаңағы С. Нұрышевтің пікірі ғылыми пікір емес, соттың үкімі болатын. Қастаншықпағыр арандатушылар М.Әуезов “ұқыптылықпен тәрбиелеген”

Қайым Мұхамедхановтың сағын сындырып, еңсесін езіп, рухын түсіріп дегенімізге көндіреміз деп ойлады. Бірақ көндіре алмады. Бұдан сұрағаны жалғыз-ақ: “Маған бұл тақырыпты Әуезов зорлап зерттетті” – деген сөз. Соны жазып берсе, бостандықта жүрмек, ғылыми атағын да сақтап қалмақ. Бұлай етсе Қайым – Қайым болмас еді. Абайдан да, оның алашордашыл шәкірттерінен де, алашордашыл Әуезовтен де бас тартпады.

Тектінің аты – текті, дегдардың аты дегдар дейміз ғой. Бірақ кейде сол дегдарымыздың өзі дел-дал күйге қалдырып кететіні өкінішті. Әуезовтің сағын сындырып, санаттан шығару үшін елуінші жылдары ең әуелі ұлы жазушының айналасын тазалап, содан кейін жалғыз емендей өзі қалған соң, оны құлату оңай деп ойлаған адамның бірі және белсендісі – “қазақ зиялыларының тектісіне” саналып жүрген Қажым Жұмалиев марқұм еді. Ол диссертацияның қорғалу кезінде: “Абайдың ақындық мектебі деген жоқ. Ол Әуезовтің тапқаны. Қ. Мұхамедхановтың жазғаны сандырақ. Арандатушы халық жауы ретінде әшкереленсін (біз стенограмманы жұмсартып келтіріп отырмыз)” – деп екі рет қатарынан үкім шығарды. Қ. Жұмалиев пен С. Нұрышевтің пікірлерінен Қайымның сескенбеуін өтінген профессор Усанович: “Жас ғалым, бұл сіздің өміріңіздегі ең жауапты да бақытты сәт. Күндердің күнінде ондаған ғылым кандидатын дайындаған қартаң тартқан ғалымның бұл сөзін есіңізге алып жүргейсіз, мен сіздің диссертацияңызбен танысып шығып, мынадай жөн сілтеймін: зерттеуіңіз өте құнды, ғылымға қосылған үлкен үлес болып табылады. Тек жасымаңыз, қайтпаңыз” – деп қорғау үстінде батасын берді.

Міне, интеллигент деп осыны айт. Қандай жүрек жылытар сөз. Осы сөзді Қайым көзі жұмылғанша өз қандастарының бірінен естімей кетті.

Жала жабушылар мен жалған айқайшылар дегеніне жетіп тынды. Қазақ ССР Ғылым академиясы мен Қазақстан Жазушылар одағының Президиумы арнайы қаулы қабылдап: “1951 жыл көкекте Қазақ ССР Ғылым академиясының гуманитарлық біріккен ғылыми советі Қ. Мұхамедхановтың “Абайдың әдеби мектебі туралы” деген саяси зиянды диссертациясын қабылдап, оны қорғауды жүзеге асырды. Бұл диссертацияда Совет өкіметі дәуіріне дейін өмір сүріп, оның бас жауларына айналған буржуазияшыл-ұлтшылдар да Абайдың “шәкірттері” деп мадақталады”, – деп бағаланып, Қайымның ғылым кандидаты атағы алынып, ісі тергеуге берілді.

Мұның ақыры немен аяқталғаны белгілі. Ұлы жазушы уақытша Мәскеуді паналады. Қайым жиырма бес жыл түрменің төріндегі “құтты қонағы” болуға “ризалық білдіріп”, маршал Жуковтың штабындағы генералдармен бірге “сыбаға бөлісіп” шыға келді. Қ.Жұмалиевтің өзі де 25 жылды арқалап кете барды. Түрмедегі ыстық, суық камера, әртүрлі қорлаулар, қокан-лоуқылар дербес әңгіменің арқауы.

Жағдай түзеліп, ақиқат қалпына келтірілді. Қайым да түрмеден шығып, ұстазының құшағына қайтып оралды. Алайда, қайсар ғалым қашан көз жұмғанша өзіне Мұхтар Әуезовтің жазған елуге тарта хаттарының сол күйі жоғалып кеткеніне қатты өкінумен өтті. Тек “саяси көзі ашық, алысқа көз жіберетін” Нұрышевтардың жолдары кесілді. Енді қайтып жалғана қоймас сірә.

“Атың шықпаса — жер өртте” — дегеннің кебін құшқан осынау өлермен жанның өзеуреген сөзі қазақ әдебиетінің дамуын қаншама жылға тежеді десеңші. Жазықсыз адамдардың обалына қалды. Соның және соған ерген үлкендікішілі қайраткерлердің байбаламының салдарынан “Абай жолы” эпопеясы бес жыл кешігіп барып тәмамдалды. Сол тұста мәйегі іріген Абай мектебінің шәкірттерінің әлі де басы қосылған жоқ. Өзгені былай қойғанда, күні кеше ғана Е. Курдаков сияқтылар ұлы ақынның шәкірттерінің бәрін апиыншы етіп шығарды. Мұның бүгінгі күн көрініс беруі тегін емес. Арамызда қазірдің өзінде де кешегі Нұрышевтардың тілеулестері болған адамдардың сыпсыңы тыйылмағаны соны дәлелдейді.

“Жақсылық тез ұмытылады, жамандықтың жасы ұзақ болады” деген мәтелдің шындық болғаны ғой сонда. Біле білсек, Қайымға бұл сөзді мойындау өте ауыр болды. Алайда, ол Мұханның: “Ит қапты деп мен де қапсам, аузымда не қасиет қалады” дегенін ұстанып, ұсақ байбаламға елітпей, “жау қайдаламай”, ұзақ жылғы еңбектерінің басын қосып, жүйелі жинақ етіп дайындап, төрт кітап етіп шығарды. Абайдың академиялық басылымынан Қайым аға қалам қуаты мен білім тәжірибесін аяған жоқ.

Бірақ соның өзінде де өмірден татпаған ащы ризығы бар боп шықты.

IV

Сол өкініштерінің куәсі болсын деп, төмендегі күнделіктегі жазбамды сол қалпында ұсынуды жөн көрдім.

Онсыз Қайымның өмір соңындағы тағдырын түсіну де мүмкін емес.

“Бұл өмірдің кекесіні мен әжуасын қойсаңшы. Күні кеше ғана: “Қазақтың ақыл-ойын Абай тойы қарсаңында Алматыға жинаймыз, Қайым Мұхамедханов Алматыға көшіп келмесе, Абайдың академиялық басылымын шығару мүмкін емес. Оған үй берілсін, жағдайын жасайық. Мұхтар Әуезов үшін 25 жыл түрмеге кесілген Қайым – ұлттық рухани қазынамыз!” – деп иісі зиялы қауым дабыл қағып еді. Бұған сол тұстағы партия мен үкімет қайраткерлері де ықылас білдіріп, созып барып болса да, Қ. Мұхамедхановқа үй беріп, ғалым ағамыз Абайдың екі томдық басылымын дайындауға кірісіп кетіп еді. Қайымды Алматыға шақырайық дегендердің ішінде де, “Алматыға қош келіпсіз!” – деп қарсы алғандардың арасында да, ең соңында Қайым ағамыз: “Ал жұмыссыз, күн көріссіз қалдым. Енді не ақыл бересіндер” дегендердің ішінде де мен бар едім.

Енді, міне, сөйтіп жетпіс жыл үя басқан Семейден ардақтап әкеткен Қайым Мұхамедхановты, қазақтың Мұхтар Әуезовтен қалған көне көз ғұламасын баспақтап жүріп Семейіне шығарып салып тұрмын.

Қайымда жазық жоқ. Естияр ел ағалары мен мекеме басшыларына: “Күйім болмай барады. Үкіметтің қаулысымен берілген жеңілдіктерді алып тастады. Ендігі алатыным не пәтер ақысына, не емдеу ақысына жетер емес. Тіпті, Семейге қайтып кетуімнің өзіне қаржы жоқ. Не істеймін?” – деп емеурін білдіріп, айтуындай айтты. Бірақ соның барлығы ұлы Абайдың:

Ағайынға күн түспек,
О да үлкен қарғыс қой.
Беретіні ең күштеп,
“Бейшара!” мен “Байғұс” қой, –

дегенінің кері келді.

“Апырмай, солай ма?”, “Қиын болған екен”, “Анаған, мынаған барсаңызшы” десті. “Тоқал ешкі мүйіз сұраймын деп жүріп, құлағынан айырылыпты” дегендей, өзіне тиісті жеңілдікті сұраймын деп барып, тіршіліктің ауыр жүгін, дәлірек айтсақ, мұқтаждығын “арқалап” қайтты. Әншейіндегі жомарт, ер мінезді, қайсар да қажырлы Қайым, Сталиннің семсерінен сескенбей ұлы Абай мұрасын қорғап қасқайып қарсы тұрған Қайым жасыды... Ол өмірдің мазағынан, үкіметтің немкеттілігінен, бауырлары мен

шәкірттерінің тұрақсыздығынан шаршады. Бұрын ой бөлісетін жақын ортасы, сенімді серіктері болатын. Қайым 84 жасында қазақтың ақыл-ойының астанасы Алматыда “мұңдасарға кісі таба алмай” жалғыз қалғанына жасыды. Керек кезінде жылмаң етіп, жылмиып, көптің көзінше көпшік қоятындар той тарқаған соң, тағы да сол Абай айтқандай:

Жан қысылса, жайтандап,
Жанды еріткен жайдары-ау.
Жан жай тапса, сен неге,
Жат мінезсің, жабырқау? –

дегізді.

Соңғы рет шақырып, өзінің Семейге кетуге бел байлағанын, он жыл бойы әлі толық шешілмеген (!) теңін (кітаптарын) қайтадан еліне жеткізуге қаражат таппай қиналып отырғанын айтты: “Зейнолла Қабдолов “бір айлық жалақымды беремін”, – деді. Шәкіртім Тұрсын Шаңбаев адал екен. Ризамын. Ғарифолла Есімов хабарласпады. Ендігісін өзің білесің”, – деді.

Өзгенің болмаса да, әншейінде Қайым ағаның тілін тапқыштың бірі мен едім. Мен жерге қарадым. Жұбататын да, жылтатын да сөз таба алмадым.

– Жә, Тұрсын, сен несіне жасисың. Інімдей еркеледің, он бірінші баламдай жұмсадым. Өзің қарсы алып ең, енді өзің шығарып салатын болдың. Менің ешкімге өкпем жоқ. Өйткені, олардың сырын білемін. Абайдың екі томдық толық жинағы шықты. Менен ешкім сүйінші де сұраған жоқ, сүйінші данасын да берген жоқ. Өзім дүкеннен сатып алдым. “Еңбегімнің ескерілгені” сол, Абай тойы өткеннен кейін қызметтен қысқартылдым. Әйтеуір, Әуезовтің 50 томдық басылымына қолғабысым тиді. “Абай мұрагерлері” атты кітабым жарық көрді. Мұның өзі – үлкен олжа. Ал, қазақ әдебиеті тарихы туралы жинағым сол күйінше қалды. Мына бір сирек деректерді қазіргі харіпке аударып, жарияласам ба деп едім... Оған көзі құрғыр нашарлап кетті. Енді соларды қайтадан жиыстырып жатырмын.

– Қайым аға, мына қолжазбалар бұрын менің көзім түспеген дүние ғой. Жиыстыруын жиыстырамыз-ау. Бірақ Семейге барған соң, ол тең ашылмай қалмай ма?

– Енді оған не амал істейсің... Оған барғандағы бірінші ісім: Шоқанның қолжазбасын көшіріп, жарыққа шығару. Соғыс жылдарында бір артистен сатып алып ем... Оның тарихы ұзақ. Екінші: Шәкәрім мен Көкбайдың қолжазба-

сы архивте сақтаулы. Соны жариялатсам... Үшінші: Абайдың жарияланбаған, кезінде Мұхтар Әуезов мақұлдаған өлеңдеріне түсінік жазып, баспаға ұсынсам. Төртінші: мына деректерді қарашы. Құдай-ау, сонау ІХ ғасырдағы қазақ туралы жазбалар ғой. Оны өзімнен басқа кім оқи алады. Соны тиісті көмегін беріп, жағдай жасап шығаруға септігін тигізетін зиялы мырза табылса, соны қолға бірінші алар едім. Ал, енді осы Абайдың басын неғып қатырып кеттіңдер. Сол туралы жазсам деймін. Дулат жырау жөніндегі көптеген пікірлермен келіспеймін. Бұған сенің не көмегің бар? Әй, не көмегің бола қойсын... – деді.

Міне, Қайым Мұхамедханов Алматыға сыймай кетіп барады. Құшағымызды айқара ашып қарсы алып ек, енді басымызды төмен салып Семейге шығарып салып тұрмыз. Қолдан келер қайран жоқ. Үйренген ұясына ұшып бара жатқан көрі қыран сияқты. Көріскенше! Тек салауат ретінде айтарым: әкімдерден көңіл қалған заман ғой. Семейдегі қос оқу орынның ректорлары – шәкірттеріңіз ғой. Араб Сілөмұлы Еспенбет пен Ерлан Бәтгашұлы Сыздық екеуі біліміңізді дұрыс пайдаланар, Абайдың қара шаңырағы – Абай мұражайының бас директоры Төкен Ибрагимовтың үнемі қаперінде боларсыз – деп аманат етемін.

Алматының менмендігін кешіріңіз, Қайым аға!”

Иә, осылай болғаны рас еді. Ал, Семейге барғанда не көрді дейсіз ғой. Тағы да күнделігіме жүгінем. Өзім танымайтын әкім бауырыма арналып жазылған екен.

“Неге бастап тұрғанын кім білсін, әйтеуір кейінгі кезде тағдырдың талқысы мен тәлкегі мойынсұнуға, еңсесі түскен етекбастылыққа, селқостық пен немкеттілікке, тіпті, қоштасу мен жоқтауға можантопай көмпістікпен қарауды аса таңғажайып сабырлы қалыппен меңгеріп алдық. Біз қапылыста кімнен көз жазбадық? Біз уақытсыз уақытта кімнен айырылмадық? Біз солардың қайсысы сартап уайымның төсегінде сарғайып жатқанда кімнің көңілін сұрап, үмітіне от жақтық. Немесе біз жаралы жаны жабығып, қызыл қаны қарайып, салы суға кетіп жүрген солардың қайсысына қайырыммен қайырылдық?.. Олар бірінен соң бірі “келместің кемесіне мініп” (Мұқағали) бағыт-бағдарсыз бақиға аттанып жатыр. Солар тек кеткен жоқ, өздерімен қоса біздің ар-ожданымыздың, тіршілік қызығының, шындық пен мақсат жолындағы күрес-қуатымыздың, үміт-сеніміміздің бір-бір тамшысын шым-шымдап алып кетті.

Сол кермек те қымбат тамшыларды жоғалту арқылы біздің бойымыздағы бұла бұлқыныстың, ықылас-ынтымақ-

тың, біріміздің бірімізге деген қамқорлықтың, жанашырлықтың, ортақ мүдде мен намыстың, ең ақыры жүйке талшықтарының қайнар қуаты да әлсіреп барады. Бұл сүлесоктық кешегімізге де, бүгінгімізге де, ертеңімізге де деген ізгілік сезімін өшіріп, селсоқ күйге түсірді. Ұлттық руханияттың асыл бейнелері көңілімізде көпе-көрнеу көмескі тартып, жадымыздан ұмытылып, ғайыпқа айналды. Өмірдің қатал заңы солай да шығар. Бірақ бұл бойкүйездік өзгеге жарасса да, өткен мен ертеңнің арасын жалғастырып тұрған бізге — руханият қайраткерлеріне, жалпы бүгінгі есті ұрпаққа жараспайды. Тұлғаларға құрмет — жоқтау мен жөн-жобасын келістіріп бақилық сапарға шығарып, басына құлпытас қойдырып, еңселі кесене тұрғызумен шектелмейді. Бұл құрмет — құрмет емес, өкініштің орнын толтыруға ұмтылған ниет қана. Өтпелі өмірдің аз ғұмырын ұлттық руханияттың танымы мен тарихына арнаған, тәуелсіз рухтың тамырына нәр берген әр тұлға — қандай тауқыметке ұшырамасын, сол бір жанкешті ерлігі мен төзімділігі үшін қоғамдастары мен қаламдастарының, ақын мен әкімнің, зиялылар мен қауымның жылы сезімі мен алғауын көзі тірісінде сезінуіне толық қақысы бар.

Тылсым мен шарасыздыққа түмшаланып, ақша — өмір сүрудің бірден бір көзі болып, соны табу үшін жалтаңкөз, жағымпаз, мүләйім боп монтансып көрінуге мәжбүр болған уақытты бастан кешірдік. Мұқтаждық бұлты әлі ыдыраған жоқ, ішке түскен “қарабастың қамы” деген мүләйім құрт әлі өлген жоқ. Ол біздің тамырымызды қаулап барып жүрегімізді жегідей жеп жатқаны аздай, енді рухымызды кеміруге көшті. Қауіп сыртқы дүниеден жанымызға ауысты. Бойына талант киесі дарыған барша азаматтар осыған дейін күресіп келген, келешекте де күресуге тиіс — адам тағдырына деген бойкүйездік, немқұрайлылық, сүлесоктық, жалтаңкөздік, көмпістік мендеп барады. Бұл — ұлттық руханиятқа жұққан үлкен дерт. Менің ойымша, тұлғаларды былай қойғанда, әрбір қарапайым пенделердің өзі бір-бірінің жан жылуын сезіне өмір сүруі тиіс. Сондықтан да, зайырлы қауымның назарын соған аудара отырып:

— Өз мұңымызды өзіміз ғана мұңдап, тағдырдың талқысында жалғыз жанталасып, бір-біріміздің тіршілігіміз бен жандүниемізге немқұрайлы қарайтын бойкүйез кезең өтті. Сүлесоктықтан сілкінейік. Сіз бен біз бір-бірімізді аялама-сақ, түсініспесек, бір-бірімізді түгендеп жүрмесек, өзімізге, өмірге, ұрпаққа, ұлтқа деген сенімнен айырылып қаламыз. Ал сенімсіз адам ұлтқа рухани тұтқа бола алмайды. Ұлттың

рухани ыдырауына сол күнкөрісті күйттеген жалған пысықтық пен жалған жуастық жетейін деп тұр. Түрмелер мен жендеттер елі атанған тұста да Қасым дауыл боп соғып, найзағай боп жарқылдаған дегім келеді.

Дәл қазір осынау жалған тыныштықтан ұшықтап оятын, бойкүйез тартқан тәнді тітіркендіретін бір жасын оты керек. Руханиятты мәңгілік өлтірмейтін Әбілхаят суынан – “жасынның тұнығынан қанып ішкен” өр рухты тұлғалар арамызда бар. Соның бірі – аты әдебиеттің ғана емес, тәуелсіздігіміздің тарихында қалатын қайсар ғалым – Қайым Мұхамедханов.

Қалың қауымға қаратыла айтылған жоғарыдағы пікірге қозғау салған – “зар заман” әдебиетінің тағдырлы тұлғасы Дулат Бабатайұлының туғанына 200 жыл толуына орай Семей қаласында ұйымдастырылған республикалық ғылыми конференция. Ақын шығармашылығын зерттеген ғұламалар мен өмір оқымыстылары пікірін ортаға салды. Пайымды, салиқалы, сардарлы пікір алысу болды. Оған біз де қатысып, мәжіліс мінбесінде отырдық. Алайда, Абай, Дулат, Әуезов үшін басын бәйгеге тіккен Қайым ғұламаның қатыспауы бізді алаңдата берді. Батаға қатыссақ та, басқасына қатыспай қазақтың қайсар ғалымы Қайым ағаның үйіне сәлем бере барып едік... Бұрын естімегенім болмаса, мұным сәлем беру емес, көңіл сұрау десе дәлірек болады. Қайым аға төсек тартып жатып қалыпты. Қарттықтың да “еркелігі” бар шығар, бірақ тура келіп тұрған ауру емес, уайым мен жалғыздықтың көрпесін көтере алмай ауырып жатқандай көрінді. Мен көргенім мен естігенімді қазбалап жатпайын. Оның жай-жапсары мәлім, мүмкін беймәлім шығар. Анығы маған Қайым ғұлама жалғыздықтан жалығып, терезенің ар жағындағы жарық сәуле жамылып жүрген, кезінде өзінің бойындағы жан жылуын берген жандардың аман-сәлемін зарығып күткендей. Соған он жыл ішінде әкесін бағып-күтіп жүрген Бекеттің де көңілі пәс, әлдекімдерге ренжулі сияқты.

– Е, бауырым! Бір айдан бері есікті ашып тұрған ағайын сен ғана. Үлкенді-кішілі шәкірттерім де бар еді. Тіпті, Төкеннің (Абай мұражайының директоры Т. Ибрагимов) көрінбегеніне де біраз болды. Қалдың несін сұрайсың. Жатыс мынау. Пенсиясы құрғыр пәтерақыға кетеді. Дәрі-дәрмек алуға шама келмейді. Ал, тиісті жеңілдіктердің бәрін алып тастады. Қала әкімшілігіне барып анықтауға, денсаулық мынау. Сырттан біреу келсе, сәлем айтамын ба деп едім, олардың да аяғы тиылды. Дулаттың конференциясы-

на мені шақырмады. Мейлі ғой, айтарым болса да, бара алмас ем. Дегенмен, ескерусіз қалған да көңілге келеді екен. Үйдегі мені ескермеген сырттағы жұртқа не деп сәлем айтамын. Сөзің өтсе – әкімге айт, әйтпесе, әуре болма. Аман бол, – деді.

Екі сағат әңгімесінің ұзын ырғасы осы. Бұл сөздің астарында талайлы тағдырдың таңбасы мен астары жатыр. Оны қазбалап қайтеміз. Тек: “Біз қазақ ежелден, еркіндік аңсаған” – деп елу жыл айтқан әнұранның авторы, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, профессор, Абай мен Әуезовтің түбірлі зерттеушісі, Семей қаласының құрметті азаматы Қайым Мұхамедханов – елуінші жылдары сол екеуі үшін 25 жылға сотталған азап иесі еді. Ол – бүкіл елімізге әйгілі азамат, тәуелсіздігіміз үшін басын тіккен қаһарман. Семейге көшкенде: “Ел ішінде болайын. Жалғыздық көрмеспін”, – деп еді.

Қайымның: “Мені жалғызсыратпайды, елеусіз қалдырмайды, мұқтажымды шешеді”, – деп сеніп барған ел азаматының бірі өзіңсің. Сіз де Қайымды жақсы білесіз. Сондықтан да сізге азамат, әкім ретінде осы сәлемді жолдап отырмын. Елдің назары аусын, ескерусіз қалмасын деп “Қазақ әдебиеті” арқылы жолдауды дұрыс санадым.

Қайсар да қажырлы Қайым қазіргі қиыншылықтың бәріне де төзетініне сенемін. Өмір сүру дегенің түрменің талқысынан қиын емес қой. Бірақ, Қайым сияқты тұлғаларды сыйламасақ, өзімізді-өзіміз сыйламағанымыз, тәуелсіздігімізді құрметтемегеніміз.

Есеңгіреп болдық қой. Енді ес жияйық, бауырым!”.

Салмақты-ақ сөз еді. Бірақ біз үміт еткен халықтың есі бұл мақаламен де жиылмады. Бір қап ұнмен, ниетсіз қағылған есіктің бір тықылымен бұл құрмет те аяқталды. Жоғарыда келтіргенімдей Абайдың: “Ағайынға күн түспек, о да үлкен қарғыс қой” – дегені рас екен. Кейде аспаннан шұға жаудыратындай болып күпсіне қалғанымызда Қайымның өзі: “Не айтам? Не айтушы едім сендерге? Бәрін де өздерің білесіңдер ғой” – деп қайырып тастаушы еді. Иә, не айтушы еді біздерге. Не білуші едік осы біз. Не істеуге тиісті едік және не келуші еді осы біздің қолдан. Сыр тартқансып сырдаңсып шыға беруден басқа нені мықтап үйрендік. Тек қолдан келгені: сол кезде кітап басылымы ісіне жауап беретін республиканың басты адамының бірі, жазушы Әлібек Асқаровты үйіне ертіп барып, төрт томдық еңбегін шығаруға көзбе-көз, сөзбе-сөз уәдесін алып, аманатын арқалатып ем. Осы мақаланы жаздырып отырған да сол істің шапағаты мен жалғасы шығар.

Сөйтіп, 2004 жылы 30 маусым күні Семей қаласын-

дағы Шәкәрім көшесіндегі жетінші қабаттағы екі бөлмелі жиһазсыз жалаңаш пәтерде Қайым да дүниеден қайтты. Балаларының айтуынша соңғы күндері өткен өмірінің бәрін өз өміріндегідей басынан өткеріп, алаштың бар зиялысын ауызына алып, “Көкбай, Көкбай!” – деп келіп: “Енді қандай сұрақтарың бар, балалар. Мен болдым. Шаршадым!” – депті де сөзден қалыпты. Ендеше, біздің де осы сөзді тәмәмдайтын кезіміз болды-ау деймін. Көп айтып не қылайық. Келді. Кетті. Не бітті?

Топырақ салып, ой суытып, мұраларын баспаға дайындап отырып күнделігіме: “Қайымның қу тіршіліктің тамырына сонша өлермендікпен неге жармасқанын енді түсіндім. Өмірден мағына іздеп, өлмес өмір сүру үшін емес, қайтсем тірлігім арқылы Фархинурды алаңдатпай балаларға медеу бола тұрайын деген екен-ау! Бар қайратын, қуатын, намысын, әкелік парызын соған салып, тарамыстай созып-ақ баққан екен ғой. Ол да – амал! Ол да – ерлік. О, болатөзек!” – деп жазыппын. Мүмкін көңіл күйінің ауанымен жазылатын күнделіктегі сөз артық та шығар, бірақ, шындықтан алыс та емес.

Ал, менің Қайымды Алматыдан шығарып салғандағы сөзім онымен қоштасу сөзі де болған екен. Енді, міне, артындағы мұрасын іріктеп жариялау да, менің міндетіме тиіп отыр.

Оған да тәубә. Көптің ниеті қалыс, мақсаты алыс, мұратты мұралар еді. Жол сапары ұзақ болғай.

Тұрсын Жұртбай.

I БӨЛІМ

Зерттеулер

Абай төңірегіндегі ақындар

Кіріспе

Абайдың ақын шәкірттері қазақ жұртшылығының көбіне ертеден мәлім. Олардың ақындық еңбектері қолжазбалар арқылы ақын-жыршылар айтуымен елге жайылған. Бірақ Абай шәкірттерінің шығармалары осы күнге дейін жеке кітап болып жарияланған емес. Абайдың кейбір ақын шәкірттерінің өлең, поэмалары газет, журналдарда үзінді, үлгі ретінде соңғы дәуірде аз-аздап жарияланып жүрген.

Абайдың ақын баласы Ақылбайдың “Дағыстан” поэмасынан үзінді 1918 жылы “Абай” журналының 5-санында басылған. Ақылбайдың “Зүлүс” атты поэмасынан 104 жол үзінді 1924 жылы “Сана” журналының 2-3 санында басылған.

Мағауияның “Медғат – Қасым” поэмасынан үзінді 1947 жылы орта мектепке арналған “Қазақ әдебиеті” хрестоматиясының II бөлімінде жарияланған. Хрестоматияны Ә. Шәріпов құрастырған.

Әріп ақынның “Париж коммунасы” атты өлеңі 1927 жылы “Еңбекші қазақ” газетінің 68 санында, “Ленин жолдас” атты өлеңі сол жылы, осы газеттің 17-санында жарияланған. “Ленин өлгенде”, “Балаларыма” деген өлеңдері 1936 жылы “Социалистік Қазақстан” газетінің 210 санында басылған. Әріптің Ленинге арнаған өлеңі “Ленин как степные горы высок” деп орысшаға аударылып, 1937 жылы “Творчество народов СССР” жинағында жарияланған. Осы өлеңі сол жылдардан бастап орыс орта мектебінің 10 класстарына арнаған әдебиет хрестоматияларына енгізілген. “Ленин өлгенде”, “Ғылым туралы” деген екі өлеңі 1940 жылы Семей облыстық “Екпінді” газетінің 285 санында басылған.

Әсет ақынның Рысжанмен айтысы 1939 жылы “Айтыс” атты кітапта басылған. Әсеттің Кемпірбай ақын өлерде көңілін сұрап келіп айтқан қоштасуы 1925 жылы “Таң”

журналының бірінші санында басылды. Сол сияқты Әсеттің өлерде айтқан қоштасу өлеңінің үзіндісі газет, журналдарда жарияланып жүрді.

* * *

Абайдың төңірегіндегі ақындарға бірінші көңіл аударып, оларды ғылыми зерттеу ісіне алғашқы жол ашып, негіз салған Мұхтар Әуезов болды.

М. Әуезов өзінің 1933 жылы “Абайдың туысы мен өмірі” деген үлкен мақаласында 1889 жылдан бастап Абай алды үлкен мектепке айналып, Абай айналасына талапты жастардың шәкірт есебінде жиналып, топтала бастағанын айтады. “Абай ұстаз да, сөз ұғатын ынталы талантты жастардың бәрі шәкірт”, — дейді М. Әуезов. Абайдай ұлы ақын-ұстазды алыстан аңсап келген талантты шәкірттер де болғаны (Мұқа, Әсет), Абай шәкірттерінің тарихи тақырыпта және Кавказды, Африканы өлең етіп романтикалы поэмалар жазғаны, Абайдың шәкірттеріне сыны — осы жайлар М. Әуезов мақаласында қамтылады.

М. Әуезов осы мақаласында Абай төңірегіндегі ақындар арнаулы зерттеуді қажет ететін мәселенің бірі екенін көрсетіп, келешектегі зерттеу жұмысына айқын бағыт сілтеп береді.

М. Әуезовтың 1934 жылы жазған “Абай ақындығының айналасы” атты мақаласында Абайдың анық “жазушылық мектебі” болғанын аша түседі.

Бұл мақалада Абай өзінің ақын шәкірттеріне тақырып беріп, өлеңдерін сынап, түзеп, жазушылық жолды үйретіп отыратыны, сөйтіп, Абайдың ақындар атасы екені дәлелдене түседі. Сол сияқты бұл ұғым ұстаз ақынның ізін басып қана отыру емес, сол аға ақын бастаған бағытта өзіндік беті бар көркем шығармалар жазып, ұстаз ақынды толықтыра түсетіндей жаңалық іздеу екенін айқындап береді.

1939 жылы “Абайдың идеялық-мәдени ізденулері” — деген мақаласында М. Әуезов Абайдың іздену жолдарын айта келіп, ұлы ақынның өз заманынан иығы асқан білімді, мәдениетті адам болумен бірге халыққа ақындар атасы болып танылғаны айтылады. “Абай маңына тұтас бір әдебиет школасының құрылуы Абайдың кемеңгерлігін халықтың танығандығының белгісі” екенін дәлелдейді.

М. Әуезов 1940 жылғы “Абайдың өмірбаяны” деген мақаласында 1945 жылы сол тақырыпта жазылған орысша мақаласында да⁵, Абай төңірегіндегі ақындарға тоқталады.

Осы сияқты М. Әуезовтің, С. Мұқановтың, Е. Смаи-

лов, М.Сильченко, Б. Кенжебаевтың, т. б. жолдастардың Абай жайында жазған көптеген мақалаларында Абайдың ақын шәкірттері аталып, айтылып отырады. Соңғы жылдарда Абай шәкірттерімен Мағауия, Әріп сияқты ақындар орта мектептің, институттардың тіл-әдебиет факультеттерінің оқу программаларына енгізіліп жүр.

Бірақ Абайдың төңірегінде болған ақын-жыршылар жайында әлі де арнаулы ғылыми әдеби зерттеу еңбегі жоқ.

М.Әуезовтің алғашқы мақалаларында жазылған Абайдың төңірегіндегі ақындар жайындағы мәселе Абайдың ақын шәкірттерін жинап, зерттеуге жол ашып, көңіл аудартты.

Абай шәкірттерінің 1938–1940 жылдардың ішінде жиналған шығармалары, өмірбаяндары туралы мағлұматтарды зерттеп, біз 1940 жылы мақала жаздық. Ол мақалада Ақылбай, Мағауия, Әріп, Әубәкір, т. б. жайында айтылған еді⁶. 1940–1945 жылдар арасында жинақталған Абай шәкірттерінің шығармаларын зерттеу жұмысының негізінде, 1945 жылы “Абайдың әдебиет мектебі” деген 1940 жылғы мақаламызды толықтырып қайта жаздық⁷.

Әрине бұл мақалалар Абайдың әдеби дәстүрінің ерекшеліктерін терең зерттеген, әдеби-ғылыми тұрғыдан жете талдайтындай дәрежеде емес еді.

* * *

Біз бұл еңбегімізде Абай және одан үлгі өнеге алған ақындар тобы қазақ жазба әдебиетінің тарихындағы мәдени-тарихи дамудың бір көрінісі екенін зерттеуді мақсат еттік.

Абай мектебі — қазақ халқының ғасырлар бойы жасаған рухани мәдениетін сын көзімен қарап игеріп, ХІХ ғасырдағы орыстың классик әдебиетін өзіне зор мектеп етіп, қазақ әдебиетіндегі халыққа жат кертартпа идеяларға, ислам шығысының әсеріне қарсы күресте туған, өз заманындағы озық ой-пікірдің жетекшісі болған — ұстаз-ақын екенін дәлелдеуді мақсат еттік.

Абайдың ақын шәкірттерінің қазақ жазба әдебиетіне идеялық мазмұн, көркемдік түр жөнінде әкелген жаңалықтарын көрсету үшін олардың шығармаларына әдеби талдау жасадық.

Біз бұл жұмыста Абай дәстүрінің идеялық негізі қандай еді: Абайдың қазақ халқын ұлы орыс халқының мәдениетімен таныстырып, табыстыруда қандай орын болғанын тексеру мәселесін алға қойдық. Сол сияқты қазақ

халқын орыс халқымен жақындастыра түсуде, берік достыққа бағыттауда Абайдың және шәкірттерінің қандай роль атқарғанын тексеруді автор алдына қояды.

Абай шәкірттерінің әрқайсысының Абаймен творчестволық қарым-қатынасын ашуға ерекше көңіл бөлінеді.

Абай идеясын халыққа жаюда еңбек еткен Абайдың әнші, композитор шәкірттеріне де көңіл бөлдік.

Ақылбай, Мағауия, Әсет, Көкбай, Әріп сияқты ақындарға молырақ көңіл бөліп, диссертацияда олардың творчестволары кеңірек зерттеледі. Өйткені көлемді әдеби мұра қалдырған, шығармалары басқа ақындарға қарағанда молырақ сақталған осы ақындар болып отыр.

Сонымен қатар Әріп, Әсет ақындар әлі де арнаулы зерттеуді қажет етеді.

Автор осы мәселелерді зерттеуде марксизм-ленинизм классиктерінің айтқан данышпандық ой-пікірлерімен және методикалық сара басшылықтарына, Орталық партия Комитетінің идеология мәселелері жөніндегі тарихи қаулыларына сүйенді.

Орыстың революцияшыл-демократтары Белинский, Чернышевский, Добролюбов, т.б. еңбектеріндегі озық ой-пікірлерін, осы диссертацияда қаралатын мәселелерді зерттеуде басшылыққа алып, кең пайдалануға ерекше көңіл аудардық.

Диссертация Абай шәкірттерінің әлі жарияланбаған қолжазба қалпындағы әдеби мұраларын зерттеу негізінде жазылды.

Ол әдеби мұралардың көпшілігі автордың бірнеше жыл бойы (1939—1950) іздеп жинауға арналған еңбегінің нәтижесінде табылған еді.

Абай шәкірттерінің ол шығармалары және олар жайындағы мағлұматтар Семей қаласындағы Абайдың әдебиет музейінің, Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл және әдебиет институтының архивтерінде сақталады.

Көбінесе осы жұмыста алғашқы рет әңгіме болып отырған мағлұматтарға қосымша пайдаланылған бағалы нәрсе Абайдың туған жерінен жиналып, жазылған мемуарлық мәні бар материалдар.

Автор диссертация жазу жұмысында Абайға байланысты орыс тілінде, қазақ тілінде шыққан еңбектерді де пайдаланды.

Жұмыстың соңында шығармалары аз сақталған Көкітай, Мұқа, Әубәкір, Бейсембай, Мұқаметқан, Әлмағамбет, т.б. ақын, әншілер жайында Халилolla жайында қосымша мағлұмат бердік.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ КІТАПХАНАСЫ

№ 174633

Бір ескерте кететін мәселе мынау:

Абай төңірегіндегі ақындар дегенде біз қазақтың көркем жазба әдебиетіндегі ақын деген ұғымда қараймыз. Ал ауыз-ба-ауыз айтқанда Абай замандасы Жамбыл сияқты ауыз әдебиетінің ірі ақындарының жолындағы, сол сияқты жырау ақындар, импровизатор-әнші, сал-сері, т.б. ақындардың дәстүрі болғандығы өз алдына зерттелетін мәселе.

Абай қазақ әдебиетіндегі прогрессившіл, ақындық жаңа дәстүрі Абайдан соңғы дәуірдегі жазба әдебиеттің де негізгі бағытын айқындап берді.

XX ғасырдағы Сұлтанмахмұт Торайғыров, Сәбит Дөнен-таев, т.б. ірі ақындардың творчествосына Абайдың күшті әсері болды. Олар Абай дәстүрін ілгері дамытушылар болды, өздерін Абай шәкірті санады.

Қазақ совет әдебиеті Абайдан басталған қазақ әдебиетіндегі прогресшіл жаңа бағыттың заңды дамуы, өркендеп өсуі болып табылады.

Бұл жағынан Абай дәстүрі деген ұғым аса көлемді кең арнаулы зерттеуді керек ететін мәселе.

Біз сол Абай төңірегіндегі ақындар тобының бірнеше көрнекті уәкілдерін, оның ішінде Абайдың тәрбиесін, үлгі-өнегесін көрген ақындардың әдеби мұраларын зерттеп, оларға Абайдың еткен әсері, ұстаздығы қандай болғанына осы еңбекте ерекше көңіл бөлеміз.

I Тарау

Абай және XIX ғасырдың екінші жартысындағы әдебиет

Абайдың ақындық еңбегі қазақ халқының мәдени дамуы жолындағы ерекше елеулі кезеңдерінің бірі болды.

Абай өз халқының ең ардақты арманын, ой-пікірін, сезім-сырын жеткізе жырлай алатын жаңа бағыттағы, жаңа әдебиеттің атасы — қазақтың көркем әдебиетінің көрікті әдеби тілін жасаушы ұлы ақын, ағартушы.

Абай өзінің әлеуметтік өмірдегі азаматтық міндетін:

“Мақсатым тіл ұстартып өнер шашпақ,
Наданның көзін қойып, көңілін ашпақ”⁸, —

деп білді.

Халық алдындағы азаматтық борышын айқын түсінген ақын, өзінің бар саналы өмірін халқына адал қызмет етуге арнады. Данышпан ақын, кемеңгер азамат халқының сүйікті адал ұлы болды. Қазақ әдебиетінің тарихында халықтың ең ұлы ақыны болып танылған, қазақ халқының алдында осындай ардақты орынға ие болған ақын Абай болды.

Ұлы жазушы өз елінде қандай орында болу қажет болса, бүкіл орыс жұртшылығының көз алдында, сондай ардақты орынға ие болған тұңғыш ақын сол (Пушкин. — Қ.М.) болды⁹, — дейді Н. Г.Чернышевский.

Қазақ әдебиетінің тарихында Абай алып отырған ардақты орын жайында да Н. Г.Чернышевскийдің Пушкин туралы айтқан осы пікірін айнытпай айтуға болады.

Әлеуметтік мазмұны терең, асқан шеберлікпен жазылған Абай шығармалары — өз заманының шындық бейнесін кең қамтып, кемеліне келтіре суреттеумен қатар, халықтың келешекке бой ұрған ой-пікірінің жетекшісі болды.

Абай көркем әдебиеттің заман тілегіне сай келіп, биік идеялы, терең мағыналы болуы — ең негізгі қасиеті деп білген.

Абай өзінің “қуатты ойдан бос құрап” шыққан құдіретті көркем жырымен халықтың ақыл-ойын жана бағытқа бастап, ел көңілін өмірдің келелі мәселелеріне аударды. Қазақтың өлең-жырын ертедегі ел көзінің ескі сұрлеуінен алып шығып, жаңа арнаға салып, жарық дүниеге бастайтын даңғыл жолға бағыттады.

“Ескі бише отырмын бос мақалдап¹⁰,
Ескі ақынша мал үшін тұрмын зарлап...”, —

деген Абай, өзінің асқан ақындық өнерін өмір шындығын суреттеу мен дүние танудың күшті құралы етті.

Абай ақындық өнердің зор маңызын, ұлттық мәнін терең түсінген ақын. Өзінің адал еңбегімен, дана ақындығымен қазақтың өлең-жырын халықтық, ұлттық дәрежеге көтерген бірінші ақын да Абай.

“Ақын” деген ұғым Абай атымен, Абайдың әдеби еңбегімен келіп ұштасқаннан бастап ең ардақты мағынадағы ұғымға айналды. Ақынның қоғам өміріндегі орны, халық алдындағы міндеті, абройлы мақсаты айқындала түседі. Абай өлеңдері “Өмір тану құралы¹¹” болды. Сөйтіп, Абай өлеңдері арқылы қазақ жазба әдебиетінің тарихында да “ақын” деген ұғым әлеуметтік мәні бар терең мағына алып, биік дәрежеге көтерілді.

Алексей Максимович Горький өзінің А.С. Пушкинге арналған мақаласында:

“Әдебиеттің өте маңызды ұлттық мәні бар екендігін бірінші рет көре білген, кеңседе, патша сарайында отырып қызмет істеуден де артық деп санаған Пушкин ғана. Жазушының атағын жоғары көтерген, қол жеткісіз биікке шығарған да Пушкин: Пушкинше ақын халықтың барлық сезімі мен ойын жарыққа шығарушы, ақын өмір күрестеріне толық түсініп, суреттеп беру үшін туады”¹², — дейді.

Абай да Пушкин сияқты, ұлықтықтан, бар мансап, бар дәрежеден де ақындықты ардақтап, әдебиетті қадір тұтқан. Абайдың ақын, өлең жайындағы шығармаларын айтпағанда, оқушы жастарға деген өсиетінде:

“Ойында жоқ бірінің
Салтыков пен Толстой,
Я тілмәш, я адвокат
“Болсам” деген бәрінде ой...

Военный қызмет іздеме,
Оқалы киім киюге.
... қызмет қылма оязға
Жанбай жатып сөнуге”¹³ —

дегенінен ұлы ақындардың әдебиет, жазушы жөніндегі пікір бірлестігін көреміз.

Пушкин туралы М. Горький айтқан дәрежеге қазақ жазба әдебиетінің тарихында бір де бір ие болатын ақын Абай ғана.

Абайдан бұрынғы және Абай замандас қазақ ақындарының шығармалары идеялық-мазмұны мен көркемдік жағынан алып қарағанда шын мағынасындағы халықтық дәрежеге көтеріле алған жоқ. Халықтың өзіне тән ұлттық ерекшелік қасиеттерін көрсете алатын кең көлемді, терең мазмұнды, биік идеялы өлең-жыр туғыза алған жоқ.

Абайға дейінгі XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті (әрине әңгіме негізінен поэзия жайында) кемеліне келген жазба әдебиет дәрежесіне жете алған жоқ.

Абайдан бастап қазақ жазба әдебиеті классик әдебиет үлгісімен даму жолына түсті.

Абай өзінен бұрынғы қазақ әдебиетінің қалдырған мұрасын дұрыс бағалап, сын көзімен қарап, заман тілегіне сай таңдап-талғай отырып меңгере білді.

Ұлы орыс халқының мәдениетін терең түсініп, дұрыс бағалай білген Абай — орыс әдебиетінің классик жазушыларының еңбегі мен өнегесін өзіне үлгі деп танып, өмір мектебі етті.

Абай өзінің асқан талантымен, терең ақыл, алғыр ойымен, талмай еткен еңбегінің арқасында қолы жеткен өнер-білім, үлгі-өнегесімен қазақ әдебиетінің классигі болды.

Абай — қазақтың әдебиет тілін жасаушы ұлы ақын. Қазақ әдебиетін соқпақтан соныға бастап, даңғыл жолға бағыттап дамытушы ұлы ұстаз.

Абайдың әдебиетте ұстаған жолы, ақындық дәстүрі — қазақ әдебиетінің тарихында ерекше орын алатын әдеби мектеп болды.

Бұл мәселені айқындап ашып алу үшін Абайдан бұрынғы әдебиет жайын қысқаша шолып өтуіміз қажет.

XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінің өкілдеріне Абай поэзиясының шыңынан көз жіберсек — Ұлы ақынның жеке-дара кесек тұлғасы ерекшелене, айқындала түспек.

XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ әдебиетінде идеялық күрес күшейіп, әдебиеттің ілгері даму бағыты айқындала түсті.

Әдебиеттегі бұл жаңа бағыт бүкіл Россиядағы қоғамдық даму нәтижесінен туған еді.

XIX ғасырдың алпысыншы жылдарында Россияда өнеркәсіптің өркендей бастауы, өндіріс күшінің өсе бастауы-крепостнойлық құрылыспен қарама-қарсы қайшылыққа келген еді. Крепостнойлық құрылыс өнеркәсіптің өркендеп өсуіне бөгет жасады. Қоғам өміріндегі бұл қайшылық әлеуметтік қозғалыс туғызды.

Қырым соғысында Россияның жеңіліп қалуы саяси әлеуметтік қозғалысты онан сайын күшейтеді.

Бұл кезде демократтық қозғалыс бүкіл Россияда етек алып жайылып, баспасөз жүзінде саяси реформа талап етіледі.

Экономикалық дамудың барлық бет алысы крепостнойлық правоны жоюға итермелейді¹⁴.

Бұл кезде Чернышевскийдің қуатты үндеуі бүкіл Россияны тебірентеді. Оның цензурадан өтіп барып жарияланған мақалаларының өзі-ақ нағыз революционерлерді тәрбиелерлік дәрежеде болғандығын В. И. Ленин атап айтқан¹⁵.

Бұл кезде орыс әдебиетінің әлеміне Некрасов, Салтыков-Шедрин, Чернышевский, Добролюбовтар сияқты орыстың ұлы ақын жазушылары, революцияшыл демократтары шықты.

Орыстың революцияшыл демократтары Россияның бұл дәуірдегі әлеуметтік өмірінің бар саласына — мәдениет, әдебиет, көркемөнер, ғылымға — түгелдей күшті әсер етті.

Россия өмірінде болып жатқан бұл дәуірдегі жайлар қазақ өміріне де әсер етті. Россиядағы капиталистік даму қазақ даласына да өзгеріс енгізе бастады.

Капиталистік қатынастың қазақ даласына ене бастауына байланысты патриархалдық-рулық тұрмыстың шырқы бұзылып, ыдырауға бет алды. Тап жігі айқындалып ашылып, тап күресі күшейе бастады.

“Революциядан кейінгі дәуірдің ішінде кеңінен және тереңнен дамып келген, дамып отырған бұл процестердің бәрі капиталистік дамудың қажетті бір саласы болып табылады, әрі тұрмыстың ескі түрлеріне қарағанда, оның терең прогресшілдік маңызы бар” (В. И. Ленин. Шығармалары, 4-басылуы, 3 том, 509 бет).

Сөйтіп, XIX ғасырдың екінші жартысы қазақ халқының тарихи даму жолындағы алға басқан дәуір болды.

Россиямен қарым-қатынастың күшеюі қазақтың алдыңғы қатарлы саналы ұлдарына ұлы орыс халқын танытты. Қазақ елінің орыс халқының мәдениетіне араласуына мүмкіншілік туып, жол ашыла бастады.

Жоғарыда айтылған орыстың алдыңғы қатарлы революцияшыл демократтарының, ұлы ақын-жазушыларының демократтық идеялары, биік мақсаттары, терең ой-пікірлері XIX ғасырдың орта кезінен бастап қазақ даласына да жетті.

Орыстың революцияшыл демократтарының идеологиясы қазақтың тұңғыш мәдениет, қоғам қайраткерлерінің — ағартушы, ақын-жазушыларының әлеуметтік ой-пікірлеріне жетекші болады.

Қазақтың жазба әдебиетінің өсуіне жол ашыла бастайды.

* * *

Сөйтіп, XIX ғасырдың екінші жартысы қазақ әдебиетінің де жаңа бағытта даму жолына түскен кезеңі болды.

Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсариндерден басталатын қазақ әдебиетінің тарихындағы прогресшіл жаңа бағыт Абайдың ақындық еңбегі арқылы кең өріс алды.

Абай бастаған жаңа бағыттағы әдебиет феодалдық ескі салт-санамен, патриархалдық-рулық тұрмыстың әдет-ғұрпымен күресте, сол ескіліктің жыршыларына, мадақтаушы ақындарына қарсы күресте, феодалдық және отарлық езуге қарсы күресте өсіп, дамыды.

XIX ғасырдың екінші жартысындағы әдебиет майданындағы бұл күрес — ескі мен жаңаның идеологиялық күресі еді.

Абай бастаған жаңа бағытқа қарсы XIX ғасыр әдебиетінде ақындардың екі тобы, екі түрлі ағымның болғанын көреміз.

Әдебиеттегі бұл екі ағым қазақ байлары мен ру басыларының, қожа-молдалардың тілегінен туады.

1868 жылғы реформаға қазақ байларының көзқарасы да екі түрлі болады. Олардың бір бөлігі жаңа реформаның өзіне пайдалы, барынша жағдайлы жағын ойлап, реформаны барынша жақтайды. Патша өкіметінің саясатын мадақтай отырып, қазақ халқын шексіз билеп-төстеуді мақсат етеді. Шексіз үстемдік құруға жаңа реформаның онан сайын кең жол ашатынын түсініп, реформаны қолдайды. Патшаның отар саясатын, ел билеу-әкімшілік тәртібін қуаттаған байлар патша үкіметіне жағынып, шен алып, шек-

пен киіп, ел билеп, қазақ халқын қанайды. Бұл байлар өздерінің шаруашылығын товарлы шаруашылыққа айналдырып, сауда жүргізіп, базармен, қала купецтерімен араласып баюдың жаңа жолына түседі.

Сөйтіп, товар-ақша қатынастарының дамуымен байланысты жаңа байлар – жаңа тап жігі туады. Бұл байлар қазақ даласындағы патша үкіметінің саясатын барынша жақтап, қолдаушылар болады.

Патша үкіметі 1822 жылғы “Сибирь қазақтары туралы уставты” да қазақ феодалдарына сүйене отырып іске асырған. Бірақ 1822 жылғы заңды іске асыруда үкімет ежелден ел билеп келген ақсүйек сұлтандардың әкімшілік дәрежеде болуына ерекше көңіл бөлген еді. Ал 1868 жылдың реформасында ақсүйектердің қолынан ел билеу тізгінін алу саясаты көзделді. Сондықтан сұлтандардың ақсүйектігін арқа тұтпай, үкімет саясатының ығына көніп ыңғайласқандары ғана ел басқару ісінде қалып, үкіметпен келісе алды.

Патша үкіметінің саясатын қолдап, қазақ даласында ел билеп, халықты қанаушы үстем таптың жырын жырлаған ақындар тобы болды. Бұл ақындар тобы “ақ патшаны” мадақтап, патшаға қызметі жаққан байларды дәріптеді.

Бұл топта Байтоқ, Жанұзақ жыраулар, Әкімал ақын, сұлтан Шәңгерей Сейіткерейұлы Бөкеев сияқты ақындар болды. Қазақ байларының көпшілігі осындай жаңа тәртіпке бейімделіп, реформаны қолдаса, өзінің бұрынғы шексіз үстемдігінен айрылатын болған ақсүйектер реформаға қарап шықты.

Жаңа реформа мұсылман дінінің өкілдері қожа-молдалардың да өрісін біраз тарылтатын болады. Молдаларды жергілікті әкімдер бақылауына алатын болады. Қазақ балалары үшін орысша мектептер ашыла бастайды. Орыстандыру мақсатымен қазақ балаларын молдалардың медресесінен орыс мектептеріне тарту саясаты қолданылады. Бұл жағдай жаңа реформаға қожа-молдалар көпшілігінің де наразылығын туғызады. Олар ел ішінде реформаға қарсы уағыз сөйлеп, күрес жүргізеді.

1868 жылдың реформасына қарсы шыққан сұлтандар, қожа-молдалар, ескішіл ру басы феодалдар хандық дәуренді, патриархалдық-рулық тұрмысты көксейді. Патша үкіметіне, үкімет саясатын қолдаушы байларға наразы болады. Осы бағыттағы ақсүйек, байлар мен дін өкілдеріне тілектес, ниеттес, солардың жыршысы болған ақындар тобы ХІХ ғасыр әдебиетіндегі өз алдына бір әдеби ағым болды. Бұл топтағы ақындардың басты өкілдері: Шортанбай Қанаев (1808–1871), Дулат жырау (1802–1874), Мұрат Мөңкеұлы

(1841-1906), Базар жырау (1855-1910), Ақмолда (1839-1893), Әубәкір-Кердері (1858-1912) т. б.

Бұл топтағы ақындармен бағытас ислам дінін насихаттаушы Жүсіпбек қожа Шайхысламов бастаған толып жатқан хиссашыл ақындар болады.

Абайдың әдебиетте ұстаған бағыты бұл ақындардың екі тобының да жолына қарсы бағыт болды.

* * *

Патша өкіметінің отар саясатын жақтаушы байлар тобының жыршылары мен ескіні дәріптеуші ақындар тобының әдебиетте ұстаған жолдары қандай еді? Қазақ жазба әдебиетіне ол ақындар үлес қоса алды ма?

Патша үкіметін дәріптеуші ақындар тобы халықтан мүлдем аулақ болды. Байтоқ, Жанұзақ жыраулар Жәңгір ханның, оның тұқымдарының сән-салтанатын асыра мақтап, олардың патша үкіметіне беріліп қызмет істегенін дәріптеп жыр етеді. Жәңгір хан өлгенде оны:

“Әулие ханнан айрылды,
Байтаққа пана кім болар”¹⁶, –

деп жоқтайды Байтоқ. Әкесінің орнын басатын Жәңгірдің баласын “Алладан тілеп алған ханымсың”¹⁷, – дейді Жанұзақ.

Бұлардың өлең тақырыбы Жәңгір сарайынан аспайды. Ханның үйін, мешітін, сауда дүкендерін, бау-бақшасын, үй-ішін мадақтайды.

“Айт десеңіз айтайын,
Межовой салған жеріңнен...
Формалы салған көк ала үй...
Алдындағы мешіті,
Жанаттың өз үйіндей дулаған,
Қыймалы кибет, қыюлы үй...”¹⁸ (Жанұзақ), –

деп келеді. Өлеңдерінің тілі қазақтың әдебиет тілі емес. Қырық құрау жаргон болып келеді.

Қазақ халқын сатып, патшадан “шен” және дворянин атағын алған – Ылайық Беркінбаев деген байды Әкімал ақын былай деп жырлайды.

“... Бес медаль сонан бері тағып тұрсың,
Патшаға жас та болсаң, жағып тұрсың.

Ту алып, тұлпар мініп заманыңда,
Халқыңды жаудан қорғап бағып тұрсың.
Фанардай гауһар шырақ жаққан шамың,
Әртүрлі дәрежені тапқан шағың.
Ылайық Деріпсалин Беркімбаев
Суреті үйінде тұр ақ патшаның”¹⁹.

Елін шен-шекпенге сатқан, мансап-дәрежеге халық мүддесін айырбастаған ел билеушілерді Абай:

“Мөз болады болысың,
Арқаға ұлық қаққанға,
Шелтірейтіп орысың
Шенді шекпен жапқанға”²⁰, –

деп шенейді.

Әкімал сияқты ақындар Беркімбаевтарды халық қам-қоршысы етіп көрсетпек болады. Елді жеп байыған, халықты отаршыл патша үкіметімен бірге талаған Ылайық сияқты дворяниндерді:

“Халқыңды жаудан қорғап бағып отырсың”, – дейді. Әрине халыққа мұндай өлеңнің қадір-қасиеті болған жоқ. Халық өзін қанаушыларды мадақтаушы ақындардың өлең-жырын қабылдамады:

“Қандай бай мақтаншаққа барған таңдап,
Жиса да бай болмапты, қанша малды ап,
Қазаққа өлең деген бір қадірсіз,
Былжырақ көрінеді бәрі даңдақ”²¹, –

дегенде Абай осындай ақындардың өлеңінің “қазаққа қадірсіз”, “былжырақ” көрінетінін айтып отыр, ел мақсатынан аулақ, маңызы жоқ, идеясыздығын әшкерелеп отыр.

Осындай мадақтау, байларға, әкімдерге жағынып жырлау ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы бірталай ақындардың тақырыбы болған.

Белгілі “Біржан-Сара” айтысындағы екі ақынның аузынан айтылатын өлеңдер де Арғын мен Найман руының ру басы байлары, патшаға қызмет етіп, атак, дәрежеге ие болған ру басылар, сұлтандар мақталады. 1868 жылдың реформасының арқасында ақсүйектермен теңдесіп, тіпті асып түскен байлар, “қарадан шығып хан болғандар” қатты дәріптеледі.

“... казының бел баласы Садуақас
Құтқарған сан қыранды түскен тордан”, –

деп Шорман тұқымы дәріптеледі. Патша үкіметінен шен алғандар асыра мақталады:

“Ұл тумас Қазанғаптай ата ұлынан,
Тұқымы дегдар туған жатынынан,
Полковник шенін алады туа сала,
Шырылдап түскен бала қатынынан”, —

деп осы сияқты полковник Шыңғыс төре, феодал Мұса Шорманов, Жамантай, Құсбек төрелер мадақталады²².

Абай: “Оқалы тон тола ма, ар-ұятың сатқанға”²³, — деп адамшылық ар-ұятты мансапқа айырбастап, халық мүддесін “оқалы тонға сатқан”, еңбекші халықты езуші, елдің сыйқын бұзушыларды халық алдында ажуалап, әшкере етеді. Олардан халық үміт күтпейтінін, олардың өмірі ұзақ болмайтынын, халық тілегінен басқа мақсаттың баянсыздығын:

“Одан үміт кім күтер,
Жол табар деп сасқанда,
Өйткен асқан жолығар,
Кешікпей-ақ тосқанға”²⁴,

деп қорытады Абай.

Патша үкіметін жоқтаушы қазақ байларының жырын жырлаған әдебиеттің де келешегі жоқ еді. Өзін езуші байлардың, әкімдердің дұшпандығын түсінген халық, оларды мадақтаған ақындардың өлең-жырына жирене қарады. Ол ақындардың өлеңдері қанаушылардың ғана жоғын жоқтағандықтан әдебиетте тарихи орын ала алмады. Әдебиеттегі бұл ағымның аяғы құрдымға айналды. Бұл ақындардың жырында халықтық идея мен мазмұн жоқ еді. Мансапқа мас байлардың көңілін көтеріп, қызықтау жыры болды. “Көркемөнер көркемөнер үшін” деген пікір, біздің заманымызда “байлық байлық үшін”, “ғылым ғылым үшін” деген сияқты жат пікір²⁵ дейді Н.Г. Чернышевский. Қолында билік болып үстемдік жүргізіп тұрған таптың сән-салтанатын, шен-шекпенін жырлаған әдебиет, ол таптың дәурені өткен соң, өмір сүруден қалды.

Әдебиеттегі бұл ағымның нәтижесін Шәңгерей Бөкеевтің өлеңдерінен көреміз. Бөкеев — ақсүйек, дворянин атағын алған, патша үкіметінен шен алып, шекпен киген хан тұқымы еді. Бұл да Абай замандас ақын болатын²⁶. Көркемөнер көркемөнер үшін” дегенді, мағынасыз көркемөнерді уағыздады. Абай: “Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін” деп әдебиеттегі “көркемөнер көркемөнер үшін” деген кертартпа зиянды идеяға, халық мақсатына жат идеяға қарсы күресті.

Ал Шортанбай бастатқан ақындар тобы бүкіл Россияға түгелдей қарсы болды.

Қазақ даласының Россияға қосылуын бұл ақындар тобы түгелдей бақытсыздық деп білді. Капиталистік қатынастың ене бастауына байланысты қазақ елінің тұрмысында пайда болған жаңалықтарды заманның бұзылуы, елдіктен айырылу апатының айғақтары деп ұқты. Патриархалдық-рулық тұрмыстың ыдырап, феодалдық әдет-ғұрып, салт-сананың бұзылып, жойылуға бет алғанын сезген бұл ақындар тобы, өздері өмір сүріп отырған заманына шошына, үрейлене қарайды. Күні өтіп бара жатқан ескі өмірді көкसेп, зарыға жыр етеді. Жақсылықтың бәрі өтіп бара жатқан ескі өмірмен бірге көзден таса болғандай көрінді бұл ақындарға. Жақсы жандар да ескі өмірмен бірге өшті деп торығады:

“Текті құс қарап қырымға,
Ит айналар жырымға.
... Қүдіреттің жарлығы,
Битгей нәрсе қалсашы
Бұрынғы жаннан ырымға”²⁷, —

дейді.

Жақсы жандардың бәрі өткен өмірде еді, бұл заманның адамдарында жақсылықтан “ырым” да қалған жоқ, дейді. Өз заманын “тар заман” деп тарыға жыр еткен Шортанбай “тар заманның” адамдарының бәріне де жаманшылықты үйіп-төге, уайым айта жыр етеді.

Шортанбай байларды шенесе, “тар заманның” пейілі тар байлары деп шенейді. “Тар заманның” байы да тар пейілді, мейірімсіз, кедейіне қайырымсыз: “Бай кедейді көрмейді” десе, тар заманның кедейі де қыңыр-қырсық: “Кедей байға ермейді” деп бұл заманның байы да, кедейі де — екеуі де азған деп сипаттайды:

“Әне байдың қайыры,
Бұрынғы өткен адамның,
Міне, келді тайыры.
Жалғанда қылған ісіңнің,
Алдыңнан шығар айыбы”²⁸, —

деп өткен ескі өмірдегі бай мен кедейдің, Шортанбайша, “берекелі”, “рахат” тұрмысына, “тар заманның” байы мен

кедейінің тұрмысын қарсы қояды. Бұл дәуірде тап жігінің айқындалып, тап күресінің күшейгенін Шортанбай түсінбейді. Шортанбайда бұл жөнінде халықтық бұқарашылдық көзқарас жоқ. Өз заманында қоғам өміріндегі болып жатқан өзгерістерді, тап қайшылығын түсінбеген ақын, бұл да бұзылған заманның, азған адамның ісі деп ұғады. Тәубәмізді ұмытып, тағдырдың табасына ұшырап отырмыз, дейді ақын.

Шортанбай: “Байды құдай атқаны, жабағы жүнін сатқаны” деп жырласа, ақшамен, базармен араласқан жаңа заманның жаңа байы, деп шенейді. Жаңа заманның байларына ескі ауылдың ру басы феодалдарын қарсы қояды. Болмаса Шортанбай жалпы байға, қанаушы тапқа қарсы емес, қайта байларды:

“Бай жарлының панасы,
Көп жалғыздың саясы”²⁹, —

деп мадақтайды.

Сол сияқты: “Кедей қайтіп күн көрер, жаз жатақта жатқаны, жаздай арық қазғаны” дегенде де жатаққа айналып, егін кәсібімен шұғылдана бастаған кедей шаруалардың ауыр тұрмысына феодалдық-рулық ауылдағы кедейдің халі “жақсы еді, кеңшілік дүние артта қалды” деген сияқты ақынның идеясы айқын сезіліп тұрады.

Ақынның: “Ендігі байға мал бітсе, ендігінің мырзасы” деп жырлауы байды, мырзаны — жалпы қанаушы топты шенеу, әшкерелеу емес. “ендігінің байының пейлі тар”, “ендігінің мырзасы залым”, “ендігінің ел билеушілері азғын” деген Шортанбайдың пікірін ашық көрсетеді.

“Елдігі мен ескіні” қарама-қарсы қойып жырлаудағы Шортанбайдың негізгі мақсаты — өткен патриархалдық-рулық тұрмысты дәріптеу болады.

Мұрат ақынның да әлеуметтік тақырыпқа жазған өлеңдері Шортанбаймен үндес, бір сарындас болып отырады. Мұрат та феодалдық-рулық заманды ерлік, байлық, еркіндік дүниесі деп дәріптейді:

“Мыңнан-мыңнан жылқы айдап,
Жүзден-жүзден нар байлап,
Дәулеті қалың біткен жер.
Аузы түкті кәпірдің,
Басы шоқты қалмақтың,
Қанын судай төккен жер” —

деп өткен ескі өмірді шындықтан тыс асыра мақтап, феодалдардың байлығын жыр етіп, өткен ескі өмірді арман етіп, көксеп зарыға жырлайды.

Абай қазақ халқын езіп, қанап отырған байлардың озбырлығын аяусыз әшкерелейді. “Ендігінің байы” кешегі бай деп Мұрат, Шортанбайша бөлмейді, Абай қанаушы таптың зұлымдық бейнесін айнытпай түсіреді.

Шортанбай хандық дәуірді көксейді, ханды қазақтың камқоры деп жыр етеді. “Еділді алды елді алды, енді алмаған нең қалды” деп келіп:

“Қараны санап малды алды,
Қазаққа камқор ханды алды”³⁰

дейді.

Абай бастаған жаңа бағыттағы әдебиет феодалдық ескі салт-сананы, патриархалдық-рулық тұрмыстың әдет-ғұрпымен күресте, ескіні дәріптеуші ақындарға қарсы күресте өсіп, дамыды деген едік. Абай мен Шортанбайдан азғана келтірген мысалдан осы айтылған пікірдің айқын айғағын көреміз.

Шортанбай ру басыларының қолынан биліктің кетіп бара жатқанын, олардың күні өтіп бара жатқанын заманның азған белгісі етіп сипаттайды:

“Азғанының белгісі –
Байдың тілін жарлы алмас.
Ханның тілін қара алмас,
... Ақсақалдан әл кетті,
Ақсақалдан үялмас”³¹ –

деп адамның ру басы байлардың айтқанынан шықпай, феодалдардың құлшылығында болуын көксейді.

Абай ақсақалға, байға бас иіп, құлшылық ету сияқты феодализмнің нағыз кертартпа, адамның жеке басының еркін жою мақсатымен салтка айналған дәстүріне қарсы күреседі. Абай өмірге кең ақыл, терең оймен қарауды, жеке адам басының ерікті болуын насихаттайды: Ескі өмірге, надандыққа өнер-білімді қарсы қояды. Жастарды әділеттік, шындық жолындағы күреске шақырады:

“Ақыл сенбей сенбеңіз,
Бір іске кез келсеңіз.
Ақсақал айтты, бай айтты,
Кім болса мейлі сол айтты, –
Ақылменен жеңсеңіз.
Надандарға бой берме,
Шын созбенен өлсеңіз”³².

Феодалдық-рулық құрылыстың идеологиясына қарсы күресіп, елдің көңілін жаңалыққа, заманның кәделі мәселелеріне аударуды Абай негізгі мақсаттың бірі еткен. Ескі заманның идеологтары ескі билерді: “Ескі бише отыр-ман бос мақалдап”, деп Абай шенесе, “Би қалмады шүйделі”³³ дейді Шортанбай.

“Бұрынғы ескі билер қандай еді,
... Ақылы жанып тұрған шамдай еді”, —

дейді Әубәкір–Кердері.

“Шүйделі” билерді көкसेген бұл ақындар өз заманындағы әкімдерді мейлінше жек көреді. Оларды кемсітіп, мұқатып, ажуа етеді.

“Әкім де жаңа өскен жастан болды,
Басына ұрылардың бостан болды,
Қой бағып, торсық емген тобыршақтар,
Бұл күнде қол жеткісіз аспан болды” —

дейді Әубәкір. Бұл ақындар ескі биді жоқтап торығады.

Шортанбай өзі өмір сүрген дәуірді “зар заман” деп, өткен ескі өмірді аңсап зарлайды. Өз заманынан ешбір жақсылық таппай, үміті үзілген Шортанбай, шындық өмірден тиянақ таппаған, заман бағытын ұқпаған, патриархалдық-рулық салт-сананың құлы болған ақын қайрылмас ескі өмірді көксеу зарына түседі. Тұңғыық сар уайымға, күйрек пессимизмге кетеді. Өткен өмір қайрылмайды, алдан үміт жоқ деген қорытындыға келген ақын өз заманын — “ақыр заман” дейді. Шортанбай ендігі үмітті “пәни” (опасыз) дүниеден емес, “бақи” (ахирет) дүниеден іздейді.

Өлеңін “Атамыз адам пайғамбар, топырақтан жаралған” деп бастайтын діншіл ақын Шортанбай, өмірден безіп ахирет қамын ойлауды жырлап, діни мистицизмге кетеді.

“Жалғыз құдай болмаса,
Енді үміт жоқ өзгеден”³⁴ —

дейді.

Абай халықты адал еңбекке, мәдениетке, өнер-білімге үндесе: бақытты, ерікті өмір үшін белсенді күреске шақырса, Шортанбай “тар заман”, “зар заман”, “ақыр заман” деп өмірден безеді. Өмірде мағына жоқ, өмір әрекеті керек емес:

“Жалғанды жолдас демендер, ахирет камын іздендер”³⁵
— дейді.

Абай қазақ жастарын Пушкин, Толстой, Салтыков-Шедрин сияқты орыс данышпандарынан үлгі алуға үнде-се, Шортанбай дүниеден безуге үндеп: “Ауызға қара сал-маңдар, дүние жинап өткен жоқ бізден бұрынғы пайғам-бар”³⁶ деп, пайғамбарды өнеге етпек болады.

Абай ескі өмірдің шырмауындағы, қараңғылық түнегін-дегі елін жарық дүниеге, ұлы орыс халқының мәдениетіне бастаса, Шортанбай ислам дінінің түнегіне шақырып күңіренеді. Мекеге барып құдайға құлшылық етіп, мүлгуді ұсынады:

“Соз айтатын үлкендер,
Құдайдан қапы кетпендер,
Өлгің келсе Меке бар...”³⁷, —

деп ислам дінінің сарынымен сарнайды. Ислам дінін К. Маркс “Коран и основанное на нем мусульманское за-конодательство сводят географию и этнографию народов всего мира к простой и удобной формуле деления на два половины: правоверных и неверных. Неверный, — это “гяур”, это — враг, Если проклинает нацию неверных и создает состояние непрерывной вражды между, мусульма-нами и неверными”³⁸, — дейді.

Шортанбай, Мұрат, Әубәкір—Кердері, Ақмоллалар сияқты “зар заман” ағымының өкілдерінің дүниеге көзқарастары осы Карл Маркс айтып отырған ислам дініне негізделген болатын. Сондықтан олар патшалы Ресейге жау деп караумен бірге, бүкіл орыс халқына да, “кәпір қауымы”, жау деп қарайтын.

Россияны түгелдей дұшпан санайтын бұл ақындардың қадір тұтып, халыққа өнеге етіп насихаттайтыны дін орна-ған қасиетті шаһарлар: Ташкен мен Бұхар, Мекке мен Мәдина болатын:

“Дұғай сәлем айтайын,
Ташкен менен Бұхарға.
... Бір құдайдан қорыққанға.
... Бабама қол бермедім,
Меке жүзін көрмедім
Қайғылы болып барамын”, —

дейді Шортанбай.

Бұл ақындардың өздеріне өнеге еткені мұсылман шы-ғысы болғандықтан, халықты ислам дініне бас иіп, құдайға құлшылық етуге шақырады.

“Әуелі бисмилла деп сөз басталық,
Алланың хақ жолынан адаспалық.
Жолы деп шаригаттың ғамал қылсаң,
Еншалла, сол уақытта азбас халық”, –

дейді ақын Әубәкір–Кердері.

Шортанбай, Мұрат, Әубәкір сияқты “зар заман” ағымының өкілдері – күні өтіп бара жатқан қазақтың ру басы жуан байларының жыршысы болғанын олардың өлеңдерінен айқын көреміз.

Ру басылардың дәурені өтіп бара жатқанын көрген Мұрат “заман түзелмейді”, “сұм заман” деп күдер үзе, түңіле жырлайды:

“Заман қайтып түзелсін,
Қоңсыдан туған би болды.
... Қара кісі хан болды.
Қоспақтан туған қортықша,
Қатарға шығып нар болды.
... Асыл зада баласы,
Дәулеті кетіп қолынан,
Қоңсысына құл болды.
... Заманың мұндай сұм болды”³⁹.

Мұраттың алғашқы ақындық қадамы айтыспен басталған болса, ол айтыстары бастан-аяқ белгілі ру айтысы. Патриархалдық-рулық салт-сана Мұраттың айтыс жырларынан да айқын көрініп отырады. Ақын өзі шыққан Беріш руының аруағын көтеру, байлығын, жуандығын, үстемдігін мадақтап, асыра жырлау, өзге руларды “құл”, “тексіз” деп кеміту, шенеу Мұрат айтысының негізгі идеялық-мазмұны болады.

Мұндай айтыстың ру-жігін ашып, ру тартысын қоздырудан басқа, елді “алты бақан ала ауыз” қылып берекесін кетіруден басқа қоғамға ешбір пайдасы жоқ еді.

Мұрат өлеңінің басынан аяғына дейін ескі рушылдық салт арылмайды.

Абай: “Атаның баласы дұшпаның, адамның баласы бауырың” десе, Мұрат, Шортанбай сияқты ақындар халықты езуші ру басыларды дәріптеп, ата жолын берік ұстаған, ру басы феодалдардың жырын жырлайды.

Шортанбай өзінің ақырғы сөзін де сол ру басыларға арнап, оларды атап жырлайды:

“Дұғай сәлем айтамын,
Тобықтыда Құнанбай,

Осы дәулет барында
Талап қылсын Мекені,
Ахиреттен құр қалмай.
... Дұғай сәлем айтамын,
Шорман ұлы Мұсаға,
Тәубесіз өтіп кетпесін”, —

деп осы сияқты сәлемін Көпбай, Нұрлан, Қоңыр сияқты ру басы жуандарға жолдайды⁴⁰.

XIX ғасырдың екінші жартысындағы “зар заман” ағымындағы ақындар хандық дәуірді, ру басы феодалдардың билік-үстемдігін дәріптеп жырлады.

Бұл “зар заман” әдебиет ағымындағы ақындардың әдебиетте ұстаған жолы — реакцияшыл романтизм болды. Өмірден мүлдем түңілген бұл ақындар тобының үмітсіздікке салынған, сар уайым жыры діни мистикаға барып ұштасады.

Сөйтіп, бұл ақындар тобының өлеңдері реакциялық бағытта болып, қазақ әдебиетіне идеялық мазмұн жөнінен ешбір жаңалық енгізе алмаса, көркемдік түр жағынан да ешбір жаңалық енгізе алмады. Қысқасы қазақ әдебиетін ілгері дамыта алмады.

Шортанбай, Мұрат бастатқан ақындардың өлең-жырларының халық мақсатына сай келетін прогрессивтік мәні болмады. Бұл ақындардың шығармалары өмірді сүюге, бақытты өмір үшін күреске шақырмайды. Өмірді опасыз деп уағыздап, өмір қызығынан бездіруге бағыттайды.

Ерікті, қызықты, бақытты өмір күні біткен хандық, бектік дәуірде, ескі дүниеде қалды, алдан үміт жоқ, ендігі өмір сүру мағынасыз дейді бұл ақындар. Заманның жаңалық, прогрессивтік жақтарының бәрін ақын заман айғағы деп түсіндірмек болады.

Бұл ақындар тобы қазақ халқының жырын жырламады, ру басы феодалдардың жыршысы болды.

Жүсіпбек Шайхисламов бастаған хиссашыл жыршылар — қазақтың әдебиетін, әдебиет тілін жасау, дамыту жолында еңбек етпеді, ислам дініне қызмет етті.

Олай болса, бұл ақындар қазақтың халық ақыны, ұлы ақыны бола алмады.

Бұл ақындыр тобы Россияға, орыс халқына ескі феодалдық салт-сананың тұрғысынан, мұсылманшылық тұрғысынан қарады.

Орыс мәдениетінен аулақ болды. Мұсылман шығысына табынды.

Абайға дейінгі және Абай замандас ақындарының үлгі-өнеге алған екі мектебі — екі арнасы болды. Біріншісі —

қазақ халқының ауыз әдебиеті. Екіншісі – Шығыстың мұсылманшылдық сарындағы әдебиеті. Фольклорды өз шығармаларына үлгі етіп алуда ХІХ ғасыр ақындарында творчестволық игеру болмады. Ауыз әдебиетінің өзіне тән қалыптасқан дайын үлгілерін, сөздегі образдарын, өлең түрін өз шығармаларында талғамай алып пайдалану болды. Ауыз әдебиетіне сын көзімен қарау болмады.

Сондықтан ХІХ ғасырдағы ақындардың өлең-жырлары фольклор қалпынан, фольклор дәстүрінен үздік шығып, ілгері дамып кете алмады. Әдебиеттің көркемдік дәрежесін жоғары көтере алмады. Әдебиетте жаңа стиль, жаңа түр туғыза алмады.

Абайға дейінгі ақындар ақындық өнерде фольклорға тән дәстүрдің шырмауынан шыға алмады.

Шығыс әдебиеті дегенде негізінен дінді уағыздау мақсатымен қазақ даласына дін өкілдері, діншіл ақын-қожамолдалар арқылы, олар бастырған кітап арқылы тараған әдебиетті айтамыз. Жүсіпбек қожа Шайхисламов⁴¹, Мәулікей Жұмашайхов⁴², Шайхақимов⁴³, Қоқаш Есенгелдин⁴⁴, Мағзүмолла Батырғалиев⁴⁵, Ақылбек Сабалов, т.б. осындай қожа-молдалардан шыққан ақындар қазақ өмірінен әлеуметтік тақырыпта өлең жазбаған. Дінді уағыздайтын араб, парсыдан аударма хиссалар, діни өлең-жырлар ғана жазған.

Бұлардың тілі де шағатай, түрік-татар болды. Бұл сала-лас әдебиет қазақтың тілін жат сөздермен бүлдіріп, бұрмалап, қазақтың әдебиет тілінің дамуына бөгет етті.

“Зар заман” ағымы мен діни хисса жазған ақындардың шығармалары дін идеясына негізделгендіктен түпкі мақсаты бір арнаға құяды.

“Дін идеясын жарыққа шығарушылардың мақсаты – адамды қорқыту, адам біткеннің бәрін өмірге ешбір қатынасы жоқ идеяға бағындыру болған”⁴⁶, – дейді М. Горький.

Сөйтіп, Абайға дейінгі ХІХ ғасыр әдебиетінде өз шығармаларында идеялық мазмұн жағынан, көркемдік түр жағынан үлгілі жазба әдебиетінің дәрежесіне жеткен ақын болмағанын көреміз.

II Тарау

Абайдың өнеге алған ұлы мектебі

Абай өлеңдері қазақ поэзиясының шыңы болды. Абай поэзиясын өзінен бұрынғы дәуірдегі қазақ халқының ақындық өнердегі мұрасын қорыта келіп, әдебиеттің жаңа дәуірін, жаңа бағытын бастады.

XIX ғасыр әдебиетіндегі ақындық ескі дәстүр мен жолдар, ескі әдеби ағымдар Абай поэзиясының шыңынан аса алмай, бой таластыра алмай қалып қойды.

Абай өз дәуіріндегі ең алдыңғы қатарлы, озық ой-пікірдің, еркіндікке ұмтылған халық арманының жыршысы болды.

Абайдың ақындық еңбегі қазақ әдебиетін жаңа бағытта дамытумен бірге, қазақ қоғамының дамуына да әсер етті.

“Әдеби шығарма тек көркемдік қасиетімен ғана емес, қоғамның дамуына ететін игілікті әсерімен, әдебиетті ілгері дамытудағы әсерімен бағаланды”, – дейді Н.Г. Чернышевский⁴⁷.

Абай қазақтың көркем әдебиет тілін қалыптастырушы, қазақтың жаңа жазба әдебиетінің атасы және әдеби-ақындық мектептің ұлы ұстазы болды.

Қазақ халқының өмірі үшін мәдени-тарихи маңызы аса зор міндетті атқарған Абай, алдымен өз жол азығын молайтып алған еді.

Абай өзінің ақындық талантын ерте сезсе де, талантына сай білім тапқанша “ақын” атын құпия ұстайды.

Абай өз бетімен “Ғылымды іздеп, дүниені көздеп” өз заманындағы ең білімді, мәдениетті адам болады.

Сөйтіп, асқан ақындық талантына сай білім тапқан Абай тек 40 жасында әдебиет әлеміне әйгіленіп шығады.

Әкесінің еркімен ел ісіне ерте араласқан Абай Құнанбай заманының дау-шарының, талас-тартысының майданына еріксіз түседі.

“Жасымда албырт өстім ойдан жырақ,
Айлаға, ашуға да жақтым шырақ...”⁴⁸, —

деп ақынның, кейіннен өткен өміріне өкінішпен қарайтын кезі осы айтылған дәуір болады.

Жасынан зерек, алғыр ойлы, талапты Абайдың медресе есігі жабылғаннан соңғы мектебі — өз елінің өмірі болады. Ақындық таланты ерте білінген Абай, өз халқының ғасырлар бойы жасаған рухани мұрасын қадір тұтып, үлгі ала, үйрене өседі. “Осылайша ел даналығын танып, соны ерте қамту, жас талапқа жаңа зор мектеп болады”⁴⁹.

Халықтың өлең жырынан елінің сезім-сырын, мұң-шерін, қайғы-зарын, көксеген арманын бала жастан естіп, сезіне, ұға-біле өседі.

Осының бәрі болашақ ақынға өмір мектебі болады. Ел билеуші әкімдердің, ру басылардың, патша чиновниктерінің халыққа қиянатын, еңбекші халықтың олардан көрген жәбір-жапа, зорлығын Абай жас күнінен көріп, халық тұрмысымен аса таныс болады.

Ру басы феодалдар, өз әкесі Құнанбай бастаған топ халықты езуші, ел басындағы ауыртпалықтың қара бұлты сияқты, ескі түнек тобы екенін Абай анық түсінеді. Өз әкесінің мінез-құлқынан, іс-әрекеті мен, Құнанбайдың өз басынан ел басындағы қара түнектің бейнесін көреді.

Өз халқын шексіз сүйіп, ел тағдырын ойлаған Абай елді езуші феодалдармен, әкімдермен, ескі әдет-ғұрыппен күреске бел байлайды.

Сол ескіліктің суық түсті түнерген тұтас тұлғасы сияқты Құнанбайдан айырыла көшеді.

“Әкесінің баласы — адамның дұшпаны, адамның баласы — бауырың” деген берік, тұжырымды қорытындыға келеді Абай.

Сөйтіп, халық өмірінің қазанында қайнап, халықтың адал ұлы болған Абай халқының бақыты үшін күреске бел байлады дедік. Халқының өткен өміріне үңіліп, күнделікті өміріне көз салғанда Абайға бағыт беріп, күрес жолына бастайтын дайын жатқан сара жол жоқ еді.

“Ғылымды іздеп,
Дүниені көздеп,
Екі жаққа үңілдім”⁵⁰

деген Абай, ондаған жылдар іздену жолында болады.

Сол іздену жолында Абай талғап барып, таңдап тапқаны — ұлы орыс халқының мәдениеті болды.

Ең алдымен, Ресей аспанының түнегінен өтіп, қараңғы қазақ даласына сәуле шашқан — орыс поэзиясының күні — Пушкин еді. Сол күннің сәулесін тұңғыш көзі шалғанның бірі, сарылып іздеген сәулем деп білген Абай болды.

Пушкин — орыс әдебиетінің теңізі де, одан бұрынғы орыс ақын-жазушылары сол теңіздің жан-жағынан құйып жатқан салалары сияқты, — деген еді Белинский⁵¹.

Абай орыс әдебиетінің теңізін тапты, сол теңізден нәр алды. Пушкин арқылы Абайдың қолы орыс мәдениетіне жетті, орыс әдебиетінің асыл қазынасын тапты, ақыл, ой, данышпандық, адамгершіліктің өнегелі мектебінің есігін ашты Абай.

Пушкиннің асыл мұрасы арқылы Абай ұлы орыс халқын толық танып, орыс халқының қадір-қасиетін терең ұқты.

Орыс әдебиеті Абайдың ұлы мектебі болды.

Патша үкіметі, оның жергілікті жерлердегі әкімдері Ресей империясының қол астындағы ұлттарды езіп, қорлап, жәбірлеп, жауыздық үстем болып тұрған шақта, аз ұлттарға адамшылық тұрғысынан қарап, ұлы орыс халқының адал жүрек, ізгі көңілін көрсеткен орыстың ұлы жазушылары еді.

“... Халық орыс жазушыларын “самодержавиеден”, православиадан және солармен тілектес халықшылдықтан қорғайтын көсеміміз деп санайды”, — дейді данышпан Белинский.

* * *

Орыстың ұлы ақын-жазушыларының демократтық идеялары олардың шығармалары арқылы қазақ даласына XIX ғасырдың орта кезінен бастап тарай бастады деген едік.

1865–70 жылдарда Абай ауылына орыс әдебиеті классиктерінің шығармалары келе бастайды. Орыс әдебиетін зер салып оқумен бірге, қызу талқылау, орыс жазушыларының шығармалары жайынан пікір айтысу да болғанын аңғарамыз. Бұл Абайдың 25–30 жастар шамасындағы кезі болады:

Абай үшін мектеп есігі 1858 жылдарда, Абайдың 13–14 жастар шамасында жабылады. Абайдың інісі Халиолла ғана ұзап оқып кетеді, ауылдан алғашқы ұзап шығып үлкен қалаларда, мәдениет орталықтарында болып, әр нәрседен хабардар болған мәдениетті азаматтың бірі осы Халиолла болады.

Халиолла әдебиетке бейім, талапты жастың бірі болған. Халиолла Шоқан Уәлиханов оқыған Омский-Кадетский корпусы бітіреді. Россияның орталық қалаларында болады. Офицер чинінде болып, қызмет істеп жүргенде қайтыс болады.

Осы Халиолла жайында В. Г.Потанин былай дейді:

“Мне рассказывали об одном киргизском султани (уже умершем Уськембаеве, который кончил курс в Омском кадетском корпусе и потом на родине в степи около Семипалатинска), что он любил вечерами рассказывать своим землякам содержание русских повестей и романов и киргизы с таким интересом его слушали, что просили его записать свои рассказы: таким образом, получились тетради, написанные по-киргизским и содержащие в себе вольный перевод произведений Тургенева, Лермонтова, Толстого и др. Иногда во время этих литературных вечеров в юрте киргизы пускались в суждения, и тогда как рассказывал очевидец, можно было слышать, как Уськенбаев пользовался русским авторитетами: “Послушайте, а вот что об этом говорит известный русский критик Белинский”, или “Вот какого мнения об этом был русский критик Добролюбов”⁵².

Сөз жок, Омбыда кадет корпусында оқып жүрген Халиоллаға 60-жылдардағы Чернышевский бастатқан орыстың революцияшыл- демократтарының күшті әсері болған. Орыс әдебиеті жайындағы ұлы сыншы Белинский мен Добролюбовтың пікірлерін, демократтық идеяларын қазақ даласында таратуды мақсат еткен жаңа жылдың құсындай жастың бірі — Абайдың інісі Халиолла болғанын көреміз. Жоғарыдағы Потанин айтып отырған әдебиет жайындағы пікір жарыстырудың, орыс ақын-жазушыларын қазақшаға еркін аударма жасап, елді қызықтырудың басы-қасында болған, бастаушы, інісімен бірге, Абай екені даусыз.

XIX ғасырда бүкіл дүние жүзінде ең алдыңғы қатарлы идеяның жаршысы болып, еркіндіктің ұранын, бостандықтың туын көтерген орыс әдебиеті болды.

“Алдыңғы қатардағы қаһарманның міндетін алдыңғы қатарлы теорияны басшы еткен партия ғана атқара алады”.

“Ал осының мәні немене екенін аздап болса да, түсіну үшін, оқушы орыс социал-демократиясының Герцен, Белинский, Чернышевский сықылды аталары мен орыс революционерлерінің 70-жылдардағы тамаша легін еске алуы керек, орыс әдебиетінің қазір жержүзілік маңызға қалай ие болғанын ойлауы керек”⁵³, — дейді В. И. Ленин.

Орыс әдебиетінен алған үлгі-өнеге — Абайдың халықтық идеясын тереңдетіп, әдебиеттің ең басты міндеті халық өмірін, халық мүддесін жырлау екенін айқындай түсті.

Қазақ халқы өзінің мәдениет тарихына көз жібергенде зор құрметпен атайды.

“Қазақ халқының қалың бұқарасы орыс халқының қалың бұқарасымен достық көзқараста болғаны, орыс халқын аға санағаны сияқты озық пікірлі орыс әдебиетін, оның Пушкин сынды данышпан өкілін Абай да өзіне үлгі, мектеп деп білді”.

“Соц. Қазақстан” газеті, “Пушкин мен Абай”, 10 август, 1950 ж.⁵⁴, — дейді профессор Мұхтар Әуезов.

Пушкин шығармаларының негізгі идеясы — патша үкіметінің деспотизміне қарсылық, халықтың правосын қорғау, халықты сүю, әділетті жақтау, бостандықты аңсау еді. Бұл Пушкин заманындағы ең озық идея болатын.

Гуманизм, өмірді сүю, оптимизм — Пушкин поэзиясының желісі болатын. Пушкин шығармалары орыс халқының шындық өмірінің айнасы болады.

“Орыс әдебиеті тек Пушкиннен басталады, өйткені оның поэзиясында орыс өмірінің тамыры соғады”⁵⁵, — дейді Белинский. Пушкин орыстың нағыз ұлы ақыны, тұңғыш халық ақыны болды. Сонымен қатар Пушкиннің әдеби мұрасының тек қана орыс халқы үшін емес, бүкіл адам баласы үшін зор тарихи мәні болды.

Пушкинді өзіне ұлы ұстаз санаған Абай Пушкиннің ақындық қасиетін терең түсінді. Пушкиннен ақындық жөнінен үлгі ала отырып, оның әдеби шығармасын аударып, өз халқына өнеге етеді.

Абай арқылы Пушкинді таныған Абай төңірегіндегі ақындар орыстың ұлы ақынын аударуға, Абайдың бұл жөніндегі дәстүрін ілгері дамытуға ат салысады.

Бұл жөнінде Әріп, Әсет, т.б. ақындардан басқа да Абай аулының талапты жастары Пушкинді сүйіп оқумен бірге өздері де Абай әсерімен Пушкиннен өлең аударуға талпынады.

Мысалы, Абайдан көп кейін Бітөл Ысқақов Пушкиннің “Қысқы жол” “Зимняя дорога” деген өлеңін аударғаны мәлім:

Өркештенген бұлттың арасынан,
Азайып ай көрінді шарасынан,
Елсіз жым-жырт қайғылы сар далаға
Мұнайып сәуле түсер саласынан.

Келеді жол үстінде үш ат жеккен,
Көңілісіз қысты күнгі жолмен кеткен.

Доғада қоңыраулы желген аттар
Шаршағандай дыбыспен күніренткен.

Ән салар жәмшік жолдың ұзағында,
Сол әннің тәтті үні түр құлағымда.
Жүректің жүз толғауы еске түсіп,
Келеді қуанғым да, жылағым да.

Жанған оты жылтырап көрінбес үй,
Қалың қар әлсіз дала кетіретер күй.
Шақырымның есебін жазған тақтай,
Анда-санда көрінсе о да үлкен сый.

Бұл аударманың аяғы жоғалған.

Осының өзі Абайдай ұлы ақынның өз ортасына тәрбие, үлгі-өнеге көрсетуде еткен зор еңбегінің мағыналы бір көрінісі сияқты.

“Абайдың Пушкин шығармаларын өз оқушыларына жеткізуі қазақ сахарасына орыстың ұлы мәдениетінің жарығын әкеп төккендей болды. Бұл жөніндегі Абай еңбегі, тек әдебиеттік қана емес, ол зор, кең мағынадағы ағартушылық, тарихтық, қоғамдық еңбек еді”⁵⁶.

Абай Пушкинге ерекше ден қойып, өзіне ұстаз санағанда — орыстың ұлы ақыны, халық ақыны деп таныды. Пушкиннің алдыңғы қатарлы адам баласына ортақ ұлылық қасиетін де Абай ұға білді. Орыс халқына ең жақын ақын, орыс тұрмысы дәл суреттелген ақын өз тұсында Пушкин болғанын Абай дұрыс түсініп, Пушкинді сүйікті ұстаз етті. Орыстың кемеңгер ұлт ақыны Пушкин Россиядағы басқа ұлттарды жат санаған емес, қайта олардың мәдениетіне көңіл аударып, зор құрметпен қарады. Бұл жөнінде “Кавказ тұтқыны” (черкес қызының жыры) “Бахша сарай фонтаны” (татар жыры), “Сығандар” (Земфира айтатын молдаван жыры) поэмаларын, Пушкиннің украин фольклорын жақсы білгенін айтса да болады.

Пушкин қазақ халқының өмірі мен халық творчествосына да көңіл бөлді. 1839 жылы “Пугачев тарихына” материал жинау үшін Орынбор, Оралда болады. Осы сапарында Торғай, Орынбор далаларын жайлаған қазақ ауылдарының өмірімен танысады. Қазақтың ауыз әдебиет мұраларына ұлы ақынның қатты көңіл бөлгенін көреміз. 1937 жылы Пушкин архивінен “Қозы Көрпеш — Баян сұлу” дастанының оқиғасы, оқиғаның болған жерлері жайында, Аягөз маңындағы Қозы Көрпештің моласы жайында толық мағлұмат баяндалған қолжазба табылған⁵⁷.

Бұл жай Пушкиннің қазақ әдебиетінің асыл мұрасын

ардақтап, өз заманында елден бұрын көңіл аударғанын көрсетеді. Қазақ халқын патша өкіметі дала тағысымен тең санаған кезде, тұңғыш орыс адамдарының ішінде қазақ халқына адамшылық көзбен қарап, достық көңіл білдірген Пушкин еді. Пушкин өзінің “Ескерткіш” сияқты данышпандық шығармасын жазғанда, қазақ халқын да көңілінде ұстағанын айқын көреміз.

Сол “Ескерткіштің” бір нұсқасы Пушкин қолжазбасында былай жазылған:

Могущей внук славянь и полу/. /дикой фини киргизець/- черкес /и/ киргизець и калмык ⁵⁸.

Пушкинді Абайдың ұстаз етуі кездейсоқ нәрсе емес. Бұл ұлы адамдарды табыстырған асқан талант, достық жылы жүрек, адамгершілік, халықтық биік мақсат еді.

Абай көркем әдебиетте Пушкин бастаған, Пушкин атасы болған реализм мектебін өзіне үлгі етті. Пушкин бұл жөнінде дүниежүзі әдебиетіне жаңа бағыт, жаңа эстетикалық жөн сілтеді.

Сыншыл реализм әдеби мектебінің тұңғыш негізін салған Пушкин болды. Пушкиннің “Евгений Онегин” романы сол мектептің тұңғыш қаланған іргетасы сияқты еді. Абайдың Пушкин шығармаларынан “Евгений Онегинді” тандап аударуы оның Пушкин мұрасына үлкен жауапкершілікпен қарап, кеңінен ойлап, терең толғанып барғанын аңғартады.

* * *

Пушкиннің ұшан-теңіз әдеби мұрасын негіз ете отырып, данышпан сыншы Белинский өзінің реалистік эстетикасының қағидаларын жазды.

Революцияшыл-демократтық әдебиет сынының атасы Белинский Россияда материалистік эстетика мектебінің негізін салып, дүниежүзілік әдебиетке үлгі-өнеге шашты.

Орыстың XIX ғасырдағы ең ірі жазушыларына Белинскийдің идеясы өнегелі мектеп болды. Орыс әдебиетінің ұлы классиктері Белинскийді өздерінің әрі қатал, әрі әділ сыншысы, айнамайтын, аумамайтын терең негізді озық ой-пікірдің жетекші-көсемі, ұлы ұстазы деп санады.

Белинскийді Абай да өзінің ұлы ұстазы етті. Абай поэзиясының қазақ әдебиеті тарихында теңдесі жоқ шыңы болуының бір себебі Абайдың Белинскийді терең түсініп, оның материалистік эстетикасы өзінің ақындық жолындағы адастырмас темір қазық деп білуінде. “Көркем өнер, өнер үшін емес, өнеге үшін” деп түсінуінде.

Белинский Пушкиннің орыс әдебиеті тарихында алатын орнын анықтап, оның ұшан-теңіз, әр жақты әдеби мұрасын талдау үшін тарихи тұрғыдан қарады. Россияда бүкіл бір ғасыр ішінде жазылып, жарияланған әдеби шығармаларды шолып шығып, ақын-жазушыларға дұрыс, әділ баға беріп, олар туралы бұрынды-соңды айтылған ұшқары, негізсіз қым-қиғаш сын мен пікірлерден аршып, арылтуға тура келді.

Абай Белинский еңбектерінен бүкіл орыс әдебиетінің тарихын, даму жолдарын ұғып, біліп, зор мектептен өтті.

Пушкиннен басталатын реалистік мектептен әуелгі іргетасын салысушы жазушының бірі — Крыловты Абайдың аударуы орыс әдебиетіндегі озық идеяның, жаңа бағыттың негізі мен дамуын терең ұғуында.

Абай тек Пушкиннің данышпан ақындығына бас иіп, орыс әдебиетін талғаусыз қызықтаушы ақын емес, сол сияқты еліктеуші болған ақын да емес. Пушкиннен басталған орыс әдебиетіндегі жаңа бағытты, оның даму жолдарын Абай жақсы түсінді.

Пушкиннің нағыз мұрагері, өз заманындағы жауыздыққа қарсы ыза мен кектің жырын жырлаған, Россияның аспанына төнген қара түнекті қақ жарып, жай отындай жарқылдаған жалынды ақын Лермонтовты Абай ерекше бағалады. Лермонтовтың отты жыры Абайдың да жүрек сырына жалғасады. Тар заманның қапасынан еркіндікке бой ұрған екі ақынның терең сезімнен тебіреніп шыққан жырлары іштей жалғасып, үнемі үндес келіп отырды.

Абай XIX ғасырдағы орыс әдебиетінің даму жолындағы әдебиет майданындағы күрестің қазақ даласындағы жақтаушы қалам қайраткерінің бірі болды. Абай орыс әдебиетіндегі реалистік, нағыз халықтық, демократтық бағыттың көсемі, қайтпас қайсар басшысы — Белинскийдің адал, саналы шәкірті болды дей аламыз. Өйткені, Абай Белинскийдің жолынан таймайды.

Белинскийдің Гоголь туралы және Гоголь бастаған орыс әдебиетіндегі “натуральдық мектеп” туралы айтқан терең пікірін Абай түгелдей қабылдайды. Абай “натуралдық мектептің” ұстаған жолының дұрыстығын мақұлдап қана қоймайды, қазақ әдебиетіне сыншыл реализмді енгізеді. “Орыс әдебиетіндегі натуралдық мектеп” қазақ әдебиетіндегі Абай бастаған жаңа бағытқа өнеге болады. Абай сыншыл реализм жайындағы Белинскийдің қағидаларын өзінің ақындық өнеріне негіз, жол-жоба деп түсінді.

“Қазақ халқының XIX ғасырда оянуы мен жаңғыруына

басшы болған Шоқан, Ыбырай, Абайлар Белинский ойлары мен өсиеттерінен, үлкен сындарынан мол нәр, тәрбие алған. Абай шығармаларындағы, Алтынсарин өсиеттеріндегі халық қамын жейтін сан толғауларды Белинский еңбектерінен ауысқан өнімді ойлар әсерін тану қиын емес”⁵⁹.

* * *

XIX ғасырдың 50–60-жылдарында Белинскийдің идеялық мұрагерлері Чернышевский бастатқан революцияшыл демократтар, данышпан сыншы Добролюбов, Салтыков-Щедрин, Некрасов сияқты ұлы ақын-жазушылар болды.

Белинский қайтыс болған соң, орыс әдебиетіндегі реалистік бағытты жақтап, оның ілгері даму жолындағы күрес туын Чернышевский көтерді. Чернышевский “таза көркем өнерді” жақтаушыларға қарсы күресті. Белинскийдің идеясын қорғап, ілгері дамытты.

Алпысыншы жылдардағы революцияшыл демократтардың идеясы, әсіресе Некрасов пен Салтыков-Щедрин шығармаларынан жарқын түрде көрінеді. Чернышевскийдің реализм жайындағы революцияшыл озық идеясы Салтыков-Щедрин, Некрасовтардың әдеби шығармаларының негізгі идеялық мазмұны болды. Чернышевский Некрасовтың поэзиясын Салтыков-Щедриннің шығармаларын халыққа деген махаббаты үшін, революцияшыл идеямен ұштасқан реализмі үшін ерекше бағалады.

Чернышевскийдің Пушкин, Толстой, Островский туралы жазған мақалалары 60-жылдардағы әдебиет сынының тамаша үлгілері еді.

Чернышевский бастатқан революцияшыл демократтардың Абайға тигізген игілікті әсері Абай шығармаларының идеялық мазмұнын онан сайын тереңдетіп, өмірге сыншылдық көзқарасын онан сайын күшейтеді.

Чернышевский “Орыс әдебиетіндегі Гоголь дәуіріндегі очерктер” жайындағы мақаласында орыс әдебиетіндегі сыншыл реализм Гоголь шығармаларынан басталатынын айқындады. Чернышевский көркем өнердің мақсатын айта келіп, әдебиеттегі реализм идеясын тереңдете түсті.

Көркемөнер өмірді суреттеумен бірге өмір құбылыстарына өзінің үкімін айтуға тиісті. Чернышевский әдебиеттегі реализм идеясына революциялық мән берді. Әдебиет бұқара халықтың мүддесін қорғауға міндетті, әдебиет қоғам өмірінде белсенді әлеуметтік күш болу керектігін Чернышевский ерекше атайды. Крепостнойлық құрылысты сынап, әшкерелеуде ол кезде көркем әдебиетте Гогольге тең-

дес жазушы болмап еді. Сондықтан Чернышевский Гогольді ұлы жазушы деп бағалап, Гогольдің әдебиет мектебінің орыс әдебиеті тарихында алатын орнына үлкен мән берді.

Абай әлеуметтік тақырыпта жазылған өлеңдерінің Гоголь, Салтыков-Щедрин, Некрасовтармен үндес болып отыруы орыстың демократ жазушыларынан алған үлгі-өнеге еді.

Абай XIX ғасырдағы орыс әдебиетін өзіне зор мектеп еткенде сырттай еліктеуші емес, орыс әдебиетіндегі реалистік дәстүрді қазақ әдебиетіне творчестволық жолмен қабыстырушы болды.

* * *

Абайдың ұлылығы — өзінің өскен орта, туған елінен қол үзбей, қазақ халқының ғасырлар бойы жасаған рухани мәдениетін сын көзімен қарап, меңгере отырып, ұлы орыс халқының мәдениетін өзіне өнегелі мектеп етуінде. Сөйтіп, қазақтың ұлы ақыны болуында. Абай поэзиясы қазақ халқының ұлттық мақтанышы болды. Өйткені, Абайға дейінгі бір де бір ақын қазақ халқының өмірі мен тұрмысын жырлап бере алған жоқ.

Тек қана Абай өлеңдерінде қазақ өмірінің “тамыры соғатын”. Тек қана Абай өлеңдерінен қазақ өмірінің: қазақтың даласының табиғаты, қазақ өмірінің шындығы, қазақ халқының сезім-сыры, арман-тілегі, салт-санасы, ұлттық ерекшелік қасиеттері бар жағынан түгел көрініп, сезілетін. Мұндай ақындық дәрежеге XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінде ешбір ақын жеткен жоқ.

Абай тұстас Шортанбай, Мұрат сияқты жалған халықшыл ақындар “қазақ” деген ұғымның тар көлемінде, ұлттық шеңберде қалып қойды. Орыс халқының озық мәдениетінен ат тонын ала қашқан қазақ ақындары надандық қалыпта, ескілік құшағында қалды. Абай осылардың кертартпа кеселінен қазақ әдебиетін қорғап, олармен күресе отырып, ұлт мәдениетін өркендету — орыс мәдениетіне бастау деп білді.

Сол сияқты мұсылман шығысына табынып, қазақ әдебиетін бұрмалап, қазақ тілін бұзып, шағатай, татар-түрік тілдерімен қазақтың ана тілін ластаған Жүсіпбек қожа бастаған қазақ мәдениетін Меке, Мәдинеге бағыттамақ болған космополиттерге қарсы күресті Абай.

Осындай күрес үстіндегі іздену нәтижесінде Абайдың орыс мәдениетіне қолы жетті.

III Тарау

Абайдың әдебиеттегі дәстүрі

Абай өзінен бұрынғы, өзі замандас ақындардың бәрінен ерекше данышпан ақын болуымен бірге, XIX ғасырдағы орыстың классикалық әдебиетінен үлгі-өнеге алып, зор мектептен өткен білімді адам болды. Осы зор мектеп Абайдың ақындық, әлеуметтік қызметіне жөн сілтеп, жол сызып берді. Орыстың ұлы ақын-жазушыларының, орыс халқының патриот, адал ұлдарының еңбегі мен өнегесі Абайға үлгі болды.

“Халықтардың абақтысы” болған патшалы Россиядан, Абай ұлы орыс халқын айырып тани білді. Орыс халқы мен қазақ халқының келешек тағдыры бір екенін Абай жақсы түсінді.

“...Өткен тарихи жайды сипаттағанда царизмнің отаршылдық ролін ғана көрсетіп қоймау керек. Өз халқының тағдыры орыс мәдениетімен тығыз байланысты екенін ұққан, Қазақстанның бостандық алуы, революцияшыл-демократтық Россиясыз іске аспайтынын ұққан адамдарды көрсету керек.

Қазақстанда мұны жақсы түсінген адам Абай Құнанбаев болды”⁶⁰, — дейді А. А. Фадеев.

Абай қазақ халқын орыс мәдениетіне жеткізу, халықты ағарту мәселесі — өз заманының алдында тұрған ең келелі мәселе деп білді. Орыс мәдениетіне жету арқылы, ұлы орыс халқымен адал достыққа қолы жету арқылы қазақ халқы екі жақты қанаудың ауыр азабынан құтылып, қараңғылық түнегінен арылып, бақытты өмір табады деп сенді Абай. Сондықтан Абай әдебиетте ұстаған идеялық беті орыс мәдениеті болды. Қазақ халқын орыс мәдениетіне бастау үшін ұлы орыс халқының мәдениетін еліне үлгі ете отырып, орыс халқының және қазақ халқының жауы патша үкіметін әшкерелеуді басты міндет деп санады. Абай қазақ халқының орыс мәдениетіне жету жолындағы кесел

келтіретін феодалдық салт-санаға, ескі әдет-ғұрыпқа қарсы, мұсылман шығысының әсеріне қарсы күресті. Абай өткен заманды, өз заманын сынап, жақсылықты келешектен күтті. Халқының келешек бақытты өміріне сеніп, сол келешек үшін күресті.

Өз халқының тағдырын терең ойлаған дана ақын, халық мақсатына байланысты, заман тілегіне сай осындай келелі мәселелерді негіз еткен, қазақ әдебиетінің тарихында бірден бір әдеби мектептің атасы болды Абай.

“Гоголь өзінің данышпан жазушылығымен ғана емес, сонымен бірге — (әдеби — Қ. М.) мектептің — орыс әдебиетінде мақтан бола алатын бірден-бір мектептің атасы болуымен бағалы”⁶¹, — дейді Н. Г. Чернышевский.

Чернышевский орыс әдебиетіндегі сыншылдық бағытты негізді еткен, оны әлеумет өміріндегі зор күшке айналдырған Гоголь болды⁶², дейді. Гоголь орыс әдебиетінде классикалық реализмнің ілгері дамуына күшті әсер еткенін, орыс халқының қоғамдық озық ой-пікірін патшалы крепостнойлық құрылысты сынауға бағыттағанын Чернышевский аса жоғары бағалайды.

Абайдың ұстаған жолы да сыншыл реализм болды.

* * *

Абай бастаған сыншыл реализм бағыты әдебиеттің халықтық қасиетімен тығыз байланыста болды. Бұл жөнінде Абайдың өзіндік творчестволық ерекшелігі бар.

Ал қазақ әдебиетіндегі кертартпа романтизм өкілдері әдебиеттің халықтық болуын — ұлт ескілігінің бәрін қадір тұту деп білді. Халықтың өскен өмірдегі әдет-ғұрыпты, ескі дәстүрді халықтың жақсылық қасиеті деп, ескі өмірді, ескірген салт-сананы дәріптеп жырлады. Ескі өмірді мадақтап жырлап, күнделікті шындық өмірден қол үзді. Патриархалдық-рулық салтты дәріптеп, жаңалықтың бәріне қарсы болды. сөйтіп қоғамның ілгері дамуына қарсы шықты.

XIX ғасыр әдебиетіндегі кертартпа романтизм ағымының өкілдері нағыз ұлттық-демократтық әдебиетке қарсы болды.

Абай өз халқын шексіз сүйген патриот болды. Өз халқының тарихын терең түсініп, мәдени мұрасын жоғары бағалады. Бірақ, халқының өткен өмірін, қоғамдық ескі өмір мен ескі тұрмысын, салт-санасын мадақтап, ешбір қызықтаған емес.

Абай халықтық идеяны қазақтың өткендегі ескілігінен

емес, келешегінен іздеді. Абай әдебиеттегі халықтық идея еткен тарихи дәстүрмен емес, ілгері даму жолындағы озық ой-пікірмен байланысты болуы қажет деген ұғымда болды.

Абай әдебиеттің халықтық қасиетін оның әлеуметтік маңызында, халық арманын, халық бостандығын жырлауда, халықтың еркіндікке бой ұрған жігерін көрсетуде деп ұқты. Ақынның халықтық қасиеті оның әдебиетке әкелген жаңалығымен, әдебиетті ілгері дамытудағы тарихи еңбегімен, әлеуметтік өмірдегі озық идеяға жетекші болып, халықтың биік мақсатын терең түсінуімен бағаланады. Ақын халқының өмірі мен творчестволық күшін әрі терең, әрі жақын жырлауға тиісті. Ақын халқының өткен өмірдегі ерлік істерін, қайрат-жігерін, бостандық, еркіндік үшін күресін — тарихи тұрғыдан қарап, суреттеп бермек. Сөйтіп, ескі өмірдің тар тұсауынан еркіндікке ұмтылған халықтың қайратын көрсетіп, елдің езушілерді жеңіп, бостандыққа жететін сенімін жырлау — ақынның халықтық қасиетінің бір белгісі болуға керек.

Ақын өз шығармасының халыққа әсерлі көркемдігімен, халыққа жақын қарапайымдылығымен бағалануы керек.

Абайдың реализм идеясы, әдебиеттегі халықтық идеямен осылай тығыз байланыста болады.

* * *

Абайдың зор мектебінің бірі қазақ халқының рухани мәдениеті деген едік. Сол өз халқының рухани мәдениеті — халықтың ауыз әдебиеті Абай өлеңдерінің нәр алатын негізгі бір арнасы болады. Абай қазақтың халық творчествосын өзінің әдеби еңбегіне үлгі еткен, фольклорды творчестволық жолмен меңгеруді үйретеді.

Біз Абай поэзиясынан ауыз әдебиетінің дәстүрін, оның түрлі көркемдік әдістерін қайталауды, не болмаса сөздегі дайын образдарды өзгертпей, үлгі етіп алуды кездестірмейміз.

Абай ауыз әдебиетінің жақсылық қасиеттерін бағалай отырып, оның идеялық мазмұнын тереңдетіп, көркемдік жағын жазба әдебиетінің дәрежесіне жеткізіп меңгере білген. Сондықтан Абай поэзиясы өз халқының халық творчествосына тамыр жайып, одан нәр алып, өзінше гүлденіп өседі.

Ақын ауыз әдебиетіне сын көзімен, өз заманының озық идеясының тұрғысынан қарайды. Бұл жөнде де Абай әлеуметтік тұрғыдан қараған ағартушы.

Фольклордағы үстем тап мақсатынан туған жат идеяларды Абай аяусыз әшкерелеп отырады.

Халық әдебиетінің бір бай саласы — терең ой, түйінді пікірге негізделген мақал-мәтелдер, қазақ халқының өткен өмірінде мақал-мәтелдің алатын орны ерекше зор болған, мақалдап-мәтелдеп сөйлемейтін қазақ жоқ деуге болады. Ерте күнде сол мақал-мәтелдің қортындысына тоқтамайтын да қазақ болмаған десек болады.

Мақалдың түйіндеп қорытып айтқан шешімі мен кесімі — ел салтында кесіп, пішіп айтып қойған билік сияқты болады. “Атам қазақтың айтқан мақалы бар емес пе” деп мақалға тоқтамайтын қазақ болмаған.

Абайға дейін сол мақал-мәтелдің сырына қанып сынайтын қазақ та болмаған. Мұрат, Шортанбай сияқты ақындардың ой-пікірінің көбі өздерінің идеясына сай ескі мақал-мәтелдермен қабысатын болады. Олар ескі мұраны әсіресе феодалдық-рулық салтты дәріптейтін мақал-мәтелдерді өздерінің ой-пікірінің қазығы еткен.

Абай да қазақтың мақал-мәтелдерін жақсы бағалап, мақал-мәтелден көп үлгі-өнеге алады. Аз сөзбен түйінді, терең пікір айту, айтатын ойды тұжырымды, жинақы етіп айту, сөзді орынды, ұтымды етіп қолдану сияқты мақалдың жақсы қасиеттерін Абай өзінің ақындық өнеріне үлгі етеді. Сонымен қатар Абай мақал-мәтелдің бәрін бірдей талғаусыз қабылдай бермейді. Оның таптық сырын ашып, терең зерттеп, сын көзімен қарайды. Ертеден ел санасына сіңіп қалған ескі ұғымдардың сырын ашып әшкерелейді. Үстем таптың құралы болған, халық мақсатынан аулақ зиянды мақалдардан сақтандырады.

“Біздің қазақтың мақалдарының көбінің іске татырлығы да бар, іске татымақ түгіл, не құдайшылыққа, не адамшылыққа жарамайтыны да бар. Әуелі: “Жарлы болсаң, арлы болма” дейді. Ардан кеткен соң, тірі болып жүргені құрысын. Егер онысы жалға жүргенде, жаныңды қинап, еңбекпенен мал тап деген сөз болса, ол ар кететұғын іс емес, тыныш жатып, көзін сатып, біреуден тіленбей, жанын қарманып, адал еңбекпен мал іздемек: ол арлы адамның ісі.”

“Қалауын тапса, қар жауады”, “Сұрауын тапсаң, адам баласының бермейтіні жоқ” деген ең барып тұрған құдай ұрған сөз осы. Сұрауын табамын, қалауын табамын деп жүріп, қорлықпенен өмір өткізгенше, малды не жерден сұрау керек, не аққан терден сұрау керек қой.

“Атың шықпаса, жер өрте” дейді. Жер өртеп шығарған атыңның несі мұрат...^{63/}, — дейді Абай.

Абай халық творчествосына көңіл бөлуде Пушкинмен аса жақындасады.

“Пушкин орыстың халық творчествосына бірінші көңіл

бөлген жазушы еді. Пушкин халық творчествосын әдебиет мұрасына қосты, мемлекет идеясына жағымсыз творчествоның “халықтық” идеясының орда маңының көлгір ақындарындай бұрмаламады, — дейді Горький.

Фольклорды терең түсініп, жоғары бағалаумен бірге ауыз әдебиетіндегі халықтық қасиетті айқындап, таптық сырды ашуда Пушкин мен Абай бір пікірлес.

Мақал жөнінде Пушкин:

“Кнут не архангель, души не вынет, а правду скажет” деген мақал туралы: “Анология пытки, пословица палача” дейді, не болмаса: “Бог даст день, бог даст и пищи. — Этой пословицей бедняк утешал однажды голодную жену. — Да, отвечала она, — пищи, пищи, да с голоду умри”⁶⁴ дейді.

М. Горький мақалдың халықтық жақсылық жақтарын айта келіп: “Шынында да мақал мен мәтелдер, халықтың ой-өрісін жақсы көрсетеді”, — дейді. Сонымен бірге: “Шаруаның ой-өрісін мемлекет шіркеуінің шіркеушілері және олардан бөлінген сектанттар билеп, олар тәрбиелеп келеді. Шаруа ертеден даяр өсиетке сүйеніп, ой ойлауға үйретілген, мақал мен мәтелдің көпшілігі шіркеушілер үйреткен даяр өсиеттер. “Күшті қолды тергейтін құдайдың өзі”, “Қайғы-қасыретті ойласаң құдайды ұмытпайсың”, “Сен құдайға жалбарын, өзің ойлап талғауды қоя тұр”, “Ақырын жүрсең, алысқа барасың”, “Өзіңе тән емес шанаға отырма”. Осы сияқты жүздеген мақалдар бар, өлер Иоан Златоуст, Ефрим Сирий, Кирилл Ерусалимский сияқты “шіркеу тақсырларының” өсиеті екенін көресіз”⁶⁵, — дейді.

Әдебиеттегі халықтық идеяны аса жоғары бағалап, халық творчествосына сын көзімен қарап, таптық жат идеяны әшкерелеп өнеге көрсетуде Абайдың ағартушылық еңбегі, ұстаздық бейнесі айқын көріне түседі.

Бұл жөнде де Абайдың орыс әдебиетінің данышпан жазушыларымен, революцияшыл демократтарымен ой-пікірде жақын келіп, үнемі табысып отыратынын көреміз.

Халық творчествосында жат идеялардың таптық сырын ашу арқылы жалған халықшыл ақындарды да әшкерелейді. Бұл ақындар фольклорды тек сыртқы өлеңдік түр жағынан ғана пайдаланып, хан-сұлтандардың мақсатын жыр еткенін Мұхтар Әуезов дұрыс көрсеткен⁶⁶.

“Шортанбай, Дулат пенен Бұхар жырау,
Созінің бірі жамау, бірі — құрау.

Әттең дүние-ай, сөз таныр кісі болса,
Кемшілігі әр жерде көрініп тұр-ау ”67”

деп бұл сияқты ақындардың өлең-жырларының халық мақсатынан аулақ, өмір шындығынан алыс, идеялық-мазмұнының кертартпа ескішіл, көркемдік түр жағынан дәрменсіздігін әшкерелейді.

Қазақтың халық творчествосына тамырын терең жайып, нәр алып, орыстың ХІХ ғасырдағы классикалық әдебиетінен өнеге алып өскен Абай поэзиясы – ақындықтың теңдесі жоқ үлгісі, қазақ даласындағы бірден бір мектебі болды.

Данышпан ақын, ұлы ұстаз: “Сөз түзелді, тыңдаушым, сен де түзел!” деп қуатты үнмен, жаңа лебізбен қазақ әдебиетін жаңа бағытқа бастады.

IV Тарау

Абайдың төңірегіндегі ақындар

Өз заманында Абайды білген атақты ақын, әйгілі әнші, күйші — қазақ өнерпаздарының қамқоры, әділ сыншысы, жөн сілтейтін дана — аға ақын санаған. Абайдың асыл сөзін тұңғыш қазақ даласына жаюшылар да сол ақын, әншілер еді. Атақты Біржан сал, әрі әнші, әрі ақын Әсет, әнші Мұқа, Мұқаметжан, Әлмағамбет, Естайлар, ақын Ажар, Кемпірбай, Қуандық, Зейнептер — Абайдың ардақты атын, асыл сөзін халыққа жайды. Абайдың ақын аты, осындай Абайды ардақтаушы — қазақтың өнер иесі талантты ақын, әншілері арқылы елге тарайды. Сөйтіп, Абай өлеңдері, әндері кітап болып басылмай тұрып-ақ ақынның тірісінде халқына әйгілі бола бастаған.

Халықтың әдемі ән, әсерлі күй, асыл сөзінің терең сырына қанып, жоғары бағалаушы Абайдың алдына келіп ақыл алып қайтуды, үлгі-өнеге үйренуді әрбір өнер иелері аңсаған. Жоғарыда аты аталған және басқа толып жатқан ақындар Абайды алыстан іздеп келіп, айлап жатып өз өнерлері жөнінде сын естіп, насихат, ақыл алып кетіп жүрген. Осы ретпен Біржан сал айлап Абай аулында жатып ән салған. Әсет, Мұқалар, Әлмағамбеттер Абай ауылының адамы болып кеткен. Ақын әйел Қуандық өмір бойы Абаймен қарым-қатынасын үзбей өткен.

Осындай белгілі ақындардың Абай алдына келіп өзінен, не алыста жатып асыл сөзінің кәусар бұлағынан қанбаған, Абайды ұстаз етпегені жоқ деуге болады. Онан соңғы дәуірдегі ақын-жазушылардың қай-қайсысына болсын Абайдың ақындық жөнінен әсері тимеген қазақ ақындары болмаған.

* * *

Біз Абайдың ақындық мектебін сөз қылғанда үнемі Абай маңында болып, өзінің тәрбие көріп, ақындық жөнінен өнеге алған шәкірттерін айтпақшымыз.

Абай шын мағынасындағы ұстаз. Өнерді өнеге үшін деп түсінген Абайдың сенгені жас ұрпақ болады. Халық ағартушысы Абайдың көп өлеңдері жастарды өнерге, білімге шақыруға арналған. Өнер-білім алудағы мақсат мансап емес, шен алып, шекпен кию емес, адал азамат болып, халыққа қызмет ету екенін Абай үнемі жастардың көңіліне тоқыды. Бұл жөнде Абай құрғақ үгітші емес, кәдімгі ұстаз болған. Жастарды тәрбиелеп, оларға өмірдегі адамшылық мақсатты ұқтырып, сол жөнінде ақыл айтуға арналған өмір кезеңдерін Абай өзінің ең қымбатты, ең мағыналы уақытым деп есептеген. Абай алдынан тәрбие алып өскен өнер иелері Абайды сол ерте кездің өзінде “ұстаз” деп санап, өздерін “шәкірт” деп есептеген.

Балалары Әбдірахман, Мағауия, қызы Күлбаданды қалаға орысша оқуға аттандырған Абай, қалаға оқуға бара алмай ауылда қалған жастарды да ұмытпайды. Оларды жинап алып өнерге бейімдері болса көмектесіп, баулып отырады.

“Ақырын жүріп, анық бас,
Еңбегің кетпес далаға,
Ұстаздық қылған жалықпас,
Үйретуден балаға”⁶⁸, —

деген Абай өлеңінен жас ұрпаққа, келешекке сенген ақынның көңіл-күйі, жүрегі білінеді.

Абай ауылдағы діни медреседе оқып жүрген балалардың тәрбиесін дүмше молдалардың қолына беріп қоя бермейді. Ол кезде ауыл медресесі үшін діннің бас қатыратын жат тілді ұғымсыз кітаптарынан басқа оқу құралы болмағандықтан, тәлім-тәрбие беретін өнегелі сөздер, ақыл беретін насихаттар жазып берген.

Сол ауыл медресесінде оқыған, Абайдың қолында тәрбиеленіп өскен немере қызы (Мағауияның қызы) Уәсилә:

“Әкем балаларды жеті, сегізге шығарында оқуға беретін, еркек балаларымен қабат қыздарын да оқытатын. Мен де сегіз жасқа шығарымда оқыдым. Ол кезде молда балаларға дін оқуын оқытатын, қазақ тілінде кітап жоқ болатын. Сондықтан бабалардың ойы, дүние тануы кемсін болады деп әкем көп айтып жүрді. Әлі есімде, бір күні біздің оқып отырған үйімізге әкем келді. Әдеттегідей бәріміз орнымыздан тұрдық. Әкем айнала қарады да, отырындар деді. Біз отырып жайланған соң, молдаға қарап: “балаларға мына бір кітап әкелдім, осыны көшіріп көбейтіп, бала басына бірден таратып бер. Бүгіннен бастап осы кітапты қоса оқыт,

— деді. Біз қуанып кеттік, әкем үйден шыққан соң, молда әлгі кітапты алды да, бас жағын оқыды, кітап қолжазба екен. Біз сол кітапты көшіріп алып оқи бастадық. Басқа кітаптарға көп көңіл бөлмейтін болдық. Өйткені бұл жаңа кітаптың тілі ұғымды, сөзі түсінікті, ыңғай ақыл айтып отыратын жақсы кітап болды. Кейіннен байқасам, сол кітап әкемнің “Ғақлия” атты қара сөзбен жазылған кітабы екен. Біздің молдадан бұл кітапты естіген басқа молдалар да келіп көшіріп алып, өз шәкірттеріне оқытып жүрді⁶⁹, — дейді.

* * *

Абай айналасына ел ішінің “көкірегі сезімді, тілі орамды” талапты жастары да жинала бастайды. Олар Абайдың өсиетін тыңдап, өнерге ұмтылған саналы шәкірт болады. “...Абайдың білімі мен өсиетіне құмар болған, ел ішінің көзі ашық жастарына Абайдың ауылы үлкен білгіштің медресесі сияқты болады. Абай ұстаз да, мұның алдына келген сөз ұғатын ынталы, талапты жастардың бәрі шәкірт”⁷⁰.

Сол шәкірттерінің бірі болған Абайдың немере інісі Кәкітай:

“Абайдың насихатын көп тыңдап, қасында болған жігіттер өзгелерден бір түрлі, медреседен оқыған ғылым жолындағы кісі сықылды, әр нәрсенің жөнін біліп, жаман-жақсыны көп айырып, надандықтан шығып қалушы еді”⁷¹, — дейді.

Сөйтіп, Абай алды үлкен мектепке айналады. “... Шәкіртсіз ғалым тұл” деген қорытындыға келген Абай тұл ғалым болған жоқ. Абай алды ақындықтың үлгілі мектебі болса, Абай ауылы қазақ даласындағы өз тұсындағы мәдениет ордасы болды десек, артық айтылмаған болар. Абай өз ауылында ғана емес, Семейге келсе де оның қаладағы оқып жүрген шәкірттері жиналып, ұстаздың мәжілісін сағынып отыратын болған.

Өз балаларынан: Ақылбай, Мағауия, немере інісі Кәкітай, досы Мұқа, Әсет, Әлмағамбет, Мұқаметжан, Әріп, Имамбазар, Баймағамбет, т.б. үнемі Абай алдынан табылатын, Абай өсиетін жаттап, өнегесін үлгі еткен шәкірттер болады. Бұлардан басқа “... ертекіші, құсбегі, домбырашы, әнші, не болмаса тоғызқұмалақ, дойбы ойнағыш ойыншылар...”⁷². Абай ауылынан үнемі үзілмейді.

Осындай өнерге бейім, сөз ұғар деген адамдарға Абай есігі үнемі ашық болған. Абайдың мақсаты мол байлыққа мастанып, думан, сауық құру емес:

“Мақсатым тіл ұстартып, өнер шашпақ,
Наданның козін қойып, көңілін ашпақ,
Үлгі алсын деймін ойлы жас жігіттер,
Думан, сауық ойда жоқ әуел баста-ақ”⁷³ —

дейді.

Абай сөйтіп надан елдің көңілін ашып, сана-сезімін оятып, өнер-білімге бастап, мәдениетке шақырып сергітетін өнеге ордасын құрады. Өзінен үлгі алған, ойлы жас жігіттер арқылы еліне “өнер шашпақ”, сөйтіп, “наданның көңілін ашпақ” Абайдың негізгі программасы еді.

* * *

Абай әуелі қазақ халқының рухани мәдениетін дұрыс бағалап, дұрыс түсінуді шәкірттеріне өсиет етеді. Абай алдынан жаңа мазмұн тауып, заман тілегіне сай идеяда кең өріс алып байыған қазақтың ауыз әдебиетінің бір түрі — ертегі. Абай білмейтін қазақтың ертегілері болмағандығы ертегіні кім айтса да, жалықпай тыңдап, соңынан қисығын түзеп, баға беріп отыратындығын Абай достары естеліктерінде үнемі айтады.

Қазақ әдебиетінде Абайдан бұрын ертегіні ермек емес, өнеге деп бағалай білген, ол туралы түйінді пікір айтқан ақын да болмаған.

“Қазақтың ескі ертегісінен, бұрын қай жерлерде жүргені: көршілес, күндес елдері қай жұрттар екені, діні, білімі қандайлық кезде шығарғаны, елдің ескі салты, арманы, кәсіп-қаракеті не екені көрінеді”⁷⁴, — дейді Абай.

Абай өз халқының тарихын, мәдениет тарихын терең білумен бірге, оны өз заманының тұрғысынан қарап бағалап, келешекке жөн сілтеген дана ұстаз.

М. Горький былай дейді:

“Халықтың тарихын және оның әлеуметтік саясат ойының ағымын білу өте қажетті, міндетті нәрсе. Оқымыстылар мәдениет тарихын зерттеушілер, этнографтар — халықтың ойының ағымы әңгімелерде, ертегілерде (бұл сөздердің астын сызған біз. — Қ. М.) мақалдарда және мәтелдерде айқын көрінеді”, — дейді.⁷⁵

Абайдың ертегі жөніндегі, жалпы халық творчествосына көзқарасы ғылыми биік дәрежеде болғанын көреміз. Абайдың бір досы, белгілі ертекіші Баймағамбет болады. Баймағамбет қазақ ертегілерін аса көп білетін, аса ұғымтал, өте зерек, қысқасы ертекі айтуды өнер санап, профессия еткен адам болады. Сондықтан Баймағамбет Абайдың ең бір сүйікті адамы, өмір бойы қасынан тастамаған досының бірі болған.

Баймағамбет ертеке айтқанда әңгіменің күйіне әбден беріліп, баяндап отырған оқиғасының сарынына салынып айтатын соншама шебер ертекеші екен. Әңгімедегі кейіпкерлерінің терең сезіміне бойлап, сыр-сипатына дейін бейнелеп, қуаныш-күйінішіне түсіп, бар ынта-жігерімен беріліп айтады екен. Түрлі кейіпкердің бет құбылысын, дене қозғалысын көрсете отырып, дауыс толқынына дейін жеткізетін болады.

Сондықтан Баймағамбеттің ертегісі кімді де болса құмарландырып, кімнің болса да көңіліне қонып, күшті әсер ететін болған. Бұл жағынан қарағанда Баймағамбетті халық өнерпазы деуге болады. Абай осы Баймағамбетті өмір бойы өз қолында тәрбиелеген. Оған сан алуан әңгіме айтып беріп, ол Абайдан естіген әңгімесін елге жаяды. Адамға білгенін үйретуден ешбір жалығуды білмеген Абай, қаншама ұзақ әңгімені, оқыған романдарының оқиғасын айтып беріп, соңынан Баймағамбетке қайта айтқызып, қате ұққан жері болса түзеп беріп, соңынан барып, елге айтуға рұқсат ететін болған. Сонымен Абай ертегінің де адымын алысқа салады. Қазақ ертегісіне әкеп Шығыс жұртының әлемге әйгілі “Мың бір түн”, “Үрістем дастан” сияқты әңгімелерін қосады. Абай өз достарын дәмдіден-дәмдіге бастап, орыс мәдениетін еліне таратудың, өнеге студің бір жолы — осы ертегі деп білген. “Орыстың әңгімелі кітаптарын да көп оқып, көп айтып, елді романдармен таныстырғандығынан біздің ел “Мың бір түннен” жалығып, романның қызығын күштірек көріп, соған әуестеніңкіреп кетті”,⁷⁶ — дейді бір досы.

Абай арқылы Баймағамбеттің құлағына сіңіп, елге тараған шығыс, батыс, орыс елінің әңгімелері толып жатыр. Соның ішінде Александр Дюманың “Үш мүшкетер”, “Король әйел Марго”, “Он жылдан соңғы”, Лесаждың “Ақсақ шайтан” сияқты романдары, Америка, Африкадағы жабайылар, “Жаһангездер” жайындағы әңгіме, аңыздар, орта ғасырдағы инквизиция жайындағы, т.б. толып жатқан әңгіме, романдар болады. Бұл жөнінде Абайдың ерекше мән беріп өзі әрі аударып, әрі ауызша таратуға көңіл бөлгені орыс мәдениетінің үлгілері болған. Орыс халқының Ұлы Петр туралы әңгімелері, Пушкиннің “Евгений Онегин” романы, “Дубровский” әңгімесі, Лермонтовтың “Вадим” әңгімесі, тағы басқа толып жатқан ұзақ әңгіме, дастан, аңыз, романдар Баймағамбеттің айтуымен қазақ халқының байырғы ертегілеріндей болып, қазақ даласына жайылады.

Қазақ ертегісін байыту арқылы да Абай шәкірттеріне үлгі-өнеге беріп, өнер-білімге, орыс мәдениетіне жол аша-

ды. Бұл жөнде де елінің мәдениетін, ақыл, ой-санасын өсіру жолында Абайдың еткен еңбегі тізіп аттарын атап өткен орыс елінің әңгіме, романдарынан көрінсе керек.

Абайдың елге таратқан әңгімелеріндегі негізгі тұлғалар: орыстың ұлы адамы, елінің қамын ойлаған, отанының өнерлі, білімді, мәдениетті, іргелі мемлекет болуы үшін күрескен қайраткер І Петр, жауыздыққа қарсы күрескен, ары үшін басын байлаған Дубровский сияқты, ер, кіршіксіз таза махаббаттың жолында құрбан болған дүнияға белгілі Ләйлі мен Мәжүн, батыр Үрістем, орыс жазушылары романдарының әлеуметтік кертартпа құрылысқа қарсы күрескен, өршіл, бас имейтін жігерлі адамдары болады.

* * *

Абай шәкірттеріне адамгершілік жайында, оқу, білім туралы ақыл, өсиет айтып отырумен бірге, эстетикалық тәрбиеге ерекше көңіл бөлгенін көреміз. Бұл жөнінде қазақ ауыз әдебиетінен бастап орыстың классикалық әдебиетін үлгі еткенін айттық. Абай оған да қанағаттанбайды.

“Абай жалғыз өз өсиетіне қанағат қылмай, жаңағы жастардың сезім тәрбиесін толықтырмақ болып, 1889 жылы көбінесе музыка үйретпекші болады. Сол мақсатпен Кәкен еліндегі Мұқа деген скрипкашыны аулына алғызады, тағы да сол жылы Әсет деген ақынды да сақтайды”, – дейді Мұхтар Әуезов.

Сөйтіп Абайдан тәрбие алған шәкірттерінің бір тобы әуез (музыка) өнерін ұстағандар болады.

Әуез өнерінің нәзік сырын терең ұға білген композитор – Абай осы өнерге бейімі бар жастарды үйретуге де өзгеше көңіл бөліп, қатты зер салады. Ең алдымен, Абайдың алдына мұндай таланттылар тобы жиналуына негізгі себеп – өзінің композиторлығы. Абайдың өлеңдерінің баспасөзсіз-ақ халыққа тез тарап кетуінің де негізгі себебінің бірі Абайдың осы қасиетіне байланысты. Абайдың “Құлақтан кіріп бойды алар, көңілге түрлі ой салатын, көңіл құсын шартарапқа шарықтататын” ақын жүрегінен қайнап шыққан терең сырлы әсем әндерін, Татьянаның махаббаты жүрегінің мұңды күйін скрипкамен Мұқа, домбырамен Әлмағамбет, Мұқаметжандар әндете күнірентсе, домбырадан домбыра, әншіден әнші қағып алып, кең далада қалықтатты.

Абайдың аты мен асыл сөзі осы музыкант, әнші шәкірттері арқылы Абайдың өз әнінің арқасында бүкіл қазақ даласына кең тарай бастайды.

Сонымен бірге Абайдың негізгі көксеген арманы – орыс

халқымен қазақ халқының үні қосылып, достық жүрегі табысқандай болады. Абайдың аудармасы арқылы, шығарған әні арқылы Пушкин мен Лермонтовтың, Салтыков-Щедрин мен Толстойдың, Крыловтың аттары ел аузында Абай атымен бірге зор құрметпен аталып, қазақ халқына белгілі, сүйікті бола бастайды. Абай бұл жөнде талапты шәкірттеріне ғана өнеге беріп қоймай, ел жүрегін оятқандай болады. Абай “Халқым, мен сендерді осындай ұлы адамдарды тудырған халықпен достыққа – ұлы орыс халқымен достыққа шақырам”, – деп жар салғандай болады.

Абайдың маңына халықтан шыққан таланттар топталады. Әлмағамбет әнші – Тобықты тоғалақ руынан (1870–1931). Әлмағамбет кедейдің баласы болады. Әркімнің малын бағып жүреді. Ақырында Абай қолына келіп тұрады. Мұқадан скрипка, гармон үйреніп, домбырашы, талантты әнші болады. Абайдың өз балалары Ақылбай, Әбдірахмандар да музыка өнерін үйренеді.

Абайдың домбырашы, әнші шәкірттерінің бірі Мұқаметжан Майбасарұлы Абайдың немере інісі болған. Бұл алғашқы кезде қасына топ жиып, өз алдына салдық құрып, ел аралап жүреді. Кейіннен Абай шәкірттерінің тобына қосылып тәлім-тәрбие алып, талантты шәкірттерінің бірі болған. Абай шәкірттерінің бәрін де музыка өнерінде тәрбие беруге көп көңіл бөледі. Әлмағамбетті сол кездегі Семейдің белгілі скрипачы Яков дегенге әдейі қалаға жіберіп оқытады. Бұлар орыс халқының музыкасын үйренеді.

Скрипкашы Мұқаны Абай Семейге барған сайын қасынан қалдырмай, орыс музыкасын үйретеді. Мұқа бір естігенін қолма-қол тартып беретін зерек болады. Сондықтан Абай оны жанына ақша салып беріп, Семейде ұзақ уақыт жатып, белгілі музыкалардан жаңа әндер, күйлер үйреніп қайтуға үнемі жіберіп отырады. Кейіннен Семей қаласында “Халық үйінде” (Народный дом) көп өнерпаздарды жиып, арнаулы кеш өткізіліп, өнер салыстырғанда Абай шәкірттерінен Мұқа, Әлмағамбеттер қатысады. Әуез өнерінен, ән-күйден бірінші орынды Мұқа алады. Ақырында осы Мұқаны музыка өнерінің мәдениетіне әбден жетілдіру үшін Москваға оқуға жібермек те болады. Киім-кешегін, барлық жол-жабдығын даярлатып қойғанда ел ішінің кезекті тағы бір шаруасы кездесіп, Мұқаны жіберуге мүмкіндік болмай қалады.

Біз Абайдың бұл шәкірттерінің жайын жалпы айтқанымыз болмаса, талдап айта алмаймыз. Бұлардың әрқайсысының шығарған ән-күйлері де болған. Олардың кейбіреулері ел ортасында айтылып жүр. Нотаға түспегендіктен

және бұл жайды зерттеуге өз маманы керек болғандықтан ән, күйдің аттарын атап беруді қажет деп таппадық. Бұл арада бір айта кететін Әбіш (Әбдірахман) жайы (1868–1895). “Талап тұлпарына мініп, шың қияға өрлеген”, аз жасап, көп біліп, көпті көрген, Абайдың зор үміт күткен ақылды баласы – Әбіш Петербургтегі оқуынан жазғы демалысқа үйіне қайтқанда Абай шәкірттеріне ғылым, мәдениет жөнінен үлкен үлгі болады. Өзінің көріп, білгендерін елге жайып, өнер-ғылым жайынан Абай шәкірттеріне, тіпті әкесі Абайға да көп ой салады. Сонымен қатар Әбіш шебер скрипкашы, нотаны жақсы білетін болады. Абай еліне орыс музыкаларының көпшілігі осы Әбіш арқылы келуі керек.

“Он саусақ бірі басып, бірі қаға,
Сорлы ғой какпа күйге жүрттан баға.
Бекітіп скрипканың смичогін,
Мен соқтым “Дунайская волнаға”⁷⁷, --

дейді Мұқа. Осының өзінен Абайдың әнші, күйші шәкірттерінің орыстың музыка мәдениетіне жақын таныс болғанын көреміз.

Абайдың бұл әнші, күйші шәкірттері тек ән, күй ғана емес, оның кейбіреулерінде ақындық өнер де болған. Бұл жөнде Мұқа, Мұқамеджандарды айтуға болады.

Сонымен қатар Мұқа, Мұқаметжан, Әлмағамбеттердің тағы бір өзгешелігі әнмен, өзіне лайық сарынмен Абай өлеңдерін, Абайдың ақын шәкірттерінің шығарған дастандарын түгелдей, халық дастандарын, жырларын тамаша орындаушылар болған. Абайдың, оның маңындағы ақындар тудырған шығармалардың ұмытылып кетпей бізге жетуіне себепкер болушылар – елге көп таратқан осы әншілер тобы.

Бұлардың дастандарды орындауында да бір өзгешелік өнері болады. Бұл жөнінде мысал үшін әрі әнші, жыршы, Топай руынан Бейсембай Жәнібекұлын айтуға болады. Бейсембайдың айтуы бойынша деп баспаға шығып жүрген “Қозы Көрпеш – Баян сұлу” дастанын айтатын Бейсембай да осы адам. Негізінде бұл кісі әнші, ұзақ әңгіме-өлең айтатын жыршы болған. Бейсембай айтып жүрген “Қозы Көрпеш – Баян сұлудың” көп кемшілігін көрген соң, Абай толықтырып түзетуді тапсырады. Артынан Ақылбай толықтырып, түзеп Бейсембай айтып жүретін болады. Бейсембайдың айтуы елге мейлінше қызықты, соншама әсерлі болған. Ол “Қозы Көрпеш–Баянды” айтқанда дастанның ішіндегі әрбір адамның өзіне, мінез-құлқына лайықталған әнмен айтады екен. Бейсембай он жеті түрлі әнмен айтушы еді деседі.

Міне, Абайдың әржақтылығын, халық ортасында қандай зор мәдениет ордасы болғандығын көрсететін бір беті осы айтылған әнші, күйші, әуез өнерін қуған шәкірттер тобы болады. Бейсембайдың “Қозы Көрпеш – Баян сұлу” дастанын ел алдында орындау түрі – біздің көз алдымызға қазіргі тыңдап жүрген операмыздың талай белгілерін елестетсе керек.

* * *

Абай әуез өнерін дәріптеп шәкірттерін дәмдіден дәмдіге талпынтып өнерін өрістетумен бірге, музыка аспаптарының түр-түрінің ел арасына тарауына көп көңіл бөледі. Абай айналасында қазақтың атам заманынан бергі музыка аспаптарын шебер ойнаушылардың бәрі де болған. Жоғарыда аты аталғандардан басқа, Құнанбай өлім жазасына тартқан Қодардың тұқымы, Қияспай сияқты атақты сыбызғышы да болады.

Сонымен бірге Абай шәкірттері өнердің барлық түріне талаптанады. Қол өнерін үйретуден де құр қалмайды. Абай шәкірттері домбырадан бастап, скрипкаға дейін өздері жасайтын болады. Қару-жарақ, ойын-сауық құралдары, тағы басқа өмірге керекті заттардың бәріне де жаңа түр туғызып, жасап шығаратын болады. Әнші Әлмағамбетке Абай жаңа түрмен етік тігуді, ауылында жатқан Кавказ елінің адамдарынан Сағындық деген адамға зергерлік өнерін үйреттіреді. Сол Сағындықтың қолынан шыққан әшекейлі ер-тұрман (кавказдаған дейді), белдік сияқты заттар елге тарап кеткен.

Абай өзінің мәдени ордасынан өнердің сан алуан түрін елге өнеге етіп таратып, өнерге, еңбекке талпынуға бағыт береді. Мал баққан басқа өнерден құр қалып бара жатқан қазақтың өміріне қайғыра қараған кеменгер: “Егер де мал керек болса, қолөнер үйренбек керек. Мал жұтайды, өнер жұтамайды. Алдау қоспай, адал еңбегін сатқан қол өнерлі қазақтың әулиесі сол”⁷⁸, – дейді Абай. Дойбы, тоғызқұмалақ сияқты ақыл, ой керек ететін ойындарды елге үлгі етіп таратады. Ел ортасына алғаш шахмат ойынын жайды.

Абай ағартушы ақын ұстаз бола тұрып, сонымен қатар қазақ өмірін жаңғыртуға әсер етеді-ау деген өз қолынан келген нәрсенің қайсысынан болса да өнеге көрсетпек болған.

* * *

Абайдың әнші, музыкант шәкірттері өздерінен бұрынғы және өз тұстарындағы Абай өнегесін көрмеген әншілерден ерекше болған. Бұлар ең алдымен Абайдың көркем-

өнер туралы эстетикасын берік ұстап, өз өнерлеріне терең қарап, әлеуметтік мән берген. Өз өнерлерін халыққа адал қызмет істеуге арнайды. Абайдың:

“Құлақтан кіріп бойды алар,
Әсем ән мен тәтті күй,
Көңілге түрлі ой салар,
Әнді сүйсең менше сүй”⁷⁹, —

деген өсиетін өнеге ете білген бұл әншілер өз өнерлерін ұстазы Абайша сүйе білді. Бұлардың әні, өнері — “жүрек тербеп оятар баста мыйды”⁸⁰ деген Абай талабына сай келді. Халқының “жабырқаған көңілін көтеріп бойын сергітіп, ойын өрістетіп, жаңа лебізбен жаңалыққа бой ұрғызуға арнайды. Абайдың бұл шәкірттері әнді ойын-сауықтың ғана ермегі емес, жаңа өмірге, жарық дүниеге бастайтын идеяның қанаты деп ұқты. “Жаманға “жар” деген-ақ ән көрінер”⁸¹ деп Абай үкім айтқан, әннің қадірін кетіретін ұғымнан әнді құтқарып, қанаттандырды. Әнді зор өнер, халықты ағартудың, мәдениетке бастаудың үлкен құралы етті.

“Сый дәметпе, берсе алма еш адамнан,
Нең кетеді жақсы өлең сөз айтқаннан.
Сүйерлік адамды сүй, қызмет қыл,
Аулақ бол әнін сатып нәрсе алғаннан”⁸², —

деген Абай өсиетін әнші шәкірттері бұлжытпай орындады.

Сөйтіп, ән де өзінің көркемөнерлік биік бағасын алды, Абайдай ақынның асыл сөзімен нәр алып, халқына өз заманындағы озық идеяны жаюшы болды.

Абай әнші шәкірттерінің бәрі де өз заманында, өз ортасындағы мәдениетті адамдар болды. Бұлардың ерекшелігі Абай өлеңдерін, Абай аударған Пушкин, Лермонтов, Крылов өлеңдерін, Абайдың ақын шәкірттерінің дастандарын ешбір өзгертпей, түпкі нұсқасынан бұлжытпай халыққа тарататын еді. Оларға қоятын Абай талабы да солай болатын. Әнші шәкірттері: Мұқа Әділханов (1857–1927), әрі әнші, әрі үлкен ақын Әсет Найманбаев (1864–1923), Бейсембай Жәнібеков (1858–1917), Әлмағамбет Сексембаев (1869–1930), Мұқаметжан Майбасаров (1852–1917) түгелдей хат танитын сауатты адамдар болған. Сондықтан Абай өлеңдерін әуелі қағазға көшіріп жаттап, аса ұқыптылықпен өзгертпей айтатын болады.

Осы тамаша талантты әнші шәкірттері Абайдың тірі

кезінде-ақ ұстазының идеясын бүкіл қазақ даласына жайып, Абайдың, Пушкиннің, Лермонтовтың, Крыловтың аттарын бүкіл қазақ халқына әйгілі етті. Бұл күнде 1903 жылы “Россия. Полное геогр. описание нашего отечества” кітабында жазылды”⁸³. Бұл жай революциядан бұрын орыс адамдарына да мәлім болғанын көреміз⁸⁴.

Абайдың әндерін түгелдей халыққа жайып, бізге жеткізіп кеткендер де Абайдың осы әнші шәкірттері.

Абайдың басқа ақын шәкірттері де ұстазының еңбегін халыққа таратушылар болған, олар да түгелдей музыка өнерінен хабардар әнші болғандар. Бірақ олар негізінен ақын болған, өз творчествосының да Абайды толықтыруда зор мәні болған адамдар.

Абай өлеңдері, орыс ақындарынан аудармалар, Абайдың ақын шәкірттерінің шығармаларының халыққа таралуының енді бір жолы — қолжазба арқылы болады. Бұл жөнде Мүрсейіт Бікі баласы, Махмұт Мұқаметкәрім баласы және Самарбай сияқты Абай ауылдарының балаларын оқытатын ауыл молдалары болады. Бұлардың бәрінің де жазулары әдемі, анық болады. Бұлар Абайдың, Абай шәкірттерінің шығармаларын көп көшіріп, көп таратқан. Көп адамдар қаламақы төлеп жаздырып алып та отырған. Осы үшеуінің де қолжазбалары бізге жетті.

Абай шәкірттерінің өздерінің талабы мен талантына қарай екі бағытта болғанын көреміз.

Бірінші — өз жандарынан шығарма жазбай, Абай шығармаларын, Абай аударған Пушкин, Лермонтов, Крылов өлеңдерін, көбінесе Абайдың шығарған әндерді, өздерінің сарындарымен елге жаюшылар, Абайдан естіген орыс халқы жайындағы әңгімелерді, орыс жазушыларының әңгіме, романының оқиғаларын баяндап, елге таратушылар.

Екінші — Абайдың идеясын, өлеңдерін халыққа жаюмен бірге өздері де күрделі көркем шығармалар жазып, Абайдың ақындық дәстүрінің өрісін кеңейткен талантты ақын шәкірттер тобы.

V Тарау

Абай — ақындар ұстазы

Әдеби мектептің атасы болған Абайдай данышпан ақындар ешқашан өздеріне шәкірт іздемеген.

Ұлы ақынның данышпандығына, оның әдебиетке келген жаңалығына, жаңа бағыт, биік мақсат, идеясына берілген таланттар — данышпан ақынның шәкірттері болмақ. Ондай талантты ақын шәкірттер ақын ұстазының шығармаларын, әдебиетке әкелген жаңалығын, идеясын халыққа таратушылар болмақ. Ақын ұстазының бастаған бағытында көркем шығармалар жазып, дана ақынның мақсатын іске асыруға ат салысып, идеясын елге кеңірек жая түспек. Данышпан ақынның әдеби бағыты, идеясы үшін күресіп, творчестволық еңбек қалдырмақ. Осы ретпен ұлы ақынның жолын қуған талантты ақындар оның әдеби мектебінің іргесін қаласпақ. Ол мектептің әр салалы өркендеуіне еңбек сіңірмек. Сөйтіп, ұлы ақынды толықтыра түспек.

Осындай Абай жолын қуған, өз тұсында көркем шығармалар тудырған ондаған талантты ақындар болған. Біз Абайдың ақын шәкірттерін бұл жолда толық түгелдей алмаймыз. Өйткені, оның бірнешеуінің өмір тарихы, шығармалары толық жиналған жоқ.

Абайдың ақын шәкірттерін сөз қылғанда көркем шығармалары мен әдеби мұра қалдырған ақындарды айтпақпыз.

Олардың бастылары: Ақылбай, Мағауия, Әубәкір Абай балалары, Әсет Найманбаев және Әріп Тәңірбергеннов сияқты ақындар тобы.

Бұл ақындардың бәрі де Абайдың жолын қуған ақын шәкірттер.

* * *

Абай мектебінің эстетикасы Абайдың өлеңдерінде. Ақынға “халық ақыны” дегеннен зор атақ жоқ. Абайды “ұлы ақын”, “данышпан ақын” дегенде сол сөздердің

бәрін де “халық” деген ең ардақты сөзбен тығыз байланысты түсініп айтамыз. Абай өзінің асыл сөзін, қуатты ақындық өнерін халқына арнады. Сөйтіп, ақын өз тағдырын халық тағдырымен біте қайнастырып, тығыз байланыстырды. Халқының келешегіне асқақтаған ұлы арманмен, зор сеніммен қарады.

“Қалың елім, қазағым қайран жұртым”⁸⁵ деген Абай өлеңінде, мәдениеттен кенже қалып, ескілік көлеңкесінде, надандық құшағында, езде отырған халқының ауыр халіне жүрегі елжіреп, күйіне қараған ақынның, көкірегі қарс айырылып шыққан арманы айқын сезіледі. Халқының бақытты, ерікті, мәдениетті, іргелі ел болуын көксеген Абай, өзінің ақыл-ойын, өнер-білімін осы мақсатқа – халық мақсатына арнады.

“Бір кісі емес, жазғаным жалпақ жұрт қой”⁸⁶ деп сөз өнерін халық мақсатына арнаған Абай:

“Адасып алаңдама жол таба алмай,
Берірек түзу жолға шық қамалмай.
Не ғылым жоқ, немесе еңбек те жоқ.
Ең болмаса кеттің ғой мал баға алмай”⁸⁷, –

деп еліне түзу жол көрсетіп, сол жолда еңбек етеді.

Олай болса өнер халық мақсатымен тығыз байланыста болу керек: “Өнер өнер үшін емес, өнеге үшін” деген қортындыға келеді Абай:

“Мен жазбаймын оленді ермек үшін,
Жоқ, барды, ертегіні термек үшін.
Көкірегі сезімді, тілі орамды,
Жаздым үлгі жастарға бермек үшін”⁸⁸, –

дейді.

Ақынның мақсаты халқына адал қызмет істеп, өз заманындағы ең озық ой, пікірге жетекші болу болатын болса, ақынның ағартушылық ролін Абай ерекше атайды:

“Мақсатым тіл ұстартып өнер шашпақ,
Наданның көзін қойып көңілін ашпақ”⁸⁹, –

дейді.

Ақын өмір шындығын бұлжытпай сипаттауға міндетті. Ақын өмірге әділет пен ақылдың тұрғысынан қарау керек. Ақын шындық өмірді боямай, шындықты жасырып, жаппай халқына суреттеп беру керек:

“Әділет пен ақылға,
Сыналып корген-білгенін.

Білдірер алыс, жакынға
Солардың сөйле дегенін”⁹⁰, —

десе, ақынның мақсаты шындықты суреттеп берумен ғана тынбайды. Ақын сол өмір құбылыстарына үкім айтушы болуы керек:

“Ызалы жүрек, долы қол,
Улы сия, ащы тіл.
Не жазып кетсе жайы сол,
Жек көрсеңдер өзің біл”⁹¹, —

деген Абайдың “ұлы сыя, ащы тіл” өз заманындағы ескілік салт, санаға, халықты қанаушы феодалдарға, би-болыстарға, патша чиновниктеріне ақын аузымен халық атынан айтылған қаһарлы қатал үкім болатын.

Әділетті жырлаған ақын зұлымдыққа қарсы, “ызалы жүрек”, “ащы тілмен” жауап беріп, күресті.

Абай көркем өнердің саяси-әлеуметтік мәні мен әдебиеттің көркемдік қасиетін бөлмейді. Әдебиетте түр мен мазмұн бірлестігі негізгі шарт деп біледі.

“Өлең — сөздің патшасы, сөз сарасы,
Қиыннан қиыстырар ер данасы.
Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,
Теп-тегіс, жұмыр келсін айналасы”⁹², —

дейді. Өлеңнің сар алтындай салмақты терең мазмұны мен биік идеясына, нақыстаған күмістей көркі сай келуі, өлеңнің “іші алтын, сырты күміс” болуы Абайдың өлең туралы негізгі заңы болды.

Абайдың өлең, ақын жайындағы бұл ұғымы, бұл шарты Белинский, Чернышевский бастатқан орыстың ұлы революцияшыл демократтарының эстетикасымен туысып жатады.

* * *

Абайдың ұстаған бағыты сыншыл реализм деген едік. Ал сыншыл реализмді өршіл романтизмнен айырып қарауға болмайды. Абай өлеңдерінің ерекшелік қасиеттерінің бірі оның “тілге жеңіл, жүрекке жылы тиетін” күші — романтикалық оттылығында. Абай поэзиясында қатал сын мен ұлы арман ұштасып жатады. Келешекке бой ұрған ақынның жалынды жырынан үміт үшқыны жарқылдайды. Реализм мен романтизм ұштасқан ақын жырында шындық өмір сипатымен қатар, келешекке зор сеніммен қараған,

еркіндікке ынтық, ұлы арман, биік мақсат айқындалмақ. Абай өзінен бұрынғы заманды, өз заманын қатал сынаумен бірге, өзі мадақтайтын, өзі өсиеттейтін жақсылықтарды да жыр етеді.

Абайдың алдына қойған ұлы мақсаты бар. Ол — халқының ерікті, бақытты ел болуын көксеу. Ол арманға жету үшін халқын орыс мәдениетіне жетілдіру, ол үшін халықты ағарту. Осы мақсатқа елді бағыттау жолындағы бөгеттермен күресу қажет болады. Ол бөгеттер — ескі салт-сана, әдет-ғұрып, надандық, феодалдық жол-жоба, адам басының еріксіздігі.

Абай өзінің ұлы мақсаты жолындағы бөгеттерді сынайды, көз алдында жоқ, көңіліндегі көксеген арманын жыр етеді.

Олай болса Абай поэзиясындағы сыншыл реализмге от беріп қуаттандыратын — өршіл романтизм болады. “... Романтизмсіз поэзия ол да бір жансыз дене сияқты”⁹³, — дейді Белинский.

Бұл арада біз Абайдың көңіл күйі лирикаларын, махабат лирикаларын, т.б. өлеңдерін айтпай-ақ мына бір өлеңін мысал етсек те болады:

“Бір сұлу қыз тұрыпты хан қолында,
Хан да жанын қияды қыз жолында:
Алтын-күміс кигені, қамқа, торғын,
Күтуші қыз-келіншек жүр соңында.

Деген сөз “бұқа бұға, азбан дұға”.
Хан қарқ боп, түсіп жүр айқай-шуға.
“Етімді шал сипаған құрт жесін деп,
Жартастан қыз құлапты терең суға”⁹⁴.

Абайдың бұл өлеңінде тек қана сынау, мінеу емес, қазақ әйелінің қорлықтағы аянышты халін шындықпен суреттеп қана қою емес, қараңғы түнекте жай отындай жарқ ете түскен, қарсылық, қайсарлыққа бел байлаған күштің романтикалық сипатын көрсетеді.

Абай орыс әдебиетін өзіне ұлы мектеп санағанда ол мектептің ең жақсылық қасиеттерін бойына сіңірген.

XIX ғасырдың классикалық орыс әдебиетіндегі сыншыл реализмге романтизм белгісі жат болмайтын.

Пушкиннен бастап орыс әдебиетіндегі сыншыл реализмге романтизмнің ұштасуы — сыншыл реализмнің өзіне тән ерекшелік қасиеті бар екенін А. А. Фадеев жолдас атап көрсетті⁹⁵. Сол сияқты прогрессивтік романтизмнің реализммен қоян-қолтық келіп ұштасуы — жазушының мо-

ральдық идеалының бар екенін, сол мақсаты үшін күресетінін, оған бөгет жасайтындардың бәрін сынайтындығын дәлелдейді. Осыдан барып оның шығармасы новаторлық творчество болады, тамаша бай әрі табиғи қарапайым, кең еркін түр табады, — дейді А. А. Фадеев⁹⁶.

Абай бастаған сыншыл реализмнің өршіл прогрессивтік романтизммен тығыз байланыста дамуы — Абайдың қазақ әдебиетіне әкелген үлкен жаңалығы — новаторлық ерекшелігі болады.

* * *

Абайдың шәкірттеріне ақындық өнегесі осы айтылғандай болса, ақын шәкірттері өз шығармаларында сол өнегені үлгі етеді. Ұстаз ақын бастап берген бақытта өлең өнерін ілгері дамытуға ат салысады. Абай идеясын кеңірек өрістетуде ақын шәкірттері ұстазының ізін басып отырмайды. Поэзияның Абай бармаған саласына ұмтылады. Бұл жөнінде де Абай шәкірттеріне жөн сілтеп, ақындық өнерге жол көрсетіп отырады. Ондай жөн-жоба ақын шәкірттерінің бейімділігіне, мәдени дәрежесі мен ақындық қабілетіне қарай көрсетілетін болады. Абай шәкірттерінің әрқайсысының ақындық өнерде іздеген жолына, шығармаларына қарай негізінен екі бағытта қарауға болады.

Бірінші: Ақылбай, Мағауия, Әсеттер — романтикалық поэмалар жазады.

Екінші: Әріп, Әубәкірлер — қазақ халқының өткен өміріндегі тарихи оқиғаға байланысты поэмалар жазады. Әлеуметтік тақырыпта өлеңдер жазу жолын ұстайды.

Абай осы шәкірттеріне кейде тақырыпты өзі ұсынып, өлең ететін оқиғаны да айтып беріп отырады. Сол ретпен Ақылбай Кавказ халқының өмірінен “Дағыстан”, Зұлұстар жайынан “Зұлұс” поэмаларын жазады. Мағауия Африкадағы құлдар өмірінен “Медғат-Қасым”, қазақ тарихынан “Еңлік-Кебек” поэмаларын, Әсет ақын “Салиха-Сәмен” атты романтикалық поэма жазған.

Қазақ тарихынан Көкбай, Әріп, Әубәкірлер көптеген өлең-жырлар жазады.

* * *

Абай айналасындағы ақындар тудырған поэмалар қазақ әдебиетінің тарихындағы зор жаңалық болды. Абай шәкірттері осы ірі еңбектерімен Абай бастаған әдеби бағытты кең өрістетіп, одан сайын ілгері дамытты. Бұрын

қазақ әдебиетінде болып көрмеген поэманың жаңа түрлерін туғызды. Поэманың жаңа түрі дегенде көркемдік түрі мен жаңа идеялық мазмұнын айтамыз. Абай шәкірттері тудырған поэмалар, бұл саладағы жаңа тың жол — келешек қазақ әдебиетінде поэма жанрының дамуына кең жол ашып, дұрыс бағыт көрсетіп берді.

Абай шәкірттерінің романтикалық поэмаларының идеялық мазмұны сыншыл реализммен қабысып отырады. Қазақтың өткен тарихынан жырлағанда ескіні жаңғыртып, жалған бояумен боямады, тарихи шындық негізінде жыр етеді. Абай шәкірттері өткен заманнан оқиғалы жыр жазғанда ұстазының ұстаған идеялық бағытын үнемі үлгі етеді.

Абай шәкірттері тарихқа қарағанда өткен заманның катал заңын, әділетсіздігін, адам тағдырының қатыгез ру басыларының қолындағы кездегі, жауыздықты әшкерелеуді негізгі мақсат етеді. Сөйтіп, ескі өмірге үкім айту мақсаты көзделеді. Бұл жөнінде “Еңлік—Кебек” поэмасын айтуға болады.

Бұл жырланған тақырыптарда Еңлік, Кебек сияқты махаббат, еркіндігі жолындағы катал заманның құрбандары суреттелсе, ескі ру басы феодалдар, билер мейлінше әшкереленеді. Адамның бас бостандығы үшін күресі дәріптеліп, өткен ескі өмірдің тағылық, зұлымдық бейнесі барынша ашылады.

Сөйтіп, Абай шәкірттерінің тарихи тақырыпты жырлауда дұрыс тарихи көзқарас, озық идея, прогрессивтік мақсат бар екенін көреміз.

* * *

Ал Шортанбай бастаған кертартпа романтизм өкілдерінің өткен өмірді жырлаудағы мақсаты жаңа өмірді жамандау, өткенді дәріптеу болып келеді. Бұл жөнінде Мұрат ақынның поэмаларын алатын болсақ, түгелдей осы мақсатқа арналған. Сонымен қатар поэмалардың кейіпкерлері түгелдей күнгірт болып келеді. Тарихи шындықтан мүлдем алшақ жатады. Ақын “Қазтуған”, “Қарасай, Қазі” сияқты поэмаларындағы геройларының аузынан өз сөзін, өз идеясын уағыздамақ болады. Мысалы: “Қазтуған” поэмасындағы геройына:

“Әй, жақсылар, жақсылар,
Бұл қоныстан кетпесең,
Мұны талақ етпесең,

Қынама бешпет киерсін,
Арбаға мәстек жегерсін...”⁹⁷, —

дегізеді ақын. Бұл поэма жөнінде Сәбит Мұқанов жолдас:

“Бұл поэманың ескіден сақталмауы, оны Мұраттың өзі ғана шығаруы — поэманың идеялық жағынан байқалады. Феодалдық ауылда өскен Мұрат, іштей жек көрген патша үкіметінің тұсындағы Россияның заң-заңына, әдет-ғұрпына, салт-санасына да қарсы болады”⁹⁸, — дейді.

Сөйтіп, Мұрат “Қазтуған” поэмасында Өзінің реакцияшыл идеясын уағыздап халықты басқа жаққа аууға шақырады.

Мұраттың тағы бір поэмасы “Қарасай, Қазі”. Бұл поэмадағы да ақын идеясы сонау өтіп кеткен ескі өмірді дәріптеу болады. Поэманың геройы Орақ батырға Мұрат мынандай сөз береді:

“...Аузы түкті кәуірін
Жан-жағынды қамалап,
Қала салар менен соң...”⁹⁹

Мұраттың бұл поэмадағы сарыны Бұхар жыраудың “Күн батыстан бір дұшпан, ақырда шығар сол тұстан” сарынымен үндесіп жатады.

Абай дәстүріне қарсы кертартпа романтизм өкілдерінің дастандарының жайы осындай. Шындық өмірден безіп, сары уайымға салынған, үмітсіздік сарынындағы ақынның шығармасының қай жағынан қараса да, дәрменсіздігі көрінеді.

Бұл жерде “Сал-сал”, “Зархұм”, “Кербала”, т.б. толып жатқан және кітап болып қаптап шығып жатқан “дастандарды” айтпаса да болады.

“Дағыстан”, “Медғат—Қасым” сияқты Абай шәкірттері жазған поэмалармен салыстыратын поэмалар қазақ әдебиетінде ол кезде атымен жоқ. Өйткені, қазақ ақындарының мұндай салалы поэма жазатындай мәдениеті жоқ еді. Қазақтың өз тұрмысынан асып, ұлттық тар шеңберді аттап, алысқа көз сала алған ақын жоқ еді. Ол тұстарда кейбір ақындардың көлеңкесі бойынан аспай:

“Семейден үлкен қала жоқ,
Жалпақтан үлкен дала жоқ”¹⁰⁰, —

деп жүрген кезінде Абай шәкірттері такаббар Кавказ тауын суреттеп, тау халқының өмірінен тамаша дастан жазады.

Бір кезде “Пушкиннің поэзиясының бесігі — Кавказ —

кейін Лермонтов поэзиясының бесігі...”¹⁰¹ болса, сол ұлы адамдардың үлгі-өнегесінің арқасында Кавказ — Абайдың ақын шәкірттерінің поэзиясының да бесігі болды.

* * *

Абай ұстаз ақын ғана емес, сонымен бірге әрі қатал, әрі әділ сыншы да өзі болған. Өзінің үлгі еткен зор мектебі — орыс әдебиетінен Абай нағыз үлкен әдебиеттің тұлғасын көреді. Үлкен әдебиеттің әрбір саласындағы данышпан жазушыларды Абай өзіне ұстаз санаған. Сонда Абай — Пушкин мен Лермонтовты, Крыловты аударса, Салтыков пен Толстойдай болуды өсиет етсе, Белинский мен Чернышевскийдің идеясын өз өлеңінің өзегі етсе — осының бәрі ұлы ақынның ұлы арманы. Кең жолға шығып, әр салалы болып өскен қазақ әдебиетін арман ету еді.

Қазақ халқының, қазақ әдебиетінің келешегі алда деп сенген Абай, өзі бастаған соны жолдағы, жаңа бағыттағы ақындық дәстүрдің сыншысы болуды да өзіне лайық көрген.

XVIII—XIX ғасырдағы қазақ даласында аттары әйгілі болған ақын, жыраулардың ең бастылары Бұхар, Шортанбай, Дулаттарға қатты сын айтқан Абай, сол өлеңінде қазақ өмірінде өлең-жырдың алатын орнын данышпандықпен талдап береді. Қазақ халқының ауыр азаптағы, қаратүнек өмірінде сүйеу еткені өлең-жыр, ән-күй екенін айтады. Ауыз әдебиетінің қазақта байлығын Абай жақсы түсініп, жақсы бағалайды. Сөйтіп халықтың өз көкірегінен шығып, мұңы мен шерін, арманы мен тілегін жырлаған әдебиетін саудаға айналдырған, халық мақсатынан бұрып, “қарны тоқ, қаса надан...” дардың мақсатына құрал еткен ақындарға Абай әшкерелей сын айтқан.

Абай ақын шәкірттеріне жырлайтын тақырыпты өзі нұсқап беріп отырған дедік. Сол өзі көрсетіп берген тақырыпты қалай жырлай алғанын Абай қатты қадағалап қарап, ақындық кеңесін айтып, кейде тіпті сол тақырыпты өзі жазып беріп те үлгі көрсетіп отырады.

Абай ақын шәкірттерінің айтқан өлеңдерінің ішінен ерекше жалт етіп көрінген жақсы сөз, көркем сурет кездесе, қатты қуанып, сол арада тындап отырған шәкірттеріне үлгі етеді.

Мағауия жазған “Медғат—Қасым” поэмасын оқығанда, поэманың кейпкерінің сүйген қызымен кездескен шағында жалбарынып айтқан шын сөзінде мынадай бір ауыз өлеңін Абай қатты ұнатады:

“Мен ғарыппын, бір рахым етпеймісің,
Қор болып осылайша өт деймісің,
Шөлдеген махаббатқа қайыршымын,
Ғазиза-ау, шыныменен кет деймісің”.

Бұл сөз жігіттің арбау сөзі емес, ойлап айтқан да сөзі емес. Шын сүйіскен жүректен тебіреніп шыққан сөз және бұл сөздің айтылатын кезі де тура келген болады.

Абай шәкірт ақындарының жазған поэмаларында адамға ой салып, әсер ететіндей қасиет болуын, көркем болуын, биік идеялы болуын талап етеді. Өзі оқиғалы ұзақ поэма жазбаса да, бірлі-жарым жазған поэмаларында өзінің өлеңдерінде айтылатын адамгершілік, адал жүрек, білім мен ақыл жырланады. Мысалы: “Ескендірде” ат бауырынан қан төгіп, ел шауып, егер қылып, күшпен әлемге үстемдік етпек болған Александр Македонскийге кең ақыл, терең ой, ізгі көңіл, адамгершілік жүректің иесі – Арестотельді қарсы қояды.

Абай өз тұсында елге көп тараған діни хиссаларды, ру арасындағы мағынасыз талас-тартысты жырлайтын өлең-жырды мақсатсыз, мағынасыз, өнеге беретін емес, ел көңілін жоқтан өзгеге аударатын өнімсіз ермек деп қатты сынаған.

“Батырды айтсам, ел шауып алған талап,
Қызды айтсам, қызықты айтсам қыздырмалап,
Әншейін күн өткізбек әңгіме үшін,
Тыңдар едің бір сөзін мыңға балап”¹⁰², –

дейді.

Өзінің кейбір ақын шәкірттерінің де алғашқы ақындық қадамында діни тақырыпта пайғамбар, сахабалар жайында хисса жазбақ болғандарын Абай аяусыз сынайды. Көкбай бірнеше жыл медреседе оқып, кейіннен өз ауылында мешіт ұстап, моллалық құрған кездерінде ескі хиссалар сарынымен Әзірет Әліні жырламақ болады.

Әріп ақын хиссаларға еліктеп шығыс әдебиетінде көп кездесетін асыл тастарға теңеп, сұлу қыздың суретін бермек болады. Өзінің “Зияда” атты поэмасында Қорлы дейтін қыздың портретін былай сипаттаған:

“Инжу тіс, нәзік белді, ғауһар сүйек,
Сұмбыл шаш, лағыл мойын, алтын иек...”

Абай діни тақырыпта өлең жазуды, Әзірет Әліні мадақтауды елге зиянды деп бағалаған. Орынсыз шығыс әдебиетіне еліктеуді, өмірге жанаспайтын суретпен өлең жазуды қатты шенеген. Осыдан барып бұл ақындарға сын айтқан:

“Сөз айттым Әзірет Әлі, айдаһарсыз,
Мұнда жоқ алтын иек, сары ала қыз,
Көрілікті жамандап, өлім тілеп,
Болсын деген жерім жоқ жігіт арсыз”¹⁰³, —

дейді. Абайдың бұл сыны ұстаз ақын ағаның өзіне жан тартқан өнерлі, талантты ақын шәкірттеріне әдейі арнап айтқан сыны.

Абайдың бұл сынының саяси-әлеуметтік мәні де зор еді. XIX ғасырдың екінші жартысында Шығыс елдеріне капитализмнің ене бастауымен байланысты туған панисламизм мен пантюркизм идеясы медресе молдалары арқылы, панисламшыл, пантүркшілдердің таратқан газет, журналдары арқылы Қазақстанға да тарай бастаған еді.

Абайдың “Сөз айттым Әзірет Әлі, айдаһарсыз” деп Әзірет Әліні мойындамауы, мұсылман шығысының қазақ әдебиетіне өсеріне қарсы күресуі — панисламизм және пантюркизм кертартпа идеясына қарсы саяси күрес болып табылады.

Сондай әрі әділ, әрі қатал сынның өзінен Абайдың өнерлі ақын шәкірттеріне деген ағалық, достық жылы жүрегін, адал ниеті мен тілегін көреміз. Шын жақсы көріп, жаны ашып айтқан қамқор дана ақынның адал сырын аңғарамыз.

“Өлеңі бар өнерлі інім сізге,
Жалынамын мұндай сөз айтпа бізге.
Өзге түгіл өзіне пайдасы жоқ,
Есіл өнер қор болып кетер түзге”, —

дейді Абай.

Абай ақын шәкірттерінің өнеріне ғана сыншы емес. Олардың өз бастарына да сыншы. Өнерінді халқыңа өнеге етсең, өзің алдымен өнегелі бол, мақсат “Наданның көзін қойып, көңілін ашу” болса, сол мақсат жолында күресетін адамның мінез-құлқы, әдеті, ісі сол мақсатына сай болсын. Абайдың ақын шәкірттеріне қоятын бір шарты сондай болған.

Абай “молланың айтқанын қыл, қылғанын қылма”, “етпен кірген, сүйекпен кетеді” деген сияқты арам ниеттен туған, қанаушылардың мақсатынан туған елді алдаған ескі ұғымды, надандықтан пайда болған әдет-ғұрыпты өшкерелейді.

“Мен, егер закон қуаты қолымда бар кісі болсам: адам мінезін түзеп болмайды деген кісінің тілін кесер едім”¹⁰⁴, — дейді.

Абай, әсіресе, өзінің шәкірттерінің басындағы кемшіліктерін, мінез-құлықтарындағы, әдетіндегі, ісіндегі келісімсіздіктері болса, қатал сынап, беттеріне басқан.

Абай Әсет ақынның мінезіндегі, әдетіндегі өрескелдікті айта келіп:

“Кісімсіп белгілі-білгіш,
Біреуге сондай-ақ күлгіш.
Булықсып, бұлданып босқа,
Өзімшіл оңбаған шерміш”¹⁰⁵, —

деп сүйегінен өткізе, сөге сынаған. Осындай өзімшілдік, өркеуделік, өз білгеніне масаттанып, өнеріне бұлданып, адамгершілік қалпын дұрыс сақтамай, қолдан пішіп жасауды, өзгені қор санап, өзін зор санауды Абай мейлінше жек көріп жиренген. Ондай мінез білімді адамның, халқын сүйіп, еліне өнеге шашам деген адамның мінезі емес. Өзімшілдік, надандық, оңбағандық деп сөгеді.

Жасынан Құнанбай тәрбиесінде болып, өнер-білімнен кенже қалып, байдың бос белбеу, болпашы болып өскен өзінің үлкен баласы Ақылбайды да Абай қатты сынаған. “Ата-анаға көз қуаныш” деген ақынның белгілі өлеңі осы Ақылбайға арналған.

Абай адам басындағы кемшіліктерді қатал сынап қана қоймайды. Ол кемшіліктердің, жағымсыз мінез, жатымсыз әдеттердің қайдан пайда болғанын айтып, ақыл береді. қандай өсиет айтпасын ақылшы аға ақынды, ағартушы ұстазды көреміз.

“Күллі адам баласын қор қылатын үш нәрсе бар. Со-нан қашпақ керек. Әуелі: надандық, ғылым, білімнің жоқтығы. Дүнияда ешнәрсені оларсыз біліп болмайды. Білімсіздік қайуандық болады. Еріншектік: күллі дүни-дағы өнердің дұшпаны. Талапсыздық, жігерсіздік, ұятсыз-дық, кедейлік — бәрі осыдан шығады. Залымдық: адам ба-ласының дұшпаны. Адам баласына дұшпан болса, адам-нан шығып, білімді бір жыртқыш қайуан есебіне қосыла-ды”¹⁰⁶, — дейді.

Абай бұл жерде ағартушы. Адам басындағы кемшілікті, мінез-құлықты оқу-білім арқылы түзеуге болады дейді. Мұндай өсиет сындары ақын шәкірттерінің өнер-білімге ұмтылуына, мәдениетке талпынуына үлкен әсер етеді.

Ақылбайды Абай сыны қатты толғантады. Ол Абай шәкірттерінің қатарына келіп, үлгі-өнеге алып, өзінің ақын-дық талантымен көрінеді.

Әсет өле-өлгенше Абайды аузынан тастамайды. Өлердегі қоштасу өлеңінде:

“Абайдай арт жағына сөз қалдырып,
Жақсы еді-ау, өттеген-ай, олу деген”, –

дейді.

Абайдың ақын шәкірттері ұстазының әдеби еңбектерімен ақтады.

VI Тарау

Ақылбай Абайұлы Құнанбаев (1861–1904)

Ақылбай – Абайдың Ділдә деген бәйбішесінен туған тұңғыш баласы. Ділдәдан Ақылбайдан басқа Әбдірахым (Әбіш), Мағауия деген балалары болған.

Құнанбайдың кіші әйелі Нұрғаным өзінен бала болмағандықтан, Ақылбайды кішкене күнінен өз бауырына басады. Ақылбай туғанда Абайдың өзі де жас, жаңа отау иесі еді. Сөйтіп, Ақылбай жас күнінен Нұрғаным тәрбиесінде болып, Құнанбай баласы, Құнанбайдың кенже тоқалының еркесі атанып өседі.

Ақылбайды Нұрғаным жас басынан бетімен жіберіп, аса шолжың, ерке бала етіп өсіреді. Ақылбайды тек 9–10 жас шамасында, Құнанбайдың указной молдасы атанған Ғабитқанға оқуға береді. Ақылбай салғырт-салақ, еркелік мінезімен жүріп, 4–5 жылдай молдадан оқу оқиды. Одан әрі оқымайды. Құнанбайдың кіші әйелінің жақсы киім кигізіп, жақсы ат мінгізіп болпаш етіп өсірген бос белбеу мырзасы болып, ауыл қызығын қызықтап бірнеше жыл жүрді. Ақылбай бір жасынан бастап, Нұрғаным қолында өскендіктен және Абайдың 16 жасында туған баласы болғандықтан, өз әкесі Абайға туған баласы сияқты емес, ағайындас Ырғызбайдың бір мырзасы сияқты көрінеді.

Құнанбай өзімен тең жерден қыз айттырып, Ақылбайды үйлендіреді.

Үйленген соң, Ақылбайға енші бөліп беріп, Құнанбай бұл баласын да жеке бір ауыл етеді. Бұл кездердегі біраз жыл, Ақылбай сияқты Құнанбайдың жаңа отау көтерген мырзасының ауылы болып, сауық-сайранмен өтеді. Жасынан көрген тәрбиесі, ұшқан ұясы, Құнанбай аты Ақыл-

байды мастандырады. Ақылбай жас күнінен талантты домбырашы, өлеңші де болады. Бірақ ол Құнанбай атағына, нағашыларының ата аруағына масаттанатын. Бұл кездердегі Ақылбай айтатын өлең сарыны:

“Нағашым ер Қазыбек әулие өткен,
Фаниден уақыт жетіп о да кеткен,
Сасқан жан жер шетінен бабам десе,
Аруағы коз ашқанша келіп жеткен”, —

деген сияқты болатын. Сөйтіп, Ақылбай Абай маңына да жақын тартып жуыңқырамай, сирек қатынасып жүреді. Сонымен қатар Ақылбай соншама ақ көңіл, алды-артын ойламайтын, аңқылдаған адам болады. Бір іске көңіл аударып, бет қойып беріліп кетсе, аса қабілетті болады.

Ақылбайдың жас күнінен әкесі Абайдан аулақ өскенін, оның ақ көңіл, аңқаулығын пайдаланып, Абай дұшпандары әке мен баланың арасына от жағып, зұлымдық айла жасап, екеуін мүлдем ажыратпақ та болған.

Абай баласының осындай мінездеріне, жасынан көрген жағымсыз тәрбиесінен пайда болған әдеттеріне қатты кейіп, “Ата-анаға көз қуаныш” деген өлеңін (1890) жазады.

Абайдың бұл өлеңі талпынбай жүрген талантты Ақылбайға үлкен ой салып, қатты толғантады. Бұл кезде Абай ауылы нағыз үлкен үлгілі мектепке айналған болатын. Ақылбай жігіт ағасы болып қалған кезі де еді.

Енді бұдан былайғы Ақылбай өмірі Абай алдында ақын шәкірт болып, өзінің талантты інілеріне ақын аға, Ақыл аға атанып өтеді. Ақылбай аса шебер музыкант болады. Ол домбыра, гармон, скрипкаға жүйрік мақтаулы өнерпаз болады.

Құнанбай мырзасы атанып, “бұлғыннан ішік киіп” бұлғақтап өткізген мағынасыз өмірін Ақылбай қалжыңшыны аралас:

“Бұлғыннан ішік кидім, көмшат жаға,
Сарп еттім дүниені білмей баға.
Талай қыз “Ақылжан” деп тұрушы еді,
Дейтұғын сұмдық шықты: ау “Ақыл аға”, —

деп кейін өлең етеді.

Ақылбай Абай төңірегіндегі әр жақты талантты шәкіртінің бірі болады. Ақылбайдың ақындығымен бірге ән шығаратын композиторлық өнері де болған.

“Ақылбай сауықшыл әнші, домбырашы, скрипкашы болатын. Домбыраға қазақтың ескі күйлері: “Азамат қожа”,

“Бұлан жігіт”, “Бес төре”, “Асыр қалша” деген күйлерді тартатын. Скрипкаға Абайдың әншісі атанған Мұқадан үйренген бірнеше түрлі орыс күйлерін тартатын. Дойбы ойынында Ақылбайды ұтатын адам бола қойған жоқ.

Өз ойынан шығарған біз білетін екі түрлі әні болатын. Бірінші, “Ішік кидім бұлғыннан кәмшат жаға”, екіншісі, мынандай өлеңмен айтылатын:

“Матай да алыс бірқатар жер деген соң,
Бір ән тауып Әлекем бер деген соң.
Он минутта ойыма осы ән түсті,
Қапаш-құпаш көңілді сермеген соң”.

Бұл кейінгі әнді Матай еліне Абайдың бір баласының қайнына күйеу жолдас болып барарында әнші Әлмағамбет: “Ақыл аға, бір жаңа ән тауып берші” дегенде қолма-қол айтып берген әні деседі¹⁰⁷.

Ақылбайдың жастық, махаббат тақырыбына жазған көптеген өлеңдері болады. 1895 жылы Әбдірахман өліміне жазған жоқтау өлеңі болған. 1904 жылы інісі Мағауия қайтыс болғанда жазған жоқтауы сақталған.

Ақылбайдың ақындық атын қалдырған оның поэмалары болады. Ақылбайда бізге мәлім ондай поэмалар үшеу болған. Ол: “Дағыстан” (“Кәрі Жүсіп”), “Зұлұс”, “Жаррах батыр”.

“Жаррах батыр” поэмасы бізге жетпеген. “Зұлұс” поэмасының басқы бір-екі бөлімі ғана сақталған. Бұл поэманың үзіндісі 1924 жылы “Сана” журналының 2–3 санында басылған. “Дағыстанның” (“Кәрі Жүсіптің”) үзіндісі 1918 жылы “Абай” журналының 5 санында жарияланған.

Ақылбай жас кезінде 4–5 жыл Құнанбай аулының молдасынан ескіше оқып, хат танығаннан басқа, ұзап оқымаған. Абайдың үлгі-өнегесімен Ақылбай заманының саналы азаматы, әдебиетке шын берілген ақыны болады. Абайдың әдебиет, өнер-білім жайындағы, адамгершілік, мәдениет жайындағы өсиеті Ақылбайдың дүниеге көзін ашады. Әсіресе орыс мәдениетінен өнеге алуға, орыс әдебиетінен үлгі алып өсуге, ақындық талантына кең жол ашады. Ақылбай Абай өсиетін тыңдап қана емес, өз бетімен орыс ақындарын оқуға, терең түсініп ұғуға қолы жетеді. Пушкин мен Лермонтов Ақылбайдың сүйікті ақындары болады. Осындай ұлы ақындарды оқып, өнеге алған Ақылбай қазақ әдебиетінде тұңғыш Кавказды жырлаған ақын болды.

Ақылбай – ұстазы Абайдың ұсынысымен тау халқының өмірінен “Дағыстан” (Кәрі Жүсіп) сияқты, Африка-

дағы зұлустар жайынан “Зұлус” сияқты тамаша романтикалық поэмалар жазып, қазақ әдебиетінде поэма жанрының жаңа түрін дамытқан, талантты, мәдениетті ақын.

Ақын өмірінің соңғы жылдары ауыр қайғымен өтеді. Әйелі қайтыс болады, 1895 жылы інісі Әбдірахман (Әбіш) қайтыс болады, 1904 жылы екінші інісі Мағауия қайтыс болады. Мағауияның соңынан көп кешікпей әкесі Абай қайтыс болады.

Ақылбай әкесі Абай өлімінен қырық күннен соң, 1904 жылы 43 жасында Семей қаласында қайтыс болады.

Ақылбай бейіті Семей облысы, Абай ауданы, өз қыстауы Тышқан бұлағының басында.

* * *

Ақылбайдан үш бала болған: Әлімқұл, Әубәкір және Исраил. Әубәкірі ақын болған.

Исраил осы күні Абайдың Жидебай қорығындағы қыстауында тұрады. Скрипка, домбыраға шебер, музыкант.

Өз әкесі Ақылбайдың және басқа Абай шәкірттері ойнайтын ән, күйлердің қырықтан астамын орындайды.

“Дағыстан”

“Дағыстан” поэмасының тақырыбын ақын шәкірттеріне Абай өзі ұсынады. Бұл поэманы жазуға Ақылбай, Мағауия, тағы бірер шәкірті кіріседі. Поэманы бәрінен бұрын жазып шығып, оқыған Ақылбай болады. Ақылбай жазған “Дағыстан” барлық ақын шәкірттерге ұнайды да, бұл тақырыпты меңгерген Ақылбай деп ұйғарады.

Поэmanın тақырыбы әділет пен жауыздық күресі, “Махаббат Ғадауатпен майдандасқан”¹⁰⁸ тартыс. Әділет пен жауыздық тартысы Абай поэзиясының негізгі бір желісі. Махаббат мәселесі мен әділет, адамгершілік мәселесі Абайда бір-бірінен бөлек емес. Махаббаттың мәні адамның бас бостандығында. Байлық пен ескі әдет-ғұрып, зорлық пен жауыздық үстемдік етіп тұрғанда махаббат бостандығына, адамның бас еркі бостандығын жол жоқ. Ондай бостандықтың жолы — күрес. Поэма осыны жырлайды. Өзінің сенген жолына шексіз берілген, бірбеткей, өр мінезді, қайсар жандардың жеке-дара бейнесі мен ерекше мінез-құлықтары, іс-әрекеттері суреттеледі. Ескі әдет-ғұрып, салт-са-

наны бұзып, еркіндікке бой ұрған, махаббаты үшін құрбандыққа бас байлаған өр мінезді тау халқының ер ұлы, ер қызы сипатталады.

Поэманың оқиғасы Пушкин мен Лермонтов бастатқан орыстың ұлы ақын-жазушыларының ақындық қиялын канаттандырып, еркіндік аңсаған көңілдерін шалқытып, өлең-жырдың “бесігі болған” – қарт Кавказда өтеді.

Поэманың бас тұлғасының бірі – Кәрі Жүсіп. Бұл, ежелгі қаталдық бейнесі. Зұлымдықтың кәрі тұлғасы сияқты қарт Жүсіп. Жүсіп, басынан бір ауыз сөз асырмаған, қаһары мен қанжары қатар жүретін Дағыстанның әрі бай, әрі батыры. Қарсы келгенді қанмен жуып, өзінен ешкімнің артықтығын асырғысы келмейтін өзімшіл, тәкәббар. Жүсіпте адамға деген рахымшылық жоқ. Кеудесі кектің ұясы. Поэмадағы жауыздық бейнесінде қаһарлы қарт Жүсіптің бір беткей, кесек тұлғасы суреттеледі. Оның зұлымдығы сипатталады.

Жүсіптің өзіне тартқан төрт бірдей ұлы бар. Оның бәрі де өр, бәрі де қайсар, қатал жандар.

Осылардың ортасында сусыз шөлге шыққан бір түп қызыл гүл сияқты Зәйрә. Ол, бүкіл черкестің аузындағы сұлу, алақанында аялаған аруы. Поэмада жауыздыққа қарсы қойылатын тұлға осы Зәйрә және оның ғашығы Жәбірейл.

“Дағыстан” поэмасының құрылысы, оқиғаның даму жолдары, қазақ поэзиясында бұрын болып көрмеген жаңалық. Ақын тәкәббар қарт Кавказдың тамаша тұлғасын суреттей келіп:

“Сөйлейін сол таудағы Дағыстаннан,
Жауменен жалығу жоқ шабысканнан”, –

деп, Дағыстанның жауынгер халқының, ерлік ісімен: “қаны қызса, қанжарын қайтармайды, өзге елдің бұрын сермеп таяғынан” деп ерекше мінезін сипаттайды.

Енді ақын екі кесек тұлғаның ерекше суретін береді. Бірі – қарт Кавказдың тұлғасы. Ол “Майысқан гүл мен ағаштың” ортасында кеудесін керіп “елеріп”, “тік қарайтын” тәкәббар тау тұлғасы.

“... Гүл мен ағаш майысып қарағанда,
Елеріп тік қарайды Кавказ мықты”.

Табиғаттың хош иісті гүл-бөйшешегіне, көг орай, көк жапырақты ну орманына қарама-қарсы, дара тұрған “Кавказ мықты”. Кавказдың романтикалы жанды бейнесі.

Екінші, “Бұлбұл құс ұйқысынан көзін ашып, түріне гүл

бәйшешек таңырқасып”, сұлу табиғатты тамашалап сай-
рап жатса, “Ақ жиек көкшіл сұрғылт сәуле беріп”, “түл
мен ағаш майысып қарағанда”:

“Жүсіп түр қайғы басқан үй алдында,
Дүниенің әсер бермей тамашасы”, –

дейді ақын.

Осындай шебер көркемдік сурет арқылы Ақылбай бас-
ты геройының тұлғасын береді. Табиғаттың сұлу суретінің
ортасында ерекше қарама-қарсы тұрған екі тұлға. “Елеріп
тік қараған Кавказ мықты”, дүниядан түңілген кәрі Жүсіп.
Осындай антитезамен ақын Жүсіп басына әкеп оқиғаның
түйінін түйеді.

Осындай халде отырған Жүсіпке үйден шығып, асы-
ғып дегбірі жоқ, асып-сасып бір әйел келеді.

“Жүсіп айтты қатынға: шақырды ма,
Көрейін жалғызымды болса нәсіп”.

Әйел: “Шақырған жоқ. Әкеңді шақырайын ба дегенде
де бірауыз жауап қатпады. Жалғызың жаман” деген жауап
береді. Осы сөзді естігенде түнеріп отырған қарт Жүсіп
терең күрсініп, өмір бойы істеген жауыздығы көз алдына
келеді. Сол жауыздық ісінен шеккен қайғы мен қасірет
көзінен улы жас болып ағады. Ақын Жүсіптің осы бір
күйініш кезеңін, атқан оқтай қайтарып алуға болмайтын,
зұлымдық ісінің өкініші үстіндегі халін былай суреттейді:

“Жас ыршып екі көзден ытып кеткен,
Токтамай сорағытып әжім беттен.
Жуан, қалың, білектей бурыл мұртқа,
Домалап улы жасы барып жеткен”, –

дейді.

Ақын Кавказ тауының айдынды тұлғасын, сұлу табиға-
тын оқушысының көз алдына әкеліп, Дағыстанның кәрі
Жүсібінің сол Кавказдың қойнында қайғы-қасіретке ба-
тып еңіреп отырған күйімен поэманың оқиғасын түйіндейді.

Сөйтіп барып:

“Жүсіптің қандай іспен өскендігін,
Басынан қандай өмір кешкендігін.
Баяндап ұқтыруға жаңа келдім,
Неліктен осы қайғы түскендігін”, –

деп шегініс жасап, оқиғаның басынан енді бастайды.

Дағыстанда жасынан елге мәлім тәкәббар Жүсіп батыр, басынан бір ауыз сөз асырмайтын, өр көкірек, маңынан жан баспайтын кекшіл болады.

“Отты көз, өр көкірек батыр Жүсіп,
Тік карап, тура ажалмен қарсыласқан”, —

дейді ақын.

“Білімді, қалжыңға ұста, сөзі майда”, әрі батыр, әрі мерген, бір кемпірдің жалғыз, Ибрайым деген жігіт болады.

Дағыстан елінің он екі айда бір той жасап, бас қосып, кім мерген, кім ер, кім жақсы — осы тойда әңгіме болады. Сол атақтың, сол мақтаудың бәріне Ибрайым ие болады. Оның үстіне Ибрайым Жүсіпке бір қалжың айтса: “тұрпайы тасырлыққа тап келген соң, долданып Жүсіп ыза бола қапты”, — дейді ақын.

Осы кектің түйінін улы қанжар шешеді. Тауда арқар атып жүрген Жүсіпке Ибрайым кездесіп, Жүсіп ата алмаған арқарды атып жығып, тағы зілсіз қалжың айтады. Жүсіп осы арада Ибрайымды қапылыста қанжар салып өлтіреді. Ибрайымның жалғыз шешесі, баласын өлтірген жауыз жанға ана атынан қатты қарғыс айтып, зарлық етіп өледі.

“Әртүрлі Әлі кемпір зарлық етті,
Әлбетте бұл қарғысын қабыл етті”, —

дейді ақын. Кім қабыл етті? Ол — жұмбақ. Ақынның сенетін бір күші бар, тағдыры бар. Ол — жауыздықты жазалаушы күш. Ол — көзге көрінген, шындық өмірдегі күш емес, арманнан туған күш. Жауыздық жазаланады деген сенім.

Жүсіп жауыздықтың бейнесі, ол бір тамырланып алған зұлымдықтың тұтас тұлғасы сияқты. Жүсіптен бес ұл туып ер жетеді.

Ақынның поэмадағы сүйікті тұлғасы Зәйрә. Зәйрәны ақын ерекше сипаттайды.

“Зәйрәні көрген жанда қалмады ес,
Қара қасы қиылған, көзі нәркес.
Алақанға көтеріп аялайды,
Бұл бір жан деп, өзгеше бүкіл черкес.

...Бұралған тал шыбықтай қыпша белі,
Бес ұлдың ортасында шыққан гүлі.

Жеңіл басып, киікше жүреді деп,
Газел деп атын қойған оның елі”, —

деп Ақылбай тау сұлуының сипатын әрі шебер, әрі дұрыс береді. Кавказ тауында өскен Зәйрәнің сол елге лайық шындықты жақсы түсінгенін көрсетеді.

Ақын Зәйрәні сипаттай отырып, “Тақпақтап жарамайды айта берген, қызды әркім мақтағанын көзім көрген”, деп ұстазы, өз әкесі Абайдың сұлулық тақырыбына жазған өз “көзі көрген” тамаша өлеңдерін есіне алып, әзілдің де ұшығын сездіреді.

Ақын Зәйрәнің сыртқы сұлулық сипатына:

“Ақылы, мінезі мен тұлғасы сай”, —

деп келеді.

Сол Зәйрәға ғашық: “жарлының бір жалғызы өр Жебірейіл, есті, сұлу, ерлік бар қабағында”. Жебірейіл кедей. Ғашықтығын аша алмай, іштей күйеді. Жебірейіл мақсатқа жетуге оңай жол іздемейді. Жүсіптен үміт жоқ. Оған мал керек. Жебірейіл Дағыстанның жауына аттанады. Бұл сапарға Жүсіптің Әлі, Мұса деген екі баласы да аттанып, екеуі бірдей қаза табады. Жебірейіл жауға ерекше ерлік көрсетіп, Жүсіптің екі баласының сүйегін жау қолынан алып шығады. Қатты жараланып қайтып, ұзақ уақыт жатып, жазылады.

Жүсіптің Жағфар, Таяр деген балалары Кавказға аң атуға шыққанда, нөсер жауын, қатты дауыл болып, суға кетіп өледі.

Жебірейіл тауда аңда жүріп Жүсіптің кенжесі Рахимға жолығады. Рахимды жаны құрбы жас санап, Жебірейіл өзінің мұңын айтып, сырын ашады. Тәкәббар, өзімшіл Рахим Жебірейілді қарындасына тең санамайды. Бұл Жүсіптен де асып түседі:

“Бұл сөзге мен көнбеймін, әкем көнсе,
Азғырған сен кедейдің тіліне ерсе,
Әкемнің де құлы көп сен секілді,
Атылып өлмеймін бе саған берсе”, —

дейді.

Жебірейіл соғыста ағаларының сүйегін алып шыққанын айтқанда, Рахимның өзімшіл, өркеуделігі онан сайын қозып:

“Маған үлкен жақсылық қылыпсың деп,
Қақ басқа келістіріп тартып қалды”.

Осы айкастың аяғы қанжарға барып, Рахим қаза табады. Үйіне келгенде: “әке”, “Зәйрә”, “Жебірейіл”, “кегім” деген сөзге тілі келеді.

Жүсіп енді қанды кек қуады: “Сен де ант ет, — деп Зәйрәға ант еткізеді: “қажымай осы кекті кумақ үшін” дейді.

Ақын екі ғашықтың басындағы драманы соншама шиеленіскен халде береді. Жебірейілдің сыры қыз алдында ашылған жоқ. Ол қазір қашқын. Ол Зәйрә алдында ауыр жазалы жан. Ол қызға ең кінәлі жан сияқты. Бауырының қанды кегін қууға әкесімен берге ант еткен.

Жебірейіл қызбен тауда көңіл қосып, кездесіп жүргенде сырын ашады.

Көңіл қосып жүрген жаны жауы екенін білгенде, Зәйрәнің кегі қайнап, антын ардақтап, ашуға мінеді.

Жебірейіл қанжарын қыз қолына беріп, адал сырын ашады:

“Зәйрә өткір қанжарды қолына алды,
Қане, айтшы, естиін деп өткен халді,
Алсадағы махаббат кекті жеңіп,
Қолынан қанжар жерге түсіп қалды”, —

дейді ақын.

Зәйрәнің қолынан түскен қанжар кәрі Жүсіптің қолынан түспейді. Аңдыған Жүсіп үшеулеп жабылып, Жебірейілді өлтіреді.

Енді жалғыз қызы Зәйрә қайғыдан өлім халінде жатыр:

“...Баста айтқан кәрі Жүсіп қапалығы,
Сонда Зәйрә өлер боп жатқан екен”, —

деп ақын поэмасын аяқтайды.

“Дағыстан” поэмасының қысқаша айтқанда құрылысы мен оқиға желісі осындай.

* * *

“Дағыстан” поэмасының идеялық мазмұнында Абай заманы үшін зор саяси-әлеуметтік мән бар. Поэманың оқиға желісі ескі мен жаңаның күресіне арналған. Ақын поэмада ескіге қарсы белсенді күресті арман етеді. Ескіліктің бейнесі есебінде қайырымсыз, қатал, қара күш пен зорлықтың иесі Жүсіп образы беріледі.

Жүсіп ежелгі көне ескіліктің бар белгісін басына жиған — кәрі Жүсіп. Оның бес баласы сол ескіліктің қорғаушы күші, ата-бабаның ескі соқпағынан танбаған мылқау, мейірімсіз күштер.

Поэмадағы бұл кара күштер ескіліктің шеңберінен атауға бой ұрғандыққа барынша қарсы. Жүсіп өзінен басқа ешбір жанның қандай жақсылық ісі болса да дәріптелмесін деген мақсатта. Ол адамның жеке басының еркіне қарсы. Адамның өнері мен талабына қарсы. Ондай істен ескілікке қарсы шығатын күш туады деп үрейленетін Жүсіп, өзіне жағымсыз деп білгеннің бәрін аяусыз құртып отырмақ. Жүсіп адамшылық армен, адам қанымен есептеспейтін, ескі сеніммен қатып қалған қатыгез, қайырымсыз жан.

Ақын поэмада сондай ескілік бейнесі етіп суреттейтін Жүсіпті, әдейі кәрі Жүсіп деп беріп отыр. Жүсіп жайы жырланғанда қаталдыққа мейірімділікті карама-қарсы қойғандай табиғат бірде майысқан гүл мен ағашты суреттеген күйде берілсе, бірде тасбауыр Жүсіпті:

“Әр жерінен ажалдың иісі шығып,
Суық түспен қарайды кәрі Кавказ”, –

деген суық суретке меңзей сипаттайды. Ақын жауыздықты әшкерелейді. Сонымен қатар поэмада жауыздық қатты жазаланады. Жазықсыз Ибрайымды өлтірген Жүсіп жазасын тартады. Ақын тамырланып, тарамданып өскен ежелгі ескілік зұлымдыққа әділет балтасын шабады. Жүсіптің айналасы – бес баласы түгелдей қазаға ұшырап, кәрі Жүсіпке әділет үкімі айтылғандай болады.

Ақылбай поэмасында Әлі кемпірдің (Ибрайым шешесі) зарына мән беріп, Жүсіпті тағдыр табасына ұшырату сарыны бар. Бұл – жауыздық өрби бермек емес, оған да тосу бар, жаза бар деген мақсатты дәріптеп, арман ете жырлаудан туған романтизмге тән нәрсе. Сонымен қатар қарғыс сияқты суевериялық ұғымға да орын беруі ақынның қайшылығы болып табылады.

Поэмадағы оқиға желісі ширап, шиеленіскен кезеңде Жүсіпке қарсы Жебірейіл шығады.

Жебірейіл – поэмадағы әрі жағымды, әрі басты тұлға. Жебірейіл – Ибрайымдай жақсы жан. Бірақ ол Ибрайымнан ерекше образ.

Адамгершілігі бар, ақ көңіл, талантты Ибрайым, көңілін аққа беріп жүріп, өзінің адал жүрегіне сеніп жүріп, Жүсіптің қолынан қаза тапты. Ақын жауыздық, ол – мейірімсіз, одан жақсылық күтуге жол жоқ. Оған сенсең, апатқа ұшырайсың деген идеяны береді. Ибрайым Жүсіп қолынан қаза тапқанда ақын былай дейді:

“Уа дүние, қане — сенің мақтағаның,
Жақсылығын орнымен ақтағаның.
Қиянат жоқ, жалған жоқ, таза жүрек,
Мынау ма жас өмірді сақтағаның”.

Кәрі Жүсіп Ибрайымның “жазықсыз жас өмірін қанмен жуған” жауыз деп әшкереленеді.

Жебірейіл де адалдық жолындағы таза жанды, талантты жас. Ол жауға істеген қайратымен, ел үшін еткен еңбегімен, тіпті жау қолынан Жүсіп балаларының сүйегін алып шыққан жанқияр ерлігімен жақсы атаққа ие болып, мақсатқа жетпек болды. Бірақ мұндай ерлік істесе де, ол еңбегі Жүсіп алдында еленбей қалды. Жебірейіл әлі де үміт үзбейді. Жүсіптің кенже баласы Рахимға сырын ашып, басына қамшы тигенде барып жауыздыққа, қайырымсыз қаталдыққа көзі жетеді. Сонда барып қолына қанжар алып, адамгершілік арын қайратымен қорғауға шығады.

Зәйрә — тау халқының таза жанды, өр мінезді, асқан сұлу аруы.

Жүсіп қанашама қатал болмасын Зәйрәдан атаға деген жүрек бар. Зәйрә бірге туған аға, інілеріне де бауырмалдық мейіріммен қарайды. Екі ағасы тауға аң атуға кеткенде Кавказдың долы дауыл, нөсер жауынынан қауіптенген Зәйрәнің алып ұшып қорыққан жүрегін, жан толқынын ақын былай сипаттайды:

“Сонда да Зәйрә бұған сенбейді көп,
Қан басып қара көзін бірге ере кеп,
Кавказға сүп-сүр болып қарап тұрып,
Қол сермейді, әй, әке, келмейді, — деп”.

Зәйрә Рахим қаза тапқанда, інісін өлтірген жаннан қанды кек алуға ант етеді.

Сөйткен Зәйрә сүйген адамын тауып, махаббат құшағына енгенде, сол рахат, сол еркіндіке жол бермейтін жауыздықтың иесі өз әкесі, өз ағалары екеніне көзі жетеді.

Зәйрә барлық ескі сенімді, әдет-ғұрыпты аттап, ата алдындағы антты бұзып, махаббатын ардақтады. Жауыздыққа қарсы шығады.

Бәрінен махаббат күшті. Ақын поэманы осылай қорытады.

Кәрі Жүсіп, Зәйрә, Жебірейіл — поэмадағы толық жасалған көркем образдар.

Поэмада Жебірейіл де, Зәйрә да өледі. Бірақ олар жауыздыққа бас иіп өлмейді. Жауыздықпен жағаласып, махаббат бостандығы, бас еркі үшін күрес үстінде қаза табады.

Кәрі Жүсіп айналасын өрт алғандай, тамыры қурап, өмірі бітіп бара жатқан бір түп кәрі томардай болып қалады.

Әзірге үстемдікке ие сол Жүсіп. Бірақ өмірі ұзақ емес, Зәйрә, Жебірейілдердің жолы жеңеді, әділет жеңеді, ол үшін Жебірейіл, Зәйрәдай — ер ұл, өр қыз керек деген ақынның идеясы поэмада ашық көрінеді.

Ескінің бейнесі Кәрі Жүсіпке қарсы күрескен жас тілектер жаңа күштер деумен бірге, ақын поэмада әлеуметтік теңсіздікті ашады. Поэманың жағымды тұлғасы Жебірейіл — кедейдің жалғызы. Жүсіппен келісе алмаудағы негізгі себеп те сол тап қайшылығында.

“...Жарлының бір жалғызы ер Жебірейіл,
Есті, сұлу, ерлік бар қабағында”, —

дейді ақын.

Жебірейілдің сырының қызға көп уақыт ашылмауының себебі Жебірейілдің кедейлігі, Жүсіптей байдың қызын сұрауға:

“Айтуға бата ала ма байға кедей,
Тұра ма қол келмесе кедей демей”, —

дейді Ақылбай.

Поэмадағы романтизм сарыны шындық өмірімен тығыз байланыста.

“Дағыстан” — негізінен нағыз романтизм үлгісіндегі поэма. Поэманың басты геройларының іс-әрекеттерінде, мінез-құлықтарында әрбір геройдың өзіне тән ерекше сезімі баса сипатталып, асқақтана жырланады.

Қызғаныштан туған кек қуу жолына түскен қатал мінезді, бір беткей қаһарлы Жүсіпті көрсек, махаббат жолына басын байлаған, айнымас адал жүректі, ер мінезді, ізгі көңілді Зәйрә мен Жебірейілді көреміз.

Уақиға құрылысы мен көркем идеясының ерекшеліктері поэмадағы романтизм стилінің белгілерін әбден аңғартады.

“Дағыстан” — бұрын қазақ поэзиясында үлгісі болмаған жаңалық.

* * *

“Дағыстан” поэмасының өлең құрылысы, сөз қолдау жолдары, тіл көркемдігі — даусыз Абай үлгісі.

Ақылбай Терек өзенін сипаттағанда:

“Ақырып айдаһардай жүз толғанып,
Тауды бұзып, тас жарған долы Терек”, —

дейді.

Бұл Абай, Лермонтовтан алынып жатқан ақындық үлгі екені көрініп тұр. “Елеріп тік қарайды Кавказ мықты”, “Кемпір қара салысын бүркеп тықты”, “Гүл мен ағаш майысып қарағанда”, “Суық түспен қарайды кәрі Кавказ” деген сияқты метафоралар Абайға дейінгі қазақ әдебиетінде болмаған. Бұл классикалық орыс әдебиетінің, үлкен жазба әдебиетінің үлгісі. Ақылбай поэмасы өзінің тіл көркемдігі, сөз образымен де жаналық ерекшелігін әйгілеп тұр.

“Толқынды қара шашы жібек талдай,
Көрген адам қарайды көзін алмай,
Аласы аз, нұрлы, қара, ұялы көз,
Жаралған бір денесі қапы қалмай”, —

деген Зәйрә кескінін суреттеуде Абайдың сұлу қызды сипаттауы көз алдыға келгендей.

Ақылбай бұлбұлдың сайрауын: “Квинтадай үнін түзеп шырқатады” деп сипаттайды. Бұлбұл дауысын скрипканың ең жоғарғы тонды, ең нәзік бірінші ішегінің үніне, квітаға салыстырып жырлау Ақылбайдың ақындық мәдениетін көрсетіп тұр.

Скрипкада жақсы ойнаған Ақылбай музыка мәдениетіне де жақсы таныстығын көрсетеді. Бұл дау жоқ Әбдірахим (Әбіш) арқылы келген орыс мәдениеті әсерінің бір толқыны сияқты.

Поэмада Кавказ табиғаты асқақтаған ақындық рухта тамаша көркем суреттеледі.

Ақылбайдың ең ұзап барған жері Семей қаласы мен Шыңғыс тауының сырты мен бөктері ғана. Ал, Кавказды, Дағыстан жұртының мінез-құлқын жазуда көзімен көріп әсер алған ақындай суреттейді. Шындықтан қол үзіп, лағып кеткен қиялдан ақын мүлдем аулақ.

Бұл жөнінде ақынның мәдениетінен, Абай өнегесі көрініп отырады. Ұстазы Абайдың:

“Талап қыл артық білуге,
Артық ғылым кітапта
Ерінбей оқып коруге”¹⁰⁹, —

деген өсиетін Ақылбай орындағанын көрсетеді.

“Дағыстан” поэмасын жазу үшін орыс классиктерін, әсіресе Пушкин, Лермонтовты қатты зер салып оқығанын көреміз. Оны ақынның өзі де поэмасында айтады:

“Сөкпе қаласа сөзімнің шалалары,
Кітапта жазған орыс даналары”, —

деп әкесі Абай үлгі алған зор мектеп — орыс әдебиетін ардақтап, орыстың ұлы ақындарын аса үлкен құрметпен атайды.

“Дағыстан” поэмасының үлгісі — орыс романтизмі.

Орыс романтизмі болғанда, феодалдық-патшашылдық идеядағы, өткенді дәріптеп, қиял дүниесіне, мистикаға жететін романтизм емес. Жуковский жырлайтын романтизм емес. Орыс әдебиетін дамытуда революциялық маңызы болған, Пушкин бастаған прогрессившіл романтизм.

Ақылбайдың “кітапта жазған орыс даналары” деп сүйсініп оқып, өнерге алғаны осы Пушкин, Лермонтовтың кітаптары. Осы ақындардың романтикалы өлең, поэмаларын өзіне үлгі етеді.

Ақылбайдың Кавказ тақырыбында жазған “Дағыстан” поэмасына Пушкин, Лермонтовтың сол тақырыпқа жазылған романтикалы поэмаларының жақсы қсері тигені айқын көрінеді. Бұл жөнінде аз салыстыру ретінде шолу жасауға болады.

Лермонтовтың “Демон” поэмасындағы:

“И Терек прыгая как львица
С косматой гривой на хребте”¹¹⁰

деп келетін долы Терек өзеніне берілген сипаттау Абайдың “Теректің сыйын” аударғандағы: “Арыстанның жалындай бұйра толқыны” деп келетін, “Дағыстандағы”: “Ақырып айдаһардай жүз толғанып, тауды бұзып тас жарған долы Терек” деген ақындық суреттеулердің түп атасы туысып жатқаны көрінеді.

“Демондағы” Кавказ тұлғасын суреттеудегі Лермонтовтың:

“И башни замков на скалах
Смотрели грозно сквозь туманы —
У врата Кавказа на часах
Сторожевые великаны”¹¹¹

деп келетін сөз образдары, метафоралар Ақылбайдың: “Елеріп тік қарайды Кавказ мықты” деп, Кавказ тауын кесек тұлғалы, жанды бейнеде суреттеуінде әсері айқын көрініп тұр.

Ақылбай поэмасында:

“Бұлбұл құс ұйқысынан өзін ашып,
Түріне гүл бәйшешек таңырқасып,
Күн ыстығы түскенше сермелік деп,
Үнін, жүнін түзетті жабырласып”, —

деп келетін жерлер сол “Демондағы” суреттерді елестеткендей.

“И куми роз, где соловьи
Поют красавиц безответных
На сладкий голос их любви”¹¹², —

деп келеді Лермонтовта.

“Дағыстандағы” кәрі Жүсіптің қайғылы халде отырған қалпын, дүниеден безіп, түңіліп отырған кезін суреттегенде ақын Кавказдың көркін, тамаша табиғатын, әуелі жазды, сайраған бұлбұлды... жырлай келіп:

“Жүсіп түр қайғы басқан үй алдында,
Дүнианың әсер бермей тамашасы”, —

дейді. Бұл да дүниеден безген, қуғындағы Демонның өмір қызығына ләззат ала алмайтын күйін сипаттағандағы Лермонтов сарынына жақын келетін сыйпаттау.

“Природы блеск не возбудил”
В груди изгнанника бесплодный
Их новых чувств, их новых сил,
И все, что пред собой он видел,
Он презирал, иль ненавидел”¹¹³, —

дейді “Демонда”.

Бұл әрине Лермонтовтан Ақылбай көшіріп алу емес, ұлы ақыннан келген жақсы әсер, өнеге, үлкен мектеп үлгісі. Соны Абай шәкірттерінің терең ұғып, жоғары бағалап үйрене білгені, творчестволық жолмен орыс әдебиетінің асыл мұраларын меңгере білгені деп ұғуымыз керек.

Ақылбай өзі көрмеген Кавказ жайын Пушкин, Лермонтов еңбектері арқылы жақсы танып, терең сезініп жырлаған. “Дағыстандағы” жырланатын черкес жұртының мінездерін, ерлік бейнесін суреттеуде Ақылбай үлгіні “Демоннан” емес, Пушкиннің “Кавказ тұтқынынан” алады. Пушкин өзі бұл поэмасының ең дұрыс, ең сәтті шыққан жерлері

ол черкестің тұрмыс, салты суреттелген бөлімі деген. Ақылбай да өз поэмасында Дағыстандағы толып жатқан тау жұртының ішінен черкес елін алып жазады. Сонда:

“Күні бүгін іркіліп көрген емес,
Бір сөзге қанжар алып қағысқаннан”, —

не болмаса:

“Қаны қызса қанжарын қайтармайды,
Өзге елдің бұрын сермер таяғынан”, —

деп черкестерге берілетін, ерлік, қайсарлық мінездер Пушкин жырлаған черкес мінездерімен, салтымен дәл түсіп отырады.

Пушкин “Кавказ тұтқынында”:

“черкес оружием обвешен:
Он им гордится, им утешен”¹¹⁴, —

дейді.

“Дағыстанда” Кавказдың адамды апатқа ұшырататын долы дауылымен нажағайлатқан нөсер жауынын, тау тасқынын Ақылбай:

“Кавказдан қара бұлт шықты аспанға,
Түсі суық қорқыныш байқасқанға,
Еңсергенде екпіні тау жыққандай,
Шыдар емес ешбір жан шайқасқанға.
Бір түрлі жауын жауды сатырлаған,
Жүктей тас домаланып батырлаған,
Бір минутта он-он бес жай түсіп тұр,
Қорқытты жан несін шатырлаған”, —

деп суреттейді.

Кавказ тауының қолма-қол үйіріліп ойнап шыға келетін қара бұлты мен дауыл, тасқынын, оның жойқын апат күшін Пушкин де сипаттайды. “Кавказ тұтқынында” бұл жай былай жырланады:

“... Шум табунов, мычанье стад
Уж гласом бури заглашались...
И вдруг на долы дождь и град
Из туч сквозь молний извергались:

Волнами роя крутизны,
Сдвигаю камни вековые,
Текли потоки дождевые”¹¹⁵, —

дейді.

Ақылбай да Жүсіптің екі баласы бірдей апатқа ұшырайтын сапардағы Кавказ қаһарын осы Пушкин үлгісінде суреттеген. Кавказдың бейнесін дұрыс сипаттауда орыстың ұлы ақындарынан үйренгені көрінеді.

Сонымен бірге Пушкин, Лермонтовтың Кавказ тақырыбындағы поэмаларында жырланатын орыс адамдары тау халқына қарама-қарсы қойылатын “Дағыстан” поэмасынан кездеспейді.

“Дағыстанда” черкестердің жауымен соғысы да суреттеледі. Ақын соғыс сипатын аса шебер береді:

“Кобелектей көп әскер сайдан дулап,
Қамданған қалың кісі шықты шулап,
Қара қошқыл түгіннен от жаркылдап,
Қорқынышты дыбыспен оқ зуылдап.
Оқ тигендер құлайды оннан-бестен,
Шалшықтағы балықтай жатыр тулап”, —

дейді.

Абай мақсаты — орыс мәдениеті орыс халқымен достық деген болатынбыз. Сондықтан “Дағыстан” поэмасында черкестердің соғысатын жауы да орыс емес, сыртқы жауының бірі ғана болады.

* * *

Ақынның адамға әсерлі жақсы жазылған дастаны экрандағы киноның лентасы сияқты көз алдыңнан лезде өте шыққандай болады. Оқушысының көз алдына бұрын көрмеген жаңалықтарды әкеліп, ақыл, ой дүниесін кеңейтіп, алысқа көз салғызып, көңіл тербейтін, сезімін сергітіп, қиялын қанаттандырып, жігер беріп, рухтандыра алатын ақындық шығарма — адам санасын тәрбиелейтін өзінше бір жақсы мектеп сияқты. Ондай адамның ақылына қонымды, сенімді, әрі көркем, әрі әсерлі шығарма ақынның талантына ғана емес, біліміне, мәдениетіне байланысты.

“Дағыстан” поэмасы құрғақ еліктеуден тұрған шығарма емес, ақын жыр етпек ел-жұртын, ол елдің тарихын, тұрмыс-салтын, елдік ерекшеліктерін жақсы түсініп жазған. Ақын Дағыстан жұрты жайында көп ізденіп, жырлайтын тақырыбын әбден меңгеріп, шын беріліп, ақындық шабытпен жазған.

Ақын Дағыстан елінің тарихи шындығын жақсы біліп жырлаған. “Дағыстан” поэмасының “қазақтың “қап” дегені Кавказ серек” деп басталуының өзі, тау суреттерін поэмадағы негізгі табиғат бейнесі етіп алуы “Дағыстан” деген сөздің мәнін ақын жақсы түсініп жырлауында.

“Бұл (“Дағыстан” – Қ.М.) монғол сөзі, таулы жер /гористая страна/ деген сөз. Каспий теңізінің батыс жағалауына келген татарлар берген ат екені күдіксіз¹⁶. Дағыстан жұрты – ерте заманда татарлардың тықсыруымен тауға шығып кеткен ел. Одан кейінгі замандарда да Дағыстан басып алу саясатының нысанасы болған ел. Дағыстанды жаулап алу мәселесі XVI–XVII ғасырларда көтеріледі. Петр тұсында (1722 ж.) Дербентті орыс әскері басып алады. “Дағыстан” поэмасының авторының осындай тарихи жайлардан үлкен хабары болған. Сондықтан поэмада:

“... Бұрын талай соғыста ойран болған,
Көрінді Дағыстанның қалалары”, –

деп жыр етеді.

Поэмада қанжарласып, бірін-бірі өлтіріп тастау, өш алу, ант, қанды қанмен жуу - қанды кек әдеті үлкен орын алған. Ақын бұл мәселені де тарихи шындықтан шықпай жыр етеді. Дағыстан елінде, тау халқында қанды кек қуу XIX екінші жартысында да болғаны тарихи шындық. Бұл жөнінде Кавказдағы Авар экспедициясына қатынасқан Я. Костенецкий деген адам “Современник” журналында былай деп жазады:

“Азаматтық дауды, яғни жеке меншік туралы дауды, әрбір қоғам өзі қалап алған, қадилер шешеді: ал қылмысты іс пен дауды, жеке бастың кегіне байланысты тартысты қанды кек алу (қанды) әдеті бойынша әркім өз қолымен шешеді”¹⁷.

Ақылбай “Дағыстан” поэмасында тарихи шындықты бұрмаламай, біліп жырлаған.

* * *

“Дағыстан” поэмасының көркемдік, идеялық-мазмұн, тарихи шындық жағынан құнды болып шығуына орыс әдебиетінің жақсы үлгісі, ақынның кітап мәдениетін меңгере білгендігі – Абай өнегесі зор мектеп болды дедік. Сонымен қатар тау халқының мінез-құлқын ақынның жақсы біліп, дәл суреттеуіне себеп болған тағы бір жәй бар. Ол – Ақылбайдың Кавказ адамдарын көріп біліп, бірге

жүріп, олармен істес болуы. Олар арқылы тау елінің салт-санасымен, әдет-ғұрпымен таныс болуы. Олардан Кавказ жұрты туралы әңгіме-аңыздар, жауынгерлік жорықтар жайында көп нәрселер естіп, біліп қанық болуы. Ақылбай істес болған Кавказ адамдарының өздері талай жорықты, жауынгерлікті басынан кешірген адамдар болуы.

Абайды дана көріп келген талантты адамдармен бірге, Абайды пана көріп келгендері де Абай аулында көп болған. Бұл жерде біз Ақылбай поэмасына байланысты Кавказдан келген черкестер жайынан мысал үшін айтпақпыз. М. Әуезов “Абай” романында Ақылбайдың Балқыбек съезіне бара жатқанын суреттей келіп, оның қасындағы екі күтуші, атшысын айтады:

“Бірі – Қазақбай – зор денелі, үлкен қошқар тұмсықты, шүңірек көк көзді кісі. Тұқымы черкес. Ендігі аты Қазақбай атанған, Құнанбай ауылының көршісі. Ол жас жағынан Ақылбайдан көп үлкен, Абай құралыптас”.

Бұл жазушының ойдан алып жазған жазуы емес, тарихи шындық. Жалғыз Қазақбай емес, Абай аулында черкестен бірнеше адам болған. Кейбір Кавказ елінің адамдары Абайды паналап, аулында жатып кеткен. Кейбірі Абай аулының адамы болып, біржолата тұрып қалған. Соның бірі – осы Қазақбай.

“Құнанбай аулына келген черкес нәсілді, Кавказ тауының бауырында туып-өскен өз айтуынша аты Хасан еді дейді. Бұл жерге келіп орныққан соң, Құнанбай оның атын Қазақбай қойыпты. Қазақтан қатын әперіп, үй қылып, мал шаруашылығына айналыстырған. Келбетіне “түсіне қарағанда анық Кавказ халқы екендігі байқалып тұрушы еді... Қазақбайдан Омарқан, Сейтқан, Ережеп дейтін балалар туып, ер жетті”¹¹⁸.

Екінші бір черкес жігіті:

“1898 жылы Семей арқылы... Абай аулына келді... өз айтуынша:”Арзрум деген қалада туып өстім. Соғыс ғылымын үйрендім, қылыш шабуға аса ұста болдым. Өз елімнен бірнеше адамдардың өліміне себеп болдым. Сондықтан өз елімде тұра алмай... паналауға келдім” дейтін. Бұл жігіт Мағауия мен Кәкітай ауылдарында кезек қонақтап, үш жыл жүрді. 1901 жылы Мағауия ауылында жас жігіттерге соғыс өнерін көрсетем деп... Ділде бәйбішеден, Әбіштің қылышы бар дейді соны маған бере тұрыңыз, жастарға өнер көрсетейін деп сұраған соң, бәйбіше береді. Қолына қылыш тиген соң, әрлі-берлі сермеп, неше түрлі шабу әдісін жиылған жұртқа көрсетіп жүріп, бір мезгілде айғайлап, көзі бұзылып, сендерді де өлтірейін деп қасындағы Садық деген Абай

үйінің бір жігітін қылышпен салып жіберіп, саусағын шауып түсіреді. Одан қорқып жұрт бет-бетіне қашқан соң, ерттеулі тұрған атқа мініп, ауылды айнала шауып, елді қорқытады”¹¹⁹. Сөйтіп, есінен адасып, ақыры Семейдегі есалаңдар үйіне түседі.

Бұлардан басқа 1892–1893 жылдары бірнеше черкестер Абай аулында болған.

Ақылбайдың “Дағыстан” поэмасын жазғанда черкестердің тұрмыс-салтын дұрыс суреттеуіне, поэмадағы кейіпкерлердің мінез-құлқы, іс-әрекеті шындықпен берілуіне, сөйтіп, дұрыс көркем образ жасалуына жоғарыдағы айтылған черкестерді көріп, білу сөзсіз әсер еткен деп ойлаймыз.

“Дағыстан” поэмасы – қазақ әдебиетіндегі жаңа үлгінің бірі. Орыстың XIX ғасырдағы классикалық әдебиетінен келген өнеге. Орыс әдебиетіндегі Пушкин, Лермонтов үлгісіндегі прогрессившіл романтизмнің Абай арқылы келген жақсы әсерінің бірі – Ақылбайдың осы “Дағыстан” поэмасы. “Дағыстан” поэмасы жазыла сала Абайдың әнші, ақын шәкірттері арқылы елге тез тарап кеткен. Қолжазбадан қолжазба, ауыздан ауызға көшіп, сол кездегі Семей облысына қарайтын елге түгел тараған. Қазақ даласына қаптап кеткен құдайға құлшылыққа уағыздайтын діни хиссалардың, еріккендердің ермегі үшін айтылып жүрген мағынасыз, мақсатсыз жырлардың, өткенді көксеп, ескіге елеуреп кері кеткен ақындардың өлең-жырларының, саруайымшыл бояу сарыны жарып шыққан күшті үн, жаңа лебіз сияқты болған Абай шәкірттерінің поэмалары еді.

“Дағыстан” поэмасы бейне бір Кавказ шыңынан шырқаған қазақ ақынының қуатты дауысындай ел құлағын елең еткізіп, көңілін көкке көтеріп тастағандай болады.

“Дағыстан” поэмасына еліктеп жазушы ақындар да болған. Сондай ақынның бірі – марқұм Иса Байзақов. Иса Абай шәкірттерінің поэмаларын жақсы білген, елге таратушының бірі болған. Исаның “Кавказ” поэмасы Ақылбайдың осы “Дағыстан” поэмасының тікелей әсерімен жазылған.

“Зұлұс”

Зұлұстар жайында поэманы әуелде Мағауия жазбақ болып жүреді екен. Кейіннен Мағауияның денсаулығы нашар болу себепті (1900) зұлұстар жайындағы жазбақ поэмасының оқиғасын ағасы Ақылбайға айтып береді. Сонымен Ақылбай “Зұлұс” атты поэма жазады.

Ақылбайдың бұл “Зұлус” поэмасынан сақталып жеткені 104-ақ жол. Поэманың толық нұсқасы әзірге табылған жоқ. Поэма оңтүстік Америкадағы зұлустар жайында жазылған. Поэманың негізгі идеялық мазмұны зұлустардың отаршылдыққа қарсы күресіне арналған деуге болады. Поэмадағы басты кейіпкерлер Квартерман деген піл атушы мерген, Генри, Гут деген миллионер байлар. Бұл соңғы екеуі ағылшын байлары. Поэмада “Омпала” деген жасырын атпен жүрген Зұлус, шын аты Жугури кездеседі. Ақылбай поэмасында геройларының аты-жөнімен, кәсіп-қарекетімен кімдер екенін айқындап береді. Бұл жерді Квартерман тегі жөнінде біраз ой туады. Квартерман піл ататын мерген, қаламен, ақ жұртпен араласып жүреді. Кемемен қалаға қатынасып піл сүйегін сатады. Квартерманды бәрі біледі. Бұл кәсібіне, салтына қарағанда ақ жұрттың адамы емес. Сол сияқты нағыз қара жұрттың да адамы емес. Ол қара жұрттың елімен, жерімен, тұрмысымен жөнді таныс болмайды. Осыдан барып туатын ой “Квартерман” деген кісі аты емес қой дейміз. “Квартероны” деген сөздің мағынасын беретін сияқты. Джек Лондон өзінің “Остроумие Порпортука” деген шығармасында “Квартероны” деп ақ нәсіл мен метистерден туған баланы айтады¹²⁰, — дейді. Ақылбай поэмасындағы квартерман осы Джек Лондон айтқан тектен шыққан адам болуы керек.

Поэма “Зұлус” тауының суретін сипаттаумен басталады. Ақылбай суреттеп отырған жерінің табиғат жағдайын дұрыс береді.

“Орта жері отша ыстық піл ойнағы”, “қалың тоғай, қара үнгір, қиын жартас, қаскүнем хайуанаттар тұрған сыйып” деген сипаттаулар ақын оңтүстік Африка жайын жақсы біліп, дұрыс суреттегендік.

Квартерман мергенді сондай қауіптің ортасында “бейнет ішіп, күн көрген қатер киіп” деп сипаттайды ақын. Квартерман — ер мерген. Піл атып, оның сүйегін, тісін қалаға апарып сатып тұрады. Бір күні мерген кеме үстінде екі адамға жолығады. Оның бірі Генри деген адам Квартерманды іздеп жүреді. Генри өзінің інісін жоғалтқан, сол інісінің жайын Квартерманнан білмек:

“ — Айтайын, — деді Генри жайды бастан,
Миллионердің ұлымын, дәулеті асқан,
Жалғыз інім Джорждан тірі айрылып,
Құлағандай болып түр басыма аспан.

... Бір күні жоғын білдім банкке барып,
Бар ақшасын қалдырмай кетіпті алып”, —

дейді.

Квартеман оның інісін көрген. Джорж Квартеманнан жолдың жоспарын алып, Сүлеймен қазынасын іздеуге кеткен болады. Джорж жолығардан бұрын Квартерман аң атып жүріп, өлім халіне жеткен бір адамды тауып алып балағанына әкеледі:

“Көтеріп алып келдім балағанға,
Қуандым көз ашуға жарағанға.
Алмас... алмас..., деді де жаны шықты,
Қойнынан қағаз таптым қарағанда”, —

дейді. Ол қағаз Сүлеймен қазынасының жоспары болады.

“Ол план менде қалды соныменен,
Іс қылып іздемедім оныменен,
Інің Джорж екі адам іздеп кетті,
Табамыз деп планның жөніменен”, —

дейді мерген Генриге. Поэма оқиғаның дәл осы жеріне келгенде үзіледі. Поэманың бұдан былайғы жалғасы өлең қалпында әзірге табылмағанмен ақынның жырлайтын оқиғасы ел көңілінде қалған. Генри інісін, Сүлеймен қазынасын іздеуге аттанады. Квартерман, Генри басшылыққа Омпапаны алып және бір адам бар бесеуі сапар шегеді. Талай қауіп-қатерден өтіп, қара жұрттың еліне келеді. Омпапа өз еліне келген соң, бұларға сырын ашады. Ол сол қара жұрттың (зұлұстар) патшасының баласы болған. Әкесін Твала деген бір мықты зұлұс өлтіріп, Омпапа ақ жұртқа қашқан. Енді өз елін тауып, ақ жұрттың (ағылшынның) адамдарынан айрылып, елінде қалады. Поэмада Гут, Генрилердің айдан келген адамбыз деп қара жұртты қорқытуы, мылтық атуы айтылады. Генри інісін таба алмайды. Сүлеймен қазынасын да ешкім көрсетпейді. Бұлардың қайтатын жолын көрсетуден де зұлұстар бас тартады. Қара жұрттың көпті көрген қариясы жолды көрсетпейміз, бұлар жолды біліп алса, біздің ел аман болмайды дейді. Ақыры Генрилерді шығарып салып, кісі асатын жалғыз асуды бекітіп қалады.

Поэманы естіген ел аузында сақталған оқиғасы осындай. Бұдан поэманың көркемдік мазмұны жағынан ештеңе айтуға мүмкіншілік болмаса да, “Зұлұс” поэмасының идеялық мазмұны, ақынның мақсаты ашылады.

Поэмада Квартерман, Омпапалар — жағымды геройлар.

Квартерман – қауіпті, қатері мол еңбегімен күн көріп жүрген ер мерген. Ол дүниеқор емес. Генри інімді іздесең, ақша берем десе, ақша үшін емес, адамшылық үшін іздесем дейді. Омпапа өз елінен қашық ақ жұртқа келгенде, ақ жұрттын мінез-құлқын біліп безген адам. Генрилердің қазына іздеген сапарларын пайдаланып, алдап еліне жетіп алады.

Генри, Гуттар – миллионерлер. Құр тілі майда, ішкі мақсаты пайда іздеу. Генридің інісі Джорж өз ағасынан жасырынып, банктен ақшасын алып қашқанда, туысқандық өкпе-наз емес, бірін бірі алдау. Ол ағасынан жасырынып кетіп, Сүлейменнің қазынасын таппақ. Генридің түпкі мақсаты інісін іздеймін деген сылтаумен байлық іздеу болады. Квартерман бұларға қарама-қарсы қойылған образ. Ол – байлық іздеймін деп жанталасқан жалмауыз жандардан ерекше, жаны биік адам. Сүлеймен қазынасын іздеймін деп өліп жатқан дүниеқордың қалтасынан тапқан планды да Джоржға бере салады.

Поэма шындыққа негізделген. Жан-жағын жалмаған отаршыл ағылшын капиталистерінің бейнесін Генри, Гут, Джорждардың мінез-құлқынан, іс-әрекетінен айқын көруге болады.

Сол сияқты Генрилерден зұлұстардың соншама үрейленіп, оларды көргісі келмейтінін, олар жерімізді баспаса екен дейтін арманын айқын көреміз.

“Зұлұс” поэмасы өзінің композиция, сюжет құрылысы жөнінен жиһанкездік-отарлық тақырыпта жазылған романдарға ұқсайды. Поэма геройларының тағы жұрт – зұлұстар еліне сапары аса қызықты, фантастикалық элементтер араласа отыра суреттеледі.

Ал жабайы зұлұстардың ауыр халінің поэмада шындықпен суреттелуі, ағылшындардың байлық, жер іздеп жанталасуы, олардың отаршылдық ниетінің әшкереленуі – шығарманың негізгі идеялық мазмұны болып келеді.

“Зұлұс” поэмасы арқылы Абай шәкірті – Ақылбай қазақ әдебиетіне тән барлық ерекшеліктерімен роман-поэма енгізеді.

* * *

Зұлұстар ағылшын отаршылдарына қатты қарсыласып, өздерінің тәуелсіздіктері үшін көп ерлік көрсетіп алысқан ел болған. Англияның капиталистері зұлұстардың көпшілігін қырып, көбін құнарлы жерінен қуып шығып, қарсылық күресін күшпен басып, 1879 жылы бағындырады. Содан бері зұлұстар ағылшын капиталистерінің езуінде. Қазір

олар ағылшын капиталистерінің құлдық қамытын киген. Зұлұстардың өнім беретін жерлерін ағылшындар тартып алып, өздерін шөлге, қу тақырға айдап тастаған. Қайыршылық халге жеткен зұлұстар шахталарда тектің алдында ақы алып, жұмыс істейді. Он сегіз жастан бастап, еңбекке жарамайтын еңкейген кәрісіне дейін алым-салық төлейді. Зұлұстар аш-жалаңаш, баспанасы – талдан тоқып, шөппен жапқан күркелер. Импералистердің отар елге қамқормыз деген “қамқорлығының” түрі осындай. Ағылшын лейбористерінің соңғы кезде шу көтеріп, “колониальный социализм” деп жүрген былшылы, зұлұстардың қайыршылыққа айналып, тұқымы құрып бара жатқан аянышты ауыр халі айқын көрсетіледі.

Ақылбай поэмасындағы Генрилерден жерімізді баспаса екен деп безетін зұлұстардың қазіргі жайы осындай.

VII Тарау

Мағауия Абайұлы Құнанбаев

(1870–1904)

Мағауия – Абайдың Ділдә деген әйелінен туған кенже баласы. Мағауия тоғыз жасынан бастап, төрт жылдай “кіші молда” деп аталатын татар молда Мұқаметкәрімнен оқып, хат таниды. Мағауияны он екіге жеткенде Абай Семей қаласындағы орыс мектебіне оқуға береді. Осы жолы Мағауиямен бірге орыс мектебіне төрт жас үлкен апасы Гүлбадан да оқуға беріледі. Мағауия оқуға аса қабілетті, зерек болады. Орыс мектебінде екі жарым жылдай оқып, науқасқа шалдыққан соң, дәрігерлердің кеңесімен ауылына қайтады. Абайдың: “Баламды медресеге біл деп бердім, қызмет қылсын, шен алсын деп бермедім” дейтіні 1885 жыл еді. Сол жылдар осы Мағауияның, оның ағасы Әбіштің, апасы Гүлбаданның орысша оқуда жүрген кездері болатын. Мағауия сол науқастанып қайтқаннан оқуға жарамайды.

1885 жылдан бастап әкесінің тәлім-тәрбиесінде болады. Абайдың ерекше жақсы көрген, үлкен үміт күткен баласы Мағауия ұлы ақынның ең талантты, талапты шәкіртінің бірі болады. Мағауия үнемі әкесінің қасында болып, Абайдың өсиет, насихатын зер салып тыңдайтын, зейінді, ұғымтал саналы шәкірт болған. Орыс мектебінен алған аз білімін әкесінің өнегесімен өз бетімен дамытып, орыс тіліне аса жетік болады. Абай оқитын кітаптарды, орыс ғалымдарының, ұлы ақын, жазушыларының ғылым, әдеби еңбектерін Мағауия көп оқып, көп біледі.

Ауылда науқас болып оқи алмай қалған, бірақ аса талантты інісін оқудағы ағасы Әбіш “Мағашым” деп ерекше жақсы көріп, жан тартып, оның өнер-білімге жетілуіне үлкен көңіл бөліп, көмектеседі. Сөйтіп, Мағауияның тәрбие көрген мектебі – Абай болады. 1885 жылдар Абайдың әдебиетке барынша бет бұрып, ақындық өнердің жолына

бел байлап түскен жылдары еді. Осы жылдар Абайдың ақындық атағының да кең жайылып, Абай алдына талапты жастар топталып, Абай ауылы қазақ даласындағы мәдениет ортасына айналған кез болатын. Абайдың Михалыс, Долгополов, Леонтьев, тағы басқа орыс достарымен танысып, олармен үнемі үзбей қарым-қатынас жасап тұрған жылдары да осы кез.

Мағауияның он беске аяқ басқанда ауырып, оқудан қайтып, ауылына келгеннен соңғы ендігі өнеге алатын ортасы, ендігі мектебі осындай орта болады.

Мағауия он бес-он алты жасынан бастап өлең жазады. Бұл кездердегі өлеңі — жастық, махаббат жайындағы лирикалық өлеңдер. Сол жастық махаббат тақырыбына жазылған Мағауияның алғашқы ұсақ өлеңдерінің өзінен Абай ақындығының жақсы үлгісі көрініп тұрады. Айтпақ ойды ақын тілімен жеткізіп суреттеу, тақырыптан ауа жайылмау, “бөтен сөзбен сөз арасын бұлғамай”, “тілге жеңіл, жүрекке жылы тиетін, айналасы теп-тегіс, жұмыр келген” өлең болу шартын Мағауия әуелден берік ұстаған. “Ай жарық, жаздың түні ат терлетіп” деген аз ғана өлеңінде қандай бай сурет беріледі. Жаздың айлы жарық түнінде, ауылдан аулақта, елден ұрланып, аңсап көріскен жастар сипатталады:

“Ай жарық, жаздың түні ат терлетіп,
Бір сайға уағдаласқан келсең жетіп,
Жалғаннан жардан басқа түк тілемей,
Жолыққан қандай қызық еңбек етіп.

Ауылды бір кезеңнен тұрсаң бағып,
Бой дірілдеп, шошынып жүрек қағып,
Асыққанда бір минут бір сағаттай,
Япырм-ау, келмеді деп әлде неғып.

Шыққан жарың көрінсе о да беттеп,
Әрең шыққан секілді ептеп-септеп.
Қара шапан, ақ көйлек, кәмшәт бөрік,
Көк шалғынның үстінде көлбелектеп”.

Абайдың “Желсіз түнде жарық ай” өлеңінің үлгісі мен әсері байқалады. Сонымен қатар Мағауияның махаббат тақырыбын жырлауында үлкен мәдениеттілік, Абай арқылы келген орыс әдебиетінің жақсы өнегесі көрініп тұр. Махаббатты жастардың жалғасуын табиғат құшағында суреттеп, қазбаламай, аса сыпайылықпен аңғарту — анық Абай үлгісі.

Мағауияның жастық, махаббат тақырыбына жазылған белгілі бір өлеңі – “Түсімде бүгін түнде көрдім духтар” деген болады. Бұл өлең Мағауияның өз басынан кешкен махаббат драмасына байланысты туады. Ол оқиға Шәкежан деген қыздың басына байланысты болады. Шәкежан белгілі жыршы Бейсембайдың ақылды, көрікті, ортаншы қызы болған. Ол қыз айттырып қойған күйеуіне көңілі толмай, ұнатпайды. Өзінің махаббат сырын ашып, Мағауияға өлеңмен хат жазады. Мағауия қыздың хатын алған соң, қызды көргісі келеді. Арнап барып қызға жолығып, қыздың мұңы мен зарын өз аузынан естиді. Шәкежан өзінің адамгершілігімен, ақыл, көркімен Мағауияға қатты ұнайды. Бірақ амал жоқ. Шәкежанның жастай айттырып қойған қайны да Ырғызбай тұқымы Сатыбалды деген болады. Бірін-бірі ұнатқан екі жас көңіл қосып жүргенмен, ел көзіне көрініп, баянды өмір сүруге мүмкін болмайды. Осындай сүйген жардың күйігі Мағауияны қатты толғандырады. Осыған байланысты түнде көрген түсі етіп, ол түсінде қызға өзін қатты кінәлатып, жоғарыдағы айтылған өлеңді жазады. Ардақты махаббатынан амалсыздан айрылған Мағауия ауыр кінәны, жапа шеккен жан екенін толғайды:

“Күндіз бойды жыйя алмай, міне, отырмын,
Аямай қатты сөкті нысап пен ар”, –

дейді.

Мағауияның өз өмірінің ішінде басынан кешкен өмір кездерінің ең қайғылы ауыр кезеңі ағасы Әбдірахман (Әбіш) өлімі болады. 1894 жылы Алматыда қатты наукастанған Әбіш тағдыры Абай ауылын қатты күйзелтеді. Әбіштің науқасын естігеннен бастап, оған арналып жолданған әке махаббатын жеткізетін, Абай жүрегін жарып шыққан сағыныш, тілек жыры туады. Абайдың барлық шәкірттері Әбішке туыстық, достық жүректен тілектестік ниеттерін білдіріп, терең сезімді өлең-хаттар жолдайды. Мағауия да ағасына арнап өлең-хат жазады.

Абай 1894 жылы Мағауияны Әбіштің қасында болуға Алматыға жібереді¹²¹. Мағауия Әбіштің қасында бес айдай болып күтіп, сүйікті ағасын өз қолынан аттандырады. Осы ауыр сапар, қайғылы хал, бес ай бойы ағасының ақырғы демін күткен қаралы күндер, ауылдан аулақтағы жалғыз басқа түскен ауыртпалық Мағауияны қатты тебірентеді. Осы ауыр халдің үстінде “бір үміт, бір қауіптің” ортасында өткізген күндер, үзілген үміт ақынның: “Ыңқылдап жатыр

екен жаңа барсам”, “Дейтұғын сөзің қайда “Мағатайым”, “Жалғыз, міне, отырмын әр нәрсе ойлап”, “Бірге туған бауырлас” деген өлең-жырларын туғызады. Әбішке арналған Мағауияның бізге жеткен өлеңдері осылар. Бұдан басқа Мағауияның ұсақ өлеңдерінен бізге жеткендері: “Жақсы жар...”, “Жас шыбық” деген сияқты лирикалары.

Мағауия Абайдың әр жақты талантты шәкірттерінің бірі болған. Ақындығымен бірге домбырашы, гармоншы, скрипкашы та болады.

Мағауияның қазақтың өткен өміріне арналған “Ендік—Кебек” атты поэмасы, Африкадағы құлдар жайынан жазған “Медғат—Қасым” атты поэмалары бар.

Мағауия өзінің ерекше адамгершілік қасиетімен, кең ақылмен, ақ көңіл, майда мінезімен, турашыл әділдігімен өз еліне аса сүйкімді адам болады. 1900 жылдардан былай Абай алдына келетін ел ортасының сан алуан жұмысы енді Мағауия алдынан бітіп, тынатын болады.

“Мағауияның жаратылысы халыққа өте жұғымды, бір ғана Абайдың баласы емес, халықтың, көптің баласы сияқты еді. Абайдың елі-жауы болсын Мағауияны жақсы көрмейтіні жоқ еді”¹²², — дейді өзінің естелігінде Рақымжан Мамырқазов.

Мағауияның ауылы да әкесі Абай ауылындай елге жақсы өнеге көрсетіп, ұқыпты жастардың бас қосып, білім салыстырып, өнер жарыстыратын ауылы болады.

Жасынан жабысқан науқас Мағауияны мендетіп жеңеді. 1903 жылы ноябрь айынан төсек тартып жатып, 1904 жылы 12 майда 34 жасында Мағауия дүниеден қайтады.

Мағауия қазасы Абайға айықпайтын дерт, арылмайтын қайғы болады.

Мағауияның соңынан қырық күннен кейін Абай өзі де қайтыс болады.

Мағауияның бейіті Ақшоқы дейтін жерде.

* * *

Мағауияның бірінші әйелі Дәмегөйден туған Уәсилә дейтін қызы 1955 жылы қайтыс болды. Құтайба, Бабыр деген балалары ертеде қайтыс болады. Жағыпар деген баласы 1984 жылы қайтыс болған. Екінші әйелі Маржаннан Кәмила дейтін қызы болған, ол 1933 жылы өлген.

“Еңлік—Кебек ”

Абайдың ақын шәкірттеріне жазуға арнап тапсырған тақырыбының бірі осы Еңлік пен Кебек жайы. Бұл тақырыпта “Еңлік—Кебек” атты поэманы Мағауия жиырма жастағы кездерінде 1890 жылдар жазған. Еңлік пен Кебек жайы XVIII ғасырдың ортасында болған тарихи шындық. Оқиға Найманның Матай руы мен Тобықты арасында болады.

Тобықты елі Шыңғыс тауының маңына көшіп келгенде бұл кезде Тобықтының басшысы да, өкілі де Кеңгірбай би (жалған аты қабекен) болған¹²³. Кеңгірбай (Қабекен) Абайдың төртінші атасы Айдостың туысқаны Жігітек деген кісінің баласы болады. Тобықты елі Шыңғыс тауына келерден бұрын ол жерлерге найман руы, оның ішінде Матай елі ірге теуіп, иеленіп отырған болады. Сол Матайды Кеңгірбай тұсында Тобықты ру басшылары алғашқы ірге тепкен жерінен тайдырмақ болады. Мұның арты көп шабуыл болған. Қазақ оқушысының көпшілігіне мәлім болған Еңлік—Кебек оқиғасы дәл осы алғашқы талас-тартыстың кезін көрсетуші еді.

Еңлік пен Кебек рулық-феодалдық ескі әдет-ғұрыптың құрбаны болған жазықсыз жастар еді. Сүйісіп қосылған екі жастың қыршынын қиған Найман мен Тобықтының ру басы феодалдары. Екі жасқа өлім жазасын кескен, мейірімсіз билік айтқан Кеңгірбай болады. Кеңгірбай найман ру басыларынан алған парасы үшін, өзінің құлқыны үшін екі жастың қанын төккен қара жүрек би еді. Ру басылар “ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс” боп, шексіз үстемдік құрып тұрған дәуірде халықты езіп, қанаумен бірге бостандыққа биттей бой ұрушылық болса, аяусыз жазалап, құртып отырған. Ру басылар осындай залымдық, қаталдық істерін шарифат жолы, ата-бабаның ақ жолы деген сөздермен бүркемелеп, қараңғы халықты алдап, арбап үстемдік жүргізген. Ру басылар өз үстемдіктерін үздіксіз жүргізіп, шексіз билеу-төстеу праволарын сақтап қалу үшін Кеңгірбай сияқты билерін дәріптеп, оның атын да атамай “би, бабаң” деп елден ерекше қасиетке ие адам етіп, әулиелікке дейін көтермелеген. Кеңгірбай өлгеннен соң, оның аруағын аспанға көтеріп, ел санасын ескі соқыр сеніммен уландырған. Кеңгірбайдан соңғы ру басылар оның жол-жобасын, билік салтын заң етіп, “Қабекен” аруағына арқа сүйеп, үстемдік жүргізіп отырған.

...Өз тұсында Кеңгірбайдың Еңлік пен Кебекке айтқан арам билігін ру басы феодалдар халық алдында әділ билік, тура билік деп уағыздаған. Ол заманда Еңлік пен Кебектің жазықсыз төгілген қаны, ауыр қайғысы сыртқа шыға алмаған, халықтың жүрегіне шер боп байланып, іште кете берген.

Кейін Абай заманындағы аруақты қара жүрек, надан байлардың ауылы ру басыларының жаңалыққа қарсы, Абайға қарсы күрескендегі сенгені, күні өтіп кері кеткен ескі әдет-ғұрып, ескі аруақ, сол Кеңгірбай аруағы болған. Жиренше, Оразбайлар арам ойларын бір жерден шығаруға уағда еткенде, бірін-бірі сендіру үшін Кеңгірбайдың басына барып, ескі молада анттасатын.

Ағартушы Абайдың идеялық күресінің бір түрі — рулық-феодалдық ескі салттың сенімінен ел санасын айықтыру. Ол үшін ел басынан кешіп өткен өміріндегі ру басылар бүркеп келген тарихи шындықтардың бетін ашып, ел алдында әйгілеу. Халыққа “әулие” етіп уағыздалып келген Кеңгірбай сияқты билердің мінез-кұлқын, іс-әрекетін дұрыс көрсетіп, халыққа шындық бейнесін ашып беру Абайдың негізгі бір мақсаты болған.

Сөйтіп, Еңлік—Кебек жайын тақырып етіп алып, Мағауияның поэма жазуында үлкен саяси-әлеуметтік мән бар. Еңлік—Кебек жайы тек Матай, Тобықты арасындағы рушылдық тартыстан туған емес, бүкіл қазақ халқына ортақ тарихи шындық. Абай осы тұрғыдан қарап, Еңлік—Кебекті поэма етіп жазуды Мағауияға береді. Фасыр бойы бүркеліп келген шындықты Абай ашады.

* * *

“Еңлік—Кебек” поэмасының идеялық мазмұны — өткен өмірдегі ел басынан кешкен тарихи шындықты суреттеп, ескі билердің, ру басылардың қайырымсыз қатаң қылықтарын әшкерелеу. Ақын поэмасында алдына қойған мақсатын ашық айтады:

“Заманның ғәділетсіз надандығын,
Қозғадың жүрек, тілім, сөйле мығым.
Баяғыны көксейді білімсіздер,
Мінеки, көрсетейін жамандығын”, —

дейді.

Поэманың оқиға желісі Еңлік пен Кебектің кездесуінен басталады. Олардың арасындағы махаббат мәселесінен ба-

рып шиеленіскен тартыс екі ғашықтың аз күн дәурен сүріп, ақыры қайғылы қазасымен аяқталады.

Кебек Тобықты ішінде Жуантаяқ руынан шыққан ер жігіт болады. Қолына қару алып ел үшін еңбек еткен ер Кебекті:

“Жауынгер найза ұстап түнде ұйықтамай,
Қысты күн құс салады алмай дамыл”, —

деп сипаттайды ақын.

Кебек құс салып жүріп боранда адасып барып, Шыңғыс тауының бауырындағы Матай қыстауына кездеседі. Қонаққа құрмет көрсеткен бойжеткен қыз жігіттің көңілін аударып әкетеді.

“Биік қабак, ақ сұрлау, қара қасты,
Тік маңдай, толық жүзді, ұзын шашты.
Қарауында бір түрлі реңі бар
Сынап байқап қалатын жеңіл жасты.

Қыр мұрын, қызыл ерін, аппақ тісті,
Ашық жүзді, жігіттің ериді іші,
Барынша айтып бақтым суреттерін,
Кебек ердің Еңлік қыз асығы осы.”

Кебек қызға сырын ашады. Еңлік те Кебекті сүйеді. Бірақ белгілі ескі ғұрып:

“Жерім бар, әке-шеше қойған беріп,
Ұрғашыға оңай ма кетпек жеріп, —

дейді Еңлік қыз. Ақыры ауыл сыртындағы қақпа тастан табыспаққа сөз байласады. Қақпа таста кездескен екі жас айнымас дос, айырылмас жар жолдас болуға уәделесіп, кездесіп жүреді. Бұл іс жұртқа жария болып, Еңліктің қайнына хабар тиіп, айттырған күйеуі іздеп келгенде, Еңлік Кебекпен қашып кетеді. Сөйтіп, Еңлік пен Кебек ескі жолжораны бұзып қосылып, ел ішіне тұра алмай, далада қашып жүреді. Тобықтының биі Кеңгірбай Еңліктің қайын-жұртынан пара алып, Еңлік, Кебекті қатты жазалауға уәде береді.

“Тобықтыда сол күнде Кеңгірбай би,
Қыз қайнынан астыртын алыпты сый.
Айтады қыз қайнына бітім жерде
Әуелі ұстап алып қызыңды тый.

Кеңгірбай айтып сонда Матайларға,
Еңлік қыз жазықты ғой бір құдайға.
Қатынына ер адам ие болмас,
Қоймаса тыю салып осындайда”, –

дейді.

Дәл осы кезде Кебектің жақыны Тоқтамыс та сапарда болады. Кеңгірбай тегінде Тоқтамыспен наразы болады. Залым бидің жауыздық ниетіне істің орайы дәл келгендей болады. Арам сырын ішіне сақтаған би қол жайып: “Кебекті ұста дейді бітім үшін”. Қапылыста Кебектердің үстінен қуғыншылар түсіп қалады. Еңлікті қозы күреңіне миңгестіріп ала қашады. Ат тастан секіргенде Еңлік құлап жау қолына түседі. Көп Матайлар мен Кеңгірбай келіп, бітім сөйлесеміз дейді. Кебек Еңлікті қиып кетпей, қолға да түспей, Кеңгірбайға кесімді сөзін айтады. Қызды Матайға берме, бітімге малым дайын, егер тілегімді орындамасаң “Өмір бойы жау боламын жасырмаймын”, – дейді.

Кеңгірбай осы арада нағыз зұлымдық айламен Кебекті алдайды. “Батырым, неден қорқып жүрсің, аттан түс, өзді-өзіміз сөйлесейік. Сонсоң қызды қосып жіберем” дейді.

“Кеңгірбай залым би ғой іші қатты,
Жаны ашыған кісі боп суылдатты”, –

дейді Мағауия. Кеңгірбайдың сөзіне сеніп, Кебек аттан түссе:

“Ілмек қылып шылбырды отыр екен,
Мойнына қапылыста қалды тастап”.

Кебекті ат құйрығына тағып өлтірген Кеңгірбай Еңлікті Матайлардың қолына береді. Еңлікті өз елінің жендеттері өлтіреді. Еңлік пен Кебектің артында қалған сәбиге де қара жүрек жауыздардың бір де бірінің көңілі босамайды:

“Балаға ешбір пенде қарамапты,
Тобықты неткен жандар діні қатты,
Шеткі Ақшоқы басында бесігімен
Деседі бір күн бойы жылап жатты”, –

дейді ақын.

Абай айтып берген ақиқат ақын шәкірттерін рухтан-дырып, аға ақынның, дана ағартушылық биік мақсаты олардың шығармаларының негізгі идеясы болғанын осы “Еңлік – Кебек” поэмасынан да айқын көреміз.

Абай Еңлік—Кебек оқиғасын айтып бергенде, шәкірттеріне жаз дегенде сыншы реализм шартын өсиет етеді.

Мағауия поэмада осы шартты орындаған. Ақын тарихи шындықты дұрыс оқумен бірге өткен ескі өмірдің зұлымдық қатал заңын әшкерелейді. Сол зұлым заңның қорғаушысы, парақор биіне қатал, әділ үкім айтылады. Ақын ол үкімін Еңліктің аузынан айтады:

“Тобықты, құлағың сал біраз маған,
Көзбе-көз пәнде едім ғой сөз айтпаған.
Бауырыңды өзің қиып өлтірдің-ау,
Кеңгірбай, артық емес иттен бағаң.

Кеңгірбай ит екенсің, дінің қатты,
Жүрмісің көрмеймін деп ғарасатты.
Не деп жауап бересің, пара алғанға,
Би алдына барғанда ғаділетті.

... Қалжырақтап атандың биім “қабан”,
Қабан түбі шошқа ғой білсең, надан,
Үлкен бидің алдында сөйлесерміз,
Жазасы не болады бидің арам.”

Мағауияның бұл поэмасы ол заманда елге тарай алмады. Тек Абай айналасына ғана мәлім шығарма болып қалды. Онсыз да Абайға, оның шәкірттеріне жауығып жүрген, ұлы ақынға қол көтеруге дейін барған Тобықты елінің жуан жұдырық, екі жүзді залым атқа мінерлері Кеңгірбай жөніндегі шындыққа шыдай алмас еді. “Еңлік—Кебек” поэмасының елге тарауы пәле қуған ру басыларының жанжал отына май құйғандай болмақ еді.

Сөйтіп, “Еңлік—Кебек” поэмасы өз тұсында халыққа кең тарауға мүмкіндік ала алмаған.

“Еңлік—Кебек” поэмасында тарихи шын оқиғаның беті дұрыс ашылумен бірге, XVIII ғасырдағы қазақ өмірінің, тұрмыс-салтының суреттері дәл сипатталған. Ақын: “Жобалап ауыл іздеп келеді құр, түк болжамай Шыңғыстың бораны түр” деп Кебектің қысты күнгі боранда адасқанын айтса, Кебекке кездескен ауылды былай суреттейді:

“Қасында от көрінді жылт-жылт еткен,
Кебек те кешікпей-ақ бұған жеткен.

Белдеуіне күреңді байлап тастап,
Сол үйге тоқталмастан кіріп кеткен”, —

деп ол кездегі қазақтың қысты күні де қазақ үйде отыратынын айтады. “Жөн сұраса, ол ауыл Матай екен, бірғауымнан бұл жерді қылған мекен” деп Шыңғыс тауы Матай жері екені де поэмада шындықпен жырланады.

Ол заманда көшпелі қазақ ауылында шәй ішу әлі салтқа айналмағанын, сол замандағы ауылдың ас-су жайында дәл жазады:

“Ол заманның тамағы құртын ішті,
Кешікпей-ақ қазанда ет те пісті”, —

дейді.

Еңліктің киім-салымы да өз заманына сай дәл суреттеледі.

“Шапаны теріс арқау, мәһи қамзол,
Қымбатты ол заманда осы ғой бұл.
Аяғында көк қасқа етігі бар,
Бұрынғының артықша киімі сол.

Басында құндыз бөрік үкі таққан,
Кестелеулі етегі, көйлегі ақтан,
Бешпеті үстіндегі патсайыдан,
Бек жақсы шығатуғын Бұхар жақтан”, —

деп сипаттайды ақын.

Поэмада Еңлік—Кебек заманында болған елдің ескі сенімі бойынша аты аңызға айналып кеткен Нысан абыз жайы да жырланған. Халық Нысан абызды алдағыны болжайтын қасиетті жан, ерекше бір күштің иесі деп түсіндірген. Кебектің тағдырын Нысан болжап айтыпты-мыс деген аңыз болып кеткен.

Пушкиннің “Песнь о асмам Олеге” өлеңінің Олегтің ажалы туралы аңызды летописстен алып, ол аңызды өзгертпей жыр еткені сияқты Мағауия өз поэмасында Нысан абыздың болжауы жайындағы халық аңызын сақтаған.

* * *

“Еңлік—Кебек” поэмасында Абай нұсқап бағыттаған терең идеялық мазмұнмен қатар, жас ақынның Абайдан ақындық суреттеу үлгісін де өнеге етуге талпынғаны бай-

қалады. Ақын Еңлік пен Кебектің көңіл қосып, махаббатпен табысқан кезін, жастық жайды шертетін сезімді лирикамен жеткізеді. Еңлікті суреттеуде де сұлудың сипатын қызықтап кетпейді. Қыздың көркіне сай тартымды ақыл, салмақты мінезі суреттеледі: “Қарауында бір түрлі реңі бар, сынап байқап қалатын жеңіл жасты” дейді. Еңлік пен Кебектің басында көрсе қызар желөкпелік; нәпсіге ерген жастық жеңілдік жоқ. Шын махаббат, айнымас ақ көңіл, адал жүрек бар.

“...Өмір жолдас боламын лайық көрсен,
Жүрегім бекіп қалған жалғыз сен деп”, –

дейді Кебек. Сондай адал махаббатпен, берік достықпен табысқан жастар өлім алдында да мойымайды.

“Тірілік маған қымбат көрінбейді,
Не болам Кебек сынды жардан қалып”, –

дейді Еңлік. Бұларда жауыздық алдында жалбарыну жоқ. Махаббатын ардақтап, адамшылық ар-намысын аяққа бастырмай бас имей өледі. “Махаббат пен Ғадауат майдандасқан” жерде махаббат күшті болып шығады. Еңлік ең ақырғы сөзінде де жасымай, жабырқамай:

“Екеумізді бір жерге көміңіздер,
Кебекпен жақын жатсын сұлу денем”, –

деп махаббатын ардақтап, тәкәппар ер мінез көрсетеді.

Мағауия Кебектің бүркіт салған аңшылық жайын суреттегенде әкесі Абайдың “Қан сонарда бүркітші шығады аңға” өлеңін үлгі етеді. Мағауия алғашқы оқыған Абай өлеңдерінің бірі де осы “Қан сонарда...” (1882) болса керек.

Мағауия поэмасында бүркіттің, аңшының қимылы мен мінездерін Абай өлеңінің үлгісінде сипаттайды.

“...Бір қырымнан түлкіні байқады ма,
Қолындағы қыраны кетті ырғып”, –

я болмаса: “Аспандай айналып кеп кетті самғап” деген суреттеулер Абайдың:

“Томағасын тартқанда бір қырымнан,
Қыран құс көзі көріп самғағанда”, –

деген сипаттауды көз алдына әкеледі.

Түлкіге түскен бүркіттің ерлік қимылын Абай:

“Жарқ-жүрқ етіп, екеуі айқасқанда,
Жеке батыр шыққандай қан майданға¹²⁶, —

десе, Мағауия:

“Сорғалап қақпақтай боп бүркіт кетіп,
Кешікпей-ақ түлкіге барды жетіп,
Кешкі шабыт уақыты тайқасын ба,
Домалап түсіп қалды жарқ-жүрқ етіп”, —

дейді. Бүркіті түлкі алып жатқанда Кебектің бар дүниені ұмытып, қорқыныш естен шығып шапқанын:

“Ойдан төмен Кебек те келді қуып,
Жығылам деп ол ерден қылмай қауіп”, —

деп суреттеуі, Абайдың:

“Қызық көрер көңілді болса аңшылар,
Шабар жерін қарамас жығылғанға”, —

деген өлеңін еске түсіргендей.

* * *

“Еңлік—Кебек” поэмасының елге мәлім бір нұсқасын Абайдың немерелес бір туысы, реакцияшыл ақын жазған “Еңлік—Кебектің” идеясы — Мағауия поэмасына қарама-қарсы. Мағауия Абай айтқан тарихи шындықты барынша дұрыс суреттесе, Шәкәрім шындықтың бетін бояп, жасырып бүркемелеуге тырысқан. Кеңгірбайдың жауыздығын ашудың орнына, оның айтқан билігін лажсыздықтан айтылған билік деп ақтауды мақсат еткен. Кеңгірбайдың Найманнан пара алып, Еңлік пен Кебекті ат құйрығына таққызып өлтірткенін ол ақын қасақана айтпайды. Поэма-ның ол вариантында да рушылдық, ескіні дәріптеу сарыны басым. Әсіресе, Тобықты, Найман деп бөлушілік, Кеңгірбайларды Тобықтының қамын жеген қамқор етіп сипаттауды мақсат ету айқын көрінеді.

Ал Мағауия жазған “Еңлік—Кебекте” рушылдықтың белгісі де жоқ. Найман, тобықты деп қарамайды, “халық” деген ұғым бар. Еңлік—Кебекке еткен өз елі Тобықты ру басыларының қаталдығын Мағауия кешпейді.

“Балаға ешбір пенде қарамапты,
Тобықты неткен жандар діні қатты”, —

дейді Мағауия.

Мағауияның “Еңлік–Кебек” поэмасындағы “әруақ”, “әулие” деген ел санасын уландырған ескі ұғымдарды жоққа шығарып, Кеңгірбай биді әшкерелеп үкім айтуы — Абайдың өз заманындағы ең озық, ең прогрессившіл идеяның жетекшісі болғанын тағы да дәлелдейді. Кеңгірбайдың парқорлығы ежелден белгілі болған. Жаза тартып, жапа шегіп, ашынған бірлі-жарым жазықсыз адамдардың аузынан шыққан қарғыс сияқты сөздер сол Кеңгірбай заманының өзінде де кездеседі.

“Ел есінде қалған әңгімеде байын кісі өлтіріп, еселі құнын ала алмаған бір жесір қатынның жоқтауының ішінде:

“Мойны басы былқылдап,
Ырғызбай жүрді араға,
Кеңгірбай толды параға,
Параға алған сары атан,
Тігілгей еді қараңа...”¹²⁷, —

деген сөз бар. Мағауия өз поэмасында бұл шындықты барынша ашып береді.

Бұдан алпыс жыл бұрын Абайдың, оның ақын шәкірті Мағауияның өз аталары Кеңгірбай бидің залымдығын халық алдында әшкерелеуді сол күнде қажет табуы үлкен прогресс.

* * *

Мағауия жазған “Еңлік–Кебек” поэмасының бірден бір сақталған, бірақ тозыңқырап жеткен көшірме қолжазбасы соңғы кездерде ғана табылды¹²⁸. Еңлік пен Кебек оқиғасы халыққа қатты әсер еткен. Мағауия поэмасын:

“Балаға ешбір пенде қарамапты,
Тобықты неткен жандар діні қатты,
Шеткі Ақшоқы басында бесігімен,
Деседі кешке дейін жылап жатты”, —

деп бітіреді дедік. Халық қиялы сол баланы өлтірмей ержеткізеді. Баланы нағашысы ұрлап апарып, жасырып, асырап өсіреді. Ол бала (Ермек) ер жетіп әкесі Кебек сияқты батыр болады. Әке-шешесінің кегін қуады. Бұл жөнінде “Ермек” атты поэма бар¹²⁹.

“Ендік—Кебек” поэмасы ел жүрегіне сондай жақын келіп, Кеңгірбайдың залымдығы халық намысына тиген.

“Медғат—Қасым”

Мағауияның бұл поэмасы да әкесі Абай берген тақырып бойынша жазылған.

Поэманың жазылған уақыты 1900 жылдардың шамасы сияқты. Бұл жөнінде Мамырқазов Рахымжан өзінің естегісінде былай дейді: “Медғат—Қасым” 1900 жыл шамасында жазылған. Себебі, біз 1902 жылдан бастап айтушылардан ести бастадық. Бұл “Медғат—Қасымға” арнаулы өзінің әні болушы еді. Мұны әркім жаттап алып, айтып жүрді. Халық сүйсіне тыңдайтын еді. “Медғат—Қасымды” Әлмағамбет, Мұқаммеди Дарқанұлы, Бейсембай Жанқожа ұлдары айтып, халыққа таралды¹³⁰.

“Медғат—Қасым” поэмасының 1903 жылы көшірілген қолжазбасы бізге жеткен.

Абай ауылдарынан ұзатылған қыздар өздерінің жасауларымен бірге Абай өлеңдерінің, қара сөзінің көшірме жинағын жазғызып әкететін болған. Сондай жинақтардан Әсия, Уәсилә, Рахила, т.б. қыздарға арналғандары біздің дәуірге жеткен¹³¹, — дейді М. Әуезов. Сол ретпен Мағауияның “Медғат—Қасым” поэмасы да Семей қаласында тұратын Бекбай дегеннің жалғыз қызына арналып көшірілген. Бекбай Абай елінің адамы, Абайлар Семейге келгенде түсіп жүретін үйінің бірі болған.

“Медғат—Қасым” поэмасының осы 1908 жылы көшірілгені қазіргі қолда бар бірден бір бағалы қолжазба болып отыр.

“Медғат—Қасым” поэмасын ертеде қолжазбалардан көшіріп алып, жаттаған Әрхам Ысқақов, Рахымжан Мамырқазов, Шабдан Әлмағамбетовтардың қазіргі ауызша айту түрін 1908 жылғы қолжазбамен салыстырғанда, ешбір қайшылық, бұрыс кетушілік жоқ.

* * *

“Медғат—Қасым” көпшілікке әлі де тегіс таныс болмағандықтан, поэманың мазмұн, оқиға құрылысына тоқталамыз.

Поэма Африкадағы плантатор бай мен намыскер ер құлдардың арасындағы күреске арналған. Ақын мейірімсіз,

дүние қор қатал байдан құлдардың кек алуын, шиеленіскен тартысқа бай оқиға арқылы баяндайды.

Ақын поэмасын тура бастап, оқиғаға кіріседі. Поэма-ның алғашқы басталған бетінде-ақ негізгі идеялық мазмұ-нын да ашып жырлап кетеді.

“Бір әңгіме қозғадым ойымдағы,
Максұт болды әшкере болынбағы,
Бай мейірімсіз ер құлдан саза тартқан,
Африка Нил дария бойындағы”, —

дейді.

Мұрат дейтін құл иемденуші бай Мысырдан келіп, Нил дариясының жағасынан үй салып, тоған ашып, жер бай-лығын пайдаланып, сауда істейді.

“... Құлды малша таяқпен жұмсаушы еді,
Адам деп обалына бір карамай”, —

деп ақын Мұрат байдың қаталдығын айтса, оның малға мас, адамшылықтан ада жалғыз ұлы Медғаттың қаталдығы әкесінен де бетер болады. Мұраттың көп құлдарының ішінде Қасым деген “тәкәббар, тәуекелшіл, қайратты” бір құлы болады. Қасым Мұраттың асыранды қызына (Мария) өзінің жастық көңілін білдіріп, сырын ашса, қыз Медғатпен жа-қындығын мақтан етіп Қасымды қатты жәбірлеп, Медғат-қа айтам деп қорқытады. Медғаттың атын естігенде, Қасым-ның қаны қайнап: “Құдай емес, сенгенің Медғат шығар” деп қатты ашуланады. Қыз бұл жайды Медғатқа білдіреді. Медғат Қасымды аяусыз жазалайды. Насос арқылы күшті екпінмен кететін суық судың ағымының астына байлатады. Осы кезде Қасымның ауыр жаза тартып жатқанын Мария қызықтап карап тұрады. Марияның опасыздық мазақ күлкісі Қасымның кегін онан сайын қайнатады. Есінен танғанша үнсіз жатып алған қайсар құл үшінші күні есі кіргенде, жоқ болып кетеді. Андып жүріп, Марияны өлтіреді де, Қасым із-түзін білдірмей кетіп қалады.

Арада бірнеше жылдар өтеді. Медғат дүние шашып, ойына келгенін істеп, ақыры Мұрат бай банкрот болып мүлкін, құлдарын сатып еліне сапар шегеді.

Мағауия осы арада оқиғаның тағы бір тартыс желісінің түйінін түйіп кетеді. Ол — Мұрат байдың қызы, Медғат-тың қарындасы Ғазиза жайы. Ғазиза әкесін де, ағасын да аса жек көреді. Олардың істерінен жеркеліп, бойын аулаққа салып, оларға аса суық болады. Әкесінің тапқан күйеуін менсінбейді.

Фазиза Сәлім деген жігітпен көңіл қосады. Сәлім Фазизамен арасындағы махаббат мәселесін қыз әкесіне ашып, ризалығын сұрайды.

“Бай біле ме ғашықтық жақсы ниетті,
Кедейсің деп қайтарып көңілін тепті,
Жас жігіт қаны қайнап шыдай алмай,
Ешкімге мағлұм емес жоқ боп кетті”, —

дейді. Сәлім мен Фазиза да сөйтіп арманына жете алмай, берік уағда мен сүйіскен жүрек сырларын айтысып, қайғылы халде айрылысқан.

Ақын поэманың оқиға желісін бір бетпен тарта бермей, шебер композициямен суреттейді.

Фазиза мен Сәлім арасындағы махаббат мәселесінен туған драма шиеленісіп келеді де, тұйық қалады. Ақын қайта оралып, Мұраттардың еліне қайту сапарын суреттеп кетеді. Мұраттарды бастап апаруға жолда бір зәңгі жалданады. Жол үстінде бірталай күн өтеді. Жолбасшы бір күні қонатын жер шолуға озып кетіп, Мұраттарды бір аралға қондырып, жалғыз келер ауызда өзі ұйықтамай, күзетпек болады.

Ақын енді бұл арада, түнде тау бөктерлеп шауып келе жатқан бір топ қару-жарақты жандардың жайын суреттей келіп, олардың атаманының жайын баяндайды: “Сары бастық бұлардың атаманы, өзі батыр, өзі қу, өзі білгіш” дейді. Бұл “сары бастық” ешкімге сырын айтпайды. Жолдастары оны қатты сыйлайды. Бұлар жол тосып жүрген кек қуған құлдар болады. “Сары бастық” Медғаттарды көптен тосып жүрген, намыскер Қасым. Мұраттарға жалданып, жол бастап келе жатқан Қасымның сенімді ер жолдасы Обаға. Ол Мұраттарды бір тығырық аралға алдап қондырып, Қасымға хабар береді. Қантөгіс ұрыс болып, Қасымдар Мұратты өлтіріп, Медғатты байлап алып түнде тауға кетіп қалады. Қасымның жолдастары бастығына білдіртпей, керуендерден екі бөшке арақ алып тығады.

Ақын енді поэмада басталған оқиғаның екінші түйініне дамытып әкетеді. Осы маңда аң атып келіп жатқан екі аңшының жайын баяндайды. Олардың бірі қызмет қылып жүр де, бірі — ұйықтап жатыр.

“Бәрін жайлап, оятты жатқанын кеп,
Ұйықтарсың, — деді, Сәлім, тамағың жеп.
...Өткен түн көп сөз айттың ұйқысұрап,
Әсіресе, ғашығым, Фазиза деп”, —

дейді Сәлімнің жолдасы.

Сәлім өзінің Ғазизамен танысып, көңіл қосқанын, бұрын әйелге құр құмарлық сезіммен қарайтын албырт жас Ғазизаға шын ғашық болғанын, Мұраттың бұл екеуінің қосылуына қарсы болып, қызды да, өзін де қатты сөккенін айтып, жолдасына бар сырын ашып отыр. Сәлім мен Ғазизаны қатты аңдып, ақырғы жолығысып тұрған кезінде көп кісі жабылып, Сәлімді ұстап, өлтірмек болған. Сәлім көп қайрат жасап құтылған. Ақыры махаббаттың, ғашық жардың күйігін тартып, Мұрат ызасына шыдамай кегі қайнап, дала кезіп, аңшы болып жүр. Сәлім жолдасына сырын айтып отырғанда жақын жерде мылтық атылып, ұрыс басталып кетеді. Сәлім жәбір көргендерге болысуға даяр. Жолдасы: “сары бастыққа” соқтықсақ, бұл маңда жүре алмаймыз деп Сәлімді әрең тоқтатады. Осы кезде жау қолынан қашып шыққан бір әйел бұларға кездеседі. Ол Мұраттың әйелі болып шығады.

Сәлімдер аңшылардан жолдас құрып, Ғазизаны құтқару қамына кіріседі.

Ақыры енді Қасым жайына қайта оралып, оның Медғатқа жаза тартқызып, өз қылығынан өзіне істегенін Ғазизаға еткен адамгершілігін, зәңгілердің мас болып, бейқам жатқанда Сәлімдердің келіп ұрыс салғанын суреттейді.

Қасымның қолы қырылып, өзі Ғазизаны атына мінгізіп алып, құтылуға айналғанда Ғазиза Сәлімді танып, Қасымға сырын ашады. Қасым Сәлім мен Ғазизаны қолынан қосып, Мұраттан кегін алып, көңілі тынады.

“Медғат—Қасым” поэмасының тартыс желісі осындай шебер құрылған қат-қабат бай оқиғалармен өрбіп-өсіп барып аяқтайды.

* * *

“Медғат—Қасым” поэмасының идеялық мазмұны терең, таптық бағыты айқын, әлеуметтік мәні зор: Мағауияның ақындық мәдениетін көрсететін көркем шығарма.

Поэмада жеке адам басының ғана шамасынан туған тартыс емес, таптық қайшылықтан, әлеуметтік теңсіздіктен туған күрес суреттеледі. Жеке адамның ар-намысына тиетін қатал мінез-құлық, жәбір-жапа құлдардың таптық мәні бар күреске шығуына себеп болады. Поэмадағы кейіпкерлердің таптық беті айқын ашылып сипатталады. Жағымсыз кейіпкерлер құл иемденуші дүниеқор қатал байлар: Мұрат, Медғаттар. Оларға қарсы қойылатын Қасым құл, Сәлім, Ғазизалар.

Мұрат бай — “құлды малша таяқпен жұмсайтын”, құлды малша сататын зұлымдығы шектен асқан құл иемденуші.

Оның баласы Медғат — “қаталдығы әкесінен бетер” болуымен бірге шектен шыққан адамшылық ардан безген азғын. Медғатты Мағауия :

“Бар еді Медғат атты жалғыз ұлы,
Мот қылып бұзып еді малдың молы”, —

деп мінездеме береді. Еңбек етпей, кісі еңбегін қанап, мол дәулетке мас болып азғындаған Медғатты Мағауияның суреттеуі ұстазы Абайдың:

“Тамағы тоқтық,
Жұмысы жоқтық
Аздырар адам баласын”¹³², —

дегенін еске түсіреді.

Адамды мал орнынан есептейтін Мұрат пен Медғат та адамшылық ар-ұят, жылы жүрек жоқ. Медғат Қасым құлды аяусыз жазалағанда:

“Қасым итті насосқа отыртындар,
Бергенмін, деп сөйлейді құнын, пұлын”, —

дейді.

Ақын Медғат пен Мұраттың ешбір жанға жаны ашымайтынын, олардан ешбір жақсылық күтуге болмайтынын әшкерелейді.

Мұрат бай қызы Ғазизаны сұраған Сәлімді кедейсің деп сөгеді. Мұраттың бар білгені құлды қанап баю. Ақын дүниеқор байларда, адамды қанаушы қатал жандарда махаббат болмайды, олар адамгершілік жақсы ниетті білмейді:

“Бай біле ме ғашықтық жақсы ниетті,
Кедейсің деп қайтарып көңілін тепті”, —

дейді.

Бұл арада Абайдың малға махаббат сатып алмақ болған надан байларды шенеп:

Бай қартайса малына берер шылбыр,
Мал өмірді жаңғыртпас құдай ұрғыр”, —

дегені еске түседі.

Мұрат бай қаталдық мінезді Сәлімге ғана көрсетпейді. Өз қызы Ғазизаны да аямай, адамшылыққа жат топас, зұлымдық мінезді оған да көрсетеді. Өзі арам ойлы адам басқа жанды да сондай санайды. Қызының алдында екі жүзділік көрсетіп:

“ – Деді – әй қызым, өзің біл өз басыңды
Жаңа Сәлім сұрады сені келіп”, –

деп қызын алдап, сыр тартпақ болады. Ғазиза әкесінің арам ниеті мен қатал мінезіне қарсы тұрады. Ол – жалған сөзді жаны сүймейтін көңілі ақ, жүрегі таза, ары мен махаббатын таза сақтайтын қыз. Ғазиза – көңіліндегі шындықты жасырып жалтақтауды бойына мін санап, ар көретін, жаны биік жан. Ол – өзінің Сәлімге деген махаббатынан айнымайтын, жауыздықтан жасқанып жасымайтын, таймайтын қайсар қыз. Мұрат пен Медғаттың жауыздығынан мүлдем көңілі суып, олардың шектен шыққан зұлымдығына көзі жеткен Ғазизаның, оларға деген туыстық махаббаты мүлдем сөнген. Ғазизаның сенетіні тек қана сүйген жары Сәлім. Ол қазір бас бостандығы үшін қиындыққа көнген, күреске бел байлаған, алған бетінен қайтпауға әбден бекінген қыз. Ақын Ғазизаны осылай суреттейді. Әкесінің Сәлім туралы қасақана айтып тұрған жалған сөзіне Ғазиза шыдай алмайды. Оның енді шыдамы тозып жеткен. Әсіресе, сүйген жары туралы жалған сөзге тіпті де шыдамайды. Сондықтан Сәлім кетер алдындағы соңғы кездесуінде әкесімен арадағы болған жайды жасырмай ашады. Әкесіне, “Мен риза Сәлімді жар қылуға” дегенде Мұраттың көрсеткен мінезін баяндайды:

“Сол-ақ екен ашылды кәпір мінез,
– Деді, – ей, қызым, не менен, не онан без,
Сол сықылды бір итті менсініпсің,
...Өлтіремін қайт, – деді сөзіңнен тез.

– Сәлімге ауған бар көңілім, қайта алмаймын,
Дүниеде өтірікші атанбаймын,
Жүрегімнің билігі бір өзімде,
...Өлтірсең де қайтам деп айта алмаймын”, –

дейді Ғазиза. Ол осы бетінен қайтпай, талай ауыр кезеңдерді басынан кешіп, мақсатына жету жолында қажымай күреседі. Ғазиза Сәлімді жау қамап жатқанда, сүйген жарының атын алдынан көлденең тартып, құтқарып жібереді. Қасымның

қолына түскенде де жасымай, оның арғымағын міне қашып құтылмақ болады. Ғазизаға жасу, жабырқау жат мінез. Жауыздықты көз жасымен емес, күреспен жеңіп, мақсатқа жетуге болады. Ғазизаны ақын осындай тұлға етіп сипаттайды.

Ақын Ғазизаның Сәлімге деген махаббатты ыстық жүрегін, ішкі сезім-сырын да жеткізе жырлайды. Сәлімнің шын сырын білгенше, Ғазиза ұзақ түн ұйықтай алмай бақшада жүретін халге ұшырайды. Сәлімнің сүйген жүректен айтқан сырын естігендегі халін:

“Ғазиза бір қуарып, бір қызарып,
Үстелге зорға отырды әрең барып”, –

деп сипаттайды ақын.

Ғазиза мен Сәлім арасындағы махаббат мәселесі поэмада үлкен ақындық пафоспен жырланады. Махаббат адамгершіліктің зор бір қасиеті. Сәлім мен Ғазиза махаббаты үшін Мұраттарды жек көреді. Олармен алысуды өздерінің міндеті деп ұғады. Жауыздықтың құшағынан құтылмай, махаббатта қызық жоқ. Сондықтан Мұраттарға қарсы күреске шығады. “Жек көре білмей, шын сүйеге де жол жоқ” (М. Горький). Адал достықты ардақтап, шын махаббатпен сүйе білу – үлкен ерлік. Мағауия Ғазиза мен Сәлім арасындағы махаббатты адамгершілік биік сатыға көтеріп жырлайды. Сәлім махаббатты тек осы Ғазизамен табысқанда біледі. Ол өзінің жастық құмарлық жолындағы албырттықпен өткен өмірін мағынасыз санайды. Сәлімнің бұл сыры аңшы досына баяндалады. Сәлім Мұраттың кедейсің деген сөзін кек көргенде малы жоқтықтан намыстанбайды:

“... Бағдаттағы бір байдың өзі-ақ едім,
Ар қылдым жар қылуға малымды айтып”, –

дейді.

Сәлім махаббат үшін малды аузына алуды ар көреді. Ол Мұрат сияқты малдың құлының алдында кішіреюді адамшылық ар-ұятына мін көреді.

Мағауия Ғазиза мен Сәлім арасындағы махаббатты жырлағанда, Абайдың:

“Ғашықтық құмарлықпен ол екі жол”,
Құмарлық бір нәпсі үшін болады сол”.

Я болмаса:

“Малға достың мұны жоқ малдан басқа”...

“Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті:

Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек”, –

деген пікірлерін өз кейіпкерлерінің басындағы оқиғаға байланысты кеңейтіп айтуды мақсат еткен.

Сәлім өз жолдасына сырын айтқанда, малқұмарлықты қатты шенейді және өзі де ғашығы үшін мал, дүниеден безіп жүрген жан. Өзінің бұрын нәпсіге ерген мінезін сөгіп, адал махаббатты ардақтайды. Сәлім:

“Сүйініші, күйініші махаббаттың,

Жүрегіне түспейді қарны тоқтың”, –

дейді.

Бұрын басынан өткізген жастық кезеңдерін айта келіп:

“Нәпсі екен, жас жүректің жалыны екен,

Ғашықтық тіпті өзге екен, басқа түсті”, –

дейді.

Осындай шын ғашықтықтан “ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек” көрінеді. Сол қасиеттер ардақталады.

Бұлардың ғашықтығы Шығыс әдебиетіндегі өмірден зар шегіп өтетін, хаққа жалбарынып, ол дүнианың (ахирет) “қызығын”, шын өмірдің азабы мен ақтайтын сопылық ғашықтықтан аулақ.

Сәлім мен Ғазиза ауыр азаптарды көріп, достық сағыныш зарын шеге жүріп, қажымай-талмай қайсарлық күрес пен мақсаттарына жетеді. Біз бұл арада Медғат, Мұрат, Ғазиза, Сәлім араларындағы оқиғаға, тартыс желісінің басына бірыңғай тоқтап өттік.

Поэманың ең басты тұлғасының бірі – Қасым.

Қасым, Сәлім, Ғазиза, Медғат, Мұрат – осы бес адам поэмадағы негізгі басты кейіпкерлер. Осы бес кейіпкердің тартыс, іс-әрекеттері бір-бірімен тығыз байланысты. Бесеуі де поэманың басынан аяғына дейін қатысып, бірін-бірі толықтырып отырады. Бұлардың бір-бірімен қарым-қатынас тартысы арқылы әрбірінің бейнесі айқындалып, оқиға, тартыс желісі шираған сайын әр кейіпкердің сезім-сыры, мінез-құлқы ашыла түседі.

Ақын поэмасының композициясын сонымен шебер, тартымды, қызықты, сенімді етіп құра білгенін көреміз.

Поэмада бір-біріне қарама-қарсы екі жақ бар делік. Мұрат, Медғатқа қарсы қойылған жағымды образдың бірі

— Қасым. Қасым поэманың басында Марияны өлтіріп қашқан, Медғаттың қорлығына кектенген қайсар ер құл сияқты болып көрінеді. Ал оқиға дамыған сайын Қасымның тұлғасы айқындалып, толыға түседі. Қасымның кетуіндегі негізгі мақсат—құлдыққа қарсы күрес. Қасымның түбі зұлус. Оның нағашысы зұлустардың патшасы болады. Шешесін аңшылар ұрлап алып, Мұрат байға сыйға тартқан. Қасым бұл жайдың бәрін шешесінен ұққан. Ол жоғалып кеткенде өз елін — зұлустарды табады. Еліне барып, сырын ашып, қол жыйып, Мұрат байға қарсы күреске шығады.

Қасым Мұрат сияқты байлардың қолында құлдықта жүруден де зұлустардың өз бетімен, өз еркімен аң аулап күн көрген өмірін артық санайды.

“... Елдің заңы заң емес, біздің заңға,
Аннан басқа дәурен жоқ біздей жанға”, —

дейді ол. Қасым—Мұрат сияқты құл иелерінің жауыздық, езушілік ниетіне көзі жетіп, күреске шыққан намыскер жан. Ол шешесін ұрлаған аңшыларды да кінәламайды. Ғазизаға сырын ашқанда:

“Аңшыны ұры қылған әкең сенің,
Мұның бәрін ұқтырған анам менің”, —

дейді Қасым адамды құлданушы байларға түгелдей өш.

“Әсіресе байларға рахым етпес,
Ағаш толы зәңгінің бәрі ниеттес”, —

дейді ақын.

Мағауия поэмасында Қасымды намысқор, кекшіл, қайсар ер ғана етіп бір жақты сипаттамайды. Қасымның бауырмалдық жылы жүрегі де, адамгершілік ақ көңілі де, мейірімділігі де әділет иесі адам екені суреттеледі. Қасым Мұрат, Медғат сияқты адамды қанаушы жауыздарға қатал, мейірімсіз. Ал Қасымның адамгершілігі құл иемденушілерден әлде қайда биік. Қасым адамды сүйе де, сыйлай да, ардақтай да біледі.

Қасым насос астында жаза тартып жатқанда Ғазизаның балконнан қарап тұрғанын көрген. Ол да оның жүрегіне кек болып байланған. Әуелде ашумен Ғазизаны да жазаламақ болған Қасым соңынан кешеді.

“Медғаттан жүрген жоқ ең сен де жарып,
Осыны кешіп тұрмын көңіліме алып”, —

дейді.

Сәлім көп қолмен келіп қамағанда, Қасым Ғазизаны құтқарып алып шығып, өзінің ерлігін көрсетіп, қайратын асырып барып, екі ғашықты өзі қосады:

“Қасым айтты Сәлімге құтты болсын,
Бір басыңа бауырмын және досын.
Бір кек үшін кеткенмін зәңгі болып,
Ойланбай қылғаным жоқ мұны тосын.

Өз бауырын өлтірген деме залым,
Саған да белгілі ғой менің халім.
Сені де аң қызығы әкеткен жоқ,
Ғаділеттің жоқтығы саған мәлім, —

дейді Қасым.

Сөйтіп, поэманың аяғында Қасымның ерекше әділ мінезі, адамгершілік қасиеті ашылады. Қасым, Сәлім, Ғазиза сияқты жандардан ғана әділет, достық табылады. Осындай ер мінезді жандар, күреске бел байлап жауыздыққа қарсы шығып, мақсатына жете алады. Ақынның қорытындысы, поэманың идеясы осындай.

* * *

“Медғат—Қасым” поэмасында адам образын жасауда, көркемдік приемдар жөнінде Пушкин, Лермонтовтың жатымды әсері, жақсы өнегесі үнемі сезіліп отырады. Әрине, орыс ақындарының шығармаларындағы адам бейнелерін Мағауия көшірмеген, үлкен ақындардан үлгі-өнеге ала отырып, көркем образ жасаған. Бұл жөнде Қасым образын жасау үшін “Дубровский” мен “Мцыри” поэмасындағы әрбір үлгілердің белгілері сезіліп отырады. Қасымды да Владимир Дубровскийдің француз Дефорк болып жалған атпен жүргені сияқты Қасым да “сары бастық” болып жүреді. Дубровский байлардан кек алып, сорлыларға көмек етсе, Қасымды:

“Әсіресе байларға рахым етпес,
Ағаш толы зәңгінің бәрі ниеттес,
Сорлы болған жандарға тағы әдеті,
Бір жақсылық қылады естен кетпес”, —

деп суреттейді. Бірақ Қасым мен Дубровскийдің екеуі екі басқа адам екені мәлім.

Мұрат пен Ғазизаның арасындағы қарым-қатынас, Троекуров пен Машаның кейбір қарама-қарсы мінездерін көз алдына әкеледі. Сәлім мен Ғазизаның шартты хат арқылы хабарласуы:

“Қол дірілдеп, сол хатты оқыдым тез,
Жартас. Түн. Сақ бол, – деген үш ауыз сөз”, –

деп Ғазизаның хат жазуы, бұлардың басындағы махаббат драмасында да Дубровский мен Машаның жасырын кездесуін, сырласып, уағдаласуын ойға түсіреді. Бірақ оқиғаның аяқталып, шешілуі екі басқа.

“Мңыри” поэмасындағы геройдың барыспен алысуы Сәлімнің жолбарыспен алысқан жерін көз алдына әкеледі. Сәлімнің жолдасы:

“... Шабайын деп тұрғанын көре тұра,
Жолбарысқа бардың ба көзің көрмей, –
десе, Сәлім:
Мен бардым бар қайратын көрейін деп,
Тіпті тірі жүргенше өлейін деп,
Жүрегімнің жанғанын дым болмаса,
Алысып бір аз ғана бөлейін деп”, –

дейді.

“Мңыри” поэмасындағы черкес баласының еркіндік жолындағы күресі, қайсар мінезі, намыскерлік, тәкәппарлық қылықтарын Мағауия Қасым, Сәлім сияқты образды жасауда үлгі еткен.

Бұл жөнде “Мңыридағы” қайсарлық, шыдамдылық, намыскерлік мінез белгілер Қасым басынан да табылады.

“Мңыридағы” черкес баланың қайсарлығын Лермонтов:

“Без жалоб
Томился – даже слабый стон
Из детских губ не выдетал,
Он знаком пищу отвергал,
И тихо, гордо умирал”¹³³.
“Как вдруг однажды он исчез
Осенней ночью”¹³⁴, –

десе, Мағауия Қасымның ауыр жазадан соңғы мінезін дәл осылай суреттейді.

“Екі сотке қозғалмай қалды жатып,
Биттей дыбыс бермеді тастай қатып,
Қасына қойған асқа қарамады,
Тиген жоқ тым болмаса, бір дәм татып,

Сыр бермеді босанып биттей жатып,
Өлгендей сүп-сүр болып қаны қашып,
Екі күн сол қалыппен жатты дағы,
Үшінші күн жоқ болып кетті қашып”.

Осы аз ғана салыстыру мысалдардан-ақ Мағауия поэмасына Пушкин шығармалары, әсіресе, Лермонтовтың романтикалық поэмалары үлгі болғанын көруге болады.

Лермонтов өз шығармаларының геройларына “Парус” деген өлеңінде мінездеме берген сияқты:

“... А он, мятежный, просит бури,
Как будто в бурях есть покой¹³⁵”, –

дейді.

Абай Лермонтовтың осы өлеңін сүйіп аударғанда, ақын шәкірттеріне осындай геройды жырлаңдар деген өсиет айтқандай. Шынында да Ақылбай, Мағауия, Әсет сияқты Абай шәкірттерінің жырлаған геройлары сондай ер мінезді, қайсар жандар.

“Медғат–Қасым” поэмасының негізгі сарыны – романтизм. Әрбір герой өзіне тән күшті бір сезімі арқылы баса суреттеледі. Намыскер бір беткей Қасым негізінен кек қуу жолына берік берілсе, Ғазиза мен Сәлім басынан көрінетін негізгі күшті сезім – махаббат. Ақын поэмадағы геройлардың осындай сезім, сырларын басым ете, асқақтата жырлайды.

“Медғат–Қасым” поэмасында ақын бірталай орыс сөздерін де қолдаған. Әрине, Мағауия макаронизмнен аулақ.

Қазақ өмірінде кездеспейтін, ол кезде қазақ тұрмысында жоқ нәрселердің атауын ақын поэмасына әдейі енгізген. Орыс сөздерін бұрмаламай шығармасына енгізіп, оқушысын естімеген, білмегенін білуге жетектейді. Бұл жөнінде Абайдың бір жағынан, ағартушылық, екінші жағынан, қазақ оқушысын орыс тілін білуге жетектеу, қазақтың әдебиет тілін байыту мақсаты болғаны айқын.

“Медғат–Қасымда” кран, насос, приданое, балкон, банк, банкрот сияқты сөздер бар. Медғаттың сауда, ақылмен араласқан, орынсыз ақша шашатын азғындығын айту үшін Мағауия әдейі орыстың “мот” (мотать) деген сөзін қолданады (“Мот қылып бұзып еді малдың молы”).

Абайдың әрбір ақын шәкірті өз шығармаларында өздерінің орыс тілін білу дәрежесіне қарай ретті, қажетті, орынды жерінде орыс сөзін қолдануды мақсат еткен.

Бұл да ұстазы Абайдың “орысша оқу керек... сен оның тілін білсең, көкірек-көзің ашылады”¹³⁶ деген өсиетін ақын шәкірттерінің үлгі етуін айқындайды.

* * *

“Медғат—Қасым” поэмасы ақынның қиялынан туған шаруа емес. Поэма өмір шындығынан туған. Ақын тарихи шындықты шығармасының негізі еткен. Мағауия Африканы, ондағы құл иеленушілерді, зұлұстарды жыр еткенде, тарихи шындықтан негіз етіп, тарихи болған шындыққа сүйенген.

Ендеше ол тарихи шындық нені көрсетеді?

XIX ғасырдың бас кезінде Атлант, Үнді мұхиттарының шығыс және батыс жағалауларына португалдықтар ірге тебе бастайды. Олар негрлерді аулап ұстап, сатып не олардың басшыларынан арзан бағаға сатып алып, сауда жүргізеді.

Африканың оңтүстігіне Голландия отаршылары (бурлар) орналасады.

1795 жылы ағылшын отаршылдары, голландықтарды оңтүстік Африкадан солтүстікке сырып шығарып, өздері ірге тебе бастайды. Ағылшындар 1834 жылы Орталық Африканы зерттеу деген сылтаумен Камское общество дегенді ұйымдастырады. Сөйтіп, Африкаға көпестер, миссионерлер қаптай бастайды. Африка жерін колонияға айналдырып алудың зұлымдық, арам ниетіне ағылшындар осылай кіріседі.

Африканы алғашқы зерттеушілердің бірі Денид Ливингтон өзінің “Путешествия по южной Африке” деген кітабында Африка жайын, ондағы тұрғын халықтарды, құл иеленушілерді сипаттайды. Ливингтон 14 март 1869 жылы Уджиджи деген селоға келіп тұрады. Уджиджи — құлдармен және піл сүйегімен сауда істейтін орталық. Бұл жерлерде негрлерді аулап ұстауды, не арзанға сатып алуды кәсіп қылатын арабтар тұрады¹³⁷, — дейді. Құлмен сауда істейтін арабтар негрлерді аулауда аяусыз қатал болады. Бір күні Ньлигве деген селоның базарына жиналған негрлерге құлмен сауда ететін арабтар мылтық атып, қырғынға ұшыратады. Жүздеген әйел оққа ұшып, қашып құтылмақ болып, суға кетіп өледі¹³⁸.

XIX ғасырдың екінші жартысында Африкаға келген құл иемденуші арабтардың, ағылшындардың, португалдық, голландықтардың мінездері, адам жиіркенетін қылықтары осындай болған.

“Ол күнде болмаған нақ құлға бостан,
Жаңа ашылған Африка бір гүлстан.

Кені қалың, егіні мол болған соң,
Ізденіп барған жан көп әрбір тұстан”, –

деген “Медғат–Қасымдағы” Мағауия сөзін еске алсақ, акынның тарихи шындықты жыр еткенін аңғарамыз. “Мұрат деген бай кепті Мысыр жақтан”, “Кұлды малша таяқпен жұмсаушы еді, адам деп обалына бір қарамай”, – деген акынның ақиқаты екенін көреміз. Жоғарыдағы айтылған арабтардың қанішер зұлымдығы, негрлерді аңша аулап сатуы – “Медғат–Қасымдағы” Мұрат, Медғаттарды көз алдына әкелгендей болады.

Мағауия XIX ғасырдың екінші жартысындағы Африка жайын, құлмен сауда етушілердің айла-тәсілін, мінез-құлқын аса жетік білгені байқалады. Бұл жерде тағы бір дәлелді мысал келтіруге болады.

Құл иеленушілердің бір зұлымдық тәсілі ата-анасын және ана тілін тез ұмытып кететін жас балаларды құлдану болған¹³⁹.

“Медғат–Қасымдағы” Қасым образы Мұрат байдың қолына түскен зұлұстың жас қыз, жас баласының халін көз алдына әкеледі. Қасымның шешесі – зұлұс қызы. Қасымның тұқымының зұлұс екенін ұқтырған да шешесі. Кейін Қасымның кек алуға бел байлағанда түпкі туысын табуы да сол. Қасымның соңынан ергендер құл иемденушілердің құрығынан құтылуды арман етіп, күреске шыққан тарихтағы белгілі ер жүрек, жауынгер зұлұстар. Олардың ағылшын отаршылдарына қарсы ерлік күресі мәлім.

Мағауия “Медғат–Қасым” поэмасында Мұрат байды суреттегенде:

“... Бақшағып жатып алды бір сахараны,
Жүз шақырымдай Занзибар қаласының”, –

дейді. Занзибар – Шығыс Африкадағы белгілі су қатынасының орталығы, үлкен қала. Онда европалықтар, негрлер, үндістер, арабтар тұрады. Поэмада:

“Әсіресе байларға рахым етпес,
Ағаш толы зәңгінің бәрі ниеттес”, –

дейді. Бұл жердегі зәңгі деп отырғаны Орталық Африкадағы негр тұқымдас занде я болмаса ньям-ньями деп аталатын халық.

Мағауия поэмасында қиялдан туған түк те жоқ. Тари-

хи шындық, өмір шындығы бар екенін айқын көреміз. “Медғат–Қасым” поэмасы — бұл жөнінен тарихи поэма.

Поэма жазылғалы қазір жарты ғасыр өтті. Қасымның ұрпақтарының қазірдегі бүгінгі жайы қандай екен?! “Бұл Дурбан қаласы екен. Біз южно-африканский союзге келдік.

... Екі аяқты арбаға атша жегілген негр көше ортасында зымыратып келеді. Арбада шалқадан түсіп отырған еңгезердей-еңгезердей үш бірдей ағылшын офицері. Олар негрді бишікпен ұрып айдап барады”¹⁴⁰, — дейді Африкаға барып қайтқан совет адамы.

“Құлды малша таяқпен жұмсаушы еді,
Адам деп обалына бір қарамай”, —

деп бұдан жарты ғасыр бұрын Мағауияның Мұраттарға, Медғаттарға қаны қайнап, адамшылық арымен жазған “Медғат–Қасым” поэмасы өзінің саяси-әлеуметтік мәнін әлі жоймаған.

Африкадағы ағылшын старшындарының зұлымдығы Мұрат, Медғаттардан бұл күнде асып түсіп отыр.

* * *

Абай жыр еткен мол тақырып, бай мазмұн Абайға дейінгі қазақ әдебиетіндегі өлең түрінің қалыбына сыймады. Данышпан ақынның асыл жырға бөленген терең ақылы, кең ойы ел жүрегіне еркін жететін сара жолдар қажет етті. Осындай зор талаптан барып, өлеңнің ондаған жаңа түрлері туады.

Мазмұнына сай жаңа түр тапқан Абай өлеңдері халық тіліне онан сайын жеңіл, жүрегіне онан сайын жылы тиетін болады. Бұл жаңа түрлер Абай лирикаларының терең мазмұнына ұштасып, ақынның өлеңдерін ерекше әсерлі етіп, көріктендіреді.

Абай шәкірттері де аға ақынның өлең түріндегі жаңа үлгілерін өнеге етіп, лирикалық өлеңдер жазады. Мағауияның Әбішке жазған хаты Абайдың “Қызарып, сұрланып” деген өлең үлгісімен жазылады.

“Бірге өскен жолдасым,
Сағындым бірлікті.
Көрерге мұңдасым,
Тілеймін тірлікті”, —

деп келеді. Бұл өлең ұйқас реті, буын саны “Қызарып, сұрланып” үлгісімен жазылған. Абай өлеңінде жастардың махаббат, сезім сыры сезіліп, тамырдың соғуы, жүрек лүпілі өлең ырғағымен дәл түсіп, оқушының да сезім-сырын шерткендей әсер етеді. Бұл жөнде Мағауия өлеңінің мазмұны да өзіне сай түрмен қалыптасқан. Жаны сүйіп жақсы көрген ағасының науқас халінен туған қауіп пен қимастық үміт, сағыныш сезім, сыры адал дос жүректің соғуы сезілгендей.

Әзірге қолда бар Абай шәкірттерінің лирикалық өлеңдері — олардың көркемдік түр жөнінен де Абай жолын қуғанын көрсетеді.

VIII Тарау

Әсет Найманбаев

(1864–1923)

Әсет халыққа белгілі әйгілі әнші, ірі ақын. Әсеттің өлең, әндері елге ежелден мәлім. Оның Кемпірбай ақын өлерде келіп қоштасқандағы өлеңі ел аузынан да, кітап бетінен де оқушы жұртшылыққа ертеден белгілі. Әсет пен Кемпірбайдың қоштасуы “Таң” журналында 1925 жылы жарияланды⁴¹. “Қазақ әдебиетінің тарихының” I томында Әсеттің Кемпірбаймен қоштасуына, Рысжанмен айтысына әдеби талдау жасалған⁴². Сол сияқты Рысжанмен айтысы, 1942 жылы “Айтыс” кітабында жарияланды.

Абайдың Әсетке жазған өлеңі 1909 жылғы баспасынан бастап, Абай жинақтарында жарияланып жүр. Өз атымен аталып кеткен “Әсет” әні, “Смет” деп аталатын әні де халыққа белгілі.

Әсеттің атағы елге ерте жайылған ақын болса да, әдебиет журналдарында, кітап, газет беттерінде аты аталып айтылып, жазылып жүрсе де, әлі күнге Әсеттің өмірі мен әдеби еңбегі зерттеліп, талданған емес.

Әсеттің өмірін баяндайтын толық мағлұмат біздің қолымызда да әзірге аса тапшы.

* * *

Әсет Найманбаев 1864 жылы туған⁴³. Әсет Арғын Қаракесек ішінде Майлы деген белгісіздеу нашар атаның табынан шыққан адам болады. Ол жас күнінде біраз ауыл молдасынан оқып хат таниды. Он бес-он алты жастарының шамасында ауыр тұрмыстың айдалуымен кетеді.

Кейінірек Әсет пен Әріп ақынның қалжың айтысында Әріп Әсетке: “...Әкең Найманбай базарда шақша сатқан, қарекеті жоқ па екен онан өзге” деп ажуа етеді. Әсеттің

әкесі жоқшылық қысып, өз елінің ортасында тұра алмай, қала түсіп кеткен сияқты.

Әсеттің Абайды табуы 1889 жыл, 25 жасының кезі. Әсет бұл кезде өзінің әншілік, ақындық өнерімен елге таныла бастаған уақыты болады.

“Абай жалғыз өз өсиетіне қанағат қылмай... жастардың сезім тәрбиесін толықтырмақ болып, сол 1889 жылы көбіне музыка үйретпекші болады. ... Тағы сол жылы Әсет деген ақынды да сақтайды”¹⁴⁴, — дейді М. Әуезов.

Әсет жас шағынан Семейде болып, Семей адамы есептеліп кеткен. Рысжанмен айтысында:

“Семейден Әсет ақын келіпті деп,
Айтыпты сыртымыздан әркім мақтап”¹⁴⁵, —

дейді.

Әсеттің Рысжанмен айтысты деген кезі 1882 жылдардың шамасы сияқты. Өйткені, Рысжанмен айтысының кіріспесінде: “Сол күнде он сегізге келіп едім”¹⁴⁶ дейді Әсет.

Әсет — әрі импровизатор, әрі жазып шығаратын ақын. Оның Қоянды жәрмеңкесінде Рысжан қызбен айтысы, Кәрібай деген ақынмен, Әріп ақынмен айтыстары болған.

“Қызыл табан ағаш ат” атты дастаны ел аузында сақталған. Әсеттің бұл дастаны ертегіге негізделген, қиялға ұштасқан дастан.

Абай ауылына келген соң, Абай Әсеттің ақындық бағытын жаңа арнаға салып, ақынға көп үлгі, өнеге көрсетеді. Әсет Абай ауылынан орыс әдебиетінің тамаша үлгілерімен, Абай шәкірттерінің өлең, поэмаларымен танысып ақындық өнерге енді ерекше мән береді.

Әр жақты өнерге ие Әсет Абай ауылына келерден бұрын әр жерді аралап, жәрмеңке, базарларда, жиын топта ән салып, айтысқа түсіп жүрген қызу жиынды дәріптеу, мадақтаудан пайда болған Әсеттің мақтан сүйген, өзімшіл, менмендік мінездері Абайды қатты қынжылтады. Аса талантты Әсеттің өнер-білімді ескермей, надандықтан тапқан өрескел мінез-құлықтарын Абай аяусыз сынап, шенеп бетіне басады. Бұл жөнінде Абай 1889 жылы “Әсетке” деген өлеңін жазған.

Әсеттің Абайдаң алған әсері, көрген үлгісі оның ақындық өнерінің жаңа бағытта өркендеуіне себеп болады. Әсет Абай арқылы Пушкинмен танысады.

“Евгений Онегиннің Әсет таратқан бір нұсқасы ел аузында жүр. Бірақ Әсеттің өзінің аудармасы екені әлі дәлді шешілмеген. “Евгений Онегиннің” Әсеттен 1911 жылы Қуат

акын Терібаев жаттаған бір нұсқасы 1937 жылы жарияланды¹⁴⁷. Бұл мәселе әлі де зерттеуді қажет етеді.

Әсеттің қолда бар елеулі еңбегі — “Салиқа—Сәмен” атты оқиғалы, романтикалық поэмасы.

Әсеттің әнмен айтатын аса көркем өлеңдері сақталып жеткен. Әсет өмірі жайында толық мағлұмат әзірге болмағандықтан, оның өмірінің соңғы кезеңдері жайында дәлді ештеңе айта алмаймыз.

Әсет өмірінің соңғы жылдары Семей облысының Мақаншы және Шығыс Түркістандағы Шәуешек, Құлжа ауданында өтсе керек. Ол жақта Әсеттің нағашылары болған деседі.

Әсет 1923 жылы 60 жасында қайғылы халде қаза табады. Әсет қартаң тартқан соң, ән айтқанда дауысында жарықшақ пайда бола бастайды. Содан барып, мүсәтір ішуді әдет етеді.

Бір үйде ән салып отырғанда, өз жанындағы мүсәтірі бітіп қалып, үй иесінен мүсәтір сұраса, білмей, алмас береді. Әсет сол алмастан уланып, қаза тапқан. Өлерде қоштасып айтқан Әсет өлеңі елге мәлім. Сол қоштасу өлеңінде өзінің ұлы ұстазы Абайды есіне алып:

“Болжаусыз осы екен ғой өлім деген,
Күн бұрын көзге келіп көрінбеген,
Артына сөз қалдырмай ала кеттім,
Айғайға қайран даусым ерінбеген,
Абайдай арт жағына сөз қалдырып,
Жақсы еді-ау, өттеген-ай, өлу деген”, —

дейді акын.

Әсеттің әсем әндері елдің сүйікті мұрасына айналды. Оның әдеби мұрасы да толық зерттеліп, тиісті бағасын алмақ.

“Салиқа—Сәмен”

“Салиқа—Сәмен” поэмасы Ақылбай, Мағауия поэмаларының үлгісінде жазылған. Салиқа мен Сәмен де бас бостандығы үшін, махаббат жолында құрбан болған жан-дар. Олар да қатал хандардың қайырымсыз заңының құрбандары.

Поэмада Алтай тауын мекендеген мұңғылдың Ясукей деген ханының асқан сұлу қызы Салиқа сипатталады:

Ясукей ханның қол астына қарайтын әрі көрікті, келбетті жас батыр Сәмен мен Салиқа сұлу көңіл қосады. Жастардың жасырын сыры жария бола бастайды.

“Хан сезіп, халық білсе, мұндай сырды,
Ажалдан қыз бен жігіт қалмайды аман.
Екеуін еркіменен қоспайтұғын,
Қатыгез хан қаһары өзіне аян”, —

дейді ақын.

Сәмен мен Салиқа ешбір жаннан жәрдем күтпейді. “Құс ұшпас, жан жүрмес жер табам деп” Сәмен тау-тасты аралайды. Ақыры бір қиын құзды тауып, сол жерге бекініп, жан сауғалауға бел байласады.

“Жылтыр тау, тасқан өзен, заңғар биік,
Тұрғандай бұлттан өтіп, көкке тиіп,
Темірдей кара жартас сұрғылт түсті,
Қабағын, қаһар көзін қарсы түйіп.
Мұңды тау аспанменен бой теңескен,
Тұрғандай бейіс мүлгіп, басын иіп,
Ақырған ажлаһадай тасқынды өзен,
Сарқырап төмен аққан шатқа құйып.
Белгілі Жая деген бір қиын тас,
Сескенбей қиындығы жан бара алмас,
Бел байлап сол қиынға бекінбек боп,
Жөнелді қорықпай шыдап Салиқа жас”.

Қатыгез жандардың тар дүние, қатал заңынан, қанша қаһарлы, қанша қауіпті болса да, “темірдей сұрғылт түсті кара жартас” сүйіскен жастарды өз қойнына тартып пана болады.

Екі жас түн қараңғысында қауышып, дәурен сүріп жүреді. Сәмен күндіз елге барып, түнде оралып келіп отырады.

Хан қызының жоғалуы елді дүрліктіріп, сергелдеңге салады. Қызды іздеп таба алмаған ел ақыры амалсыз ханға білдіреді. Хан “қызымды азғырғанды дарға асып, қыздың басын кесем” деп жарлық етіп, еліне іздеп табуды бұйырады. Ақыры қалың қол Сәмен мен Салиқаның үстінен шығып, Сәмен жар үшін қалың қолға қарсы соғысқа шығып, қансырап естен танып құлайды. Қызды хан қолына апарып табыс етеді.

Хан қолы Сәменді өлді деп тастап кеткен. Қансырап талып қалған Сәмен есін жияды. Сәменнің Сайынбурыл аты қашып келеді. Сәмен тауда үш айдай жасырынып жатып, мұңғылдар сыйынатын Көкше дейтін өулиені іздеп, Тянь-Шянь тауына тартады. Әулие Сәменге жәрдем көрсетудің орнына атын тартып алып, өзін жаяу қайтарады.

“Жаяулық, жалаңаштық арман емес,
Көрерлік Салиқаны туса заман.
Жолыңа жаным құрбан болсын деген,
Дауысың құлағымнан кетпейді һаман.
...Зарлатқан мені мұнда, сені онда,
Мейірімсіз қара пейіл, сұмырай заман,
Өлсе көріп, өлмесе өзін көрмей,
Тарқар ма өліп кетсем іштегі арман”, —

деп Сәмен Салиқаны іздеп, қайта тартады.

Ақын енді Салиқа халін баяндайды. Салиқа қапа мен қайғыға душар болып, сарғайып гүлдей солады:

“...Алқызыл, нұрлы жүзін әжім басып,
Ағартты жауған қардай самай шашты.
Жабысып тырнақтары саусағына,
Нұр қайтып, жан дененің қаны қашты”.

Салиқаның дүниядан Сәменсіз көңілі тиянақ таппай,
“жолыңа жаным құрбан болсын” деген уәдесін бұзбай:

“...Зар жылап осылайша қылды налыс,
Ай мен күн дәт айтуға тұрсың алыс.
Қуә боп тәңірі алдында сен екеуің,
Ғаламсың көпке бірдей тұра қалыс.
...Соны айтып, салды қанжар жүрегіне
Жан шығып тез жетуге тілегіне...”

Сөйтіп, қаза тапқан жарының басына Сәмен де келіп,
сол қанжарды қолына алып:

“...Жас жаным Салиқамен болсын бірге,
Маржандай қызыл қаным жерге тамып.
Қара жер, мейірімді анам, аш қойныңды,
Саяңа келіп тұрмын Сәмен ғарып”, —

деп ол да өзін-өзі өлтіреді.

“Салиқа—Сәмен” поэмасының мазмұны осы.

* * *

“Салиқа—Сәмен” поэмасының идеялық мазмұны хандық дәуірде адамның жеке басының ерікті болуына ешбір мүмкіндік жоқтығын көрсетеді.

Ханның ақылды, сұлу қызы Салиқа, сол ханның қол

басы батырының бірі Сәмен сияқты шын сүйіскен екі жастың махаббаты қайғыға айналады.

Қаншама екеуі бірдей бұлқынса да, тар заманның бұғауын үзе алмайды. Бұл екеуіне қарсы тұрған жеке адамның басы емес. Бүкіл қоғамдық құрылыс. Ақын Салиқа, Сәменге қарсы жеке адамды суреттемейді. Ясукейдің хандығын қарсы қояды. Салиқа жартастың үңгірінен әкесінің көшін көреді. Әсет Ясукей көшін суреттегенде білектің күші, найзаның ұшымен билік жүргізген сипатын береді. Ылғи көктемір құрсаңған жауынгердің ортасында көк сауыт, дулығалы, қару-жарақты хан келе жатады. Оның ең сенімді әскер басысы да татардан қолға түскен батыр — Темір.

“...Бір бөлек көк алдында қалың әскер,
Ясукей ортаға алған батыр ханын.
Татардан қолға түскен Темір ерге
Билеткен әскерінің түгел бәрін.
Мінгені Ясукейдің қасқа арғымақ,
Қара да, торы да емес, қоңырсымақ.
Белінде жібек баулы алтын қанжар,
Басында дулығалы темір тымақ.
Сар алтын жарқылдайды шарайнасы,
Күмбездей дөңгеленген жұмыр басы.
Жалпақ бет, келте мұрын, сары жүзді,
Сараңдау қызыл жирен сақал, шашы”.

Салиқа мен Сәмен осындай қалың қолы бар Ясукей сияқты қатал қара күшке қарсы тұрады. Поэмадағы жағымды екі кейіпкер — Салиқа мен Сәмен нағыз романтикалық геройлар. Екеуінің де ерлік мінезі мен ерлік ісі махаббат жолындағы қайсарлық күресі, алған бетінен қайтпаушылық, айтқан серттен айнымай шығысып, бір қанжармен тағдырын шешу — осының бәрі өршіл романтизмнің белгілері.

“Өлсек — бір көр, шықсақ — бір төбедеміз” деген берік сертті бұл екеуі де бұзбайды.

Салиқа мен Сәмен өлгенде жеңіліп, бас иіп өлмейді. Ғашықтық уағдаларына жеткеніне риза болып, тәкәппарлықпен өледі.

Ақын поэмасында махаббатты ешбір күш жеңіп бағындыра алмайды деген қорытындыға келеді. Сәмен өлерде:

“Қош айтам тау менен тас, дария, көлге,
Жат бауыр өсіп, өнген біздің елге.

Сайрандап көк аспанмен тұрған жұлдыз,
Сәуле бер біздің жатқан сары белге”, –

деп жұлдыз сәулесінің ғашықтар қабырына түсіп тұруын тілейді.

Салиқа да, Сәмен де өлерде жеке адамға кінә қойып қарғыс айтпайды. Өйткені, бүкіл әлеуметтік өмір, хандық дәуір, тар заман бұлардың өліміне кінәлі.

Әсет поэманың романтикалық сарынына сай оқиғаның ширап өрбуін асқақтаған суреттермен, табиғаттың айбынды тұлғасының құшағында береді. Әсет поэмасының тіл көркемдігі, сөз образдары, көркемдік приемдар жағынан да Абай үлгісі. Абай өнегесі айқын көрініп тұрады.

Салиқаны суреттегенде:

“Тамағы ақ торғындай үлбіреген,
Сүйріктей он саусақтың бар саласы”, –

деген сипаттау Абайдың:

“Жүп-жұмыр ақ торғындай мойыны бар,
Үлбіреген тамағын күн шалмайды¹⁴⁸”,

деген суретін еске түсіргендей. “Отындай электрдің жалтылдаған” деген салыстырулар – Абай руссизмі.

Темірдей қара жартас сұрғылт түсті,
Қабағын қаһар, көзін қарс түйіп, –

деген суреттер Ақылбайдың “Дағыстан” поэмасындағы, не Лермонтовтағы Кавказ тауының бейнесін көз алға әкелгендей.

“Мұңлы тау аспанменен бой теңескен,
Тұрғандай бейне мүлгіп басын иіп”.

деген сияқты метафоралар, “Ақырған аждаһадай тасқынды өзен” деген жолдар Әсет ақынның бұл поэмасында анық мәдениетті, жазба ақынның салтын сақтағанын көрсетеді.

“Салиқа–Сәмен” – романтикалық көркем поэмалардың бірі. Әсет поэмасының жақсы мұрасы.

IX Тарау

Әріп Тәңірбергенов

(1856–1924)

Әріп — Абайдың ақын шәкірттерінің ішіндегі алғыр ойлы, өткір тілді, құлашы кең талантты ақынның бірі.

Әріп Семей облысы, қазіргі Жарма ауданында туған. Ескіше руы Найман, Найман ішінде Сыбан, Жанкөбек деген атадан, Әріптің әкесі Тәңірберген тілді, пысық, келдей шаруа болады. Тәңірбергеннің Әріптен басқа Тәпеке, Арыстанбек деген де балалары болған.

Қазақтың надан байларының көпшілігі XIX ғасырдың 50-жылдарынан бастап ашыла бастаған орыс мектептеріне, діни ескі сеніммен өз балаларын беруден бас тартады. Сондықтан әрбір болыс басына бірнеше баланы қалаға орыс мектебіне жіберу тапсырылады. Сол ретпен Сыбан елінің болысы Жарқымбай деген Тәңірбергенге: сенің балаң көп қой деп, бір баласын бай балаларының орнына Семейге оқуға жібертеді. Ол бала болашақ ақын Әріп болады.

Әріп Семей қаласында бір жағынан, орысша, бір жағынан, мұсылман медресесінде де оқиды. Бала күнінен зерек, зейінді, сергек сезімді Әріп оқуға ынталы болып, жақсы оқиды. Мектептен орыс тілін жақсы біліп шығады.

Әріп бала жасынан ақындық өнерге әрі бейім, әрі құмар болып өседі. Әріптің төртінші аталары Байғарадан: Ақтайлақ, Сабырбай, Түбек бастатқан он жеті ақын шыққан. Олардың бәрі де суырып салма ділмөр, айтыс ақындары болып, қазақ даласына атақтары, айтыстары кең жайылды.

Әсеттің Әріппен айтысында:

“Байғара он жеті ақын сенен шықты,
Тау мен тасты мақтауға Әріп мықты”, —

дейтіні сол болады.

Әріп елінде атақты он жеті жүйріктің өлеңдері көп тарап, ауыздан-ауызға көшіп жүрген. Өлең жырға құмар Әріп жас күнінде сол он жеті ақынның өлеңдерін жаттап, өзі де жанынан өлең шығарып айтатын болады.

Ол кездегі өлеңдері жас ақынның ақындық қадамы — жастық, әзіл, қалжық өлеңдер болған.

Сол он жеті ақынның айтыстары Әріпті қатты қызықтырады. Жас ақын өлеңді тұтқиылдан суырыпсалып айтуды жас күнінен машық етеді. Бұл салтты Әріп өмір бойы тастамаған. Әріпке алғашқы ақындық қадамында суырып салып айту дағдылы машық сияқты болса, кейін Абай өнегесімен негізінен қаламға көшеді.

Әріп медреседе жүргенде шығыс әдебиетімен де таныс болады. Шығыс тілдерінде жүйрік Әріп шығыс әдебиетін көп оқып, өз шығармаларында шығыс әдебиет үлгілеріне еліктейді. Бұл кездерде жазған өлеңдері, дастандары өз елінің өмірін жырлаудан мүлде аулақ. Шығыс әдебиетіндегі діни сарын мен шығыс үлгісіндегі ғашықтық сарында өлең-жырлар жазады.

Әріп Семейде оқып жүргенде, Абай мәжілістеріне де қатысып жүреді.

Әріп оқуын бітіргеннен кейін, өз елінде көп тұрмайды. Қапал жаққа тілмәштық қызметке кетеді. Одан Пішпек (Фрунзе) қаласында қызметте болады. Пішпектен Верныйға (Алматыға) ауысып, онда бірнеше жылдай тұрады. Осы жақта жүрген кездерінде Ақсу елінде болып, Сарамен танысып, көңіл қосады.

Осы кезде Ұзынағашта Жамбылмен танысады. 1890 жылдардың кезінде Әріп еліне қайтады. Бұдан былайғы өмірі өз елінде өтеді. Бұл кездерде Әріптің “Зияда” поэмасы елге мәлім болған. Ел аузында айтылып тарап жүрген кезі болады. Абайдың Әріптің осы поэмасындағы қыз сипатын суреттеуін сынауы — 1889 жыл.

Әріп Семейде оқуда жүрген кезінде Абайды жалпы білсе де, оның Абай өлеңдерімен шындап танысуы Абай ауылымен араласып, Абайды ұстаз ақын деп танып, өнеге алуы 90 жылдардың шамасы болған.

Әріп еліне қайтқан соң әдебиетпен шұғылданады. Өз ауылының балаларын жинап, оларға орысша сабақ оқытады.

Абайды өзіне үлгі еткен әріптің ақындық өнерге көз қарасы мүлдем өзгереді. Бұрын шығыс әдебиетінің үлгілерін қызықтап, хисса жазса, өзінің ақын аталарына еліктеп жеңіл-желпі жайларды қолма-қол шығарып, өлең студі машық етсе, Абай сынынан соң, Абай өлеңінің үлгісін, жаңалығын көріп қалған соң, Әріптің әдебиеттегі бағыты негізінен өзгереді.

Ақынның әлеумет өміріндегі орнын Абай басынан, Абай ақындығынан көріп, Абай жолын түсінген Әріп өлеңінің идеялық мазмұны да жаңа бағытқа, Абай бағытына көшеді.

Әріп орыс мәдениетіне шұғыл бет бұрып, орыс әдебиетін зер салып оқиды. Өз аулының балаларын жинап алып, оқу оқытып отырғанда, кейбір тентек балалар орысша сабақты тыңдамай, дәптерлерін шимайлап, кітаптағы Пушкин, Лермонтовтардың суреттерін сиямен бүлдіреді. Бір бала Лермонтовтың бетін сиямен былғағанын көріп:

“Лермонтов көкіректі көзді турап,
Білмеген айырмайды уды судан,
Бетіне данышпанның қара жағып,
Не түрлі сұмдық шықты ау бала қудан.
Былғаған ақ дидарын қараменен,
Білсе неге ойнайды данаменен,
Жақсыға түрі бөлек ит те үрмейді,
Жынды бірдей емес пе баламенен”, —

дейді. Сол сияқты Пушкин суретінің астына өз атын жазып қойған Шұғбан Қаумет баласы деген шәкіртіне де ренжіп өлең жазады.

Бұдан Әріптің балаларға орысша сабақ беріп, орыстың ұлы ақындарымен таныстыруды мақсат еткенін көреміз.

Алғашқы ақындық қадамында ескі айтыс ақындарының салтымен найман руын дәріптеп өлең шығарып, көршілес екі тобықтыға тиісіп, өзін сынаған Абай сөзін әуелде албырттықпен жек көріп, өлең шығарған Әріп, кейіннен өзінің бұл бағытының қателігін терең түсінеді.

“Абайды жарасады мақтағанға,
Болат қой екі жүзді сақтағанға.
Алтынға су тигенменен қараймайды,
Жұдырық хан артынан боқтағанға”, —

дейді кейіннен.

Діни сарында өлең жазатын Әріп әлеуметтік, азаматтық тақырыпқа көшеді. Рушылдық айтысты бір кезде машық етсе, әнді “найман”, “тобықты” емес, қазақ деп жырлайды. Абайдың жолын қуады. Сыбанның ру басыларының өлгенін жоқтап, тірісін мадақтап Жақсылық қажы, Қаратай, Қамбар, Жұмақан, Серікбай дейтін Әріп олардың орнына Абайды ұстаз деп біліп, Абай өнеге алған орыс әдебиетімен терең танысып, Пушкин, Лермонтов есімдерін қадыр тұтады.

Әріп өнер, білімді, еңбекті, әйел теңдігін жырлайды. Елді қанаушы байларды әшкерелеп жырлайды. Ұлы орыс халқымен достықты көкसेп жырлайды. Сөйтіп, Әріп Абай идеясына өзінің ақындық талантын арнап, Абайды аға ақын, ұстаз санап жолын қуған Абайдың ең талантты шәкірттерінің бірі болады.

Әріп 1924 жылы 14 июнь күні дүниеден қайтады. Ұлы Абайдың бастаған игілікті жолы орыс мәдениетін, орыс халқымен достықты Әріп өле-өлгенше ардақтап, Абай өсиетінен айнымайды, Абай жолынан аумайды.

Октябрь революциясынан соң Әріп большевиктер партиясының тарихымен, партияның көсемдері Ленин-Сталиннің өмірімен танысады.

Әріп совет үкіметін зор қуанышпен қарсы алып жырлайды.

Абайдың шәкірті, қарт ақын Әріп Ленин туралы, көсемнің өмірбаяны мен революцияның күресін суреттейтін поэма жазады.

Әріп 1924 жылы Ленин қайтыс болғанда, қазақ халқының ауыр қайғысын терең тебіреніп жырлап, Ленин қазасына арналған екі тамаша өлең жазады.

* * *

Революциядан бұрын Әріптің “Зияда” сияқты кейбір поэмалары болмаса, басқа шығармалары баспа көрмеген. Әріптің кейбір өлеңдері біздің дәуірде там-тұмдап басылады.

1927 жылы “Ленин жолдас” деген өлеңі “Еңбекші қазақ” газетінде (21 январь, 1927 жыл, № 17) басылып, редакция атынан Әріп туралы мәлімет жарияланады. Сол жылы март айында Әріптің “Париж коммунасы” деген өлеңі “Еңбекші Қазақтың” 63 санында жарияланады.

1926 жылы 11 сентябрьде “Социалистік Қазақстан” газетінің 210 санында Әріп туралы мақала және Әріптің “Ленин өлгенде”, “Балаларыма” атты екі өлеңі жарияланады.

Әріптің Ленин туралы өлеңі орысшаға аударылып, 1937 жылдан бері басылып жүр. “Творчество народов СССР” деген жинақтың 1937 жылғысында “Ленин, как снежные горы высок” деген өлеңі жарияланған (57, 58 беттер). Бұл өлеңді Әріптің өз аузынан жазып алғанға ұқсайды. Кітапта: “Записано со слов Арипа в Джарминском районе” делінген. Осы өлең сол жылдардан бастап орыс мектептерінің 10 кластарына арналған әдебиет хрестоматияларына енгізіліп жүр¹⁴⁹.

Әріптің “Зияда” поэмасы қолымызда жоқ. Одан басқа да Әріп бірнеше поэмалар жазған. Әсет Әріпке айтқан өлеңінде оның “Баһарам” атты поэмасына тиіседі.

“Байғара он жеті ақын сенен шықты,
Тау мен тасты мақтауға әріп мықты.
Өлтірдің “Баһарам” да жеті ханым,
Дарынды ақын демеймін Әріп тіпті”, —

дейді.

Бұл поэмасы да бізде жоқ. “Тәуке мен Қайша айтысы”, “Қанды жол” поэмалары халық аузында, қолжазбаларда сақтаулы. Бұл поэмалар әлі де зерттей түсуді қажет етеді. Сол сияқты “Біржан—Сара айтысына” байланысты мәселені де Әріптің поэмаларын зерттеу жұмысының әлі жеткіліксіздігіне байланысты кейінге қалдыра тұрамыз.

Енді Абай дәуірінде, Абай әсерінен туған Әріп өлеңдеріне аздап тоқтамақпыз.

Әріптің ақындық өмірі ерте басталады. Оның шығармаларының тақырыбы да сан алуан. Ақынның шығармалары өзінің ой-өрісінің, өз басынан өкізген өмір белестеріндегі көзқарастарының көлемін айқын көрсетіп отырады. Алғашқы ақындық қадамындағы Әріп өлеңдері жастық махаббат, әзіл-қалжың өлеңдері (“Ал сөйле жеңген ерім”, “Байтоқшының қызына”, “Сараға” тағы басқалары) болып келеді:

Медреседен оқып шыққаннан кейін шығыс әдебиетінің, әсіресе, діни сарындағы әдебиет әсерімен “Дүния туралы”, “Өлім туралы” өлеңдер жазады.

Кейінірек Шығыстың ғашықтық сарынында көптеген өлең-дастандар жазады.

Әріп ең алғаш Абайдың “Әлифби” өлеңіне еліктеп, ол да “Әлифби” өлеңін жазады. Абай арабтың жиырма тоғыз әрпінің әрбіріне бірбір өлең жолын арнаса, Әріп 29 әріпке 29 ауыз өлең арнайды. Мысалы:

“Әшір, сенің аузың бал, негің дүр.
Пердең жұлла жамылған жамалың нұр.
Не Күләндам, не Балдыс ғажайыпсың,
Затыңның кім екенін білмедім бір”, —

деп келеді өлеңнің өн бойында шығыс қиссаларындағы ғашықтар аты көп кездесуі, соларды дәріптеу сарыны ба-
сым. Өлеңде араб, парсы сөзі көп орын алады.

Абай өзінің “Әлифби” (1864) өлеңін:

“Я, арым, қалай болар жауап сөзің,
Мәт қасың, тәштит – кірпік, сәкін көзің.
Әтір мен асты-үстілі жазуда бар,
Болуға асты-үстілі көнсең өзің”, –

десе, Әріп те өз өлеңін дәл осы Абай үлгісімен (өлеңнің ұйқасы да солай) аяқтайды:

“Қасың – мәт, ернің – әмзә, сәкін –көзің,
Әтірдей бармағыңыз шәрбәт сөзің.
Тентекпен тағанды таба алмадым,
Тыныптай кез келесің қайдан өзің”, –

дейді.

Бұл қолына алғаш қалам алған жас ақынның еліктеу өлеңі болады.

Әріп өз еліне келіп, одан Қапал, Алматы жаққа кетіп, қызмет істеп, ел жұмысына араласқанда қазақ арасында ескі айтыс ақындарының салтымен өлең шығаруды да әдет ете жүреді.

Бұл кездердегі Әріп өлеңдерінде әлеуметтік, азаматтық сарын сирек кездеседі. Өзінің шыққан руы найманды, сол елдің ру басыларын әнінше “жақсы” деп білген адамдарын дәріптеп жырлайды. Жеке адамдардың басына айтылған, мақтау, даттау, әжуа, мысқыл өлеңдер болып келеді. Мысалы, Қапал жақта қызметте жүргенде Жарбай деген Матай елінің атқамінеріне бір ауыз өлең айтады. Жарбайдың аталары Тайлақ Матай ішінде аз ата болып, есе тимей жүргенде, осы Жарбай атқа мініп, ел билейді:

“Келдібай әкең аты, атаң – Тайлақ,
Жарбағып жаратты құдай сыйлап,
Тайлақтан құнан атан шығып алып,
Бас салдың қарт бураны бір-ақ шайнап”, –

дейді.

Бұл алуандас өлеңдері көп. Әріптің Базаралыны мақтап шығарған өлеңі 1884–85 жылдардың кезі болады. Бұл кездерде Әріптің ел жұмысына араласып, Сыбанның атқа мінген азаматы саналып, Найман руының ежелгі ру намысын сақтап, ескі салттан шыға алмай жүрген кезі болады. Тоқсаныншы жылдар Әріп Абайға шындап бет бұрды деген едік. Бұл жайды Әріп өлеңінің идеялық мазмұнынан

көруге болады. Әріптің ендігі өлеңдері әлеуметтік тақырыпта жазылады. Бұл кездердегі әрбір өлеңінен нақ Абайдың әсері, Абай бағыты көрініп тұрады. Ру басыларды мадақтау орнына сынау, шенеу жыры туады. Олардың зұлымдығын әшкерелей жырлауды ақын енді азаматтық борышым деп ұғады. Найман елінің ру басы байы, әрі биі қажыға барып, Серікбай қажы атанған жуанды Әріп қатты мысқыл етеді. “Секең қажы” деп мысқылдай отырып:

“Болса да сыртың қажы, ішін арам,
Дұрыс деп тіпті айтпайды білген адам.
Пара десе асайсың балдай көріп,
Жалғыз-ақ ұнатпаймын соның жаман”, —

деп әшкерелейді. Сол сияқты Қабдылда деген биді де ащы тілмен ажуалайды. Момын елді зар жылату ел жуандарының арылмайтын ежелгі ескі ауруы дейді. Енді езуші мұндай залымдар ұлық алдында қарғылы төбет сияқты дейді.

“Қабанды ескі ауру сандыратқан,
Жылатып сан момынды зар жылатқан.
Ұлық боп ел шетіне біреу келсе,
Сар жезін знак қып салбыратқан”, —

деп жебір бидің екіжүзді, жиіркенішті бейнесі, жексұрын мінезін аяусыз әшкере етеді.

Абай 1889 жылы Әріпті қатты сынаған болатын. Ол — елге мәлім “Зияда” поэмасындағы ел өмірінен тіпті шындықтан аулақ “Алтын иек, сара ала қызы” үшін болатын. “Өлеңі бар өнерлі” інілеріне аға ақын әділ сынын, адал жүрегімен сын ақылын айтқан болатын. “Алтын иек, сара ала қыз” сияқты өлеңнің: “Өзге түгіл өзіңе пайдасы жоқ, есіл өнер қор болып кетер түзге”, — деген Абай. Қатты айтылған әділ сын Әріпті қатты ойлантқан. Ақын “Есіл өнердің қор болып” бара жатқанын сезіп, Абайды терең түсініп, толғанып барып, тура жолға түскен. Ол — Абай жолы.

Әріптің ендігі өлеңдерінде “Алтын иек, сара ала қыз” жоқ, елге таныс “Сар жезін знак қып салбыратқан” жебір би бар. Оның жексұрын бейнесі суреттеліп, елді жиіркентеді. Ақынның ендігі өлеңінде шындық өмір бар, ол өмірге сын бар. Әріптің Абайға саналы шәкірті болғаннан соңғы өлеңдерінің идеялық мазмұны тереңдей түседі дедік. Халықты қанаушыларды әшкерелей жырласа, еңбек елін дәріптеп жырлайды. Әріп “Еңбек туралы” деген көлемді өлеңінде халықты қанаушы байларды, жебір биді, болыс-

тарды, еңбек етпей елді алдап, ұрлық-өтірік, қулық-сұмдықпен күн көрушілерді “ызалы жүреппен”, “ұлы тіл” мен әшкерелеп жырлайды.

“Байлар жүр мансап іздеп, құр далақтап,
Көрінбей малы көзге жүр жалақтап,
Би мен болыс көрінсе, қошемет қып,
Қойын сойып, ет тартар қос табақтап.
Адал еңбек істеуге дертің күшті,
Жиреніп жек көресің шындық істі.
Адалды адал, арамды арам демей,
Қара жаһил надансың қасқыр түсті.
Алдау, арбау қаныңа сіңген батпан,
Бар мақсұтың нашарды зар жылатқан.
Жалға жүрген жарлының еңбегін жеп,
Адал астай асайсын құдай атқан”.

Еңбекші халықты езуші байлардың сұрқиялығы бұл өлеңде мейлінше әйгіленеді. Олардың елдің еңбегін жеп, арамдықпен айналысып мақтан етіп жүріп, сыртымен сопысынып, құдайға құлшылық ететін екіжүзді зұлымдығын ақын аша тұседі.

“Сөйтіп жүріп сопы боп құдай ұрып,
Таспиқ тартып мүлгисің түннен тұрып,
Бойыңда ат тартпайтын арамдық бар,
Сүттен аппақ боласың, судан тұнық.
Бағып жүрсе, малыңды біреу тегін,
Сұрланып, сүртіп жүріп маңдай терін.
Алты айына қой, серкеш, көйлек атап,
Ақы деп осы емес пе бар бергенің.
Шын құдайдан қорықсақ иман іздеп,
Жарлының бұл еңбегін неге жедің”, –

дейді.

Әріптің бұл өлеңі Абай ұстазының өсиетін дұрыс ұғынып, ақынның әлеуметтік өміріндегі орнын дқи тапқанын көрсетеді. Бұл өлеңде Тобықты, Сыбан жоқ, қазақтың қан сорғыш байлары бар. Олардың айнымай түскен анық қорқау бейнесі бар. Бұл өлеңде көршілес күндес екі ру ел емес, бай мен кедей екі тап бар. Абайдан үлгі-өнеге көрген ақын Әріп құлашты осылай сермейді. Әріп сияқты ірі талант егер Абайдан аулақ болса, сөз жоқ хиссашыл ақын, ру намысын жырлаған ақын ғана болып қалған болар еді. Егер Абай өнегесін көрмесе, “көлеңкең көзсіз болсаң аспас бойдан”,

— деп ақынның өзі айтқандай Әріп те надан ақынның біреуі болып қалар еді.

Әріп ұстазы Абайдың жолын айнымай қуған ақын болды. Оның өлеңдерінің тақырыбы — Абай салған жол. Абай бастаған бағыт болады. Әріп “Қалың мал” деген өлеңінде әйел теңдігін жырлайды. Әйелдің малға сатылуына ақын қазақ өміріндегі аса аянышты хал етіп жырлап, қалың мал ғұрпының жойылуын арман етеді. “Теңін тап та, тегін бер, түзел жұртым”, — деп халықты қалың малға қарсы күреске шақырады.

Абайды: “Бай қартайса, малына берер тізгін” дегені. Әріп өлеңіне қалың мал ғұрпын әшкерелеуде үлгі болады. Әріп те:

“Шал да емес, бала да емес ең негізгі,
Не туысы, не хайуан мал алады”, —

дейді.

Ақын ескі феодалдық жол-жобаның жексұрын түрі, надандықтың бір белгісі — қалың малды қолдаушыларды қшкерелеп қарғыс айтады:

“Әкең құрсын жас қызын малға сатқан,
Шешен құрсын өтірік жылап жатқан,
Бұл тәртіп білімді елдің бірінде жоқ,
Шатылып жалғыз қазақ тәңір атқан”, —

дейді. Ақын әдейі халықтың ар-намысына тиетіндей, ойлантатындай етіп батыра жырлайды. Әйелге деген теңсіздік, жаман әдет жойылады деп сенеді ақын. Оның жойылу жолын көре білмесе де, келешекке зор үмітпен қарайды. Жауыздықтың өмірі ұзақ болмайды деп ұғады. “Бір болар бұл әдеттің қалар күні”, — деп қорытады ақын.

Ақынның әлеумет тақырыбына жазылған өлеңдері шындықты ашып айтып сынау, ағартушылық бағытта болып отырады. Надандыққа, жауыздыққа білімді қарсы қояды.

Әріптің маңызды өлеңдерінің бірі — “Ғылым туралы” өлеңі. Бұл өлеңінде ақын ғылымды жалң сөзбен дәріптемейді. Халықтың көңіліне қонымды, әсерлі етіп, ғылымның дүниедегі, өмірдегі алатын орнын, дәлелдеп жатпай, бейнелеу, суреттеу арқылы ақындық көркем тілмен жырлап береді.

“Мысалы, дүние — теңіз, ғылым — кеме,
Кемесіз терең суға түсем деме”, —

дейді.

“Дүние – теңіз, ғылым – кеме” деген метафора арқылы ақын халық жүрегіне жол тауып жырлайды. Дүние төңкеріліп жатқан, таудай толқыны мен теңіз болса оған сенімді кеме керек. Ол кеме – ғылым, өнер-білім. Ғылым дегенде таяз білім емес, мағыналы, терең ғылым қажет. Ал аз білім ол да бір теңіздегі қалт-құлт еткен жел қайық: “Шалағай жанның қасы жыртық қайық”, – дейді ақын. Кеменің өзі де сенімді, мінсіз кеме болсын:

“Кемеде болмау керек саңлау тесік,
Мақтанба жел қайыққа кеме десіп,
Жел соғып көтерілсе жоқ боласың,
Толқынның түрі жаман жатқан көшіп”, –

дейді Әріп ғылымды осылайша дәріптеп жырласа, ол ғылым қайдан табылмақ керек.

Әріп бұл арада ғылымды құрғақ арман, қиял етіп жырламайды. Абай бастап отырған ғылымды айтады. Орыс мәдениетін, орыс ғылымын айтады. Орыс халқымен дос болып, қол ұстас сонда жол табасың дейді. Ақынның бұл пікірін мына бір ауыз өлеңінен аңғару қиын емес:

“Толқынға кемменен ыңғайлы бол,
Бір білгіш морякпенен ұстасып қол.
Ғылым – кеме коңілдің тиянағы
Әне, жаным, сүйткенде табасың жол”, –

дейді. Бар пікірін тамаша көркем образбен жырлап отырған ақын ұлы орыс халқын “бір білгіш моряк” деп сипаттайды. Бұл арада Абайдың орыстың ғылымын үйрен деген өсиетін жырлап отыр Әріп. Әріп ұстазының орыс ғылымы, орыс мәдениеті қазақ халқына бірден бір өнеге-үлгі, тура жол деген даналық ақылын, ұстазының идеясын жыр етіп отыр. Орысша шала оқып, “шен алып, шекпен кию” үшін елге төре болып келгендердің халық қамқоры емес, әмірші екенін, білімді жетілген жан емес, білімі тапшы, құрдым екенін әшкерелейді. Оның сыртына сенбе, іші нәрсіз. Үлгіні ондайлардан алма, “білгіш морякпен” қол ұстас:

“Қазаққа келген жанның бәрі төре,
Ақ жүрек аңқылдаған, әмір бере,
Көзсіз құдық сияқты о да тапшы,
Жетілген екен деме оны көре”, –

дейді.

Мысалы “дүние – теңіз, ғылым – кеме” деп жырлаудың үлгісінің өзін Әріпке беріп отырған Абай. Абайдың

“дүние — үлкен көл, заман — соққан жел..”¹⁴⁹, — деген пікірін ақын шәкірт өз өлеңіне негіз етіп отырғаны айқын.

Әріптің “Ғылым туралы” өлеңі — Абайдың ағартушылық идеясын насихаттап жырлаған ақын шәкірттің жаңа лебізі.

* * *

Әріп өле-өлгенше өзінің ақындық өмірінде Абай жолынан айныған ақын емес. Қазақтың ұлттық — байшыл оқығандарының “қазақ халқының қамқорымыз” деген жел сөзі мен көлгірлігі Әріптің Абай жолынан айныта алған жоқ. Әріп өз еліне келген бір ұлтшыл-байшылды көргенде оның қазақ халқына дос емес, жау екеніне көзі жетеді. Ол ақырып, қорқытып Әріпке өз сөзін сөйлетпек болады.

“Әріп оны айдаһарға теңейді:
Құдай-ау, не жазық бар біз пақырда,
Өсиет айтпасаң қой, тіпті ақырма.
Жалақтап айдаһардай аузыңды аштың,
Халықты сыйғызғандай бір тақырға”, —

дейді.

Октябрь революциясын, совет үкіметінің алғашқы дәуірін көрген Әріп қазақ халқының шын бақыт таңы атты деп түсінеді. Ақын бұл кездегі өз міндетін — қазақ халқына Октябрь революциясын, совет үкіметін кең түсіндіріп, жырлау деп біледі.

Лениннің өмірімен қазақ елін таныстыру мақсатымен биографиялық поэма жазады:

“Көсемі бейнет қордың Ленин жолдас,
Құтқарды жалмауыздан құйса толмас,
Құр атын естігенмен білмейтін көп,
Сабазды ұғындырып айтпай болмас”, —

дейді.

Ақын совет үкіметінің алғашқы жылдарында-ақ партия тарихымен танысып, партияның көсемдерінің өмірін зерттей біліп жырлайды. Әріп Абай мектебінің салтын бұл жөнде де көрсетеді. Жалаң ұраншы ақын емес, мәдениетті, білімді ақын екенін көрсетеді. Өмірден артта қалмай, заман талабын түсініп жырлайды.

Ленин өлгенде жазған Әріптің екі үлкен өлеңі сол жиырма-масыншы жылдардағы Ленин туралы жазылған өлеңдердің қазақ поэзиясындағы ең жақсы үлгісі деуге болады. Бұл өлеңдері — өзінің идеялық мазмұны жөнінен де, көркемдік жөнінен де құнды өлеңдер.

Ақын Ленин өлімін естігенде күйініп, терең толғанып Ленин қазасын өлең етуге Абайдай атақты ақын керек деп ұстазын есіне алады:

“Абайдай болмасам да атақты ақын,
Күйініш сөз жаздырды жанға жақын.
Басынан міндетімді атқарамын,
Аз да болса мағлұмат білген хақым”, —

дейді.

Әріп осы өлеңнің өзінде коммунист партиясының тарихын шын ниетімен, саналы түрде зерттеуге кіріскенін көрсетеді. Өлеңінің бір жерінде:

“Мәселе көрді көңіл, қиынын да,
Анық дана кірі жоқ сыйынында
Осал болса, Мартовқа көнбес пе еді,
Социал-демократ жиынында.
Ауса да Плеханов Мартов жаққа,
Пікірінен қайтпады әр уақытта.
Көпшілік Ильичті қолдап шықты,
Тәртібін төңкерістің айтқан шақта”, —

дейді.

Ақын осы өлеңімен ұлы көсемнің ауыр қазасына қамығып қайғырған еңбекші қазақ халқының көңілін білдіреді. Ұзақ өлеңде ұлы көсемнің ұмытылмас тарихи еңбегін, халық бақытына арнаған өмірін суреттей келіп:

“Қатты бас аяғынды енді жастар,
Заң, декрет тәртібін анық басқар.
Жұмыла күншіліксіз іске кіріс,
Бізді де аңдып жүрген жау мен қас бар”, —

деп қорытады ақын. Әріптің Ленинге арнаған оқиғаға құрылған өлеңі бар. Әріптің ақындық еңбегі Ленинді жырлаумен барып қорытылады.

* * *

Әріптің көлемді ақындық еңбегі өз алдына арнаулы зерттеуді тілейді. Біз бұл арада Әріптің шығармаларын бастан аяқ кең шолып, талдау міндетін қойғамыз жоқ.

Х Тарау

Көкбай Жанатаев

(1861–1925)

Көкбай Абайдың ең жақын досының бірі, дарынды ақын. Көкбайдың аты қазақ жұртшылығына ертеден мәлім. Қазақ халқы Көкбайды Абайдың ақын досы, жолын қуған шәкірті деп танып, оның атын ардақтап, қадір тұтқан.

Көкбай аты баспасөз жүзінде 1889 жылдан мәлім бола бастаған. Абайдың “Жазды күн шілде болғанда” атты өлеңі тұңғыш рет “Дала уалаяты” газетінде 1889 жылы Көкбай атымен жарияланған, тағы сол жылы “Болыс болдым мінеки” деген өлеңі де сол газетада жарияланады¹⁵⁰.

“Сорлы Көкбай жылайды, жылайды да жырлайды” дегені “мен” деп қойып (Абай – Ә.М.) өзін айтып еді¹⁵¹, – дейді Көкбай өзінің естелігінде. Көкбай аты Абай өлеңдері арқылы, Абайдың атымен бірге қазақ даласына кең жайылады.

Абайдың Көкбаймен достығы – Абайдай данышпан ақынның Көкбайдай талантты танып табысқан достық еді. Көкбайға ақындық өнерді ардақтауды үйреткен, “ақын” атын ешбір байлық, мансап, жалған атақ, жартымсыз қызыққа айырбастамауға үйретіп, танытқан Абай еді. Көкбайдың табиғи талантын тәрбиелеп, түзу жолға бағыттаған Абай болды. Көкбайдай талант иесі Абайдай данышпанға кездеспеген болса, сөз жоқ “есіл өнер қор болып түзге кетер” еді.

Абай мен Көкбай достығы нағыз адал, шын достық – ақындық өнердегі достық, кіршіксіз адамгершілік достық өз өнерін сүйген халқына арнаған азамат ақындар достығы.

Абай мен Көкбайдың алғашқы рет жақындасып кетуіне ел ортасындағы дау-шардың бір сөзі себеп болады. Ол жайында Семейден келген Лосевский деген ұлық Көкбайды жазаламақ болып, айдағып алғызады. “Әлгілер ерікке қоймай әкетіп бара жатқан соң, қасымда еріп жүретін өлеңші

жігіттерім бар еді. Солардың біреуінен Абайға бір ауыз өлеңмен сәлем айтып жібердім. Ол кезде ән салып, өлең айтатұғым, қасымдағы жолдастарым да сондайды әдет қылатын”¹⁵² дейді Көкбай.

Абай Көкбайды өзі кепіл болып алып қалады. Осыдан бастап (1880 ж.) Көкбай Абаймен айырылмас дос болады. Ол достық Абай өле-өлгенше айнымайды.

Жиреншин жолдас өзінің “Абай и его русское друзья” деген кітапшасында: “Көкбайдың әкесі Жанатай кедей болып еді. Баласын ауыл медресесінде оқытқаннан соң, қалаға оқуға беруге қаражаты болмап еді. Сонсоң баласын тәрбиесіне алуды Абайдан өтініп, 1881 жылы 18 жасар Көкбайды Абай ауылына әкелді. Жанатайды жақсы білетін Абай оның өтінішін орындап, Көкбай Абай үйінің адамы болып кетті”¹⁵³ дейді. Бұл әңгіме жоғарыдағы Көкбайдың өзі айтып отырған шындыққа жанаспайды. Жиреншин Көкбайдың туған, өлген жылдарын да 1863–1927ж. деп қате жазған.

* * *

Көкбай өзінің туысқандарына кейіп, өлер алдында айтқан бір өлеңінде:

“Жетпіске жасым кетті, алдым сексен,
Бұл күнде болып тұрмын жермен-жексен,
Кит етсе-ақ, Көкбай сүйтгі деуші едіндер,
Ал мен кеттім орныма егін ексең”, –

дейді.

Бұл өлеңіне қарағанда Көкбай жетпіс жасында өлген болады. Көкбай өзінің естегісінде:

“Әріп екеуміз құрбы болатынбыз”¹⁵⁴, –

дейді.

Әріп 1856 жылы туған. Әріп те жетпіске аяқ басқанда, 68 жасында өлген. Ол өзінің “Көрілікке” деген өлеңінде:

“Жетелеп жетпіс алда, алпыс айдап,
Бекітіп қол-аяқты әліпсіз байлап,
Дүнианың бәрі де күңгірт тартты.
Шапшыған тұнық едім тұрған қайнап,
Ұлына бес сыбанның сәлемдей көр,
Жібермес торға түстім көзім жайнап,
Көрілік жапалаққа айналдырды,
Бұлбұл ем дауысы зарлы тұрған сайрап...” –

дейді. Бұл өлеңінде Әріп: “Жетелеп жетпіс алда” деп жа-

сының жетпіске таяғанын айтады. Осы келтірілген дәлелдерге сүйеніп, Көкбай 1856 жылы туған дейміз.

Көкбай қазіргі Семей облысы, Абай ауданында туды. Көкбайдың әкесі тобықты ішінде көкше деген рудан шыққан Жанатай Жамантаев деген тілді, пысық адам болады.

Көкбайдың үшінші атасы Естай көкше ішіндегі жуан ата болған. Естайдың бес баласы болып, бесеуі де атқа мінер, пысық, ділмөр болып, “Естайдың бес жүйрігі” атанған екен. Оның бірі Құнанбай тұрғылас Қаратай деген адам болған. Көкбайдың өз әкесі де сол Естай жүйріктерінің бірі атанған.

Көкбай өз ауылының Төлетай дейтін молдасынан он жасынан бастап ескіше 4—5 жыл оқу оқиды. Бірер жыл ауылында болады. Ауыл арасының ойын-сауықтарында ән салып, домбыра тартып, өлең айтып жүреді. Аздап хат танып, кітап оқуға шамасы келе бастаған жас Көкбай ілгері оқуға құмартады. Ауыл молдасы талапты жасты қанағаттандырмайды. Көкбай қалаға оқуға баруға талпынады.

Әкесі Көкбайдың ауыл молдасынан оқыған оқуын қанағат етеді. Баласының қалаға барып оқуын мақұл көрмейді, шығынынан қашады. Жасынан еті тірі, отты, талапты бала Көкбай әкесінің бір ту биесін таңдап мініп қашып, Семей қаласына келеді. Көкбайдың қызы әкесін жоқтағанда:

“Жеті жаста ән салған,
Сегіз жаста үлгі алған,
Тоғыз жасқа келгенде,
Орысшаға көз салған.
Он екі жасқа келгенде,
Оқу іздеп қашқаның”¹⁵⁵, —

дейді. Бұл 1868—70 жылдардың кезі болады.

Көкбайдың қалаға келіп оқуы осылай басталады. Көкбай Семей қаласында орыс мектебінен төрт жылдай оқиды. Сонымен қатар Камали молданың медресесінен мұсылманша да оқиды. Бұл медреседегі оқуын Көкбай үзбей оқып аяқтайды. Абай Көкбайдың қаладағы оқуын бітіруіне үнемі жәрдем көрсетіп отырған.

Абайға қалаға келген сайын Көкбай сияқты оқып жүрген талапты жастарды, өз балаларын, туыстарын жинап ақыл-өсиетін айтуымен бірге, олардың өнерін мадақтап ән салғызып, өлең айтқызып, мағыналы мәжіліс жасап отыратын болған.

Көкбайдың:

“Семейге Абай келсе, бізде думан,
Ән салып, босамаймыз айғай-шудан.
Бас қосу, бақастану, мәжіліс құру,
Секілді бір ғылымның жолын қуған”, —

дейтіні осы кездер болады.

Бұл тұста Көкбай елімен көршілес Сыбан елінің жігіттері де оқып жатады. Олардың ішінде Әріптен басқа Смаил, Шәкет дейтін Сыбан байларының балалары оқиды. Көкбай шен-шекпен үшін орысша оқып жүргендерді мысқылдап өлең жазады:

“Дүние” деп қалтырап оқып жүріп,
Бір құрбымен жүрмейді-ау ойнап-күліп,
Бар арманы орысша арыз жазу,
“Высокоблагородие” десе күліп”, —

дейді.

Көкбай оқуын аяқтап, елге қайтқан соң, Абайдың үнемі жанында болады.

“...Қыс болсын, жаз болсын Абай ел араласа, қасында жүріп, ауылына келсе, үйінде бірге жатып, айырылыспайтын болдық. Абайдың қасында ай жүріп, ай жарым жүріп келіп, бір әредік толас болғанда ғана өз үйіме бір жұма; көп болса, он күнге рұқсат алып келіп, артынан қайта барамын¹⁵⁶”, дейді Көкбай.

1880 жылдардан бастап 1904 жылға дейін Абай көрген өмір талқысына, күйініш-сүйініш сияқты Абай басынан кешкен түрлі халдерге жанашыр жақын, адал дос ретінде Көкбай да түгелдей ортақ болады.

Сөйтіп, 1880 жылдан бастап Абай өлген күнге дейін екі достың тағдыры тығыз байланысты болған.

* * *

Көкбай 14–15 жастарынан бастап өлең айтқан ақын. Алғашқы жастық өлеңдері, ауыл арасының той-тобырында кенеттен ауызба-ауыз шығарып айтқан өлеңдер болған. Көкбай молдадан оқып хат таныған соң, шығыс әдебиетінің әсерімен діни сарында жазылған хиссаларға да еліктеп өлең, хисса жазған.

Кейін Абаймен жақындасқаннан бастап Көкбайдың ақындық бағыты мүлдем өзгерген. Қазақтың өз заманын-

дағы күнделікті өмір шындығын, таза қазақ тілінде жырлау Көкбайға шарт болады. Сонымен қатар мағыналы, көркем құнды өлең шығару үшін қалам алу да Көкбайға салтқа айналады. Ел алдында домбырамен әндетіп айту салтын да Көкбай қаламымен қатар ала жүреді.

Көкбайдың жөпелдемеде суырып салып айтып тастайтын ақпа ақындығын Абай қатты ұнатқан. Адамның жаман әдет, жағымсыз мінез-құлықтарын қолма-қол бетке басып, шенеп айтып тастауда Көкбайдың ұшқыр қиял, орынды тілін, ұғымды өткір сөзін Абай ерекше бағалаған.

Бұл салада Көкбайдың өлеңдері аса көп болған. Тобықтының ел кезіп, ет аңдып, байларды қоздырып, өсек айтып, ат мініп, ас ішіп, ерекше ел көзіне түскен тоғыз шалын әжуа етіп, “Тоғыз көк” деген өлең шығарады. Ол малдың көбі Көкбайдың өз ағайындары болады. Тоғыз көктің сиқына қарай мысқыл сипат беріп: Ақи-көк (Төребай), Шайтан-көк (Олжай), Шөккен-көк (Жақсылық), ...Өрелі-көк (Аманжол), Сұғанақ-көк (Көрпембай) деп ажуалайды.

Сол көктердің бірі Абай үйіне жиі келіп, ұзақ жатып тоғызқұмалақ ойнай беретін ашқарақ, қомағай Көрпембай болады. Оны Көкбай:

“Көрпембай көп ойнайсың құмалақты,
Сөйткенмен кісі емессің тиянақты,
Қызылға кез құйрықтан қырағысың,
Көргем жоқ сендей адам сұғанақты.
Ет жесең етпеттейсің сұғанақ көк,
Екі қолдап асайсың сыбалап кеп.
Әкеңіз майдан өлген кісідей-ақ,
Табасың ағарғанды сығалап кеп”.

Екінші көкті:

“Амансың ба, Қаражан, байқұлағым,
Бітім десе, тұрады ай құлағың.
Әрекеттен қарекет алған құлар,
Елдік жауыр қылдың ғой тай-құнаның”, –

тағы бір көкті:

“Тоғыз көктің біреуі ерелім-ай,
Жас күнінен өсекке зерегім-ай,
От басында көсеуді жонсаңдағы,
Енді кімнің жарайсың керегіне-ай”, –

деп өлең еткен. Көкбайдың “Тоғыз көк” жайындағы ажуа өлеңі елдің көз алдындағы шындық еді. Ол көктердің мінез-

құлқы халықтың намысына тиіп, кегін қайнататын еді. Көкбайдың ащы әжуа өлеңімен халық кегі қайтқандай болып, тоғыз көктің сазайы тартылғандай болады. Көкбай өлеңі ел аузынан түспей, халық өлеңіне айналып кетеді.

Осындай тақырыптарды Көкбайға көбінесе Абай нұсқап беріп отырады.

Көкбай ащы тілмен жауыздықты әшкерелеуде ешкімді де жақыны деп аяп, жан тартпайды. Ақынның шындықтан басқа жолға табаны аумақ емес Көкбай бұл күнде де Абайдың анық ақын досы.

“Жанды құдай алады кісі алмайды,
Себепсіз шыбын қонып, ұша алмайды.
Кеудеге өлең кернеп келген кезде,
Шындықтан басқа жолға түсе алмайды”, —

дейді Көкбай.

Абай өзінің құдандалы жақыны болған, кейін қызын алған күйеуі Дүтбайдың екі жүзділігін аяусыз әшкерелейді.

“...Мұңды жылмаң пішінің,
Кезек киіп, ел жиып.
Болыс болса түсінің,
Түксігін салар тырсыйып”, —

десе, сол Дүтбайды Көкбай онан сайын жер-жебіріне жете түйреп әшкерелейді. Дүтбай туыс жөнінен Көкбайдың ағайыны болады. ...Өз ағасы Дүтбайдың ел жегіп арамдық қылықтарын көргенде кеудесіне кекті өлең келіп кернеген Көкбай “шындықтан басқа жолға түсе алмайды”.

Дүтбай бастатқан тобықтының жебір тоғыз биін өлең етеді:

“Дозаққа біреу кетсе Дүтім кетер,
Зәбәни отын жағып түгіндетер,
Дараға сақалынан байлап қойып,
Артынан тоғыз биді күпілдетер.

Тоғыз би сөз айтпайды боз айтады,
Дүтпайдың тоғыз бисіз өзі айтады.
Талтаңдап жемге тойған көп қарғалар,
Қызылды көрген сағат кезі айтады”, —

деп қиянатшыл, паракорлығын әшкере етіп, халық алдында масқаралап ажуалайды. “Жезі не мойнындағы қарғысы ма,

әлде бұл көптің берген алғысы ма...” деп мысқыл етеді. Мойнына знагын тағып алып, билік айтқансып, өтірік момақан жан болғансып отырып, түн болса өздері ұрлық істеп, пара жейтін шебер залымдардың бет пердесін Көкбай ел алдында ашып береді:

“Сұмырай шолақ етек, шолтиған би,
Знак шенін тағып монтиған би.
Ұрлыққа түнде аттанып, күндіз сөйлеп,
Пара жеп қарны шығып томпиған би”, —

дейді.

Көкбайдың осы Дүтбайға айтқан адуандас өлеңдері сараң, дүниеқор байлар, еңбек етпей ел кезген қулар, пәлекор, парақорларды түйреуге де арналады.

Сол сияқты 1886—87 жылдар Абайдың жауы Оразбайды Көкбай қатты әжуалап, өлең шығарады. Бұл кезде Оразбайға Оспанның тізесі батып жүрген кез болады.

“Сенбісің қара бүркіт омыраулы,
Бұл күнде болып тұрсың елмен даулы,
Шұнайдың бүйратындай мына Оразбай
Қалайша жеңем дейді сенгір тауды.

Асқардың жел соғады бүйірінен,
Тілінің қылдың пайда сүйірінен,
Қарада қасқыр соққан көртаң айғыр,
Шығарды дөнен қуып үйіріңнен”, —

дейді.

Семей байлары, аңқау елді алдаушы сәудегерлері де Көкбай көзінен таса қала алмайды. Ірі байлардан ақша алып қазақ ауылына келіп, елді алдап кетіп, көтермемен келген сәудегерлердің мінез-құлқы Көкбай өлеңіне түскен:

“Сенің ішің бүгінгі етке шыққан,
Қымызды еркін ішіп бетке шыққан.
Қиялай бірден онды туғызам деп,
Қақшисың аңқауларды шетке шыққан”, —

дейді.

Көкбайдың осындай сан алуан тақырыпты жыр еткен өлеңдерінің көпшілігі бізге жетпеген. Көкбай Абайдың тірі кезінде өз өлеңін қуаттап жинастырып жүрмеген. Ел аузында айтылып, қолжазбалар арқылы тарап жүрген.

Көкбайдың айтыстары көп болған. Соның ішінде Әріп пен Көкбайдың әзіл, қалжың айтыстары мол болады. Сол көп айтыстардың Абай алдында болған бір айтысы жайында Көкбай былай дейді:

Ел ішінің тағы бір съезі болып, Семейдің үйезі келгенде соған тілмәш болып сыбан Әріп келді. Әріп екеуіміз құрбы болатынбыз. Кездескен жерде әрқашан бірер ауыз өлеңмен жанасып қалатынбыз. Съезд болып жатқанда, менің бір ақы сұраған арызым болып, соның тез қаралуын тапсырамын деп Әріпке:

“Найманшам, адырайма, кеуіп ісіп,
Ежелден Арғын аға, Найман – кішік,
Төбенмен жүр, тез бітір қызметімді,
Күнде бүйтіп мәлимен ісім түсіп”, –

дегенімде, ол

“Асықпа, бітірермін қызметінді,
Тапсырған құрбылықпен міндетінді.
Арғынға, Көкше сенен қызай жақын,
Ата қумай түзей бер өз бетінді”, –

деді. Мен мұның орайына:

“Көкше аты, Тобықтының бел баласы,
Бөтен деген білместің бол таласы,
Нарымбайды Ташкендік сарт дейді ғой,
Сол сияқты қазақтың құр жаласы”, –

дедім. Әріп:

“Тіпті Тобықты Арғын емес Көкше тұрсын,
Ата қуып қайтесің өзің жүрсің.
Құдай ақын теңдесім Алтай-Қарпық,
Құр кендікті көтерген кеуден құрсын”, –

деді.

Біз осылай сөйлесіп жатқанда, өзіміздің елдің біреулері Абайға барып: Әріп пен Көкбай айтысып жатыр дейді. Соған соң біреу келіп, екеуімізді де Абай шақырады деді. Келіп едік: “не айтыстыңдар”, “мынау ананы айтты, мен мынаны айттым” дедім. Абай тыңдады да, әлгі даудың орайына:

“Ақ сулы дүние, ойсыз кеткен,
Енедей жалшысынан бала біткен.
...Бекіresh Найман ұлы болмаған соң,
Атасыз да Найман көп, деп ап кеткен”, –

деді¹⁵⁷.

Көкбай мен Әріптің мұндай айтыстары өл-өлгенше үзілмеген. Көкбай, Әріп айтыстары ешбір зілсіз бірі сыбан, бірі тобықты ақыны болып әзілдесе беретін болған. Оның үстіне екеуі туыс жөнінен де жақын адамдар. Көкбай бір өлеңінде Әріпке:

...Есбайдың мен ұлынан, сен қызынан,
Бірге тудың міндейін сені қалай
Сонда да сыбан тартып бір болмайсың,
Есем кетті-ау, қайтейін талай-талай, —

дейді.

* * *

Абай басқа шәкірттеріне тақырып ұсынған ретімен Көкбайға да тарихи уақиғаларға байланысты тақырып берген. Ол тақырып Абылай ханның жайы болады. Абай Көкбайға бұл тақырыпты ұсынғанда, қазақ халқының сыртқы жауы жоңғарлармен күресін жырлауды тапсырған сияқты. Бір жағы Абай айтып берген тарихи деректерге, бір жағынан ел аузында аңызға айналып кеткен әңгімелерге сүйеніп Көкбай ұзақ шығарма жазып шығарды. Ол шығармасы — “Сабалақ”.

Бірақ бұл ұзақ әңгіме — жыр жинақ көркем шығарма болмай, Абылай бастап, оның тұқымдарын қуалай жырлай берген, бірден-бірге көшіп отыратын тарихи хроника болып шыққан.

Көкбай бұл шығармасында Абылайды, оның тұқымдарын олардың үстемдігін дәріптеп, шектен шығарып асыра мадақтайтын ру басы — феодалдардың мақсатынан туған құмартпа идеяны халық мақсаты деп қате түсінген. Содан барып феодалдар тілегінен туған Абылайды, оның тұқымдарын дәріптейтін өлең-жырдың, аңыздардың шумағынан аса алмай қалған.

Көкбайдың бұл шығармасы Ақылбай, Мағауиялардың поэмаларындай өзінің озық идеясымен, көркемдік қасиеттерімен танылмай қалады.

Көкбайдың Абай туралы естегісіне қарағанда “Сабалақ” Абай сынына да ұшырағаны байқалады. Бірақ бұл жайды Көкбай ашып, айқындап айтпайды.

“Сабалақ” та ақынның санасындағы діншілдікпен қатар, Абылайды асыра дәріптеп, табына жырлау, Абылай тұқымдарын шектен шығара мадақтап, шындықтан тыс қасиеттер таңа сипаттау айқын көрінеді.

“Сабалақтың” Көкбай жазған негізгі нұсқасы түгел

табылған жоқ. Кейбіреулердің өзінше өзгертіп жырлаған бірер нұсқаларының (варианттары) толық емес көшірмелері ғана сақталған.

Сондықтан Көкбайдың бұл шығармасына толық әдеби талдау жасауға мүмкіншілік те жоқ.

Ақынның өзі де 80-жылдарда жазған бұл шығармасына кейін қайтып оралмаған. Абайдың басқа әнші, жыршы шәкірттері де “Сабалақты” жырламаған. Оның сақталып қалуына көңіл аудармаған.

Көкбайдың бұл шығармасы идеялық-мазмұны, көркемдік түр жағынан Абай мектебінің жаңалығы емес, көрнекті еңбегі де емес, феодал ақындарының хандарды дәріптеуінен туған лақаптың әсері. Көкбай творчествосындағы қайшылық деп білуіміз керек.

* * *

Көкбай өзінің әлеуметтік тақырыпты жазған өлеңдерімен анық Абай шәкірті болып танылады.

Көкбай Абай дүниеден қайтқан соң, өз ауылына келіп орнығып медресе салғызып, қазақ балаларын оқытумен шұғылданады. Бұл кезде Көкбай көп еңбек сіңірген адам. Көрші елдерді, өз елін аралап, Абайдың халықты өнер-білімге шақырған өсиетін айтып, халықтың қадірлі ұлы, дана ақынның ол өсиетін орындау үшін медресе салдыру қажеттілігін түсіндіреді. Балаларға ақы алмай, сабақ беруді Көкбай өз міндетіне алады. Абайды сүйген халық Көкбайдың мәслихатын, қарсы алады. Тобықты, Найман, Уақ, Керей елінің көмегімен Көкбай ауылында асты-үсті тақтайлы, сегіз бөлмелі үлкен медресе салынады.

Абайдың тірі кезінде айтқан өсиеті іске асқандай болады. Оның досы, мұрагері шәкірт Көкбайдың талабы далаға кетпейді. Көкбай медресесіне көршілес төрт ру елден екі жүздеген бала жиналып оқу оқиды. Көкбайдың қызы Қадыш әкесін жоқтағанда:

“Оқы, оқы деп, көп айттың,
Халықтың қамын жеп айттың.
Ендігі өнер оқуда,
Бос қалма жұртым деп айттың”¹⁵⁸, —

дейді.

Көкбай шәкірттеріне мұсылманша оқумен қатар орысша да сабақ береді.

“Оқыды Арғын, Найман, Керей мен Уақ,
Көрген соң тек оқуды кетті құлап,

Араб, түркі, орысша сабақ бердім,
Өзіме өз еңбегім осынша ұнап.
Ғылымға шөлдеп жүрген талапкерлер,
Жиылып бірнеше жүз жатты даулап,
Адамшылық борышымды атқарам деп,
Тыққам жоқ білгенімді бойыма ұрлап”, —

дейді Көкбай. Бірақ елдің жуан байлары Көкбайды тыныш отырғызбайды. Абайдың жаулары оның көзі тірі шәкірттерінің де соңынан қалмайды. Көкбайға партияқор ру басылар өтірік жала жауып, жауапқа тартқызып, бір ретте түрмеге де жапқызған кездері болады. Құнанбай заманынан бері үзілмей келе жатқан ру басылардың жаулық әрекетін айтып, Абайды есіне алып:

“Жаулыққа содан бері жалыққам жоқ,
Ит үрді, керуен көшті жабыққам жоқ.
Жалғыз-ақ кешегі Абай заманында
Жолдассыз жалғыз болып тарыққам жоқ”, —

деп енді Абайдан соң жуандардан көрген жалғыздық жапасын айтып: “Арманым Абайменен бірге кетпей, қалыппын тентек елді күр күзетіп”, — деп налиды. Елдің талас-тартысы Көкбайға тыныштықпен оқу оқыттырмайды.

* * *

Совет үкіметінің Көкбай қуанышпен қарсы алады. Сағынып күткен теңдік, әділет заманы туды деп қуанған Көкбай медресесін совет мектебіне босатады:

“...Сондықтан медресем жабылғанда,
Жұрт болып жаңа оқуға табынғанда,
Артынан кеңес заңы міне орнады,
Әділет, кеңшілікті сағынғанда.
Босаттым медресемді мектебіне,
Тілегім қабыл болып не қылғанда”, —

дейді.

Әріп Көкбай сияқты Абай шәкірттерінің халық алдындағы беделі күшті болады. Халық оларды Абайдың көзі тірі достары, ақын шәкірттері. Абай жолындағы адал мұрагерлері деп құрметтейді. Олардың аузынан шыққан өлең-жырлары халыққа қадірлі болады.

Әріп пен Көкбайдың совет үкіметін қарсы алып жырлауы халық жаулары алашордашыл, ұлтшыл байшындар-

дың ішін күйдіреді. Олардың біреуі Көкбайға да өлеңмен хат жазып, ата-бабаның жолынан, құдай жолынан адасып, мешіт, медреседен кеттің деп сөгеді.

Көкбай жаңа заман өзінің аңсап күткен заманы екенін айтады. “Абай марқұм ескіге ермеуші еді, ескіні онша жақсы көрмеуші еді” деп келіп, “дүние ескімен оңалмайды” дейді.

“Дүние ескіменен оңалмайды,
Жаңаға ескі қожа бола алмайды,
Жуан кеуде ұлықтар түгесілмей,
Әділет орнына қона алмайды.
Өзімнің жасым кәрі, көңілім жас,
Іштегі айтпаса да болады пәш.
Абайдан құлағыма бұрын тиген,
Дүние болады деп бір тайталас”.

Абайдың жауыздық жойылады, әділет жеңбек деген сенімі, келешек дүнианы арман етуі Көкбайдың да көкейіндегі арманы болатын. Көкбай сол Абай арман еткен жаңа дүниеге жеттім деп біледі:

“Сонша болмай дүние жаңаланды,
Жаңа жеңіп ескілер шамаланды.
Ескінің келгендері аман қалып,
Көнбегендер мейлінше жараланды”, –

дейді.

Көкбай өзінің арман еткен жаңалығына жетіп, оны терең түсінгенін, жаңа өмір, жаңа жол дүниядың жалғыз тура жол деп сенеді ақын.

“Түсіндім мен де сөйтіп жаңалыққа,
Жаспенен кіріспедім алалыққа,
Тура жол дүниедегі жалғыз-ақ сол,
Басқа жол іздегенмен табалық па”, –

дейді де ұлтшылға ескі дүниеге “көшкен жұртқа өзің қаңғырып, лаға бер, менен аулақ” дейді Көкбай:

“Шырағым, өзің қаңғыр менен аулақ,
Жамандасан, жаманда мені жаулап,
Сойлер бімес ауыз деп мен айтпаймын,
Айта бер өз көңіліңді өзің аулап”, –

деп ұлтшыл байшылдардың арам ниетін әшкерелейді.

Көкбай 1924 жылдан бастап қауіпті науқасқа душар болады. Науқастанып жүрсе де, өле-өлгенше Абайдың әдеби асыл мұрасын жинауға, оның жарыққа шығып, халық мұрасына айналуына ат салысады.

Сонымен қатар өзі білген ескі ақын, жыраулардың өлең-жырын, ауыз әдебиет мұраларын да жазып қалдырады. Көкбайдың ол еңбектері кезінде баспадан шыққан¹⁵⁹.

Көкбайдың соңғы жылдары ауыр науқас халінде өтеді. Науқасын қаратуға тыным алмай Москва, Ленинград, Томск қалаларына барады.

Науқасынан сауығу үміті үзілсе де, Көкбай жаңа заманды көріп, жаңа өмір құрып жатқан елді көріп қуанады.

Әсіресе, орталық қалаларда болғанда Лениннің есімі халық аузынан түспей, жаңа дүниенің ұраны болғанына қанып, Лениннің халық қамқоры екенін терең түсінеді. Ауыр хал үстіндегі ақын, Ленинді аузына алғанда, рухтанып ең соңғы жырын ұлы көсемге арнап, Лениннің өмірін тіле деп қазақ халқына өлеңмен өсиет айтады:

“Осы жыл ауырсам да, көңілім шат,
Түсімде іс көргендей бір ғаламат.
Лениннің кім екенін анық білдім,
Тек ұзақ өмір берсін сау-саламат.
... Жығылмас мәңгі дедім Ленин туы,
Көкке орлеп көтеріліп алтын буы,
Ежелден езгі көріп келе жатқан,
Өмірін тіле қазақ көп руы”, —

дейді.

Бұл Көкбай аузынан шыққан ақырғы өлең еді.

* * *

Жағрафиялық қоғамның Семейдегі бөлімі Абайдың қайтыс болғанына 20 жыл толуына арнап, 1924 жылы декабрьде жиылыс өткізеді. Абайды еске түсіру жиылысына арналып шақырылған Көкбай науқастығына қарамастан келіп, ұлы ақын, досы жайында халық алдында сөз сөйлейді¹⁶⁰.

Содан қайтқан соң, ауру меңдете бастайды. Науқасы нашарлаған соң, ақын тағы да қалаға сапарға шығады. Бірақ қалаға жете алмай жолда Күшікбай деген жерде, Смағұл деген кісінің үйінде 1925 жылы 5 октябрьде (ескіше 22 сентябрь) қайтыс болады. Сүйегі өзінің қыстауы Мұқыр, Тақыр деген жерде .

Қазір Көкбайдың Қаныш деген қызы, Ахметқали деген ұлы бар.

Қорытынды

XIX ғасырдың екінші жартысындағы әдебиеттегі Абай бастаған жаңа бағыт қазақ жазба әдебиетінің тарихындағы бірден бір үлгілі әдеби дәстүр болды.

Абай қазақ халқының ғасырлар бойы жасаған рухани мәдениетін өз заманының тұрғысынан сын көзімен қарап меңгерді. Орыс халқының тұрмысынан үлгі-өнеге етті. Абай орыстың классик әдебиетін өзіне зор мектеп етудің арқасында қазақ поэзиясын идеялық-мазмұн, көркемдік тұр жағынан нағыз жазба әдебиетінің сатысына көтерді.

Абай өзіне дейінгі дәуірде қазақ әдебиетінде үстем болып келген діни-мистика мен күйрек-махаббат сарынына ұштасқан романтизмге қарсы күресті, рулық-феодалдық ескілікті көксейтін реакцияшыл романтизм ағымына қарсы күресе отырып, сол сияқты “көркем өнер үзіп” деген идеяны жақтайтын әдебиеттегі кертартпа ағымға қарсы отырып — қазақ әдебиетінде жазба әдебиетінің озық идеясы жаңа бағытын туғызады.

Абай мектебі орыстың классик әдебиетіндегі гуманизмді, демократтық-революцияшыл идеяны үлгі-өнеге етті. Рулық-феодалдық салт-санаға қарсы күресті. Отаршылдық езуге, қазақ байларының еңбекші бұқараны қанауына қарсы күресті. Қазақ халқын ұлы орыс халқымен достыққа шақырып, орыс мәдениетіне жетілуді ұлы мақсат етті. Абай мектебі орыс мәдениетін қазақ даласына кең жаюға, сөйтіп, қазақ халқын ағарту жолында әлеуметтік, тарихи зор мәні бар еңбек етті.

Абайдың төңірегіндегі ақындар өзіне дейін қазақ әдебиетінде болып көрмеген, прогрессившіл-өршіл сарынды, бай оқиғалы-романтикалық поэмалар туғызды. Олар туғызған поэмалардың оқиғасы тарихи шындыққа негізделгендіктен, өз заманының әлеуметтік талабына сай келіп отырды.

Абайдан үлгі-өнеге алған ақындар қазақ әдебиеті тарихында адамдардың жатымды жаңа көркем образын жасады. Олар — бас еркі үшін, махаббат бостандығы үшін ескі салтқа, зұлымдыққа қарсы қажымай күресетін, өжет, ер мінезді ерекше қайсар жандар. Қасым, Сәлім, Ғазиза, Жебірейіл, Зәйрә, Еңлік, Кебек, Салиқа, Сәмен, т.б.. Оларда күйректік жоқ, күреске бой ұрған өршілдік бар.

Абай төңірегінде болған ақындар туғызған поэмалардың таптық бағыты да айқын. “Медғат—Қасым” да Мұрат, Медғат сияқты құлды езуші байларға қарсы Қасым құл, Сәлім, Ғазизалар күреседі, “Дағыстанда” Жүсіп байға қарсы кедей жігіт Жебірейіл, “Салиқа мен Сәмен” де ханға қарсы ер жігіт Сәмен, казактың ру басыларына, ескі салтқа қарсы, Кеңгірбай сияқты зұлым биге қарсы Еңлік қыз бен Кебек шығады.

Абайдың ақын шәкірттері ұлттық тар шеңберде қалып қоймайды, жырлайтын тақырыпты да кеңінен қамтып, Кавказ, Африкаға дейін құлаш сермейді.

Өз заманында бүкіл дүние жүзінде болып жатқан оқиғалардан сырт қалмай, ол жайлардың саяси-әлеуметтік мәнін терең түсініп, өз поэмаларына тақырып етіп жырлайды. Ағылшын, тағы басқа Европа отаршылдарының зұлымдығын әшкере етеді.

Абай шәкірттерінің поэмаларындағы махаббат мәселесі нағыз шыншылдықпен, адамгершілік, прогресшілдік идеяда жырланады. Өз еркімен сүйісіп табысқан, ескі салт-сананы, ескілік жол-жобаны бұзып қосылуға талпынып күрескен жастар махаббаты жырланады. Қазақ өмірінде ғасырлар бойы орын алған, лирикалық эпостарда “Қыз Жібек”, “Қозы Көрпеш—Баян сұлу” т.б. дәріптелетін жесірлік салт, өменгерлік сияқты ескі дәстүрдің Абай шәкірттерінің поэмаларында ізі де жоқ. Сол сияқты қазақ даласына ХІХ ғасырда көп тараған шығыс әдебиетіндегі ғашықтық жырлардың Абай төңірегіндегі ақындар туғызған поэмаларға биттей әсерінің белгісі де жоқ. Шығыс әдебиетіндегі ғашықтық поэмаларындағы: “Сүйіспеншілікті тағдыр жазған, ол адам жанын жуып, шайып тазартады. Денең қорлық көреді, зар шегеді. Сол арқылы жаның тазарады. Тазарған жолмен құдайыңды, иенді танысың деген сопы ақындардың махаббат палсапасы”¹⁶¹ Абайға дейінгі әдебиетте орын алып келсе, Абай тәрбиесін көрген ақындар ол “палсапаның” орнына өмірді сүйю, өмірдегі қызықты, еркіндік, махаббатты дәріптеп жырлады.

Өз поэмаларында Пушкин, Лермонтовтың революцияшылық мәні бар романтизмін өнеге етті.

Сөйтіп, әйел теңдігі мәселесі Абай төңірегіндегі ақындардың негізгі тақырыбының бірі болады. “Әйел теңдігіне және жалғыз дара ерлердің феодалшыл-рушылдықтың ескі ұйытқысына қарсы күресіне арналған поэмаларды да осы школа аударған”¹⁶².

Абайдың әдебиет дәстүрінен туған өршіл романтизм сарыны әдебиеттегі халықтық идеяны тереңдете түсті.

Ақынның ішкі сезім-сырын ашып жырлау, адамның бас бостандығын, еркіндік өмірді дәріптеу — Абай шәкірттері тудырған поэмалардың ерекшелігі болды. Мұндай романтика сарыны шындықтан аулақ болмайтын. Қайта сол шындық өмірді жырлаудың әдебиеттегі жаңа бір түрі болды.

Романтикалы өршілдік, сезім дүниесін терең толғап жыр ететін лирикалы сарын, ескі өмірдің тар тұсауына көнбей тайталасу, жарқын өмірге, еркіндік дүниесіне құлаш ұру — Абай төңірегіндегі ақындар поэзиясындағы романтизмнің жақсылық қасиеттері болды.

Бұл ақындар туғызған өлең поэмаларда адамға әсерлі, көңілге қонымды, терең идеямен қабысқан табиғат суреттері, лирикалы монологтар — осының бәрі орыс әдебиетіндегі прогрессившіл романтизмнің жақсы үлгісі, қазақ поэзиясын жаңғыртқан жаңалық болды.

Абайдың ақын шәкірттері қазақ поэзиясының тарихында поэзия жанрын жаңа мазмұнымен байытып, жаңа көркемдік түрмен ілгері дамытқан анық новаторлар болды.

XIX ғасырдағы натуралдық мектептің орыс әдебиетін дамытудағы маңызын В.Г.Белинский ерекше бағалады: “Натуралдық мектеп жазушылардың арқасында орыс әдебиеті дұрыс, түзу жолға түсті, шабыт пен идеядың тұнық құнарынан азық алды: соның нәтижесінде әрі заманға сай әдебиет, әрі орыс әдебиеті бола алды. Бұл жолдан ол еш уақытта таймас, себебі бұл тәуелсіз болып, тыңнан өсудің, жаттың, көлденеңнің ықпалынан бір де бір тура жолы¹⁶³”, — деген еді.

Абай бұл жөнінде қазақ әдебиеті тарихында тұру осы Белинский айтқандай маңызды, тарихи іс істеді деп айта аламыз.

Абай және оның шәкірттері қазақтың өткен өмірін, өз замандарын сынап, халықтың болашағына зор үмітпен қарап, бақытты, ерікті өмірді арман етсе де, патшалық құрылысты күшпен құлату идеясының сатысына көтеріле алмайды. Орыстың революцияшыл ұлы демократтарынан Абай көп үлгі-өнеге ала отырса да, қазақ қоғамының тарихи даму жөнінде межеу қалуы себепті, олардың революцияшылық биік идеясының дәрежесіне көтеріле алмады.

Осындай іштей қайшылықтар Абайдың ақын шәкірттерінің басында да бар. Діншілдік сарын (Көкбай, Әріп), тағдырға сенушілік белгілері (Ақылбай, Мағауия, Әсет) Абай шәкірттерінің шығармаларындағы қайшылықтар. Бұлар әрине олардың шығармаларындағы негізгі сарын, негізгі бағыт емес. Ол қайшылықтар Абай дәстүрінің қазақ әдебиеті тарихындағы прогрессивтік тарихи маңызын төмендетпе амайды.

Абайдың, оның төңірегіндегі ақындардың өз заманынан ала келген бізге жат жайлардан арылтып ала білгенді ғана дұрыс түсініп, әділ бағалай алмақпыз.

“Біз Пушкинді әлде қалай нәрселерінен, өмір сүрген дәуірінің жағдайына байланысты ескілікті мұрасынан бойында қалған барлық дворяндықтан арылтып алуымыз керек, барлық уақытша бойына тағылған нәрселер бізге жат, бізге керексіз. Осының бәрінен арылтып алған күнде ғана біз ұлы халық ақынның... орыстың ұлы әдебиетінің негізін қалаушы ақынның толық бейнесін көре аламыз”¹⁶⁴, дейді М. Горький.

Абай төңірегіндегі ақындардың көзі тірі қалған өкілдері (Әріп т.б.) әдебиеттегі Абай дәстүріне кір жұқтырмайды. Абайдан соңғы дәуірде ұлтшыл-байшылдардың, панисламист, пантүрікшіл сұрқиялардың лас идеяларынан таза сақтап, Абайдың асыл мұрасын социалистік мәдениетіміздің алтын қорына әкеліп қосты.

Олар Абай арманын көзімен көріп, совет үкіметін, дамытатын ұлы көсем Ленинді жырлап кетті.

Абай негізін салған қазақтың жазба әдебиеті тек Октябрь революциясынан кейін, совет үкіметі дәуірінде гүлденіп өсті.

Абай және ұлы ақынның төңірегіндегі ақындар өлең жанрын өркендетуде тарихи еңбек еткен еді. Ал шын мағынасындағы әр жақты, мол салалы нағыз үлкен әдебиет тек совет дәуірінде туып, өркендеді. Бұл жөнінде Абайдың әдебиеттегі дәстүрін ілгері дамытып, қазақ совет әдебиетін бар салада байытуға зор еңбек сіңірген Сәбит Мұқанов, Мұхтар Әуезов, Ғабит Мүсірепов, Ғабиден Мұстафин, т.б. қазақтың көрнекті ақын, жазушылары болды.

Бұл жайды кеңінен зерттеп, арнаулы еңбек жазу әдебиет зерттеушілердің кезекті міндеті болып табылады.

ДИССЕРТАЦИЯҒА ҚОСЫМША

Халиолла Құнанбайұлы Өскенбаев

(1847–1870)

Г. Н. Потаниннің 1896 жылғы “Русское богатство” журналындағы мақаласында әңгіме қылатын Өскенбаевы – осы Халиолла.

1941 жылы май айының 23 күні “Социалистік Қазақстан” және “Казахстанская правда” газеттерінде “Абайдың жаңадан табылған хаттары” деген хабар жарияланды. Онда: “ССРО, Ғылым академиясының Қазақстандағы филиалының ғылыми қызметкері А. Марғұлан жолдас Абай Құнанбаевтың жаңадан үш хаты табылғанын мәлімдеді”, – деген. Ол хаттар ССРО Ғылым Академиясының архивінен, Шоқан Уәлихановтың материалдарының ішінен табылған. Бұл хаттар 1865–66 жылдарда Омбыдағы кадет корпусында оқып жүрген Абайдың інісі Халиоллаға жазылған.

Бірінші хат 1865 жылы ноябрь айының 8 күні жазылған. Бұл – Құнанбайдың хаты. Баласына сәлем жолдай келіп: “Сөзім бүдүр: Өзім сау-саламат. Құдай бұйырса барамын деген уағдам бар. Ләкин елде ауру-сырқау көп. Бекен науқас. Оспан һәм науқас. Нұрғаным һәм науқас. Өзінді сұрап жаздық, сол жазудан хабардар болыңыз, мәнiсi қалай болғанын. Ол сұрап жазғанымыз жарай ма, жарамай ма. Егер жарамаса, өзің қалай сұрап жаза тұрғанын хатқа жазып жіберіңіз: Бұл сұрап жазған хат кадетский корпустан. Бұл сұрауымыз лайық па, жоқ өңгелерден сұрауымыз лайық па. Сол сұрауды өзің білер деп ойладық”¹⁶⁵, – дейді. Ағайын-туыстары науқас болған соң Халиолланы елге қайтып кетуге Омбы кадет корпусынан сұрағанын айтатын сияқты.

Потанин: “Өскенбаев Омбы кадет корпусын бітірген соң Семей маңында өзінің туған жерінде тұрған. Жерлестеріне орыс повестерінің, романдарының мазмұнын айтып береді екен. Олар қызығып тындайды екен. Жерлестерінің сұрауы бойынша Тургеневтің, Лермонтовтың, Толстойдың, т.б. шығармаларын еркін аударма жасап, жазып берген.

Ол аударма бірнеше дәптер болған. Әдебиет кештерінде қазақтар ол шығармаларды талқылап, пікір таластырған шақта Өскенбаев Белинскийдің, Добролюбовтың пікіріне сүйенеді екен, — дейді. Потанин мұны көзімен көрген кісіден естігенін айтады¹⁶⁶.

Біз бұл келтірілген мағлұматтардан Халиолланың Омбы кадет корпусын оқып бітіргенін, мәдениетті әдебиетші адам болғанын, орыс әдебиетін Абай ауылына тұңғыш әкелуші екенін байқаймыз.

Омбы кадет корпусында Халиоллаға 60-жылдардағы орыстың революцияшыл демократтарының идеясы күшті әсер еткені даусыз.

Омбыда оқып жүргенде Халиолланың Шоқанмен таныс болмауы мүмкін емес.

Халиолла 12–13 жасына дейін өз аулында Ғабитхан молладан оқып, онан соң Омбыдағы кадет корпусына түскен. Егер Халиолла 13 жасында кадет корпусына оқуға түскен болса, ол 1860 жыл болады.

Ал 1863–64 жылдар Халиолла кадет корпусында оқып жүруі күмәнсіз. Бұл кездерде ол он сегіз жасқа аяқ басады. Шоқан 1864 жылдың 24 мартында Омбыдан кетеді. Халиоллаға жазылған хаттардың Шоқан қағаздарының ішінен табылуы да адамға ой салады.

Осы айтылғанның бәрін еске алғанда Абай Халиолла арқылы Шоқан туралы естіп білген деп ойлаймыз.

1866 жылы 4 февральда Халиоллаға Ғабитхан жазған хатқа қарағанда, ол оқуын бітіріп қызметте жүрген сияқты да Құнанбай Халиолланың қызметтен босап қайтуын тілейтін тәрізді.

“...Мырзаның (Құнанбайдың. — *Ә.М.*) өзі бармақшы болып тұр еді. Әуелі сізден бір хабар алмақ жақсы болар деп хат жаздық. Алдағы өзіңіздің мәніңізді кісілерге ақылдасып, бір хат бұл жерден арыз берсе де жарар ма екен сіздің шығармаңызға. Уәләким мәнісі табылса төтеңіз (Құнанбай. — *Ә.М.*) шыққаныңызды бек жақсы көреді. Мәнісі табылса. Хайыр көп не айталық. Хат салғаныңызда Сергиополь дуанының письмоводителі Василий Ивановтың атына саламыз, жылдам тиедур”¹⁶⁷, — дейді.

Халиолланы Абай қатты сыйлап, жақсы көретіндігі Абайдың 1866 жылы 8 мартта жазған хатынан байқалады. Абай да інісін сағынып күтетін сияқты. Халиоллаға хат салу үшін әдейі Аягөзге келген.

“...Семейге маұлұмдаған уақытыңызда хат дайындармыз. ...Хатыңыз тиісімен ешбір тоқталмайынша Аягөзге келіп, осы хатты жаздық.

Әр дайым тауфикды, абройлы өміріңізді тілеп, хат жазушы ағаңыз Ибраһим Құнанбай ұлы деп білесіз. Жүністен көп сәлем”¹⁶⁸, — дейді Абай.

Халиолла Омбыдан соң, Петербургке барып оқыған, одан Ташкент қаласында қызметте болып, Ташкенттен Омбыға келіп, Степной генерал губернаторының кеңсесінде қызмет істейді.

Халиолла Семейдегі Тінібай байдың Айғаным деген қызымен көңіл қосып, әкесі Құнанбайдан үйленуге рұқсат сұрайды. Құнанбай рұқсат етпейді. Тінібайдың екінші әйелі Құнанбайдың Ұлжаннан туған қызы болады.

Халиолла әкесінің ескі сеніміне мойын сұнбайды. Сүйген қызын алып қашады. Қыздың ағалары Темірғали, Жүмәділ дегендер жан-жаққа кісі шаптырып, арттарынан қуып, Арқат тауының бауырындағы Қызылмола бекетінде жетіп, қарындастарын Халиолладан айырып, алып қалады. Халиолла содан әкесіне наразы болып кетеді.

Халиолла 1876 жылы Омбыда қызмет істеп жүріп өкпе ауруынан қайтыс болады.

Халиоллада ақындық өнер де болған деседі. Сүйген жарына қосыла алмау күйігінен туған Халиолла өлеңі, әкесіне наразылық айтып жазған өлең өз тұсында елге мәлім болса керек.

Тірі күнінде өзіне-өзі жоқтау жазып қалдырады:

“Арғы атаң сенің Ырғызбай,
Тентекті жеңіп үйреткен.
Қалмақтың жығып палуанын,
Қабырғасын күйреткен...”

деген бірер ауызы ғана ел аузында сақталған.

Құнанбай Халиолланың сүйегін Омбыдан алдырып, өз қыстауы Ақмола деген жерге қойғызады.

Омбыдан Халиолланың сүйегін Мырзахан деген адам бастап әкеледі екен. Халиолланың қалған нәрселерін ескерткіш ретінде туыстары бөлісіп алғанда, Абай екі сандық кітабын алған деседі.

Келешекте Халиолланы зерттеу Абайдың өмірі туралы мағлұматтарды толықтыра түспек.

Кәкітай Ысқақұлы Құнанбаев (1869–1915)

Кәкітай 1869 жылы Шыңғыс облысында, Ақшоқы деген жерде туған. Кәкітайдың әкесі Ысқақ — Абайдың бір туған інісі. Кәкітай — Ысқақтың тұңғыш баласы. Оның шын аты — Абдулхакім. Үй-ішінің еркелетіп айтуымен “Кәкітай” атанып кеткен.

Кәкітай тоғыз жасынан он екі жасқа дейін ауыл молдасынан ескіше оқып, хат таниды. Кәкітайды Абай 1880 жылдан бастап, өз тәрбиесіне алады. Баласы Мағауиямен бірге Кәкітайды да Абай өзі тәрбиелейді.

Мектепке болып оқу оқи алмаса да, Абайдың саналы шәкірті болған Кәкітай орысша, мұсылманша хат таниды. Үлгілі кітаптарды көп оқып, көп ізденіп сана-сезімі ерте оянып, өз замандастарының ортасында білімді, мәдениетті адам болған.

Абайдың үлгі-өнегесін, тәлім-тәрбиесін алып өскен шәкірті. Кәкітай — Абай өлендерін, ғақлия сөздерін қолжазба арқылы елге таратушының бірі. Сонымен қатар өзі де өлең жазатын болған.

Кәкітай жазған өлендер өз дәуірінде баспаға шықпағандықтан, толық сипатталмаған. Кәкітайдың Әбдірахман науқастанып жатқанда жазған екі өлең-хаты ғана сақталған.

Әбішке жазған хатында шын жүрегімен сағынышты көңіл күйімен, нәзік сезіммен тілек, ниетіне білдіріп сәлем жолдайды.

Бұл зар емес, Әбіш сияқты қадірлі ағасына жолдаған махаббатты жүрек сыры. Абай шәкірттері Әбішке өлеңмен хат жазғанда бір-бірімен бәсекелесіп жазысып, сүйікті ағаларының науқасына жақсы өлеңмен ем іздегендей болады. Науқас көңіліне демеу болсын дегендей Кәкітай хатында әзіл де араласып отырады.

“Жүректің сөзін сөйле деп,
Жалғаны жоқ бояма.
Қу көсе көрсе өзімшіл,
Бір сынамай қоя ма”, —

дейді. Мұндағы “қу көсе” деп отырғаны Мағауия.

Мағауия мен Кәкітай құрдас, бір-бірімен қатты қалжыңдасатын болған. Сол сияқты Мағауия да “Түсіне бүгін түнде кірді духтар” деген өлеңінде:

“Кәкітай сол арада кіріп келді,
Қыздағы жасырмады мәнді білді.
Қыз жанды құрғыр кетті бойы босап,
Кінә ауан соң ұрысты маған енді”, —

деп Кәкітайды өзіл етеді. Кәкітай Абай қайтыс болған соң, ұстазының асыл мұрасын жинап, 1909 жылы бастырады. Бұл Абайдың тұңғыш өлеңдер жинағы еді. Абай жинағының соңында ақынның өмірбаянын береді.

Кәкітай 1915 жылы 6 февральда қайтыс болған.

Мұқамеджан Майбасаров (1858–1917)

Мұқамеджан — Абайдың немере інісі, Құнанбаймен бірге туысқан Майбасардың баласы.

Мұқамеджан алғашқы кезде қасына топ жиып, салдық құрып, ел аралап, ән салып жүреді. Кейіннен Абай шәкірттерінің тобына қосылып, Абайдың саналы шәкірттерінің бірі болады.

Абайдың өлеңдерін, әндерін, әсіресе Татьяна хатына арналған әнін алғашқы халыққа жайған осы Мұқамеджан болған.

Мұқамеджан әншілігімен қатар ақын да болған адам. Алғашқы серілік құрып жүрген кездегі өлеңдері ел аузында сақталған.

“Серінің серменуге көңілі оянды,
Отырмын бастайын деп бір соянды.
Түсті ғой сәулем еске жолдастарым,
Әпкелші қамыс құлақ боз қоянды”, —

деген өлеңі бар. Мұндай өлеңдеріне арнаулы Мұқамеджанның өз әндері де болған.

Мұқамеджан Майбасардың тоқалынан жалғыз болады. Бәйбіше балалары тізе көрсете берген соң, өз елінен кетіп, қызылмола деген көрші елге барып тұрған кезі болған.

Сол кезде шығарған:

Мен дағы ...Өскенбайдан туып едім,
Көңлім көптен бері-ақ суып едің.
Еліне қызылмола қашып шықтым,
Сауырлап ағайыным қуып едің.

...Шыңғыстан көре алмадым тыныштықты,
Жаксылық еш болмады маған тіпті,
Түнде ұрлық, күндіз зорлық қылып жүріп,
Менімен алысканның бөрі мықты.

Ит те жеп бөксе жағын, қасқыр да жеп,
Құр кеудесі Мұқанның азар шықты...” –

деген арнаулы әнімен ұзақ өлеңі бар.

Абай Мұқамеджанның талантын танып, өз қасына тартып тәрбиелейді. Абай үлгі-өнегесін көрген Мұқамеджан салдық-серіліктен, ағайын арасының дау-шарынан арылып, Абайдың талантты әнші шәкіртінің бірі болады. Сөйтіп, елге танылады.

Мұқамеджан аты “Абай” романы арқылы осы күні де елге таныс.

Мұқамеджан 1917 жылы қайтыс болған.

Бейсембай Жәнібеков (1858–1917)

Бейсембай Абай өлеңдерін, Абайдың ақын шәкірттерінің поэмаларын елге жаюшы талантты әнші, домбырашы болған.

“Абай Құнанбайұлы Бейсембай деген ақынға “Қозы Көрпеш–Баян сұлудың” жаңа айтқан вариантын хатқа түсірткен. ... Осы жинақ – Бейсембай вариантын Мұхтар Әуезов 1936 жылы Алматыда жеке кітап қылып бастырған және бұл нұсқа 1939 жылы басылған “Батырлар жырының” I томына енгізілген”¹⁶⁹. Бейсембай осы “Қозы Көрпеш-Баян сұлу” поэмасына өз жанынан ән шығарып, он жеті түрлі әнмен айтатын болған. Сондықтан Бейсембайдың ұзақ дастандарды жырлауы халыққа ерекше әсерлі, қызықты болған.

Рахымберді деген құрдасы әйелінің үстіне тоқал алмақ ниетін сезген Бейсембай оның әйелі пұлмашқа қалжың-жұмбақ етіп мынандай өлеңмен сездіреді:

“Тұлмашым толған ақыл ең,
Замандас-құрдас, жақын ең,
Бүгін түнде түс көрдім,
Үйімде ұйықтап жатыр ем,

Жалғыздық көріп, налыпсың,
Әулиені іздеп барыпсың.
Қабыл болып тілегің,
Қасыңа серік алыпсың.
Қойныңа кіріп балапан,
Бауырыңа басып, қаныпсың.
Ақ отау тігіп оң жаққа,
Мал менен басқа жарыпсың,
Шешуін өзің айта бер,
Бәріне де қанықсың¹⁷⁰, —

Бейсембай ән ортасының думаны, өнерлі ашық-жарқын адам болады.

Бейсембай тобықты ішінде топай деген атадан. Бейсембайдың әкесі Жәнібек кедей адам болады. Беркімбай деген байдың жылқысын бағады екен.

Бейсембайдың талантын таныған Абай оны өзінің жақын адамының бірі етеді. Бейсембай өмір бойы Абайдан қол үзбей, дос адамның бірі болады.

Бейсембай — Абайдың өнеге-үлгісінің арқасында өз өнерін халыққа қызмет етуге арнаған әрі жыршы, әрі әнші.

Мағауия өлең жазатын Шәкежан осы Бейсембайдың қызы.

Бейсембай 1917 жылы қайтыс болады.

Баймағамбет Мырзаханов (1865—1920)

Баймағамбет — Абайдың белгілі ертекшісі. Абай Баймағамбет арқылы орыс халқының және басқа жұрттың әңгіме, аңыздарын, орыс жазушыларының, Батыс Европа жазушыларының романдарын елге жайған.

Баймағамбет Абайдан естіген үлгілі әңгімелерді соншама қызықты етіп айтып, елге таратқан.

“Мен өзім Баймағамбеттің өз аузынан Дюманың “Үш мушкетер” деген романын, “Новарра Генрих” деген романды, Үрістемнің дастандарын, Петр Великийдің және белгісіз авторлардың инквизиция заманынан жазған сюжетке бай бірнеше романдарын естідім”¹⁷¹, — дейді М.Әуезов.

Баймағамбеттің әкесі Мырзахан Құнанбайдың серігі, айтқанын орындайтын қара күштің иесі болған. Мырзахан оқушы жұртшылыққа Абай романы арқылы таныс.

Сол Құнанбайдың қол шокпары Мырзаханның баласы Баймағамбет Абайға дос болды.

Баймағамбет айтып жайған әңгімелер ауыздан-ауызға көшіп, халық мұрасына айналады.

Мұқа Әділханов (1857–1927)

Мұқа – Абайдың ең талантты әнші, музыкант әрі досы. Мұқа Семей облысы, қазіргі Жаңасемей ауданында, Көкен тауында 1857 жылы туған. Мұқаның руы уақ, уақ ішінде Жарқын, Жарқыннан Төрежан, Әзбехан, Қарахан, Әлімхан деген төрт ұл болады. Мұқаның әкесі Әділхан – Жарқынның кенже баласы. Мұқа – Әділханның тоқалынан туған баласы.

Мұқаның шын аты – Мұқаметқанапия. Әке-шешесінің бала күннен еркелетіп айтуымен “Мұқа” атанып кеткен.

Әкесі Мұқаны ауыл молдасына ескіше оқуға береді. Мұқаның көңілі ауыл молдасының азабы көп, ауыр сабағынан домбыраға, ән-күйге ауады. Немере ағасы Үрістем (Әзбеханның баласы) өз ортасында асқан домбырашы болады. Жас күнінен көркем өнерге бейім, талапты Мұқа Үрістемге шәкірт болып, домбыра үйренеді. Оқудан бос уақытының бәрінде үнемі Үрістемнің қасында болып, салған әні, тартқан күйін үйренуге бар ынтасын салады.

15–16 жас шамасында Мұқаның домбырашылық өнері өзінің ұстазы Үрістемнен анағұрлым артып кетеді. Енді ол Үрістемнен үйренгенін місе тұтпайды. Одан да әрі бой жазып, музыка өнерін қуу ниетінде болады.

Мұқаны әкесі ауыл молдасынан әрі оқуға жібермейді. Жаз шыға Мұқаның ауылдары Балтатарақ дейтін (Семейден 25–30 шақырым) жерге көшіп келіп, егін салады. Мұқаны әкесі соқа атына мінгізбек болады. Бар ынтасы музыкаға ауған Мұқа ауылының қалаға жақын көшіп келуімен пайдаланып, бір-ақ күнде Семейге қашып кетеді.

Қалада үш-төрт жылдай тұрып, Семей музыканттарынан музыка өнерін үйренеді.

Мұқаның ең мағыналы өмірі Абайды тапқан кезде басталады.

Мұқаның Абай аулына бару тарихы былай болады: Мұқаның туысқаны Әлімхан дегеннің Исахан деген баласы қайтыс болады. Исаханның жылы толған соң, одан қалған әйелін (Фатиха) Әлімханның үлкен баласы Мұсаханға

әйел үстіне тигізбек болып, ағайындары зорлайды. Осы Фатихамен Мұқаның астыртын көңіл қосқан жайы болады да, ол сырларын сыртқа шығаруға Әлімханнан және басқа туысқандарынан қорқады. Бұрыннан Абайды естіп біліп, Абайдың алдына бір баруды арман етіп жүрген Мұқа енді сүйген жары Фатиханы да ала кетуге бел байлайды. Елдің ескі салтын бұзып, үлкен дауды мойнына алып, Мұқа мен Фатиха екі жүйрікті сайлап мініп, бір түнде Абай ауылына қашады.

Абай Мұқаның барлық хал-жайына қанып, Әлімханға хат жазып, кісі жіберіп, дау-шарды тоқтаттырып, барымталап алған малын қайтартады. Мұқаны еліне жібермей, өз қасына алып қалады. Осыдан былай Мұқа Абайдың бір туған інісіндей болып кетеді.

Абай Мұқаны қалаға келгенде қасынан тастамай, музыка өнеріне жетілуіне қатты көңіл бөледі.

Ұзақ-ұзақ уақытқа Семейге жіберіп отырады.

Мұқа тек қана музыкант емес, скрипкаға, домбыраға қосылып, ән де салатын болады. Абай Мұқаға өз балаларын, ауылдағы жастарды музыка өнеріне үйреттіреді.

Мұқа-музыка өнерінің нәзік сырын терең түсінген шебер скрипкашы, домбырашы, әрі әнші болумен қатар, талантты ақын. Мұқа өлеңді жас күнінен ауыл арасында әнге қосып айтып жүреді. Мұқаның бұл кездегі өлеңдері жайында қолма-қол шығарып айтылатын өлеңдер болған.

Кейіннен Абай өлеңдерімен танысып, Абай алдына барып шәкірт болған соң, өлең өнеріне өзгеше жауапты қарайды. Абайдың ақындыққа қоятын шарттарына сай келетін өлеңді терең толғанып, жазу жолына түседі. Мұқа бұл кездегі өлеңдерінде Ақылбай, Мағауиялардың өлең жазу салтына көшеді. Өзі скрипкаға тартатын Дунай толқынын (Дунайский волны) өлеңге былай деп қосады:

“...Дунайдың мыңға жуық әуел басы,
Пәнденің толқынға ұқсас өткен жасы,
Бикәсіп дәл басқанға сүйсінісіп.
Еміреніп күйге түсті ықыласы.
Сайрауық тамам құстар тұрды тыңдап,
Бір-бірін үндеме деп баспен ымдап.
Гуляйтта көлбектеген көкше құстар,
Құйылды күй тыңдауға көктен зымғап.
Ұшқан құс, жүгірген аң ол кеңесті,
Қамығып қалың орман қайғы жесті.
Күйменен көңіл дертіп күйсіндірген
Бишара неткен мұңлы адам десті”.

Мұқа табиғаттың көркем суретін де шебер сипаттайды. Абайды өзінің туған жері Көкен тауына қонаққа шақырып, өлең жазады. Ол өленінде өзі туып өскен Көкен тауын шын жүректен сүйіп жырлаған сыры сезіледі.

“Тау Көкен күнгірттенген көкшіл мұнар,
Көтеріп көкке таман мойын сұнар.
Қиялап адам жүрмес қиын жартас,
Ойласаң пәнделікпен дейсің құлар.

Шаншылып Көкен біткен аспанға өрлеп,
Көтеріп көкке басын мені көр деп.
Ешбір тау маңайында болмас теңдес,
Құдайым сондай әсем берген келбет.

... Тал көктеп, қайың ақтан киім киіп,
Керіліп, кербезденіп басын иіп,
Басына шырмауықтап үкі тағып,
Шолпысы сылдырлайды жерге тиіп.

...Көкенге көңілім толып, Абай аға,
Берерсің өз көзіңмен көріп баға,
Ең үстін домбыраның әнге күйлеп,
Дәл соқтым “Дунайская волнаға”...

Мұқа 1927 жылы қайтыс болған. Сүйегі Көкен тауында өзінің қыстауы тұрған Хандар сайы деген жерде.

Әлмағамбет Сексенбаев (1869—1930)

Әлмағамбет Тобықты ішінде Тоғалақ деген атадан. Жас күнінде әкесі өліп, жетім қалған Әлмағамбетті Абай ауыл молдасына оқытады.

Әлмағамбет өзінің зеректігімен, қол өнерімен Абай көзіне түседі. Әлмағамбет музыка аспаптарын да жасайтын шебер болады.

Абай Әлмағамбетті өзінің іні, балаларымен бірге тәрбиелейді. Әлмағамбет домбырашы, гармоншы, скрипкашы, әрі әнші болады. Абайдың өлеңдерін, әнін, Абайдың ақын шәкірттерінің поэмаларын жазып алып жаттап, елге жаюшының бірі осы Әлмағамбет болған.

Әлмағамбет Абайдан соңғы дәуірде Абай мұрасын сақтап, кейінгі елге жаяды. Семей қаласында Абайға арналған кештерге қатысып, ұлы ұстазының өлеңін, әнін орындайды.

Әлмағамбет 1930 жылы өзінің туған елінде қайтыс болған.

Мұхтар Әуезовтің романындағы әнші Әлмағамбет осы. Әлмағамбеттің баласы Шабдан әнші, домбырашы, Абай әндерін, Абайдың ақын шәкірттерінің поэмаларын жақсы біледі.

Әубәкір (1881–1934)

Әубәкір 1881 жылы Абайдың үлкен баласы Ақылбайдан туған. Абайдың кіші інісі Оспанның баласы болмағандықтан Әубәкірді Оспанның әйелі Еркежан бала етіп алады.

Оспан 1891 жылы өледі. Әубәкір Оспаннан 10 жасында қалады да, кейіннен Еркежанды Абай алған соң, Әубәкір Абайдың қолында өседі. Бұл тәрбиесі он бес жасының шамасынан басталады.

Әубәкір жас күнінде ауылдық молладан оқып, хат таниды.

Әубәкір жас күнінен домбырашы, сауықшыл, өлеңші болады.

Әубәкір өлеңді жазумен қатар, қолма-қол ойдан шығарып та айтатын болады. Ақылбай, Мағауия махаббат, ерлік жөнінде тарихи дастандар жазған. Әубәкір көбінше өзіл, ажуа өлеңдер жазады. Ол әкесі Абайдың адам бойындағы жағымсыз мінез-құлықтарды шенеп жазған өлең сарынын ұстайды.

Әубәкір ауыл өміріндегі жағымсыз жайларды, адамның ұнамсыз істерін, адамшылыққа жатпайтын мінез-құлықтарын, ұрлық, өтірік, өсек, әділетсіздікті өткір тілмен түйреп, батылдықпен әшкерелеп отырады. Әубәкір өлеңдерінің басым жақтары ажуа өлеңдер болып келеді.

Бір жиында отырған 12 бидің мінезін, істерін былай деп өлең қылады:

“Ішінде байың да бар, кедей де бар,
Кедейлігі болмаса егей де бар.
Тайлы бие тамаққа жүк болмайтын,
Неше түрлі қомағай көмей де бар.

Ішінде қының да бар, жының да бар,
Бұрыннан би болмаған сұмың да бар.

Тартыпсың анық әділ таразыға,
Балтаменен шабатын мінің де бар”.

Жуан атаның балалары, Шыңғыс елінде Жуантаяк ішіндегі өзара батыр аталатын 20 шақты үйді бұрыннан ірге теуіп отырып қалған жерінен ығыстырып, өтірік сылтаумен зорлық жасайды. Бұлардың сөзін ешкім тыңдамайды. Болыс, билер олардың арызына құлақ та қоймайды. Сонда Әубәкір қара батыр болып мынандай өлең жазады:

“Хан Шыңғыс, қалғаның ба, қайран Текше,
Қыстау қылып жүрмес пе ем қолым жетсе.
Қара күштей, ырғайды, қара бөктер
Өлетіндей көруші ем, сенен кетсем.

Қуалап бар қыстауды тартып алды,
Айыбың бар деді де дауын салды.
Шағамыз мұңымызды енді кімге
Көз жасқа қарайтындар өліп қалды.

Шақпақ тас, сен де аман бол, кең бұлағым,
Жаксылардың өлгені-ау деп жыладым.
Байқошқар, бала шақпақ, сен де аман бол,
Жазуы осылай шығар бір құданың:
Барлыбай, сен де аман бол, күнгеі қоныс.
Былқыйып үндемейді арам болыс...”, —

деп жерінен айырылып, зорлық көрушінің мұңы етіп жазған “Көз жасқа қарайтындар өліп қалды”, — деп Абайды еске алады.

Әубәкір — шын мағынасындағы сыншыл, шыншыл ақын. Оның әжуа, сықақ сынының тақырыбы жебір, сараң бай, зорлықшыл жуан, ел кегін қуу, саудагер, мансапқор, баққұмар, нысапсыз, ұлтсыз, арсыз, тағы осы сияқты өз кезіндегі адам мінезінің жағымсыз жақтары болады.

Әубәкір мұндай өлеңінде ешкімді аямайды. Алыс-жақын, туған-туысқан, үлкен-кіші демей, ешкімнің беті-жүзіне қарамай, мінін ашып айтып, бетіне басады. Ұлы ұстазы Абайдың салтымен өлеңді адам өміріндегі кемшіліктерді жоюдың ең өткір құралы етіп жұмсайды.

Әубәкір өлеңдері қолжазба күйінде жатталып ел ортасына көп тараған. Әубәкірдің бұрын-соңды жазған көп өлеңдері ел аузына тарап, айтылып жүрген.

Әубәкір 1934 жылы Шымкент қаласында қайтыс болады. Әйелі Камалия Абайды күтіп, қолынан жөнелткен жақсы келіні болған. Қазір де Шымкентте тұрады. Абай атында пенсия алады.

Әдебиет

Маркс К., Энгельс Ф. — Об искусстве, изд. “Искусство”, 1938.

Ленин В. И. — “Что делать”, соч. том 4, изд. 3.

Ленин о литературе, сборник статей и отрывков, М., 1941 г.

Ленин о культуре и искусстве, изд. “Искусство”, М. — Л. 1938.

Сталин И. В. — Бүкілодақтық Коммунист (большевиктер) партиясының тарихы, Алматы, 1945.

Сталин И. В. — Марксизм и национально-колониальный вопрос, 1939.

Сталин И. В. — Вопросы ленинизма, изд. 11.

Сталин И. В. — Наши задачи на Востока, соч. том 4, М., 1947 г.

Сталин И. В. — Относительно марксизма в языкознании, “Звезда”, № 7. 1950.

Сталин И. В. — К некоторым вопросам языкознания. Ответ тов. К. Крашенинниковой, “Звезда”, № 8. 1950 г.

Сталин И. В. — Отчет товарищам, “Звезда”, № 9. 1950 г.

Сталин И. В. — Неміс жазушысы Э. Людвигпен әңгіме, Алматы, 1938.

Доклад тов. Жданова о журналах “Звезда” и “Ленинград”, ОГИЗ, 1946.

Совещание деятелей Советской музыки в ЦК ВКП/б/, 1948 г.

* * *

Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбай ұлының өлеңі (бірінші басылуы) СПб, 1909.

Абай — Толық жинақ, Қызылорда, 1933.

Абай — Толық жинақ, 2 том, Алматы, 1940.

Абай — Толық жинақ, Алматы, 1945.

Абай Құнанбаев — Избранное, Москва, 1945.

Ауезов М. О. — Жизнь и творчество Абая /Ибрагим/ Кунанбаева “Абай Кунанбаев, избр. Москва, 1945.

Ауезов М.О. — Традиции русского реализма и казахская литература, “Дружба народов”, № 2, 1945.

Әуезов М.О. — Абайдың туысы мен өмірі, Абай, Толық жинақ, 1933.

Әуезов М.О. Абай ақындығының айналасы, “Әдебиет майданы”, № 11–12. 1934.

Әуезов М. О. — Абайдың идеялық мәдени ізденулері, “Әдебиет және искусство”, № 7, 1939.

Әуезов М. О. — Абай жайын зерттеушілерге, “Екпінді” газеті № 138, 1940.

Әуезов М. О. — Орыс классиктері мен Абай, ҚСРО Ғылым Академиясының қазақ филиалының хабарлары, тіл-әдебиет сериясы, 1 кітап, 1944.

Әуезов М. О. — Ұлы ойшыл-сыншы, “Социалистік Қазақстан”, № 112, 1948.

Әуезов М. О. — Пушкин мен Абай, “Социалистік Қазақстан”, 10/VIII- 1950.

Әуезов М. О. — “Абай” тарихи роман, 1–2 кітап.

Әуезов М. О. — Ақындар ағасы, “Әдебиет және искусство”, № 4, 5, 6, 7, 8, 9, 1950.

Афанасьев Д. — В южной Африке (путевые записки), “Огонек”, “Айтыс”, Алматы, 1942.

Белинский В. Г. — “Собрание сочинений в 3-х томах”, 1948.

Белинский В. Г. — “Избранное сочинение”, 1949.

Белинский В. Г. — Таңдамалы шығармалары, бірінші кітап, Алматы, 1948.

Белослюдов А. — О киргизский поэзии, журнал о Сибирский студент”, Томск, № 3–4, 1915.

Валиханов Ч.Ч. Статьи и переписки, Алма-Ата, 1947.

Временник пушкинской комиссии, № 3, 1937.

Горький А. М. — Әдебиет туралы, Алматы, 1939 жыл.

Костенецкий А. — Записки об Аварской экспедиции на Кавказе, 1837. “Современник”, т.т. XXIV, XXV, 1850.

Ливингтон Д. — Путешествие по южной Африке, 1947.

Лермонтов М. Ю. — Полное собрание сочинения, т.т. I–II, 1947.

Мұқанов С. — Абай халық ақыны, “Әдебиет майданы”, № 4,5, 1937.

Мұқанов С. — Абай қазақ халқының ұлы ақыны, “Абай”, Толық жинақ, 1940.

Мұқанов С. — қазақтың XVII–XIX ғасырдағы әдебиетінің тарихынан очерктер, 1941.

Мұқаметханов Қ. — Абайдың әдебиет мектебі, “Екпінді”, № 232, 233, 236, 238, 1940.

Мұқамедханов Қ. — Абайдың әдебиет мектебі, № 191, 192, 193, 195, 196, 1945.

Мұқамедханов Қ. — Әріп ақын, “Екпінді”, № 285, 1946 ж.

Мұқамедханов Қ. — Қазақ әдебиеті заманымыздың та-
лабына сай болсын, “Екпінді”, № 95, 1947.

Мұқаметханов Қ. — Крылов және Абай, “Екпінді”,
16/II-1949.

Мұқамедханов Қ. — Біздің Абай, “Екпінді”, № 123, 1949.

Мұқамедханов Қ. — Абай, “Екпінді” № 157, 1949.

Мағауия — қолжазба.

Отчет Семипалатинского отд. русского географического
отчества /с1/ X-1924 по 1/X-1925./.

Потанин Г. Н. — “В юрте последнего богатство”, № 8,
1896.

Пушкин А. С. — Полное собр. сочинение, изд. т.т. I—IX.

Пушкин А. С. — Таңдамалы шығармалары.

Әкімөл ақын — “Потомственный дворянин Ылайық
Беркімбай ұлының дәрежасын мадақтап айтқаны”, Орын-
бор, 1908.

Әріп — қолжазба.

Әсет — Абай музейінің қолжазба қоры.

Россия — Полное географическое описание нашего
отчества, т. XVIII, Киргизский край, 1903.

Сильченко — Абай, КазГИЗ, 1945.

“Сана” — журнал, Ташкент, № 2-3, 1922.

Чернышевский Н. Г. — Полное собран. сочинение, т.
3, 1947.

Чернышевский Н. Г. — “Статьи по эстетике”, 1933.

Шахматов В.Ф. — Внутренняя Орда и восстание Иса-
тая Тайманова, Алма-Ата, 1946.

Шортанбай — Хисса, Шортанбай, Қазан, 1916.

Фадеев А.А. — Задачи литературной теории и критики,
“Проблемы социалистического реализма”, сбор. статьи,
1948.

Хисса — Біржан сал мен Сара қыздың айтысканы, Қазан,
1913.

Хисса — Серғазы, Қазан, 1907.

“Таң” — журнал, Семей, № 1, 2, 3, 1925.

II БӨЛІМ

Абай шығармаларының текстологиясы жайында

Абай шығармаларының толық жинағы тек біздің дәуірде — ХХ ғасырда жарыққа шыға бастады.

Ақынның алғашқы өлеңдер жинағына (1909 ж.), онан соңғы жылдарда (1921, 1922 ж.ж.) шыққан жинақтарына кірмеген қара сөздері, кейіннен қарастырып табылған бірталай өлеңдері 1933 және одан соңғы жылдарда шыққан жинақтарында басылды. Абайдың туғанына 100 жыл толу мерекесі қарсаңында ақынның өмірі, әдеби мұрасы жиналып, бірталай мағыналы ғылыми зерттеу жұмыстары жүргізілді, 1945 жылы ақын “шығармаларының толық жинағы” жарыққа шықты. 1936 жылдан бастап Абай шығармалары орыс тіліне аударылып шыға бастады.

Ұлы Абайдың әдеби мұрасы — алдыңғы қатарлы адам баласының алтын қорына қосылып отыр.

Бірақ Абай шығармаларын зерттеп, баспаға әзірлеу ісі шын мағынасында ғылыми талапқа сайма-сай келіп отырған жоқ. Ақынның академиялық шығармалар жинағы “академиялық” деген дәрежеге сай баспадан шықты деуге болмайды.

Ақынның 1945 жылғы жинағында “Қолыңыздағы толық академиялық жинақ ақынның туғанына 100 жыл толу мерекесіне арналып шығарылып отыр” — делінген (25-бет).

Бұл жинаққа бұрынғы жинақтарға кірмей қалған, ақынның кейін табылған бірнеше өлеңі қосылған. Жеке шығармаларға, Абай шығармаларында кездесетін кісі аттарына, кейбір сөздерге түсініктер (комментарий) беріліп, бұрынғы баспаларында қате басылды деген кейбір ақын сөздері түзетілген. Ақын шығармаларының жазылған жылдары көрсетілген.

Бірақ осы аталған жұмыстар тым асығыс, үстірт істелген. Берілген түсініктерде қайшылық, қателіктер көп кездеседі, толық түсінік беретін, ақын шығармаларын зерттеушілерге көмектесе алатын ғылыми дәрежеде емес. Абай шығармаларының жазылу тарихы, жазылған жылдары нақтылы зерттелмеген. Ақын шығармаларындағы қате басылып жүрген жеке сөздерді түпкі нұсқасына келтіру жұмысы шалағай істелген.

Кітапта: “Абайдың өмірбаянын жазып, Абайдың сөздерін жөндеп беруге басшылық еткен профессор Мұхтар Әуезов” (29-бет) десе, кітапта М. Әуезов жазған Абай өмірбаяны мүлде жоқ.

Абай шығармаларының жыл мезгілдерін белгілеп, тәртіпке келтіруде негізге алынған қандай деректер екені айқын емес. Осындай кемшіліктердің өзі бұл жинақты “Академиялық жинақ” дәрежесіне көтере алмайды.

Ал енді бұдан кейінгі шыққан Абай шығармаларының жинақтарына негіз болған да осы 1945 жылғы жинақ болып отыр.

Сондықтан біз әңгіме еткелі отырған 1954 жылы шыққан Абайдың екі томдық шығармаларына тоқтардың алдында 1945 жылы шыққан “Толық академиялық жинақ” жайында бір-екі ауыз сөз айтуды мақұл көрдік.

Абай шығармаларының екі томдық жинағы 1954 жылы Ғылым академиясы баспасынан шыққан. Бұл жинақта Абай шығармаларына түсінік жазғандар З. А. Ахметов, И. Т. Дүйсембаев, Ғ. Т. Әбетов және М. С. Сильченко қатысқан.

Бұл жинақтың “Алғысөзінде”: “Қазақ әдебиетінің классигі Абай (Ибраһим) Құнанбаевтың осы екі томдық баспасына оның барлық шығармалары кіргізілді...

...Ақынның соңғы жинақтарына оның бір топ шығармаларын жаңадан енгізген, Абайдың өмірі мен творчествосын зерттеуші профессор М. Әуезовтің және жазушы С. Мұқанов пен басқа да Абайды зерттеушілердің деректі материалдары пайдаланылды” (I том, 5-бет), — деген.

Ал, алғысөзде осылай десе де, бұл жинақта Абайдың бұрынғы өлеңдер жинағына кіріп жүрген өлеңдерінен 11 өлеңі кірмей қалған.

Олардың ішінде: “Кім екен деп келіп ем түйе қуған”, “Әбдірахманға” (“Орынсызды айтпаған”), “Разаққа”, “Дүйсенқұлға”, “Көкбайға” (“Бұралып тұрып”), “Сорлы Көкбай жылайды”, “Ғалымнан надан артпас ұққанменен”, “Шәріпке”, “Түбінде баянды еңбек — егін салған”, “Мен боламын демендер”, т. б. Бұл өлеңдердің Абай жинағының (“Толық жинағының”) ішіне не себепті кірмей қалуы айтылмаған.

Абайдың 1933, 1939, 1940, 1945 жылдары шыққан өлеңдерінің толық жинағы “Кім екен деп келіп ем түйе қуған” деген ақынның бала кезінде қолма-қол шығарып айтқан өлеңінен басталып, оның медреседе оқып жүрген шәкірт кезінде шығыс әдебиетіне, өзбек, азербайжан, тәжік әдебиеті классиктеріне еліктеп жазған өлеңдерінен басталатын еді.

Сөйтіп, ол жинақтарды шығарушылар Абайдың ақындық өсу жолдарын аңғартуды мақсат еткені байқалатын еді. Абайдың 1933 жылдан бастап жинақтарына кіріп жүрген көп өлеңдері — ақынның бұрынғы жинақтарына кірмей қалған, ел аузында, қолжазбаларда сақталған өлеңдерін қадағалап жинаудың жемісі болатын.

1954 жылғы жинақтың беті — ақынның 37 жасында 1882 жылы жазылған “Қансонарда бүркітші шығады аңға” деген өлеңімен ашылады.

Ал 1945 жылғы жинағында (одан бұрынғы жинақтарында) 1855, 1858, 1859, 1864, 1870, 1876, 1880 т.б. жылдары жазылған өлеңдері деп енгізіліп, түсініктер берілген өлеңдері 1954 жылғы жинақта: “Негізгі нұсқасы белгісіз өлеңдер” — деп аталып, ешбір комментарийсіз жинақтың соңына тіркелген. Кейбір өлеңдері тіпті кірмей қалған.

“Бұралып тұрып” деген Көкбай мінезін сынайтын өлеңі, “Сорлы Көкбай жылайды”, — деп ақын өзін айтқан өлеңінің жинаққа кірмей қалуына Көкбай аты аталған өлеңді жинаққа кіргізбеу, шарт болған болса:

“Өлең жиған тырбанып,
Ән үйренген ырғалып,
Сорлы Көкбай қор болды-ау
Осыншадан құр қалып”, —

деген (100-бет) Абай өлеңі жинақтан неге орын алады?!

1945 жылғы жинақта “Жылы белгісіз өлеңдер” деп Абайдың бір топ өлеңі жарияланған. Соның ішінде:

Сап-сап, көңілім, сап, көңілім,
Саяламай сай таппай.
Не күн туды басыңа
Күні-түні жай таппай?
Сен жайыңа жүргенмен
Қыз өле ме бай таппай...”

деген өлеңін 1954 жылғы жинақта 1903 жылы жазылған өлеңдер қатарына қосқан (!?).

Өлерінен бір жыл бұрын 58 жасында, Абайдың бозбалалық құрып, қыз қуып жүрмегені және 1903 жылы бұндай өлең жазбағаны ешбір дәлел тілемейді. Бұл өлеңге 1945 жылғы жинақта толық түсінік берілген:

“Сап-сап, көңілім, сап, көңілім” қай жылы жазғаны мәлімсіз. Мұны Мұхтардың көрсетуі бойынша Абай өзінің жігіт шағында жазған көрінеді. Және сол жігіт шағынан

қалған өлеңдерінің ішіндегі ең көлемдісі, көркемі. Бұл өлеңнің жартысына жуық үзінділері 1933 жылғы Абайдың толық жинағына енген еді. 1939 жылғы жинақтарына қалған кемісі табылып, толықтанып басылды.

Мұны бұрын Абай жас кезінде өзі ғашық болған бір әйелі — Сүгірдің қызына айтқан дейді. Бірақ соңғы айтушылардың сөзіне қарағанда, бұл өлең Сүгір қызына емес, Сүйіндік қызы Тоғжанға арналған көрінеді. Жігітектермен Құнанбай жауласып жүргенде Абайдың қауіп-қатерге қарамастан бейнеттеніп, барып жүрген қызы — сол Тоғжан. Ерболмен достығы да осы қыз арқылы болған. Және Тұмабайдың айтуынша бұл өлеңдегі қыз Сүйіндік қызы екенін білдіретін:

“Қыз ағасы Әлібек,
Ұстап дүре салмай ма”, —

деген бір-екі жол өлең де бар екен. Жалғыз-ақ кейінгі айтуында ол жолдар түсіп қалыпты. Біз орнын білмегендіктен, бұл екі жол өлеңді баспаға қоспадық. Соңғы нұсқасы Мүрсейіт қолжазбасынан алынған (455, 456-беттер).

1945 жылғы жинақта жылы белгісіз өлеңдер делінген: “Жарқ етпес қара көңілім ...” деген өлеңді 1954 жылғы жинақта 1889 жылғы жазылған шығармалар қатарына енгізіп, бастапқы екі шумағын бір бөлек өлең, соңғы үш шумағын екінші өлең етіп басқан. Бұл өлеңнің тарихы жайында толық түсінік керек еді. Ол істелмеген.

Мұндай мәселе Абайдың тағы бірнеше өлеңі туралы да кездеседі.

Біз бұл еңбегімізде ондай кемшіліктердің бәрін жинап айтуды мақсат етпейміз. Біздің негізгі тоқталмағымыз — осы жинақтағы Абай шығармаларының текстология мәселесі. Текстологиядағы кемшілік осы күнге дейін баспадан шығып жүрген Абайдың қай жинағына да болсын тән нәрсе.

Қай ақын, жазушының болмасын, әдеби мұрасын шынайы ғылыми тұрғыдан зерттеп, оның ғылыми талапқа сай толық жинағы, шығару үшін алдын ала істелетін бірталай жұмыстар болатыны мәлім. Ол — оның баспадан шыққан, қолжазба күйінде қалған, ел аузында сақталған шығармаларының толық тізімін жасау; оның жазған хаттарын, оған жазылған басқа адамдардың хаттарын толық жинау, ақын туралы барлық документтерді, өмірбаянына байланысты материалдарды, шығармалары жайындағы әдеби-сын мақалаларды, тарихи-әдеби еңбектерді жинап зерттеу. Сөйтіп, библиографиялық мәні бар материалдарды тәртіптеп, зерттеп шығу — ақын өмірі мен еңбегін әрі терең, әрі толық

біліп, түсіну үшін қажет екені мәлім нәрсе. Бұл жөнінде Абайға байланысты біраз жұмыстар істелгенмен ол әлі жеткіліксіз. Бұл жұмыс жүйелі түрде жүргізілу керек.

Бірақ бізде мұндай жұмыс Абайдың мерекесіне байланысты әңгіме болып басталып, аяқталмай қалды. Бұл жөнінде, библиография мәселесімен мархұм Н. Сәбитов біраз шұғылданған еді.

Осы жұмыс толық іске асқанда, ақынның басынан кешкен өмір кезеңдерін, шығармаларының жазылу тарихын, мезгілін анықтап барып, шын ғылыми комментарий берілген нағыз толық жинағын шығаруға болар еді.

Ондай жинаққа ақынның өлеңдерінің негізгі нұсқаларымен қатар шығармаларының әртүрлі варианттарын енгізе отырып, әрбір шығармасының жазылу тарихын, мезгілін, қандай жағдайда жазылғанын анықтауға болар еді. Солай болғанда әрбір шығармасына үлгі-өнеге болған, әсер еткен жайларды, сол сияқты бұрынғы, соңғы жазған шығармаларының бір-бірімен қарым-қатынасын, іштей байланысын, творчествосының даму, өсу-өркендеу сатыларын анықтап, зерттеуге кең жол ашылар еді.

Абайды зерттеу мәселесін биік ғылыми дәрежеге, заманымыздың талабына сай дәрежеге көтеру үшін осы айтылған негізгі жұмыстарды толық іске асыру шарт деп білеміз.

Ол жұмыстың басты бір саласы — текстология мәселесі.

1954 жылғы шыққан Абай жинағының текстология мәселесінде өзіміз байқаған кемшіліктерге тоқталайық.

Осы жинақтың алғысөзінде:

“Бұл баспаның текстологиялық негізі ретінде 1909 жылғы жинағы және Мүрсейіт жазған Абай шығармаларының қолжазбалары (1905, 1907, 1910 жылдар) алынып, ғылыми тұрғыдан сын көзімен қаралып пайдаланылды”, — деген.

Ақынның өз қолжазбасы сақталмағандықтан, Абай жинағын баспаға әзірлеуде 1909 жылы шыққан кітапты, Мүрсейіт қолжазбаларын текстологиялық негіз ретінде алу дұрыс. Бірақ ол жеткіліксіз. Оның себебі, ол кезде Қазақстанда полиграфия базасының болмауы, баспасөз мамандарының жоқтығы, Абайдың алғашқы жинағының сапалы болып шығуын қамтамасыз ете алған жоқ.

Петербург қаласында басылып жатқан Абай өлеңдерінің корректурасын Семейде отырып, Көкітай және басқа Абай балаларының жүргізуі осы қиыншылықтардың айғағы болады. Осындай мәселелерді және ескі араб әрпімен басылған жинақта таза қазақ сөздерінің дәлме-дәл берілмеуін, т. б. грамматика ережелерінің сақталмауын (ол кезде мүмкін де емес) еске алғанда Абайдың тұңғыш өлеңдер жинағы-

ның көп кемшіліктермен шыққанын, түпкі нұсқаның бастан-аяқ дәл сақталмағанын көрсетеді.

Мүрсейіт көшіріп жазған Абай шығармаларына да осы айтылған кемшіліктер тән нәрсе.

Мүрсейіт ақын шығармаларын түгелдей Абайдың тура өз қолжазбасынан көшірген емес. Ол да ел аузындағы қолжазба қалпында халыққа тараған Абай шығармаларының жинағын көшіріп жазған. Абайдың 1909 жылы шыққан өлеңдерімен Мүрсейіт қолжазбасындағы кездесіп отыратын сөз қайшылықтары осыны көрсетеді.

Осы күнге дейін баспадан шығып жүрген Абай жинағындағы текстологиялық кемшіліктер осы айтылған жайлардан деп білеміз.

Сондықтан Абай шығармаларын баспаға әзірлеуде тек 1909 жылы шыққан кітаппен Мүрсейіт қолжазбаларын ғана текстологиялық негізге алу жеткіліксіз.

Біз Абай шығармаларының жинағының (1954 ж.) текстологиялық кемшіліктеріне тоқталмақ болғанда ақынның алғашқы өлеңдер жинағымен, Мүрсейіт қолжазбаларымен қатар Абай шығармаларын көшірген басқа адамдардың да қолжазбаларын пайдаландық (мысалы: Оразке Уақбаев, Рахым Жандыбаев, т.б.). 1954 жылдан бұрынғы шыққан Абай жинақтарын баспаға даярлауда істелген текстология жөніндегі еңбектерді еске алдық. Абай өлеңдерінің көпшілігін ертеден жадында сақтап келген адамдардың мағлұматтарының (Мәди Әсенов, Әкімөл Мамырбаев, Сапарғали Әлімбетов, Әрхам Ысқақов, Рахымжан Мамырқазов, т.б.) бағалы дегенін пайдаландық.

Ең ақырында — негізгі шешуші дерек Абайдың өз шығармалары болады.

Абай өлеңдерінің баспасында, көшірме қолжазбаларда кеткен текстологиялық қателіктердің көпшілігін түпкі нұсқасына келтіруге ақын шығармасының өзіне тән ерекшеліктері жетекші бола алады.

Абайдың ақынға, ақындық өнерге қоятын шарты, эстетикалық қағидасы — ақын шығармаларының қате басылып жүрген түпнұсқасын тауып, қалпына келтіруде адаспырмас темірқазық.

Ерекше көркемдік түр мен терең идеялық мазмұны қабысып жатқан Абай өлеңдерінің “бөтен сөзбен былғанып” тұрған жері болса, зер салып үңіле қараған адам айналып табады. Бұл жөнінде 1909 жылғы жинақта, Мүрсейіттің де, басқалардың да қолжазбалары Абайды зерттеушілерге жәрдем бере алмайды. Қайта кей жағдайда андамаған адамды адастырады.

Біз ең алдымен осы айтылған пікірді дәлелдеп, бекітіп көрейік. Мысалы ақынның “Алланың өзі де рас, сөзі де рас” деген өлеңінің басынан санағанда 5-шумағы және 9-шумағы 1909 жылғы баспасында (49, 50-беттер), 1945 жылғы жинағында (252, 253-беттер), 1954 жылғы жинағында (II том, 110-бет) былай басылған:

“Махаббатпен жаратқан адамзатты,
Сен де сүй ол алланы жаннан тәтті.
Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп
Және хақ жолы осы (?) деп әділетті”.

Мәселе осы 5-шумақтың 4-жолындағы қателікте. Осы соңғы жолға үңіле қарасақ, мағына-мазмұн жағынан да, өлеңдік қисын жағынан да ойсырап жатыр. Абай сөзіне “бөтен сөз” араласып бүлдіріп тұр. Біз өлең шумағын былайша оқысақ, Абайдың өзіндік түпнұсқаны алғашқы қалпына келтіреміз деп берік сенеміз:

“Махаббатпен жаратқан адамзатты,
Сен де сүй ол алланы жаннан тәтті.
Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп
Және сүй хақ жолы деп ғәділетті”¹.

Бұлай түзеу үшін біз Абайдың өзіне сүйендік. Осы өлеңнің келесі 6-шумағының басқы екі-ақ жолын оқысақ жеткілікті.

“Осы үш сүю болады имани гүл,
Иманның асылы үш деп сен тахиқ біл”.

Біз осы түзеуді дәлелді деп түсінеміз. Енді осы өлеңнің 9-шумағына келейік. Бұл шумақ жоғарыда айтылған жинақтарда (1909, 1945, 1954 ж. ж.) былай басылған:

“Бас жоғары жаралған, мойын төмен,
Қарашы, дүние (?) біткен ретімен
Істің басы – ретін танымақтық,
Иман білмес тағатты қабыл демен”.

Бұл өлең шумағының мағынасына нұқсан келтіріп, Абай үшін “бөтен сөз” болып тұрған екінші жолдағы “дүние” деген сөз.

Абай бұл арада дүниенің құрылысын айтып отырған жоқ, адамның дене мүшесінің рет бітімін айтып отыр. Бұл пікірімізді осы өлеңнің бірінші жолы тапжылтпай дәлелдеп тұр. Сондықтан Абай жазған түпнұсқаны біз былай оқыр едік:

“Бас жоғары жаралған, мойын төмен,
Қарашы, дене біткен ретімен...”, —

деп.

Текстологиялық негіз етіп алған Абайдың 1909 ж. кітабымен Мүрсейіт қолжазбаларына сөз жүзінде сын көзімен қараймыз десек те, іс жүзінде шексіз сеніп келгендіктен 1909 жылдан осы күнге дейін Абай шығармаларындағы ақынның асыл мұрасына нұқсан келтіріп тұрған “бөтен сөздерден” әлі арыла алмай келеміз.

Осы “Алланың өзі де рас, сөзі де рас” өлеңінің екінші шумағының соңғы жолы кейінгі баспаларында:

“Жарлықпен ол сіздерге сызды оларға(?)”, —

деп басылып жүр. Бұлай оқығанда ешбір мағына шықпайды. Абай бұл арада: “Алла өзгермес адамзат күнде өзгерер” деп келіп:

“Жарлықпен ол сіздерге сызды өлер ме”, —

деп отыр. 1909 жылғы жинақта осылай басылған (5-бөлік. Ой туралы, 8-өлең, 49-бет).

Яғни: “Жарлықпен ол сіздерге сызды (жазды. — Қ. М.), өлер ме” деген ұғым (алладан келген кітаптарды айтып отыр. — Қ. М.).

Осы өлеңнің тоғызыншы шумағының төртінші жолы соңғы баспаларда:

“Иман білмес (?) тағатты қабыл демен”, —

деп басылып жүр.

“Иман білмей тағатты қабыл демен”, —

деп 1909 жылғы жинақта (50-бет) дұрыс басылған.

1954 ж. жинақтың 112-бетінде жеке басылған үш ауыз өлең 1909 ж. жинақта “Алланың өзі де рас...” өлеңінің аяғы, яғни бір-ақ өлең болып басылған (49, 50-беттер).

Бұл зерттеуді керек етеді.

Біз енді Абайдың 1954 жылы шыққан 2 томдық жинағындағы байқалған текстологиялық кемшіліктерге осы кітаптарда басылған шығармалардың ретімен тоқталайық.

Бірінші томға Абайдың “Қансонарда бүркітші шығады аңға” деген 1882 жылы жазылған өлеңінен бастап, 1895 жылға дейін жазылған өлеңдері мен аудармалары кірген.

“Қансонарда...” өлеңінің (I том, 9-бет) жоғарыдан төмен санағанда 13-жолы:

“Көре тұра қалады кашқан түлкі”, —

деп басылған. Осы жолдағы “Көре” деген сөз өлеңнің мағынасын бұзып тұр.

Осы өлеңге берілген түсінікте: “Көре тұра қалады кашқан түлкі” деп келетін жол да 1909 жылғы басылуы бойынша алынды” делінген (258-бет).

Шынында солай ма? Жоқ, олай емес. 1909 жылғы кітаптың 71-бетінде (14-бөлек. “Аңшылық туралы”) жоғарыдан төмен санағанда 7-жолында:

“Кере (көре емес) тұра қалады ...”, —

деп басылған. Араб әрпімен былай басылған:

كیره تورا قالاды

Абай өлеңінің бұл жолы 1909 жылғы баспасында дұрыс басылған. Ақын бұл арада аспанға шығып алып, шүйілген қыраннан құр қаша бергенмен құтыла алмайтынын білген түлкінің жанын қорғау үшін қайрат қылмақ болып, кере тұра қалған жайын ақын дәл суреттеп отыр. Түлкі аңшыны көргенде тұра қалмайды, қашады. Үстінен төніп келген бүркіттен қашып құтыла алмайтын болған соң, кере тұра қалады. Бұл жай Абай өлеңінде айқын бейнеленген:

“...Төмен ұшсам, түлкі өрлеп құтылар деп,
Қанды көз қайқаң қағып шықса аспанға,
Кере тұра қалады кашқан түлкі,
Құтылмасын білген соң құр қашқанға.
Аузын ашып қоқаңдап тісін қайрап,
Ол да талас қылады шыбын жанға”.

Абай өлеңінің түпнұсқасы осылай оқылғанда, дұрыс болмақ.

Біз әңгіме етіп отырған Абай өлеңінің 13-жолы 1909 жылғы, 1945 жылғы баспаларында: “Кере тұра қалады кашқан түлкі”, — деп түпкі нұсқасына сай дұрыс басылған.

Ал Мүрсейіт қолжазбасында:

“Кере (дұрыс) тұра қалады сонда (?) түлкі”,

деп жазылған. 1933, 1939 жылғы жинақтарда:

“Көре тұра қалады сонда түлкі”, —

деп бұрмаланып басылған.

Сондықтан Абайдың бұл өлеңінің түпкі нұсқасын дұрыс берген 1909, 1945 жылғы жинақтар деп білеміз.

Абайдың өз қолжазбасының сақталмауы ақын шығармаларының баспадан шығып жүрген жинақтарының текстология мәселесін зерттеу ісінде зор қиындыққа ұшырата-тынын айтқан едік. Абайдың басылып жүрген жинақтарындағы, сол сияқты Абай шығармаларын көрушілердің қолжазбаларындағы ақын өлеңінің кейбір шумақтарын жеке сөздерін дәл, түпнұсқаға нұқсан келтіріп тұрған, шығарманың көркемдігін, мазмұн идеясын бұзып күдік тудырып тұрған жерлеріне кездескенде автор өзінің жорамалына (гипотезасына) сүйеніп, өз пікірін дәлелдеуді орынды санады.

Сондықтан басқа сүйенер мағлұмат болмаған жерде өзімізше, дәлелді деген пікірімізді жорамалмен (гипотезамен) анықтауға сүйендік.

Жоғарыда айтылған “Қансонарда...” өлеңінің 10-беттен жоғарыдан төмен санағандағы жиырма үшінші жолындағы:

“Таудан жиде тергендей ала берсе(?)”, —

деп басылған жолдағы “берсе” деген сөзді біз:

“Таудан жиде тергендей ала берсең”, —

деп оқыр едік.

Осыған байланысты өлеңнің бірнеше жолын оқып көрейік. Сонда “берсе” деген сөз басқа жолдардағы сөздермен (етістіктермен) қиыспай, түпнұсқадан алшақ тұрғанын аңғарамыз. “Ала берсе” деген етістік үшінші жақта тұрса, өлеңдегі басқа етістіктер екінші жақта тұр.

“...Сілке киіп тымақты, насыбайды
Бір атасың (атады емес) көңілің жайланғанда,
Таудан жиде тергендей ала берсе (ң),
Бір жасайсың (жасайды емес) құмарың әр қанғанда.
Көкіректе жамандық еш ниет жоқ,
Аң болады кеңесің құс салғанда”.

Осы өлеңнің отыз алтыншы жолы соңғы баспаларда:

“Бейне ұқсар тар төсекте жолғасқаңға”, —

деп басылып жүр.

Ал, 1909 жылғы жинақта:

“Және ұқсар тар төсекте жолғасқанға”, —

деп басылған (71-бет). Бізше сол 1909 жылғы жинақта дұрыс берілген. Оған дәлел — өлеңнің жиырма тоғызыншы, отызыншы жолында:

“Қар — аппак, бүркіт — қара, түлкі — қызыл,
Ұқсайды қаса сұлу шомылғанға”, —

деген жолдар бар. Ақын бейнелеуді осы арада-ақ бастады. Бұл арада “сұлудың шомылғанына” ұқсатса, отыз алтыншы жолда сол сұлудың “ер күйеуімен” жолыққанына тағы да (және) ұқсатып отыр.

“Қансонарда...” өлеңі 1954 жылғы жинақта 1882 жылмен берілген. Ал 1909 жылғы кітапта 1886 жыл делінген. (15-бөлік. “Аңшылық туралы”, 71, 72-беттер).

“Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы” деген өлеңінің төменнен жоғары санағанда (11-бет) төртінші жолы:

“Торғындай толқындырып көз таңдайды”, —

деп басылған.

Бұл жолдағы “толқындырып” деген сөз мағына жағынан ақынның айтпақ ойына нұқсан келтіріп тұр.

Түпнұсқаны біз былай оқысақ, дұрыс болар еді деп білеміз:

“Қолаң қара шашы бар жібек талды,
Торғындай толқын ұрып көз таңдайды”.

Осы өлеңнің “жігітті жұрт мақтаған қыз жақтаған” деген жолынан кейін 1909 жылғы жинақта:

“Кей жігіт арсыздықпен ұятсынбай,
Қолы жетпес нәрсеге тыртақтаған,
Кей жігіт мақтан үшін қылық қылмай,
Бойына майдалықпен сыр сақтаған”, —

(63-бет) деп басылған. 1954 жылғы жинақта аяққы екі жол, бастапқы екі жолдан жоғары берілген. Өлең мазмұны бойынша 1909 жылғы басылуы дұрыс.

“Қартайдық, қайғы ойладық, ұлғайды арман” (17-бет) өлеңінің төртінші жолындағы бір сөз жинақтарда:

“Мен қазақтан кегінді әперем деп”, —

болып басылып жүр. Өлеңнің басқы екі жолында: “көп берем деп”, “тек берем деп” келе жатқан өлеңнің екпінді, әсерлі (мазмұнына сай) ұйқас, ырғағы соңғы жолға келгенде “әперем деп” делініп, әлсіреп тұр.

1909 жылғы жинақта “ап берем деп” дұрыс басылған (4-бет).

Осы өлеңнің соңғы жинақтарында басылып жүрген он жетінші, он сегізінші өлең жолдары 1909 жылғы жинақта және біз бір дерек санап отырған Оразке қолжазбасында

жоқ. Бұл жөнінде 1954 жылғы жинақта ешбір түсінік берілмеген... Және 1954 жылғы Абай жинағын баспаға даярлаушы, түсінік беруші жолдастардың берген түсініктері адам түсініп болмайтын дәрежеде, бір-бірімен қым-қиғаш қайшы келіп жатады.

“Қартайдық, қайғы ойладық, ұлғайды арман” өлеңінің алтыншы шумағының екінші жолы 1909 жылғы жинақта:

“Мал берсем, сен мендік бол деп берем деп”, –

(4-бет) делініп дұрыс басылса, 1954 жылғы жинақта:

“Ет (?) берсем, сен мендік бол деп берем деп”, –

делініп қате басып, “1909 жылғы жинақ бойынша” басылып отыр деп “түсінік” береді.

Осы өлеңнің жетінші шумағының төртінші жолы 1909 жылғы жинақта:

“Жанын сатқан мал үшін антұрғанның”, –

(5-бет) деп дұрыс берілсе, 1954 жылғы және басқа жинақтарда:

“Арын сатқан мал үшін антұрғанның”, –

деп қате басылған.

Өлеңнің ең соңғы жолы 1909 жылғы жинақта:

“Өз үйінде шертиген паңы құрсын”, –

(5-бет) деп Абайда дұрыс берілген “шертиген” деген өткір мысқыл сөзін, 1954 жылғы және басқа жинақтарда:

“Өз үйінде шіренген (?) паңы құрсын”, –

деп бұзып, бұрмалап басқан.

“Қыран бүркіт не алмайды, салса баптап” деген Абайдың сатиралық өлеңінің ішінде басылып жүрген:

“Өзі алмайды, қыранға алдырмайды,
Күні бойы шабады бос далақтап”, –

деген екі жол өлең 1909 жылғы жинақта жоқ.

Біз бұл екі жол өлеңді Абайдікі емес демейміз. Бірақ қазіргі басылып жүрген қалпында өз орнын тап басып тұрған жоқ. Қисынсыз жерден келіп, қыстырылып тұр.

Бұл әлі тексеруді, анықтап барып, толық түсінік беруді керек етеді.

“Бір дәурен кемді күнге — бозбалалық” деген өлеңнің 3-шумағының бірінші жолы:

“Әсем салдық өлгенше кем қаларлық(?)”, –

(28-бет) деп басылған. Бұл жолдағы “кем қаларлық” деген сөздер ешбір мағына бере алмайды.

Түпкі нұсқа былай оқылса, өлең алғашқы қалпына келген болар еді:

“Әсем салдық өлгенше кім қыларлық,
Оған да мезгіл болар тоқталарлық”.

Бұл арада ақын: “Ешкім де өле-өлгенше әсем-салдық қыла алмайды. Оған тоқталарлық мезгіл болады” деген ойды айтып отыр.

Осы үш өлеңдегі текстологиялық кемшіліктер 1909 жылғы баспадан бастап, 1954 жылғы басылған Абай жинақтарында қайталанып келеді. Біз осы кемшіліктерді түзетудегі сүйенген гипотезамыз дәлелді деп білдік. “Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да” деген өлеңінің алтыншы шумағының соңғы екі жолы 1954 жылғы жинақта:

“Ала жылан, аш бақа, күпілдектер
Кісі екен деп үлкеннен (?) ұялмай жүр”, –

деп басылған.

Ал 1909 жылғы жинақта:

“Кісі екен деп ұлықтан ұялмай жүр”, –

(9-бет) деп басылған. Бізше осы 1909 жылғы басылуы дұрыс. Анық ақынның, әсіресе, Абайдың, бір сөзді бір ойды бір өлеңнің ішінде екі рет қайталамайтыны мәлім.

Осы өлеңнің он бірінші шумағында: “Үлкеннен ұялмай жүр” деген сөз айтылады:

“Жасы кіші үлкеннен ұялмай жүр”, –

дейді. Ал ұлықтан ұялмай жүргендер “ала жылан, аш бақа, күпілдектер”, атқамінерлер.

Жетінші шумақтың бірінші жолы 1909 жылдан бастап, соңғы жинақтарда:

“Бектікте біреу (бектеп) (?) тұра алмай жүр”, –

деп басылып келеді. Бұл арада Абай ел басқарушылардың, атқамінерлердің бектікте (болыс, старшындықта. – Қ. М.) тұрақты бола алмауын айтады деп ойлаймыз. Сонда “бектеп” деген сөз қате басылып кеткен сияқты.

Оразке қолжазбасында:

“Бектікте біреу бекіп тұра алмай жүр”, — деген, бізше осы “бектеп” деген сөз түпнұсқаға сәйкес келетін сияқты.

Өлеңнің осы шумағының келесі үш жолы біз айтып отырған қолжазбада және 1909 жылғы жинақта (9-бет) былай берілген:

“О дағы ұры-қарды қыра алмай жүр.
Қарсылық күнде қылған телі-тентек,
Жаза тартып ешбірі сұралмай жүр”.

Соңғы баспаларда:

“О дағы ұры-қарды тия алмай жүр”, —

деп басылып жүр.

“Ұры-қарды қыра алмай жүр” дегенде де Абай сол тиым салуды айтып отыр. Олардың да “қырып” жүргені белгілі деген ұғым әркімге түсінікті.

Және өлеңнің көркемдік ұйқасының өзі де: “тұра алмай жүр, қыра алмай жүр, сұралмай жүр” деп қисынды келіп тұр.

Сондықтан бізше 1909 жылғы басылуы дұрыс.

“Адасқанның алды — жөн, арты — соқпақ” деген өлеңінің екінші шумағының үшінші жолы 1954 жылғы және басқа соңғы жинақтарда:

“Қарсы алдына жымырып келтірем деп,
Ақ тымақтың құлағы салтақ-салтақ”, —

деп басылған. 1909 жылғы жинақта:

“Қас алдына жымырып келтірем деп”, —

делініп басылған. Бізше осы “қас” алдына деген дұрыс па дейміз.

Төртінші шумақ 1909 жылғы баспасында жоқ. Және бұл шумақтың өзінің көркемдік құндылығы да соншама көңілдегідей емес. Кейінгі қоспа бола ма дейміз. Бұл шумақ әлі зерттеуді керек етеді.

“Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат” деген өлеңнің екінші шумағының екінші жолы 1954 жылғы және басқа жинақтарда:

“Кейбіреу қояр құлақ ұққанынша”, —

деп басылған. 1909 жылғы кітапта:

“Кейбіреу қояр көңіл ұққанынша”, —

(12-бет) деп дұрыс басқан. Кейінгі тузеушілер байыбына бармай “түзеген”. Осы жолдың алдындағы бір жолды оқиықшы:

“Кейбіреу тындар үйден шыққанынша”, —

демей ме? Ендеше “кұлақ қоюды” әуелі айтып алды. Абай бұл арада: үйден шыққанша ғана тындайтын, құлағымен ғана тындайтын ақпа құлақты айтып отыр. Екінші жолда өз әлінше, ұққанынша көңіл қоятын адамды айтып отыр.

Олай болса, 1909 жылғы жинақта Абай сөзі дұрыс берілген.

Өлеңнің үшінші шумағының төртінші жолы соңғы барлық жинақтарда:

“Қырмызы, қызыл жібек бозбалалар
Оңғақ бұлдай былғайды, бір дым тисе”, —

деп басылып келеді.

“Бұлдай” (оңғақ бұлдай) деген сөз бізше орынсыз тұрған бөтен сөз. Бұл мәселесін Абай алғашқы жолда “Қырмызы, қызыл жібек” бір рет айтып, енді сол “Қырмызы, қызыл жібек” сапасыз оңғақ болса, бір дым тисе-ақ бояуы езіліп, былғайды деп, тұрақсыз, ала құйын мінезді бозбалаларды бір дым тисе былғайтын оңғақ, қырмызы, қызыл жібекке салыстырып отыр. Ендеше 1909 жылғы жинақта:

“Қырмызы, қызыл жібек бозбалалар
Оңғақ болса былғайды, бір дым тисе”, —

(12-бет) деп дұрыс басылған.

Өлеңнің 9-шумағының (30-бет) 2-жолы:

Біреудің көркі бар деп жақсы көрме,
Лапылдап (?) көрсе қызар нәпсіге ерме, —

деп басылған. Бұл арада “лапылдап” деген сөз бұрмаланған. Лапылдап нәпсіге ерме” деп кісіні айтып отырған жоқ. Лапылдақ нәпсіге (нәпсі лапылдақ) ерме деп, кісіге айтып отыр.

Осы өлеңге берген түсінікте:

“Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат” өлеңнің тексті 1909 жылғы жинақ (?) және Мүрсейіт қолжазбалары бойынша жіберілді”, — делінген.

Ал 1909 жылғы жинақтың 13-бетіндегі “Жігіттер, ойын арзан...” өлеңінің 14-жолын оқып қарасақ, “лапылдақ” деп дұрыс басылған. Түсінік беруші жолдастар 1909 жылғы жинақты зер салып қарамағаны байқалады?

Осы өлеңнің оныншы шумағының бірінші жолы 1909 жылғы жинақта:

“Көп жүрмес, жеңсікқойлық тез-ақ тозар”, –

(13-бет) деген Абай сөзін кейінгі баспаларда ешбір негізсіз:

“Көп жүрмес, жеңсікқойлық әлі-ақ тозар”, –

деп берген.

Он үшінші шумақтың бастапқы жолын 1954 жылғы жинақта, одан бұрынғы жинақтарда мағынасыздыққа айналдырып бұзып басқан. 1909 жылғы кітапта:

“Ақыл керек, ес керек, мінез керек,
Ер ұялар іс қылмас қатын зерек.
Салақ, олақ, ойнасшы, керім кербез,
Жыртаң-тыртаң қызылдан шығады ерек”, –

(14 - бет) десе, 1954 жылғы жинақта:

“Ақыл керек, іс (?) керек, мінез керек,
Ер ұялар іс қылмас, болас (?) зерек”, –

деп басылған.

Он жетінші шумақтың бастапқы екі жолы 1909 жылғы жинақта:

Үйіңе тату құрбың келсе кіріп,
Сазданбасын қабақпен имендіріп, –

(14-бет) деп, Абай сөзі дәл мағынасын сақтап басылған болса, 1954 жылғы жинақта:

“Үйіңе тату құрбың келсе кіріп,
Сазданба сен (?) қабақпен имендіріп”, –

деп дұрыс тұрған сөзді қате түсініп басқан. Абай әйелің сазданбасын десе, түзеушілер өзің сазданба (“сазданба сен”) деп бұлдірген. Өлеңнің келесі екі жолын оқысақ, “сазданбасын” деп әйелге арналып айтылғанын аңғару қиын емес.

“Ері сүйген кісіні ол да сүйіп,
Қызмет қылсын көңілі таза жүріп”, –

демей ме Абай?

Осы өлеңнің ең соңғы шумағы 1909 жылғы жинақта жоқ.

Осы біз айтып отырған, соншама бұрмаланып басылған — “Бір дәурен кемді күнге — бозбалалық” өлеңіне 1954 жылғы жинақ соңында (1 том, 263-бет) берілген түсінікте:

“Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат” өлеңінің тексті 1909 жылғы жинақ және Мүрсейіт қолжазбалары бойынша жіберілді (?), — дейді.

1909 жылғы жинақтың қаншалықты негізге алынғандығын көріп отырмыз.

“Жаз” өлеңінің 1909 жылғы жинақта:

“Жасы үлкендер бір бөлек, —
Кеңесіп күліп, сылқылдап”, —

(67-бет) деп басылған жиырма жетінші жолы — 1954 жылғы жинақта, одан бұрынғы жинақтарда да:

“Әзілдесіп сылқылдап”, —

деп қате басылып жүр.

Шынында, “жасы үлкендер” деген соң, “кеңесіп, күлісіп” деу орынды айтылып тұрғаны даусыз.

Сондықтан 1909 жылғы кітапта Абай сөзі дәл берілген. Өлеңнің он тоғызыншы жолында:

“Қыз-келіншек үй тігер,
Бұрала басып былқылдап.
Ақ білегін сыбанып,
Әзілдесіп сынқылдап”, —

деп “әзілдесіп” деген сөз жастарға арналып, өз орнында айтылып тұр.

Сондықтан 1909 жылғы кітапта Абай сөзі дәл берілген дейміз.

“Жаз” өлеңінің 49-жолы (41-бет):

“Жылышылар кеп тұрса,
Таңертеңмен (?) салпылдап”, —


деп басылған (1945 жылғы жинақта да солай).

Түсінікте:

“Жаз (“Жазды күн шілде болғанда”) — шығарманың тексті 1909 жылғы жинақ және Мүрсейіт қолжазбалары бойынша басылды”, — делінген (264-бет).

Ал 1909 жылғы жинақтың 67-бетіндегі “Жаз” өлеңінің төменнен жоғары санағанда 4-жолын қарасақ “Таңертенмен” емес:

“Таңертеннен салпылдап”, –

деп  дұрыс басылған. Осы “Жаз” өлеңіндегі:

“Өткен күннің бәрі ұмыт,
Қолдан келер қайрат жоқ”, –

деген жолдар 1909 жылғы кітапта жоқ.

“Интернатта оқып жүр” өлеңі мен “Ғылым таппай мақтанба” деген өлең 1909 жылғы жинақта да, Оразке қолжазбасында да бір-ақ өлең болып берілген.

1909 жылғы жинақтың “6 - бөлек. Насихат туралы” деген бөлімінде 2-өлең “Интернатта оқып жүр” деп басталып, қазіргі жеке өлең болып басылып жүрген “Ғылым таппай мақтанба” соның аяғы болып келіп, бір-ақ өлең ретінде басылған (51,53-беттер).

Бізше, өлеңнің тақырыбы да бір; өлеңнің идея, мазмұны, көркемдік түрі, ұйқас, ырғағы, жалпы мағынасы бір-ақ өлең екенін көрсетіп тұр. “Интернатта оқып жүр” өлеңі қазіргі жинақтарда:

“Жеңіл көрме бек керек
Оған да ғылым, оған да ой
Қалайша қайда енуге”, –

деумен үзіліп, ақын “Оған да ғылым ой керек қалайша қайда енуге”, – әрі қарай айтпақ ойын аяқтамай қалғаны көрініп тұр.

“Қалайша қайда енуге
Ғылым таппай мақтанба,
Орын таппай баптанба,
Құмарланып шаттанба
Ойнап босқа күлуге...”

Осылай жалғастырып оқып көрсек, екі бөлініп басылып жүрген негізінде бір-ақ өлең екенін аңғару қиын емес.

Біз 1909 жылғы жинақта бір өлең болып берілуі дұрыс дейміз.

“Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы”, – деген өлеңнің тоғызыншы шумағының аяққы жолы 1954 жылғы және басқа соңғы жылдардағы жинақтарда:

“Қазаққа өлең деген бір қадірсіз,
Былжырақ көрінеді бәрі (?) даңдақ”, –

деп басылып жүр.

Бұл арада Абайдың өлеңге көзқарасы, эстетикалық қағидасы өрескел бұрмаланып тұр. Қазаққа өлең дегеннің бәрі қадірсіз: “Былжырақ көрінеді, бәрі даңдақ” болып тұр.

“Туғанда дүние есігін ашады өлең,
Өлеңмен жер қойнына кірер денең”, –

деп өлең – қазақ халқының қуанышы-сүйінішіне, қайғы-қасірет күйінішіне өмір бойы айнымас серік дос деп білген. “Өлең – сөздің патшасы” деп бағалаған Абай “Қазаққа өлең деген бір қадірсіз, бәрі былжырақ, даңдақ көрінеді” деуі ешбір ақылға сыймайды:

Абай:

“Қобыз бен домбыра алып топта сарнап,
Мақтау өлең айтыпты әркімге арнап,
Әр елден өлеңменен қайыр тілеп,
Кетірген сөз қадірін жұртты шарлап”, –

деп, “мал үшін тілін безеп, жанын жалдап, мал сұрап біреуді алдап, біреуді арбап” өлеңнің қадірін кетіріп жүргендердің өлеңі қазаққа қадірсіз. Солар былжырақ, даңдақ көрінеді дейді. Болмаса, Абай өлең атаулының бәрі қазаққа қадірсіз деп айтқан емес, олай айтуы мүмкін де емес.

Олай болса 1954 жылғы және басқа соңғы жылдардағы Абай жинақтарында:

“Қазаққа өлең деген бір қадірсіз,
Былжырақ көрінеді бәрі (?) даңдақ”, –

деп басылып, ақын сөзі, Абайдың асыл ойы өрескел бұрмаланып жүр.

Ал 1909 жылғы жинақта:

“Қазаққа өлең деген бір қадірсіз,
Былжырақ көрінеді солар даңдақ”, –

деп (2-бөлік. Өлең туралы, 31-бет) дұрыс басылған.

Яғни “әр елден өлеңменен қайыр тілеп, жұртты шарлап, сөз қадірін кетіргендердің” өлеңі – солар қазаққа қадірсіз, былжырақ, даңдақ көрінеді деп отыр Абай.

Егер қазаққа жалпы өлең қадірсіз болса, халықтың орасан бай ауыз әдебиетін ғасырлар бойы ұрпақтан ұрпаққа асыл мұра етіп сақтап келмеген болар еді.

Абай өлеңдерін бірінші рет баспаға даярлап бастырушы, ақынның ең алғаш өмірбаянын жазған – Кәкітай Ысқақұлы Құнанбаев:

“Соңғы уақытта Абай өзі өлеңнің өнер екенін біліп, жаза бастаған соң, бұрынғы ақындар надандықпен өлеңді өнер орнына ғибрат үшін айтпай, тіленшілік орнына айтқандықтан – ақындықтың да, өлеңнің де қазақ ортасында бағасы кеткендігін айтып, өзін олардың ретін басқа қылып, алмақ пайда үшін емес, халықты ғылымға ұмтылтып, көңіл көзін ашпаққа ғибрат үшін жазғанын білдіріп өлең шығарған:

“...Қайда барса, мақтаншаққа барған таңдап,
Жиса да бай болмапты қанша малды-ай.
Қазаққа өлең деген бір қадірсіз,
Былжырақ көрінеді солар даңдақ”, –

дейді (1909 жылғы жинақ, 107-бет).

Абай жазған түпнұсқада: “Былжырақ көрінеді солар даңдақ” екенін Кәкітай сөзі тағы да бекітіп отыр.

Он бірінші шумақтың соңғы екі жолы 1954 жылғы жинақта:

“Әншейін күн өткізбек әңгіме үшін (?)
Тыңдар едің бір (?) сөзін мыңға балап”, –

деп басылған. Ал, 1909 жылғы жинақта:

“Әншейін күн өткізбек әңгімені
Тыңдар едің әр сөзін мыңға балап”, –

деп дұрыс басылған.

“Біреуден біреу артылса” деген өлең - 1909 жылғы жинақта 1889 жылғы жазылған өлеңдер ретінде берілсе (I-бөлік. Халық туралы, 22-бет), 1954 жылғы жинақта 1887 жылы жазылған өлең деп басылған.

Осы өлеңнің төртінші шумағының бастапқы екі жолы 1954 жылғы жинақта:

“Ақыл жоқ, қайғы жоқ онда,
Ісі жоқ теріс пе, оң ба”, –

деп басылса, 1909 жинақта:

“Ісі жоқ, ісі теріс пе оң ба”, –

деп басылған. 1909 жылғы басылуы дұрыс. Біріншіден,

өлеңнің мағынасы дәл берілсе, екіншіден, өлеңнің өзіне арнаулы әніне өлең құрылысы сайма-сай келеді.

“Біреудің кісісі өлсе, қаралы – ол”, деген өлеңге берілген түсінікте (268-бет):

“Біреудің кісісі өлсе, қаралы – ол” өлеңінің тексті 1909 жылғы жинақ пен Мүрсейіт қолжазбалары бойынша ба-
сылды.

Үшінші шумақтың үшінші жолы бұрынғы баспаларда және Мүрсейіт қолжазбасында:

“Бұрынғы жақсылардан қалған мирас”, –

делініп келген еді. Бұл жинақта 1909 жылғы баспа бойынша:

“Бұрынғы жақсылардан өрнек қалған”, –

деп түзетілді” дейді.

Бұл арада түсінік берушілер Мүрсейітке сенбей 1909 жылғы жинаққа сүйенеді. (?) Одан әрі:

“Сол шумақтың ақырғы жолы Мүрсейіт қолжазбасы бойынша былай беріледі:

“Биде тақпақ, мақал бар, байқап қара”.

Ал, бұл жол 1909 жылғы жинақта:

“Биде тақпақ, мақал бар, ойлап қара”

Жетінші шумақтың ақырғы жолы:

“Таппай айтпа оған да айтар кезді”, –

делініп, Мүрсейіт қолжазбасы бойынша қалдырылды. Бұл жол 1909 жылғы жинақта:

Таппай айтпа ұққанға айтар кезді, –

деп басылған”, – дейді.

Бұл жерде түсінік берушілер енді 1909 жылғы жинаққа сенбей, Мүрсейітке сүйенеді.

Өлеңнің авторы Абай ескерілмейді. 1909 жылғы жинаққа, Мүрсейіт қолжазбасына сын көзімен қарап, Абай өлеңінің мазмұнын негізге ала отырып, ғылыми түсінік берудің орнына, ешбір негізсіз біресе 1909 жылғы жинақты, біресе Мүрсейітті құрғақ мақұлдай салады.

Шынында: “Бұрынғы жақсылардан қалған мирас” деген жол түпкі нұсқаға жақын. Өлеңнің осы шумағын тұтас оқысақ, ақын халықтың ежелгі ел дәстүріне, тұрмыс-салтына байланысты туған өлең-жырды, тақпақ, мақалды айтып отыр. Қазақ халқының өлең-жырды, шешендік сөзді

“өнер алды — қызыл тіл” деп бағалайтынын айтып отыр. Ұрпақтан ұрпаққа мирас-мұра болып келе жатқан халықтың бай ауыз әдебиетін айтып отыр.

“Бала туса күзетер шылдақана,
Олар да өлең айтар шулап жана.
Бұрынғы жақсылардан қалған мирас,
Биде тақпақ, мақал бар, байқап қара”.

Біз Абай сөзін дәл осылай оқыр едік.

Осы айтылған пікірімізді дәлелдей түсу үшін өлеңнің екінші шумағын келтірейік:

“Күйеу келтір, қыз ұзат, тойынды қыл,
Қыз таныстыр, қызыққа жұрт ыржаңшыл,
Қынаменде, жар-жар мен беташар бар,
Өлеңсіз солар қызық бола ма гүл”, —

дейді ақын.

Ал “Таппай айтпа оған да айтар кезді”, — деген жол осы қалпында дұрыс. Оның дұрыстығын Абай сөзінің өзі айтып тұр:

“Қадірін жақсы сөздің білер жанға,
Таппай айтпа оған да айтар кезді”, —

дейді ақын. “Қадірін жақсы сөздің білер жанға” дегеннен кейін:

“Таппай айтпа ұққанға айтар кезді”, —

деп қисынсыз, мағынасыз сөз қайталау Абайға тән емес екені өзінен өзі-ақ түсінікті.

Осы өлеңнің 10-шумағы (61-бет) 1909 жылғы жинақта және Мүрсейіт қолжазбасы бойынша:

“Шортанбай, Дулат пенен Бұқар жырау,
Өлеңі — бәрі жамау, бәрі құрау”, —

деп түзетіп алынды деген (268-бет). Ал, 1945 жылғы жинақта (58-бет), одан бұрынғы барлық баспаларында:

Шортанбай, Дулат пенен Бұқар жырау,
Өлеңі — бірі жамау, бірі құрау,

деп басылған.

Біз осы 1945 жылғы жинақтағыға қосыламыз.

Бұл арада біз Абай өлеңінің шумағын тұтас алып, зер салып қарасақ, Абай Шортанбай, Дулат, Бұқарлардың ақындығын жоққа шығарып, өлеңдерінің “бәрі жамау, бәрі

кұрау” деп олардың ақындығына мүлдем шек қоймайды. Өлеңдерінің идеялық және көркемдік жағынан кездесетін кемшіліктерін сынайды:

“Кемшілігі әр жерде-ақ көрінеу тұр-ау”, –

дейді. Болмаса “кемшілігі бар жерде-ақ көрініп тұр-ау” деп үзілді-кесілді айтудан Абай жасқанбаса керек.

“Күз” өлеңі 1954 жылғы жинақта 1888 жылы жазылған делінсе, 1909 жылғы жинақта 1889 жыл болып басылған.

“Қараша, желтоқсанмен сол бір екі ай” (1954 жылғы жинақта 1888 жылғы өлең ретінде берілсе, 1909 жылғы кітапта 1889 ж.) деген өлеңнің үшінші шумағының үшінші жолы (64-бет) былай басылған:

“Жас балаға от та жоқ тұрған маздап,
Талтайып қақтана алмай өле жаздап, –
Кемпір-шалы бар болса, қандай қиын,
Бір жағынан қысқанда жел де (?) азынап”.

Түсінік былай берілген:

“Үшінші шумақтың алғашқы екі жолы Мүрсейіт қол-жазбасында:

“Жас балаға отын жоқ тұрған маздап,
Талтайып қақтана алмас өле жаздап”, –

деп жазылған. Бұл екі жол 1909 жылғы жинақ бойынша беріліп:

“Жас балаға үйде от жоқ тұрған маздап,
Талтайып қақтана алмас өле жаздап”, –

деп алынды (?), деген.

Түсінікте солай десе 1909 жылғы кітапта:

“Жас балаға от та жоқ тұрған маздап”, –

деп басылған (1909 ж. 63-бет).

Ал, 1945 ж. жинақта “Жас балаға үйде от жоқ тұрған маздап” деп қате басылған (88-бет).

Одан әрі мынадай түсінік беріледі:

“Сол шумақтың соңғы жолы 1909 жылғы жинақта:

“Бір жағынан қысқанда о да азынап”, –

деп басылыпты. Бұл жинақта Мүрсейіт қолжазбаларына сүйеніп:

“Бір жағынан қысқанда жел де азынап”, –

деп қалдырылады (269, 270-беттер).

Бізше “Бір жағынан қысқанда о да азынап” деп басылған 1909 жылғы және 1945 жылғы жинақтардағысы түпнұсқаға, өлең мазмұнына сай, дұрыс берілген.

Бұл пікіріміздің дұрыстығын өлең шумағын тұтас алып қарасақ, көреміз:

“Жас балаға от та жоқ тұрған маздап,
Талтайып қақтана алмай өле жаздап.
Кемпір-шалы бар болса қандай қиын,
Бір жағынан қысқанда о да азынап”, –

деп, Абай қараша айында жағатын отыны жоқ кедей үйдің ауыр халін суреттейді. Жас баласы қақтанып, жылынатын үйінде оты жоқ, оның үстіне кемпір-шалы бар болса, бір жағынан о да (кемпір-шал да) азынап қысса, қандай қиын деп кедей үйдің аянышты халін сипаттайды.

“Кемпір-шалы бар болса, қандай қиын”, –

деп отырып, өлеңнің келесі жолында:

“Бір жағынан қысқанда жел де азынап”, –

деп кемпір-шалды тастай беріп, желді айтып кету Абай поэзиясына жат нәрсе.

Абайдың осы “Қараша, желтоқсанмен сол бір-екі ай”, деген өлеңі – ақынның саяси-өлеуметтік көзқарасын айқынырақ көрсететін өлеңдерінің бірі.

Қанаушы бай мен қаналушы кедейдің бір-біріне мейірімсіз екенін де Абай жақсы ұқты:

“Жалшы ұлына жаны ашып ас бермес бай” деген өлеңде осы тап қайшылығын талдап суреттейді”, – дейді Сәбит Мұқанов (Абай шығармаларының толық жинағы, 1945 ж. 14-бет).

“Қараша, желтоқсанмен сол бір-екі ай” өлеңінің саяси-өлеуметтік идеясын Сәбит Мұқанов дұрыс ашып көрсеткен.

Абай өлеңінің осындай айқын идеясы 1954 жылғы және басқа соңғы жылдарда шығып жүрген жинақтарда өрескел бұрмаланып берілген:

“Жалшы үйіне жаны ашып ас бермес бай,
Артық қайыр артықша қызметке орай.
Байда мейір (?), жалшыда бейіл де жоқ (?),
Аңдыстырған екеуін, құдайым-ай”, –

деп басылып жүрген өлең шумағы байда мейір жоқ, жалшыда бейіл жоқ деген мағынаны беріп тұр.

Бұл арада Абай қанаушы тап пен қаналушы таптын арасында ешбір бітімге келмейтін қарама-қарсы әлеуметтік қайшылықты ашып айтып отыр.

Абайша жалшыны қанап отырған дүниесқор байда бейіл жоқ, рахым жоқ дейді. Ал өзін қанап отырған бейілсіз, рахымсыз байға жалшы да мейірімсіз, яғни қанаушы байға жалшы табыспас мейірімсіз дұспан деген пікірді ақын айқын айтып отыр.

Олай болса 1909 жылғы жинақта:

Байда бейіл, жалшыда мейір де жоқ, —

деп дұрыс басылған (12-бөлек, 2 өлең, 69-бет).

Кейінгі баспаларда сөздің орны ауыстырылып беріліп, Абай өлеңіндегі ақынның идеясы бұрмаланған.

Абайдың “Қыс” деген өлеңіндегі:

“Ұшпадай боркін киген оқшырайтып”, —

деген өлең жолындағы “ұшпадай” деген сөзге 1954 жылғы жинақта “шашыранды (бұлт)” деп қате түсінік берген. Дұрысында ұшпа бұлт деп қазақ бөріктей шоқталып жеке-жеке жүрген бұлтты айтады десе, дұрыс болар еді. Шашыранды ала шұбар бұлтты Абай бөрікке ұқсатпаса керек.

“Болыс болдым мінеки” өлеңіндегі 72-беттегі төменнен жоғары санағандағы 71-жол:

“Алқыны күшті асаулар,
Ноктаға басы кірілді (?)”,

деп басылған (1945 жылғы жинақта да дәл осылай).

Біз бұл жолдардағы “кірілді” деген сөзді “керілді” деп түзеп:

“Алқыны күшті асаулар,
Ноктаға басы керілді (?)”,

деп оқысақ, түпнұсқаны қалпына келтірген болар едік. Осы өлеңнің ең соңғы жолдары 1945, 1951 жылғы жинақтарда:

“Көрмей тұрып түсеміз (?)
Темір көзді сарайды”, —

деп жарияланған.

Осы соңғы өлең жолдарына 1954 ж. жинақта былайша түсінік берілген:

“1909 жылғы жинақта:

“Көрмей тұрып, құсамын”, —

деп басылған жол Мүрсейіт қолжазбасы бойынша:

“Көрмей тұрып түсеміз”, —

деп басылды (274-бет).

Бұл берілген түсініктердің өзі де түсініксіз.

“Темір көзді сарайды”, яғни түрмені көрмей тұрып “құсамын”, не болмаса түрмені көрмей тұрып “түсеміз” (түрмеге көрмей тұрып түсеміз) деген сөздер ақынның айтпақ ойын бере алмайды, өлеңді мағынасыздыққа айналдырады.

Біз бұл жөнінде өлеңнің мазмұнына және Абайдың басқа өлеңдеріндегі сөз қолданыстарына сүйене отырып, жорамал (гипотеза) жасап “құсамын”, “түсеміз” деп қате басылып жүрген сөздерді түзеп, былайша оқыр едік:

“Көрмей тұрып күсемін
Темір көзді сарайды”.

“Күсемін” беземін деген мағынада. Яғни темір көзді сарайды көрмей тұрып-ақ, зәрем ұшады, одан беземін деген түсінік береді. Осылай түзесек, өлеңнің бұл жолдары айқын ұғым береді, алғашқы қалпына келеді деп білеміз.

“Күсемін”, “күспек” деген сөз “беземін”, “безбек” деген мағынада Абайдың мына бір ауыз өлеңінде де кездеседі:

“Соры калың соккы жеген пышанамыз
Қайтып суып, жалғаннан күсе аламыз”.

(безе аламыз. — Қ. М.)

1909 жылғы баспада “құсамын” деп басылды, баспа орны “құсамын” деген сөздің мағынасын ұқпай өздерінше “құсамын” деп түзеп жіберуі мүмкін.

“Білімдіден шыққан сөз” деген өлеңнің жоғарыдан төмен санағанда бесінші жолындағы соңғы сөз (78-бет):

“Жүрегі — айна, көңілі — оят (?)”, —

деп қате басылған. 1909 жылдан бастап басқа жинақтарда да “ою” деп басылған. Дұрысы да осы.

Бұл баспаның ұқыпсыздығынан болған қате болуы мүмкін.

Абайдың “Сегіз аяқ” өлеңінің текстологиясына тоқталғанда, соңғы жылдары табылған, бұрын мәлім болмаған жоғарыда аталған Оразке Уақбаевтың қолжазбасын еске ала отыруды мақұл көрдік. Оразке қолжазбасында Абайдың бірде-бір жинағында және басқа адамдардың қолжаз-

басында жоқ, “Сегіз аяқ” өлеңінің ерекше бір нұсқасы (варианты) кездеседі³. Оразке қолжазбасындағы “Сегіз аяқ” өлеңінің текстінде ақынның бірнеше сөздері Абай жинақтарындағы және басқа қолжазбалардағы қалпынан басқаша жазылған:

Оразке қолжазбасы “Сегіз аяқ” өлеңіндегі кейбір сөздердің мазмұны, мағынасын түпнұсқаға сай дұрыс берген деп сенуге болады.

Мысалы: “Сегіз аяқ” өлеңінің 1909 жылғы жинаққа және Мүрсейіт қолжазбасына сүйеніп жарияланып жүрген (1945, 1954 ж.ж.) нұсқасында өлеңнің кейбір жолдарындағы сөздер төмендегіше басылған.

1954 жылғы жинақта өлеңнің төртінші шумағында:

“Қайнайды қаның,
Ашиды жаның
Мінездерін көргенде;
Жігерлен, сілкін.
Қайраттан, беркін (?)
Деп насихат бергенде
Ұятсыз, арсыз салтынан (?)
Қалғып кетер артынан” (81-бет).

Осы өлең шумағының бесінші жолындағы “беркін” деген сөз Оразке қолжазбасында “бекін” деп, жетінші жолдағы “салтынан” деген сөз “қалпынан” деп жазылған.

Келесі өлең шумағының төртінші, бесінші жолдары 1954 жылғы баспада:

“Пайдасыз, ақыл (?)
Байлаусыз, тақыл (?)”, –

деп басылса, Оразке қолжазбасында екі жолдағы соңғы екі сөздің орны ауысып былай жазылған:

“Пайдасыз тақыл,
Байлаусыз ақыл”, –

Бізше осы Оразке қолжазбасында бұл өлең жолдары дұрыс берілген. Байлауы жоқ ақыл, пайдасы жоқ тақыл деген ұғым өлең мазмұнына, сөзді орнымен қолдану талабына сай келіп тұр.

1909 жылғы жинақта да:

“Пайдасыз тақыл,
Байлаусыз ақыл”, —

деп басылған (60-бет).

Сол сияқты 1954 жылғы жинақтағы “Сегіз аяқ” өлеңінің тоғызыншы шумағының (82-бет) басқы екі жолы:

“Малынды жауға,
Басыңды дауға ...” —

деп басылса, Оразке қолжазбасында:

“Басыңды дауға,
Малынды жауға ...” —

деп жазылған. Бізше Оразкенің қолжазбасы дұрыс. Абай ешқашан адамның басынан малды жоғары қойған емес.

Осы өлеңнің оныншы шумағының алтыншы жолына 1954 жылғы жинақта (275, 276-беттер) мынадай түсінік берілген:

“Оныншы шумақтың алтыншы жолы 1909 жылғы жинақ бойынша:

“Қор болып, құрып барасың”, —

деп берілді. Мүрсейіт қолжазбасында:

“Қор болып, қолда барасың”, —

делінген.

Ал Оразке қолжазбасында:

“Қор болып құлдап барасың”, —

деп жазылған. Бізше осы “құлдап” деген сөз өлең мағынасын дұрысырақ беріп тұр (Мүрсейітте “қолда барасың” деген сөз “құлдап” деген сөздің түпнұсқа қате жазылуы деп ойлаймыз).

Осы өлең шумағын тұтас оқып, мазмұн-идеясына үңіліп карасак, ақын тамағы тоқ, жұмысы жоқ адамның азатынын, мағынасыз бос таласқа түсіп, досқа жау болып, өтірік, өсекке салынып, еңбекке мойынсұнбай, өнер-білімге ұмтылмай азғындап — “құлдап” (құлдырау, кері кету, ілгері ұмтылмау, заман талабына түсінбеу. — Қ. М.) бара жатқан деген ойды айтып отыр. “Құру” (жоғалу) емес. Ұлы ойшыл, ағартушы, гуманист халқының келешегіне сенген данышпан ақын, халқын құриды деп пессимизмге салынған емес.

Халқының келешегіне сенген Абай, өз халқын шексіз сүйген Абай ескіліктің бұғауынан, надандықтың, шырмауынан арыла алмай отырған ауыр халіне күйінеді. Бірақ, халық басындағы қара тұман айығып, өл өмірі өзгеріп, жаңа дүние, жарық күн туатынына сенеді.

“Жамандықты кім көрмейді. Үміт үзбек — қайратсыздық, дүниеде ешнәрседе баян жоқ екені рас, жамандық та қайдан баяндап қалады дейсің. Қары қалың қатты қыстың артынан көгі қалың, көлі мол жақсы жаз келмеуші ме еді”, — дейді ақын (I том, 1954 ж, 214-бет).

Сондықтан “Сегіз аяқ” өлеңіндегі “Қор болып, құрып барасың” деп басылып жүрген өлең жолы жауапсыз қаралып, қате басылған. Ақын өлеңінің идеялық-мазмұнына көрнеу нұқсан келтіріп тұр.

Бізше Оразке қолжазбасы Абай өлеңінің түпнұсқасын қалпына келтіруге жол ашып тұр деп білеміз.

Он төртінші шумақтың екінші жолы 1954 жылғы жинақта:

“Жүз кісі сұмға”, —

деп басылған. 1909 жылғы кітапта:

“Жөн кісі сұмға”, —

деп берілген (61-бет).

1954 жылғы жинақтың 276-бетінде:

“Он төртінші шумақтың алтыншы жолы 1909 жылғы жинаққа сүйеніп:

“Айғаймен өтті, амал жоқ”, —

деп жіберілді (?!). Бұл жол Мүрсейіт қолжазбаларында:

“Айғаймен кетті, амал жоқ”, —

деп жазылған”, — деп түсінік береді.

Шынында, 1909 жылғы жинақтың 61-бетін қарасақ, 1954 жылғы жинақтағы беріліп отырған түсінікті жалғанға шығарады.

“Айғаймен кетті, амал жоқ”, —

деп басылыпты. Осылай басылуы дұрыс та.

Себебі, “өтті” деген сөз осы өлең шумағының сегізінші жолында келеді:

“Қорлықпен өткен қу өмір”, —

дейді.

Он бесінші шумақтың алтыншы жолы 1909, 1954 жылғы жинақтарда:

“Именсе елің баптанбақ”, –

деп басылып келеді.

Өлеңнің мағына, мазмұнына, сөз ретіне қарағанда:

“Именсе елі баптанбақ”, –

делініп оқылса, баспада қате басылған Абай сөзі түпнұсқасына сай келер еді.

Енді “Сегіз аяқ” өлеңінің жиырма төртінші шумағының соңғы жолын 1954 жылғы жинағында адам күлерлік емес, ренжірлік етіп “түзеп” басқан.

1909 жылғы баспасынан бастап 1954 жылғы жинаққа шейін, түпкі нұсқасы бойынша дұрыс басылып келе жатқан және оқушы жұртшылыққа соншама түсінікті, ешбір күдік туғызбайтын Абай сөзін 1954 ж. жинаққа түсінік берушілер өздері түсінбей, тап басып алшысынан тұрған Абай сөзінің аяғын аспанға қаратып, былайша түсінік берген:

“Жиырма төртінші шумақтың соңғы жолы бұрынғы баспаларын да:

“Қысылған жерде жан жалдау”, –

деп басылып келген еді.

Бұл жинақта:

“Қысылған жерде – жанжал, дау”, – (?)

деп түзетіліп алынды” (276-бет).

Бұл “түсінік” бойынша қулығы мен сұмдығы, арбауы мен алдауы іске аспай, тұйыққа тіреліп, тұмсығы тасқа тиген залымдар қысылғанда жанжал, дау шығарады деген ұғым шығады.

Жоқ, олай емес. Қулық-сұмдығы, алдау-арбауы әшкереленіп, қолға түсіп, қысылған залым жанжал, дау шығара алмайды. Өтірік айтып ант ішеді, жан береді (жанын жалдайды). Абай осыны айтып отыр.

“Баяғы қулық, бір алдау,
Қысылған жерде жан жалдау”.

“Жанын жалдау” (жан жалдау) мал үшін, дүние үшін, өтірікке “ант ішу” деген Абайдың басқа өлеңдерінде де кездеседі. Мысалы:

“Ант ішкен күнде берген жаны құрсын,
Арын сатып тілеген малы құрысын”

(“Қартайдық, қайғы ойладық, ұлғайды арман”).

“Мал үшін тілін безеп, жанын жалдап,
Мал сұрап біреуді алдап, біреуді арбап...”

(“Өлең — сөздің патшасы, сөз сарасы”).

Бұл арада “түсінік” берушілердің Абай сөзіне үстірт қарап, шалағайлық жасағандықтары айқын аңғарылады.

* * *

Біз соңғы басылған (1954 жылғы) Абай шығармаларының текстологиясына бірінші томынан бастап өлеңнің кітапта басылу ретімен тоқталып келе жатыр едік. Енді Абай жинақтарының бұрынғы баспаларын, сол сияқты ертеден белгілі қолжазбаларды 1954 жылғы жинақпен салыстыра тексергенде, ерекше көзге түсетін текстологиялық айырмашылықтар болмаған соң, 1 томның (1954 ж.) 20–50-беттеріндегі ақынның үш өлеңіне жоғарыдағы рет бойынша тоқталмай өткен едік.

Бұл арада “Сегіз аяқ” өлеңінің текстологиясына тоқтағанда Оразке қолжазбасына сүйенуге тура келді. Сол Оразке қолжазбасы әңгіме болып қалғандықтан енді біраз шегініс жасап, текстология жөнінен тек осы Оразке қолжазбасымен салыстырып қарағанда айырма-қайшылығы бар үш өлеңге тоқтала кетуді мақұл көрдік.

Ол өлеңдер: “Қалың елім, қазағым, қайран жұртым” (20, 21-беттер), “Адасқанның алды — жөн, арты — соқпақ”, (25–26-беттер), “Бөтен елде бар болса” (50–54-беттер).

Енді осы үш өлеңді 1954 жылғы жинақтағы басылуы мен Оразке қолжазбасындағы нұсқасымен салыстырып қарайық.

Бірінші өлеңнің алғашқы төрт жолы 1954 жылғы жинақта былай басылған:

Қалың елім, қазағым, қайран жұртым,
Ұстарасыз аузыңа түсті мұртың,
Жақсы менен жаманды айырмадың,
Бірі—қан, бірі—май боп енді екі ұртың.

Оразке қолжазбасында:

Қазағым, қалың елім, қайран жұртым,
Аузыңа ұстарасыз түсті мұртың,
Жақсы менен жаманды айырмайсың
Бірі — қан, бірі май боп енді екі ұртың .

Бастапқы екі жолдағы айырмашылық өлеңдегі сөздердің орын ауысуында екені көрініп тұр.

Бізше қолжазбада сөз реті өлеңнің тақырыбына сәйкес келіп тұр. Сонымен қатар ақынның көздеген нысанасына дегенін дәл көрсетіп тұр. Қолжазба бойынша берілген өлең жолдарында сөз тізбегі өлеңге ерекше екпін беріп, ел тағдырын тебірене жырлаған ақынның намыстан туған ызалы жырын әсерлі етіп тұр.

Екінші жолдағы (жинақта басылуы бойынша):

“Ұстарасыз аузыңа түсті мұртың” дегеннің өзі өлеңге мағына жағынан да нұқсан келтіріп тұр. Қара сөзге айналдыра оқып көрсек “ұстарасыз аузыңа (ұстарасы жоқ аузыңа) мұртың түсті” деген сияқты болады (Бұл кітап бойынша). Ал өлең жолына қолжазба бойынша қара сөзге айналдырсақ аузыңа ұстарасыз (ұстара жоқ болғандықтан) мұртың түсті деген дұрыс ұғым беріп тұр.

Өлеңнің үшінші жолындағы “айырмадың” (жақсы менен жаманды айырмадың) деген етістік өткен шақты көрсетіп тұрса, қолжазбада “айырмайсың” деп берілген етістік қазіргі шақты көрсетіп тұр.

Абай бұл арада “Жақсы менен жаманды әлі күнге дейін айырмайсың” дегенді айтып отыр. Осы дәлелдерге сүйеніп қолжазбадағы өлең нұсқасы Абай өлеңінің алғашқы қалпын дұрыс сақтаған дер едік.

Ал осы төрт жолдан кейін келетін (1954 жылғы жинақтағы) бесінші және алтыншы жолдар Оразке қолжазбасында атымен жоқ, яғни:

“Бет бергенде шырайың сондай жақсы,
Қайдан ғана бұзылды сартша сыртың”, –

деген жолдар.

Бұл екі жол шынында да Абай өлеңіне кірген “бөтен сөз” екені үңіле қараған кісіге көрініп тұр. Біріншіден, өлеңнің жалпы сарынына (мотивына) байланысы жоқ, Абайдың: “Бөтен сөзбен былғанса сөз арасы” дегеніндей бөтен сөз.

Екіншіден, осы екі жолдың өзі бірін-бірі қайталап тұрған мағынасыз сөздер.

Бірінші жолда “Бет бергенде шырайың сондай жақсы” дегенде адамның сыртқы құбылысын (шырайың) айтса, екінші жолда да “қайдан ғана бұзылды сартша сыртың” деп тағы да алғашқы жолдағыдай адамның құбылысын айтады. Көз көргенде сыртың жақсы сияқты, ішің арам деген ұғым бере алмайды. “Сартша сыртың бұзылды” деген сөзді Абай қолданды деу қиын.

Үшінші, Абай өзінің қара сөзінде (“Екінші сөз” деп аталып жүрген сөзі):

“Мен бала күнімде естуші едім, біздің қазақтар сартты көрсе, күлуші еді: енеңді ұрайын, кең қолтық, шүлдірлеген тәжік, арқадан үй төбесіне саламын деп, қамыс артқан, бұтадан қорыққан, көз көргенде әке-үке” десіп, шығып кетсе, қызын боқтасқан, “сарт-сұрт” деген осы деп.

...Енді қарап тұрсам, сарттың екпеген егіні жоқ, шығармаған жемісі жоқ, саудагерінің жүрмеген жері жоқ, қылмаған шеберлігі жоқ. Өзіменен өзі әуре болып, ешбір шаңары жауласпайды. Орысқа қарамай тұрғанда, қазақтың өлгеніне “ақірет”, тірісінің киімін жеткізіп тұрды... Орысқа қараған соң да орыстың өнерлерін бізден олар көп үйреніп кетті... ептілік, қырмызылық, сыпайылық бәрі оларда”, – дейді.

Бала күнінде өзімішіл надан елдің аузынан естіген өсек сөзін есейгенде есіне алып сынаған Абай 1886 жылы 41 жасында жазған өлеңінде қазақ ру басыларының жағымсыз мінез-құлқын әшкерелеу үшін өзбекті (сартты) мысалға келтірді деу шындыққа жатпайды деп білеміз.

Сондықтан Оразке қолжазбасында осы екі жол өлеңнің болмауы Абай өлеңін ақынға тән емес “бөтен сөзден” тазартып, түпнұсқасын қалпына келтіруге мүмкіншілік береді.

Өлеңнің кітапта басылған жетінші, сегізінші жолын оқып көрейік:

“Ұқлайсың өз сөзіңнен басқа сөзді,
Аузымен орақ орған өңкей қыртың (?)”, –

деп басылған.

Қолжазбада:

“Аузымен орақ орған өңкей қыртым”.

деп жазылған. Қолжазбадағы “қыртым” (кітаптағыдай “қыртың” емес) деп берілуінің дұрыстығы даусыз дейміз.

Он бір, он екінші жолдарды кітап бойынша оқысақ, былай басылған:

“Көрсө қызар келеді байлауы жоқ,
Бір күн тыртың етеді, бір күн – жыртың (?)”.

Қолжазбада және 1945 жылғы жинақта:

“Бір күн тыртың етеді, бір күн – бұртың”, –

деген. Біз осы “бұртың” (1954 жылғы жинақтағыдай “жыртың” емес) деген сөзді дұрыс па дейміз. “Жыртың” жыртыңдау деген сөз, мағынасыз дарақы күлкіні көрсетеді.

Абай бұл арада күлкіні айтып отырған жоқ. Тұрақсыз, “байлауы жоқ” адамның бір күн тыртың етсе, бір күні бұртың ете қалатын опасыздығын, ала құйын мінезін айтып отыр.

Өлеңнің он жетінші жолында “бұртың” деген сөз тағы кездеседі. Бұл арада “бұртың” деген сөздің қайталауы өлең жолының мағынасына қарай орынды болып тұр:

“Ағайын жоқ нәрседен етер бұртың”, –

десе, тіпті жаны ашыр ағайының да жоқ нәрсеге бұртыңдайды деген мағынада “бұртың” орынды қайталап тұрған сияқты.

Ал он екінші жолдың аяғында келетін “жыртың” деген сөзді сол күйінде қалдырсақ, өлеңнің жиырма сегізінші жолында да “жыртың” деген сөз тағы кездеседі. Бірақ “жыртың” сөзінің осы соңғы қолдануы орынды тұр. Бұл арада орынсыз жыртың-тыртың құр күлкіден не шығады деген ұғымды беріп тұр.

Өлеңнің он бес, он алтыншы жолдары 1954 жылғы жинақта:

“Өздеріңді түзелер дей алмаймын,
Өз қолыңнан кетпесе (?) енді өз ырқың”, –

деп басылған.

Қолжазбада:

“Өз қолыңнан кеткен соң енді өз ырқың”, –

деп жазылған.

Өлеңнің осы екі жолында ақын қандай ой мен қандай пікірге келіп отыр. Егер кітапта басылғандай:

Өз қолыңнан ырқың кетпесе, өздеріңді түзелер дей алмаймын дегені ме?

Жоқ, қолжазбадағыдай өз қолыңнан ырқың кеткен соң – түзелер дей алмаймын дегені ме?

Бұл арада үлкен саяси-әлеуметтік мағына жатыр.

Кітапта басылғандай Абай өз қолынан ырқы кетсе ғана түзелер еді деген пікірді айтқан болса, онда ел билеуші әкімдерге арнап айтқан болады. Бірақ мұндай тоқтамға келу қиын.

Себебі, ол кезде қазақ арасындағы әкімдердің қолында тұрған ырық белгілі. Осы “Болыс болдым мінеки”, “Мәз болады болысың” сияқты өлеңдерінен көруге болады.

Екіншіден, өлең ел билеушілердің басына арналып қана айтылмаған. “Қазағым, қалың елім...” деп қытымыр заманның қыспағындағы, надандық түнегіндегі, ескі әдет-

ғұрыптың шырмауындағы бұқара халықтың ауыр халіне күйініп айтылған өлең. Олай дейтін болсақ: “Өз қолыңнан кеткен соң, енді өз ырқың”, — деген қолжазбасындағы шындыққа жатады.

Енді осы пікірімізді дәлелдеп көрейік.

Абайдың бұл өлеңі 1868 жылғы реформадан кейінгі қазақ елінің басына туған ауыр халді сипаттайды. Реформа — еңбекші қазақ халқының тұрмыс-халін қиындата түсті. Алымсалық онан сайын молайып, патша әкімдері мен қазақ байларының ел билеу жөніндегі үстемдігі күшейе түсті.

Сөйтіп, бұл реформа қазақ халқын ұлттық және саяси жөнінен правосыздыққа айналдырған нағыз бюрократтық, әскери-отаршылдық сипаттағы реформа болды. Бұл реформа Қазақстанды патшалық Россияның нағыз отарына айналдырды.

Ендеше Абай жоғарыда сөз болып отырған өлеңінде халқының өз қолынан билігі кеткенін көріп отырып: “Өз қолыңнан кетпесе, енді өз ырқың”, — деуі ешбір ақылға симайды. Сонымен бірге, өз халқына қолыңнан билігің кетсе ғана түзелесің деп айтуы да ешбір шындыққа жанаспайды.

Қайта Абай өз қолыңнан ырқың (билігің) кетіп отырғанда, ел болар дей алмаймын. Халық билікті өз қолына алып, өз тағдырын өзі шешетін болғанда ғана мақсатқа қолы жетеді деген пікірді айтып отыр деп түсінуіміз керек.

Абай өлеңінің осы біз айтып отырған идеялық-мазмұны орысша аудармасында (аударған С. Липкин):

“Не надеюсь на исправленье твое,
Коль судьбу свою в руки народ не берет⁴,”

деп дұрыс берген дейміз.

Өлеңнің аяққы екі жолы кітапта:

“Ұғындырар кісіге кез келгенде,
Пыш-пыш демей қала ма о да астыртын”, —

десе, қолжазбада:

“Оған да ерер кісі кез келгенде,
Пыш-пыш демей қала ма о да астыртын”, —

деп жазылған. Бұл арада осы екі нұсқаны салыстырып қарағанда өлеңнің жалпы мазмұнына қайсысы болса да сиымды сияқты.

Бұл жөнінде әзірге үзілді-кесілді қорытынды жасау қиын. Бұдан былайғы Абай өлеңдерінің текстологиясын зерттеушілердің есінде болатын нәрсе.

“Адасқанның алды — жөн, арты — соқпақ”, — деген өлеңнің үшінші шумағының екінші жолы кітапта (25- бет):

“Қолында бір сабау бар ол дағы аппақ”, —

деп басылса, Оразке қолжазбасында:

“Қолында бір сабауы о дағы аппақ”, —

деп жазылған. Өлеңнің ең аяққы жолы кітапта:

“Сәлемдеспей алыстан ыржаң қақпақ”, —

деп басылса, қолжазбада:

“Сәлемдеспей жатып-ақ, ыржаң қақпақ”, —

деп жазылған.

“Бөтен елде бар болса” (50, 54-бет) өлеңінің кітапта отыз төртінші жолы:

“Аулаққа шығып бірінің” деп басылса, қолжазбада жолдың аяғындағы сөз “біріне” деп жазылған.

Кітапта отыз жетінші жол:

“Бірі қалмас қасында”, —

болса, қолжазбада:

“Біреу қалмас қасында.

Қырқыншы жол кітапта:

Жаттан (?) бетер жамандар”, —

болса, қолжазбада және 1954 жылғы жинақта:

“Жаудан бетер жамандар.

Елу екінші жол кітапта:

Арасымен өтер-ді”, —

болса, қолжазбада:

“Арасынан өтер-ді”.

болып берілген.

Осы өлеңнің елу алты, елу жеті және елу сегізінші жолдары кітапта:

“Ауыр жұмыс кез болса,
Араздығы сөз болса, (?)
Араз кісі болғансып,
Сылтау етер бекерді”, –

деп басылса, қолжазбамен салыстырғанда, біраз шалағайлық бар. Қолжазбада:

“Ауыр жұмыс кез болса,
Араз болған кісімсіп,
Сылтау етер бекерді”, –

деп жазылған. Кітаптағы: “Араздығы сөз болса” деген жол өлеңнің ішкі мазмұнымен жанаспай оқшау тұрған сияқты.

Алпыс сегізінші жолдағы: “ойрандай” деген сөз қате кеткен, дұрысы “ойрандап” болуы керек.

Жүз жиырма төртінші жол кітапта:

“Астыртын барып жолығысқан”, –

деп басылса, қолжазбада ақырғы сөз: “жолғасқан” деп жазылған. Бізше осы қолжазбадағы жазылу қалпы түпнұсқаға сай ма дейміз.

Жүз қырық екінші жол кітапта:

“Жалынбай тұрар к... жоқ”, –

деп берілсе, қолжазбада:

“Жалынбай жүрер...”, –

делінген.

Кітапта жүз қырық бесінші жол:

“Көп пысыққа молықты.

Жүз елу бірінші жол:

Кесепатқа жолықты”, –

деп басылса, қолжазбада:

“Көп пысыққа жолықты.

.....
Кесепатқа молықты”, –

деп жазылған.

Соңғы екі өлеңнің кітапта басылған нұсқасы мен Оразке қолжазбасындағы жазылу нұсқасындағы біраз айырмашылықтарды салыстырып қарағанда, өлеңнің жалпы идея-мазмұнына үлкен зиян келтіріп тұрған қайшылықтарды көре алмаймыз. Бірақ текстология мәселесі үшін бұндай салыстыру қажет деп білдік. Бұл салыстырудан қорытынды жасау — Абайды зерттеуші әдебиетшілермен ақылдасып шешетін мәселе.

* * *

Біз алғашқы келе жатқан бетімізден біраз шегініс жасаған едік. Енді 1954 жылғы Абай жинағының бірінші томындағы өлеңдерінің басылу ретімен текстология жөнінен байқалған кемшіліктердің жайын сөз етеміз.

Осы ретпен қарастырғанымызда ендігі тоқталатын өлеңіміз: “Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін” (88, 89-беттер).

Бұл өлеңнің бірінші шумағының алтыншы жолы кітапта:

“Көңілінің көзі ашық, сергегі (?) үшін”, —

деп басылған:

Біз бұл жолды, оның алдындағы жолмен қоса былайша жазып, былай оқыр едік:

“(Бұл сөзді тасыр ұқпас, талапты ұғар),
Көңілінің көзі ашық сергек үшін”.

Абай бұл арада өлеңді кімге арнап жазып отырғанын, яғни көңілінің көзі ашық, сергек жастарға арнағанын айттып отыр.

1909 жылғы жинақта да “сергек үшін” деп басылған (33-бет).

Өлеңнің төртінші шумағының соңғы жолы 1954 және 1945 жылғы жинақтарда:

“Бес-алты мисыз бәңгі күлсе мәз боп,
Қиналмай, қызыл тілім, кел, тілді ал, қой (!?)”, —

деп басылған. Біз бұл жолды былай оқысақ:

“Бес-алты мисыз бәңгі күлсе мәз боп,
Қинамай қызыл тілді, кел, тіл ал, қой”. (1909,33-бет.)

Абай жазған түпнұсқаны қалпына келтірген болар едік. Осылай оқудың дұрыстығын Абай өлеңінің тақырыбы, мазмұны ашып беріп тұр. Ақын бұл арада өзіне-өзі ақыл айтып отырған жоқ. Жас талапкерлерге ақыл беріп отыр. Осы төртінші шумақтың алдындағы үшінші шумақта Абай үш ақынның өлеңін қатты сынайды. Ал келесі шумақта: мағынасыз өлеңді мадақтап, “Бес-алты мисыз бәңгі күлсе мәз боп” сен оларға қызыл тіліңді қор етіп қинама, менің тілімді ал, ондай әдетті қой, — деп ақыл беріп отыр. Бұл пікірімізді өлеңінің:

“Өлеңі бар, өнерлі, інім сізге
Жалынамын, мұндай сөз айтпа бізге”, —

деп басталатын соңғы шумағының өзі дәлелдеп тұр.

Ал, 1909 жылғы жинақта да (33-бет, 2-қатар, төменнен жоғары 3-жол) біз айтқандай:

“Қинамай қызыл тілді, кел, тіл ал, қой”, —

деп басылған.

1954 жылғы жинаққа берген түсінікте (277-бет):

“Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін” өлеңінің тексті 1909 жылғы жинақ және Мүрсейіт қолжазбалары бойынша басылды”, — (астын сызған біз. — Қ.М.) дегеніне таң қаламын.

Осы өлеңнің үшінші шумағындағы үшінші жол, 1909 жылғы жинақта:

“Елде көрі жамандап өлім тілеп”, —

деп басылған болса, 1954 жылғы жинақта ешбір дәлелді негізге сүйенбестен:

“Көрілікті жамандап өлім тілеп”, —

деп “түзеп” басып, былай түсінік береді:

“Үшінші шумақтың үшінші жолы 1909 жылғы жинақта да, Мүрсейіт қолжазбасында да:

“Елде көрі жамандап, өлім тілеп”, —

деп берілген. Өлеңнің мағынасына қарап:

“Көрілікті жамандап, өлім тілеп”, —

деп түзетілді (1-том, 277-бет). Осы “түзеу” де, осы “түсінік” те ешкімді қанағаттандыра алмайды. Жауапсыз айтылған жай бір жадағай сөз сияқты.

Бұл өлең — Абайдың ақынға, ақындық өнерге көзқарасын, эстетикалық қағидасын айқын көрсететін өлеңдерінің бірі. Абай қазақ әдебиетінің ескішілдік, діншілдік сарыннан арылып, таза халықтық, демократтық бағыттағы нағыз ұлт әдебиеті болуы үшін күреседі.

Орыс әдебиетіндегі реализмді өз өлеңінде үлгі тұтып, революцияшыл демократтардың эстетикалық көзқарасын өзіне өнеге етеді.

Әдебиеттегі халық мүддесінен аулақ, реализмге жат идеяға Абай әрі қатал, әрі әділ сын айтып, маңайындағы ақындардың шалыс басқан жерін аяусыз әшкерелеп түзу бағыт беріп отырады.

Осы мәселені біз Абайдың “Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін” өлеңінен де көреміз.

Бұл өлеңнің үшінші шумағында:

“Сөз айттым “Әзірет Әлі айдаһарсыз”,
Мұнда жоқ “алтын иек сары ала қыз”.
Кәрілікті жамандап, өлім тілеп,
Болсын деген жерім жоқ жігіт арсыз”, —

деп сол кездегі діни сарында жазылған хиссаларға еліктеп, реализмге жат бағытта өлең шығарып жүрген үш ақынды қатты сынаған.

Оның бірі — Әзірет Әліні дәріптеп, хисса жазбақ болған Көкбай. Екіншісі — “Зияда” дейтін поэмасында Қорлы деген сұлу қыздың сипатын бермек болып:

“Енжу тік, нәзік белді, гауһар сүйек,
Сүмбіл шаш, лағыл мойын, алтын иек”, —

деп “алтын иек, сары ала қыз” етіп шығарған — Әріп ақын. Ал үшіншісі — адамның өміріне шек қойып, “пайғамбар жасында” өлуді дәріптеп:

“Алпыстан әрі бармаңыз,
Байқамай шал боп қалмаңыз”, —

деп өлең жазған Шәкәрім еді.

Осы жайды 1954 жылғы жинақта түсінік берушілердің Абай өлеңіне байланысты айтулары керек еді. Біз бұл еңбегімізде Абай жинақтарына берілген түсініктер мәселесіне тоқтауды мақсат етпейміз. Ал Абай шығармаларына осы күнге дейін беріліп келе жатқан түсініктер тарихи, әдеби, қай жағынан, болса да, нағыз ғылыми дәрежеде емес. Ол — алдағы істелетін істің бір саласы.

Өзіміз қарастырып отырған текстология мәселесіне оралайық.

1954 жылғы жинақтың тоқсаныншы бетіндегі “әуелде бір суық мұз — ақыл зерек” деп жеке басылған өлең мен тоқсан бірінші бетте жеке басылған “Ғашықтық құмарлықпен ол екі жол” деген өлең — 1909 жылғы жинақта бір-ақ өлең болып басылған. (4-бөлік. Ғашықтық туралы, 42-бет).

Ал 1945 жылғы т.б. жинақтарда өлеңнің 1909 жылғы жинақтағы қалпы сақталып, бір өлең күйінде басылған.

Кітаптың 92-бетінде басылған Абай өлеңі:

— Хор (?) болды жаным, — деп (“хор”) басылған. “Хор” деп жүргеніміз қазақтың таза тілінде “қор” (“қорлық”) деген сөз емес пе?

Ал осы сөз Абайдың басқа өлеңдерінде “қор” деп басылып жүр емес пе?

Мысалы, “Қор болып құрып (?) барасың”, “Қор қылма, қорға татулас”, “Қорлықпен өткен қу өмір”, “Шыдайды риза болып жар ісіне, қорлық пен мазағына табынса да”, т. т. “Қор болды жаным” деген өлеңіне келгенде 1945, 1954 жылғы жинақтарда “хор болды...” деп басылып жүр.

Кітаптың 94-бетіндегі: “Сен мені не етесің” деген өлеңнің екінші шумағының соңғы жолы:

— Өмір бойы қор өтесің (?), — деп басылып, оған түсінік берілген:

“Бірінші шумақтың он төртінші жолы 1909 жылғы жинақ бойынша:

“Өмір бойы қор өтесің (?)”, —

деп алынды.

Бұл жол Мүрсейіт қолжазбаларында:

“Өмір бойы қор өтесің (?)”, —

делінген (278-бет).

Бізше 1909 жылғы жинақта қате басылған Мүрсейіт қолжазбасындағы: “Қор өтесің” дегені дұрыс. Мұның дұрыстығын өлеңнің мазмұны шешіп тұр. Өлеңде шексіз сүйген жігіт көңіл аудармай кеткен ғашығына ынты зарын айтып отыр:

“Сен мені не етесің, мені тастап... өз бетіңмен кетесің” (бірінші шумақтан), “Сен үздің ғой желкемді... жолдас еттің бөтенді” (төртінші шумақтан), — дейді. Олай болса, қыз қор боп өте ме? Жоқ, сүйгеніне қолы жете алмай қалған жігітті қыз қор етіп кетіп отыр ма?

Бізше жігіт: “Мені өмір бойы қор етіп кеттің”, – деп отыр.

Олай болса:

“Өмір бойы, қор етесің”, –

деп жазылған Мүрсейіт қолжазбасы түпнұсқаны дұрыс берген дей аламыз.

Өлеңнің үшінші шумағының үшінші, төртінші жолдары:

“Жалын шалып, Ішіме”, –

деп басылып жүр. Сөздің мағынасына қарасақ “шалып” деген сөз орынсыз тұрған сияқты. Бізше “шалып” деген сөз баспада қате кеткен.

“Жалын салып, Ішіме”, –

деп оқысақ, өлең дұрыс мағына берер еді.

“Айттым сәлем, қаламқас” өлеңінің жетінші шумағының үшінші жолы 1954 жылғы жинақта:

“Тән шымырлап, бой еріп”, –

деп басылса, 1909 жылғы жинақта:

“Бой шымырлап, тән еріп”, –

деп басылған. Бізше 1909 жылғы кітапта өлең дұрыс басылған. Ал Абай өлеңдерін 1954 жылғы баспаға даярлаушы, түсінік беруші жолдастар ақын өлеңін неліктен бұлай “түзеткендігіне” түсінік те бермеген.

Кітаптың жүз бірінші бетіндегі “Білектей арқасында өрген бұрым” деген өлеңнің екінші шумағының бірінші жолы:

“Аласыз қара (!?) көзі айналайын”, –

деп басылған. Сол сияқты “Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы” өлеңінің (11-бет) екінші жолы да:

“Аласыз қара (!?) көзі нұр жайнайды”, –

деп берілген.

Бұл екі өлеңде де Абайдың асыл сөзі аяусыз бүлдіріліп, мағынасыздыққа айналған.

“Әттең дүние-ай, сөз таныр кісі болса”, бүлінгені бадырайып “көрнеу тұр-ау” деуге болады.

Абай сұлудың сипатын бергенде, оның қара көзін суреттеу үшін: “Аласыз аз”, яғни көзінің аласынан (ағынан) қарасы көп деп отыр.

Сондықтан бұл екі өлеңдегі екі жолы Абайдың өзі жаз-
ғандай оқысақ:

“Аласы аз кара көзі айнадайын,
.....
Аласы аз кара көзі нұр жайнайды”, –

дер едік. Осылай оқуымыз керек, осылайша түзеп, Абай
сөзін өз қалпына келтіруіміз керек.

“Аласыз” (ағы жоқ) адам баласында болмайтыны
әркімге аян.

“Онегиннің сипаты”, “Жасынан түсін билеп, сыр бер-
меген” (102-бет) өлеңнің 15-жолы 1954 жылғы жинақта:

“Қамыққансып қайғырып, орны келсе”, –

деп басылса, 1909 жылғы жинақта:

“Қамыққансыр қайғырып орны келсе”, –

деп дұрыс басылған (73-бет).

Жүз төртінші беттегі: “Татьянаның Онегинге жазған
хаты” (“Амал жоқ қайттым білдірмей...”), екінші шума-
ғының бірінші жолы:

“Талапсыз, бақсыз мен сорлы”, –

деп басылған. 1909 жылғы жинақта:

“Талайсыз, бақсыз мен сорлы”, –

деп дұрыс басылған (74-бет).

Өлеңнің үшінші шумағының үшінші жолы 1954 жылғы
жинақта:

“Шыдар ем күйіп мен жанып,
Айында бірер көрсем де”, –

деп басылған. 1909 жылғы баспасында:

“Шыдадым күйіп мен жанып”, –

деп берілген. Өлеңнің мазмұнына және негізгі текстіне
сайы осы 1909 жылғы кітапта дұрыс басылған. (74-бет).

Өлеңнің төртінші шумағының үшінші жолы:

“Шыдар ем бір ай жатуға (?)
Ұзақ түн жұмбай көзімді”, —

деп басылып, мынадай түсінік берілген:

“Мүрсейіт қолжазбасы мен 1909 жылғы жинақта:

“Шыдар ем бір ай жануға
Ұзақ түн жұмбай көзімді”, —

делінген. Жоғарғы:

“Әлімше мен де ұялып,
Білдірмен дедім өлсем де.
Шыдар ем күйіп мен жанып,
Айында бірер көрсем де”, —

деген жолдарға қарағанда “жануға” деудің қисыны бар. Ал кейінгі баспаларында:

“Шыдар ем бір ай жатуға,
Ұзақ түн жұмбай көзімді”, —

деп алынған. Мағынасы жағынан жатымдырақ болғандықтан, бұл жинақта осы варианты қабылданды (282-бет).

Түсінік берушілер бұл арада 1909 жылғы жинақты да Мүрсейіт қолжазбасын да тастай беріп, кейінгі баспаларда қалай басылса, ешбір негізсіз соған қосыла салған.

Бізше 1909 жылғы жинақ пен Мүрсейіт қолжазбасындағы:

“Шыдар ем бір ай жануға”, —

деп Абай сөзін дұрыс берген.

Абай бұл арада Онегинге ғашық болған Татьянаның ішкі-сезім сырын беріп отыр. Бір ай бойы ұзақ түн көз жұмбай, құр бақырайып жату емес, ғашық отына күйіп жанып қасірет шегуді, ынтызарлықты айтып отыр.

Сондықтан бұл өлең жолын:

“Шыдар ем бір ай жануға”, —

деп оқысақ ақынның айтқан ойы орнына келмек.

Өлеңнің сегізінші шумағының үшінші жолы 1954 жылғы жинақта:

“Әуелде тағдыр неден,
Қожам — сенсің, не керек”, —

деп берілсе, 1909 жылғы жинақта:

“Әзелде тағдыр иеден”, –

(74-бет) деп басылған. Абайдың өзіне тән сөз қолданысына ешкімнің де қол сұғып, түзеуге қақысы жоқ.

“Әзелде тәңірім сорлы етті,
Арсыз елмен әуре етті”, –

деп келмей ме Абай сөзі.

Өлеңнің он төртінші шумағының соңғы жолы кітапта:

“Әлде азғырып әуре еткен
Жаумысың теуіп таптаушы (!?)”, –

деп басылған. Бұл жолдағы “таптаушы” деген сөз оқшау, орынсыз тұр.

Бұл арада Татьяна Онегинге: “Сақтаушы иембісің”. Жоқ, әлде көңілімді қайтарып тастаймысың деген күдігін айтып отыр. Онегин оны “теуіп” тастауы, бойына үйір етпей, көңілін суытып кетуі мүмкін (солай етеді де ғой). Олай етсе, әрі бойына дарытпай теуіп, оның үстіне таптауы мүмкін емес. Сондықтан біз Абай “таптаушы” деп жазбаған:

“Жаумысың теуіп тастаушы”, –

деп жазған болар деп жорамал жасар едік.

Онегин Татьянаны теуіп жығып, табанына салып таптайтын оның жауы емес. Бұндай іс сүйіскен жандарға, махаббатқа лайық емес.

Олай болса, Онегин теуіп, таптаушы емес, Татьянаның көңілін суытып, “теуіп” тастап кетуші ғана болмақ өлеңнің соңғы шумағының ақырғы жолы 1909, 1954, 1945 жылғы жинақтарда:

“Кепілім менің – бір өзін,
Бөтен жан тесік (!?) таба алмас”, –

делініп басылған.

“Тесік таба алмас” деген мағына, көркемдік мәселесін былай қойғанда, одырайып одағай тұрған, Абай сөзін былғап тұрған “сөз”, соншама сұрықсыз сөз.

Пушкинде:

“Но мое порукой Ваша честь,
И смело ей себя вверяю...” –

делінген. Абай бұл жолдарды еркін аударғандықтан соңғы жолда өзінше кеткен.

Ал “тесік” деген сөзді Абай қолданбауы күмәнсыз деп білсек, оның орнында қандай сөз болмақ?

Бұл арада Абай Татьянаға мынадай ой айтқызып отыр: мен бір өзіңе ғана берілгенмін (Кепілім менің – бір өзің”), басқа жанға мен бұйырмаспын немесе “несіп болмаспын”.

Өлеңнің мазмұнына қарап осылай деген қорытынды жасасақ, бұл жолдарды былайша оқу керек деген жорамал жасар едік.

“Кепілім менің – бір өзің,
Бөтен жан несіп таба алмас”.

Сонымен бірге қолжазбада “несіп” деген сөздің араб әрпімен жазылуында мүлт қате кетуі мүмкін. Араб әрпімен “несіп” деген сөзді жазғанда байқаусыз бір нәтиже жазылып кетсе бастапқы “н” әрпі “т”-ға айналып кетеді де, “тесіп” деген сөз болып шығады. Ал баспа орнына барғанда “тесіп” деген сөздің соңғы “п” әрпін “к”-ға айналдырып, “тесік” деп басып жіберу де мүмкін нәрсе.

“Тәңірі қосқан жар едің сен” деген өлеңде де Абай “нәсіп” (нәсіп, нәсібе) деген сөзді қолданады. Осы өлеңнің алтыншы шумағында Татьяна сөзінде:

“Мен де сорлы нәсібімнен,
Жатқа тидім “алшы” деп”, –

дейді. Қалай болған күнде де “тесік” деген сөзді біз Абай өлеңіне кірген бөтен сөз деп танып, жоғарыдағы жасаған қорытындымызды қолдаймыз.

Бір жүз оныншы беттегі “Онегин сөзі” деген өлеңнің бесінші шумағының үшінші жолы:

“Қуантып, (?) қайғыменен суалтамын
Біреудің қызыл гүлін тұрған балқып”, –

деп басылған (1945 жылғы жинақта да осылай).

“Қуантып” деген сөз өлеңнің мазмұнынан көрінеу оқшау тұр. Бұл “қуантып” деген сөз Абай сөзі емес.

Біз бұл жолды:

“Қуартып, қайғыменен суалтамын
Біреудің қызыл гүлін тұрған балқып”, –

деп оқысақ, алғашқы Абай жазған нұсқа өз қалпына келер еді деп ойлаймыз.

“Онегиннің Татьянаға жазған хаты”, “Хүп білемін, сізге жақпас” (бір жүз он екінші бет) деген өлеңнің алтыншы шумағының екінші жолы:

“Тіл жете алмас ғүзіріме”, —

деп басылса, 1909 жылғы жинақта:

“Тіл жете алмай ғүзіріме”, —

(76-бет) деп басылған.

Он бесінші шумақтың бірінші жолы:

“Не болайын, тез болайын”, —

деп басылса, 1909 жылғы жинақта:

“Не боламын, тез болайын”, —

деп басылған.

Осы өлеңнің соңғы шумағының ақырғы екі жолы жайында 1954 жылғы жинақта:

“Ақырғы екі жол бұрынғы баспаларда қате басылып келді, мысалы, 1945 жылғы жинақта былайша берілді:

“Бір өзіңнен басқа бір дос
Таппасаң, ол, жүрме зар”.

1905 жылғы Мүрсейіт қолжазбасында осы екі жол:

“Бір өзіңнен басқа бір дос
Таппаған соң, жүрме зар”, —

деп оқылады. Бұл жинақта осы текст қабылданды”, — (288-бет) деп түсінік берген.

Не себептен тек қана 1945 жылғы жинақпен 1905 жылғы Мүрсейіт қолжазбасын ғана салыстырады? Мүрсейіт қолжазбасында қалай жазылса, соны қабылдай салуда қандай негіз бар? Абайдың 1909 жылғы жинағы неге еске алынбайды.

Ал өлең Абайдың 1909 жылғы жинағында:

“Бір өзінен басқа бір дос
Таппасаң, ол, жүрме зар”, —

деп дұрыс басылған.

Абай Онегин тағдырын өзінше шешетіні мәлім. Сондықтан Онегиннің соңғы хатының аяғын осылай бітіру, Абай өзі шығарған “Онегиннің өлердегі сөзі” деген өлеңнің:

“Атам, анам қара жер,
Сен аша бер қойныңды”, —

деген қорытындысымен ұштасып жатады.

Кітаптың жүз он бесінші бетіндегі Татьяна сөзі де Абайдың Пушкиннен еркін аудармасының үшінші шумағының соңғы екі жолы:

“Мен ғашыққа мас емес пе ем,
Кетсең еді ұзатып (?)”, —

деп басылған.

Бұл арада “ұзатып” деген сөз күдік туғызады. Бізше соңғы жолдың ақырғы сөзі “ұзатып” емес, “уатып” деген сөз болуы қисынды сияқты.

Татьяна Онегинге: “Мен ол кезде елжіреген жас едім, сен мені аяп, еппен айтып жұбатып кетуің керек еді. Мен ол кезде ғашыққа мас едім ғой, көңіл суытып қатты айтпай-ақ алдандырып, уатып кетуің жөн еді ғой”, — деген назын айтып отыр.

Келесі шумақта Онегиннің алдандырып, жұбатып, уатып кетпей, үмітін үздіріп кеткені Татьянаға қатты батқаны айтылады:

“...Өлмей тірі қалдым әрең,
Қатты батты тырнағың”, —

дейді Татьяна.

Татьяна “ұзатып кетсең еді” дегенді айтуы (уағда беріп ұзаққа созып алдап кету, не болмаса күйеуге ұзатып кету) мүмкін емес.

Бұл арада Татьяна Онегиннің жұмсақ сөзбен жұбатып айтып, көңілін сындырмай уатып кетпей, аямай қатты айтқанын наз етіп отыр. Оны мына жолдардан да көруге болады:

“Өз қораңның қақпасын сен
Қатты жаптың, не айтайын”, —

дейді.

Олай болса, біз әңгіме етіп отырған өлең жолын:

“Мен ғашыққа мас емес пе ем,
Кетсең еді уатып”, —

деп оқыр едік.

Өлеңнің бірінші шумағының үшінші жолы:

“Сорға біткен ғашығымсың (?),
Неге тым кеш сермедің”, —

“Ғашығымсың” деген сөз өлеңнің мазмұнына қайшы, шалғай түр (грамматикалық жөнінен де қате). Татьяна Онегинді қазіргі (осы шақтағы) ғашығым деп отырған жоқ. Жас күндегі (өткен шақ) жан сүйген ғашығым едің деп отыр. “Ғашығымсың” деген сөз өлеңнің ұйқасына да жанаспай, көркемдік жағынан да “бөтен сөз” болып тұр.

Біз өлең шумағын:

“Жаным ғашық асылым ең,
Жар бесігін бермедің.
Сорға біткен ғашығым ең,
Неге тым кеш сермедің”, —

деп оқысақ, Абай жазған түпнұсқаны дәл табамыз деп зор сеніммен айта аламыз.

“Бай сейілді” (125-бет) өлеңінің бесінші шумағының бастапқы екі жолы 1954 жылғы жинақта:

“Шашты малын,
Берді барын”, —

деп басылса, 1909 жылғы жинақта:

“Шашты барын,
Берді малын”, —

деп басылған. Осы өлең шумағының алтыншы жолы:

“Ұқсамас іші сыртына”, —

деп басылса, 1909 жылғы жинақта:

“Ұқсамас еш сыртына”, —

деп басылған. 1954 жылғы жинақтағы:

“Ел де жаман,
Ер де жаман,
Аңдығаны өз елі”, —

деп басталатын алтыншы шумақ өлең 1909 жылғы кітапта жоқ. Бұл шумақ Мүрсейіт қолжазбасы бойынша қолданды

делінген. Бұл өлең шумағының мағынасында да іштей қайшылық бар, толық ұғым бере алмай тұр және “Андығаны өз елі” деген өлең жолы төртінші шумақта:

“Қолына алып,
Пәле салып,
Андығаны өз елі”, –

деп қайталап тұр. Сондықтан бұл өлең шумағы әлі де зерттеу тілейді деп білеміз.

“Ем таба алмай” деген өлеңнің ақырғы шумағының екінші, үшінші жолдары 1954 жылғы жинақта:

“Мен паң едім,
Бейғам едім,
Ештемеден қайғысыз”, –

деп басылған. 1909 жылғы жинақта:

“Бикам едім,
Еш нәрседен қайғысыз”, –

деп басылған.

“Келдік талай жерге енді” (129-бет) өлеңінің отыз жетінші жолы 1954 жылғы жинақта:

“Тұла (?) бойын желік жеңген-ді”, –

деп басылса, 1909 жылғы жинақта:

“Тұл бойын желік жеңген-ді”, –

деп өлеңнің ең соңғы жолының алдындағы бір жолы 1954 жылғы жинақта:

“Не ойлар ең, өз басың”, –

деп басылса, 1909 жылғы жинақта:

“Не ойлар едің, өз басың”, –

(36-бет) деп Абай сөзі өлең құрылысының көркемдік түріне сай 1909 жылғы кітапта дұрыс берілген.

Жүз отыз төртінші беттегі “Жазғытұры” өлең тоғызыншы шумағының төртінші жолындағы:

“Адамзаттың көңілі өсіп көтерілер”, —

деп басылған жолды:

“Адамзат көңілі өсіп көтерілер”, —

деп оқысақ:

“Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,
Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы”, —

деп, Абайдың өлеңге қойған шартына дәл келер еді. Он бірінші шумақтың соңғы жолы 1954 жылғы жинақта:

“Өңі қашып, бола алмас бұрынғыдай”, —

деп басылса, 1909 жылғы жинақта:

“Өңі қашар, бола алмас бұрынғыдай”, —

деп дұрыс басылған.

Осы өлеңнің он төртінші шумағындағы “беріп” деген сөз екі рет қайталап келіп тұр. Абай бір шумақ өлеңде бір сөзді ұйқас үшін екі рет орынсыз қайталамайтыны даусыз. Бұл арада “беріп” деген бастапқы жолда өлеңнің мазмұнына сай келсе, соңғы жолда олай емес. Соңғы жолдағы “өзіне” деген сөз де адасып келген сөз бе дейміз.

“Ай, жұлдызға жылы жел хабар беріп,
Жан-жануар қуанар тойға еліріп,
Азалы ақ көрпесін сілке тастап,
Жер күлімдер, өзіне шырай беріп”(?).

Соңғы жолдағы “беріп” деген сөз өлеңде екі рет қайталанумен қатар, өлеңнің мағынасына нұқсан келтіріп тұр. Бұл жолдағы “өзіне” деген сөз де орынсыз тұр.

Өлеңнің тақырыбы — “жазғытұры”. Абай көктемдегі табиғаттың бейнесін адам бейнесіне балап (метафораның бір түрі персонификациямен) беріп отыр. “Күн — күйеу, жер — қалыңдық” болса, күйеу (күн) келген соң, қалыңдық (жер) “азалы ақ көрпесін сілке тастап”, өңіне шырай еніп күлімдеді, — деген түсінікке келсек (Абай өлеңінде өзі де осылай), онда өлеңнің он төртінші шумағының соңғы жолы:

“Азалы ақ көрпесін сілке тастап,
Жер күлімдер өңіне шырай еніп”, —

деп оқып, Абайда осылай жазылған деген жорамал айтамыз.

“Заман ақыр жастары” (143-бет) өлеңінің екінші шумағының аяққы жолы:

“Еңбекпен етгі ауыртпай,
Құр тілменен жиғалы (?)”, –

деп басылып, оған мынадай түсінік берілген:

“Екінші шумақтың төртінші жолы Мүрсейіт қолжазбалары бойынша:

“Құр тілменен жиғалы”, –

деп берілді. Бұл жол 1909 жылғы баспада:

“Құр тілменен жиғаны”, –

деп басылған” (295, 296-беттер).

Түсінік берушілердің Мүрсейіт қолжазбасындағы айта-тын ойды аяқтатпай, тиянақтамай екі ұшты болып тұрған, жаңылыс жазылған “жиғалы” деген сөзге неге қызыққанына таңымыз бар.

Абай бұл арада малды еңбекпен таппай, құр тілмен жиғандарды сөгіп отыр (енді жиғалы жүргендер емес).

Мүрсейіт қолжазбасындағы “жиғалы” деген сөз өлеңнің мазмұн, мағынасына қайшы келіп жатыр.

“Құр тілменен жиғаны”, –

деп 1909 жылғы және 1945 жылғы жинақтарда Абай сөзін дұрыс берген.

Осы өлеңнің ақырғы шумағының үшінші жолы:

“Кекектеп, (?) секек етем деп,
Шошқа туар сөздері”, –

делініп басылған. Бізше бұл жолды:

“Кекек те секек етем деп,
Шошқа туар сөздері”, –

деп оқысақ, Абай сөзі алғашқы дұрыс қалпына келер еді деп ойлаймыз.

1909 жылғы жинақтың 1-бөлік, халық туралы деген өлең тобында 19-өлең болып жиырма үшінші, жиырма төртінші беттерінде “Заман ақыр жастары” деген өлеңмен бірге тұтас бір өлең болып, қазіргі жеке өлең болып басылып жүрген, “Қайғы шығар ілімнен” өлеңі берілген.

Бұл жөнінде 1954 жылғы жинақта ешбір түсінік берілмейді. Бұл да Абай өлеңдерінің қолжазбаларына, басқа жинақтарды салыстыра отырып зерттеп, түсінік беруді қажет етеді.

“Көзімнің қарасы” (150-бет) өлеңінің сегізінші шумағының үшінші жолы:

“Аузың бар (?) қызыл гүл”, –

деп басылған. Бізше бұрынғы баспаларда, соның ішінде 1945 жылғы жинақтағы:

“Аузың бал қызыл гүл”, –

деп басылуы дұрыс. Бұл арада ауыздың бар екенін баяндаудың жөні жоқ. Махаббат лирикасына тән сұлудың аузының ләззәттілігін айтып отыр.

Өлеңнің үшінші шумағының төртінші жолына былайша “түсінік” берген:

Үшінші шумақтың төртінші жолы Мүрсейіт қолжазбасы бойынша:

“Қалқаға (?) сөз дайын”, –

деп жіберілді. (Себебі не? – Қ. М.) Бұл жол 1909 жылғы жинақта:

“Қалқама сөз дайын”, –

делінген.

Ең дұрысы, “қалқаға” емес, 1909 жылғы, 1939 жылғы және 1945 жылғы жинақтағы:

“Қалқама, сөз дайын”, –

деп басылғаны.

“Қалқам” деу жақсы көрген жанды өзіне жан тартып, шын сүйгенде айтылатын жылы сөз болса, Абай жігіттің сүйген жарына (қалқасына) жолдаған махаббат сәлемін сол жан тартатын жылы сөзбен беріп отыр.

Осы өлеңнің оныншы шумағының өзінде де:

“Қалқамның нұсқасын
Қор, көзім, бір кенел”, –

демей ме.

Абай өзінің сүйікті ұлы Әбішке жазған хатында:

“Мен сәлем жазамын,
Қарағым, қалқам”, –

дейді.

Өлеңнің он төртінші шумағының бастапқы екі жолы бұрынғы баспада:

“Қаяусыз қалпыңнан,
Өз артық даңқыңнан,
Қызыл тіл шыға алмас,
Мақтаудың шартынан”, –

деп дұрыс басылып жүрген Абай сөзін 1954 жылғы жинақта:

“Қаяусыз қалпынан (?)
Өзі артық, даңқынан”, (?)

деп “түзеген”.

Он жетінші шумақтың бірінші жолы бұрынғы баспада:

“Біздерде ғашық көп”, –

деп дұрыс басылып келсе, 1954 жылғы жинақта:

“Біздердей ғашық көп”, –

деп “түзеген”, яғни сөзді мағынасыздыққа айналдырып, бұзған.

Бұл айтылғандардың бәрін Абай өлеңіне “түсінік” беруші жолдастар түсінбей “түзеген” дейік.

Ал Абай өлеңін кесіп-пішіп қысқартып, бірнеше шумағын алып тастауды не дейміз?

Жоғарыдағы айтылған “Көзімнің қарасы” атты Абай өлеңі 1909 жылғы жинақтан соңғы баспаларында жиырма екі шумақ болса, 1954 жылғы баспасында он тоғыз шумағы ғана қалдырылған:

“Сан кісі мұнайсын,
Сабырмен шыдайсың.
Күйемін, жанамын,
Еш рахым қылмайсың”, –

деген шумақтан кейін келетін:

“Ақылсыз би болмас,
Сөулесіз үй болмас.
Жүректе оты жоқ,
Адамда ми болмас.

Шын ғашық, сый болмас,
Сый болса сыр болмас.
Арызымды айтайын,
Күй болар, күй болмас”, –

дейтін екі ауыз өлеңді мүлдем “жарамсыз” етіп алып тастаған.

“Қаяусыз қалпынан,
Өзі артық даңқынан”,

деп басталатын шумақтың соңынан келетін:

“Сенсің – жан ләззәті,
Сенсің – тән шәрбәті,
Артықша жаратқан –
Алланың рахматы”, –

деген шумақтың бастапқы екі жолын ғана қалдырып, соңғы екі жолын алып тастаған.

Ал осы шумақтың соңынан келетін:

“Көрік – тәңірі дәулеті,
Қылса ұнар құрметі.
Сұлуды сүйеметік,
Пайғамбар сүндеті”, –

деген шумақтың бастапқы екі жолын тағы алып тастаған.

Сөйтіп, Абайдың екі ауыз өлеңіне ампутация жасалғаннан соң, біреуінің бастапқы екі жолы, екіншісінің соңғы екі жолы ғана қалған.

Енді аман қалған екі жартыдан бүтін шығарған. Сөйтіп Абай өлеңінің өңі айналып:

“Сенсің – жан ләззәті,
Сенсің – тән шәрбәті.
Сұлуды сүйеметік, –
Пайғамбар сүндеті”, –

деп басылған.

Абайдың әдеби мұрасына мұндай жауапсыз қараудың реті жоқ сияқты.

Абайдың алғашқы шыққан 1909 жылғы өлеңдер жинағына ақынның көп шығармалары кірмей қалғаны белгілі.

Абай мұрасын кейінгі жылдарда ғылыми тұрғыдан зерттеп, жинау нәтижесінде 1933 жылдан бері Абайдың толық жинағы жарыққа шыға бастады.

Одан соңғы жылдарда Абай шығармаларының әрбір жинағы ақынның кейіннен табылып, зерттеліп танылған өлеңдерімен толықтырылып отырды.

1939 жылғы Абай жинағын баспаға даярлаған редколлегия:

“Кейбір өлеңдердің ортасынан да бірнеше шумақтар, жолдар қалып отырған. Және Абайдың бұрынғы шығармалар жинағына кірмей келген біраз өлеңдері де табылды. (“Өкінішті көп өмір кеткен өтіп”, “Жастықтың оты қайдасың”, “Күнді уақыт итеріп”, “Абдрахман өліміне” туралы, аудармаларынан: “Онегиннің хаты”, “Қарға мен түлкі” деген жеке өлеңдер тағы басқалар — небәрі 600 жолдан аса өлеңдер қосылды)”, — дейді (1939 ж. жинақ, 1-том, 5-бет).

Сол сияқты 1945 жылғы жинаққа да одан бұрынғы жинақтарға кірмей қалған, кейіннен табылған Абай өлеңдері қосылып, ақынның шығармалары толығы түсті.

Бұл жинақтардың бәрі де Абайды зерттеуші оқымысты ғалымдардың, жазушы, әдебиетшілердің (М. Әуезов, С. Мұқанов, Ф. Мұстафин, С. Аманжолов, Н. Сауранбаев, Е. Исмаилов, т. б.) қолдарынан өткен болатын.

Сол ретпен зерттеліп, толықтырылып басылған Абай өлеңдерінің ішінен, 1954 жылғы жинақты даярлаушылардың “Көзімнің қарасы” атты, елге әйгілі Абай өлеңінің ерекше күдікті болып көздеріне түсіп, жиырма жылдан артық уақыт Абай жинағында жүрген, анық Абай өлеңі деп танылған үш шумақ өлеңнің кітаптан шығарылып тасталуы ерекше өрескел көрініп тұр.

Әлі де тереңірек зерттеу керек болатын, толық түсінік беруді тілейтін кейбір өлеңдер жайын әңгіме етеміз. Ал, бүкіл халыққа мәлім, әнімен айтылып жүрген, түк күдігі жоқ “Көзімнің қарасы” сияқты өлеңді ешбір негізсіз кесіп-пішудің реті жоқ деп білеміз.

Кітаптың 163-бетіндегі “Сұрғылт тұман дым бүркіп”, - деген өлеңнің (Мүрсейіт қолжазбасынан алынған) екінші шумағы:

“Атаңды анаң азғырып,
Тұрғызбаған бейішке.

Алласы оны жазғырып,
Әкелді бастап кейіске (?)”, —

деп басылған. Біз бұл шумақты өлеңнің мағына-мазмұнына сүйеніп және Абай өлеңдерінің құрылыс түрін, ақынның сөз қолдану жолдарын ескере отырып, Абай жазған қалпына келтіруді мақсат етеміз. Ол үшін дәлел келтірейік.

Бұл өлеңдегі “бейіш” (жұмақ) деген сөзді қазақта “бейіш” деп те, “бейіс” деп те айта береді. Бірақ Абай осы сөздің қай түрін қолданған. Оны ашып алудың Абай өлеңі үшін ерекше маңызы бар.

Біз Абай “бейіс” түрін қолданды десек, онда Абай өлеңінің ұйқасы да мүлтіксіз болып шығады. Жоғарыда айтылған қаусырма ұйқасты бір шумақ өлеңнің екінші жолының аяғы “бейіске” (бейішке емес) болып бітсе, төртінші жолдың аяғы өзі де “кейіске” болып бітіп тұр. Осылай болғанда Абай өлеңінің көркемдік түрі мүлтіксіз болып шығады.

Шынында да Абай “бейіс” деген сөзді қолданған.

1954 жылғы Абай жинағының I томының 204-бетіндегі өлеңінің басқы екі жолын оқып көрейік:

“Арғы атасы қажы еді,
Бейістен татқан шәрбәтті”.

(Кітапта осылай басылған. Бұл өлеңге кейінірек тоқтаймыз. — Қ. М)

Енді өлеңнің төртінші жолына келейік. Бұл жол кітапта:

“Әкелді бастап кейіске (?)”, —

деп басылған. Бізше бұл жол дұрыс ұғым бермей тұр.

Діни наным бойынша әуелде Адам ата мен Хауана бейісте болады да Хауа ана Адам атаны азғырып бұрыс жолға салады. Осыған қаңары келген “алла” оларды жазғырып “фәни” дүниеге (“опасыз дүние”) “кейіс” дүниесіне әкеліп тастайды-мыс. Өлеңнің біз әңгіме етіп отырған шумағы осы айтылған діни аңыздың негізіне сәйкес.

Олай болса Адам ата мен Хауа ананы жазғырған “алла” оларды, кітапта басылғандай, кейіске бастап әкелмейді, жазалап әкеп тастайды.

Осы жоғарыда келтірілген дәлелдерге сүйеніп, өлең шумағын:

“Атаңды анаң азғырып,
Тұрғызбаған бейіске.

Алласы оны жазғырып,
Тастаған әкеп кейіске”, —

деп оқысақ, Абай жазған нұсқаға сәйкес болады дер едік.

Жүз алпыс бесінші беттегі “Бойы бұлған” деп басталатын өлеңнің екінші шумағының үшінші жолы 1954 жылғы жинақта:

“Бір міні жоқ бендесіп”,

деп басылса, 1909 жылғы жинақта:

“Еш міні жоқ бендесіп”, —

деп басылған. Бізше дұрысы да осы соңғысы болады. Өлеңнің алтыншы шумағының алтыншы жолындағы “аспақ” деген сөз өлеңнің мағынасына қарағанда, сөздің орынсыз тұрғанына қарағанда Абай жазған сөз емес екені көрініп тұр.

Кітапта:

“Байы — баспақ,
Биі — саспақ,
Әулекі аспақ (?) сыпыра қу”, —

деп басылған. “Әулекі” деген сөздің соңынан келіп тұрған “аспақ” деген ешбір мағына бермейді. Біз бұл сөздің орнына “асқақ” (асқақтау) деген сөзді қолдансақ, әулекі адамның асқақ болатынын баса көрсетіп тұрғаны ұғымды, нанымды болар еді де, өлең Абай жазған түпнұсқасын тапқан болар еді. Біз онда өлеңді былай оқыр едік:

“Байы — баспақ,
Биі — саспақ,
Әулекі асқақ сыпыра қу”.

Біз Абай сөзінің осындай бұрмаланып тұрғанына нақтылы көзіміз жеткен жерде, бұрынғы соңғы жинақтарда қате басылып келгенін әңгіме етпейміз.

“Жақсылық ұзақ тұрмайды” (167, 168-бет) деген өлеңнің екінші шумағының аяғына кейіннен қосылған:

“Жер қорығыш желгек шал,
Желіп жүріп боздайды”, —

деген екі жол өлең 1909 жылғы жинақта жоқ. Өлеңнің бас-

қа шумақтарының бәрі де төрт жолды болып келеді. Кейіннен қосылған осы екі жол өлең екінші шумақты алты жол етіп тұр. Және осы екі жолдың өлең мазмұнына тікелей қатынасы да жоқ сияқты. Бұл екі жол өлеңді де тереңірек зерттеп, толық түсінік беру керек.

Өлеңнің үшінші шумағының үшінші жолы:

“Үрпиген жүрек басымай
Талапты көңіл елермес”, –

деп басылған. Жүректі үрпиген деу көңілге қонымсыз тұрған сөз. Бұл қалайда қате басылған сөз бола ма дейміз. Мүмкін “өрбіген” деген сөз бе екен? Кесіп айту қиын. Басқа қолжазбаларды қарап, зерттеу тілейтін сөз.

“Қараңғы түнде тау қалғып” (172-бет) өлеңнің екінші шумағының бастапқы екі жолы:

“Шаң шығармас жол дағы
Сілкіне алмас жапырақ”, –

деп басылған.

Ал 1909 жылғы жинақта:

“Шаңдай алмас жол дағы,
Сыбдырламас жапырақ”, –

(78-бет) деп басылған.

“Не пылит дорога,
Не дрожат листы”, –

деген жолдардың аудармасы 1909 жылғы кітапта осылай берілген.

“Өзіңе сенбе, жас ойшыл” (173-бет) өлеңнің жетінші шумағы 1954 жылғы жинақта:

“Біліп оған не керек,
Ішіңнен қайғы жемесең,
Жалтаңдаған жас жүрек
Байғұс-ай десін демесең”, –

деп басылған. Бізше 1909 жылғы жинақта өлең түпнұсқасына сәйкес дұрыс басылған.

“Біліп оған не керек,
Ішіңнен қайғы жеймісің,
Жалтаңдаған жас жүрек
Байғұс-ай десін деймісің”.

(79-бет). “Антпен тарқайды” (176-бет) өлеңінің екінші шумағының үшінші жолы:

“Кім антын шайкайды
Амал жоқ жемеске”, –

деп басылса, 1909 жылғы жинақта:

“Кім анттан шалқайды”, –

(25-бет) деп басылған.

Төртінші шумақтың үшінші жолы 1909 жылғы кітапта:

“Жортағы мал жайлы”, –

деп басылса, 1954 жылғы жинақта:

“Жұрт тағы мал жайды”, –

деп басылған. Өлеңнің тағы бір екі шумағындағы өлең жолдары 1909 жылғы баспа бойынша берілмей, Мүрсейіт қолжазбасы бойынша берілген.

Жалпы осы өлеңде мазмұн, мағына жағынан екі ұшты, күңгірт тұрған өлең жолдары молырақ кездеседі. Бұл өлеңді тереңірек зерттеп, түпнұсқасын қалпына келтіру қажет.

“Жас өспірім замандас қапа қылды” деген өлеңінің (180-бет) екінші шумағының үшінші жолы:

“Арын сатып, ант ұрып іздегені”, –

деп басылған. 1909 жылғы жинақта:

“Антын сатып, ант ұрып іздегені”, –

деп берілген. Бұл жөнінде 1954 жылғы жинақта ешбір түсінік берілмеген.

“Қайтсе жеңіл болады жұрт билемек” (184-бет)
Ішің берік боп, нәпсіге тию салып”, –

деп басылған. 1909 жылғы жинақта:

“Ішің берік боп, нәпсіге толысып”, –

(25-бет) деп өлең мазмұнына сай дұрыс басылған.

Төртінші шумақтың бастапқы екі жолы:

“Кісімі қайда жүрсең олжаға тоқ,
Шұқыма (?) халық көзінше қарғаша боқ”, –

деп бұрмаланып басылса, 1909 жылғы жинақта:

“Кісімісi қайда болса олжаға тоқ,
Шоқыма халық көзінше қарғаша боқ”, —

деп дұрыс басылған.

“Талай сөз бұдан бұрын көп айтқанмын” деген өлең 1909 жылғы жинақта 1896 жылы жазылған деп басылса, 1954 жылғы жинақта — 1895 жыл делінген.

Кітаптың 197-бетіндегі “Аш қарын жұбана ма майлы ас жемей” деген өлеңнің тоғызыншы шумағының соңғы жолы:

“Бұрандап жылы жүзін асқа сатқан,
Антұрғанға қосылмай кетсін қаңғып”, —

деп басылған. Өлең бұл жолы жайында 311-бетте былайша түсінік берілген:

“Тоғызыншы шумақтың төртінші жолы 1909 жылғы жинақ бойынша:

“Антұрғанға қосылмай кетсін қаңғып”, —

деп қалдырылады. Бұл жол Мүрсейіт қолжазбаларында:

“Кезегенге қосылма, кел, кет қаңғып”, —

деп көрсетілген”.

Бізше осы өлең шумағының мазмұнына қарағанда 1909 жылғы, 1954 жылғы жинақтардағысы дұрыс емес, Мүрсейіт қолжазбасындағысы дұрыс (1945 жылғы жинақта да Мүрсейіт қолжазбасы бойынша басқан).

Өлең шумағын біз былай оқыр едік:

“Мінер атын, киімін ып-ықшам қып,
Сымбаттанып, сымпиып, тамақ аңдып,
Бұрандап жылы жүзін асқа сатқан
Кезегенге қосылма, кел, кет қаңғып”.

Жай сөзбен айтқанда: жылы жүзін асқа сатқан антұрғанға қосылғанша, қаңғып кеткеннің өзі жақсы деген ой айтылып отырғаны өлеңнің мағынасынан айқын көрініп тұр.

Сонымен бірге, 1954 жылғы басылғандай:

“Антұрғанға қосылмай, кетсін қаңғып”, —

деп оқысақ, Абай өлеңінің көркемдік құнын да төмендет-

кен болар едік. Себебі, “антұрғанға қосылма” деген сөздер келесі, оныншы, шумақтың ақырғы жолында тағы да айтылады:

“Өз үйінен жиреніп, қашып жүрген,
Антұрғанға қосылма қапылыста”.

Ондай болса тоғызыншы шумақтың төртінші жолын жоғарыда айтқанымыздай:

“Кезегенге қосылма, кел, кет қаңғып”, —

деп түзесек, Абай өлеңі өз қалпына келетіні даусыз деп сенеміз.

“Балалық өлді білдің бе” (199-бет) деген өлеңнің бесінші жолы 1909 жылғы жинақта:

“Кім біледі байғұстар”,

(27-бет) деп басылса, 1954 жылғы жинақта Мүрсейіт қолжазбасына сүйеніп:

“Кім біледі, сен көпір”, —

деп басқан. Ол жөнінде дәлелді түсінік жоқ.

Өлеңнің тоғызыншы жолы 1909 жылғы жинақта:

“Боталы түйе сияқты”, —

деп басылса, 1954 жылғы жинақта “сияқтының” орнына секілді деген.

“Рахат, мені тастап қоймадың тыныш” деген Лермонтовтан аударылған өлеңнің (203-бет) бірінші шумағының үшінші жолы:

Жастық құмар үміттің нұры қайтып, —

деп басылған. 1909 жылғы жинақта:

Жастық қуат үміттің нұры қайтып, —

(80-бет) деп түпнұсқаға сай дұрыс басылған.

Үшінші шумақтың үшінші жолы 1909 жылғы кітапта:

“Өзі алданып кісіден сокқы жеген”, —

деп басылса, 1954 жылғы жинақта:

“Өзі алданып өзгеден соққы жеген”, —

делінген.

Екі жүз төртінші беттегі “Арғы атасы қажы еді” деген өлеңнің екінші жолындағы “татқан” сөз көрнеу қате басылып тұр:

“Арғы атасы қажы еді,
Бейістен татқан (?) шәрбетті”.

Бұл арада “Бейістен татқан” деп кесіп айтудың ешбір реті жоқ екені кімге болса да, мәлім нәрсе.

Біз өлеңнің бұл жолдарын:

“Арғы атасы қажы еді,
Бейістен татқай шәрбетті”, —

деп оқысақ, түпнұсқаны қалпына келтіреміз. Ақын “Бейістен шәрбәт татқан” (татса екен, яғни жұмақта болса екен) деген тілек білдіріп отырғаны түсінікті нәрсе.

Абдрахман өлгенде оның келіншегі Мағышқа (Мағрифаға) жоқтау ретінде Абай шығарып берген деп жарияланып жүрген өлең (“Айналайын құдай-ау...”) өзінің мағына, мазмұн жағынан болсын, көркемдік түрі жағынан болсын Абай стиліне келіңкіремей жатыр.

Абдрахманның науқасы үстінде де, Абдрахман қайтыс болған соң да, Абай төңірегіндегі ақындар (Ақылбай, Мағауия, Кәкітай, т.б.) көптеген өлең, жыр, жоқтау, жұбаттар жазғаны мәлім. Мағышқа жоқтау шығарып беруші сол ақындардың бірі болуы да мүмкін нәрсе. Сондықтан бұл өлең әлі де зерттеуді керек етеді.

Абай шығармалары жинағының бірінші томында (1954 ж.) басылған өлеңдеріндегі текстология жөніндегі байқалған кемшіліктерді әзірше осымен аяқтап, енді осы томда жарияланған Абай поэмаларына тоқтайық.

Абайдың 1909 жылғы жинағына ақынның екі поэмасы кірген.

Жинақтың 17-бөлігі “Әңгіме Масғұт” шығармасымен (98-беттен 100-бетке дейін) ашылып, одан соң екінші “Ескендір әңгімесі” (100-беттен 103-бетке дейін) келеді.

Бұл әңгімелердің жазылған жылдары көрсетілмеген.

1954 жылғы жинақта ақынның бұл шығармалары тек “Ескендір”, “Масғұт” деп аталып, ең алдымен “Ескендір” одан соң, “Масғұт” басылған (1 том, 223, 234-беттер). “Ескендір”, “Масғұт” поэмаларының тексті 1909 жылғы жинақ және Мүрсейіт қолжазбалары бойынша берілді делінген (315, 317-беттер).

Біз енді сол 1954 жылғы басылу ретімен осы шығармалардың текстология мәселесіне тоқталайық.

“Ескендір” поэмасындағы үшінші өлең шумағының екінші жолы:

“Жақын жерге жау болып тура аттанды”, —

деп басылса, 1909 жылғы жинақта:

“Жақын жерге жау болды тура аттанды”, —

деп басылған.

Төртінші шумақ:

“Жазасыз жақын елдің бәрін шапты,
Дарияның суындай қандар ақты.
Шапқан елдің бәрін де бодан қылып,
Өкімдікпен қолына тартып апты”, —

деп басылса, 1909 жылғы жинақта:

“Жазасыз жақын жердің бәрін шапты,
Дарияның суындай қандары ақты.
Шапқан елдің бәрін де бодан қылып,
Өкіметін қолына тартып апты”, —

деп басылған. Осы 1909 жылғы басылуы өлеңнің көркемдік, мазмұнына сай дұрыс берілген.

1954 жылғы баспадағы бірінші жолда “елдің” деген сөздің орынсыз тұрғанын өлеңнің үшінші жолынан көруге болады. Онда: “шапқан елдің ...”, — деп “елдің” деген сөз бір шумақта екінші қайталап тұр. Сондықтан 1909 жылғы баспадағы бірінші жолдағы “жердің” деген сөз нағыз Абай сөзі.

1954 жылғы баспадағы төртінші жолдың :

“Өкімдікпен қолына тартып апты”, —

деп басылуы өлеңді мағынасыздыққа айналдырып тұр.

Өкімдікпен нені тартып апты? деген сұраққа жауап таба алмаймыз.

Ал, 1909 жылғы жинақта:

“Шапқан елдің бәрін де бодан қылып,
Өкіметін қолына тартып апты”, —

деп елді бағындырып, өкіметті өз қолына (“Ескендір”) тартып алғанын айқын көрсетіп тұр.

Сегізінші шумақтың соңғы жолы:

“Жан шықпады алдынан тоқтауы жоқ,
Жердің жүзін жеке билеп алмақшының”, –

деп басылған. Өлеңнің соңғы жолында бір буын артық кетіп, өлең енді қара сөзге қарай кетіп тұр.

“Өлеңнің бұл жолы 1909 жылғы жинақта:
Жер жүзін жеке билеп алмақшының”, –

деп дұрыс басылған.

Он алтыншы шумақтың екінші жолы 1954 жылғы жинақта:

“Жарлық шашты, қол жүрді суды өрлей,
Шаһзада барлығына дамыл бермей (?)”.

деп басылған. Бұлай оқылғанда Шаһзада (“Ескендір”) өзінің қолына дамыл бермеді деген ұғым туады. Дұрысында олай емес. Өлеңнің алдыңғы жолында Ескендірдің жарлық шашып, қолдың суды өрлеп жүріп кеткені айтылып отыр. Екінші жолы 1909 жылғы жинақта:

“Шаһзадаға бармаққа дамыл көрмей”, –

(101- бет) деп дұрыс басылған.

Он тоғызыншы шумақтың соңғы жолы:

“Дел-сал болып бәрі де қайта шықты,
Алысып әл келмесін байқаған ғой”, –

деп басылса. 1909 жылы жылғы жинақта:

“Бәрі де ала алмасты байқаған ғой”, –

деп басылған. Бұл арада қамалдың қақпасын ала алмасын (аша алмасын) бәрі де байқады дейді.

Ал 1954 жылғы баспа бойынша алысып әл келмесін байқады деген ұғым туады. Бұл дұрыс емес. Себебі, Ескендірдің қолы ешбір әскермен алысып, айқаспайды.

Сондықтан 1909 жылғы жинақта өлеңнің мазмұны дұрыс берілген.

Бірақ осы екі жолда “бәрі де” деген сөз екі рет қайталанып тұр. Осы жайды зерттеу керек болады.

Жиырма алтыншы шумақтың екінші жолы:

“Орамалды қуанып, қолына алды,
Сый алдым деп халқына қайта барды(?)”, –

деп басылса, 1909 жылғы кітапта:

“Орамалды қуанып, қолына алды,
Сый алдым деп халқына қайта салды”, –

(102-бет) деп дұрыс басқан.

Жиырма тоғызыншы шумақтың үшінші жолы:

“Таразыны әкел де, сүйекті сал”, –

деп басылса, 1909 жылғы кітапта түп нұсқаға сай:

“Таразыны апкел де, сүйекті сал”, –

деп басылған.

Отыз бесінші шумақтың төртінші жолы:

“Өлсе тояр көзіне құм құйылғанда”, –

деп басылып, өлеңнің ырғағы шалыс басып, ақсап тұр.
1909 жылғы жинақта:

“Өлсе тояр көзіне құм құйғанда”, –

деп дұрыс басылған.

Поэманың ең соңғы қырық екінші шумағы:

“Ақылсыз өзін мақтап былжырайды,
Бойыңа өлшеп сөйлесең (?) нең құрайды.
Жақсы болсаң (?) жарықты кім көрмейді,
Өз бағанды өзіңнен кім сұрайды”, –

деп басылып, өлеңнің мағынасына нұқсан келіп, бұрмаланып тұр.

Бұл шумақ 1909 жылғы жинақта:

“Ақылсыз өзін мақтап былжырайды,
Бойыңа өлшеп айтсаң нең құрайды.
Жақсы болса жарықты кім көрмейді,
Өз бағанды өзіңнен кім сұрайды”, –

деп Абай сөзі, өзінің орнын, мағына, мазмұнын сақтап,
дұрыс басылған.

“Масғұт” поэмасының ең бірінші жолы:

“Я, алла, құрметінде (?) достық Махмұт”, –

деп басылып, өлең мағынасыздыққа айналып кеткен.
1909 жылғы жинақта:

“Я, алла, құрметінде (?) достың Махмұт”, –

(98-бет) деп дұрыс басылған.

Жетінші шумақтың бірінші жолы:

“Бай емен батыр емен, хан да (?) емеспін,
Атақты артық туған жан емеспін”, –

деп басылған. 1909 жылғы жинақта “да” мүлде жоқ.
Тоғызыншы шумақтың соңғы жолы:

“Қабыл көр, сертім осы, қолыңды бер”, –

деп басылған. 1909 жылғы жинақта:

“Қабыл көр, сертім үшін қолыңды бер”, –

(98-бет) делінген.

Оныншы шумақтың бірінші жолы:

“Барайын деп уәде етіп қол қағысты”, –

деп басталған, 1909 жылғы жинақта:

“Барайын деп уағда айтып қол қағысты”.

Он екінші шумақтың бірінші жолы:

“Барса тамда бір гүл түр солқылдаған”, –

деп басылса, 1909 жылғы жинақта:

“Барса тамда бір гүл бар солқылдаған”, –

деп басылған.

Он үшінші шумақтың бастапқы екі жолы:

“Ағын жесең, ақылың жаннан асар,
Сары жесең, дәулетің судай тасар”, –

деп басылса, 1909 жылғы кітапта:

“Ағын жесең, ақылың жаннан асар,
Сарыны алсаң, дәулетің судай тасар”, –

(99-бет) деп басылған.

Он төртінші шумақтың бірінші жолы:

“Ол жігіт шал сөзіне құлақ салды (?)”, –

деп басылса, 1909 жылғы кітапта:

“Ол жігіт сөзін ұғып тұра қалды”, –

деп басылған. 1954 жылғы жинақ бойынша оқысақ, бастапқы жолдағы “салды” деген сөзбен осы шумақтың төртінші жолында тағы кездесеміз:

“Қызыл жеміс жеймін деп қолқа салды”, –

делінген.

Он бесінші шумақ 1954 жылғы жинақта өлеңдік нұсқасынан айырылып:

“Мен беремін, танбаймын айта тұра,
Өкінбесең түбінде жүре-жүре (?).
Ақ пен сары екеуін алмағаның (?)
Мәнісін айтсаң екен (?) жаным, сірә”, –

деп басылған. Ал 1909 жылғы басылу нұсқасын оқысақ:

“Мен беремін, танбаймын айта тұра,
Өкінбесең түбінде жүре, бара,
Ақ пен сары екеуін алмағанның
Мәнісін айтсаң қайтер, жаным, сірә”, –

деп өлең көркемдік түр жағынан болсын, мазмұн, мағына жағынан болсын дұрыс басылған.

Он алтыншы шумақтың бірінші жолы 1909 жылғы кітапта:

“Мен болсам егер, ағын жемек едім”, –

деп дұрыс басылған өлең жолы 1954 жылғы жинақта:

“Мен болсам егер, ағын жемек дедім”, –

деп бұрмаланып басылған.

Он жетінші шумақтың екінші жолы 1909 жылғы кітапта:

“Көріне тентек көп надан мойнын бұрмас”, –
деп басылса, 1954 жылғы жинақта: “мойын бұрмас” делінген.

Жиырма екінші шумақтың бастапқы екі жолы мағына жағынан күңгірт, ұйқас жағынан ақсап жатыр:

“Берсең қалар оларда несі ардың,
Бермесең сен дағы ит бірге болдың (?)”, –

1909, 1945, 1954 жылдардағы жинақтардың бәрінде де осылай басылған. Бұл әрине Абайдан шыққан түпнұсқа емес. Баспадан кеткен қате болуы мүмкін. Өлеңнің мазмұны, ұйқас ретінде қарап екінші жолды:

“Бермесең сен дағы бір ит атаңдың”, –
деп жорамал жасап, түзеп оқуға болар дейміз. Кесіп айту қиын. Әлі де зерттеу керек.

Жиырма бесінші шумақтың екінші жолы:

“Ері ашу етсе, әйелі басу айтып...” –
деп басылса, 1909 жылғы кітапта:

“Ері ашу айтса, әйелі басу айтып...” –
деп дұрыс басылған.

Жиырма алтыншы шумақтың төртінші жолы:

“Басында-ақ ойлап тегін абайладым”, –
деп басылған болса, 1909 жылғы кітапта:

“Басында ойлап тегінде абайладым”, –
деп басылған.

Жиырма сегізінші, жиырма тоғызыншы шумақтардың бірінші жолдарында “қыдыр” деп басылған сөздер, 1909 жылғы жинақта “қызыр” деп берілген. Тегінде, Абайдың өз уақытында лайық сөз қолдану дәстүріне қол сұғуымыз тарихи, ғылыми тұрғыдан қарағанда қиянат болады.

Отызыншы шумақтың екінші жолы:

“Жалғанның дәмін бұзып қауіп (?) қылғызған”, –
деп, төртінші жолы:

“Арашашы іздепті (?) қатын, қыздан”, —

деп басылған. Ал, 1909 жылғы жинақта:

“Жалғанның дөмін бұзып жоқ қылғызған”, —

“Арашашы іздеткен қатын, қыздан”, —

(100-бет) деп өлең мағынасы дұрыс берілген.

1909 жылғы Абай жинағында өлеңнің:

“Ендігіге не сұрау бұл заманда,
Ақыл-ой, ар-намыс жоқ еш адамда.
Өлген мола, туған жер жібермейді,
Әйтпесе тұрмас едім осы маңда”, —

деген отыз бірінші, қорытынды шумағымен “Әңгіме Мас-
ғұт” аяқталады.

Ал 1954 жылғы жинақта: “Сол Масғұт халифаға уәзір
бопты” деп бастап поэманың аяғын әрі созып әкететін он
үш шумақ өлең бар.

Бұл жөнінде 1954 жылғы жинақта ешбір түсінік беріл-
меген. 1945 жылғы жинақта:

“Масғұт” (1887) — бұл дастан ең алғаш 1909 жылғы
Абай жинағына енген. Содан бергі барлық баспасында бар.
Бірақ 1939 жылғы жинағына тұңғыш рет дастанның екінші
бөлімі енгізілді. Бұл жері “Сол Масғұт халифаға уәзір бо-
пты” деген сөзден бсаталады. Нұсқасы Мүрсейіт қолжазба-
сынан алынған. Бұл дастан “Мың бір түн” жүйесіндегі
әңгіменің бір түрі сияқты” (459-бет) деген ғана жайдақ
түсінік берілген.

“Масғұт” поэмасының екінші бөлімі деп, 1939 жылдан
бастап Абай жинағына кіріп жүрген он шумақ өлең әлі де
тереңірек зерттеуді тілейді. Идеялық, мазмұн жағынан,
көркемдік түр жағынан алып қарағанда да, Абайдың төл
шығармасы деп үзілді-кесілді айту қиын. Поэманың бұл
екінші бөлімі жайында, әзірше, өзіміздің осындай пікірімізді
айтып, оның текстология мәселесіне тоқталмаймыз. Бұл
бөлімнің жеке сөздеріндегі кемшіліктерді былай қойғанда,
өлеңнің ұйқасы, поэзиялық қасиетінің өзі де шамалы.

“Вадим” шығармасы 1909 жылғы жинақта жоқ. Біздің
қолымызда “Вадимның” көшірме қолжазбасы болмаған-
дықтан, бұл шығарманың текстологиясы жайында өзімізге
өрескел көрініп тұрған бірлі-жарым кемшіліктерін ғана айта
кетеміз.

Лермонтовтан аударған “Вадим” шығармасының бесінші шумағының бастапқы жолы:

“Осылар елдің тыншын алды бүгін (?),
Бірдің нанын тіленіп, бірдің сүгін”, –

деп басылған. “Бүгін” деген сөз өлең ұйқасына оғаш тұрған сөз.

“Осылар елдің тыншын алды бүгін,
Бірдің нанын тіленіп, бірдің сүгін”, –

деп 1945 жылғы жинақта дұрыс басылған.

Сол сияқты отыз тоғызыншы шумақтың:

“Соққан боран секілді, біздің өмір,
Не тыныштық тауып берді, өзін де көр”, –

деп берілген өлеңнің екінші жолындағы мағына күңгірт болып тұр. Бұл өлең жолдарын қолжазбалардың әр нұсқасымен салыстырып зерттеу қажет.

Біз енді “Әзім әңгімесіне” тоқталғымыз келеді. Бұл шығарма жайында 1954 жылғы жинақта: “Әзім әңгімесі” шығармасының негізгі нұсқасы сақталмаған, Абай жинақтарының соңғы баспаларына еніп жүр.

“Мың бір түн” ертегілерінің бір сюжеті негізінде жазылған. Поэманың аяғы бітпей қалған” (317-бет), – деген байлау-матауы жоқ құрғақ сөзбен “түсінік” берген.

Ешбір кінәсі жоқ, шүбәсі мен күдігі жоқ нағыз Абай өлеңдерін 1954 жылғы жинаққа кіргізбей тастауға батылы барған жолдастар, “Әзім әңгімесінің” қайдан келіп, қайдан қойған тарихын білместен, шығарманың іші-сыртына үңіліп қарамастан, шын түсінік берудің орнына, жайдақ сөзбен жаба тоқып өте шыққан.

“Әзім әңгімесін” Абай жазған ба? Осыған дәлеліміз бар ма? Көзіміз жете ме?

“Әзім әңгімесінің” тақырыбы мен идеялық мазмұны, көркемдік түрі осы сұрақтарды еріксіз туғызады. Нақтылы жауап тілейді.

“Әзім әңгімесі” Абай жинағына 1933 жылдан бастап кіріп жүр. 1909 жылғы “Ескендір”, “Масғұт” сияқты Абайдың оқиғалы шығармалары кірген. Ал “Әзім әңгімесі” онда жоқ. “Вадим” алғашқы жинаққа кірмей қалған болса, бұл шығарма Мүрсейіт қолжазбасынан табылып, Абай шығармасы екені дәлелденіп отыр. Сол сияқты “Вадимды” Махмұттың да Абай қолжазбасынан көшіргені мәлім.

Ал “Әзім әңгімесі” Абай шығармаларын көшірушілердің бір де бірінің қолжазбасында жоқ.

“Әзім әңгімесін” Абай сонау 1896 жылы жазған делініп жүр. 1896 жылы (Абай онда 51 жаста) “Әзім әңгімесінің” тақырыбы мен идеясы Абайдың көңілін аударды деуге мүмкін емес. Оқушы жұртшылыққа мәлім болғандықтан біз “Әзім әңгімесінің” оқиғасына тоқтап жатпаймыз.

1887 жылы “Өлең — сөздің патшасы, сөз сарасы”, 1888 жылы “Біреудің кісісі өлсе, қаралы — ол”, 1889 жылы “Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін” өлеңдерін жазған Абай, 1896 жылы “Әзім әңгімесін” жазды деу ақылға симайды.

Шығыс әдебиетінің үлгілі мұраларына көңіл аударып, кейбір тақырыптарына арнап шығарма жазғанда да (“Масғұр”, “Ескендір”) Абай өзінің ақындық өнерге қоятын шартының тұрғысынан қарап жырлайды.

Өлеңді ермек үшін емес, жастарға үлгі-өнеге бермек үшін жазған Абай, “Әзім әңгімесі” сияқты ертегінің оқиға желісіне түсіп алып, ұзын ырғасын өлеңмен баяндап беру-ге бармайтыны даусыз.

Тіпті басқа дәлелдеріміз өз алдына “Әзім әңгімесінің” өлеңдік (поэзиялық) қасиетін алып қарасақ, идеялық мазмұнын былай қойып, көркемдік түріне көз жіберсек, Абайдың өз сөзімен: әттең сөз таныр кісі болса, кемшілігі әр жерде (әр жерде емес-ау, бар жерде) көрнеу тұр-ау, дер едік.

Сондықтан Абайдың ақындық мұраларын зерттеуші әдебиетші, тарихшыларымыз, ғалымдарымыз “Әзім әңгімесін” ауызға алмай, көрмеген кісі сияқты өте шығады.

Абайдың соңғы жылдардағы жинақтарына кіріп жүрген “Әзім әңгімесі” Абайдың оқиғалы шығармалары ішіндегі ең көлемдісі бола тұрып көзге түспеуінің өзі “Әзім әңгімесінің” өзі-ақ: “Мен Абайдан туғам жоқ!”, — деп тұрғандай дейміз.

Осы “Әзім әңгімесі” Абай жинағына кіргелі берілген ең мардымды деген түсінік 1945 жылғы жинақтың 460-бетінде берілген, онда былай дейді:

“Әзім әңгімесі” (1896). Бұл “Мың бір түн” ертегісінен алынған. Ең алғаш бұл әңгіме Абайдың 1933 жылғы жинағында басылды. Онда жазылған жылы 1896 жыл деп көрсетілген. Сол нұсқасы 1939 жылғы баспасында да енген. Хикаяның аяғы бітпей қалған. Осы жолы дастанның аяғына бұрынғы баспаларында жоқ, 12 жол өлең қосылды, басқа өзгеріс болған жоқ. Көркемдік стиль, сарыны жағынан алғанда бұл әңгіме Абай шығармасы емес сияқты. (Астын сызған біз. — Қ.М.) Бірақ Тұраш Абайдың басылмаған өлеңін жинағанда, осыны да Абайдікі болуға тиіс деп кіргізеді екен. Оның дәлелі: осы өлеңді тауып беруші Ырсаев Ысқақ деген Абайдың туысканы “Әзім әңгімесін” дау-

сыз Абайдікі депті. Ысқақ – ерте күннен Абай сөзіне ұқыпты болып, оны көп жинаған туысқанының бірі. Ол: “Абай мұны ерте уақытта өлең етіп, бір жазған соң, қарамай тастап еді. Мен сол уақытта жиыстырып алғамын”, – дейді. Өлеңнің бас жағында кездесетін ескілеу жерлері ескіріп, жыртылып қалған қолжазбадан Ысқақтың я шала көшіріп, я шала ұғынып, өз жанынан төлеу салып айтқан сөздері болса да ғажап емес”.

Міне, “Әзім әңгімесінің” тарихы туралы бар мәлімет осы. Бұл түсінікті берушілердің өздері де “Әзім әңгімесін” “Абай шығармасы емес сияқты” дейді. Сонымен бірге, түсініктің өзінде қым-қиғаш қайшылық бар. Ысқақтың айтуы бойынша әңгіме Абайдың ерте уақытта жазғаны дейді де, жазылған уақытын 1896 жыл етіп қояды. Ал ерте уақытта жазылған болып, ол әңгіме-өлең Абайдың туысы Ысқақтың қолында сақталса, 1909 жылғы жинаққа неге кірмей қалған.

Біз “Әзім әңгімесін” және Ырсайдың Ысқаған білетін Әрхам Ысқақов, Рахымжан Мамырқазов, т.б. адамдармен әңгімелескенде, олар “Әзім әңгімесін” жазған сол Ырсайдың Ысқағы екенін және Ысқақ өзі де ақын адам болғанын, Абайдың жақыны екенін анықтайды.

Біз осы келтірген дәлелдерге сүйеніп, “Әзім әңгімесін” жазған Абай емес, Абай төңірегіндегі ақынның бірі Ырсайдың Ысқағы деген қорытындыға келдік. Бірақ “Әзім әңгімесі” әдебиет тарихынан мүлдем шығып қалсын деген ниеттен аулақпыз. Оны әлі де зерттеу қажет дейміз.

Біз осымен 1954 жылы шыққан Абайдың толық жинағының бірінші томы жөніндегі текстологиялық шолуымызды аяқтап, енді екінші томға көшеміз.

* * *

Екінші томның жетінші бетіндегі “Малға достың мұны жоқ малдан басқа” деген өлеңінің үшінші шумағының соңғы екі жолының мағынасы екі ұшты болып, күңгірт тұр:

“Осы күнде мал қайда, боқ ішінде,
Алтын алсан, береді боғынан жеп”, –

деп басылған. Осы өлең жолдарын зерттеп, мағынасын айқындап түсінік беру қажет.

“Туғызған ата-ана жоқ” (8-бет) деген өлең 1909 жылғы жинақта (1-бөлік, халық туралы, 28-29-беттер, 29-өлең) “Бір сұлу қыз тұрыпты хан қолында” деген өлеңмен бірге бірақ өлең болып басылған, “Бір сұлу қыз тұрыпты...” өлеңінің басында келеді. Өлеңнің мазмұнына, әсіресе:

“Байбайшыл тартып, баға жоқ,
Жастарға жаппас жала жоқ.
Жат қораны күзеткен,
Қартаң шалда сана жоқ”, –

деген өлең шумағына карағанда Абай осы өлеңді “Бір сұлу қыз тұрыпты хан қолында” өлеңіне әдейі эпиграф етіп жазған ба дейміз.

1909 жылғы кітапта өлеңнің бірге басылуы және идеялық-мазмұны осыны көрсететін сияқты.

“Сағаттың шықылдағы емес ермек” (11-бет) өлеңінің екінші шумағының үшінші жолы:

“Тиянақ (?) жоқ, тұрлау жоқ, келді, кетті”, –

деп басылса, 1909 жылғы жинақта:

“Махаббат жоқ, тұрлау жоқ, келді, кетті”, –

(48-бет) деп басылған.

Өлеңнің үшінші шумағының бірінші жолы:

“Өтек өмір белгісі (?) осы сыбдыр”, –

деп басылса, 1909 жылғы жинақта:

“Өткен өмір хабары – осы сыбдыр”, –

деп басылған. Бізше 1909 жылғы кітапта ақын жазған түпнұсқа дәл берілген.

Ал, 1954 жылғы жинақта:

“Сағаттың шықылдағы емес ермек” өлеңінің тексті 1909 жылғы жинақ және Мүрсейіт қолжазбалары бойынша берілді”, (25-бет) деп “түсінік” берген.

Кітаптың он екінші бетіндегі Абайдың “Көңіл құсы құйқылжыр шар тарапқа” деген ән туралы жазған өлеңінің бесінші шумағының үшінші жолын, Абайдың терең ойлы мағыналы сөзінің түбіне үңілмей, сыртынан сығалап қарап, былайша бұзған.

1945 жылғы жинағында:

“Керім толғап тауысар қаңғыр-күңгір (?)
Сол жеріне ойыңмен араласшы”.

Ал 1954 жылғы жинақты одан көрі “сыпайылап”:

“Керім толғап тауысар күңгір-күңгір (?)”, –

деп “түзеп”, былайша түсінік берген:

“Бесінші шумақтың үшінші жолы соңғы баспаларда:

“Керім толғап, тауысар қаңғыр-күңгір”, –

деп алынып келеді. Бұл жинақта 1909 жылғы баспа негізінде:

“Керім толғап, тауысар күңгір-күңгір”, –

болып түзетілді” (258-бет).

Керім толғағанда “қаңғыр-күңгір”, “күңгір-күңгірге” айналса не болғаны ...

Бұл “түсінік” шындыққа жатпайды. 1909 жылғы жинақтың 34-бетінде: “Қоңыр күңгір” деп басылған (ескі араб әрпімен басылған бұл жинақта, қазақ сөзінің дәл түспей тұрғаны байқалады. Бірақ байымдап оқыған кісіге сөздің түпнұсқасын аңғару қиын емес).

Сол сияқты қолжазбаларда “қоңыр күңгір” деп жазылған. Тіпті ескі баспаға, ескі қолжазбаларға күдікпен қарап, өзімізше зерттегеннің өзінде, жақсы әнді жаны сүйіп жыр еткен, композитор Абай құлаққа мазасыз “қаңғыр-күңгірді” (какофонияны) қуаттады деуге бола ма? Бұл жауап тілемейтін сұрақ.

Өлеңнің мағына мазмұнының өзі-ақ Абайдың мағыналы асыл сөзін қалпына келтіруге жөн көрсетіп тұр. Олай болса бұл шумақты:

“Көбінесе ән басы келеді ашы,
“Кел тында” деп өзгеге болар басшы.
Керім толғап тауысар қоңыр-күңгір,
Сол жеріне ойыңмен араласшы”, –

деп оқысақ, Абай сөзі болып шығады. Біздің кейбір әдебиетшілер, “сол жеріне ойыңмен араласшы” деген Абайдың ақылын алмай, “қаңғыр-күңгір”, “күңгір-күңгірге” еріп кеткен.

Әйгілі әнші, атақты композиторларымыз әдемі, әсерлі әндерін: “Жай қоңыр”, “Майда қоңыр” (Естай), “Жайма қоңыр” (Мұхит) “Наз қоңыр”, т.т. деп атамай ма. Егер: “Жай күңгір”, “Майда қаңғыр” десек, не болып шығар еді.

Жоғарыдағы Абай өлеңдерін бүлдіргендей болып шығар еді.

“Токсан ауыз сөздің – тобықтай түйіні бар” дейді қазақ мақалы. Сол сияқты Абайдың түбірлі сөзінің түйініне түсінбей бір сөзін бүлдіріп алсақ, Абайдың асыл сөзінің ажары кетіп, мағынасыздыққа айналады. Абай өлеңі “бөтен сөзбен былғанса” – “бір қарын майды бір құмалақ шіріткендей” болып шығады.

“Түзу кел, кисық-қыңыр, қырын келмей,
Сыртын танып іс бітпес, сырын көрмей”, –

демей ме Абай.

Абайдың осы өсиетін ескермей, “сырын көрмей”, “сыртынан тон пішіп” келгендіктен ақынның әдеби мұрасының таза сақталмай, “бөтен сөзбен былғанып” отырғанын, көріп отырмыз. Абайдың өз қолжазбасының сақталмауы Абай шығармаларының текстологиясын зерттеуді қиындатып отырса, ақынның таза сақталып жеткен сөзіне жауапсыз қарап, “Қазаншының еркі бар қайдан құлақ шығарса” дегендей, Абай жинағын баспаға даярлаушы әрбір әдебиетші өз бетімен Абай сөзін түзей берсе, ақын өлеңі “сөз патшасы” дәрежесінен айырылуы ғажап емес.

Он жетінші беттегі “Махаббат, достық қылуға” деген өлеңнің бірінші шумағының үшінші жолы Абай жазған мағынасынан айырылып қалуы даусыз.

“Қазір дайын тұруға (?)
Бес күндік ғашық жон емес”, –

деп басылған (1945 жылғы жинақта да солай).

Бұл арада “тұруға” деген сөз бүтін өлең шумағында айтылып отырған ойдан аулақ тұрған “бөтен сөз”.

Абай тиянақсыз, түрлаусыз тез тозатын бес күндік ғашықтықты айтып отырғанына күмән жоқ. “Тұруға” деген мағына бермейтін сөздің орнына “тозуға” деген сөзді төлеу етіп салып өлең шумағын:

“Махаббат, достық қылуға
Кім де болса тең емес.
Қазір дайын тозуға –
Бес күндік ғашық жон емес”, –

деп оқысақ, ақынның айтпақ ойы орнынан шығады. Өлеңнің екінші шумағын оқысақ, “тұруға” деген сөздің орнына “тозуға” деген сөзді жазуымыздың дұрыстығын тағы да тереңірек сезінеміз.

“Сүйіспек көңіл ойлайды,
Жанның бәрі – қатыбас.
Сүйісу тозбай тұрмайды,
Еңбекке аз күн татымас”.

Осы өлеңнің алдында келетін Лермонтовтан аударған өлеңнің алғашқы екі жолын оқысақ:

“Ғашықтық іздеп тантыма,
Аз күн әуре несі іс”, –

дейді.

Абай “Махаббат, достық қылуға” өлеңін Лермонтовтың “И скушно и грустно” деген өлеңінің әсерімен жазғаны және мағына, мазмұн жағынан үндестігі байқалады.

Осы айтылғандарды еске алғанда, Абай өлеңінде қате басылып жүрген “тұруға” деген сөзді – “тозуға” деп түзеудегі жорамалымызды нанымды санаймыз.

Жиырмасыншы беттегі Лермонтовтан аударма “Қанжар” (“Кинжал”) өлеңінің екінші шумағының алғашқы екі жолының ұйқасы қиыспай, ақсап тұр:

“Еркелі нәзік қолымен маған тиді (?)
Ұмытпа деп айырылған жерде берді (?)”, –

деп басылған (соңғы жылдардағы баспалардың бәрінде де солай).

Бірінші жолдағы: “Нәзік қолмен маған тиді” деген сөз құрылысы өлеңнің мағынасына да көркемдігіне де нұқсан келтіріп тұр.

Бұл жолдардың орысшасы былай:

“Лилейная рука тебя мне поднесла
В знак памяти, в минуту расставанья”, –

Біз өлеңнің орысша нұсқасына және Абайдың орыс ақындарын аударудағы үлгі-өнегесіне сүйене отырып өлеңнің бұл екі жолын:

“Еркелі нәзік қолымен маған берді,-
Ұмытпа деп айырылған жерде сені”, –

деп түзеп оқысақ, өлеңнің мағына-мазмұны да дұрыс беріліп, көркемдік түрі де Абай аудармасының түп нұсқасына сәйкес келер еді деп ойлаймыз.

Жиырма төртінші беттегі “көк тұман алдындағы — келер заман” өлеңінің екінші шумағының бірінші жолы:

“Ол күндер — өткен күнмен бәрі бір бәс (?)”, — деп берілген. Бізше дұрысы 1945 жылғы жинақтағы:

“Ол күндер өткен күнмен бәрі бір бас”.

Осы өлеңнің сегізінші шумағының бірінші жолы 1954 жылғы және 1945 жылғы жинақтарда:

“Көптің бәрі (?) көп деме, көп те бөлек”, — болып басылған.

Ал 1909 жылғы жинақта:

“Көптің бәрін көп деме көп те бөлек”, —

деп дұрыс басылған (55-бет төменнен жоғары санағанда төртінші жол).

Жиырма алтыншы беттегі “Сенбе жұртқа тұрса да қанша мақтап” өлеңінің бірінші шумағының төртінші жолы жинақтарда:

“Өзіңе сен, өзінді алып шығар,
Еңбегің мен ақылың екі жақтап”, —

деп басылса, Оразке қолжазбасында:

“Ақылың мен қайратың екі жақтап”, —

деп жазылған.

Кітапта екінші шумақтың соңғы екі жолы:

“Жұртпен бірге өзінді коса алдасып,
Салпылдап сағым қуған бойыңа еп пе?”, —

деп басылса, Оразке қолжазбасында:

“Салпылдап сағым кумақ бойыңа еп пе?”, —

деп жазылған.

Өлеңнің үшінші шумағы:

“Қайғы келсе қарсы тұр, құлай берме,
Қызық келсе, қызықпа, оңғаққа ерме.
Жүрегіңе сүңгі де, түбін көзде,
Сонда тапқан — шын асыл, тастай көрме”, —

деп басылып жүр. Оразке қолжазбасында өлеңнің екінші жолындағы “қызықпа” деген сөз “қызығып”, төртінші

жолындағы “тапқан” деген “шыққан” деп жазылған. Біз бұдан Абайдың бұл өлеңі де текстология жөнінен әлі де зерттеуді керек ететінін көреміз.

“Босқа әуре боп келдің бе тағы мұнда” (Лермонтовтан 33-бет) деген өлең 1909 жылғы Абай жинағында “Өлімге бұйрылған жазасыз адам” деген тақырыппен басылған (83-бет).

Өлеңнің бірінші шумағының екінші жолы 1909 жылғы жинақта:

“Хүкімшіл шалдар мәз боп жатыр ма онда”, –

(83-бет) деп басылса, 1954 жылғы жинақта:

“Күкімшіл шалдар мәз боп отыр ма онда”, –

деп басқан.

“Қасиетті дұға” Лермонтовтан (“Молитва”) аударманың екінші түрі – “Өмірден тепкі жесем жазығым жоқ”, деп басталатын өлеңнің соңғы шумағының бірінші жолы кітапта:

“Қайта-қайта оқысам, бір дұғаны,
Сеніп (?) қалған жүректе жанады шок”, –

деп берілген. Өлеңнің мазмұнына қарағанда Абай:

“Сеніп қалған жүректе жанады шок”, –

деп жазуында күмән жоқ дейміз.

Осы өлеңнің үшінші шумағынан соң, жалғас келетін үш ауыз өлеңнің бұл өлеңге тақырып, мазмұны жағынан байланысы жоқ өз алдына жеке өлең. Оны “қасиетті дұға” өлеңімен біріктіріп жіберу, бізше дұрыс емес.

Қырқыншы беттегі “Болды да партия” деп басталатын өлеңнің бесінші шумағының мағынасын түсіну ауырлау. Осы күнге шейін басылып жүрген қалпы түйінді мағына бере алмайды.

“Ойымды-ақ, жарымды-ақ
Кеңімді, тарымды
Қарасам байымдап,
Сөзің сол сарынды”.

Өлеңнің ұйқасында, сыртқы түрінде мін жоқ сияқты, ал ой тоқтатып қарағанда мағынасын аңғару қиын. Мысалы, “Ойымды-ақ, жарамды-ақ” дегенде не мағына бар. Мүмкін бұл сөздер қате басылып жүрген шығар. Егер Абай өзінің ойының да, жарының да ақтығын, адалдығын айтса:

“Ойым да ақ, жарым да ақ”, — деп басылуы керек еді. Біз қазір бұл өлең жөнінде қорытынды пікір айта алмаймыз. Тереңірек зерттеуді қажет ететін өлең екенін ғана айтпақпыз.

“Қуаты оттай бұрқырап”, —

(42-бет) деген өлеңнің екінші шумағының алтыншы жолы:

“Ойланбай қайран жұрт,
Ұялмай, қал жым-жырт”, —

деп басылса, 1909 жылғы жинақта:

Оянбай қайран жұрт,
Ұялмай, қал жым-жырт., —

(39-бет) деп басылған.

Бұл арада “ойланбай” деген сөз де, “оянбай” деген сөз де өлең мағынасына қайшы емес. Түпнұсқа қайсысы екенін кеңесіп шешу керек.

1954 жылғы жинақта: “Сұм дүние тонап жатыр, ісін бар ма” өлеңінің тексті 1909 жылғы жинақ және Мүрсейіт қолжазбалары бойынша алынды” (270-бет) делінген.

Ал 1909 жылғы жинақта бұл өлең 39-бетте басылған екі-ақ ауыз. 1954 жылғы жинақтағы (43-бет):

“Ет жүрексіз ерніңнің айтпа сөзін,
Тіл үйренген нәпсінің қу мінезін.
Тілде сүйек, ерінде жиек бар ма,
Шымылдық боп көрсетпес шынның жүзін”, —

деген үшінші шумақ 1909 жылғы жинақта жоқ. Біз бұл өлеңді Абай өлеңі емес демейміз. Бірақ нақтылы зерттеліп берілген толық түсінік керек. Және “Сұм дүние тонап жатыр...” өлеңінің соңына қандай дәлелдермен тіркеледі.

Осының бәрін дәлелдеп түсіндірген жөн.

Кітаптың қырық алтыншы бетіндегі “Жүректе қайрат болмаса” деп басталатын Абай өлеңінің үшінші шумағының төртінші жолы 1909 жылғы кітапта:

“Үміт етер таласып”, —

(49-бет) деп басылса, 1954 жылғы жинақта:

“Әдет етер таласып”, –

делінген.

Өлеңнің ең соңғы шумағы ақынның барлық жинақтарында:

“Атымды адам қойған соң,
Қайтып надан болайын.
Халқым надан болған соң,
Қайда барып оңайын”, –

деп басылып жүр.

Өлеңнің осы шумағының екінші жолы Оразке қолжазбасында басқаша берілген:

“Халқым надан болған соң,
Қайтіп қайуан болайын”, –

деп жазылған.

Бұл қолжазбасындағы “Қайтіп қайуан болайын” деп берілуі де негізсіз емес.

Осы шумақтың алдында келетін бір ауыз шумақты оқып көрсек, Абай тіршілікті ғана ойлайтын, ақылсыз, санасыз, надан, пасық адамды қайуанға (малға) салыстырады:

“Мал да бар жан мен тән,
Ақыл, сезім болмаса,
Тіршіліктің несі сән,
Тереңге бет қоймаса”, –

деп келіп:

“Атымды адам қойған соң,
Қайтіп қайуан болайын”, –

деуі, бізше өлеңнің жалпы мазмұнына сай қисынды сияқты. Осы “қайуан” деген сөзді Абай өлеңнің бірінші шумағында да айтады:

“Ақылға сәуле қонбаса,
Қайуанша жүріп күнелтпек”, –

дейді. Біз өлеңнің қолжазбадағы нұсқасына және мазмұн – мағынасына, сүйеніп өз пікірімізді ғана айттық. Бұл –

Абайды зерттеуші әдебиетшілердің бірігіп шешетін мәселесі. Қырық тоғызыншы беттегі “Ауру жүрек ақырын соғады жай” өлеңінің бірінші шумағының үшінші жолы:

“Кейде ыстық қан басып кетеді оны”, —

деп берілген. Сөз реті өлеңге сай жазылмай, “тілге жеңіл” тимей, тілді күрмеп тұр:

“Ыстық қан кейде басып кетеді ойды”, —

деп берілсе дұрыс болар ма еді дейміз.

Осы өлеңде сөз орнының ауысып жүргенін келесі шумақтан да көруге болады. Екінші шумақтың бірінші жолы кітапта:

“Қараңғы, саңырау ойды қайғы жеген”, —

деп басылса, Мүрсейіт қолжазбасының бір нұсқасында:

“Қараңғы, саңырау қайғы ойды жеңген”, —

деп жазылыпты.

Сонда қайсысына сенуге болады? Қараңғы саңырау ойды қайғы жеңе ме, жоқ, қараңғы саңырау қайғы ойды жеңе ме?

Ой қараңғы, саңырау ма? Жоқ, қайғы қараңғы, саңырау ма?

Міне, ақын өлеңінде сөздің орны ауысып кеткен жағдайда, өлеңнің мағынасы, мазмұны да өзгеріп, автордың айтпақ ойының желісін табуды қиындатып кетеді.

Өлеңнің мағынасын айқындау үшін сөзді жүйесіне келтіру керек. Ол үшін ақын өлеңінің тақырыбына, қандай жайды жырлап отырғанына көңіл аударуымыз керек. Өлеңнің бастапқы екі жолын оқысақ, бұл мәселе айқын көрінеді:

“Шаршап қалған кеудемде тулай алмай, —
Ауру жүрек ақырын соғады жай”, —

дейді.

Ондай халде адамның ойы да күңгірттенеді (ақын тілімен айтқанда, саңырау болып қалған), қайғы басып жеңіп алады десек, екінші шумақтың бірінші жолын:

“Саңырау ойды қараңғы қайғы жеңген”, —

деп оқыр едік.

Сонда саңырау ойды, қараңғы қайғы жеңген болар еді. Ой — саңырау, қайғы — қараңғы болады.

Осылай деп қорытсақ Абай өлеңінің мағына мазмұны айқындала түсер еді демекпіз.

Елуінші беттегі “Қалқам-ай, мен үндемей жүремін көп” деген өлеңнің үшінші шумағының екінші жолы:

“Адам жоқ, кімді дос деп мен (?) шағушы ем”, —
деп басылған өлең жолын:

“Адам жоқ, кімді дос деп мұң шағушы ем?” —

деп оқысақ, өлеңнің мазмұнына сай келер еді.

Кітаптың елу бірінші бетіндегі “Мен көрдім ұзын қайың құлағанын” деген орысшадан аударылған өлеңге осы күнге шейінгі Абай жинақтарында түсінік беріп келе жатқан “Жолдастар” өлеңнің орысша текстімен таныс емес екендіктерін аңғартады.

1945 жылғы жинақта Лермонтовтан аударма (448-бет) деп қате түсіндірген.

1954 жылғы жинақта өлеңнің негізгі авторы орыс ақыны В. А. Крылов екенін дұрыс атаған да, өлеңнің текстін (негізгі) келтіріп, Абай аудармасымен салыстырып, соңғы жылдарда бұрмаланып басылып жүрген жерлерін дұрыс қалпына келтірудің орнына қайта қате түсінік берген.

1954 жылғы жинақтың 272-бетінде:

“1909 жылғы баспада өлеңнің әр жерінде бірлі-жарым сөздер басқаша келіп отырады, мысалы, үшінші шумақтың үшінші жолы:

“Күн шуаққа жылынар қалт-құлт етіп”, —

деп басылған. Бұл жинақта Мүрсейіт қолжазбасы негізінде: “Күн шуақта жатады (?) қалт-құлт етіп, — деген қалпы сақталды”, — деп дұрыс тұрған сөзді қисыққа, мағынасыздыққа айналдырып “түсінік” берген. Олай болуы — өлеңнің орысша текстімен табыспай ой-жота, долбармен кеткендіктен туған.

Шынында “Күн шуақта жылынар” деп 1909 жылғы кітапта дұрыс басылған.

Біз бұл арада осы өлеңнің текстіне (негізгі) тоқтай кетуді мақұл көрдік. Өлеңнің негізгі авторы, қазіргі күнде көпшілік оқушы жұртшылыққа белгісіз, ХІХ ғасырдың екінші жартысында өмір сүрген орыс жазушысы — Виктор Александрович Крылов (1838—1906) — псевдонимы Виктор Александров.

В. А. Крыловтың өлеңдер жинағы 1898 жылы С.-Петербургте басылған. Ақын өлеңдер жинағын төрт бөлімге бөлген. Жинақтың үшінші бөлімінің 159-166-беттерінде неміс тілінен (Левенштейннен) алты өлең аударған⁵. Соның ең соңғы, алтыншы өлеңі “Разбитое сердце” деген Абай аударған — “Мен көрдім ұзын қайың құлағанын” өлеңі (Осы өлең текстіне композитор А. Рубенштейн музыка жазып, орыс халқына белгілі романсқа айналған).

Абай бұл өлеңді сол 1898 жылы кітап болып шыққан В. А. Крылов жинағынан аударған деуге болады. Өлеңнің орысша тексті мынау:

“Я видел березку,— сломилась она,
Верхушкой к земле приклонилась она;
Но листья не блекли на тонких ветвях,
Покамест не спряталось солнце в горах.

Я бабочку видел с разбитым крылом,
Бедняжка под солнечным грелась лучом,
Стараясь и слабость и смерть превозмочь
Пока не настала холодная ночь.

Стрелка видел я, как он лань подстрелил.
Животное пало в крови и без сил.
Со смертью бороться оно не могло,
И жить перестало, как солнце зашло.

Ах, мне изменила подружка моя,
И солнце померкло давно для меня,
Но смерть и покой я напрасно зову—
И с сердцем разбитым живу да живу”.

Абай жинақтарында өлеңнің екінші, үшінші шумақтарының орны ауысып, шатақ басылып жүргенін көріп отырмыз.

Бірінші шумақтан кейін “Мен көрдім сынық қанат көбелекті” деп басталатын өлең, оның соңынан “Мен көрдім ойнап жүрген қызыл киік” деп басталатын өлең шумағы келуі керек.

Соңғы жинақтарда қате басылып, қате түсінік беріліп жүрген өлең жолының 1909 жылғы жинақта:

“Күн шуақта жылынар қалт-құлт етіп”, —
деп дұрыс басылғанын:

“Бедняжка под солнечным грелась лучом”, —
деген орысша текстінен көріп отырмыз.

Абай өлеңнің мазмұнын, сарынын сақтап, еркін аударған да, соңғы бесінші шумақты өз жанынан қосқан.

Ал сол соңғы шумақтың бастапқы екі жолы 1909 жылғы жинақта:

“Дүние деген шіркіннің көрдік көтін,
Бірінің жеп жүрген көп біреуі етін”, —

(88-бет) дәл басылған болса, 1945, 1954 жылғы жинақтарда:

“Мен көрдім дүние деген иттің (?) к...н,
Жеп жүр ғой біреуінің біреуі етін (!)”, —

деп мүлдем бұзып басқан.

Абайдың бұл өлеңін де ақынның өзі жазған алғашқы қалпына келтіруіміз керек.

Елу екінші беттегі Лермонтовтан аударылған “Жолға шықтым жым-жырт түнде жалғыз” деген өлеңнің үшінші шумағының екінші жолы:

“Өмірге өткен шиттей (?) өкінбеймін”, —

деп басылған.

“Уж не жду от жизни ничего я,
И не жаль мне прошлого ничуть”; —

деген жолдың аудармасы.

“Шиттей” деген сөз түсініксіз. Ал 1940, 1945 жылдардағы жинақта:

“Өмірге өткен биттей өкінбеймін”, —

деп басылған,

Кейбір қолжазбаларда:

“Өмірге өткен шеттей өкінбеймін”, —

деп жазылған. “Шеттей” деп бұрын қазақ тиынның (ақшаның) төрттен бір бөлігін айтады екен.

1954 жылғы кітаптағы “шиттей” деген мағынасыз сөз. Не “биттей”, не “шеттей” деп түзету керек. Оқушы жұртшылыққа “биттей” деген сөз түсініктірек және “ничуть” деген орыс сөзінің дәл мағынасын беріп тұр.

Өлеңнің екінші шумағының үшінші жолы:

“Менің де (?) мұнша қапа қысылғаным”, –
деп басылса, 1909 жылғы жинақта:

“Менің не мұнша қапа қысылғаным”, –
(84-бет) деп, Лермонтов өлеңінің дәл мағынасын беріп тұр.
Бұл жолдың орысшасы:

“Что же мне так больно и так трудно”, –
деген.

Өлеңнің төртінші шумағының үшінші жолы:

“Көкірегімде өмірдің күші тұрып”, –
деп басылса 1909 жылғы жинақта:

“Көкіректе ғұмырдың күші тұрып”, –
(84-бет) деп дұрыс берген.

Өлеңнің соңғы шумағының екінші жолы:

“Жылылық пен достықты тұрсын мақтап”, –
деп басылса, 1909 жылғы жинақта Лермонтовтың:

“Про любовь мне сладкий голос пел”, –
деген өлең жолын:

“Жылылықты, достықты тұрсын мақтап”, –
(84-бет) деп дұрыс берген.

Кітаптың елу үшінші бетіндегі Абайдың Лермонтовтан аударған белгілі өлеңі “Теректің сыйына” (“Дары Терек-ка”) ерекше тоқталғымыз келеді.

1954 жылғы жинақта: “Шығарманың тексті 1909 жылғы жинақ және Мүрсейіт қолжазбалары бойынша берілді” деген бір-екі ауыз жалаң сөз болмаса, түсінік берілмеген.

Ал 1945 жылғы жинақта:

“...Лермонтов өлеңін Абай біраз өзгертіп аударған.

“– Терек воеет, дик и злобен,
Меж утесистых громад,
Буре плач его подобен,
Слезы брызгами летят”, –

дегенді Абай:

“Асау Терек долданып, буырқанып,
Тауды бұзып жол салған тасты жарып.
Арыстанның жалындай бұйра толқын,
Айдаһардай бүктеліп, жүз толғанып”, –

деп аударады. Теректің сипатын, қаһарлы пішінін Абай өзінше сипаттайды. “Арыстанның жалындай бұйра толқын, айдаһардай бүктеліп, жүз толғанып” деген теңеулер, сипаттаулар Лермонтов өлеңінде жоқ. Абай өз жанынан қосады”, – (448-бет) дейді.

Лермонтов орыс әдебиеті классиктерінің ішіндегі Абайдың жүрегіне ерекше бір жақын сүйікті ақындарының бірі екені және өлеңдерін ең көп аударған ақыны екені мәлім.

Абай өз тұсында жарыққа шыққан Лермонтов шығармаларын түгел оқыған. Құр ғана оқымаған, терең түсініп, зерттей оқыған.

Абай Лермонтовтың кейбір өлеңдерін аудару үшін орыс ақындарының барлық өлеңдерін оқып, зерттеп, оның ақындық ерекшелігін, стилін, көркемдік приемдарын терең түсініп, меңгерген. Сондықтан Лермонтов өлеңдерін қазақ оқушыларының “тіліне жеңіл, жүрегіне жылы тиетін” етіп жеткізу үшін, оның сөз образдарын аса жетік біліп аударған.

Абай осы “Теректің сыйы” деген өлеңді аударғанда Лермонтовтың басқа шығармаларындағы Терек өзенін (жалпы Кавказ өзендерін) сипаттаудағы көркемдік приемдарын пайдаланған.

Мысалы:

“Арыстанның жалындай бұйра толқын,
Айдаһардай бүктеліп, жүз толғанып”, –

дегенде, Абай осы көркемдік сипат, салыстырулардың негізін Лермонтовтың басқа шығармаларынан тауып отыр.

Лермонтов “Демон” поэмасында Терек өзенін:

“И Терек, прыгая, как львица⁶
С косматой гривой на хребте,
Ревел – и горный зверь, и птица
Кружась в лазурной высоте”, –

десе, “Измаил – бей” поэмасында өзенді:

“Но с гордым бешенством река⁷
Крутясь, как змей, не отвечает.
Улыбка неба своего...” –

дейді.

Абай аудармалары жөнінде түсінік бергенде осындай жайларды еске ала отырып, аударма өлеңінің негізгі нұсқасына, сол негізгі нұсқаның авторының басқа шығармаларына зер салып, көңіл аударып, қарастыра отырып, дұрыс түсінік беру керек.

Біз енді осы “Теректің сыйының” аудармасының екінші шумағына тоқталайық. Әрине, Абай өленді сөзбе-сөз аудармай, Лермонтов шығармасының негізгі мазмұнын, көркемдік қасиетін сақтап отырып еркін аударған.

Соның өзінде осы күнге дейін Абай жинақтарында басылып жүрген өлеңнің екінші шумағының, бізше дәл Абай жазған алғашқы қалпы дұрыс сақталмай жарияланып жүр ме деген күдік туғызады.

Кітапта:

“Кавказдан шықты жайнап (?), қылып у-шу,
Түзу жерден жол кернеп (?) ұлғайды су (?).
Қалың қайрат бойында, беті күліп,
Момынсынған пішінмен ағады ку (?)”, –

деп басылып жүр.

Біз өлеңнің бұл шумағы жайында мынандай жорамал айтқымыз келеді.

Тауды бұзып, тасты жарып, долданып, буырқанып келе жатқан асау Теректі Абай былай сипаттаған дер едік:

“Кавказдан шықты қайнап, қылып у-шу,
Түзу жерден “жол бер” деп ұлғайды ду:
Қалың қайрат бойында беті күліп,
Момынсынған пішінмен ағады су”.

Асау, долы Терек тауды бұзып, у-шу қылып келе жатса, ол жайдары болып “жайнап” келе жатпайды, бүрк-сарқ етіп “қайнап” шығады.

Түзу жерден жол кернеп, су ұлғаймайды. Тасты жарып, тауды бұзып келе жатқан долы Терек: “түзу жерден” жол бер! – деп дуды ұлғайтады.

Сөйтіп, тас-талқан етіп, тауды бұзып, жол салып алып, кең далаға шыққан соң:

“Қалың қайрат бойында беті күліп,
Момынсынған пішінмен ағады су”.

Сонда Лермонтовтағы:

“Но, по степи разбегаясь,
Он лукавый принял вид.

И, приветливо ласкаясь,
Морю Каспию журчит..."

деген өлең мағынасын береді.

Бұл жолдарда әңгіме “қу” (аққу) жайында емес, “су” (Терек) жайында болып отыр.

“Қу” деген сөз бұл өлең шумағынан орын алудың ешбір жөні жоқ. Асау Теректе қу жүзбейді. Ал “Он лукавый принял вид” дегенді Абай: “Момынсынған пішінмен” деп “он” (Терек) деген сөзді “су” деп беріп отыр.

Абайдың басқа өз өлеңдерін алып қарасак, аққуды “қу” деп жырлайды.

Мысалы, “Жазғытұры” деген өлеңінде:

“Көл жағалай мамырлап қу менен қаз,
Жұмыртқа іздеп, жүгіріп балалар маз”, –

десе, осы өлеңдегі бір ауыз өлеңнің ұйқасы былай келеді:

“Түйе боздап, қой қоздап – қорада шу,
Көбелек пен құстар да сайда ду-ду.
Гүл мен ағаш майысып қарағанда,
Сыбдыр қағып, бұрандап ағады су”.

Осы дәлелдерге сүйене отырып, “Теректің сыйы” деген өлеңнің аудармасының екінші шумағын жоғарыдағы айтқанымыздай түзеп оқысақ, Абай сөзі түпнұсқасын табар ма еді деген жорамалымызды әдебиетшілеріміздің талқысына салғымыз келеді.

“Шайтан” (Лермонтовтан, 55,56-беттер) — өлеңінің екінші шумағының бірінші жолындағы “бейіш” деп басылған сөз 1909 жылғы жинақта “бейіс” деп басылған. Осы сөзді Абай үнемі “бейіс” (бейіш емес) деп қолданады. Ал кейінгі жинақтарда “бейіс”, бір өлеңде “бейіш” деп басылып жүр. Келешекте бұл сөзді Абайдың өз жазуынша “бейіс” деп түзеп басқан жөн.

Өлеңнің алтыншы шумағының екінші жолы жайында 1954 жылғы жинақта былай түсінік берілген:

“Алтыншы шумақтың екінші жолы:

“Өлмес, өшпес өзіне көзі жетті”, –

деп басылып келген еді. Мүрсейіт қолжазбасы негізінде:

“Өлмес, өшпес өзіне заман жетті”, –

деп алынды” (276-бет).

Ешбір дәлелсіз Мүрсейіт солай жазған екен деп түзу тұрған сөзді бұзып, өлеңнің мағынасын басқа жаққа айналдырған.

Ал 1909 жылғы кітапта:

“Өлмес, өшпес өзіне көзі жетті”, —

(87-бет) деп дұрыс басылған. Құдайдан қарғыс алып, шайтанға айналған періштенің өлмейтініне, өшпейтініне өзінің көзі жетті деген сөз орынсыз. Ол Мүрсейіттің көшіру үстіндегі өз қосымшасы деуіміз керек.

Өлеңнің сегізінші шумағының төртінші жолы:

“Еңбегі жанған жан боп сүйсінбейді”, —

деп басылса, 1909 жылғы жинақта:

“Еңбек жанған жан болып сүйсінбейді”, —

(88-бет) деп дұрыс басқан.

“Емен мен шілік” (Крыловтан, 57, 58-бет) өлеңінің бірінші шумағының екінші, төртінші жолдары:

“Аллаға неден сорлы жаздың, депті,

.....
Жел бүлк етсе, тебесің әлпеншекті”, —

деп басылса, 1909 жылғы жинақта:

“Аллаға неден жаздың сорлы, депті,

.....
Тебесің жел бүлк етсе, әлпеншекті”.

(89-бет) деп басылған.

Төртінші шумақтың үшінші жолы:

“Ығыма сені де алып қорғар едім”, —

деп басылса, 1909 жылғы кітапта:

“Сені де алып ығыма қорғар едім”, —

деп басылған.

Жетінші шумақтың үшінші жолы:

“Жер дүниені шаң, тұман, қабат басып”, —

деп басылса, 1909 жылғы кітапта:

“Жер дүниені шаң, тұман басып кетіл”, —

(89-бет) деп басылған.

Өлеңнің ақырғы шумағының үшінші, төртінші жолдары:

“Басы көкке, сирағы жерге енсе де,
Ақырып долданғанда алып ұрды”, –

деп басылған болса, 1909 жылғы жинақта:

“Басы көкке, аяғы жерге енсе де,
Долданып, қатты дауыл алып ұрды”, –

(89-бет) деп басылған. 1954 жылғы жинақта бұл жөнінде ешбір түсінік берілмеген.

“Қазаға ұшыраған қара шекпен” (Крыловтан, 59, 61-бет) өлеңінің үшінші шумағының бірінші, үшінші жолдары:

“Қайғысыз жатып, қарны тоқ,
Тыр жалаңаш түк те жоқ”, –

деп басылса, 1909 жылғы кітапта:

“Жайынша қатып, қарны тоқ,
Сыр жалаңаш түк те жоқ”, –

(89-бет) деп басылған.

(Крыловтан, 62-65-беттер) өлеңінің екінші шумағы:

“Обал жоқ осы байларға
Мал қызығын көрмеген (?)
Жақсы төсек (?), тәтті ас, (?)
Жан қадірін білмеген”, –

деп басылған. 1909 жылғы жинақтан оқып көрейік:

“Обал жоқ осы байларға,
Жан қадірін білмеген.
Тәтті тамақ, жақсы ас,
Жақсы киім кимеген”, –

(90-бет) деп басылған. Абай жазған түпкі нұсқа осы деп білеміз. Ал 1954 жылғы баспада өлең құрылысы да, мағына-мазмұны да бұзылып басылған.

Төртінші шумақтың үшінші жолы:

“Иттеніп (?) жүріп өлмей ме?”, –

деп басылған болса, 1909 жылғы жинақта:

“Бүйтіп жүріп өлмей ме?”, –

делінген.

Тоғызыншы шумақтың бірінші жолы және оныншы шумақтың бірінші жолы:

“Келе сала сөйлейді.

.....

Сен мына бір ішінде

Ділдәсі бар дорбаны ал”, –

деп басылған. 1909 жылғы кітапта:

“Келе сала сөйлейді.

.....

Мына біреу ішінде

Ділдәсі бар дорбаны ал”, –

деп басылған (90, 91-бет).

Оң бірінші шумақтың екінші жолы:

“Дегеніндей бола қал”, –

деп басылса, 1909 жылғы кітапта:

“Айтқанындай бола қал”, –

деп басылған.

Оң үшінші шумақтың бастапқы жолы:

“Дорбаны әуел (!?) дарияға ат,

Тойғаныңша ал дағы”, –

деп басылған. Дорбаны әуел атып жіберген соң, несін алады, қалайша алады?! Қандай мағынасыздық.

Ал 1909 жылғы жинақта:

“Дорбаны ол дарияға ат,

Тойғаныңша ал дағы”, –

деп Абай сөзі дұрыс берілген.

Өлеңнің:

“Таң атқанша осылай

Бере берсе бұл дорба,

Талай алтын, жиям ғой,
Ертең менен бай бар ма?”, –

деп берілген шалдың сөзінен (он алтыншы шумақ) кейін келетін он жетінші шумақтың бірінші жолы:

“Далбалақтап (?) түн бойы
Алып бақты бұл сорлы”, –

деп біріне-бірі мағына, мазмұны байланысып келетін өлең шумақтарын мүлде бұрмалап, бұзып басқан.

1909 жылғы кітапта:

.....
.....
“Талай алтын жиям ғой,
Ертең менен бай бар ма?, –
Деп қалбақтап түн бойы
Алып бақты бұл сорлы”, –

деп басылып, өлең құрылысы, мағына, мазмұны дұрыс берілген.

Өлеңнің бірінші шумағының үшінші жолы:

“Бүгінше (?) тұрсын өлмен деп,
Үйіне қайта апарған”, –

деп басылса, 1909 жылғы кітапта:

“Ертеңше тұрсын өлмен деп
Үйіне қайта апарған”, –

(91-бет), яғни ертең суға тастармын, ертеңге шейін тұра тұрсын деген дұрыс ұғым берілген.

Өлеңнің жиырма үшінші шумағының екінші жолы:

“Өзі әбден жүдепті”, –

деп басылса, 1909 жылғы кітапта:

“Өзі де әбден жүдепті”, –

деп дұрыс басылған.

1954 жылғы жинақты даярлаушылар Абай шығармаларын 1909 жылғы жинақ бойынша басып отырмыз десе де, іс жүзінде олай болмаған.

Бадырайып көрініп тұрған Абай өлеңдеріне кірген “бөтен сөздерді” көрмеген.

Кітаптың алпыс алтыншы бетіндегі Крыловтан аударған “Есек пен бұлбұл” (“Осел и соловей”) деген мысал-өлеңінің бірінші шумағының үшінші жолы:

“Қаңғырып өлкені өрлеп келе жатып”, –

деп басылса, 1909 жылғы жинақта:

“Тентіреп өлкені өрлеп келе жатып”, –

(91-бет) деп басылған.

Өлеңнің екінші шумағының соңғы жолы:

“Рас па екен жұрттың сөзі, сынар едім”, –

деп басылып, өлең “тілге жеңіл” келмей ақсап жатыр.
1909 жылғы жинақта:

“Жұрттың сөзін рас па сынар едім”, –

(91-бет) деп дұрыс басылған.

Өлеңнің үшінші шумағының үшінші жолы 1909, 1954 жылғы және басқа жинақтарда:

“Өнерге салды бұлбұл сонда аңыратып,
Шыңғыртып (?), шымырлатып, сорғалатып”, –

деп басылған.

Бұлбұлдың әсерлі әдемі әнін сүйсіне суреттеп отырған ақын “шыңғыртып” деген құлаққа соншама жайсыз тиетін мазасыз мағынасыз үнді (шыңғыруды) мадақтамауы даусыз.

“Құр айғай бақырған,
Құлаққа ән бе екен”, –

Немесе:

“Есі шықпай мұнан да ішкен артық,
Қисыны жоқ қышқырған неткен тантиқ”, –

демей ме Абай.

“Бақырған”, “қышқырған” деген жағымсыз дауыстарды айтса, сол мағынадағы “шыңғыру” деген сөзді Абай бұлбұлдың сайрауын суреттеуде қолданбайды (құсты “шыңғырды” деп ешбір қазақ айтпайды ғой).

Сондықтан:

“Өнерге салды бұлбұл сонда аңыратып,
Шырқатып, шымырлатып, сорғалатып”, —

деп оқысақ, Абай жазған түпнұсқаны табамыз деп сенеміз.
“Шыңғыртып” деген сөз баспаның қатесі дейміз.
Өлеңнің алтыншы шумағының үшінші жолы:

“Бұл сықылды сыншының сөзін естіп”, —

деп басылса, 1909 жылғы жинақта:

“Сол сықылды сыншының сөзін естіп”, —

деп басылған.

Өлеңнің соңғы қорытынды шумағының үшінші, төртінші жолдары:

“Сүйтсе де мұндай сыншыдан,
Құдайым бізді сақтасын”, —

деп басылса, 1909 жылғы жинақта:

“Сүйтсе де ондай сыншыдан,
Құдайым мені сақтасын”, —

деп басылған. Абай сөзінің түпкі нұсқасы осы 1909 жылғы жинақта дәл берілген дейміз.

Алпыс сегізінші беттегі Крыловтан аударма — “Қарға мен бүркіт” (“Вороненок”) өлеңінің жоғарыдан төмен санағанда жиырма бірінші жолы:

“Әкетпек болады”, —

деп басылса, 1909 жылғы кітапта:

“Ап кетпек болады”, —

деп, отыз бірінші жолы:

“Ұстап алды қарғаны”, —

деп басылса, 1909 жылғы кітапта:

”Ұстап алып қарғаны”, —

(92-бет) деп басылған.

Отыз алтыншы жолы:

“Бір жіпті берік байлап,
Аяғына жалғады”, —

деп басылған. Бұл жолда өлең жолының бір буыны жетпей, ақсап тұр.

Ал 1909 жылғы жинақта:

“Бір жіпті берік бек байлап”, —

(92-бет) деп дұрыс басқан.

“Шегіртке мен құмырсқа” (Крыловтан, 70, 71-бет):

“Онымен тұрмады”, —

деп басылса, 1909 жылғы жинақта:

“Онымен тұрмайды”, —

(93-бет) деп басылған.

Алтыншы шумақтың үшінші жолы:

“Қарағым, жылыт, тамақ бер”, —

деп басылса, 1909 жылғы жинақта:

“Қарағым, жылыт, орын бер”, —

деген. Мүмкін Абай сөзін кейінгі баспаларда “түзеушілер” Крыловтағы:

“Покорми и обогрей”, —

деген орысша текстін есіне алған болар.

Бірақ Абай “прокорми” деген Крылов сөзін “тамақ бер” деп қазақша шала білетін адамның сөзіндей етіп аудармаған. “Прокорми” дегенді “асыра” деген сөзбен берген:

“Қарағым, жылыт, орын бер,
Жаз шыққанша асыра”, —

(93-бет) деген.

Өлеңнің жетінші шумағының бірінші жолы 1909 жылғы жинақта:

“Оның, жаным, сөз емес”, –

десе, 1954 жылғы жинақта:

“Мұның жаным, сөз емес”, –

деп “түзеген”.

“Қарға мен түлкі” (Крыловтан, 76,77-бет) жоғарыдан санағанда жиырмасыншы, жиырма екінші жолдары:

“Ептеп барып барлады,
Бұлғақтатып құйрығын,
Қарғаның көзін алдады”, –

деп басылған. Ал 1909 жылғы жинақта “барлады”, “алдады” деген сөздер “барлайды”, “алдайды” деп басылған (95-бет).

Отыз бесінші жол:

“Осы көрікпен, бұл жүнмен,
Әншілігің білінді”, –

деп басылса, 1909 жылғы жинақта:

“Әншілігің белгілі”, –

деп берілген. “Белгілі” деген сөз өлеңнің мағынасына да, ұйқасына да дұрыс келіп тұр. Осы жолдың соңынан:

“Ұялмай, қалқам, бір сайра,
Біз де алалық үлгіні”, –

деп келеді.

Төменнен жоғары санағанда алтыншы жол:

“Қуанғаннан бүртініп”, –

деп басылған, дұрысы “бөртініп”, төртінші жолы:

“Өзіне біткен өңешін,
Аямастан қарқ етті”, –

деп басылған. 1909 жылғы жинақта:

“Өзіне жеткен өңешін”, –

деп, Крыловтың: “Ворона каркнула во все воронье горло” деген өлең жолын дұрыс беріп тұр.

“Бақа мен өгіз” (1909 жылғы жинақта: “Бақа мен бұқа” делінген) өлеңнің төртінші шумағының екінші, үшінші жолдары:

“Күшенді де, бүртінді,
Қарны үлкейді қампайып”, —

деп басылса, 1909 жылғы жинақта:

“Күшенді де бөртінді,
Қарны үлкейді қампайды”, —

(96-бет) деп басылған. Бесінші шумақтың екінші жолы:

“Қарашы, — деді, — сен бізге”, —

деп басылса, 1909 жылғы жинақта:

“Қара, — деді, сен бізге”, —

делінген.

Жетінші шумақ:

Жетем деп кеп кіжініп,
Келгенінше шамасы,
“Үлкейдім” деп ісініп,
Дейді: “Енді бір қарашы”, —

деп басылған. 1909 жылғы жинақта:

Күшенді келіп кіжініп,
Келгенінше шамасы,
Өстім ғой деп ісініп,
Деді: “Енді қарашы”, —

(96-бет) деп басылған.

Сегізінші шумақтың соңғы жолы:

Айтқан сөзге көнбеді, —

деп басылған. 1909 жылғы кітапта:

Айтқанына көнбейді, —

деп берілген.

Сексен екінші беттегі Крыловтан аударма “Піл мен қанден” (“Слон и Моська”) өлеңінің бірінші шумағының екінші жолы 1945, 1954 жылғы жинақтарда:

“Көшеде піл жетелеп біреу жүрді,
Кім көріпті (?) қайуанды мұндай түрді (?)”, –

деп берілген.

Ал 1909 жылғы жинақта (96-бет), 1940 жылғы жинақта (139-бет):

“Кім көрген қайуанды, мұндай түрлі”, –

деп басқан. Өлең мазмұны 1909 жылғы, 1940 жылғы жинақтарда дұрыс берілген деуге болады.

Екінші шумақтың бірінші жолы:

“Көшеде кез боп бір қанден”, –

деп басылса, 1909 жылғы кітапта:

“Көшеде қанден кездей кеп”, –

(96-бет) деп басылған.

Абайдың “Есінде бар ма жас күнің” (86-бет) деп басталатын өлеңінің екінші шумағының үшінші жолы:

“Үміт жақын, көңіл ақ”, –

деп, төртінші шумағының үшінші жолы:

“Махаббат кетті, дос кетті”, –

деп басылған.

1909 жылғы жинақта:

“Үміті жақын көңіл ақ,
.....
Қасиет кетті, дос кетті”, –

деп басылған. 1954 жылғы жинақта “қасиет” деген сөздің орнына Мүрсейіт қолжазбасы бойынша “махаббат” деп түзедік делінген. Бізше “қасиет” деген дұрыс. Абай бұл арада қасиетті жастық шағын айтып отыр.

“Адам бір боқ көтерген боқтың қабы” деген өлеңінің екінші шумағының екінші жолы:

“Көз жетті бір қалыпта тұра алмасқа”, –

деп басылған, 1909 жылғы жинақта:

“Көз жетті бір қалыпты тұра алмасқа”, –

(56-бет) деп берілген.

“Нұрлы аспанға тырысып өскенсің сен” (91-бет) деген өлең 1909 жылғы жинақта Лермонтовтан делінген. 1954 жылғы жинақта: “Лермонтовта бұл өлеңнің оригиналы жоқ” деген түсінік берілген.

Бұл өлеңнің аударма екені айқын. Кімнен аударылғанын зерттеу алдағы міндет.

Осы өлеңнің үшінші шумағының үшінші жолы:

“Дәні толық, басы ауыр егіндей-ақ”, –

деп басылған. Ал, 1909 жылғы жинақта:

“Дәні толық, басы үлкен егіндей-ақ”, –

(85-бет) делінген. Өлеңнің оригиналы белгісіз болғандықтан және “ауыр”, “үлкен” деген сөздердің өлең мазмұнына осы екі сөздің қайсысын қолданғанын әзірге кесіп айту қиын.

Бірінші шумағының екінші жолы:

“Теңіздің түбіндей-ақ қарап бақшы”,

деп басылса, 1909 жылғы жинақта “қарап” деген сөздің орнына:

“Теңіздің түбіндей-ақ ойлап бақшы”, –

(86-бет) делінген.

Екінші шумақтың екінші жолы 1909 жылғы, 1954 жылғы, т.б. жинақтарда:

“Жан шөлдер өзіндеймен танықанша,
Бірінен бір үлесіп алысқанша (?)”, –

деп басылған. Осы екінші жол өлеңнің мазмұнына қайшы

келіп, айқын ұғым бермей тұр. Сонда біз бұл жолды баспадан кеткен қате деп қарап, өлеңнің мағына, мазмұнына сәйкес:

“Бірімен бірі үйлесіп алысқанша”, –

деп оқысақ, Абай жазған түпнұсқаға жақындар еді деп ойлаймыз.

Бесінші шумақтың соңғы жолы:

“Оның өзін тағы да кім уатпақ”, –

деп басылған. 1909 жылғы кітапта:

“Оның өзін және де кім уатпақ”, –

деп басқан.

Тоқсан төртінші беттегі “Жүректе көп қазына бар, бәрі жақсы” деген Я. Полонскийден аударма (“Сердце”) өлеңінің соңғы шумағының бірінші жолы соңғы жинақтарда:

“Жұрт айтқан сол ант мезгіл келсе (?) керек,
Мен де – бенде, амалсыз көнсем керек”, –

деп басылып жүр. 1909 жылғы жинақта:

“Жұрт айтқан соң ант мезгіл келсең керек”, –

деп басылған (86-бет). Осы дұрыс.

“Увы! Говорят: неизбежно
Придет злое время, придет!” –

деген ұғымды да “келсең керек” деп беру оригиналға жақын және өлеңнің көркемдік түріне, ұйқасына дұрыс келіп тұр:

Тоқсан алтыншы беттегі “Жүрегім нені сезесің” деген Абай өлеңінің алтыншы шумағының соңғы жолы, 1909 жылғы жинақта (40-бет) және 1945, 1954 жылғы жинақтарда:

“Ақыл айтсақ біреуге
Ішің еріп, егіліп,
Ұялмас ақы тілеуге,
Бермесен қалар (?)”, –

деп қате басылып, өлеңнің мазмұнына көрнеу зиян келтіріп тұр. Дұрысы:

“Бермесен қалар түңіліп”, —

деп оқыса дейміз.

Жүзінші беттегі “Көлеңке басын ұзартып” деген өлеңнің екінші шумағының екінші жолы:

“Сұрғылт тартқан бейуаққа”, —

деп басылса, 1909 жылғы кітапта:

“Сұрқыл тартқан бейуаққа”, —

(38-бет) делінген. Бізше осы дұрыс.

Өлеңнің ақырғы шумағы:

“Ермен шықты, ит қылып,
Бидай шашқан егінге.
Жай жүргенді өрт (?) қылып...
Тыныш өлсеңші тегінде”, —

деп берілген. Мұндағы “өрт” деген сөз өлеңнің мағынасын түсініксіз етіп тұр.

1945 жылғы жинақтың 439-бетіндегі берілген түсінікте:
“...Өлеңнің соңғы шумағындағы:

“Жай жүргенді өрт қылып
Тыныш өлсеңші тегінде”, —

дегендегі: “өрт” (жалын) деген сөз өлеңнің осы жердегі мағынасына сай келмегендіктен, бұл баспасында: “үрд қылып” деп түзетілді. Үрд — әдеттену, бір нәрсені дағды, үрдіс ету дегенді білдіреді (араб сөзі), — дейді. Өлең мазмұнына қарағанда, бұл түсінік көңілге қонымды сияқты. Бірақ “үрд” деген араб сөзін дәл осы арада Абай қолданды ма? Оны кесіп айту қиын. Бұл өлең жолы әлі зерттеуді керек етеді.

“Ұяламын дегені көңіл үшін”, —

(102-бет) деген өлеңнің екінші шумағының бірінші, үшінші жолдары:

“Жалығу бар, жалқу (?) бар, іш пысу бар.
.....
Ар мен ұят ойламай төнін асырап”, —

деп басылса, 1909 жылғы жинақта:

“Жалығу бар, шалқу бар, іш пысу бар,
.....
Ар мен ұят ойламай тән асырап”, –

(29-бет) деп дұрыс басылған.

Үшінші шумақтың бастапқы екі жолы:

“Туысқаның, дос-жарың — бәрі екіұшты (?)
Сол себептен досыңнан дұшпан күшті”, –

деп басылса, 1909 жылғы жинақта

“Туысқаның, достарың — бәрі екіұшты,
Сол себептен досыңнан дұшпан күшті”, –

деп басылған.

“Осы қымыз қазаққа” деген өлеңнің басталуындағы қазаққа деген сөздің өзі сөйлем құрылысы жөнінен келесі жолға шалыс тұр. Барлық жинақтарда да осылай басылып жүр. Осы сөздің дұрыс жазылу жайы зерттеу керек ететін сияқты.

Өлеңнің жетінші жолы:

“Қызылшыл семіз жас қымыз”, –

деп ең соңғы жолы:

“Күзетке оңай шошынба”, –

деп басылған, 1909 жылғы кітапта:

“Қызылшыл семіз жаз қымыз”, –

(56-бет) деп, соңғы жолы:

“Күзетші оңай шошыма”, –

(57-бет) деп басылған. Бұл өлең әлі де зерттеу тілейтін өлең.

Осы өлеңге берілген түсінік пен (294-бет) басылған өлең тексті бірімен-бірі қайшы келіп жатыр.

Жүз отыз үшінші беттегі “Жұмбақ” өлеңнің бірінші жолы осы 1954 жылғы және 1945 жылғы жинақтарда да:

“Сыналар, ей, жігіттер, келді кезің (?),
Сәулең болса бермен кел талапты ерің”, –

деп басылып жүр. Бізше:

“Сыналар, ей жігіттер, келді жерің”, –

деп оқысақ, түпнұсқаға дәл болар еді.

Жүз қырық бесінші беттегі “Домбыраға қол соқпа...” деп басталатын өлеңнің үшінші шумағы әуелгі жазып алып тапсырған (1944) қалпынан адасып, қате басылып, өлең көркемдігі басқа шумақтардан ерекше көзге түсіп, жүдеп тұр.

Басқа шумақтардың бәрі:

..... а
..... б
..... а
..... б

түріндегі қаусырма ұйқаспен дұрыс басылса, үшінші шумақ:

“Онан да жылы жүзіңмен А
Кел, жарым, қара бетіме. Б
Жылы тәтті жауап айт, В (?)
Іштегі қайғы дертіме”, – Б

деп үшінші жолы қате басылғандықтан, өлең ұйқасы ақсап, көркемдігін бұзып тұр.

Дұрысы:

Онан да жылы жүзіңмен, А
Кел, жарым, қара бетіме. Б
Жауап айт жылы сөзіңмен, А
Іштегі қайғы дертіме. Б

Осы екінші томның соңында: “Негізгі нұсқасы белгісіз өлеңдер” деп басылған Абайдың жиырма төрт өлеңінің бір де біріне түсінік берілмеген.

Бұлардың бәрі де бұрынғы баспаларда бар және бұрынғы жинақтарда түсінік берілген, Абай өлеңдері деп танылған өлеңдер.

Келесі баспада бұл өлеңдерге толық түсініктер берілуі керек және осы 1954 жылғы жинаққа себепсіз кірмей қалған Абай өлеңдері ақын жинағына кіруі керек.

Біз Абай жинағының 1954 жылғы шыққан екі кітабындағы өлеңдерінде әзірше байқалған текстологиялық кемшілік, қателіктер жөніндегі айтпақ пікірімізді аяқтаймыз.

Енді екінші томдағы басылған Абай “қарасөздеріне” тоқталамыз.

Абайдың “қарасөздері” ақынның жинағына 1933 жылдан бастап қана кіріп жүр.

Абай осы қара сөзбен жазған еңбектерін өзі не деп атады екен?

Ол — әлі күнге нақтылы шешілмеген мәселе. Абайдың қара сөзбен жазған еңбектері Мүрсейіттен басқа да бірнеше адамдардың қолжазбаларында сақталған. Олардың ішінде әзірше бізге мәлімі, Дайырбай Қожанұлы мен Рахым Жандыбайұлының қолжазбалары.

Дайырбай қолжазбасында “Ғақылия кітап” деп аталады. Дайырбай 1909 жылы жазыпты. Рахымның 1913 жылғы қолжазбасында “Кітап ғақылия” делінген.

Абайдың 1940 жылғы жинағында “Ғақылия сөздері” деп, 1945 жылғы жинақта “Ғақылия қара сөздер” деп, 1954 жылғы жинақта “Қарасөздер” деп жарияланған.

Абай шығармаларын ерте көшіріп жазушылардың Самарбай, Махмұт, Ыбырай, Оразке, т. б. адамдар болғаны да мәлім.

Жалғыз Мүрсейіттің ғана емес, басқа адамдардың да сақталған қолжазбаларын жинап, оларды салыстыра отырып, Абай бұл шығармаларын қалай атағанын шешу қажет.

Сонымен бірге Абайдың қарасөзбен жазылған шығармаларының қайсысы қай кезде жазылғанын анықтау да алдағы міндет. Онсыз қарасөздерінің қайсысын бірінші, қайсысын екінші, үшінші, т. т. сөз деп кесіп айту қиын.

Осы күнге дейінгі жинақтарда басылып жүрген тәртібі (реті), сол сияқты әрбір сөздерінің соңынан беріліп жүрген жазылған жылы, уақыты ешбір дәлелсіз, дерексіз ойжота берілген⁸.

Жинақтарда “Отыз екінші сөз” делініп басылып жүрген сөзінде былай дейді:

“Бесінші — осы сөздің он тоғызыншы номерінде (астын сызған біз. — Қ. М.) жазылған ақыл кеселі деген төрт нәрсе бар. Содан қашық болу керек. Соның ішінде уайымсыз салғырттық деген бір нәрсе бар, зинһар, жаным, соған бек сақ бол, әсіресе, әуелі — құданың, екінші — халықтың, үшінші — дәулеттің, төртінші — ғибраттың, бесінші — ақылдың, ардың бәрінің дұспаны” (1954 жылғы жинақ, II том, 205-бет).

Ал енді Абай айтып отырған он тоғызыншы номерді (сөзді) қарасақ (кітаптың 183-беті), одан Абайдың “Он то-

ғызыншы нөмерде жазылған” дегенін таба алмаймыз. Адамсамыз. Сөйтсек, Абай айтып отырған он тоғызыншы нөмер кітапта “Отыз бірінші сөз” болып басылыпты.

Жинақтарда “Отыз бірінші сөз” деп басылып жүрген сөз, “отыз бірінші” емес, “он тоғызыншы сөз” екенін Абайдың өзі ашып беріп отыр.

Олай болса, жинақтардағы сөз реті мүлдем ауысып, шатасып кеткенін көреміз.

Біз енді Абай қарасөздерінің жинақтарда беріліп жүрген ретімен Мүрсейіт және Рахым Жандыбаев қолжазбаларында жазылған ретін салыстырсақ, былай болып шығады:

Абай жинақта- рындағы басылу реті	Мүрсейіт қол- жазбасындағы жазылу реті	Р. Жандыбаев қолжазбасын- дағы жазылу реті	Ескерту
1	2	3	4
Бірінші сөз	Жиырма үшінші сөз	Жиырма үшінші сөз	Жандыбаев сөз демеяді “номер” дейді
Екінші сөз	Жиырма жетінші сөз	Жиырма жетінші сөз	
Үшінші сөз	Бірінші сөз	Бірінші сөз	
Төртінші сөз	Екінші сөз	Екінші сөз	
Бесінші сөз	Үшінші сөз	Үшінші сөз	
Алтыншы сөз	Төртінші сөз	Төртінші сөз	
Жетінші сөз	Бесінші сөз	Бесінші сөз	
Сегізінші сөз	Отыз үшінші сөз	Отыз үшінші сөз	
Тоғызыншы сөз	Тоғызыншы сөз	Тоғызыншы сөз	
Оныншы сөз	Жиырма үшінші сөз	Жиырма төртінші сөз	
Он бірінші сөз	Отызыншы сөз	Отызыншы сөз	
Он екінші сөз	Жетінші сөз	Жетінші сөз	
Он үшінші сөз	Алтыншы сөз	Алтыншы сөз	
Он төртінші сөз	Сегізінші сөз	Сегізінші сөз	
Он бесінші сөз	Он бірінші сөз	Он бірінші сөз	
Он алтыншы сөз	Он үшінші сөз	Он үшінші сөз	
Он жетінші сөз	Он бесінші сөз	Он бесінші сөз	
Он сегізінші сөз	Жиырма екінші сөз	Жиырма екінші сөз	
Он тоғызыншы сөз	Он тоғызыншы сөз	Он тоғызыншы сөз	
Жиырмасыншы сөз	Тоғызыншы сөз	Оныншы сөз	

Жиырма бірінші сөз	Он екінші сөз	Он екінші сөз	
Жиырма екінші сөз	Он алтыншы сөз	Он алтыншы сөз	
Жиырма үшінші сөз	Он жетінші сөз	Он жетінші сөз	
Жиырма төртінші сөз	Жиырма бесінші сөз	Жиырма бесінші сөз	
Жиырма сегізінші сөз	Жиырма бесінші сөз	Жиырма сегізінші сөз	
Жиырма алтыншы сөз	Отыз алтыншы сөз	Отыз алтыншы сөз	
Жиырма жетінші сөз	рет саны жоқ	сақталмаған	
Жиырма сегізінші сөз	Он төртінші сөз	Он төртінші сөз	
Жиырма тоғызыншы сөз	Он сегізінші сөз	Он сегізінші сөз	
Отызыншы сөз	Жиырма тоғызыншы сөз	Жиырма тоғызыншы сөз	
Отыз бірінші сөз	Жиырмасыншы сөз	Жиырмасыншы сөз	
Отыз екінші сөз	Жиырма бірінші сөз	Жиырма бірінші сөз	
Отыз үшінші сөз	?	Отыз төртінші сөз	
Отыз төртінші сөз	Отыз бірінші сөз	Отыз бірінші сөз	
Отыз бесінші сөз	Отыз екінші сөз	Отыз екінші сөз	
Отыз алтыншы сөз	Отыз тоғызыншы сөз	Отыз тоғызыншы сөз	
Отыз жетінші сөз	рет саны жоқ	Қырық екінші сөз	
Отыз сегізінші сөз	рет саны қойылмаған	басынан бастап бірнеше беттері жоқ	
Отыз тоғызыншы сөз	/-/	Жиырма алтыншы сөз	
Қырықыншы сөз	/-/	Отыз бесінші сөз	
Қырық бірінші сөз	/-/	Отыз жетінші сөз	
Қырық екінші сөз	/-/	Отыз сегізінші сөз	
Қырық үшінші сөз	/-/	Қырықыншы сөз	
Қырық төртінші сөз	/-/	Қырық бірінші сөз	
Қырық бесінші сөз	/-/	сақталмаған	
42-номердегі			Бұл сөз сөзбен бірге жазылған болуы керек.

Біз бұл салыстыруда Мүрсейіт қолжазбасындағы жазылу реті жөнінде 1945 жылғы жинақтың түсінігіндегі мәліметті пайдаландық. Сөздің қай қолжазбадан алынғаны айтылмаған жерде сұрақ белгісін қойдық. Жандыбаевтың өз қолжазбасын қарап шықтық.

Бұл салыстырудан Мүрсейіт пен Жандыбаев қолжазбаларындағы сөз ретінің жазылуында көп алшақтық жоғын байқаймыз. Бұл екі қолжазбадағы Абайдың отыз екі сөзінің жазылу реті бірдей.

Тек Мүрсейіттегі жиырма үшінші дегені Жандыбаевта 24-сөз, Мүрсейітте — тоғызыншы дегені, Жандыбаевта — оныншы.

Қалған сөздің кейбіреуінің рет саны бір қолжазбада болса, екіншісінде көрсетілмеген.

Жоғарыда біз әңгіме еткен кітаптағы “отыз екінші сөз” Мүрсейітте де, Жандыбаевта да “жиырма бірінші сөз” деп жазылған. Абайдың: “Он тоғызыншы сөзді” қара деген сөзі кітапта “Отыз бірінші сөз” болып басылса, Мүрсейіт пен Жандыбаев қолжазбаларында “Жиырмасыншы сөз” болып жазылған.

Ал “Он тоғызыншы сөз” жинақтарда да, Мүрсейіт және Жандыбаев қолжазбаларында да “он тоғызыншы сөз” болып берілген.

Бұл екі қолжазбада “он тоғызыншы” және “жиырмасыншы сөздердің” тақырып, мағына-мазмұны бір-біріне өте жақын. Сонда қолжазбалардағы “он тоғызыншы”, “жиырмасыншы” болып жазылып жүрген сөздер мағына, мазмұнына сәйкес бір сөз болып, яғни он тоғызыншы сөз болып қосылып жазылатын болса, Абай нұсқап отырған “он тоғызыншы сөзі” дұрыс қалпына келер еді.

Әрине бұл бір сөзді ғана осы дәлелдермен түзеп, алғашқы Абай жазған нұсқасына келтірген болсақ та, қалған қырық төрт сөздің алғашқы жазылу ретіне, түпнұсқасына келтіру мәселесі шешілмейді. Ол үшін Абай сөздерінің көшірме, қолжазбаларының бірнеше нұсқасын (вариантын) салыстырып, терең зерттеп барып қорытынды жасау керек. Бұл — Абайды зерттеп жүрген әдебиетшілердің бірігіп отырып шешетін мәселесі.

Енді біз өз қолымызда бар мағұлұматтарға ғана сүйеніп және өзімізге айқын көрініп тұрған кемшіліктерді еске ала отырып, жинақта басылған Абай сөздерінің текстологиясына тоқталайық.

Біз 1954 жылғы Абай жинағының II томында басылған қара сөздерін (жиырма жетінші, отыз сегізінші, қырық бесінші сөздерден басқасын). Жандыбаев қолжазбасында 27, 45 сөздер сақталмаған, 38 сөздің жартысы ғана сақталған) Р. Жандыбаев қолжазбасында жазылу нұсқасымен салыстырып шықтық. Кітапта Абай сөздерінің басылу реті Р. Жандыбаев қолжазбасындағы жазылу ретімен сәйкес келмейді. Оны жоғарыда көрсеттік. Ал кітаптағы Абай сөздерін тақырып, мазмұн ретімен алып, қолжазбамен салыстырғанда негізгі мазмұны бір болып келеді де, әрбір қара сөздерде жеке сөз, сөйлемдер (барлық сөзде де) кітапта

бір басқа, қолжазбада бір басқа берілген және кейбір жеке сөздер, сөйлемдер кітапта болса, қолжазбада жоқ, қолжазбада болса, кітапта жоқ.

Бұл салыстыру нәтижесін түгелдей осы кітаптан көру мүмкін емес.

Сондықтан Р. Жандыбаев қолжазбасындағы жазылу нұсқасы 1940, 1945 жылдардағы Абай жинақтарында басылуымен дәлме-дәл келіп, оларға 1954 жылғы жинақта басылуы қайшы келген жерлерін ғана әңгіме етеміз. Онда біз — 1940, 1945 жылғы жинақ Мүрсейіт қолжазбасына сүйенген деп қарап, Р. Жандыбаев қолжазбасы Мүрсейіт қолжазбасымен сәйкес келеді дейміз. Сонда осы деректерге сүйеніп, 1954 жылғы жинақтағы Абай қарасөздерінің кате басылған кемшіліктерін ашамыз.

Ал Абай жинақтарында болсын, қолжазбада болсын Абай сөзіне көрінеу нұқсан келіп тұрған жерлері байқалған жағдайда ғылыми жорамалға сүйенеміз.

“Екінші сөздің” 1954 жылғы жинақта:

“Мен бала күнімде естуші едім, біздің қазақтар сартты көрсе, (?) қулуші еді...” делінген,

Жандыбаев қолжазбасында, 1940, 1945 ж. ж. жинақтарда:

“...қазақтар сартты көрсе, сартқа қулуші еді...”, — деп сөйлем ұғымды, толық, дұрыс берілген.

Осы сөздің екінші абзацының бастапқы екі жолы жинақта:

“...бізден басқа халықтың бәрі антұрған (?) екен...”, — деп басылып, екі сөз қалып қойған.

Қолжазбада және 1940, 1945 ж. жинақтарда:

“...бізден басқа халықтың бәрі антұрған жаман келеді екен...”, — деп дұрыс берілген.

Осы абзацтағы ақырғы сөйлем жинақта:

“Орысқа қарамай тұрғанда қазақтың өлгенінің ақірет (?) тірісінің киімін (?) жеткізіп тұрды”, — деп басылса, қолжазбада 1940, 1945 ж.ж. жинақтарда:

“...өлісінің ақіреттігін, тірісінің киімін сол жеткізіп тұрды”, — деген.

“Үшінші сөздің” екінші абзацының төртінші сөйлемі жинақта:

“Қыстауы тарлық қылса...”, —

деп басталады. Қолжазбада және 1940, 1945 ж.ж. жинақтарда:

“Егер қыстауы тарлық қылса...” — деп берілген. Осы абзацтың ақырғы сөйлемі жинақта:

“...әр қазақтың ойы осы”, —

деп басылған. Қолжазбада және 1940, 1945 жылғы жинақтарда:¹⁰

“...әрбір қазақтың ойы осы”, —

делінген. Бесінші абзацтың екінші сөйлемі жинақта:

“Өтірік көрмегенін көрдім деуші куәларді (?) әлдеқашан дайындап қойған (?)”, —

деп басылған. Қолжазбада, бұрынғы жинақтарда:

“...куәлар әлдеқашан дайындап қойылған, делінген. “Куәлар” деген сөз қолжазба мен бұрынғы жинақтарда сәйкес келеді де, “қойылған” деп тек Жандыбаев қолжазбасында жазылған. Сөйлем құрылысына, сөз мазмұнына сай осы жоғарыдағы түзеп оқуды дұрыс деп білеміз.

Алтыншы абзац жинақта:

“Осы күні қазақ ішінде...” —

деп басталса, қолжазбада, бұрынғы жинақтарда:

“Осы күні қазақта...” —

деп басталады.

Осы абзацтың ақырғы сөйлемі жинақта:

“Осы қазақ халқының осындай бұзықшылыққа тартып, жылдан-жылға төмендеп бара жатқанын көрген соң, менің ойыма келеді”, — деп сөйлемдегі сөз орындары ауысып басылған. Қолжазбада, бұрынғы жинақтарда:

“Осы қазақ халқының осындай жылдан-жылға төмендеп, бұзықшылыққа тартып бара жатқанын көрген соң, менің ойыма келеді”, — деп берілген. Бұдан соңғы келетін абзацтың 1954 жылғы жинақтағы басылуымен 1940, 1945 жылдардағы жинақтардағы басылуы арасында және қолжазбада жазылу нұсқасында осы айтылған үш жинақтағы басылу түріне де қайшы келетін айырма бар. Сондықтан жинақтарда басылу түрлерімен қолжазбаны салыстырып көрейік.

1954 жылғы жинақта:

“Халықтың болыстыққа сайлаймын деген кісісі пәлен қадірлі орысша образование алған кісі болсын. Егер де орталарында ондай кісі жоқ болса, яки бар болса да, сайламаса, уездной начальник пенен военный губернатордың назначениесімен болады десе, бұл халыққа пайдалы болар ма еді”, — деп басылған.

1940, 1945 жылдардағы жинақтарда:

“...ондай кісі жоқ болса, яки бар болса да, сайламаса жоғарғы ұлықтың айтуымен (?) назначением болады десе, бұл халыққа пайдалы болар ма еді деймін” — деп басылған. Бұндағы айырма 1954 жылғы баспада “уездный начальник пенен военный губернатордың” деп әкімшілік орындарды өз атымен дұрыс атап көрсетсе, 1940, 1945 жылдардағы жинақта “Жоғарғы ұлықтың” деп Абай сөзін бұрмалап, қазақшалап берген. 1940, 1945 жылдардағы баспалардағы ең соңғы “деймін” деген сөз 1954 жылғы баспада жоқ.

Ал қолжазбадағы жазылу нұсқасы сөйлем құрылысы жағынан болсын, мазмұны жағынан болсын жоғарғы, үш жинақта басылғаннан басқаша:

“Халық болыстыққа сайлаған кісісі пәлен қадірлі орысша образование алған кісі болсын. Егер ондай кісісі жоқ болса, яки бар болса да, сайламаса, уездной начальник пенен военный губернатордың назначениесімен болады десе, бұл халыққа бек пайдалы болар еді деп ойлаймын”.

Қолжазбада жазылу түрінде Абай өзінің қорытынды ойын айтып отырса, жинақтарда пайдалы болар ма еді” деп сұрақ қойылып, екіұшты пікір, қорытылмаған тиянақсыз дүдәмал ой айтылып отыр. Бізше қолжазбада Абай сөзі дұрыс берілген. Себебі, ақын осы үшінші сөзінің басынан аяғына дейін өзінің өмір тәжірибесінен көріп қорытқан ойын, түйінді пікірін айтып отыр.

Келесі абзацтың бірінші сөйлемі жинақта:

“Уа және назначением сайлау (?) қылғанда тергеуі, сұрауы барлығына қарамаса...”, — деп басылған.

1940, 1945 жылғы жинақтарда: “Атаумен сайлау (?) қылғанда...”, — деп басылған. “Уа және” деген сөздер қалып қойған, орыс сөзі қазақшаланған. Бірақ осы үш жинақта да сөйлем мағына жағынан сәйкес.

Қолжазбада:

“Уа және назначение қылғанда тергеуі, сұрауының барлығына қарамаса...”, — деп жазылған. Мұнда “сайлау” деген сөз жоқ. Бізше осы қолжазбада Абай сөзі, Абай ойы дәл, дұрыс берілген. Абай болыс сайлаумен емес, назначением болсын деп отыр. Олай болса жинақтардағы: “назначение сайлау қылғанда” деп басылуы дұрыс емес. “Наз-

начение” деген ұғымға “сайлау” деген қарама-қарсы ұғым беретін сөздің қатар қолдануы ешбір ақылға сыймайды.

“Төртінші сөздің” екінші абзацындағы жетінші сөйлем жинақта:

“Уайым-қайғысыздығына уайым-қайғы қылдағы, сәл (?) уайым-қайғысыздықтан құтыларлық орынды харекет табу керек һәм қылу керек”, –

деп басылған.

Мұндағы “сәл” деген сөз бүкіл сөйлемдегі айтылып отырған ойды басқа бір шалғай мағынаға бұрып, бұзып тұр.

Дұрысы:

“Сол уайым-қайғысыздықтан құтыларлық орынды харекет табу керек..”, –

деген болады. Қолжазбада, Абайдың бұрынғы жинақтарында да осылай берілген.

Жинақта үшінші абзацта:

“...әрбір адамның жаман қылығына күлсең, оған рахаттанып күлме...”, – деп басылса, қолжазбада, бұрынғы жинақтарда:

“...Әрбір жаман кісінің қылығына күлсең, Оған рахаттанып күлме...”, –

делінген. Осы абзацтың екінші сөйлемінде:

“...Әрбір жақсы адамның...”, –

деген сөздер, қолжазбада, бұрынғы жинақтарда:

“...Әрбір жақсының...”, –

деп берілген.

“Бесінші сөздің” бірінші абзацындағы екінші сөйлемдегі:

“...тілек тілегенін көзім көрді”, –

деген сөздер, қолжазбада және бұрынғы жинақтарда:

“...тілек тілегенін өзім көрдім”, –

деп берілген. Осы абзацтағы: “ер азығы мен бөрі азығы жолда” деген мақалдан кейін, қолжазбада, бұрынғы жинақтарда:

“Ердің малы елде, еріккенде қолда”, “берген перде бұзар”, — деген тағы екі мақал келеді. Олар 1954 ж. жинақта басылмай қалып қойған.

Екінші абзацтағы “...әділет үшін қам жемейді екен, бірақ дегеннен кейін келетін:

“...мал үшін қам жейді екен. Ол малды қалайша табуды білмейді екен”, — деген қолжазбада және бұрынғы жинақтарда бар сөздер, 1954 жылғы жинаққа кірмеген. Сөйтіп, Абай сөздерінің орны ойсырап, мағынасыздыққа айналған.

Осы екінші абзацта:

“Әйтеуір ұрлық, қулық-сұмдық тіленшектік, соған ұқсаған қылықтың қайсысын болса да қылып жүріп, мал тапса, жазалы демесек керек екен”, — дейді. Ал енді келесі абзацтың бірінші сөйлемі:

“Бұларының (?) жас баланың ақылынан несі артық”, — деп қате басылып, Абай сөзінің мағына-мазмұнын бүлдіріп тұр. Қазақтың ұрлық, қулық-сұмдығын жас баланың ісімен салыстыру қандай ақылға сияды?

Абай бұл арада, өздерін “жас баладан гөрі есті кісі” санап жүргендердің, есуастық іс-әрекетін шенеп, сөгіп келіп:

“Бұлардың жас баланың ақылынан несі артық”, — деп отыр. Осылай оқысақ, Абай сөзі қалпына келеді.

Бұрынғы баспаларда, қолжазбада: “бұлардың” деп дұрыс берген.

“Алтыншы сөздің” бірінші абзацының оныншы сөйлемі жинақта:

“...Сонда әркім несібін құдайдан тілейді, әйтпесе құдайдан тілемейді”, — деп аяқталған. Қолжазбада және бұрынғы жинақтарда “құдайдан тілемейді” дегеннен кейін:

“...шаруа іздемейді”, —

деп барып сөйлемді аяқтайды. Бұл сөздер 1954 жылғы жинаққа кірмей қалғандықтан, Абай сөзі идеялық-мазмұн жағынан бұрмаланып, ойсырап тұр.

“Жетінші сөздің” абзацындағы:

“...бұл жанның тамағы еді”, —

деген сөйлем 1954 жылғы жинаққа кірмей қалған.

Төртінші абзацтың бесінші сөйлемі 1940, 1945, 1954 жылдардағы жинақтарда:

“Жанды тәнге бас ұрғыздық, еш нәрсеге көзбен де жақсы (1940, 1945 жылғы жинақтарда “көзбенен” — “көзбен” деген. “Жақсы” деген сөз жоқ. — Қ. М.) қарамадық, көңіл айтып тұрса, сенбедік”, — деп басылған. Жандыбаев қолжазбасында:

“...еш нәрсеге көңілменен қарамадық,
Көңіл айтып тұрса, сенбедік”, —

деп жазылған. Сөздің мағына, мазмұнына қарағанда, түпнұсқаны осы қолжазба дұрыс беріп отыр. Абай бұл арада көзбен қарауды айтып отырған жоқ, көңілмен қарауды айтып отыр. Көзбен қарап сыртына мәз болма, көңілмен қарап сырын ұқ деген пікірді айтады. Ақын өлеңінде де:

“Мақсатым тіл ұстартып өнер шашпақ,
Наданның көзін қойып, көңілін ашпақ”, —

демей ме? Және осы айтылған сөйлемнен кейін келетін: “Көзбен көрген нәрсенің сыртын көргенде-ақ тойдық” деген сөйлем біздің осы келтірген жорамалымызды тағы да бекіте түседі. Осы жоғарыдағы айтылған сөйлемнен кейінгі сөйлемдер 1940, 1945, 1954 жылдардағы жинақтарда:

“Сыры қалай болады деп көңілге салмадық,
Оны білмеген кісінің несі кетіпті дейміз.
Біреу көргенін айтса да ұқпаймыз”, —

деп басылған. Жандыбаев қолжазбасында екінші сөйлем:

“Біреу кеткенін айтып тұрса да ұқпаймыз”, —

деп жазылған. Осы сөйлемдегі сөз мағына, мазмұнына қарағанда түпнұсқа қолжазбада дұрыс берілген деуге әбден болады.

“Сегізінші сөздің” бірінші абзацындағы бесінші сөйлемі 1940, 1945, 1954 жылғы жинақтарда:

“Олар өздері де үздік кісіміз, өздеріміз біреуге үлгі беріп, ақыл айтармыз деп сайланады”, — деп басылып жүр. Бұл сөйлемдегі “айтармыз” деген сөз Жандыбаев қолжазбасында “айтарлықпыз” деп жазылған. Сөздің мағынасына, сөйлемнің мазмұнына қарағанда қолжазбадағы “айтарлықпыз” деген сөз түпнұсқаны дұрыс беріп тұр дейміз. Өр көкірек, өзімішкіл, өздерін-өздері “үздік кісіміз” деп отырған надан

болыстар шынында “ақыл айтармыз” деп сүйей салды етіп сөйлемейді, “айтарлықпыз” деп өздерін-өздері асыра бағалап, ауыз толтыра сөйлейді. Ондайлардың психологиясын жақсы білетін Абай олардың мінез-құлқын айнытпай береді. Сондықтан “айтарлықпыз” деген сөз түпнұсқаға сәйкес десек, қателеспейміз.

Осы абзацтың сегізінші сөйлемі жинақта:

“...қолы тимейді”, —

деп аяқталған. Қолжазбада және бұрынғы жинақтарда:

“...қолы тимегендіктен болады”, —

делінген. Екінші абзацтағы төртінші сөйлем жинақта:

“Мал болса, құдай тағаланы да паралап алсам дейді”, — деп басылған. Қолжазбада және бұрынғы жинақтарда:

“Мал болса, құдай тағаланы да паралап алса болады дейді”, — деп берілген, т. т.

“Оныншы сөздің” ең ақырғы абзацындағы сөйлем жинақта:

“Қош, сүйтіп жүріп-ақ ақыл (?) мал таптың, байыдың”, — деп басылған.

1945 жылғы жинақта:

“Қош, сүйтіп ақыл, мал таптың, байыдың”, — делінген.

1940 жылғы жинақта:

“Қош, сүйтіп жүріп ақыл, мал таптың, байыдың”, — деп берілген.

Осы сөйлем Абайдың үш жинағында да дұрыс берілмеген. Бұл сөйлемнің ішінен “ақыл” деген сөздің орын алатын ешбір реті жоқ.

Осы абзацтан жоғарғы абзацтағы соңғы үш сөйлемді және ең ақырғы абзацтың екі сөйлемін оқысақ, “ақыл” деген сөздің қатеден кіріп тұрғанын көреміз.

Абай былай дейді:

“Ерінбей еңбек қылса, түңілмей іздесе, ретін тауып істесе, кім бай болмайды. Оның саған керегі жоқ. Сенікі біреуден қорқытып алсаң, біреуден жалынып алсаң, біреуден алдап алсаң болғаны, іздегенің сол.

Бұл құдайдан тілеген емес. Бұл— абыройын, арын сатып, адам жаулағандық, тіленшілік”.

Осыдан кейін барып: “Қош, сүйтіп..” деген сөйлем басалады. Ендеше біз әңгіме етіп отырған “ақыл” деген сөздің артық, “бөтен сөз” екенін аңғару қиын емес.

Ендеше бұл сөйлемді қалай оқу керек?

Бұл сөйлем Жандыбаев қолжазбасында дұрыс берілген. Онда:

“Қош, сүйтіп жүріп-ақ, мал таптың, байдың”, – деп жазылған. Бұл арада Абай ақыл жайында әңгіме қозғап отырған жоқ. Адал еңбек етпей, арамдықпен мал табам деушілерді шенеп отыр. Сөйтіп-ақ мал тап, байи ғой деген пікірінің соңынан барып:

“Сол малды сарып қылып, ғылым табу керек”, – дейді.

Олай болса жоғарыдағы айтылған сөйлемнің жинақтарда басылып жүрген нұсқасы идеялық-мазмұны жағынан Абай сөзін мағынасыздыққа айналдырып, бұзып тұр.

Жандыбаев қолжазбасында Абай сөзі, Абай пікірі түпнұсқаға сай дұрыс берілген дейміз.

Осы “оныншы сөздің” ішінде қолжазбаға және бұрынғы жинақтарға сәйкес келмейтін тағы бірнеше сөздер бар.

“Он бірінші сөздің” бірінші абзацындағы төртінші сөйлемдегі кейбір сөздер жинақта:

“...бүйтсең көп боласың, бүйтсең кек боласың (?)...”, – деп басылған. “Кек боласың” деген сөзде ешбір мағына жоқ. Дұрысы “кек аласың”. Қолжазбада және бұрынғы жинақтарда осылай жазылып, осылай басылған. Екінші абзацтағы бесінші сөйлем жинақта:

“Бай малын (?) бағып, кедей жоғын іздеп...”, – деп басылған. Қолжазбада және бұрынғы жинақтарда:

“Бай барын бағып...” , –

делінген. Бұл арада бай өз қолындағы байлығын бағып (қорғап деген мағынада, мал бағу емес) деген ой айтылып отыр. Сөздің мағынасына қарай осылай түзеп оқысақ, түпнұсқаға сәйкес келеді.

Он үшінші сөздің бірінші абзацындағы екінші сөйлемі жинақта: “...әуелі не нәрсеге иман келтірсе, соның хақтығына ақылы бірлән дәлел жүргізерлік болып, ақылы дәлел (?) – испат қыларға жарасам. (?)”, – деп басылған. Қолжазбада және бұрынғы баспаларда: ақылы дәлел” (?) деген сөз жоқ. Бұл сөздердің болмауы дұрыс. Себебі, “испат” деген сөз дәлелдеу деген ұғымды беріп тұр және “жарасам” деген сөз “жараса” деп берілген. Бұл ара “жарасам” деп өзіне өзі айтып отырған жоқ, басқаларға насихат айтып отыр. Ол сөйлемнің өзінен де айқын көрініп тұр. Сондықтан қолжазбада дұрыс жазылған, бұрынғы баспаларда дұрыс басылған дейміз.

“Он төртінші сөздің” жүректі кісі деп қазақ қандай адам-

ды айтады, жүректі деп кімді айтуға болады деген мәселені әңгіме етеді.

Осы он төртінші сөздің бірінші абзацының соңғы екі сөйлемі Абай жинақтарында (1940, 1945, 1954 ж. ж.) былай басылған:

“Қазақтың “жүректісі” мақтауға (?) симайды. Айтқанға көнгіш, уағдада тұрғыш, бойын жаманшылықтан тез жиып алғыш, көштің соңынан итше ере бермей, адасқан көптің (?) атының басын бұрып алуға жараған, әділетті ақыл мойындаған нәрсеге қиын да болса, мойындау — әділетті ақыл мойындамаған нәрсеге, оңай да болса, мойындамау — ерлік, батырлық осы болмаса, (?) қазақтың айтқан батыры әншейін жүректі емес, қасқыр жүректі деген сөз”.

Бұл арада күдік туғызатын Абай жүректі адам деп “адасқан көптің атының басын бұрып алуға жараған” кісіні айта ма? (Мына басылуыңда солай). Жоқ, адасқан көптен өз атының басын бұрып алуға жараған адамды айта ма?

Сонда біз айтып отырған күдіктің шешуі “көптің” деп басылған сөзде ғана тұр. Сонымен бірге “болмаса” деген сөздің соңынан тыныс белгісі (үтір) қойылуы — сөйлемнің мағынасына нұқсан келтіріп тұр.

Абайдың он төртінші сөзінің тақырыбы жүректі кісі туралы дедік. Олай болса, Абай ел тағдырын шешетін бір қайраткер жайында айтып отырған жоқ, “Көппен дүрмек жүре бермей, алды-артын аңғара, абайлай білетін, бір басына ақылы жететін, сол “ақылы сенген” нәрсеге сене білетін “әділетті ақыл мойындаған нәрсеге” мойындауға ерлігі жететін жеке адамның қара басы туралы айтып отыр. Ендеше біз “көптің” қате басылған, дұрысы “көптен” деген сөз болуы керек деген қорытындыға келіп және бұның өзін екі сөйлем сөз деп біліп, сөйлемнің, бізше қате басылған деген жерін былай оқыр едік:

“...көштің соңынан итше ере бермей, адасқан көптен атының басын бұрып алуға жараған, әділетті ақыл мойындаған нәрсеге, қиын да болса, мойындау, әділетті ақыл мойындамаған нәрсеге, оңай да болса мойындамау ерлік, батырлық осы. Болмаса, қазақтың айтқан батыры әншейін жүректі емес, қасқыр жүректі деген сөз”.

Осылай түзеп, осылай оқысақ, Абай жазған түпнұсқаны алғашқы қалпына келтіреміз деп ойлаймыз. Тіпті, Абайдың “көштің соңынан итше ере бермей” деген сөзінің өзі-

ақ осылай түзеп оқу керектігін аңғартып тұр. Сонымен бірге Жандыбаев қолжазбасында да “көптің” емес “көптен” деп жазылған.

Осы “он төртінші сөзде” 1940, 1945 ж. ж. жинақтардағы және қолжазбадағы жазылу нұсқасына сәйкес келмейтін тағы бірнеше сөздер кездеседі.

Жинақтағы он екінші, он бесінші, он алтыншы, он жетінші, он сегізінші және он тоғызыншы сөздердің ішіндегі жеке сөйлемдердің және сөздердің басылу түрімен қолжазбадағы жазылуы және бұрынғы жинақтарда басылуы арасындағы қайшылықтар жиі кездеседі.

“Жиырмасыншы сөздің” бірінші абзацындағы алтыншы сөйлем 1954 ж. ж. жинақтарда:

“Ақылы түгел, ойлы адамның(?) баласы(?), Осы адам баласының жалықпайтуғын нәрсесі бар ма екен?” –

деп басылып, сөйлемнің мағынасы дәл берілмей, күңгірт тұр.

Ал, осы сөйлем Жандыбаев қолжазбасында:

“Ақылы түгел ойлы адамның бір баласы ойланса, осы адам баласының жалықпайтуғын нәрсесі бар ма екен?”, –

деп жазылған. Бұлай оқылғанда айтылатын ой айқындалып, түсінікті болып тұр. Бізше осы жазылу түрі түп нұсқаға жақын ба дейміз.

Осы жиырмасыншы сөзде бұдан басқа да жеке сөздердің жинақтардағы басылу нұсқасы мен қолжазбадағы жазылу түрінде айырма бар.

“Жиырма бірінші сөздің” (185-бет) жоғарыдан төмен санағанда жетінші жолында “сұрамшақ” деп басылған сөзді қате берілген дейміз. Соңғы жинақтардың бәрінде де “сұрамшақ” болып басылып жүр. Дұрысы: “сұрамсақ” болады. Абайдың үшінші сөзінде де: “Әрбір арсыз, жалқаудан сұрамсақ ... жандар туады”, – дейді, Жандыбаев қолжазбасында да “сұрамсақ” деп жазылған.

Біз бұл арада бір ғана сөздің басылуы мен жазылу түрін атап өттік. Жиырма бірінші сөзде жеке сөздердің қолжазбадағы жазылу түрі мен жинақтарда басылу түріндегі қайшылықтар әлденеше жерде кездеседі.

“Жиырма екінші сөздің” бесінші абзацындағы бірінші сөйлем жинақта:

“Мықтыны құрметтейін десең, жаманшылыққа елдің бөрі мықты, жақсы іске мықты кісі елде жоқ”, –

деп басылған. Қолжазбада және бұрынғы жинақтарда:

Мықтыны (қолжазбада “мықты кісіні тауып” делінген. — Қ. М.) құрметтейін десен, жаманшылыққа елдің бәрі мықты, жақсылыққа мықты кісі елде жоқ”, —

деп берілген. Бізше осы “жақсылыққа” деп оқылуы түп нұсқаға сәйкес келеді дейміз. Сөйлемде “жаманшылық” деген сөзге “жақсылық” деген ұғымды қарама-қарсы қойып пікір айтып отырғаны даусыз. Осы “жиырма екінші сөзде” текстология жөнінен кездесетін бірнеше қайшылықтармен қатар сөздің идеялық мазмұны жайында да бұрма-лаушылық бары байқалады.

“Жиырма үшінші сөздегі” бірер ғана текстологиялық кемшіліктерге тоқталайық. Жинақта екінші абзацтағы бірінші сөйлемнің кейбір сөздерінің орны ойсырап, Абай сөзі мағынасыздыққа айналып тұр:

“Жүз ат бәйгеге қосылса, мен бәйге алдым деген сөз болса, алдында неше ат бар деп сұрар(?)

Артында неше ат бар еді деп сұрағанның несі сөз?”, —

деп басылған. Қолжазбада және бұрынғы жинақтарда “алдында неше ат бар деп сұрар” дегеннен кейін:

“Қалған аттан артында неше ат бар еді деп сұрағанның несі сөз?”, —

делінген. Абай сөзі өзінің алғашқы қалпын сақтап дұрыс берілген. Осы абзацтағы алтыншы және он үшінші сөйлемдер жинақта:

Алғашқысы:

“Көпке қаңарым жүрмейді деп”, —

Екіншісі:

“Жоқ жарымы сау болса жеңіл тие ме?”, —

деп басылған. Қолжазбада және бұрынғы жинақтарда:

“Көпке қаңарым жүрмейді деп пе?”, “Жоқ жарымы ауырып, жарымы сау болса жеңіл тие ме?”, —

деп түпнұсқа дұрыс берілген.

“Жиырма төртінші сөздің” бірінші сөйлемі жинақта:

“Жер жүзінде екі мың миллионнан артық адам бар, екі миллиондай қазақ бар”, — деп басылған. Қолжазбада және бұрынғы жинақтарда:

“Жер жүзінде екі мың миллионнан көп (қолжазба бойынша) артық адам бар, екі миллион (қолжазба және бұрынғы жинақтар бойынша) қазақ бар”, — деп берілген.

“Жиырма бесінші сөздің” жоғарыдан төмен санағандағы сегізінші сөйлемі жинақта:

“...өнер де, ғылым да орыста зор (?)”, —

деп аяқталған. Қолжазбада және бұрынғы жинақтарда:

“...өнер де, ғылым да орыста тұр”, —

деп дұрыс берілген.

Сол жиырма бесінші сөздің жоғарыдан төмен санағанда он жеті, он сегізінші жолдарындағы сөйлем 1954 жылғы жинақта:

“Жақсы білгенді (?) жорғалықпенен көңілін алсам екен деген надан әке-шешесін, ағайын, жұртын, дінін, адамшылығын жауырынынан бір қаққанға сатады”, —

деп басылып, сөйлем мағынасыздыққа айналып тұр.

1940, 1945 жылғы жинақта:

“Дінге де жақсы білгендік (?) жорғалықпенен көңілін алсам екен деген надан әке-шешесін, ағайын, жұртын, дінін, адамшылығын жауырынынан бір қаққанға сатады”, —

деп беріліп, бірінші сөйлем аяқсыз қалып тұр.

Бұл сөйлемдер Жандыбаев қолжазбасында:

“Дінге де жақсы білгендік керек. Жорғалықпенен көңілін алсам екен деген надан, әке-шешесін, ағайын-жұртын, дінін, адамшылығын жауырыннан бір қаққанға сатады”, —

деп дұрыс берілген.

Сол жиырма бесінші сөздің жоғарыдан санағанда жиырма бесінші жолынан басталатын сөйлем 1940, 1945, 1954 жылғы жинақтарда:

“Малды қалай адал еңбек қылғанда табады екен, соны үйретейін, мені (?) көріп жаңа үйіренушілер кобейсе... законсыз зорлығына көнбес едік”, —

деп басылған.

Ал Жандыбаев қолжазбасында:

“Малды қалай адал еңбек қылғанда табады екен, соны үйретейік, мұны көріп жана үйренушілер көбейсе... законсыз қорлығына көнбес едік”, –

деп жазылып, сөйлемнің мағынасы дұрыс берілген.

Осы “жиырма бесінші сөзде” жинақ пен қолжазба арасында бірталай сөздердің текстологиялық қайшылықтары кездеседі.

“Жиырма алтыншы сөздің” бірінші абзацындағы төртінші сөйлемі жинақта:

“Осы қуаныш бәрі де қазақ (?) ортасында...”, – деп басылған. Ал қолжазбада және бұрынғы жинақтарда:

“Осы қуаныш бәрі де қазақ қарындастардың ортасында”, – деп Абай сөзі дұрыс берілген. “Қарындас” деген сөз Абай тұсында “қандас”, “туыс” деген кең мағынада қолданылған сөз. Әзербайжан сияқты, т. б. туысқан республикаларда қазірде қолданылады. Абайда кездесетін мұндай сөздерді ақын шығармаларыңан “тазалай” бастасақ, не болады?

Осы абзацтағы бесінші сөйлем:

“Ол озған, алған, жыққан өзі емес, болмаса баласы емес”, деп басылса, қолжазбада, бұрынғы жинақтарда “болмаса” деген сөз жоқ, “...яки баласы емес”, –

делінген. Осы абзацтың ең соңғы сөйлемі:

“Жә, болмаса, ана ыза болушы соншалық неге жер болып қалады екен”, –

деп басылған. Қолжазбада және бұрынғы жинақтарда:

“Жә, болмаса (“болмаса” деген сөз қолжазбада жоқ. – Қ. М.)

ана ыза болушы неге ыза болады?”, –

делінген.

Екінші абзацтың бірінші сөйлемі 1940, 1945, 1954 жылғы жинақтарда:

“Жүйрік ат та (“та” қолжазба, 1940, 1945 жылғы жинақта жоқ. – Қ. М.) кейде ол елде..., қыран құс та, жүйрік ит те – кейде оның қолында, кейде мұның қолында болатұғын нәрсе”, –

деп басылған. Жандыбаев қолжазбасында:

“...қыран құс та, жүйрік ит те — кейде оның қолына, кейде мұның қолына түсетұғын нәрсе”, —

деп жазылған. Бізше қолжазбадағы жазылу түрі түпнұсқаға жақын ба дейміз.

“Күшті жігіт те үнемі бір елден шыға ма. Кейде ана елден, кейде мына елден шығады”, —

деп басылса, қолжазбада және бұрынғы жинақтарда:

“...Кейде ана елден, кейде мына елден туатұғын нәрсе”, —

делінген. Осы абзацтың ақырғы сөйлемі жинақта:

“Соның бәрін де біле тұра жерге кіргендей болып я бір арамдығы шыққандай, жамандығы білінгендей болып несіне ұялып, қорланады екен”, —

деп басылған. Бұл сөйлемге де редакциялық “түзету” жасалған сияқты. Қолжазбада және бұрынғы жинақтарда:

“...Я бір арамдығы, жамандығы шыққандай, несіне ұялып, қорланады екен”, —

деп түпнұсқа дәл берілген.

Келесі сөйлем жинақта:

“Енді осылардан ойлап білсеңіз болады...”, —

деп басылған. Қолжазбада және бұрынғы жинақтарда “ойлап” деген сөз жоқ. Осы сөйлем жинақта:

“...және қуанғанда не айтып, не қойғанын, не қылғанын өзі білмей... кетеді”, — деп аяқталған.

Қолжазбада “және” деген сөз “әм” деп жазылған, қолжазбада және бұрынғы жинақтарда “не қылғанын” деген сөз жоқ, “өзі” деген сөз “өзі де” деп берілген.

Келесі сөйлем 1945, 1954 жылғы жинақтарда:

“Және ұялмас нәрседен ұялады, ұяларлық нәрседен ұямайды”, —

деп басылған. Жандыбаев қолжазбасында:

“Әм ұялғандары ұялмас нәрседен ұялады, ұяларлық нәрседен ұямайды”, —

деп жазылған. Надан елдің ұялғандары болса, ұялмас нәрседен ұялады деген Абай сөзі түпнұсқасына сай қолжазбада дұрыс берілген деп білеміз. Абайдың “Әм” деген сөзін “және” деп өзгерту де дұрыс емес. Абай шығармаларындағы ақынның өзіне тән сөз қолданысына қиянат жасап, әркім өзінше “түзей” берсе, Абайдың асыл мұрасын таза сақтаудың орнына, оңін айналдырып, бүлдіріп алуымыз ғажап емес.

“Әм жабықтым, әм жалықтым”, –

деген Абай өлеңін:

“Және жалықтым, және жабықтым”, –

деп “түзесек”, маскара күлкі болып шығар еді.

“Жиырма сегізінші сөздің” жоғарыдан төмен санағанда екінші жолы жинақтарда:

“...біреу есті болса, біреу есер болса ...”, –

деп басылған. Қолжазбада:

“...біреу есті болса, біреу ессіз болса...”, –

деп жазылған. Осы сөйлемнің соңы:

“...айтасыздар: құдай тағаланың жаратқанынан бұйрығынша болған ісі деп”, –

басылса, қолжазбада:

“..,жаратуынан бұйрығынша болған ісі деп”, –

жазылған. Төртінші сөйлем жинақтарда:

“Енді құдайтағала бір антұрғанға, мал береді екен”, –

деп басылса, қолжазбада:

“Енді құдайтағала бір еңбексіз антұрғанға мал береді екен”, – деп жазылған. Біз сөз ретіне, сөйлем мазмұнына қарағанда қолжазбада жазылу түрі түпнұсқаға жақын деп ойлаймыз.

Бесінші сөйлем жинақта:

“Бір (?) құдайдан тілеп, еңбек қылып пайда (?) іздеген кісінің еңбегі жандырмай...”, –

деп басылған. Қолжазбада және бұрынғы жинақтарда:

“Кейбір құдайдан тілеп еңбек қылып ізденген (қолжазба бойынша) кісінің еңбегін жандырмай...”, –

деп түпнұсқа дұрыс берілген.

Оныншы сөйлем жинақтарда:

“Түзікті бейіске шығарамын деп, бұзықты тозаққа саламын деп айта тұра, пендесінің біреуін жақсылыққа мейілдендіріп, біреуін жаманшылыққа мейілдендіріп, өзі құдайдың күдіретімен біреуін жақсылыққа бұрып, біреуін жаманшылыққа бұрып жіберіп тұрады екен”, –

деп басылса, қолжазбада:

“...өзі құдайлық құдыретімен екі жолға да бұрып жіберіп тұрады екен”, –

деп сөйлем әрі қысқа, әрі ұғымды жазылған.

Он екінші, он үшінші сөйлем жинақтарда:

“Жұрт та, мүлік те — бір құдайдың өзінікі.
Бұл қылғанын не дей аламыз”, –

деп басылған. Қолжазбада:

“Жұрт та, мүлік те өзінікі. Бұл қылғанын не дей алмаймыз”, – деп жазылған. Бізше Абай сөзі қолжазбада дұрыс берілген сияқты.

Осы жиырма сегізінші сөздің жинақтарда басылуы мен қолжазбада жазылу түріндегі осындай текстологиялық қайшылық тағы бірнеше жерде кездеседі.

“Жиырма тоғызыншы сөз” жинақта:

“Қазақтың мақалдарының...”, –

деп басталады. Қолжазбада және бұрынғы жинақтарда:

“Біздің қазақтың мақалдарының...”, –

деп берілген.

Осы жиырма тоғызыншы сөздің жоғарыдан төмен санатта екіінші абзацының соңғы сөйлемінің аяғы жинақта:

“малды не жерден сұрау керек, не (?) терден сұрау керек қой”, –

деп беріліп, бұрынғы жинақтарда, қолжазбада бар бір сөз түсіп қалған.

Дұрысы:

“Малды не жерден сұрау керек, не аққан терден сұрау керек кой”.

Ең соңғы абзацтың екінші, үшінші сөйлемдері жинақта:

“Ата-анасынан мал тәтті көрінетін антұрғанның жанынан да малы қымбат екен?

(?) Ата-анасын малға сатпақ ең арсыздың ісі емес пе?”, –

деп басылған.

Бұрынғы жинақтарда, қолжазбада бұл сөйлемдер:

“Ата-анасынан мал тәтті көрінетұғын антұрғанның тәтті дерлік не жаны бар? Бұлардың бәрінен де қымбат ата-анасын малға сатпақ, ең арсыздың ісі емес пе?”, –

делініп, дұрыс берілген.

Бірақ 1940, 1945 жылдарда жинақтарда бірінші сөйлемнің аяғында “не жаны бар” деген сөздердегі “жаны” деген сөз “жөні” деп қате басылған.

Сол “жиырма тоғызыншы сөздің” соңы жинақта:

“...бек сақ болу керек”, – деп аяқталған. Бұрынғы жинақтарда қолжазбада “бек” деген сөз жоқ.

“Отызыншы сөздің” екінші абзацының екінші сөйлемі Абайдың 1940, 1945, 1954 жинақтарында:

“Өлімге шыдайтұғын қазақ көргенім жоқ, өлімге шыдамаймын деген де қазақ көргенім жоқ, аз (?) кеңірдегін ғана көрсетеді-ау “қиылып қалайын деп”, – делініп басылып жүр.

Осы сөйлемнің ішіндегі “аз” деген сөз ұғымға шалғай түр:

“...Өз кеңірдегін ғана көрсетеді-ау...”, –

деп оқылса, түпнұсқа өз қалпына келіп, сөйлемнің мағынасы дұрысталады еді. Жоғарыдан төмен санағанда сегізінші жолдағы: “Мен онан сауып отырмын ба?” деп қате басылған. Дұрысы: “Мен онан сауын сауып отырмын ба?”

“Отыз бірінші сөз” жинақта:

“Естілген нәрсені ұмытпастыққа...”, –

деп басталады. Қолжазбада және бұрынғы жинақтарда:

“Естіген нәрсені...”, –

деп дұрыс жазған. Төртінші сөйлем жинақтарда:

“Төртінші ой кеселді (?) нәрселерден қашық болу керек” деп түпнұсқа бұрмаланып басылған. Қолжазбада:

“Төртінші ой кеселі деген нәрселерден қашық болу керек”, – деп жазылып, Абай сөзі дұрыс берілген. Келесі бесінші сөйлем жинақта:

“Егер ой кез болып қалса, салынбау керек”, – деп түп нұсқа дұрыс берілмеген. Бұл арада Абай “ой кез болып қалса” деп отырған жоқ қой, ой кеселі кездесіп қалса деген ұғымды айтып отыр. Сондықтан қолжазбада және бұрынғы жинақтарда:

“Егер бір кез болып қалса...”, –

деп сөйлем мазмұны дұрыс берілген. Қолжазбада бар бірнеше сөз жинақтардағы басылуында жоқ.

“Отыз екінші сөздің” жоғарыдан төмен санағанда төртінші сөйлемі жинақта:

“Ол — білім, ғылым табылса, ондай-мұндай іске жаратар едім деп, дүниенің бір қызықты нәрсесіне керек болар еді деп іздемекке (?) керек”, –

делініп басылған.

Мұнда: “Ол”, “іздемекке” (яғни іздеуге деген ұғым. — Қ. М.) деген сөздер Абайдың айтып отырған дұрыс ойын қисыққа бұрып, сөздің идеялық мазмұнын жойып тұр.

Қолжазбада, бұрынғы Абай жинақтарында:

“Әуелі ғылым, білім табылса, ондай-мұндай іске жаратар едім деп іздемекке керек”, –

деп дұрыс басылған.

Бірінші абзацтың соңғы сөйлемі жинақтарда:

“Сонда әрбір естігенінді, көргенінді көңілің жақсы ұғып, анық “сөз” (?) суретімен ішке жайғастырып алады”, – деп басылған. Бұл сөйлемдегі “сөз” суретімен деген сөз дұрыс ұғым бермей тұр. Қолжазбада:

“...анық өз суретімен ішке жайғастырып алады”, –

деп жазылған. Түпнұсқа қолжазбада дұрыс берілгені көрініп тұр. Екінші абзац жинақтарда:

“Егер дін (?) көңілін өзге нәрседі болса...” деп басылған.

Абай “отыз екінші сөзінде” дін туралы айтып отырған жоқ. Ғылым-білім үйрену үшін қандай талап, нендей шарт-

тар қойылатынын айтады. Және де “Егер дін (?) көңілін” деген сөзде мағына жоқ.

Бізше:

“Егер де көңілің өзге нәрседе болса...”, –

деп оқысақ, Абай сөзі алғашқы қалпына келіп, ақынның айтпақ ойы, пікірі дәл беріледі.

Үшінші абзац:

“Бесінші – осы сөздің он тоғызыншы нөмірінде жазылған...”, – делініп басылады. Осы сөйлемдегі “нөмірінде” деген сөз 1940, 1945 жылғы жинақтарда, Жандыбаев қолжазбасында: “бабында” деп басылған.

Абай “бабында” деп жазған ба, жоқ нөмірінде деп жазған ба? Оны басқа қолжазбаларды қарап, салыстырып шешу керек.

Осы үшінші абзацтың үшінші сөйлемі:

“Соның ішінде уайымсыз салғырттық деген бір нәрсе бар, зинһар, жаным, соған бек сақ бол, әсіресе әуелі – құданың, екінші – халықтың, үшінші – дәулеттің, төртінші – ғибраттың, бесінші – ақылдың, ардың – бәрінің дұспаны”, – деп дұрыс басылған да, енді осы сөйлемнің соңынан келетін сөйлем:

“Олар (?) бар жерде бұлар болмайды”, –

деп басылған. Бұдан еш нәрсе ұғуға болмайды.

“Олар болса, бұлар болмайды” деген мағынасыз бейне бір бас қатырғыш сияқты.

Бұрынғы жинақтарда, қолжазбада:

“...бесінші – ақылдың, ардың – бәрінің дұспаны ол; (яғни уайымсыз салғырттық. – Қ. М.) ар бар жерде бұлар болмайды”, – деп дұрыс берілген.

Осы отыз екінші сөздің ең ақырғы сөйлемі жинақта:

“Бұл беріктік бір ақыл, ар үшін болсын”, – деп басылған. Ал қолжазбада және бұрынғы жинақтарда:

“Бұл болса бір ақыл үшін, ар үшін болсын деген”, – деп берілген. Бұл сөйлем де басқа қолжазбалармен салыстырып, түпнұсқасына сәйкес дұрыстау керек.

“Отыз үшінші сөздің” бірінші абзацының ақырғы сөйлемі жинақта:

“Осы қолындағы аз-мұзына мақтанамын; осы да болады деп баяғы қазақтың талапсыздығына тартып, жатып алады”, – деп басылған. Бұл сөйлемдегі “мақтанамын” деген сөз қолжазбада және бұрынғы жинақтарда “мақтанып” деп дұрыс берілген және қолжазбада “баяғы қазақтың” деген-

нен кейін “өнерсіз” деген сөз келеді. Екінші абзацтың үшінші сөйлемі жинақта:

“...пайдасыз алдауға, қу тілге алданып, өзінің уақытын өткізеді”, —

деп басылған. Қолжазбада және бұрынғы жинақтарда:

“...пайдасыз алдауға, қу тілге әуреленіп, өзінің уақытын өткізеді”, —

деп дұрыс берілген. Үшінші абзацтың екінші сөйлемі жинақта:

“...бір болымсыз нәрсені берген болып...”, —

деп басылған. Қолжазбада, бұрынғы жинақтарда “нәрсені” деген сөз жоқ. Бұл сөздер былай берілген:

“...бір болымсызын берген болып...”.

Осы сөйлемнің аяғы жинақта:

“...тамақ, киім, борыш есінен шығып кетіп, енді олар біреудің малын бұлдап қарызға алады”, —

деп басылып, сөйлем мағынасыздыққа айналған. Қолжазбада, бұрынғы жинақтарда:

“...тамақ, киім, борыш есінен шығып кетіп, енді олар келіп қысқан күні біреудің малын бұлдап қарызға сұрайды”, — деп сөйлем ұғымды, дұрыс берілген.

“Отыз төртінші сөздің” бірінші абзацындағы төртінші сөйлем жинақта:

“Олар сендім десе де...”, —

деп бесінші сөйлем:

“...сенген кісіге уайым ойлап не керек”, —

деп басылған. Қолжазбада және бұрынғы жинақтарда:

“сендім” деген сөз “сендік” деп (көпше), “уайым ойлап”, деген сөз “уайым жеп” деп дұрыс берілген.

Екінші абзацтың төртінші сөйлемі жинақта:

“Енді ойлап қарай бер, біздің қазақ та мұсылман екен”, —

деп басылған. Абайдың бұл мысалдап айтқан сөзі қолжазбада, бұрынғы жинақтарда:

“...казакта мұсылман бар екен”, —

деп дұрыс беріледі.

“Отыз бесінші сөздің” екінші сөйлемі жинақта:

“Дүниеде ...силы болмақ үшін қажы болмақ үшін, қажы болғанды... бір бөлек қояр дейді”, — деп сөйлем мағынасыздыққа айналған. Қолжазбада және бұрынғы жинақтарда.

“Дүниеде болмақ үшін қажы болғанды... бір бөлер дейді”, — деп дұрыс берген. Келесі сөйлемнің аяғында жинақта: “бөлек қояр дейді” деп басылған сөздер қолжазбада, бұрынғы жинақтарда: “бөлер дейді”, — деп дұрыс жазылған.

“Отыз алтыншы сөздің” екінші абзацындағы бірінші сөйлемі жинақта:

“Шын ұят сондай нәрсе, шарифатқа теріс, я ақылға теріс, я абиұрлы бойға теріс бір іс себепші болады”, — делінсе, қолжазбада және бұрынғы жинақтарда:

“...я ақылға, я абиұрлы бойға теріс бір іс сықылды болады”, — деп сөйлем мағынасы дұрыс берілген.

Бұл сөзде де қолжазба мен жинақтар арасында текстологиялық қайшылықтар әлденеше жерде кездеседі. Тағы бір мысал келтірейік.

Осы отыз алтыншы сөзінде Абай ұят туралы айтып келіп шын ұят екі түрлі болатынын түсіндіреді. Екінші абзацтағы екінші, үшінші сөйлемдер былай басылған:

“Біреуі — ондай қылық өзіңнен шықпай-ақ, бір бөтен адамнан шыққанын көргенде, сен ұялып кетесің. Мұның себебі сол ұят істі қылған адамды есіткендіктен (?) болады”.

“Есіткендіктен” деген “бөтен сөз”. Абайдың айтып отырған ой-пікірінің мағынасын кетіріп, сенімсіздік туғызып тұр.

Дұрысы:

“Мұның себебі сол ұят істі қылған адамды “есіркегендіктен” болады”.

Қолжазбада, бұрынғы Абай жинақтарында осылай, дұрыс берілген.

“Отыз жетінші сөздегі” үшінші нақыл сөз жинақтарда:

“3. Хикмет сөздер өзімшіл наданға айтқанда, көңілі уанғаны да болады, өшкені де болады”, — деп басылған. Қолжазбада “сөздер” деген сөз “сөзді” деп жазылған. Сонда:

“3. Хикмет сөзді өзімшіл наданға айтқанда...”, — деп оқысақ, сөйлем құрылысы да дұрыс болып, сөз мағынасы да дәл беріледі.

Сегізінші нақыл жинақтарда:

“8. Сократқа у ішкізген, Иоанна Аркті (қолжазбада, 1940, 1945 жылғы жинақтарда: Иван Әріктіні) отқа өртеген, Ғайсаны дарға асқан, пайғамбарымызды түйенің жемтігіне көмген кім? Ол көп, ендеше көпте ақыл жоқ. Ебін тап та, жөнге сал”, – деп басылған. Осы сөздің ішіндегі Иоанна Арк (Иван Әрікті) кім. Ол жөнінде 1940 жылғы жинақта: “Кім екендігін білуге болмады”, – деп қана түсінік берген. Басқа жинақтарда бұл жөнінде ешбір түсінік жоқ. “Біз Иоанна Арк деп қате жазылып, қате басылып жүрген — Жанна д’Арк ..Jeanne d’Arc, (1412–1413) деп ойлаймыз. Жанна д’Арк - жүз жылдық соғыс заманында (1337–1453) Француз шаруаларының ағылшын басқыншыларына қарсы күресінде, ерекше ерлік көрсеткен, тарихта, әдебиетте аты мәлім француз шаруасының қызы екені белгілі. Ол Орлеан қаласын ағылшындардың қоршауынан азат ету күресін (1429 ж.) басқарып, ерлік көрсеткендіктен – Орлеан қызы деген лақап атқа ие болғаны да тарихта мәлім, Жанна д’Арк ақырында ағылшындардың қолына түсіп, шіркеу сотының үкімі бойынша 1431 жылы отқа өртелген. Халыққа ерлік ісімен әйгілі болған шаруа қызы елді өзімізге қарсы күреске бастайды деп қауіптенген Француз феодалдары Жанна д’Аркті жолсыз жазадан құтқарудың орнына, одан құтылуды мақұл көрген.

Біз Абай сөзінде аты аталған адам осы Жанна д’Арк дейміз. Оны отқа өртеуші қарапайым халық емес, феодалдар, шіркеу соты. Бұл арада Абайдың “көп” деп отырғаны да жалпы халық емес, билеуші, үстемдік етуші топ деуге болады.

Сол сияқты, атақты ескі грек философы Сократ ілімі оның шәкірттері арқылы ғана (Платон) тарихқа мәлім. Сократтың жаулары оны дін жолынан тайған, жастарды аздырушы деген жаламен өлім жазасына бұйырған үкім шығартқанда, философтың шәкірттері оны өлімнен құтқарып, қашырып жібермекші болған. Сократ қашудан бас тартып, у ішіп өліпті деген әңгіме ғана тарихта мәлім.

Абай осы жайлардың бөріне қанық болған. Олай болғанда бүкіл Европа тарихында, әдебиетінде, орыс әдебиетінде аты әйгілі Жанна д’Арк жайына Абайдың қанық болуы даусыз дей аламыз.

Бұл әрине, ғылыми жорамалға сүйеніп айтқан өз пікіріміз.

Тоғызыншы нақыл сөз жинақта:

“9. Адам баласын заман өсіреді, кім де кім жаман болса, замандасының бәрі виноват”, – деп басылса, бұрынғы жинақтарда (1940, 1945):

“...Кім де кім жаман болса, оның өзінің замандасының бәрі виноват”, — деп басылған. Яғни: “оның өзінің” деген екі сөз артық. Ал қолжазбадағы жазылуы тіпті басқаша:

“Адам — бала замана өстіреді. Кімде-кім жаман болса оның замандасының бәрі виноват”, — делінген. Қолжазбада сөздің мағына, мазмұны жинақтардағы басылуынан басқаша, яғни адам өз заманының баласы, оны сол замана өсіреді деген ұғым береді. Осы қолжазбадағы адам өзі өмір сүрген заманның баласы деген ұғым Абайдың айтпақ ойын, жазған түп нұсқаны дұрыс берген дейміз. Абайдың осы сөзін орысшаға аударғанда, жинақтардағы басылу нұсқасынан аударған болса да, бірінші сөйлемін, біз айтып отырған қолжазбадағы жазылу түріне сәйкес:

“Человек — дитя своего времени”, — деп дұрыс аударған. Келесі сөйлем:

“Но если ты дурен, не обвиняй в этом своих современников”, — деп басқаша кеткен.

Біз Абай шығармаларының орысшаға аударылуын әңгіме етіп отырғамыз жоқ, тек текстология мәселесіне байланысты кейбір сөздердің мағынасын ашып алу үшін ғана мысал келтірдік.

Осы отыз жетінші сөздегі 16-нақыл сөзі жинақтарда:

“...жікшіл ел жетпей мақтайды, жел өкпелер шын деп ойлайды” делініп басылып жүр.

Бізше:

“Жеңсікшіл ел жетпей мақтайды...”, — деп оқысақ, сөздің мағынасы дұрыс берілер еді деп ойлаймыз.

Сонда жікшіл (жікшілдік — групповщина) болғандықтан жетпей мақтай ма? Жоқ, жеңсікшіл (құмарлық, әуестік — пристрастие, любопытство) болғандықтан, жетпей мақтай ма? ·

Бізше соңғысы қисындырақ сияқты.

Қолжазбада нақыл сөздер оныншы сөзге шейін сақталған. Сондықтан қолжазбамен салыстырып барып, пікір айтуға мүмкіндік болмады. Жоғарыдағы келтірілген жорамалымызды өз ойымызға ғана сүйеніп айтып, әдебиетшілеріміздің талқысына ұсынып отырмыз.

“Отыз сегізінші сөздің” біз дерек етіп отырған қолжазбада басынан бастап жартысынан астамдайы сақталмаған. Сондықтан Абайдың бұл сөзінің текстологиясы жайына көп тоқталмадық. Текстологиялық жағынан көп кемшілігі байқалып тұрса да, әзірше бірер сөйлемге ғана көңіл бөліп өтеміз.

Отыз сегізінші сөздің бірінші абзацының үшінші сөйлемі жинақтарда:

“Әнің үшін махаббатың толады (?)”, — деп басылған. Бұл сөйлемді сөз мағынасына қарап:

“...махаббаттың төлеуі — махаббат”, — деп оқысақ, дұрыс бола ма дейміз.

Осы сөздің төртінші абзацының екінші сөйлемі:

“Ол ісім аллалар (?) (алланың аттары)...”, — деп басылған. Мұсылман дінінің ұғымында құдай (алла) бір десе, “аллалар” деп көпше, көп алла туралы әңгіме болуы мүмкін емес.

Бұл арадағы баспаның қатесі ескерілмей бір жинақтан бір жинаққа көше берген сияқты.

Бізше дұрысы:

“Ол ісім (алланың аттары)...”, деп оқылса, Абай сөзі түзеледі. Ал жақшаның ішінде “алланың аттары” деуі — мұсылман дінінің нанымында алланың өзі біреу болса да, оның аты толып жататыны мәлім нәрсе.

Осы отыз сегізінші сөз текстология жөнінен тереңірек зерттеуді тілейді.

“Отыз тоғызыншы сөздің” бірінші сөйлемі жинақта:

“Рас, бұрынғы біздің ата-бабаларымыздың бұл замандағылардан білімі, күтімі, сыпайылығы (?), тазалығы төмен болған”, — деп басылған. Бізше бұл сөйлемдегі “сыпайылығы” деген Абай сөзі емес. Кейіннен (1954 ж.) келіп Абай сөзіне араласқан “бөтен сөз”. Бұрын қазақ халқының “сыпайылығы төмен” болды деу ешбір шындыққа жатпайды. “Сыпайылық” деген сөзде: әдептілік, кішіпейілділік, көрегенділік сияқты кең ұғым жатыр. Сыпайылық — ерте кезден қазақ халқына тән жақсылық қасиетінің бірі екені тарихқа аян. Қазақ халқының ол қасиетін тіпті, буржуазия оқымыстылары да, патша үкіметінің қазақ даласын басқару қызметінде болған әкімдері де жоққа шығармайды.¹⁰ Сондықтан “сыпайылығы ... төмен” деген сөз Абай сөзі емес, қайта Абайдың дұрыс пікірін қисыққа бұрып тұрған кейіннен кірген “бөтен сөз”.

Қолжазбада және бұрынғы жинақтарда:

“...білімі, күтімі сыпайы тілі, тазалығы төмен болған”, — деп жазылып, Абайдың ой-пікірі дұрыс берілген.

Осы сөздің үшінші сөйлемі жинақтарда:

“Ендігі жұрт ата-бабаларымыздың мінді ісін бір-бірлеп тастап келеміз, әлгі екі ғана тәуір ісін біржола жоғалтып алдық”, — деп басылған. Ал қолжазбада “ендігі жұрт” деген сөздер жоқ. Сөйлем былай жазылған:

“Енді біз сол ата-бабаларымыздың мінді ісін бір-бірлеп тастап келеміз, әлгі екі ғана тәуір ісін біржола жоғалтып алдық”.

Бұлай оқысақ, сөз мазмұнына сөйлем құрылысы да сай келіп тұрғанын көреміз.

Төртінші сөйлем жинақта:

“Осы күндегілер... сол аталарымыздың екі ғана мінезін жоғалтпай тұрсақ...”, — деп басылған. Бұл сөйлемде бір сөз түсіп қалып, сөйлем мағынасына нұқсан келіп тұр. Қолжазбада, бұрынғы жинақтарда:

“Осы күнгілер (қолжазба, 1940 жылғы жинақ бойынша)... сол аталарымыздың екі ғана тәуір мінезін жоғалтпай тұрсақ...”, — деп түпнұсқа дұрыс берілген.

Бесінші сөйлем жинақтарда:

“...әлгі үйренген өнеріміздің бәрі де адамшылыққа ұқсамайды, шайтандыққа тартып барады...”, — деп басылса, қолжазбада:

“...әлгі үйренген өнерлеріміздің бәрі де адамшылыққа ұқсамай, шайтандыққа тартып барады...”, — деп жазылған. Қолжазбада жеке сөз қолданыс түрі, сөйлем құрылысы түп нұсқаға сай деп ойлаймыз.

Тоғызыншы сөйлем жинақтарда:

“Ол ел басы, топ басылары қалай қылса, қалай бітірсе, халықта оны сынамақ, бірден-бірге жүгірмек болмайды екен”, — деп басылған. Қолжазбада:

“Ол ел басы мен топ басы қалай қылса, қалай бітірсе, халықта оны сынамақ жоқ (“жоқ” деген сөз 1940, 1945 ж. жинақтарда да бар), бірден-бірге жүгірмек болмайды екен”, — деп сөйлем мағынасы айқын, ұғымды берілген.

Оныншы сөйлем жинақта:

“...мал айтып, тілеу қылып, екі тізгін бір шылбырды бердік саған, берген соң, қайтып бұзылмақ түгіл жетпегенін жетілтемін деп... тырысады екен”, — деп басылған. Сөйлем құрылысы да, мазмұны да дұрыс берілмей ақсап, жатқаны көрініп тұр. Ал қолжазбада және бұрынғы жинақтарда бұл сөйлем:

“...мал айтып, тілеу қылып, екі тізгін, бір шылбырды саған бердік деген соң, қайтып бұзылмақ түгіл соның жетпегенін жетілтемін деп... тырысады екен”, — деп жазылып, сөйлем құрылысы да дұрыс, мазмұны да айқын болып, түпнұсқаға сәйкес екені байқалып тұр. ,

Он екінші сөйлем жинақтарда:

“Бәрі өз бауыры, бәрі өз малы (?) болған соң, шыныменен жетесінде жоқ болмаса, олардың қамын жемей қайтеді” — деп басылып, айтылған ой жетпей жатыр, сөйлем мағынасы өрескел бұрмаланып тұр. “Бәрі өз бауыры, бәрі өз малы” деген сөзден қандай ұғым туып тұр. Елжұрт әрі бауыры, әрі малы деген өрескел ұғым туып тұр.

Біз қарап шыққан 1940 жылғы жинақтан бастап, одан бергі 1945, 1954 ж.ж. жинақтардың бәрінде де солай басылған.

Қолжазбада:

“Бәрі өз бауыры, бәрінікі өз малы болған соң, шынымен бір жетесінде жоқ болмаса, солардың қамын жемей қайтеді”, — деп жазылған, яғни: бәрі өз бауыры, олардың бәрінің де малы өз малы... деген ұғым айқын берілген, сөйтіп сөйлем құрылысы да, мағына-мазмұны да қолжазбада түпнұсқаға сәйкес деуге әбден болады. Отыз тоғызыншы сөздің кітаптарда басылуымен қолжазбаны салыстырғанда жоғарыда келтірген мысалаға ұқсас текстологиялық қайшылықтар тағы бірнеше жерде кездеседі.

“Қырқыншы сөздің” бірінші абзацындағы соңғы сөйлем жинақта:

“Бір елдің ішінде жамағайынды бірге туғандай көріп...” — деп басылған. Қолжазбада және бұрынғы жинақтарда:

“Бір елдің ішінде жамағайынды кісі бірге туғандай көріп...” — делінген. 1954 жылғы жинақта “кісі” деген сөз түсіп қалған да, сөйлем мағынасы толық берілмеген.

Екінші абзацтың бірінші сөйлемі жинақта:

“Жаттың бір тәуір кісісін көрсе, “жарықтық” деп жалбырап қалып, мақтай қалып...” — деп басталады. Қолжазбада және бұрынғы жинақтарда “мақтай қалып” деген сөздер жоқ.

Осы абзацтың екінші сөйлемі жинақта:

“Бір жолаушы алыс жерге барса, барған еліне өз елін мақтаймын деп өтірікті сыбап-сыбап, қайтып келген соң, сол барған көрген елін, жерін мақтап, өтірікті сыбайтұғыны қалай?”, — деп басылған. Сөйлем мағына-мазмұн жөнінен дұрыс. Бірақ осы сөйлемдегі: “сыбап-сыбап, сыбайтұғыны” деген сөздер қолжазбада және бұрын жинақтарда: “сабап-сабап, сабайтұғыны” делінген. Біз “сабап-сабайтұғыны” деп оқылуы — Абай жазған түпнұсқаға, жалпы Абайдың сөз қолдану дәстүріне сай деп білеміз. Бұл арада “сабау” деген сөз ұру, соғу мағынасында емес екені өзінен өзі түсінікті. Қазақ өрескел өтірік айтушыны: “өтірікті сабап айтады екен, немесе өтірікті соғады екен, “соқ өтірікті” демей ме. Абай өлеңінде де:

“Өсек пен өтірікті жүндей басып”, — дейді.

Жоғарыда айтылған сөйлемге жалғас келетін сөйлем жинақта:

“Қай қазақта көрсем де, баласы жасырақ, болса (?), оның басынан пәрмене болып жүріп, ержеткен соң суық тартатұғыны қалай?”, — деп басылып, “қай” деген сөз қалып

қойған. Сондықтан сөйлем мағынасы дәл ұғым бере алмай тұр. Қолжазбада және бұрынғы жинақтарда:

“Қай қазақты көрсем де, қай баласы жасырақ болса...” деп жазылған. Айтылатын ой айқын, сөйлем мазмұны толық түсінікті берілген.

Осыдан кейінгі сөйлем жинақтарда:

Біреудің ағайыны торқалы той, топырақты өлімде, адалдық берекеде алысуға (?) табылмай, барымта алалық, ұралық десе, табыла қоятыны қалай ? ”, — деп басылып жүр. Бұлай оқығанымызда сөйлем мағынасы ашық түсінік бермей, күнгірт тұр.

Ағайын той үстінде, өлім үстінде, адалдық береке де алысуға табылмайды дегеннен не ұғамыз?

Осы арада “алысу” (күресу) деген сөз сөйлемге не мағына беріп тұр? Той, өлім үстінде, адалдық берекеде ағайынның күресуі, алысуы ешбір ұғымға сыймайды. Қолжазбада “алысуға” деген сөз жоқ. Оның орнына “алыс ойға” деген сөздер жазылған. Сонда осы сөйлемді қолжазба бойынша оқысақ:

“Біреудің ағайыны торқалы той, топырақты өлімде, адалдық берекеде алыс ойға табылмай, барымта алалық, ұрлалық десе, табыла қоятыны қалай?” — деген. Бұлай оқығанда, Абайдың бұл сөйлемде айтып отырған ойы түсінікті. Яғни ағайын торқалы тойда қуанышыңа ортақ болып, топырақты өлімде қайғыңа ортақ болып, адалдық берекеде алыс ойға (ақыл беріп, терең ой айтуға) табылмай, барымта, ұрлық қылайық десе, ондай жамандық жолға жанып түсетінін айтып отыр. Егер осы қортындымыз дұрыс дейтін болсақ, онда қолжазба да түп нұсқа дұрыс берілген болады. Қалайда Абай сөзінің жинақтарда жоғарғы көрсеткеніміздей болып басылып жүрген түрі түп нұсқаға сай емес сияқты. Үшінші абзацтағы төртінші сөйлем жинақта:

“Екі жақсы бір елде сүйіскен достығында тұра алмайды”, — деген. Қолжазбада және бұрынғы жинақтарда “тұра алмайды” деген сөздер: “тұралыспайды” деп жазылған. Осы абзацтағы жетінші сөйлем жинақта:

“Күнде тілін алатұғын достан кейде бір тіл ала қойған дұшпанға кісінің өле жаздайтуғыны қалай ? ” — деп басылған. Қолжазбада және бұрынғы жинақтарда “тіл ала қойған сөздер: “тіл алатұғын” деп берілген. Төртінші абзац жинақта:

“Көп кісі досым жетілсе екен демейді...” — деп басталады. Қолжазбада бұрынғы жинақтарда:

“Еш кісі досым жетілсе екен демейді...” — деп түпнұсқа

дұрыс берілген. Абайдың “еш кісі...” деген сөзін “көп кісі...” деп соңғы баспада “түзеген” сияқты. “Еш кісі...” деп өз замандастарынан түңліп ашынып айтқан сөз шындығы екенін түсіну қиын емес.

Абайдың өлеңінде айтылған ой-пікірлері қара сөзінде де көбінесе қайталап келіп отыратыны белгілі. Өленде:

Көңілім қайтты достан да, дұспаннан да,
Алдамаған кім қалды тірі жанда... — дейді ғой ақын.
Осы төртінші абзацтағы:

“Кедей кісінің кер келетұғыны несі”, — деген сөйлем, қолжазбада және бұрынғы жинақтарда:

“Кедейдің кер келетұғыны несі”, — деп берілген. Осы қырықшы сөздің, ең соңғы сөйлемі жинақта:

“...өтірікке сүттей ұйып, шаруасы судай ақса да, соны әбден естіп ұқпай кетпейтұғыны қалай? ”, — деп басылған. Қолжазбада, бұрынғы жинақтарда “әбден естіп” деген екі сөз жоқ т. т.

“Қырық бірінші сөздің” екінші сөйлемі жинақта:

“Әуелі, бек зор үкімет, жарлық қолында бар болу керек”, — деп басылса, қолжазбада (“әуелі” деген сөз “ол” деп жазылған) бұрынғы жинақтарда:

“Әуелі, бек зор үкімет, жарлық қолында бар кісі керек”, — деп берілген. Осындай текстологиялық қайшылықтар бұл сөзде тағы бірнеше жерде кездеседі.

“Қырық екінші сөздің” екінші, үшінші сөйлемдері жинақта:

“Егер егін салса, я саудаға салынса, қолы тиер ме еді”.

“Ол ауылдан бұл ауылға, біреуден бір жылқының майын сұрап мініп (?), тамақ аңдып...” — деп басылған.

Бұл сөйлемдер қолжазбада және бұрынғы жинақтарда:

“Егер егінге салынса, я саудаға салынса, қолы тиер ме еді”.

“Ол ауылдан бұл ауылға, біреуден бір жылқының майын алып, тамақ асырап...” — деп берілген.

Екінші абзацтың үшінші сөйлемі жинақта:

“Арыз бере білу — мақтан”, — деп басылса, қолжазбада, бұрынғы жинақтарда:

“Арыз бере білу, алдай білу — мақтан”, — делінген, т. т.

Қырық үшінші, қырық төртінші сөздің жинақтарда басылуындағы нұсқасы мен қолжазбада жазылу нұсқасында текстология жөнінен қайшылықтар жиі кездеседі. Біз солардың кейбіреулерін салыстырып, мысал келтірейік. “Қырық үшінші сөздің” үшінші абзацындағы үшінші сөйлем жинақта:

“Талабы жоқ кісі таба алмайды, дейді”, — деп басылған. Қолжазбада және бұрынғы жинақтарда:

“Талапты кімге аз берген таба алмады, дейді”, — деп берілген. 1954 жылғы басылуы мен қолжазбада жазылуының және 1940, 1945 жылғы жинақтарда басылуының арасы тым алшақ жатыр.

Осы үшінші абзацтағы жетінші сөйлем Абай жинақырында:

“Қай жоғалған өнер, ал мен жоғалдым деп, хабар беріп жоғалмайды (?), — деп басылып жүр. Бұлай оқылғанда: “хабар беріп жоғалады” деген мағынасыз ұғым туып тұр.

Егер біз:

“Қай жоғалған өнер: “ал мен жоғалдым” деп, хабар беріп жоғалады?”, — деп оқысақ, айтылмақ ой дұрыс беріледі. Абайдың дәл осылай жазғанына ешбір күмән жоқ.

Осы абзацтағы келесі сөйлем жинақта:

“Енді қусаң, бағанағы әуелгі табуыңнан қиынырақ келеді” деп басылған. Қолжазбада, бұрынғы жинақтарда “келеді” деген сөз “тиеді” деп дұрыс берілген.

Осы абзацтағы он бесінші сөйлем жинақтарда (1940, 1945, 1954 ж.ж.):

“Біреуі орысша подвижной элемент деп аталады.

Ол не нәрсе? Не көрдің, есіттің...” — деп басылған. Қолжазбада “Ол не нәрсе” деген сұрақ жоқ.

“Біреу орысша подвижной элемент деп аталады.

Ол — не нәрсені көрдің, есіттің...” — деп жазылып, түпнұсқа дұрыс берілген. Бұл пікіріміздің дұрыстығын жинақта дұрыс басылған он сегізінші сөйлемнің өзі дәлелдей алады:

“Біреуін орысша сила притягательная однородного дейді... Ол — бір нәрсені естіп, көріп” — деп берілген. Қолжазбада Абай сөзі дұрыс жазылғанын осы мысалдан да көреміз.

Осы абзацтағы он алтыншы сөйлем жинақтарда (1940, 1945, 1954 ж.ж.):

“Егер бұл болмаса, көп білуге көп оқу оңды пайда да бермейді”, — деп басылса, қолжазбада:

“Егер бұл болмаса көп білуге көп оқуың да пайда бермейді”, — деп түпнұсқа дұрыс берілгендігі өзінен өзі көрініп тұр.

Өзімізше қолжазбада дұрыс жазылған деп таныған тағы екі-үш сөйлемді жинақтардағы (1940, 1945, 1954 ж.ж.). басылу түрімен салыстырып көрейік.

Үшінші абзацтағы:

“Үшінші, орысша “Впечатлительность сердца” дейді, яғни жүректі мақтаншақтық, пайдакүнемдік, жеңілдік, салғырттық — бұл төрт нәрсеменен кірлетпей, таза сақтаса сонда сырттан (?) ішке барған әр нәрсенің суреті, жүректің

айнасына анық рәушан болып түседі”, — деген сөйлемді қолжазба бойынша оқысақ:

“...сонда сырттан тауып, ішке барған әр нәрсенің суреті жүректің де айнасына анық рәушан болып түседі”, — деп жазылып, сөйлем түпнұсқаға сай берілген. Осы абзацтағы енді бір сөйлем жинақтарда:

“Ойланбақ жақсы, іске (?) тіпті салынып кеткен кісі ойын байлай алмай, қияли болып та кеткені де болады”, — деп басылып жүр. Іске салынған кісі қияли болады деген ұғым ешбір ақылға сыймайды. Абай бұл арада тіпті іс туралы айтып отырған жоқ. Ой туралы айтып отыр. Ендеше қолжазбаны оқып көрейік:

“Ойланбақ жақсы, еске тіпті салынып кеткен кісі ойын байлай алмай, қияли болып та кеткені болады”, — деп жазылған. Яғни ойлану деген жақсы, бірақ ой ойлауға, еске тіпті өлшеусіз салынып кеткен кісі қияли болып кету де мүмкін дегенді айтып отыр. Олай болса, қолжазбада Абай сөзі дұрыс берілген дейміз. “Қырық төртінші сөздің” екінші абзацында арамдықпен, сараңдықпен мал табам деушілерді шеней келіп Абай:

“...итте болса, малдыны сөге алмайды деп, бұл мал һәм пайда, һәм қасиет болады бойыма, — дейді. Мұнысы рас, қазақтың өз құлқына қарағанда...”, — дейді.

Осы араға дейін дұрыс басылып келеді де бұдан әрі Абай сөзі жинақтарда адам түсінбейтін халге жетіп басылған.

“...бірақ адамдыққа, ақылға қарағанда, қазақ (?) түгіл, көңіл жиіркенетұғын іс”, — деп 1940, 1945, 1954 ж.ж. жинақтардың бәрінде де дәл осылай басылған.

“Қазақ түгіл көңіл жиіркенетұғын іс” дегеннен не ұқтық. Бұл да бір бас қатырғыш болып шыққан.

Біз жоғарыда Абайдың: “қасиет болады бойыма дейді”, — деген сөздерінің астын әдейі ерекше сыздық. Абайдың осы “қасиет” деген сөзіне сүйеніп, орынсыз тұрған “қазақ” деген сөзді алып тастап, мағынасыздыққа айналып кеткен ақын сөзін:

“...бірақ адамшылыққа, ақылға қарағанда қасиет түгіл көңіл жиіркенетұғын іс”, — деп түзеп оқысақ, Абайдың өз төл сөзін дәл тауып, қаз қалпына келтірдік деп айтуға аузымыз әбден барады. Енді осыдан соңғы келетін сөздерді оқып көрейік:

“Осыған қарай біреу ер атанамын, біреу қажеке атанамын, біреу молдеке, біреу білгіш, қу, сұм атанамын деп, сол харекетте жүр” (Дұрыс берілген). Одан әрі:

“Әрқайсысы қазаққа бұлдамақ та болып, басына (?) “осыным бірсыпыра елеу (?) азық болар деген” талаппенен қылып жүр”, – деп 1940, 1945, 1954 ж. ж. жинақтардың бәрінде де бұлдіріп басқан.

Бізше оқысақ:

“Әрқайсысы қазаққа бұлдамақ та болып, “басыма осыным бірсыпыра елеулі азық болар” деген талаппенен қылып жүр”, – болып шығады. Осылай оқығанда ғана Абай өзінің түпнұсқасының дәл мағынасын бере алады деп ойлаймыз.

Ең ақырғы қырық бесінші сөздің соңында ноқат қойылса да сөз аяқталмай тұрғаны көрініп тұр.

Біз жанымыздан ғылым шығара алмаймыз, жаралып қойған нәрселерді сезбекпіз, көзбен көріп, ақылмен біліп”, – деп басылған (1940, 1945, 1954 ж.ж. жинақтар).

Абай сөзімен ертеден таныс, көшіріп жазып алып жүрген, көңіліне сақтап жүрген Әкімәл Мамырбав, Рақыш Байғазин, Әрхам Ысқақов, т.б. адамдармен сөйлескенімізде ол кісілер Абайдың бұл сөзі:

“...көзбен көріп, ақылмен біліп алатын пәндеміз”, – деп аяқталатынына сендірді. Біз осылай аяқталуы сөздің мағына, мазмұнына сай, нанымды деп білдік.

Осылай аяқталатындығына айғақ болғандай, осы қырық бесінші сөздің ішінде:

“Біз жаратушы емес, жаратқан көлеңкесіне қарай білетұғын пәндеміз”, – деген Абайдың өз сөзі де бар.

Біз әзірше осымен Абай шығармаларының текстологиясына көңіл бөлгендегі байқағандарымыздың, баспасөз бетінде жұртшылық талқысына салуға ұйғарған мәселелерімізді аяқтаймыз.

Қазіргі күннің талабы – Абайдың толық ғылыми шығармалар жинағын баспадан шығару. Ол жинақ - ақынның осы күнге дейін басылып келген жинақтарындағы текстологиялық кемшіліктерді, қым-қиғаш қайшылықтарды тезге салып, тұрақты бір қалыпқа келтіретін дәрежеде болуы керек. Ол жинақ – Абай мұрасын зерттеу жұмысының талабына сай толық материал беретін Абайдың ақындық қызметін жүйелі түрде кең қамтитын, ұлы ақынның әдебиеттегі дәстүрін, ақындық жолын тарихи дұрыс көрсететін болуы керек.

Біздің бұл еңбегіміз алдағы уақытта шығатын Абай жинағының текстологиясының дұрысталып, қалыптасу ісіне аз да болса, қолғабыс етер ме дейміз.

Семей, 1956 жыл.

Түсініктемелер

¹ “Әдебиет майданы” 1934 ж, № 11-12. 11-20-беттер

² “Әдебиет және искусство” 1939 жыл, №7. 80,85-беттер

³ Сонда, 83 бет.

⁴ Абай – Толық жинақ, 1940 жыл, 45,46,49,50,58,59,60 беттер

⁵ Жизни и творчество Абая /Ибрагим/ Құнанбаева, Абай Құнанбаев, избр., Москва, 1945 г., стр.17-18

⁶ “Екпінді” 1940 ж. 5/Х, №232, 6/Х, № 233, 10/Х, № 236, 12/Х, № 238, 10/ХІІ, № 285.

⁷ “Екпінді” – 1945 ж. 23/ІХ, №191, 25/ІХ, №192, 26/ ІХ, № 193, 29/ ІХ, № 195, 30/ ІХ, № 196

⁸ /Абай/Ибрагим/ Құнанбаев “Шығармаларының толық жинағы” Қазақтың Біріккен Мемлекет Баспасы. Алматы, 1948 ж. 58 бет. Бұл кітаптан бұдан былайғы жерде келтірілген үзінділер “Абай.Толық жинақ” делініп қысқартылып айтылып, тек кітаптың беттері көрсетіліп отырады.

⁹ Н. Г.Чернышевский – “О классиках русской литературы”, 1949 г. стр.70.

¹⁰ Абай-Толық жинақ 55 бет.

¹¹ Н.Г.Чернышевский – “Статья по эстетике”. 1938 г. стр.140

¹² А. М. Горький – “Әдебиет туралы”, 79-бет. Алматы, 1939 ж.

¹³ Абай – Толық жинақ. 41, 42 беттер.

¹⁴ ВК/б/П тарихы, Алматы, 1945 ж. 5 бет.

¹⁵ В. И. Ленин, Шығармалары, 4 том, 126 бет.

¹⁶ С. Мұқанов. “Әдебиет очерктері”, 59-б.

¹⁷ Сонда, 61 б.

¹⁸ Сонда, 54 бет

¹⁹ “Потомственный дворянин Ылайық Беркімбаев ұлының дәрежесін мадақтап айтқаны”, Орынбор, 1908 ж. 13 бет.

²⁰ Абай. “Толық жинақ”, 67 бет.

²¹ Сонда, 55 бет.

²² “Хисса, Біржан-сал мен Сара қыздың айтысқаны”, Қазан, 1913 ж. 9 бет.

²³ Абай. “Толық жинақ”, 67 бет.

²⁴ Абай. “Толық жинақ” 68 бет.

²⁵ Н.Г.Чернышевский. “Статьи по эстетике” ОГИЗ-Соц ОГИЗ, 1938 г., 266 стр

²⁶ Шәңгерей Сейткерейұлы Бөкеев. 1847 жылы туып 1920 ж. өлген.

²⁷ Шортанбай олендері-“Қисса Шортанбай” деп аталатын олендер жинағы. Қазан, 1916 ж. 2 бет

Ескерту: Шортанбай олендерінен мысал үшін үзінділерді осы

көрсетілген 1916 жылғы жинақтан алып отырмыз. Бұл жинақта Шортанбай сөздері түгел, өзгертілмей басылған. Сондықтан ақын туралы пікірімізді де дәлірек дәлелдейді деп білеміз...

²⁸ Хисса Шортанбай, 11 бет.

²⁹ Хисса Шортанбай, 2–3 беттер

³⁰ Хисса Шортанбай, 15 бет

³¹ Хисса Шортанбай, 15-16 беттер

³² Абай – “Толық жинақ”, 36 бет

³³ Хисса Шортанбай, 14 бет.

³⁴ Хисса Шортанбай, 5 бет

³⁵ Сонда, 5 бет

³⁶ Сонда, 5 бет

³⁷ Сонда, 5 бет

³⁸ Маркс и Энгельс, Сочин. т.Х, стр.6

³⁹ С. Мұқанов. “Әдебиет очерктері”, 169–170 беттер.

⁴⁰ Хисса Шортанбай, 10 бет.

⁴¹ Хисса – “Зархум” /1879 ж./, “Хисса Шаһзада” /1899 ж, Қазан/ , “Хисса Қазрет ғали”, “Хисса Кербала” /1897/, “Хисса Қазрет Ғұсман” /1908/ “Юсуп Ғалайсалам” т.б.

⁴² “Хисса тамими” /1866 ж./, “Сейтбаттақ ази” /1879 ж./.

⁴³ “Хисса Тәжбәкыт қор Шаһра” /1906 ж. Қазан/

⁴⁴ “Дүние үшін Ғибрат нама” /1907 ж.Қазан/.

⁴⁵ “Әдебиет Қазақия” /1908 ж. Қазан/ т.т.

⁴⁶ М. Горький . “Әдебиет туралы”, 137 бет.

⁴⁷ Г.Чернышевский. Очерки гоголевского периода русской литературы , Полное сбор. сочин., Т.3, 1947., стр.16

⁴⁸ М. Горький . “Әдебиет туралы”, 137 бет.

⁴⁹ М. Әуезов. “Абайдың өмірбаяны”. Абай. “Толық жинақ” 2 т. 1940 ж. 15 бет

⁵⁰ М. Әуезов. “Абайдың өмірбаяны”. Абай. “Толық жинақ” 2 т. 1940 ж. 15 бет

⁵¹ В. Г.Белинский. Избранные сочинения. 1949 г., стр. 571.

⁵² Гр. Потанин, “В юрте последнего киргизского царевича”, журнал “Русское богатство”, 1896 г., № 8, стр 83.

⁵³ Ленин. “Шығармалары” IV том, 380 бет.

⁵⁴ “Соц. Қазақстан ” газеті, “Пушкин мен Абай”, 10 август, 1950 ж.

⁵⁵ В. Г. Белинский. Собран. сочин., том 1, стр. 712, 1948 г

⁵⁶ М. Әуезов. “Соц. Қазақстан” газеті, 10 август, 1950 ж.

⁵⁷ “Временник пушкинской комиссии”, № 3, 1937 стр....

⁵⁸ Сонда.

⁵⁹ М. Әуезов.”Соц. Қазақстан” газеті, 6/в – 1948 жыл.

⁶⁰ “Проблемы социалистического реализма”, Сборн. статей. Сов. писатель, 1948 г., стр. 30–31

⁶¹ Н. Г.Чернышевский. “Полное собран. сочинении, ” том 3., 1947 г., стр. 20.

⁶² Сонда..

- ⁶³ Абай. “Толық жинақ, 29 сөз, 357 бет.
- ⁶⁴ А. С.Пушкин. Полное собр. соч. изд. Т.9. 1937 г., стр. 385–386.
- ⁶⁵ М. Горький. Эдобиет туралы, 127 бет.
- ⁶⁶ Мухтар Ауезов. Традиции русского реализма и казахская литература, “Дружба народов” Т.2, 1949 г., стр. 127
- ⁶⁷ Абай. Толық жинақ.
- ⁶⁸ Абай. Толық жинақ , 153 бет.
- ⁶⁹ Абай музейінің қолжазба қорынан, № 128, 36 бет
- ⁷⁰ М. Әуезов. Абайдың өмірбаяны, “Толық жинақ” 2 т., 46 бет., 1940 ж
- ⁷¹ Абай Олендері. 1909 ж. 112 бет.
- ⁷² Абай. “Толық жинақ”, II том, 276 бет
- ⁷³ Абай. “Толық жинақ”, 58 бет.
- ⁷⁴ Абай. “Толық жинақ” II том, 280 бет
- ⁷⁵ М.Горький, Эдобиет туралы, 127
- ⁷⁶ Абай. “Толық жинақ” II том. 280 бет
- ⁷⁷ қолжазба, 252 бет.
- ⁷⁸ Абай.”Толық жинақ”, 362 бет.
- ⁷⁹ Абай.”Толық жинақ”, 196 бет.
- ⁸⁰ Сонда, 182 бет.
- ⁸¹ Сонда, 193 бет
- ⁸² Сонда, 58 бет
- ⁸³ Этому же автору /Абаю К. М./ принадлежать хорошие переводы “Евгения Онегина” и многих стихотворений Лермонтова” ... таким образом у Семипалатинских “оленгчи” /певцов/ можно слышать, напр. “Письма Татьяны”, распеваемое, конечно, на свой мотив / “Россия. Полное геогр. описание нашего отечества”, том XVIII. Киргизский край, стр. 204.
- ⁸⁴ “Поэт степи акын киргиз “Письмо Татьяны к Онегину” знает он певца – акына Пушкина, знает Лермонтова, стихи которого так любил Абай, – знает он и все басни Крылова”. /Журнал “Сибирский студент” № 3–4, 1915 г., г. Томск, 78 стр.
- ⁸³ Этому же автору /Абаю К. М./ принадлежать хорошие переводы “Евгения Онегина” и многих стихотворений Лермонтова” ... таким образом у Семипалатинских “оленгчи” /певцов/ можно слышать, напр. “Письма Татьяны”, распеваемое, конечно, на свой мотив / “Россия. Полное геогр. описание нашего отечества”, том XVIII. Киргизский край, стр.204.
- ⁸⁴ “Поэт степи акын киргиз “Письмо Татьяны к Онегину” знает он певца – акына Пушкина, знает Лермонтова, стихи которого так любил Абай,- знает он и все басни Крылова”. /Журнал “Сибирский студент” №3–4, 1915 г., г. Томск, 78 стр.
- ⁸⁵ Абай. “Толық жинақ”, 24 бет.
- ⁸⁶ Абай. “Толық жинақ”, 35 бет
- ⁸⁷ Сонда, 165 бет.
- ⁸⁸ Сонда , 77 бет.

- ⁸⁹ Сонда, 179 бет.
- ⁹⁰ Сонда, 179 бет.
- ⁹¹ Сонда, 179 бет.
- ⁹² Абай. Толық жинақ , 54 бет
- ⁹³ В. Г.Белинский. “Избранные сочинения”, 1949 г., стр. 503.
- ⁹⁴ Абай. Толық жинақ, 179-180 беттер.
- ⁹⁵ “Начиная с Пушкина, можно проследить, что романтическое начало является характерной чертой русской критического реализма” / “Проблема социалистического реализма”, 1948 г., стр. 10/
- ⁹⁶ Сол кітаптан, 211 бет.
- ⁹⁷ С.Мұқанов. “Қазақтың XVIII–XIX ғасырдағы әдебиетінің тарихынан очерктер”, 1941 жыл, 155 бет.
- ⁹⁸ Сонда, 156 бет.
- ⁹⁹ Сонда, 160 бет.
- ¹⁰⁰ “Кисса Сергазы”. Қазан, 1907 жыл, 8 бет
- ¹⁰¹ В. Г.Белинский, Избранные сочинения, 1949 г., стр. 599
- ¹⁰² Абай, “Толық жинақ” 55 бет
- ¹⁰³ Сонда, 77 бет.
- Бұл сынның соңғы екі жолы реакцияшыл ақын, өзінің немерелес туысына арналып айтылады. Өйткені, ол қартаймай тұрып алады, яғни пайғамбар жасында өлуді уағыздаған/ “Алпыстан әрі барманыз, Байқамай шал боп қалманыз”/.
- ¹⁰⁴ Абай. Толық жинақ. 368 бет
- ¹⁰⁵ Сонда, 66-67 беттер
- ¹⁰⁶ Абай. Толық жинақ ... бет.
- ¹⁰⁷ Рахымжан Мамырқазовтың естелігінен. Абай музейінің қолжазба қоры, № 22, 23, 24 беттер.
- ¹⁰⁸ Абай. Толық жинақ, 205 бет
- ¹⁰⁹ Абай. Толық жинақ. 42 бет
- ¹¹⁰ М. Ю.Лермонтов. “Полное собр. сочинений” том 2, 1947 г., стр. 137
- ¹¹¹ Там же, стр. 137.
- ¹¹² Там же, стр.138
- ¹¹³ Там же, стр.138
- ¹¹⁴ Пушкин. Полное собр. сочин. изд. АН СССР, 1937 г., Т.4, стр. 99-100.
- ¹¹⁵ Пушкин. Полное собр.сочи.изд. АН СССР, 1937 г., т.4, стр. 99.
- ¹¹⁶ Журнал. “Современник”, 1851 г., т. 23, стр.74.
- ¹¹⁷ Там же, стр. 75-76.
- ¹¹⁸ Абай музейінің қолжазба қоры, № 22., 30 бет.
- ¹¹⁹ Сонда, № 22., 31–32 беттер.
- ¹²⁰ Квартероны- дети белых и мулатов или метисов /по латыни – квартариус – от квартус – четверть меры. Полукровки – метисы, в браках с белыми, имеют потомство, в жилах которого остается толь-

ко четверть крови цветной расы/ квартироны имеют белую нежную кожу, и только у корней ногтей остается неуничтожаемые темные оттенки. Джек Лондон, полное собран. сочин., 1929 г., стр. 78.

¹²¹ Мағауияға жолдас етіп Майқан деген адамды жібереді.

¹²² Абай музейінің қолжазба қоры. № 28. 38 бет

¹³¹ М. Әуезов – “Жизнь и творчество Абай /Ибрагим/ Кунанбаева, Абай Кунанбаев, изб. Москва, ” 1945 г., стр. 20.

¹³² Абай, – Толық жинақ, 72 бет.

¹³³ М. Ю.Лермонтов. Полное собрание сочинений, том 2. 1947 г., стр.51.

¹³⁴ Там же – стр. 52.

¹³⁵ М. Ю.Лермонтов, том 1, стр. 306.

¹³⁶ Абай – Толық жинақ, 349 бет.

¹³⁷ Д. Ливингстон, “Путешествия по южной Африке”, ОГИЗ, ГеографГИЗ, Москва, 1947 г., стр.11.

¹³⁸ Д. Ливингстон, там же – стр.11

¹³⁹ Д. Ливингстон, “Путешествия по южной Африке”, ОГИЗ, ГеографГИЗ, Москва, 1947 г., стр. 27.

¹⁴⁰ Д. Афанасьев. В южной Африке /путевые записки/, “Огонек”, 1950 год, № 13., стр. 20.

¹⁴¹ “Тан” журналы, № 1, 1925 жыл, 110, 112 беттер.

¹⁴² “Қазақ әдебиетінің тарихы” 1 том, фольклор, 1963 ж. 52, 243, 244-беттер.

¹⁴³ “Қазақ әдебиетінің тарихында” Әсет 1867 жылы туған делінген.

¹⁴⁴ “Айтыс”, 1942 ж. 226 бет.

¹⁴⁵ Сонда – 226 бет

¹⁴⁶ Сонда – 226 бет

¹⁴⁷ А. С.Пушкин – Таңдамалы шығармалар жинағы, Алматы, 1987 ж. 2 том, 241, 252 беттер.

¹⁴⁸ Абай – Толық жинақ, 15 бет.

¹ “Совр. лит. хрестоматия для 10 кл. ср. шк. , сост. Дубовицкий и Саверин, УчпедГИЗ, ОГИЗ, 1938 г., стр. 397–399”

¹⁴⁹ Абай, - Толық жинақ, 369-бет

¹⁵⁷ Абай – Толық жинақ, 2 том, 272–273 беттер.

¹⁵⁸ Абай музейінің қол жазба қоры, № 10 бет.

¹⁵⁹ “Сыбан Сабырбай ақынның Солтабай төреге айтқан сөзі”, Тан . жур. 1925 жыл., № 1. 75 Бұқар жырау сөзі – сонда, 89–90. Жаман бақсының сарыны – сонда, 90–91 бетте. Бұқар жыраудың керейге айтқаны сонда , 96–97 беттер. Сыбан Ақтайлақ би “Тан” № 2. 72–73 беттер. Алтыбай ақынның Тіленшіге айтқаны, Тан. № 3. 87–88 беттер.

¹⁶⁰ “Друг юности Абая поэт Кокпай Джанатаев поделился с присутствующими своими воспоминаниями. Учащемся казаки прочитали несколько стихотворений поэта, а певцы исполнили некоторые произведения поэта. /Отчет Семипалатинского отдела рус, геогр, общества., с 1 октябр. 1924 г. по 1 октября 1925 г. стр. 4./”

¹⁶¹ М. Әуезов – “Абай ақындығының айналасы”, “Әдебиет майданы”, 1984 жыл, № 11–12, 13 бет.

¹⁶² М. Әуезов – Абайдың идеялық – мәдени ізденушілері, Әдебиет және Искусство, 1989 жыл, № 7, 84 бет.

¹⁶³ В.Г.Белинский, Таңдамалы шығармалары, Алматы, 1948 ж. 157 бет.

¹⁶⁴ М.Горький, Әдебиет туралы, 89 бет.

¹⁶⁵ Абай музейінің қол жазба қоры, № 20.

¹⁶⁶ Г.Н. Потанин, В юрте последнего киргизского царевича, стр. 83.

¹⁶⁷ Абай музейінің қолжазба қоры, № 19.

¹⁶⁸ Абай музейінің қолжазба қоры, № 18.

¹⁶⁹ Қазақ әдебиетінің тарихы, I том, 172–173 беттер.

¹⁷⁰ Абай музейінің қолжазба қоры, № 24.

¹⁷¹ Әдебиет және искусство”, 1989 жыл, № 7, 84 бет.

II Бөлім түсініктері

¹ Сөздердің астын сызған біз. – Қ. М.

² “Социалистік Қазақстан” газетінде (21 сентябрь 1954 ж.) басылған: “Абайдың жаңадан табылған қолжазбалары” деген мақаласында профессор Ә. Марғұлан Абай жинағына кірмей қалған, Құдашев жинағынан кездесетін мынадай бір шумақ өлеңін келтіреді:

Ақылды терең ойлап тыншы келсе,
Лапылдақ көрсе қызар нәпсіге ерме.
Өлен жақсы бола ма сабай берген,
Тергеліп, текшерілмей көңіл берме.

Осы шумақтағы “лапылдақ” деген сөз біздің жоғарыда айтқан пікірімізді тағы да дәлелдей түседі. – Қ.М.

³ Бұл жөнінде “Әдебиет және искусство” журналының 9-санында Абайдың жарияланбаған өлеңдері жайындағы біздің мақаламызды қараңыз. – Қ. М.

⁴Абай Кунанбаев. Собрание сочинений в одном томе. стр. 48, Москва 1954

⁵ “Шесть песен с простонародного немецкого языка (Из Левенштейна)”. 1. «Непонятно», 2. “У окна”, 3. “Спор”, 4. “Успокоенье”, 5. “Расставанье”, 6. “Разбитое сердце”.

⁶М. Ю. Лермонтов. Полное собрание сочинений, т. II, стр. 137, ОГИЗ, 1947.

⁷Там же. стр. 364.

⁸ Х. Ж. Сүйіншәлиев жолдас “Абайдың кара сөздері” деген еңбегінің 47 бетінде: “Біздің көрген А. Жандыбаевтың (?) (дұрысы Р. Жандыбаев), қолжазбасында Абай сөздерінің әрқайсысының қай

жылы шыққаны туралы толық мәлімет бар. Ол әр сөздің жазылған жылдары туралы ескертулер жасап отырған”, – дейді,

Осы Сүйіншәлиев жолдас айтып отырған Жандыбаев қолжазбасын біз де көрдік. Сол қолжазбаны осы мақаланы жазудағы деректердің бірі етіп отырмыз. Ал, ол қолжазбада

Абай қара сөздерінің қайсысының қай жылы жазылғаны туралы, толық түгіл ешбір мәлімет жоқ. “Жазылған жылдары туралы ескертулер” деген атымен жоқ. – Қ. М.

⁹ Бұдан былай 1954 жылғы Абай жинағын тек “жинақ” деп, Жандыбаев қолжазбасын тек “қолжазба” деп отырамыз. – Қ. М.

¹⁰ Бұдан былай 1940, 1945 жылғы жинақтарда деудің орнына: “бұрынғы жинақтарда” дейміз. – Қ. М.

¹¹ “Как киргизы-казаки, таки киргизы вообще и до сих пор отличаются приветливостью, добродушием и гостеприимством, которое возведено у них даже в культ”. Вл. Фон-Гери — Характер и нравы киргизов-казаков. (Из записной книжки. Этнографические заметки) 1898 г.

Түсініктер

Қайым Мұхамедхановтың өмірбаяндық деректері

Қазақ әдебиетінің тарихында ерекше орын алатын тарихи тұлғалардың бірі — Қайым Мұхамедханов. Ол — зерттеуші-ғалым, абайтанушы, жазушы, драматург, аудармашы.

Қ.Мұхамедханов 1916 жылы 5 қаңтарда Семей қаласында дүниеге келді. Әкесінің азан шақырып қойған аты Ғабдұлқайым. Әкесі Мұхамедхан өз заманында көзі ашық, көкірегі ояу азаматтардың бірі болды. Абай мұраларын жинап, таратуға жанашырлық танытқан, Абай өлеңдерінің ақындық қуатын Қайымның бойына бала кезінен сіңіре білген.

1924—1928 ж. — Семей қаласындағы бастауыш мектебінде оқып, бітірді.

1929—1932 — Семейдегі колхоз мектебінде оқиды.

1935—1937 — Семейдегі қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша мұғалімдер даярлайтын курсқа оқуға түседі. Осы кездері оқи жүріп Семей облыстық оқу бөлімі ұйымдастырған мұғалімдер курсына қазақ тілі мен әдебиетінен сабақ береді.

1939 — Абайдың шығармашылығын зерттеумен айналысып, Ақылбай мен Мағауия Абайұлдары, Көкбай, Әріп, Әсет жайлы мақалалар жариялайды.

1940 — КСРО Жазушылар одағына мүшелікке қабылданады.

1941 — Семейдегі Н.К.Крупская атындағы педагогикалық институтының қазақ тілі және әдебиеті факультетін үздік бітіріп, сол институтта оқытушылық қызметке қалады. Сонымен бірге Абайдың әдеби-мемориалдық музейін ұйымдастыруға ат салысып, сонда мұражайдың аға ғылыми қызметкері болып жұмыс істейді.

Әзербайжан драматургі У.Гаджибсковтың “Аршин мал алан” пьесасын аударды.

1941—1942 — Кеңес Армиясы қатарында шақырылып, еңбек армиясында болды.

1942—1947 — Қазақстан жазушылар Одағының Семей облысындағы өкілі.

1944 — “Перне” пьесасын жазды.

1945 жыл. Қазақ ССР-ның тұңғыш әнұранының сөзін жазды. Абайдың бұрын белгісіз болып келген 7 өлеңін тауып ақынның 1945 жылы шыққан жинағына енгізеді.

1947—1951 — Семейдегі Абайдың әдеби-мемориалдық мұражайының директоры.

1951 – “Абайдың әдебиет мектебі” деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғайды.

1951–1954 – Жазықсыз жазаға ұшырап, Абайдың ақындық мектебіне “Әлтшыл ақындарды” енгізгені үшін 25 жылға бас бостандығынан айырылып, артынан төрт жылдан кейін толық ақталып шығады.

1955–1959 – Абайтану бойынша он бір ғылыми мақала жариялайды.

1955–1990 – Семейдегі педагогикалық институттың аға оқытушысы, доценті, қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі, профессоры.

1958 – “Абай поэзиясының текстологиясы” деген тақырыпта екінші рет кандидаттық диссертация қорғайды.

1959 – “Мағауия Абайұлы Құнанбаев”, “Абай шығармаларының текстологиясы” монографиялық еңбектері жеке кітап болып басылып шықты.

1960 – “Комиссар Ғаббасов” драмасын жазды.

1967 – Татар жазушысы Ш.Камалдың “Қажы әпенді үйленеді” пьесасын тәржімөлады.

1974 – “Ер Білісай” пьесасын жазды.

1991–1995 – ҚР Әлттық ғылым академиясының М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Абайтану бөлімінің жетекші ғылыми қызметкері.

1993–1997 – “Абайдың ақын шәкірттері” деген төрт кітаптан тұратын жинақ құрастырылып, баспа бетін жарық көрді. Жинаққа – Абайдың ақын шәкірттері Ақылбай, Мағауия, Тұрағұл, Көкітай, Көкбай, Әріп, Уәйіс, Әсет, Мұқа, Әубәкір, Иманбазар шығармалары енді.

1995 – Абайдың екі томдық академиялық шығармалар жинағының жаңа басылымын шығаруға қатысты.

1995 – “Абай мұрагерлері” зерттеулер жинағы жарық көрді.

1996 – Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығы берілді.

30.06.2004 – Қайым Мұхамедханов қайтыс болды.

Қайым Мұхамедханұлы о своих истоках

Я бы хотел начать наш разговор со своих истоков. Потому, что воспитание в семье играет важную роль в становлении и духовном развитии человека.

Мое детство, нужно сказать, прошло в благодатной атмосфере.

Мой отец Мухамедхан Сейткулов 1870 года рождения был образованным, культурным человеком.

Интересовался историей и культурой своего народа. Имел хорошую домашнюю библиотеку, которая занимала целую комнату.

Отец выписывал много газет, журналов того времени на казахском, татарском и русском языках.

Например, первый казахский журнал “Айкап”, газеты: “Казах”, татарские газеты “Уақыт” и журнал “Шура”.

Газеты “Сарыарка” и журнал “Абай”, которые издавались в Семипалатинске в 1917–1918 годах. Журнал “Абай” издавался на средства Семипалатинских казахских купцов – меценатов, в числе которых был мой отец. Первыми издателями журнала “Абай”, как известно, были М.Ауэзов и Ж.Аймаутов.

Домашняя библиотека постоянно пополнялась новыми книгами. Среди них были произведения устного народного творчества, классиков мировой и русской литературы.

Важно отметить, что в нашей библиотеке было и первое, изданное в Петербурге в 1909 году произведение Абая...

1912 г. Шакарима: изданные в Семипалатинске поэмы: “Калкаман-Мамыр”, “Енлик–Кебек”, “Қазақ айнасы”, “Шежіре происхождение и история казахов и казахских ханов”, “Книга о религии мусульман” и т.д. Всего не перечислить.

Таким образом, все эти источники постепенно входили в круг моего чтения.

В библиотеке моего отца было многотомное издание: “Россия. Полное географическое описание нашего отечества” (редактор Семенов-Тянь-Шанский), 18-й том, которого назывался: “Киргизский край”, посвященный истории казахского народа (издан в 1903 г.).

Одним из авторов этого издания был Алихан Букейханов, будущий писатель лидер партии “Алаш” и глава правительства “Алаш–Орда”.

Благодаря труду А.Букейханова, я впервые познакомился с объективной историей своего народа и его культурой.

Вот что пишет об этом А.Букейханов:

“Казахский народ, как по количеству, так и по обширности занятой территории, занимает первое место среди всех тюркских народностей азиатского материка и второе, после турок – Османов на земле (стр.199).

“Среди тюрков, кочующих в Азии, киргиз-казахи – наиболее культурный народ, и несомненно, что ему предстоит лучшее будущее: количество его увеличивается и он оказывается восприимчивым к культурным приобретениям.

О сравнительной культурности киргиз - казахов можно судить отчасти по характеру языка, по способности и форме излагать свои мысли, по богатству народной литературы и, наконец, по состоянию развития и искусств” (стр.203).

Говоря об истории казахской литературы, он так писал об Абас:

“Наконец, как представителя нового течения в казахской поэзии следует назвать Кунанбаева – автора многих стихотворений, изящных по форме и поэтических по содержанию (особенно описания природы). Этому же автору принадлежат хорошие переводы Евгения Онегина” и многих стихотворений Лермонтова (который оказался наиболее понятным для казахов)” (стр. 204)

Таким образом, еще при жизни Абая, в 1903 году, А.Букейханов сумел по достоинству оценить его гений и впервые донести до русскоязычного читателя.

В некрологе, написанном А.Букейхановым после смерти Абая на русском языке, впервые дано жизнеописание и его творческий путь.

Некролог был опубликован в газете “Семипалатинский листок” (1905 г.) и в “Записках Семипалатинского подотдела Западно – Сибирского отдела Императорского русского географического общества” (Выпуск III, 1907 г.).

В конце некролога он пишет:

“Оригинальные сочинения Абая и его переводы из Пушкина (отрывок из “Евгения Онегина”), Лермонтова и Крылова собраны его сыном Турагулом и в непродолжительном времени будут изданы Семипалатинским подотделом Императорского Русского географического Общества под редакцией А.Н.Букейханова”.

“Абай, как это покажут его стихи, представлял недюжинную поэтическую силу и составляет гордость казахского народа”.

“Еще не было казахского поэта, так возвысившего духовное творчество народа, как Абай”.

Чудные его стихи, посвященные четырем временам года сделали бы честь знаменитым поэтам Европы”.

“Биографические данные для этого некролога доставил, племянник Абая Какитай Искакович Кунанбаев, А.Букейханов.”

Мой отец создал в нашем доме благодатную атмосферу духовного интеллектуального общения.

В нашем доме бывали известные представители казахской интеллигенции, деятели науки, литературы и искусства, такие как: Алихан Букейханов, Ахмет Байтурсунов, Мержакуп Дулатов, Мухтар Ауэзов, Ж.Аймаутов, С.Торайгыров.

Уже будучи учеником начальной школы я имел счастье обучаться по учебникам А.Байтурсунова и М.Дулатова. Как известно, А.Байтурсунов был крупнейшим лингвистом, реформатором казахской грамматики.

Особенно хочу сказать, что самым близким человеком моего отца был М.Ауэзов, который в 20-ые годы часто гостил в нашем доме со своими друзьями.

Хорошо запомнилось мне, как он проводил здесь репетиции своих пьес: “Енлик-Кебек” и “Каракоз”. В нашем доме звучали голоса Амре Кашаубаева, Исы Байзакова и Исаина Жанбырбаева.

В нашем доме останавливались, приезжая в Семипалатинск, брат Абая Шакарим Кудайбердиев, друг Абая и его ученик поэт Кокбай Жанатаев.

В 1928 году наступило страшное время для нашего народа: в начале это была конфискация скота у баев, насильственная коллективизация, массовые репрессии казахской интеллигенции. В эту страшную волну попали А.Байтурсунов, М.Дулатов, Ж.Аймаутов, М.Ауэзов и другие.

Сейчас все знают о голоде и массовой гибели казахов 1930-х годов.

Репрессии 1937 года не обошли и нашу семью. Мой отец был арестован органами НКВД 24 ноября 1937 г. и 27 ноября,

постановлением тройки УНКВД, приговорен к расстрелу, 2 декабря был расстрелян.

Кратко остановлюсь на моем научно-педагогическом и литературно-творческом становлении.

После окончания филологического факультета Семипалатинского пединститута я был оставлен преподавателем кафедры казахского языка и литературы.

Первое мое выступление в печати относится к 1938-му году.

В 1939 году началось мое близкое творческое общение с Мухтаром Омархановичем Ауэзовым, которое продолжалось до последних лет его жизни.

Именно под его влиянием наметилось основное направление моей научно-исследовательской работы.

В 1940 году я опубликовал серию статей о творчестве поэтов-учеников Абая под общим названием "Литературная школа Абая". Мне удалось найти неизвестные рукописные списки произведений Абая и доказать их принадлежность перу великого поэта, произвести научный комментарий, внести в собрание сочинений. Таким образом, в полное собрание сочинений Абая.

В 1940 году я был принят в члены СП СССР. В этом же году принимал активное участие в создании литературного музея Абая, впоследствии работал старшим научным сотрудником.

Когда в 1947 году музей был передан в ведение АН, я был назначен его директором, одновременно был и уполномоченным СП Казахстана по Семипалатинской области.

1945 года издания вошли 9 стихотворений, найденных мною.

В 1945–1950 годах опубликовано 11 статей о литературной школе Абая и статьи: "Абай и Пушкин", "Абай и Лермонтов", "Абай и Крылов" и другие.

В 1951 году защитил кандидатскую диссертацию на тему "Литературная школа Абая".

В 1944 году был объявлен закрытый конкурс на создание Государственного Гимна Казахстана, в котором принимал участие и я.

Мой вариант текста гимна был одобрен конкурсной комиссией Указом Президиума Верховного Совета КазССР.

Отзыв научного руководителя М.Ауэзова.

Отзыв профессора Сильченко.

Как известно в 1950 годах вновь начались репрессии.

После защиты диссертации через несколько месяцев 1 декабря 1951 года я был арестован органами МГБ и осужден на 25 лет лишения свободы.

И только в 1955 году после смерти Сталина я был полностью реабилитирован.

В 1955–1959 годы были опубликованы 11 статей по абаеведению.

Выпустил две монографии: "Магавья Ибрагимович Кунанбаев" (жизнь и творчество). "Текстология произведений Абая".

В 1984 году был издан сборник моих пьес. Из многих опубликованных работ назову лишь несколько:

“Научно - творческая биография М.Ауэзова”.

“Биография и текстология произведений Бухар - жырау”

“Текстология произведений поэта Махамбета”

Впервые издано собрание сочинений одного из учеников Абая Уайса Шондыбаева, в 1988 году.

Как известно в последние годы были реабилитированы известные деятели литературы и науки: Шакарим, А.Байтурсунов, М.Жумабаев, Ж.Аймаутов, М.Дулатов, А.Букейханов.

Жизни и деятельности которых была посвящена серия опубликованных статей.

Как я уже говорил, в 1918 году М.Ауэзов и Ж.Аймаутов издавали в Семипалатинске журнал “Абай”, который впоследствии был запрещен.

В связи с подготовкой к 150-летию Абая, после более чем 70-ти летнего перерыва, с 1992 года журнал стал издаваться вновь. Уже вышел 5-ый номер.

Вот таков вкратце мой жизненный путь.

Проработав 50 лет в Семипалатинском пединституте, я в 1989 году вышел на пенсию.

Сейчас Институт литературы и искусства имени М.О.Ауэзова Национальной Академии Наук Казахстана готовит академическое издание произведений Абая, в котором и я участвую.

Готовлю к изданию работы об учениках Абая и собрание сочинений их произведений.

Абай төңірегіндегі ақындар

“Абай төңірегіндегі ақындар” – Қ. Мұхамедхановтың кандидаттық диссертациясы. Ғылыми жетекшісі – филология ғылымдарының докторы, профессор М.О. Әуезов. Зерттеу еңбегі 1945–1951 жылдар арасында орындалған. Диссертацияның тақырыбы “Абайдың әдебиет мектебі” деп аталады. 1947–1951 жылдар арасындағы Кеңестік идеологияның саяси жазалау науқанына байланысты диссертацияның қолжазба нұсқасы “Абай төңірегіндегі ақындар” деп өзгертілді. Диссертация үш бөлімнен, тоғыз тараудан және қорытындыдан тұрады. Бірінші, екінші бөлімдерде Абайдың өмір сүрген ортасы өнеге алған әдеби дәстүрлер жөнінде сөз қозғалады. Үшінші және қорытынды бөлімде Абайдың шәкірттері Ақылбай, Мағауия, Әсет, Әріп және Халиолла, Кәкітай, Мұқамеджан, Бейсенбай, Баймағамбет, Мұқа, Әлмағамбет, Әубәкірдің өмірі мен шығармаларын талдананды. Диссертация 1951 жылы 7 көкек күні Қазақ ССР ғылым Академиясының Тарих, этнография, археология институты мен Тіл және әдебиет институтының біріккен ғылыми Кеңесінде қорғалды. Кеңестің төрағасы ф.ғ.д. проф. М.Сауранбаев, ресми оппоненттер проф. Сильченко, проф. М.Әуезов. Талқылауға Қ.Жұмалиев, Тастанбеков, С.Нұрышев, Е.Бекмаханов, С.Аманжолов, Балқашев, Усанович, Тұрғанбаев, Б.Сүлейменов, М.Ғабдулин, т.б. қатысты. Талқылау барысында “Абайдың әдебиет мектебі” диссертациясы үлкен айтыс тудырды. Негізгі пікір Абайдың ақын шәкірттері Қокбай мен Шәкәрімнің, Тұрағұлдың Алашорда үкіметіне қатысы және Әріп пен Әсеттің діни көзқарастары жөнінде болды. Оппоненттердің пікірлері диссертацияның ғылыми жетекшісі Мұхтар Әуезовке тікелей қарсы бағытталды. Соның ішінде Қажым Жұмалиев: “Странно, что диссертант вместо того, чтобы подвергнуть к острой критике эти ошибки Ауезова, идет у него на поводу. М.О. Ауезов вместо правильного направления молодого научного работника, ходатайствует перед ученым Советом о присуждении ему ученой степени” – дей келе, “... поэтому она носит антинаучный характер. В ней сосредоточены восхваление поэтов, идеализирующих Кеңесары Касымов, протаскивается идея пантюркизма, панисламизма, находит себе оправдание поэты, чуждые народу по своему мировоззрению” – деуге дейін барды. Ал, С.Нұрышев деген дилетант Мұхтар Әуезовтің жеке басына тікелей шабуыл жасап: “Таким образом, Ауезов считает, что школа Абая – это восточный софизм, сложившийся на основе идейно-творческого влияния арабо-персидской литературы”, – деп жала жабуға дейін барды. Бұған қарсы Тұрғанбаев, Б.Сүлейменов, С.Аманжолов сияқты ғалымдар қарсы пікірлерін білдіріп, Мұхтар Әуезовтің басынан горі диссертация төңірегінде сойлеуге шақырды. Н.Сауранбаевтың ғылыми мәселеге көшейік дегеніне қарамастан оппоненттер диссертацияны басқа арнаға бұруға тырысып басты.

Талдау барысында Мұхтар Әуезов екінші рет қайтадан сөз алып, диссертацияның ғылыми тақырыбын түсіндіре келе: “Это вам нужно не для научного интереса, а чтобы ущемить молодого научного работника, который серьезно, честно проработал в течении 12 лет и сегодня перед членами Ученого Совета... (осы арасы стенограммада жазылмаған – құрастырушы), что он безусловно серьезный научный работник, талантливый и старательный исследователь. Пусть у него есть ошибки, вы должны поправить их, а где ваша партияная принципиальность, объективное научное отношение к интересам науки. Вы хотите оторвать от Абая его учеников, вы хотите доказать, что у Абая не было ни вкакой мере Востока и противоречий... Нет, это не пройдет вам! Это ваша тенденциозность выходит из рамок обсуждения научной проблемы, из рамы защиты диссертации. Вы вдвоем подготовились заранее, чтобы ущемить через эту диссертацию Ауезова, а это чистейшая беспринципная сколка и ничего иное” – деп, оппоненттердің теріс пигылдарын әшкерелеп берді.

Ғылыми кеңесте диссертацияны жақтап 10 адам дауыс берді, 7 дауыс қарсы болды.

Осыдан кейін 1951 жылы 15 июньде Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл және әдебиет институты мен Қазақстан Совет жазушылар одағы бірлесіп өткізген “Абайдың әдеби мұрасы мәселесін талқылауға арналған ғылыми айтыс” деген жиналыс өткізілді. Бұл жөнінде “Ленинская смена” газеті: “Серьезная ошибка ряда казахских литературоведов помогла выявить дискуссию по абаеведению, организованная Академией наук Каз. ССР совместно с Союзом писателей. Выступивший на дискуссии писатель С.Муканов в своем докладе “О литературной школе Абая и его учениках” справедливо называл К.Мухамедханова “тенью Мухтара Ауезова. К.Мухамедханов непонятном упорством защищал порочное положения своей диссертации, как бы пытаясь снова защищать эту диссертацию с трибуны дискуссии”, – деп жазды (“Ленинская смена”, 28 июня 1951года). М.Әуезов, Қ.Сәтбаев, Е.Бекмаханов, Б.Сүлейменов бастаған ғалымдар мен тарихшылар қуғын-сүргінге ұшырады. 25 жылға сотталуна байланысты диссертацияның нәтижесі жоққа шығарылып, Қ.Мұхамедхановтың Ғылым кандидаты деген атағы қайтарылып алынды. 1956 жылы 21 ноябрьдегі Қазақ ССР Ғылым академиясының Тарих, этнография, археология институты мен Тіл және әдебиет институтының біріккен ғылыми Кеңесінің шешімі бойынша біріккен ғылыми Кеңестің 1951 жылғы 17 сентябрьдегі шешімін негізсіз деп тауып, СССР Ғылым академиясының жоғары аттестациялық комиссиясына Қайым Мұхамедхановтың кандидаттық дәрежесін қайтып беру туралы ұсыныс жасады.

1958 жылғы “Абай поэзиясының тектологиясы” деген кандидаттық диссертациясы, “Абай төңірегіндегі ақындар” диссертациясы баспаға сол қалпында беріліп отыр. Зерттеу сол кездің талабына сай айтылған пікірлер сол қалпында сақталды. Ғылыми сілтемелер сол кездегі тәртіп бойынша берілді.

Абай шығармаларының текстологиясы

Зерттеу монографиясын Қайым Мұхамедханов түрмеден қайтып келгеннен кейін 1956 жылы Семей қаласында жазған. 1959 жылы Қазақ мемлекеттік көркем әдебиет баспасынан жеке жинақ ретінде жарық көрді. Содан кейін қайтадан басылған жоқ. Бұл жинаққа сол алғашқы басылым ешқандай өзгеріссіз енгізіліп отыр. Абай шығармаларының текстологиясы осы еңбекте тұңғыш рет ғылыми тұрғыдан жан-жақты сараланып, жалпы әдебиеттанудағы қазақ мәтінтану саласының негізі қаланды. Осында айтылған пікірлер бойынша Абай шығармаларының кейінгі басылымдарында ішінара өзгертулер енгізілгенімен де, 1995 жылғы Академиялық басылымға дейін сол қалпында жарияланып келді. Қайым Мұхамедханов айтқан ой-пікірлер ғылыми мәнін әлі жойған жоқ. Ғалым бұл еңбегіне: “Басқа сүйенер мағлұмат болмаған жерде өзіміше дәлелдеген пікірімізді жорамалмен (гипотезамен) анықтауға сүйендік”, — деп түсінік берді. Сол кездегі әріп және таңбалау графикалары қазіргі орфографиялық талаптарға сай өзгертілді

Мазмұны

Болатөзек.....	5
I-бөлім. Зерттеулер	
Абай төңірегіндегі ақындар.....	30
I тарау. Абай және XIX ғасырдың екінші жартысындағы әдебиет.....	35
II тарау. Абайдың өнеге алған ұлы мектебі.....	52
III тарау. Абайдың әдебиеттегі дәстүрі.....	62
IV тарау. Абайдың төңірегіндегі ақындар.....	68
V тарау. Абай ақындар ұстазы.....	79
VI тарау. Ақылбай Абайұлы Құнанбаев.....	91
Дағыстан.....	94
Зұлус.....	110
VII тарау. Мағауия Абайұлы Құнанбаев.....	115
Еңлік Кебек.....	119
Медғат-Қасым.....	128
VIII тарау. Әсет Найманбаев.....	144
Салиқа-Сәмен.....	146
IX тарау. Әріп Тәңірбергенов.....	151
X тарау. Көкпай Жанатаев.....	163
Қорытынды.....	176
Қосымша	
Халиолла Құнанбаев Өскенбаев.....	180
Кәкітай Ысқақұлы Құнанбаев.....	183
Мұхамеджан Майбасаров.....	184
Бейсембай Жәнібеков.....	185
Баймағамбет Мырзаханов.....	186

Мұқа Әділханов.....	187
Әлмағамбет Сексенбаев.....	189
Әубәкір.....	190
Әдебиеттер.....	192
2-бөлім	
Абай шығармаларының текстологиясы жайында.....	195
Түсініктемелер.....	334
Түсініктер.....	341

ҚАЙЫМ МҰХАМЕДХАНОВ

I-том

Шығармалары

Баспа директоры Дидахмет Әшімханұлы
Редакторы *Р. Райбаева*
Техникалық редакторы *А. Тілеукеева*
Суретші *Ж. Айдос*
Корректоры *Л. Саякызы*
Беттеген *Д. Дидахметұлы*

Теруге 13.03.2005 ж. берілді. Басуға 20.05.2005 ж. қол қойылды.
Пішімі 84×108 ¹/₃₂. Қаріп түрі «Times Kaz». Шартты баспа
табағы 18,4 б. Есептік баспа табағы 19. Таралымы 2000.
Тапсырыс № 469.

“Алаш” баспасы, 480009, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143.

Жедел басу баспаханасы ЖШС, 480016, Алматы қаласы,
Д.Қонаев көшесі 15/1.

ISBN 9965-669-36-8



9 789965 669361